И. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

5

БҮКІЛОДАҚТЫҚ КОММУНИСТ
(БОЛЬШЕВИКТЕР) ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ИНСТИТУТ МАРКСА—ЭНГЕЛЬСА—ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

И. В. СТАЛИН

СОЧИНЕНИЯ

★

ОГИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
Москва · 1947

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

И. В. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАСПАСЫ

Алматы · 1948

Қазақша аудармасын

ҚК(б)П Орталық Коматетінің
редакциялық комиссиясы қараған

ҚК(б)П Орталық Кочатеті ұнатқан

И.В. СТАЛИН

5

ТОМ

1921–1923

АЛҒЫСӨЗ

Бесінші томға И. В. Сталиннің 1921—1923 жылдарда жазылған шығармалары енгізілді.

Томның негізгі мазмұны — партияның халық шаруашылығын қалпына келтіру жөніндегі міндеттері туралы, нэп жағдайларында жұмысшы табы мен шаруалар одағының жаңа формалары туралы, партияның ұйымдастыру және идея жөніндегі бірлігін нығайту туралы, партияның бұқарамен байланыс жасау формалары мен методтары туралы мақалалар, баяндамалар мен сөздер («Біздегі алауыздықтар», «Грузия мен Закавказьеде коммунизмнің кезекті міндеттері туралы», «Перспективалар», партияның X және XII съездерінде жасалған баяндамалар).

Томға «Орыс коммунистерінің саяси стратегиясы мен тактикасы туралы» деген кітапшаның жоспарының желісі және «Партияның өкіметті қолға алудан бұрынғы және одан кейінгі жайы», «Орыс коммунистерінің стратегиясы мен тактикасы туралы мәселе жөнінде» деген мақалалар енді; бұл еңбектерде И. В. Сталин большевиктік партияның саяси страте-

гиясы мен тактикасы туралы лениндік ғылымды дамытады.

Бесінші томға енген шығармалардың едәуір бөлегі ұлт мәселесі жөніндегі теорияны дамыту жайында, большевиктік партияның ұлт саясаты жайында, көп ұлтты совет мемлекетінің құрылысы жайында және ССРО-ның бірінші Конституциясының негізгі ережелерін жасау жайында жазылған (партияның X және XII съездеріне арналған тезистер, партияның X және XII съездерінде, РК(б)П Орталық Комитетінің ұлт республикалары мен облыстарының жауапты қызметкерлерімен бас қосқан IV кеңесінде жасалған баяндамалар, Советтердің Бүкілроссиялық X съезінде және ССРО Советтерінің I съезінде жасалған баяндамалар, «Ұлт мәселесінің қойылысы жөнінде», «Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің ұлт саясаты» деген мақалалар, т. б.).

Бұл томда мына еңбектер бірінші рет жарияланып отыр: «Орыс коммунистерінің саяси стратегиясы мен тактикасы туралы» — кітапша жоспарының желісі; «Ұлт мәселесі жөніндегі платформаның жобасы»; РК(б)П Орталық Комитетінің ұлт республикалары мен облыстарының жауапты қызметкерлерімен бас қосқан IV кеңесінде жасалған, «Партияның XII съезінің ұлт мәселесі жөніндегі қарарын жүзеге асыру жөніндегі практикалық шаралар» деген баяндама, осы баяндама жөніндегі қорытынды сөз және сөйленген сөздерге жауап.

БК(б)П Орталық Комитетінің жанындағы
Маркс — Энгельс — Ленин Институты

1921~1923

РСФСР ТҮРК ХАЛЫҚТАРЫ КОММУНИСТЕРІНІҢ КЕҢЕСІН АШАРДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[1]

1 январь, 1921 ж.

(Протоколда жазылғаны)

Кеңесті ашқаннан кейін және қайта сайлануға тиісті Орталық бюроның жұмысының қанағаттанғысыз екенін атап көрсеткеннен кейін Сталин жолдас РСФСР түрк халықтарының арасында коммунизмді дамыту жағдайларын қысқаша сыйпаттауға көшеді.

Россияда коммунизмнің дамуында орыс социализмінің ішінде жүргізілген теориялық жұмыстың және теориялық күрестің бірнеше ондаған жылдарға созылған ұзақ тарихы бар. Осы күрестің нәтижесінде партия бұқарасын бастап жүрерліктей дәрежеде теория жағынан әбден мықты және принципшілдік жағынан әбден ұстамды басшы элементтердің ұйымшыл тобы құралды.

Еліміздің Шығысындағы коммунизмнің будан айырмашылығы — ол таяуда туды, дамудың теориялық кезеңін алдын ала өтпей-ақ, социализм жолындағы практикалық революциялық күрестің үстінде туды. Түрк коммунизмінің теория жағынан әлсіздігі, еліміздегі түрк тілдерінде принципшіл коммунистік әдебиет жасағанда ғана жоюға болатын әлсіздігі осыдан.

1 И. В. Сталин, 5 том

Орыс коммунизмінің даму тарихында ұлтшылдық уклонға қарсы күрестің ешқашанда елеулі маңызы болған емес. Бұрын жетекші ұлт болғандықтан, жалпы алғанда орыстар, жеке алғанда орыс коммунистері ұлт езушілігін бастан кешірген жоқ, жалпы айтқанда, егер «ұлыдержавалық шовинизм» жөніндегі кейбір ниеттерді есепке алмасақ, олардың ортасында ұлтшылдық тенденциялар болған емес, сондықтан да олардың бұл тенденцияларды арылтуына тура келген жоқ, немесе тура келген жоқ дерлік.

Түрк коммунистердің, ұлт езушілік кезеңін өткен езілген халықтардың ұлдарының бұдан айырмашылығы — олардың ортасында ұлтшылдық уклон, ұлтшылдық сарқыншақтар болып келді, әлі де болып отыр, сондықтан бұл сарқыншақтарды арылту түрк коммунистерінің кезекті міндеті болып табылады. Өйткені бұл жағдай, күмән жоқ, еліміздің Шығысындағы коммунизмді саралау ісіне кедергі болады.

Бірақ Шығыстағы коммунизмнің тиімді жағы да бар. Социализмді практика жүзінде іске асыруда орыс коммунистерінің қарамағында Европаның алдыңғы қатарлы елдерінен алынған тәжрибе болған жоқ немесе мүлде болған жоқ дерлік (Европа, көбінесе, парламенттік күрестің тәжрибесін берді), сондықтан олардың социализмге, былайша айтқанда, өз күштерімен жол салуына тура келді, мұнда бірсыпыра қателіктер сөзсіз кездесіп отырды.

Орыс жолдастармен иін тіресе, социализм жолында жүргізген практикалық күрес үстінде туған түрк коммунизмінің бұдан айырмашылығы — ол орыс жолдастардың практикалық тәжрибесін пайдалануға, қателік істемеуге мүмкіндік алды. Бұл жағдай Шығыс-

тағы коммунизмнің жедел қарқынмен дамып, нығаюына барлық мүмкіншіліктері бар екендігіне кепіл болады.

Осы жағдайлардың бәрі әлі де жас түрк коммунизмі жөнінде партия Орталық Комитетінің біршама жұмсақ саясат жүргізуіне себеп болды; бұл саясат түрк коммунизмінің жоғарыда аталған әлсіздіктері мен кемістіктеріне қарсы күресте Шығыстың ұстамды коммунистік элементтеріне көмек көрсетуге бағытталған

Орталық бюро ұлтшылдық сарқыншақтармен күресу шараларын және еліміздің Шығысындағы коммунизмді теория жағынан нығайту шараларын іске асыруға тиісті аппарат болып табылады.

„Правда" № 6.
12 январь, 1921 ж.

БІЗДЕГІ АЛАУЫЗДЫҚТАР

Кәсіпшілер одақтары туралы мәселе жөніндегі біздегі алауыздықтар кәсіпшілер одақтарын принципті бағалау жайында туып отырған жоқ. Кәсіпшілер одақтарының ролі туралы біздің программамыздың Троцкий жиі-жиі цитат келтіретін белгілі пункттері және партияның IX съезінің кәсіпшілер одақтары туралы қарары[2] күшінде қалып отыр (күшінде қала бермек те). Кәсіпшілер одақтары мен шаруашылық органдары өзара бір-біріне қатысуға тиісті екені және қатыса беретіндігі («жымдасуы») жөнінде ешкім таласпайды. Еліміздің шаруашылығын өркендетудің қазіргі кезеңі әзірінше сөз жүзінде ғана аталып отырған өндірістік одақтарды өнеркәсібіміздің негізгі тарауларын аяғынан тік тұрғыза аларлық нағыз өндірістік одақтарға бірте-бірте айналдыруды талап ететіндігі жөнінде ешкім таласпайды. Қысқасы, біздегі алауыздықтар — принципті алауыздықтар емес.

Біздегі алауыздықтардың кәсіпшілер одақтарында және жалпы жұмысшы табының арасында еңбек тәртібінің қажеттігі туралы мәселеге де қатысы сондай

шамалы. Біздің партияның бір бөлегі «қолынан тізгінді шығарып», бұқараны стихиялы күштердің тәлкегіне беріп қойып отыр деген сөздер — жете ұғынбаушылықтың нәтижесі болып табылады. Партия элементтерінің кәсіпшілер одақтарының ішіндегі және кәсіпшілер одақтарының жұмысшы табының ішіндегі жетекшілік ролі даусыз ақиқат болып қала бермек.

Біздегі алауыздықтардың кәсіпшілер одақтары Орталық Комитеттерінің және Кәсіпшілер Одақтарының Бүкілроссиялық Орталық Советінің сапа жағынан алғандағы құрамы туралы мәселеге қатысы одан да кем. Бұл мекемелердің құрамы айтақаларлықтай мүлтіксіз емес, әскери және басқа мобилизациялардың себебінен одақтардың қатары ойсырап қалды, одақтарға өздерінің ескі қызметкерлерін қайтарып, жаңа қызметкерлер қосу керек, оларға техникалық құрал-жабдықтар, т. б. беру керек деген пікірге жұрттың бәрі қосылады.

Жоқ, біздегі алауыздықтар бұл жайында туып отырған жоқ.

I

ЖҰМЫСШЫ БҰҚАРАСЫНА ЖАҚЫНДАСУДЫҢ ЕКІ МЕТОДЫ

Біздегі алауыздықтар жұмысшы табының ішінде еңбек тәртібін нығайтудың **әдістері** туралы, өнеркәсіпті өркендету ісіне қатысатын жұмысшы бұқарасына жақындасудың **методтары** туралы, қазіргі әлсіз кәсіпшілер одақтарын өнеркәсібімізді өркендете алатын нағыз өндірістік, қуатты одақтарға айналдырудың жолдары туралы мәселелер жайында туып отыр.

Екі метод бар: **күштеу методы** (әскери метод) және

ұғындыру методы (кәсіпшілер одағының методы). Бірінші метод ұғындыру элементтерін әсте жоққа шығармайды, бірақ ұғындыру элементтері мұнда күштеу методының талаптарына бағындырылған және соның көмекші құралы болып табылады. Екінші метод та күштеу элементтерін жоққа шығармайды, бірақ күштеу элементтері мұнда ұғындыру методының талаптарына бағындырылған және соның көмекші құралы болып табылады. Армия мен жұмысшы табын бір-бірімен шатастыру қандай өрескел болса, осы екі методты араластыру да сондай өрескел нәрсе.

Партия қызметкерлерінің Троцкий бастаған бір тобы, армия ортасындағы әскери методтардың табыстарына масаттанып: одақтарды нығайту ісінде, өнеркәсіпті өркендету ісінде нақ осындай табыстарға жету үшін осы методтарды жұмысшылар ортасына, кәсіпшілер одақтарына көшіруге болады, көшіру керек те деп біледі. Бірақ бұл топ армия мен жұмысшы табы екі басқа орта екенін, армия үшін жарамды методтың жұмысшы табы үшін, оның кәсіпшілер одақтары үшін жарамсыз, зиянды болып шығуы мүмкін екенін ұмытып отыр.

Армия дегеніміз біртектес тұлға емес, ол негізгі екі әлеуметтік топтан — шаруалар мен жұмысшылардан құралған, ал олардың алғашқылары екіншілерінен бірнеше есе басым. Армияда күштеу методтарын баса қолданудың қажеттігін дәлелдегенде, партияның VIII съезі[3] мына жағдайға сүйенген болатын: біздің армия, көбінесе, шаруалардан құралған, шаруалар социализм үшін күресуге бармайды, сондықтан, күштеу методтарын қолдана отырып, оларды социализм үшін күрестіруге болады, күрестіру керек те. Осыдан келіп саяси

бөлімдерімен бірге комиссарлар системасы, ревтрибуналдар, тәртіп түзеу шаралары, қызметкерлерді жаппай тағайындап қоюшылық, т. т. сияқты, ықпал жүргізудің кілең әскери әдістері туды.

Жұмысшы табының армиядан өзгешелігі — ол біртектес әлеуметтік қауым болып табылады, ол, өзінің экономикалық жағдайы бойынша, социализмге бейім тұрады, коммунистік үгітке оңай беріледі, кәсіпшілер одақтарына өз ықтыярымен ұйымдасады және барлық осы себептерден ол Совет мемлекетінің негізі, өзегі болып табылады. Сондықтан ұғындыру методтарын баса қолдану біздің өндірістік кәсіпшілер одақтарының практикалық жұмысының негізі болып отырғандығы таңданарлық нәрсе емес. Осыдан келіп, түсіндіру, жаппай насихат, жұмысшы бұқарасының инициативасы мен өз әрекетін дамыту, қызметкерлерді сайлап қоюшылық, т. т. сияқты, ықпал жүргізудің кілең кәсіпшілер одағындық әдістері туды.

Троцкийдің қатесі — ол армия мен жұмысшы табының арасындағы айырманы бағаламайды, әскери ұйымдар мен кәсіпшілер одақтарының терезесі тең деп біледі, өзі, екпіннің әсерімен болса керек, әскери методтарды армиядан кәсіпшілер одақтарына, жұмысшы табына көшіруге әрекеттенеді.

«Әскери методтарды (бұйрық, жаза) профессионалистік методтарға (түсіндіру, насихат, өзіндік әрекет) жалаң қарсы қоюдың өзі, — дейді Троцкий документтердің бірінде, — каутскийшілдік-меньшевиктік-эсерлік соқыр сенімдердің көрінісі болып табылады... Жұмысшы мемлекетіндегі еңбек ұйымы мен әскери ұйымды бір-біріне қарсы қоюдың өзі каутскийшілдіктің алдында масқара тізе бүккендік болып табылады».

Троцкий осылай дейді.

«Каутскийшілдік», «меньшевизм» және басқалары жайындағы керексіз сылдыр сөздерді елтифатқа алмасақ, бір айқын нәрсе: Троцкий жұмысшы ұйымдары мен әскери ұйымдардың арасындағы айырманы ұғынбаған, соғысты жою және өнеркәсіпті өркендету кезеңінде әскери методтарды демократиялық методтарға (кәсіпшілер одақтарының методтарына) қарсы қоюшылық сөзсіз қажет болатынын, сондықтан әскери методтарды кәсіпшілер одақтарына көшірудің өзі қате, зиянды екенін ұғынбаған.

Осы ұғынбаушылық Троцкийдің кәсіпшілер одақтары туралы таяуда шыққан айтыс кітапшаларына негіз болды.

Троцкийдің қателері осы ұғынбаушылықтан туын отыр.

II

САНАЛЫ ДЕМОКРАТИЗМ МЕН ЛАЖСЫЗ «ДЕМОКРАТИЗМ»

Кейбіреулердің ойынша, кәсіпшілер одақтарындағы демократизм туралы сөздер — құрғақ тақлақ, партияның ішкі тұрмысындағы кейбір құбылыстардан туған үйреншікті әдет, біркездері демократизм туралы «мылжың сөз» кісіні жалықтыратын болады, сөйтіп бәрі де «ескіше» жүре бастайды.

Екінші біреулердің ойынша, кәсіпшілер одақтарындағы демократизм — асылында жұмысшылардың талаптарына жол бергендік, лажсыз жол бергендік болып табылады, бұл ретте біздің кездестіріп отырғанымызды нағыз, шынайы іс деуден гөрі, дипломатия деген жөн.

Бұл жолдастардың қайсысы болса да қатты қателесіп отырғанын айтпасақ та болады. Кәсіпшілер одақтарындағы демократизм, яғни «одақтар ішіндегі пролетарлық демократияның қалыпты методтары» деп аталып жүрген нәрсе — қалың жұмысшы ұйымдарына тән саналы демократизм болып табылады; бұл демократизм кәсіпшілер одақтарына ұйымдасушы миллиондаған жұмысшы бұқарасына ұғындыру методтарын үнемі қолданудың қажеттігін, пайдалылығын ұғынуды керек етеді. Мұндай ұғым болмайынша демократизм құрғақ сөзге айналады.

Соғыс болып, қауіп төбеден төніп тұрған кезде, біздің ұйымдардың «майданға көмектесуге» шақырған ұрандарын жұмысшылар қызу қарсы алып отырды, өйткені құрып кету қаупі өте сезілуші еді, өйткені бұл қауіп, ілгері басып, помещиктер мен капиталистердің өкіметін қайта орнатып келе жатқан Колчак, Юденич, Деникин, Пилсудский, Врангель армияларының түріндегі, мүлде нақтылы және барша жұртқа айқын қауіп еді. Ол кезде бұқараны көтеру қиын емес-ті. Бірақ, қазір, соғыс қаупі жойылған кезде, ал жаңа қауіп, шаруашылық қаупі (шаруашылық бүліншілігі) бұқараға оншалық сезілмей отырған кезде, бір ғана ұрандармен қалың бұқараны көтеруге болмайды. Әрине, астықпен матаның жетімсіздігін жұрттың бәрі сезеді, бірақ, біріншіден, жұрт қалайда ептеп-септеп күнін көреді, қайткенмен өзіне астық та, мата да табады, сондықтан астықсыздық пен товарсыздық қаупі бұқараны соғыс қаупі қамшылағандағыдай онша қатты қамшылай қоймайды; екіншіден, шаруашылық қаупі (паровоздардың, ауыл шаруашылығына, тоқыма фабрикаларына, металлургия заводтарына керекті машиналардың же-

тімсіздігі, электр станцияларына керекті жабдықтың жетімсіздігі, т. б.) бұқараның ұғымында нақ таяуда өткен соғыс қаупіндей нақтылы қауіп деп ешкім де айта қоймас. Миллиондаған жұмысшы табын шаруашылық бүліншілігіне қарсы аттандыру үшін қалың бұқараның ынтасын, сана-сезімін, жігерін көтеру қажет, кеше соғыс қаупі қандай қауіп болған болса, қазіргі шаруашылық қаупі де нақ сондай шын, қатерлі қауіп екендігін нақты фактылар арқылы бұқараға ұғындыру қажет, демократия жолымен құрылған кәсіпшілер одақтары арқылы миллиондаған жұмысшыларды өндірісті өркендету ісіне қатыстыру қажет. Тек осылай еткенде ғана шаруашылық бүліншілігіне қарсы шаруашылық органдарының күресін бүкіл жұмысшы табының сүйікті ісіне айналдыруға болады. Мұнсыз шаруашылық майданында жеңіп шығу мүмкін емес.

Қысқасы: саналы демократизм, одақтар ішіндегі пролетарлық демократияның методы өндірістік кәсіпшілер одақтарының бірден-бір дұрыс методы болып табылады.

Бұл демократизмге лажсыз «демократизмнің» ешбір ұқсастығы жоқ.

Троцкийдің «Кәсіпшілер одақтарының ролі мен міндеттері» деген кітапшасын оқығанда, асылында Троцкийдің «өзі де» «демократиялық» методты жақтайды екен деп ойлауға болады. Осыған сүйеніп кейбір жолдастар кәсіпшілер одақтарының жұмыс методтары туралы мәселе біздегі алауыздықтардың түйіні емес деп ойлайды. Бірақ бұл мүлде теріс пікір. Өйткені Троцкийдің «демократизмі» — лажсыз, екіұшты, принципсіз «демократизм», сондықтан мұның өзі кәсіпшілер одақ-

тары үшін жарамсыз, әскери-бюрократтық методты толықтыратын нәрсе ғана.

Өздеріңіз ойланыздар.

1920 жылы ноябрьдің бас кезінде Орталық Комитет қаулы етеді, ал кәсіпшілер одақтарының Бүкілроссиялық V конференциясының коммунистік фракциясы мынадай қарар өткізеді: «централизмнің және милитаризациялы жұмыс формаларының бюрократизмге, дөрекілікке, казнашылдыққа айналуына, кәсіпшілер одақтарына ұсақ-түйек қамқорлық көрсетушілікке айналуына қарсы мейлінше қажырлы, жоспарлы күрес жүргізу қажет... Главполитпуть құруды қажет еткен, айрықша жағдайлардан туған өзгеше басқару методтарының уақыты Цектран (транспорт жұмысшыларының Троцкий басқарған Орталық Комитеті) үшін де өте бастады», сондықтан конференцияның коммунистік фракциясы «Цектранға одақ ішіндегі пролетарлық демократизмнің қалыпты методтарын күшейтіп, дамытуды ұсынады», Цектранды «басқа да одақтық бірлестіктермен тең правода Кәсіпшілер Одақтарының Бүкілроссиялық Орталық Советінің (ВЦСПС) құрамына ене отырып, оның жалпы жұмысына белсене қатысуға» міндеттейді (қараңыз: «Правда» № 255). Бірақ Троцкий мен Цектран, бұл қаулыға қарамастан, бұрынғыша Главполитпуть пен Главполитводқа сүйеніп, ВЦСПС-ті «сілкілеуге», бұзуға әрекеттеніп, басқа кәсіпшілік бірлестіктерінің қатарында Цектранның артықша жағдайда болуын көздеп, бүкіл ноябрь айының ішінде жартылай бюрократтық-жартылай әскери ескі бағытты жүргізе береді. Ол-ол ма, 30 ноябрьде «Орталық Комитеттің саясат бюросының мүшелеріне» жазған хатында Троцкий тіпті «күтпеген жерден»

«Главполитвод... таяудағы екі — үш айдың ішінде ешбір тарагыла алмайды» деп мәлімдейді. Ал онан соң ше? Осы хаттан кейін алты күн өткен соң (7 декабрьде) нак сол Троцкий тағыда «күтпеген жерден» Орталық Комитетте «Главполитпуть пен Главполитвод дереу жойылып, олардың барлық күш-каражаттары қалыпты демократизмнің негізінде кәсіпшілер ұйымына берілсін» деген ұсыныска дауыс береді. Буған дауыс бергенде ол Орталық Комитеттің 8 мүшесінің бірі болып, оның 7 мүшесіне — бұл мекемелерді жоюдың өзі енді жеткіліксіз деп есептеп, оның үстіне Цектранның кәзіргі құрамын да өзгертуді талап ететіндерге карсы шығады. Цектранның кәзіргі курамын сактап қалу үшін, Троцкий Цектрандағы саяси баскармаларды жоюды жақтап дауыс береді.

Осы алты күннің ішінде не өзгеріс болды екен? Мүмкін, осы алты күннің ішінде теміржолшылар мен сушылар соншалық өсіп, Главполитпуть пен Главполитвод оларға кажет болмай калған шығар? Әлде, мүмкін, осы қысқа мерзімнің ішінде ішкі немесе сырткы саяси жағдайда маңызды өзгеріс болған шығар? Әрине, олай емес. Әңгіме былай: сушылар саяси баскармаларды жоюды және Цектранның курамын өзгертуді Цектраннан үзілді-кесілді талап етті, сондықтан Троцкийдің тобы, кұлап калудан коркып және, ең болмағанда, Цектранның ескі құрамын сактап қалуды көздеп, шегінуге, шінара уступкалар жасауға мәжбүр болды, дегенмен бұл уступкалары ешкімді қанағаттандырған жоқ.

Фактылар осындай.

Бұл лажсыз, екіүшты, принципсіз «демократизмнің» ноябрьдің бас кезінде-ақ партияның Орталық Комитеті

ұсынған және біздің өндірістік кәсіпшілер одақтарын өркендету үшін өте қажет болып отырған методтармен — «одақтар ішіндегі пролетарлық демократияның қалыпты методтарымен» ешбір ұқсастығы жоқ екенін дәлелдеп жатудың керегі бола қоймас.

* * *

Советтер съезінің коммунистік фракциясының дискуссиялық жыйналысында[4] сөйлеген қортынды сөзінде Троцкий кәсіпшілер одақтары туралы таласқа саяси элемент енгізуге қарсы болып, бұған саясаттың қатысы жоқ дегенді айтты. Бұл жерде Троцкийдің пікірі бүтіндей теріс екенін мәлімдеу керек. Жұмысшы-шаруа мемлекетінде жалпы-мемлекеттік мәні бар бірде-бір маңызды қарар, әсіресе ол қарардың жұмысшы табына тікелей қатысы болатын болса, әйтеуір бір ретпен елдің саяси хал-жайына әсерін тигізбейінше, оның жүзеге асырылуы мүмкін емес, мұны дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас. Тегінде саясатты экономикадан бөліп тастаудың өзі кісі күлерлік және оғаш нәрсе. Дәл сондықтан да мұндай әрбір қарарға алдын ала нақ саяси тұрғыдан да баға беру қажет.

Өздеріңіз ойлаңыздар.

Троцкий басқарған Цектранның методтарын Цектранның өз практикасы-ақ теріске шығарғанын енді дәлелденген нәрсе деп есептеуге болады. Цектранды басқара отырып, Цектран арқылы басқа одақтарға ықпал жүргізе отырып, Троцкий одақтарды жандандырып, өркендетпек болды, өнеркәсіпті өркендету ісіне жұмысшыларды қатыстырмақ болды. Ал іс жүзін-

де оның бітіргені не? Кәсіпшілер одақтарының ішіндегі коммунистер көпшілігімен жанжалдасты, кәсіпшілер одақтарының көпшілігі Цектранмен жанжалдасты, Цектран іс жүзінде жікке бөлінді, кәсіпшілік жолымен ұйымдасқан «төменгі» жұмысшылар «комиссарларға» өшікті. Басқаша айтқанда, одақтардын өркендемегені былай тұрсын, тіпті Цектранның өзі ыдырай бастады. Күмән жоқ, егер Цектранның методтары басқа да одақтарға көшірілген болса, оларда да нақ әлгідей жанжалдар, жікке бөлінушілік, ыдыраушылық туған болар еді. Соның нәтижесінде жұмысшы табы ыдырап, жікке бөлінер еді.

Жұмысшы табының саяси партиясы бұл фактыларды елеусіз қалдыра ала ма? Бізде біртұтас кәсіпшілер одақтарына ұйымдасқан жұмысшы табы болса да, біріне бірі өш топтарға бөлінген жұмысшы табы болса да, еліміздің саяси хал-жайы үшін мұның келер-кетері жоқ деуге бола ма? Бұқараға жақындасу методын бағалау ісінде саяси жағдай ешқандай роль атқармауға тиіс, бұған саясаттың түк қатысы жоқ деуге бола ма?

Әлбетте, болмайды.

РСФСРда және онымен одақтас республикаларда қәзір 140 миллиондай халық бар. Оның 80%-і — шаруалар. Мұндай елді басқару үшін Совет өкіметіне жұмысшы табының берік сенімі болуы қажет, өйткені мұндай елге тек жұмысшы табы арқылы ғана және жұмысшы табының күштері арқылы ғана басшылық етуге болады. Ал жұмысшылар көпшілігінің сенімін сақтап, нығайту үшін жұмысшы табының сана-сезімін, қайрат-жігерін, ынтасын үнемі дамытып отыру керек, жұмысшы табын кәсіпшілер одақтары-

на ұйымдастыра отырып, коммунистік шаруашылық құрылысына қатыстыра отырып, оны коммунизмнің рухында үнемі тәрбиелеп отыру керек.

Күштеу методтары арқылы және одақтарды жоғарыдан «сілкілеу» арқылы бұл міндетті жүзеге асыруға болмайтыны анық, өйткені бұл методтар жұмысшы табын бөлшектейді (Цектран!) және Совет өкіметіне сенбестік тудырады. Оның бержағында, күштеу методтары арқылы бұқараның сана-сезімін дамыту да, оның Совет өкіметіне сенімін арттыру да тегінде мүмкін емес екенін түсіну қыйын емес.

Анығында, тек «одақтар ішіндегі пролетарлық демократияның қалыпты методтары» арқылы ғана, тек ұғындыру методтары арқылы ғана жұмысшы табын топтастыру міндетін, оның қайрат-жігерін арттыру міндетін, оның Совет өкіметіне деген сенімін, шаруашылық бүліншілігіне қарсы күреске елді аттандыру үшін қазір аса қажет болып отырған сенімін нығайту міндетін жүзеге асыруға болады.

Көріп отырсыздар, саясаттың өзі де ұғындыру методтарын жақтайды.

5 январь, 1921 ж.

„Правда" № 12,
19 январь, 1921 ж.

Қол қойған: И. Сталин

ПАРТИЯНЫҢ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ КЕЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

РК(б)П X съезіне арналған, партияның Орталық Комитеті бекіткен тезистер[5]

I

КАПИТАЛИСТІК ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЕЗУ

1. Қазіргі ұлттар белгілібір заманның жемісі — өрлеп келе жатқан капитализм заманының жемісі. Феодализмнің жойылып, капитализмнің даму процесі, сонымен қатар, адамдардың ұлт болып құралу процесі болып табылады. Ағылшындар, француздар, германдар, итальяндар капитализмнің феодалдық бытыраңқылықты жеңіп, қарыштап дамуы тұсында ұлт болып құралды.

2. Ұлттардың құралуы жалпы және тутасынан алғанда орталықтанған мемлекеттердің құрылуымен бір мезгілде болған жерлерде, ұлттар, табиғи жолмен мемлекеттік түрге еніп, буржуазиялық ұлттық дербес мемлекет болып дамыды. Англияда (Ирландиясыз), Францияда, Италияда осылай болды. Европаның шығысында, мұның керісінше, орталықтанған мемлекеттердің құрылуы феодализмнің жойылуынан, демек, ұлттардың құралуынан бұрын болды, бұл мемлекеттердің құрылуын өзін-өзі қорғау тілектері тездетті (түріктердің, монғолдардың, т б. шапқыншы-

лығы). Осылай болғандықтан бұл жердегі ұлттар ұлттық мемлекеттерге айналып дамымады және дамый да алмады, бұл жерде әдетте, үстемдік жүргізуші бір күшті ұлттан және бірнеше әлсіз, бағынушы ұлттардан құралған бірнеше аралас, көп ұлтты буржуазиялық мемлекеттер құрылды. Австрия, Венгрия, Россия осындай болды.

3. Әуелгі уақытта, көбінесе, өздерінің ұлттық күштеріне сүйенген Франция мен Италия тәрізді ұлттық-мемлекеттер, жалпы айтқанда, ұлттық езгі дегенді білмеді. Бұған қарама-қарсы, бір ұлттың, дәлірек айтқанда — оның үстем табының басқа ұлттарға үстемдік жүргізуі негізінде құрылған көпұлттық мемлекеттер ұлттық езгі мен ұлттық қозғалыстардың алғашқы шыққан жері және негізгі майданы болып табылады. Үстем ұлт пен бағынушы ұлттардың мүдделеріндегі қайшылықтар шешілмейінше көп ұлтты мемлекеттің орнықты түрде өмір сүруі мүмкін емес. Көп ұлтты буржуазиялық мемлекеттің сорлы болатын себебі: оның бұл қайшылықтарды шешу қолынан келмейді, оның жеке меншік пен таптық теңсіздікті сақтай отырып, ұлттарды «теңгеру» және аз ұлттарды «қорғау» жөніндегі әрбір әрекеті әдетте жаңа сәтсіздікпен, ұлттар арасындағы соқтығысулардың жаңа шиеленісуімен аяқталып отырады.

4. Европада капитализмнің бұрынғыдан да өсе түсуі, товар өткізетін жаңа рыноктердің керек болуы, шикізат пен отын іздеу, ақырында, империализмнің дамуы, сыртқа капитал шығару және ұлы теңіз жолдары мен теміржол қатнастарын қамтамасыз етудің қажеттігі, бір жағынан, бұрынғы ұлттық мемлекеттердің жаңа территорияларды басып алуына және бұл

мемлекеттерді көпұлттық (отарлы) мемлекетке, ұлттық езгі мен ұлттық соқтығысулары болып отыратын мемлекетке (Англия, Франция, Германия, Италия) айналдырып жіберуге апарып соқты, екінші жағынан, бұрынғы көпұлттық мемлекеттердің үстем ұлттарының арасында мемлекеттік ескі шекараларды сақтап қалуға тырысушылықты ғана күшейтіп қоймай, сонымен қатар мемлекеттік шекараларды кеңейтуге көршілес мемлекеттердің есебінен жаңа (әлсіз) ұлттарды өзіне бағындырып алуға тырысушылықты да күшейтті. Сонымен ұлт мәселесі кеңейіп, ақыр аяғында, істің барысының өзі оны отарлар жөніндегі жалпы мәселеге әкеліп қосты, ал ұлттық езгі мемлекет ішіндегі мәселеден мемлекеттердің арасындағы мәселеге, «ұлы» империалистік державалардың әлсіз, правосы толық емес ұлттарды өзіне бағындыру жолындағы күресі (және соғысы) жөніндегі мәселеге айналды.

5. Буржуазиялық көп ұлтты мемлекеттердің келісімге келмейтін ұлттық қайшылықтары мен ішкі әлсіздіктерін тамырына дейін жете ашқан империалистік соғыс жеңіп шыққан отарлы мемлекеттердің (Англия, Франция, Италия) ішіндегі ұлттық дау-жанжалдардың барынша шиеленісуіне, жеңіліп қалған бұрынғы көп ұлтты мемлекеттердің (Австрия, Венгрия, 1917 жылғы Россия) толық күйреуіне әкеп соқты және, ақырында, — ұлт мәселесін буржуазияның барынша «тұжырымды» етіп шешуі ретінде, — ұлттық буржуазиялық жаңа мемлекеттердің (Польша, Чехословакия, Югославия, Финляндия, Грузия, Армения және басқалар) құрылуына әкеп соқты. Бірақ дербес жаңа ұлттық мемлекеттердің құрылуы ұлттардың бейбіт өмір

сүруін орнатпады және орната да алмады, ұлттық теңсіздікті де, ұлттық езгіні де жоймады және жоя да алмады, өйткені жеке меншік пен таптық теңсіздікке негізделген жаңа ұлттық мемлекеттер мыналарсыз өмір сүре алмайды:

а) өздерінің аз ұлттарын езбейінше өмір сүре алмайды (белорустарды, еврейлерді, литвандарды, украиндарды езіп отырған Польша; осетиндерді, абхаздарды, армяндарды езіп отырған Грузия; хорваттарды, боснякторді езіп отырған Югославия, т. т.);

б) көршілердің есебінен территорияларын кеңейтпейінше өмір сүре алмайды, мұның өзі дау-жанжалдар мен соғыс туғызып отырады (Польша Литваға, Украинаға, Россияға қарсы; Югославия Болгарияға қарсы; Грузия Арменияға, Түркияға карсы, т. т.);

в) финанс, экономика және соғыс жөнінде «ұлы» империалистік державаларға бағынбайынша өмір сүре алмайды.

6. Сонымен, соғыстан кейінгі дәуір ұлттық өшпенділіктің, теңсіздіктің, езгінің, дау-жанжалдардың, соғыстардың және цивилизациялы елдердің ұлттарының тарапынан өз араларында да правосы толық емес халықтар жөнінде де болып отырған империалистік айуандықтардың ауыр түрлерін ашып беріп отыр. Бір жағынан, бірнеше «ұлы» державалар тәуелді және «тәуелсіз» (іс жүзінде мүлде тәуелді) ұлттық мемлекеттердің барлығын бірдей езіп, қанап отырады, және ұлттық мемлекеттерді қанауға монополиялы болу үшін бұл державалар өзара күресіп отырады. Екінші жағынан, тәуелді және «тәуелсіз» ұлттық мемлекеттер «ұлы» державалардың адам айтқысыз ауыр езгісіне карсы күреседі; ұлттық мемлекеттер өздерінің

ұлттық территорияларын кеңейту үшін өзара күресіп отырады; ұлттық мемлекеттер, әрқайсысы жеке-жеке, өздерінің езілген аз ұлттарына қарсы күреседі. Ақырында, «ұлы» державаларға қарсы отарларда азаттық қозғалыс күшейеді және бұл державалардың өз ішінде де, әдетте өз құрамында бірсыпыра аз ұлттары бар ұлттық мемлекеттердің ішінде де ұлттық дау-жанжалдар шиеленіседі.

Империалистік соғыстың мұра етіп қалдырған «дүниесінің түрі» міне осындай.

Ұлт мәселесін шешу жөнінде буржуазиялық қоғам толық банкрот болып шықты.

II

СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҰЛТ БОСТАНДЫҒЫ

1. Егер жеке меншік пен капитал адамдарды сөзсіз айырып, ұлт алакөздігін қоздырып, ұлттық езгіні күшейтетін болса, коллективтік меншік пен еңбек адамдарды соншалықты сөзсіз жақындатады, ұлт алакөздігін талқандап, ұлттық езгіні жояды. Езілген ұлттарды азат етпей, ұлт бостандығын орнатпай социализмнің өмір сүруі қандай ақылға сыймайтын нәрсе болса, ұлттық езгісіз капитализмнің өмір сүруі де нақ сондай ақылға сыймайтын нәрсе. Ұлтшылдықтың соқыр сенімдері бойына сіңген шаруалар (және жалпы ұсақ буржуазия) буржуазияның соңынан еріп отырған кезде шовинизм мен ұлт күресі сөзсіз болып отырады, ал мұның керісінше, егер шаруалар пролетариаттың соңынан ерсе, яғни егер пролетариат диктатурасы қамтамасыз етілсе, онда ұлт татулығы мен

ұлт бостандығын қамтамасыз етілді деп санауға болады. Сондықтан Советтердің жеңіп шығуы мен пролетариат диктатурасының орнауы ұлттық езгіні жоюдың, ұлт теңдігін орнатудың, аз ұлттардың правосын қамтамасыз етудің негізгі шарты болып табылады.

2. Совет революциясының тәжрибесі бұл қағыйданы толық дәлелдеп отыр. Россияда совет құрылысының орнауы және ұлттардың мемлекет болып бөлініп шығу правосының жариялануы Россия ұлттарының еңбекші бұқараларының арасындағы қатнастарды мүлде өзгертті, бұрынғы ұлт алакөздігін талқандап, ұлттық езгінің негізін жойды және орыс жұмысшыларына басқа ұлттардан шыққан бауырларының сенімін Россияда ғана арттырып қоймай, Европада да, Азияда да арттырды, бұл сенімді жігерлі ынтымақ дәрежесіне, ортақ іс үшін күресуге дайындық дәрежесіне жеткізді. Азербайжанда, Арменияда совет республикаларының құрылуы ұлттардың соқтығысуын жойып және түрік пен армян, армян мен азербайжан еңбекші бұқараларының арасындағы «ғасырлық» өшпенділікті шешіп, нақ сондай нәтижелерге жеткізді. Венгрияда, Баварияда, Латвияда Советтердің уақытша жеңуі жөнінде де дәл осыны айту керек. Екінші жағынан, егер өз үйіндегі ұлт өшпенділігі мен ұлттық езгіні жоймаған болса, Батыс пен Шығыс ұлттарының еңбекші бұқаралары оларға сеніп, жігер қоспаған болса, онда орыс жұмысшылары Колчак пен Деникинді жеңе алмаған болар еді, ал Азербайжан мен Армян республикалары бекіне алмаған болар еді деп сеніп айтуға болады. Совет республикаларының нығаюы мен ұлттық езгінің жойылуы еңбекшілерді империалистік кіріптарлықтан

азат ету жөніндегі бір процестің екі жағы болып табылады.

3. Ал, көлем жағынан өте кішкентай болса да, совет республикаларының өмір сүруі империализмге төніп тұрған қазалы қатер болып табылады. Мұның қатер болатын себебі совет республикаларының империализмнен қол үзіп, отардан және жартылай отардан нағыз дербес мемлекетке айналып отырғандығынан ғана емес, сөйтіп империалистерді қосымша бір бөлек территориядан және қосымша табыстан айырғандығынан ғана емес, мұның қатер болатын себебі, ең алдымен, мынадан: совет республикаларының өмір сүруінің өзі, бұл республикалардың буржуазияны басып, пролетариат диктатурасын нығайту жолындағы әрбір қадамдары капитализм мен империализмге қарсы орасан зор үгіт болып табылады, тәуелді елдерді империалистік кіріптарлықтан құтқару жолындағы үгіт болып табылады, капитализмнің барлық түрлерін ірітіп, берекесін кетіретін құдіреті күшті фактор болып табылады. Империалистік «ұлы» державалардың совет республикаларына қарсы сөзсіз күресетіндігі, «ұлы» державалардың бұл республикаларды жоюға тырысатындығы осыдан келіп шығады. Шеткері аймақтағы буржуазиялық үкіметтердің бірінен соң бірін, контрреволюцияшыл генералдар тобының бірінен соң бірін Советтік Россияға қарсы көтеріп, оны мұқиятты түрде блокадаға алып және оны экономика жөнінен жалпы дара қалдыруға тырысқан «ұлы» державалардың Советтік Россияға қарсы күресінің тарихы — халықаралық қатнастардың қазіргі жағдайында, капиталистік қоршау жағдайында, совет республикасының бірде-бірі жеке-леп алғанда экономикалық күйзелістен және дүниеж -

зілік империализм тарапынан болатын соғыста қыйраудан өздерін қамтамасыз етілдік деп есептей алмайтындығын өте айқын көрсетіп отыр.

4. Сондықтан жеке совет республикаларының өз бетімен жекеленіп өмір сүруі, — капиталистік мемлекеттер тарапынан олардың өмір сүрулеріне қауіп болып отырғанда, — орнықты, тиянақты болмайды. Бір жағынан, совет республикаларын қорғаудың жалпы мүдделері, екінші жағынан, соғыстан күйзелген өндіргіш күштерді қалпына келтіру міндеті және, үшінші жағынан, астықты совет республикаларының астықсыз совет республикаларына азық-түлік жәрдемін беру қажеттігі — империалистік кіріптарлық пен ұлттық езгіден құтылудың бірден-бір жолы ретінде, жеке совет республикаларының мемлекеттік одақ болып бірігуін қатты талап етеді. «Өз» буржуазиясынан және «бөтен» буржуазиядан азат болған ұлттық совет республикалары тек тығыз мемлекеттік одаққа біріккенде ғана өздерінің өмірін аман сақтап қала алады және империализмнің біріккен күштерін жеңе алады, әйтпеген күнде олар тіпті де жеңе алмайды.

5. Соғыс және шаруашылық ісінің біртұтас болуына негізделген совет республикаларының федерациясы мемлекеттік одақтың жалпы формасы болып табылады, бұл:

а) жеке республикалардың да, бүкіл федерацияның да тұтас болуын және шаруашылық жағынан дамуын қамтамасыз етуге;

б) дамудың әр[illegible]і сатысында тұрған түрлі ұлттар мен халықтардың тұрмысының, мәдениетінің және экономикалық күйінің барлық түрін қамтуға және осыған сәйкес федерацияның белгілібір түрін қолдануға;

в) өз тағдырын белгілі түрде федерацияның тағдырымен байланыстырған ұлттар мен халықтардың тату тұруын және туысқандық ынтымағын жөнге салуға мүмкіндік береді.

Россияның федерацияның әралуан түрлерін қолдану жөніндегі тәжрибесі, советтік автономияға негізделген федерациядан (Киргизия, Башқұртстан, Татарстан, Тау халықтары, Дағстан) тәуелсіз совет республикаларымен (Украина, Азербайжан) договорлық қатнаста болуға негізделген федерацияға көшу жөніндегі және солардың екі аралығындағы сатыларға (Туркстан, Белоруссия) жол беру жөніндегі тәжрибесі — совет республикаларының мемлекеттік одағының жалпы формасы есебінде федерацияның барынша қолайлы және икемді екендігін толық дәлелдеді.

6. Бірақ федерация өзіне кіретін елдердің өзара сенушілігіне, өз еркімен келісулеріне сүйенгенде ғана берік болады, федерацияның нәтижелері сонда ғана шын нәтиже бола алады. Егер РСФСР, бірқыдыру ұлттар мен халықтардың тату тұруы, туысқандық ынтымағы жөніндегі тәжрибе ойдағыдай болып шыққан дүние жүзіндегі бірден-бір ел болатын болса, мұның себебі: бұл елде үстемдік етушілер де, бағынушылар да, метрополия да, отарлар да, империализм де, ұлттық езгі де жоқ, — мұнда федерация әртүрлі ұлттардың еңбекші бұқараларының өзара сенушілігіне және олардың одақтасуға ерікті түрде талпынуына негізделген. Федерацияның осы еріктілік сыйпаты келешекте де міндетті түрде сақталуға тиіс, өйткені тек осындай федерация ғана барлық елдердің еңбекшілерінің дүниежүзілік тұтас шаруашылықтағы ең жоғарғы бірлігіне өту

формасы бола алады, мұндай бірліктің қажеттігі барған сайын анық сезіліп келеді.

III
РКП КЕЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ

1. РСФСР-да және онымен байланысты совет республикаларында 140 миллионға таяу халық бар. Бұлардың 65 миллионға таяуы великорос еместер (украиндар, белорустар, киргиздар, өзбектер, түркпендер, тәжіктер, азербайжандар, Еділ бойындағы татарлар, қырым татарлары, бұқарлықтар, хивалықтар, башқұрттар, армяндар, чечендер, кабардиндер, осетиндер, черкестер, ингуштер, карачайлар, балкарлар*; қалмақтар, карелдер, аварлар, даргиндер, кази-кумухтар, кюриндер, кумыктар**, марилер, чуваштар, вотяктер, Еділ бойындағы немістер, буряттар, якуттар және басқалар).

Бұл халықтар жөніндегі патша өкіметінің саясаты, помещиктер мен буржуазияның саясаты — олардың арасында қандай да болса мемлекет ұрығын жою, олардың мәдениетін мүгедек ету, тіліне қысым келтіру, оларды надандықта ұстау және, ақырында, оларды мүмкіндігінше орыстандыру саясаты болды. Мұндай саясаттың нәтижесінде — бұл халықтар аз дамып, саяси артта қалды.

Қазірде, помещиктер мен буржуазия құлатылып, бұл елдерде де бұқара халық совет өкіметін жариялап отырған кезде, партияның міндеті — великорос

* Соңғы жеті халық «Тау халықтары» тобына бірігеді.
** Соңғы бес халық «Дағыстандықтар» тобына бірігеді.

емес халыктардың еңбекші бұқараларының ілгері кеткен орталық Россияны қуып жетуіне жәрдемдесу болады, оларға:

а) осы халыктардың ұлттық бейнесіне сай келетін формада совет мемлекетін өздерінде дамытып, нығайтуға;

б) жергілікті халықтың тұрмысы мен психологиясын білетін жергілікті адамдардан құрылған, ана тілінде іс жүргізетін сотты, әкімшілік орындарын, шаруашылық органдарын, өкімет органдарын өздерінде жолға қоюға;

в) ана тілінде баспасөз, мектеп, театр, клуб жұмысын және жалпы мәдени-ағарту мекемелерін өздерінде дамытуға көмектесу болады.

2. Егер 65 миллион великорос емес халықтардан өнеркәсіпті капитализм дәуірін белгілібір дәрежеде басынан кешірген Украинаны, Белоруссияны, Азербайжанның біразырағын, Арменияны шығарып тастасак, онда 25 миллионға таяу көпшілігі түрік халықтары (Түркстан, Азербайжанның көпшілігі, Дағстан, тау халықтары, татарлар, башқұрттар, киргиздар және баскалар) қалады, бұлар капиталистік дамуды өтуге үлгіре алмаған, өздерінің өнеркәсіптік пролетариаты жок немесе жокка тән, көбінесе мал шаруашылығы мен патриархтық-ру тұрмысын сақтап келген (Киргизия, Башкұртстан, Солтүстік Кавказ) немесе жартылай патриархтық-жартылай феодалдық тұрмыстың алғашқы түрінен онша ұзап кетпеген (Азербайжан, Қырым және басқалар), бірақ бұлар кәзірдің өзінде советтік дамудың жалпы арнасына тартылып отыр.

Бұл халықтардың еңбекші бұқаралары жөнінде (1-пунктте көрсетілген міндеттен басқа) партияның

міндеті — еңбекші шаруа Советтерінің негізінде, бұл халықтардың арасында коммунистік мықты ұйымдар құру жолымен олардың патриархтық-феодалдық қатнастарды жойып, совет шаруашылығын құру жұмысына кірісуіне көмектесу болады; бұл коммунистік ұйымдар орыс жұмысшылары мен шаруаларының совет-шаруашылық құрылысы жөніндегі тәжрибесін пайдалануға қабілетті болуға тиіс және сонымен бірге өзінің құрылыс жұмысында белгілібір ұлттың әрқайсысының нақтылы экономикалық жағдайының, таптық құрылымының, мәдениетінің және тұрмысының барлық өзгешеліктерін ескере білуге тиіс, орталық Россияның экономикалық шараларын, шаруашылық дамудың басқа бір, неғұрлым жоғары сатысына ғана жарамды шараларды, беталды апарып қондыра салмауға тиіс.

3. Егер көпшілігі түрік халықтары болып отырған 25 миллионның ішінен, кәзірдің өзінде отырықшы болып қалған және белгілібір территорияны өздеріне мықтап бекітіп алған Азербайжанды, Түркстанның көпшілігін, татарларды (Еділ бойындағы және Қырымдағы), Бұхарды, Хиваны, Дағстанды, тау халықтарының бір бөлегін (кабардиндерді, черкестерді, балкарларды) және кейбір басқа ұлттарды шығарып тастайтын болсақ, онда 6 миллионға таяу киргиздар, башқұрттар, чечендер, осетиндер, ингуштер қалады, бұлардың жерлері соңғы уақытқа дейін орыс ауғындарының отарлауына объекті болып келді, ауғындар бұлардың егін егетін жақсы участоктерін тартып алып та үлгірді және бұларды ештеңе өнбейтін құладалаға үздіксіз ығыстырып отырды.

Патша өкіметінің саясаты, помещиктер мен буржуазияның саясаты — бұл аудандарға орыс шаруала-

ры мен казактардың ішінен кулак элементтерді көбірек орналастырып, оларды ұлыдержавалық талаптың сенімді тірегіне айналдыру болды. Осы саясаттың нәтижесінде — құладүзге ығыстырылып отырған жергілікті негізгі халықтар (киргиздар, башқұрттар) біртіндеп құрый бастады.

Бұл халықтардың еңбекші бұқаралары жөнінде (1 және 2-пункттерде айтылған міндеттерден басқа) партияның міндеті — жалпы кулактардан азат болу жолындағы, әсіресе жырткыш великоростық кулактардан азат болу жолындағы күресте олардың күштерін жергілікті орыс еңбекші бұқараларының күштерімен біріктіру, олардың бар күші мен бар құралдарын жұмсап ыйығында отырған отаршы-кулактарды лақтырып тастауына көмектесу және, сонымен, оларды адамның өмір сүруіне қажетті жарамды жерлермен қамтамасыз ету болады.

4. РСФСР шегінде жоғарыда аталған, белгілібір таптық құрылымы бар және белгілібір территорияны қоныстаған ұлттар мен халықтардан басқа тағы кейбір ауыспалы ұлттық топтар, аз ұлттар бар, олар өзге ұлттық тұтас көпшіліктердің ішінде араласып жүреді және олардың көбінесе белгілібір таптық құрылымы да жоқ, белгілібір территориясы да жоқ (латыштар, эстондар, поляктар, еврейлер және басқа аз ұлттар). Патша өкіметінің саясаты — бар құралдарды қолданып, қырғынға салуға дейін барып (еврей қырғындары) осы азшылықтарды мүлде жою саясаты болды.

Қазірде, ұлт артықшылығы жойылған кезде, ұлттардың тең праволылығы іс жүзіне асырылған кезде, ал аз ұлттардың ерікті түрде ұлттық даму правосы совет құрылысының сыйпатының өзімен-ақ қамтамасыз

етілген кезде, партияның бұл ұлттық топтардың еңбекші бұқаралары жөніндегі міндеті — олардың өздеріне берілген ерікті түрде даму правосын толық пайдалануына көмектесу болады.

5. Шеткері аймақтардағы коммунистік ұйымдар біраз өзгеше жағдайларда дамып отыр, ол жағдайлар бұл аудандарда партияның қалыпты өсуіне кедергі жасайды. Бір жағынан, шеткері аймақтарда қызмет істейтін, «державалық» ұлт өмір сүріп тұрған жағдайларда өскен және ұлттық езгіні білмеген великорос коммунистері партия жұмысында ұлт өзгешеліктерінің маңызын көбіне кішірейтіп жібереді, немесе олармен мүлде санаспайды, сол халықтың таптық құрылымының, мәдениетінің, тұрмысының, тарихта бастан өткізгендерінің өзгешеліктерін өз жұмысында есепке алмайды, сонымен партияның ұлт мәселесіндегі саясатын тұрпайылап, бұрмалайды. Бұл жағдай коммунизмнен ұлы державалыққа, отаршылдыққа, великорустық шовинизмге қарай тартатын уклонға апарып соғады. Екінші жағынан, жергілікті негізгі халықтан шыққан, ұлттық езгінің ауыр дәуірін басынан кешірген және сол ұлттық езгінің елесінен әлі де толық құтылып болмаған коммунистер партия жұмысында ұлт өзгешелігінің маңызын көбінесе үлкейтіп жібереді, еңбекшілердің таптық мүдделерін көлеңкеде қалдырады, немесе белгілібір ұлт еңбекшілерінің мүдделерін нақ сол ұлттың «жалпыұлттық» мүдделерімен шатастырады, бұлардың біріншілерін соңғылардан бөлектей білмейді және соларға сүйеніп партия жұмысын құра білмейді. Бұл жағдай, өз кезегінше, коммунизмнен буржуазиялық-демократиялық ұлтшылдыққа қарай, кейде панисла-

мизм, пантүркизм[9] (Шығыста) формасын алатын ұлтшылдыққа қарай тартатын уклонға апарып соғады.

Съезд осы уклондардың екеуін де, коммунизм ісіне зиянды және қауіпті уклон деп, үзілді-кесілді кінəлай отырып, бірінші уклонның, ұлыдержавалыққа, отаршылдыққа қарай тартатын уклонның ерекше қауіпті және ерекше зиянды екендігін көрсетуді қажет деп санайды. Съезд, партия қатарында отаршылдық пен ұлтшылдықтың қалдықтарын жеңбейінше, шеткері аймақтарда бұқарамен байланысы бар, берік, интернационализм негізінде жергілікті және орыс халықтарының пролетарлық элементтерін өз қатарына біріктіретін коммунистік ұйымдар құру мүмкін емес екенін ескертеді. Сондықтан съезд коммунизмдегі ұлтшылдықтың және, ең алдымен, отаршылдықтың бұлталақтарын жоюды партияның шеткері аймақтардағы ең маңызды міндеттерінің бірі деп санайды.

6. Соғыс майдандарындағы табыстарға байланысты, əсіресе Врангельді жойғаннан кейін, өнеркəсіптік пролетариаты жоқ немесе жоққа тəн артта қалған кейбір шеткері аймақтарда ұлтшыл-мещан элементтердің мансапқорлықпен партияға кіруге тырысуы күшейді. Бұл элементтер, партияның іс жүзінде билеуші күш болып отырғандығын еске алып, əдетте коммунизмнің түсіне боялады жəне олар көбіне топ-тобымен партияға кіруге ұмтылады, сөйтіп олар партияға нашар бүркенген шовинизм рухы мен іріткі салу рухын енгізеді, оның бер жағында шеткері аймақтардағы жалпы алғанда əлсіз партия ұйымдарының жаңа мүшелер алып партияны «кеңейтуге» қызығушылыққа қарсы тұруға əр уақытта шамасы келе бермейді.

Пролетариат партиясына алдап енетін, жалған ком-

мунистік элементтердің кандайымен болса да үзілді-кесілді күрес жүргізуге шақыра отырып, съезд ұлтшыл-мещан интеллигент элементтердің есебінен партияны «кеңейтуден» сақтандырады. Съезд, шеткері аймақтарда партияны толықтыру ісі ең алдымен осы шеткері аймақтардағы пролетарлардың, кедейлердің және енбекші шаруалардың есебінен жүргізілуге тиіс деп есептейді, сонымен қатар шеткері аймақтардағы партия ұйымдарының құрамының сапасын жақсарту арқылы оларды нығайту жұмысы жүргізілуге тиіс деп санайды.

„Правда" № 29,
10 февраль, 1921 ж.

РК(б)П X СЪЕЗІ[7]

8—16 март, 1921 ж.

Россиялық коммунистік партияның оныншы съезі. Стенографиялық есеп. М., 1921

1. ПАРТИЯНЫҢ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ КЕЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

10 март

Партияның ұлт мәселесі жөніндегі кезектегі нақтылы міндеттеріне тікелей көшуден бұрын, кейбір алғышарттарды анықтап алу қажет, мұнсыз ұлт мәселесінің шешілуі мүмкін емес. Бұл алғышарттар ұлттың шығуы туралы, ұлттық езгінің тууы туралы, тарихи дамудың барысында болған ұлттық езгінің формалары туралы және онан соң дамудың әртүрлі дәуірлерінде ұлт мәселесінің шешілу формалары туралы мәселеге соғады.

Мұндай дәуірлер үшеу.

Бірінші дәуір — Батыста феодализмнің жойылып, капитализмнің жеңген дәуірі. Адамдардың ұлт болып құралуы осы дәуірге келіп тіреледі. Менің айтып отырғаным Англия (Ирландиясыз), Франция, Италия сияқты елдер. Батыста — Англияда, Францияда, Италияда және шінара Германияда — феодализмнің жойылу дәуірі және адамдардың ұлт болып құралуы мезгілі жағынан жалпы және тұтасынан алғанда орталықтанған мемлекеттердің шығу дәуірімен бірге болды, осылай болғандықтан ондағы ұлттар өздерінің дамуында мем-

лекеттік формаға кірді. Ал бұл мемлекеттердің ішінде ауызға аларлықтай басқа ұлттардың топтары болмағандықтан, онда ұлттық езгі де болмады.

Европаның шығысында, мұның керісінше, ұлттардың құралуы мен феодалдық бытырандылықты жою процесі мезгілі жағынан орталықтанған мемлекеттердің құрылу процесімен бір болған жоқ. Менің айтып отырғаным — Венгрия, Австрия, Россия. Бұл елдерде капиталистік даму әлі жоқ еді, бәлкім, ол жаңа басталып келе жатқан болар, оның бержағында, түріктердің, монғолдардың және Шығыстың тағы басқа халықтарының шапқыншылығынан қорғану мүдделері шапқыншылықтың қыспағына төтеп бере аларлықтай орталықтанған мемлекеттердің дереу құрылуын тіледі. Ал Европаның шығысында орталықтанған мемлекеттердің шығу процесі адамдардың ұлт болып құралу процесінен шапшаңырақ болғандықтан, онда, әлі ұлт болып құралмаған, бірақ жалпы мемлекет болып бірлескен, бірнеше халықтан қосылған аралас мемлекет құрылды.

Сонымен, бірінші дәуір капитализм жаңа шығып келе жатқан кезде ұлттардың пайда болуы арқылы сыйпатталады, оның бержағында Европаның батысында ұлттық езгісі жоқ таза ұлттық мемлекеттер туады, ал Шығыста, көбірек дамыған бір ұлт басқарған және саяси жағынан, кейін экономикалық жағынан да үстем ұлтқа бағынышқы, аз дамыған басқа да ұлттары бар көп ұлтты мемлекеттер туады. Шығыстың бұл көп ұлтты мемлекеттері ұлт дау-жанжалдарын, ұлт қозғалыстарын, ұлт мәселесін және бұл мәселенің шешілуіндегі түрлі тәсілдерді туғызған ұлттық езгінің отаны болды.

Ұлттық езгінің және оған қарсы күрес тәсілдерінің дамуындағы екінші дәуір Батыста империализмнің шығу дәуірімен орайласады; бұл дәуірде капитализм товар өткізетін рыноктер, шикізат, отын және арзан бағалы жұмысшы күшін іздеуде, сыртқа капитал шығарып, ұлы теміржолдар мен теңіз жолдарын қамтамасыз ету жолындағы күресте ұлттық мемлекеттің шеңберінен шығып, жақындағы және алыстағы көршілерінің есебінен өз территориясын кеңейтеді. Бұл екінші дәуірде Батыстағы бұрынғы ұлттық мемлекеттер — Англия, Италия, Франция — ұлттық мемлекет болудан қалады, яғни олар, жаңа территорияларды басып алу нәтижесінде, көп ұлтты, отарлы мемлекетке айналады, сонымен қатар Европаның шығысында мұнан да бұрын өмір сүрген ұлттық және отарлық езгінің майданына айналады. Европаның шығысында бұл дәуір бағынышты ұлттардың (чехтар, поляктар, украиндар) оянуы және күшеюі арқылы сыйпатталады, мұның өзі империалистік соғыстардың нәтижесінде бұрынғы буржуазиялық көп ұлтты мемлекеттердің құлап, ұлы держава дейтіндерге кіріптар болып отырған жаңа ұлттық мемлекеттердің құрылуына әкеп соқты.

Үшінші дәуір — совет дәуірі, капитализмнің жойылып, ұлттық езгінің құрыған дәуірі; бұл дәуірде үстем ұлттар мен бағынышты ұлттар туралы, отарлар мен метрополиялар туралы мәселе тарихи архивқа кетеді, бұл дәуірде РСФСР территориясында даму жөнінде тең правосы бар ұлттар келіп шығады, бірақ бұл ұлттардың өздерінің шаруашылық, саяси және мәдениет жағынан артта қалғандығынан кейбір тарихи мұра болып қалған теңсіздігі әлі де болып отыр. Ұлттардың бұл теңсіздігінің түйіні — біздің, тарихи даму нәтиже-

сінде, бұрынғы мұраға ие болғандығымызда; ол мұра бойынша бір ұлт, атап айтқанда великорус ұлты басқа ұлттарға қарағанда саяси жағынан да, өнеркәсіп жағынан да анағұрлым артық дамыған болып шықты. Бір жылдың ішінде жойыла қоймайтын факт жүзіндегі теңсіздік осыдан болып отыр, бірақ бұл теңсіздік артта қалған ұлттар мен халықтарға шаруашылық, саяси және мәдениет жағынан көмек көрсету арқылы жойылуға тиіс.

Ұлт мәселесінің дамуындағы тарихи жағынан біздің көз алдымыздан өткен үш дәуір міне осындай.

Әуелгі екі дәуірдің ортақ бір сыйпаты бар. Ол мынау: бұл екі дәуірдің екеуінде де ұлттар езілуде, кіріптарлықта болады, солай болғандықтан ұлт күресі өз күшінде, ал ұлт мәселесі — шешілмеген күйінде қалады. Бірақ бұл екеуінің арасында айырмашылық та бар. Ол айырмашылық мынау: бірінші дәуірде ұлт мәселесі жеке көп ұлтты мемлекеттердің шеңберінен шықпайды және ұлттардың азын-аулағын ғана, көбінесе Европалық ұлттарды ғана қамтыйды; ал енді екінші дәуірде ұлт мәселесі мемлекеттің өз ішіндегі мәселеден мемлекеттер арасындағы мәселеге айналады, — толық правосы жоқ ұлттарды өзіне бағынышты күйінде ұстап қалу үшін болатын, Европадан тысқарғы жердегі жаңа халықтар мен тайпаларды өз ықпалына бағындыру үшін болатын империалистік мемлекеттердің арасындағы соғыс туралы мәселеге айналады.

Сөйтіп, бұрын тек мәдениетті елдерде ғана маңызы болған ұлт мәселесі бұл дәуірде өзінің оқшаулық сыйпатын жояды да, отарлар туралы жалпы мәселемен қосылады.

Ұлт мәселесінің жалпы отарлық мәселеге ұласып

дамуы тарихи кездейсоқ нәрсе емес. Бұл дамудың себебі — біріншіден, соғысып жүрген державалардың империалистік топтарының өздері империалистік соғыс уақытында отарларға иек сүйеуге мәжбүр болды, олар отарлардан адамдар алып, солардан әскерлер құрды. Күмән жоқ, бұл процесс, империалистердің отарлардағы артта қалған халықтарға сөзсіз иек сүйеу процесі бұл тайпалар мен халықтарды азаттыққа, күреске оятпай қойған жоқ. Сонсын, ұлт мәселесін кеңейтіп, оны азаттық қозғалыстың әуелі ұшқынымен, ал онан кейін жалынымен жер жүзін түгел шарпыған жалпы отарлық мәселеге дамытқан екінші фактор — империалистік топтардың Түркияны бөлісіп алуға, оның мемлекет болып өмір сүруін тоқтатуға әрекеттенуі болды. Түркия мемлекеттік жағынан мұсылман халықтарының ішінде неғұрлым дамыған ел болғандықтан мұндай келешекпен келісе алмады, ол күрес туын көтерді және Шығыс халықтарын империализмге қарсы өз төңірегіне ұйыстырды. Үшінші фактор — Советтік Россияның шығуы болды; оның империализмге қарсы күресі бірталай табыстарға жетті және, сөз жоқ, Шығыстың езілген халықтарына дем берді, оларды оятып, күреске көтерді, сонымен Ирландиядан бастап Индияға дейін езілген ұлттардың жалпы майданын құруға мүмкіндік берді.

Міне осы факторлардың бәрі ұлттық езгінің дамуындағы екінші кезеңде мынаған әкеп соқтырды: буржуазиялық қоғам ұлт мәселесін шешпегендігі, халықтар арасында бейбіттік орнатпағандығы былай тұрсын, қайта, ұлт күресінің ұшқынын дүниежүзілік империализмге қарсы езілген халықтардың, отарлардың және

жартылай отарлардың күресінің жалынына айналдырды.

Анығында, ұлт мәселесін шеше алатын бірден-бір режим, яғни әртүрлі ұлттар мен тайпалардың тату тұрып, туысқандық ынтымақта болуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасай алатын режим — Совет өкіметінің режимі, пролетариат диктатурасының режимі.

Капитал үстем болып, өндіріс құрал-жабдықтары жеке меншікте тұрғанда және таптар өмір сүріп тұрғанда ұлттардың тең праволы болуы қамтамасыз етіле алмайтындығын, капитал өкіметі өмір сүріп тұрғанда өндіріс құрал-жабдықтарын иемдену үшін күрес жүріп жатқанда, ұлттардың ешқандай тең праволылығы бола алмайтынын, сондай-ақ ұлттардың еңбекші бұқараларының арасында ынтымақтың бола алмайтынын дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен. Ұлттың тең праволы болмауын жоюдың бірден-бір амалы, езілген және езілмеген халықтардың еңбекші бұқараларының туысқандық ынтымағын жасай алатын режимді орнатудың бірден-бір амалы — капитализмді жойып, совет құрылысын орнату екендігін тарих көрсетіп отыр.

Сонсын, жеке халықтар «бөтен» буржуазиядан да, өздерінің ұлттық буржуазиясынан да азат етіле алатын болып отырғанда, яғни олар өздерінде совет құрылысын орнатып отырғанда көршілес совет республикалары тарапынан шаруашылық жағынан және соғыс жағынан көмек болмайынша олардың империализм тұрғанда жеке өмір сүре алмайтындығын және өзінің жеке өмір сүруін дұрыстап қорғай алмайтындығын тарих көрсетіп отыр. Совет республикаларының мемлекеттік одағынсыз, олардың тұтасбір соғыс-шаруашылық күш болып топтасуынсыз, дүниежүзілік империа-

лизмнің біріккен кушіне карсы соғыс майдандарында да, шаруашылык майдандарында да төзіп тұру мүмкін емес екендігін Венгрияның мысалы айкын көрсетеді.

Совет республикаларының федерациясы — мемлекеттік одактың табылған формасы, мұның іс жүзіне аскан түрі РСФСР болып табылады.

Міне, жолдастар, біздің партиямыздың РСФСР көлемінде ұлт мәселесін шешу ісіндегі белгілі кадамдарының кажетті екендігін кейін дәлелдеу үшін бұл жерде менің алдымен айтайын деген алғышарттарым осындай.

Совет режимі кезінде Россияда және Россиямен байланысты республикаларда казірдің [illegible] ұлттар да, правосыз ұлттар да, метрополия да, отарлар да, канаушылар да, каналушылар да жок болғанымен, солай бола тұрса да Россияда ұлт мәселесі [illegible] күнге дейін бар. РСФСР-дағы ұлт мәселесінің мәнісі — кейбір ұлттардың бұрынғы замандан мұра ретінде алған факт жүзіндегі (шаруашылык, саяси, мәдениет жағынан) артта калғандығын жою, артта калған халыктарға мемлекеттік жағынан да, мәдениет жағынан да, шаруашылык жағынан да орталык Россияны куып жетуге мүмкіншілік беру болып табылады.

Ескі режим тұсында патша өкіметі Украинада Азербайжанда, Түркстанда және баска да шеткері аймактарда мемлекеттікті дамытуға тырыскан жок және тырыса алмайтын да еді. Патша өкіметі жергілікті негізгі халыкты күштеп ассимиляциялауға тырысып, шеткері аймактарда мемлекеттікті дамытуға карсы күресті, сондай-ак олардың мәдениет жағынан дамуына да карсы күресті.

Сонсын, ескі мемлекет, помещиктер мен капиталис-

тер мұраға киргиздар, чечендер, осетиндер сыякты катты құғындалған халықтарды қалдырды; бұлардың жерлері Россияның казак және кулак элементтерінің отарлауына жұмсалды. Бұл халықтар шексіз азап шегуге, қырылып жойылуға қалған еді.

Сонсын, бұрын үстем ұлт болған великорус ұлтының жағдайы жергілікті халықтың еңбекші бұқарасына жақындаса білмейтін немесе жақындағысы келмейтін, олардың мұң-мұқтажын түсініп, олардың артта қалушылық пен мәдениетсіздіктен шығуына жәрдем бергісі келмейтін орыс коммунистеріне де өз ықпалының ізін қалдырды. Мен өздерінің жұмыстарында шеткері аймақтардағы тұрмыс пен мәдениеттің ерекшеліктерін елемей, кейде ұлыдержавалық шовинизмге ауытқып кетіп жүрген орыс коммунистерінің аз-кем топтары туралы айтып тұрмын.

Сонсын, ұлттық езгіні басынан кешірген орыс емес ұлттардың жағдайы да кейде өз халқының еңбекші бұқараларының таптық мүдделерін «жалпы халықтық» деп аталатын мүдделерден айыра білмейтін, жергілікті халықтан шыққан коммунистерге ықпалын тигізбей қойған жоқ. Мен, кейде орыс емес коммунистердің арасында байқалып жүрген және, мәселен, Шығыста панисламизм, пантүркизм түрінде көрінетін жергілікті ұлтшылдыққа қарай тартатын уклон туралы айтып тұрмын.

Ақырында, киргиздарды, башқұрттарды және кейбір тау халықтарын құрып бітуден аман сақтап қалу қажет, отаршы-кулактардың есебінен оларды керекті жермен қамтамасыз ету қажет.

Мәселелер мен міндеттер осындай; бұлардың бәрі

бірігіп еліміздегі ұлт мәселесінің негізі болып табылады.

Партияның ұлт мәселесі жөніндегі бұл кезекті міндеттерін сыйпаттай келіп, мен жалпы міндетке — шеткері аймақтардағы коммунистік саясатымызды көбінесе Шығыста болып отырған шаруашылық тұрмыстың ерекше жағдайларына сәйкестіру міндетіне көшкім келеді.

Істің мәнісі мынада: толып жатқан көбінесе түрік халықтары — бұлар 25 миллионға таяу — өнеркәсіптік капитализм дәуірін басынан кешірген жоқ, кешіруге үлгіре алмады, сондықтан олардың өнеркәсіптік пролетариаты жоқ немесе жоққа тән, осылай болғандықтан оларға алғашқы шаруашылық формасынан өнеркәсіп капитализміне соқпастан советтік шаруашылық сатысына көшуге тура келеді. Бұл қыйын істі, бірақ қалайда істеуге мүмкіндігі бар істі жүзеге асыру үшін, бұл халықтардың экономикалық жағдайының, тіпті тарихи бастан кешіргендерінің, тұрмысы мен мәдениетінің барлық ерекшеліктерін еске алып отыру қажет. Мұнда, Россияның орталығында, күші мен маңызы болған шараларды бұл халықтардың территориясына апарып қондыра салу — ақылға сыймайтын, қауіпті нәрсе. РСФСР-дың шаруашылық саясатын жүргізгенде бұл шеткері аймақтардағы біз көріп отырған экономикалық жағдайдың, тап құрылысының, тарихи бастан кешіргендерінің барлық ерекшеліктерін міндетті түрде есепке алып отыру керек екені айқын. Мен бұл арада, мәселен, Азық-түлік Халық Комиссариатының еш уақытта шошқа асырамаған мұсылман халқына Киргизияда салғырт ретінде шошқа тапсыр деп талап қоюы сияқты өрескелдіктерді жою керек екендігі ту-

ралы айтып та отырғаным жок. Бұл мысалдан кез келген жолаушының да көзіне түсетін тұрмыс ерекшеліктерімен кейбіреулердің мүлде санаскысы келмейтіндігі көрінеді.

Маған жана ғана Чичерин жолдастың макалаларына жауап беруді сұрап жазған хатты тапсырды. Жолдастар, мен көніл койып окып шыккан Чичериннің макалаларынан әдебиетшілдіктен баска ештеце де шыкпаған. Онда төрт кате немесе төрт түсінбеушілік бар.

Біріншіден, Чичерин жолдас империалистердің интернационалдык бірігуін асыра бағалап және империалистік топтар мен мемлекеттердің (Франция, Америка, Англия, Жапония және баскалар) арасындағы ішкі кайшылыктарды, болып отырған және соғыс туғызатын кайшылыктарды естен шығарып, жете бағаламай, империалистік мемлекеттердің арасындағы кайшылыктарды жокка шығарғысы келеді. Ол басты-басты империалистердің бірігу жағдайын асыра бағалап, бұл «трестің» ішінде болып отырған кайшылыктарды жете бағаламаған. Ал оның бержағында бұл кайшылыктар бар және Сырткы Істер Халык Комиссариатының жұмысы соған негізделген.

Онан соң Чичерин жолдас екінші кате жіберіп отыр. Ол үстемдік етіп отырған ұлы державалар мен таяуда ғана кұрылған ұлттык мемлекеттердің (Чехословакия, Польша, Финляндия және баскалар), осы ұлы державаларға финанс және соғыс жағынан тәуелді болып отырған мемлекеттердің арасындағы кайшылыктарды жете бағаламайды. Бұл ұлттык мемлекеттердің ұлы державаларға бағынғандығына карамастан немесе, дұрысырак айтканда, сол бағынудың нәтижесінде ұлы державалар мен осы ұлттык мемлекеттердің ара-

сында қайшылықтар болып отырғандығын, мәселен, Польша, Эстония және басқалармен жүргізілген келіссөздерде байқалған қайшылықтардың бар екендігін Чичерин жолдас мүлде ұмытып отыр. Сыртқы Істер Халық Комиссариатының өмір сүріп отырған мақсатының өзі — осы қайшылықтардың бәрін ескеріп, соларға сүйену, осы қайшылықтардың шеңберінде жол тауып отыру болады. Бұл жағдайды Чичерин жолдас бағаламай отыр, бұл таңқаларлық нәрсе.

Чичерин жолдастың үшінші қатесі мынау: ол ұлттың өзін өзі билеуі туралы өте көп сөз қылады, онысы шындығына келгенде империалистер ебін тауып пайдаланып жүрген құрғақ ұранға айналған. Чичерин жолдас біздің бұл ұранмен қоштасқанымызға екі жыл болғанын ұмытып отыр, мұнысы ғажап нәрсе. Бұл ұран біздің программада қазірде жоқ. Біздің программада ұлттың өзін өзі билеуі туралы айтылмайды, — бұл ұран өте шұбалаңқы, — неғұрлым жыйнаңқы және нақтылы ұран туралы — халықтардың мемлекет болып бөліну правосы туралы айтылған. Бұл екеуі — екі түрлі нәрсе. Чичерин жолдастың өз мақалаларында бұл жағдайды ескермеуі ғажап нәрсе, сондықтан да оның шұбалаңқы болып отырған ұранға қарсы пікірлерінің бәрі де құр дәрілі мылтықтың атылғанындай болып шығады. өйткені «өзін өзі билеу» туралы не менің тезистерімде, не партияның программасында бірауыз сөз айтылмаған. Онда тек халықтардың мемлекет болып бөлініп шығу правосы туралы ғана айтылған. Ал бұл ұран отарларда азаттық қозғалыс қаулап өсіп жатқан қазіргі жағдайда біз үшін революциялық ұран болып табылады. Совет мемлекеттері өз ықтыярлығымен федерацияға бірігіп жатқандықтан бөлініп шығу

правосы, РСФСР-ға енген халықтардың өз еркі бойынша, пайдаланылмай қалып отыр. Ал біз Англияның, Францияның, Американың, Жапонияның қыспағындағы отарларға келетін болсақ, біз Аравия, Месопотамия, Түркия, Үндстан сиякты бағынышты елдерге, яғни отар немесе жартылай отар болып отырған елдерге келетін болсак, онда халықтардың бөлініп шығу правосы жөніндегі ұран революциялық ұран болып табылады, сондықтан бұл ұраннан бас тарту — империалистерге көмектесу болады.

Төртінші түсінбеушілік — Чичерин жолдастың мақалаларында практикалық нұсқаулардың жоқтығы. Мақалалар жазу, әрине, оңай, бірақ оларға «Сталин жолдастың тезистеріне қарсы» деп ат беру үшін күрделі бір нәрсе айту керек еді, тым болмаса практикалық қарсы ұсыныс жасау керек еді. Ал мен оның мақалаларынан құлақ қоюға тұрарлық бірде-бір практикалық ұсыныс таба алмадым.

Мен аяқтағалы келемін, жолдастар. Біз мынадай қортындыларға келдік. Буржуазиялық қоғамның ұлт мәселесін шешу қолынан келмегені былай тұрсын, қайта, ол ұлт мәселесін «шешу» жөніндегі өз әрекеттерінде ұлт мәселесін отар мәселесіне айналдырып, қоздырып жіберді және өзіне қарсы Ирландиядан бастап Үндстанға дейін жаңа майдан құрды. Ұлт мәселесін қоя білетін және оны шеше алатын бірден-бір мемлекет — өндіріс құрал-жабдықтары мен өндіріс құралдарының коллективтік меншікте болуына негізделген мемлекет — Совет мемлекеті. Федерациялы Совет мемлекеті тұсында енді езілген ұлттар да, үстем ұлттар да жоқ, ұлттық езгі жойылған, бірақ неғұрлым мәдениетті ұлттар мен мәдениеті кем ұлттардың ара-

2. ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

10 март

Жолдастар! Бұл съезд үшін ұлт мәселесі жөніндегі айтыстың ерекшелігі — біз ұлт мәселесі жөніндегі декларациядан Россияны әкімшілік ретімен қайта бөлу арқылы мәселені практикалық етіп қоюға көштік. Октябрь революциясының бас кезінде біз халықтардың бөлініп шығу правосын декларациялаумен тынған едік. 1918 және 1920 жылдары біз артта қалған халықтардың еңбекші бұқараларын Россия пролетариатымен жақындастыру мүддесін көздеп Россияны ұлттық белгісіне қарай әкімшілік ретімен қайта бөлу жөнінде жұмыс жүргіздік. Ал қазір, біз бұл съезде, Россиямен байланысы бар автономиялы облыстар мен тәуелсіз республикалардың ішіндегі еңбекші бұқаралар мен усақбуржуазиялық элементтер жөнінде партияның саясаты қандай болу керек екендігі туралы мәселені таза практикалық негізде қойып отырмыз. Сондықтан Затонскийдің сіздерге ұсынылған тезистердің абстракциялық сыйпаты бар деуі мені таң қалдырды. Менің қолымда оның өзі жасаған тезистері бар, ол бұл тезистерін съездің қарауына ұсынбады, мұның неге еке-

ні белгісіз, мен оның бұл тезистерінен бірде-бір практикалық сыйпаты бар ұсыныс таба алмадым, — тек қана «РСФСР» деген атты «Шығыс-европалық» деп, ал «россиялық» деген сөзді «орыстық» немесе «великорустық» деп өзгертейік дегеннен басқа тіпті ешқандай ұсыныс жоқ. Бұл тезистерден мен одан басқа практикалық ұсыныстар таба алмадым.

Енді келесі мәселеге көшемін.

Расын айтқанда, мен сөйлеген делегаттардан бұдан көбірек күткен едім. Россияда шеткері аймақтардың саны жыйырма екіге жетеді, оның бержағында бұл шеткері аймақтардың кей біреулерінде өнеркәсіптік даму күштірек болған және олардың өнеркәсіп жөнінде орталық Россиядан айырмашылығы аз, екіншілері капитализм сатысын әлі өтпеген және олар орталық Россиядан тіпті өзгеше, үшіншілері мүлде қараңғы қалған. Тезистерде шеткері аймақтардың осындай өзгешелігін барынша тәптештеп түгел қамту мүмкін емес. Бүтіндей бүкіл партия үшін маңызы бар тезистерді тек қана түркстандық, тек қана азербайжандық, немесе тек қана украиндық сыйпатта болсын деп талап қоюға болмайды. Жеке белгілерді былай қоя тұрып, шеткері аймақтардың барлығына бірдей ортақ белгілерді алып, тезистерге енгізу қажет. Тезистер жасаудың мұнан басқа әдісі әлі жаралған жоқ.

Тезистерде көрсетілгендей великорос емес ұлттарды бірнеше топқа бөлу керек. Орыс емес ұлттардың саны 65 000 000-ға таяу. Бұл орыс емес ұлттардың барлығына тән ортақ сыйпат мынау: олар өздерінің мемлекеттік дамуы жағынан орталық Россиядан артта қалған. Біздің міндетіміз — бұл ұлттарға, олардың пролетарлық элементтеріне, олардың еңбекші элементте-

ріне өздерінде совет мемлекеттігін ана тілінде дамыту үшін көмектесуге барлық күшті салу. Бұл жалпы жағдай тезистердің практикалық бөлімінде көрсетілген.

Сонсын, шеткері аймактардың ерекшеліктерін бұдан да гөрі нақтылайтын болсақ, орыс емес ұлттардың 65 000 000-ға таяу жалпы санынан капитализм сатысынан өтпеген 25 миллиондай түрік халыктарын бөлек шығаруға тура келеді. Микоян жолдастың: кейбір жағынан Азербайжан орыс провинцияларынан жоғары деуі дұрыс емес. Ол, тегі, Баку мен Азербайжанды шатастырып отырған болар. Баку Азербайжанның ішінен өскен жок, Нобельдің, Ротшильдің, Вишау және баскалардың күшімен жоғарыдан қондырылған. Азербайжанның өзіне келетін болсақ, ол — ең артта қалған патриархтық-феодалдық қатнастары бар ел. Сондықтан мен Азербайжанды тұтас күйінде капитализмді өтпеген шеткері аймақтардың тобына қосамын, бұл шеткері аймактарды совет шаруашылығының арнасына тарту үшін айрықша әдістер қолдану керек. Бұл туралы тезистерде айтылған.

Сонсын, көп дегенде 6 миллион халыкты қамтыйтын үшінші топ бар, — бұлар көбінесе мал өсіруші тайпалар, мұнда ру салты әлі жойылған жоқ және олар егін шаруашылығына әлі көшкен жоқ. Бұлар, көбінесе, киргиздар, Түркстанның солтүстік бөлегі, башкұрттар, чечендер, осетиндер, ингуштер. Ұлттардың бұл тобына келгенде, оларды ең алдымен жермен қамтамасыз ету керек. Осында киргиздар мен башкұрттарға сөз берілмеді, жарыссөз тоқтатылды. Жері жоқ болғандыктан қырылып-жойылып жаткан таулы-өлкедегі Башкұртстанның, Киргизияның және тау халықтарының қандай азап шегіп отырғандығы туралы олар әлі

де көп айткан болар еді. Ал бұл жөнде Сафаровтың айтканының 6 миллион халык тобына ғана катысы бар. Сондыктан Сафаровтың практикалық ұсыныстарын шеткері аймактардың барлығына түгел колдануға болмайды, өйткені орыс емес ұлттардың калған бөлегі үшін — ал олардың саны 60 миллионға таяу — бұл түзетулердің ешкандай маңызы жоқ. Міне сондыктан да мен, ұлттардың белгілі топтарына катысы бар кейбір пункттерді нактылайтын, толыктыратын және жаксартатын, Сафаров енгізген ұсыныстарға карсы болмағанымпен, бұл түзетулерді шексіз қолдана беруге болмайтынын айта кетуге тиістімін. Сонсын, мен Сафаровтың бір түзетуіне ескерту жасауға тиіспін. Оның түзетулерінің біріне «ұлттық-мәдени жағынан өзін өзі билеу» туралы сөз кыстырылған. Онда былай делінген:

«Октябрь революциясына дейін Россияның шығыс жағындағы шеткері аймактардың отарлык және жартылай отарлык халыктарының империалистік саясат нәтижесінде өздерінің ұлттық-мәдени жағынан өзін өзі билеу аркылы ана тілінде білім алу аркылы капиталистік цивилизацияның мәдени табыстарына косылуға ешқандай мүмкіншілігі болмады», тағы тағылар.

Мен бұл түзетуді кабылдай алмайтынымды айтуға тиіспін, өйткені одан бундизмнің исі аңкып тұр. Бұл ұлттык-мәдени жағынан өзін өзі билеу деген — бундшылардың тұжырымы. Біз өзін өзі билеу деген күңгірт ұранмен әлдекашан коштаскан болатынбыз — оны кайтадан жаңғыртудың керегі жоқ. Оның бержағында бұл сөйлем түгелімен — қалай болса солай құрастырылған сылдыр сөз.

Сонсын, менде бір хат бар, ол хатқа караганда, біз коммунистер, белорус ұлтын колдан жасайтын сыяқ-

тымыз. Бұл дұрыс емес, неге десеңіз белорус ұлты бұрыннан бар, оның орыс тілінен өзгеше өз тілі бар, сондықтан белорус халқының мәдениетін оның өз ана тілінде ғана көтеруге болады. Нақ осындай сөздер бұдан бес жыл бұрын Украина туралы, украин ұлты туралы айтылған болатын. Осы таяуда ғана украин республикасы және украин ұлты — немістердің ойдан шығарғаны делініп те жүрді. Ал шынында украин ұлтының бар екендігі анық және оның мәдениетін дамыту коммунистердің міндеті болып табылады. Тарихқа қарсы баруға болмайды. Украина қалаларында осы уақытқа дейін орыс элементтері көп болып келген болса, бір кезде бұл қалалар сөзсіз украинданады, бұл анық нәрсе. Мұнан қырық жыл бұрын Рига неміс қаласы болатын, бірақ қала деревняның есебінен өсіп отырады, ал деревня ұлттың сақталатын орны болып табылады, сондықтан қазірде Рига — таза латыш қаласы. Мұнан елу жыл бұрын Венгрияның барлық қалалары неміс сыйпатында еді, қазір олар мадьярланды. Белоруссия қалаларындағы халықтың дені әзірге белорус болмағанымен, кейін ол да осындай болады.

Қортынды сөзімді аяқтай келіп, съезге комиссия сайлауды ұсынамын, ол комиссияға облыстардың өкілдері кіруге тиіс; бұл комиссия, біздің шеткері аймақтардың бәріне де керегі бар, тезистерде айтылған практикалық ұсыныстарды бұдан да гөрі нақтылы етуге тиіс. (Қол шапалақтау.)

В. И. ЛЕНИНГЕ ХАТ

Ленин жолдас!

Соңғы 3 күнде мен **«Россияны электрлендіру жоспары»**[*] деген жыйнақты оқып шығуға мүмкіндік алдым. Науқасым себеп болды (жаман айтпай жақсы жоқ деген!). Тамаша, жақсы құрастырылған кітап. **Тырнақшасыз** нағыз **біртұтас**, нағыз **мемлекеттік** шаруашылық жоспарының шебер жасалған желісі. Шаруашылық жағынан артта қалған Россияның советтік қондырмасына қазіргі жағдайларда нағыз іске асарлық және бірден-бір ықтимал техникалық-өндірістік база жасау жөнінде біздің заманымыздағы бірден-бір марксистік әрекет.

Соғыстан бұрынғы өнеркәсіптің қалдығына мамандығы жоқ шаруа-жұмысшы бұқараның (еңбек армиясының) еңбегін жаппай қолдану негізінде Россияның «шаруашылығын өркендету» жөнінде Троцкийдің былтырғы «жоспары» (оның тезистері) есіңізде ғой. Гоэлро жоспарымен салыстырғанда қандай бишаралық, қандай мешеулік десеңізші! Өзін ескіліктің шарапаты-

мен Россияны «құтқаруға» жаралған ибсендік батырға балаған ортағасырлық майдагер... Ал, бізді ұятқа қалдырып, баспасөзімізде жиі-жиі басылып жүрген ондаған «біртұтас жоспарлар» түкке тұрмайды, — жасағыш-немелердің балалық былдыры... Немесе: Гоэлроны әлі күнге дейін «сынап» жүрген және былықпайлықтың батпағына белшесінен батқан Рыковтың тоғышарлық «реализмі» (шындығында **маниловшылдығы**)...

Менің пікірім:

1) жоспар туралы мылжың сөзге енді бір минутты да кетірмеу керек;

2) іске дереу **практика жүзінде кірісе бастау** керек;

3) материалдар мен адамдар әкелу, кәсіпорындарды қалпына келтіру, жұмысшы күшін бөлу, азық-түлік жеткізу, жабдықтау базаларын және жабдықтау ісінің өзін ұйымдастыру, т. б. жөніндегі жұмысымыздың ең болмағанда $^1/_3$ бөлегін осы кіріспенің мүдделеріне бағындыру керек ($^2/_3$ бөлегі «кезектегі» мұқтаждарға кетеді).

4) Гоэлро қызметкерлерінің, қаншама жақсы жақтары бола тұрса да, нағыз практикашылдығы жетімсіз (мақалаларда профессорлық импотенттік барлығы сезіледі), сондықтан жоспар комиссиясына оларға қоса нақты практика адамдарын, «орындалғанын білдіріңіз», «мерзімінде орындаңыз» деген сияқты принцип бойынша қимылдайтын адамдарды міндетті түрде енгізу керек.

5) Қазірде **тек бір ғана** «біртұтас шаруашылық жоспары» бар, ол — «электрлендіру жоспары», басқа «жоспарлардың» бәрі де — құр мылжың, түкке тұрмай-

тын, зиянды мылжың; осыны ескере отырып, «Электрлендіру жоспарының» негізгі мәселесін де, жеке облыстарға қатысы бар нақты мәселелерін де түсіндіре бастауды «Правда», «Известия», әсіресе «Экономическая Жизнь»[9] газеттеріне міндеттеу керек.

Сіздің *Сталин*

1921 ж. мартта жазылған.

Бірінші рет мына кітапта басылған: Сталин. Туғанына елу жыл толуына арналған мақалалар жыйнағы. М. — Л., 1929

ҰЛТ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚОЙЫЛЫСЫ ЖӨНІНДЕ

Ұлт мәселесін коммунистердің қойысында, II және II½ Интернационал[10] қайраткерлерінің, барлық және қандайда болсын «социалистік», «социал-демократиялық», меньшевиктік, эсерлік және т. с. партиялардың бұл мәселені қойысынан мәнді айырмашылық бар.

Ұлт мәселесінің ескі және жаңа ұғымының арасына шек қоятын, ұлт мәселесінің жаңа қойылысына нағұрлым тән ерекше белгілері ретінде, негізгі төрт жағдайды айта кетудің айрықша маңызы болмақ.

Бірінші жағдай — мәселенің бір бөлімшесі болып табылатын ұлт мәселесінің, тұтас мәселе болып табылатын, отарларды азат ету туралы жалпы мәселемен бірігуі. II Интернационалдың дәуірінде ұлт мәселесі әдетте тек «цивилизациялы ұлттарға» ғана қатысы бар мәселелердің тар шеңберінде болып келді. Ирландар, чехтар, поляктар, финдер, сербтер, армяндар, еврейлер және Европаның кейбір басқа ұлттары — тағдырларына II Интернационал көңіл бөлген толық правосы жоқ ұлттардың ұзын ырғасы осылар. Ұлтық езгінің нағыз дөрекі, қатал формасын бастан кешіріп отырған он,

жүз миллиондаған азиялық және африкалық халықтар дағдыда «социалистердің» назарынан таса қалып келді. Ақ түстілер мен қара түстілерге, «мәдениетсіз» негрлер мен «цивилизациялы» ирландарға, «артта қалған» индустар мен «оқымысты» поляктарға телетең қарауға бата алмады. Европаның толық правосы жоқ ұлттарының азаттығы үшін күресу керек болған күннің өзінде де, «цивилацияны» «сақтау» үшін «қажет болатын» отарларды азат ету туралы «жөні түзу социалистердің» шындап сөз қозғайтын мүлде реті жоқ деп іштей ұйғарылды. Азия мен Африканың отар халықтарын империализмнің езгісінен азат етпейінше, Европада ұлт езгісін жою дегеннің ақылға сыймайтындығы, бірінші мен екіншісінің біте қайнасқан байланысы бар екендігі бұл социалист-сымақтардың есіне де кіріп шықпады. Коммунистер ұлт мәселесінің отарлар туралы мәселемен байланысын алдымен ашты, оны теория жағынан негіздеді және осы теорияны олар өздерінің революциялық практикасының негізіне салды. Сонымен ақ түстілер мен қара түстілердің арасындағы, империализмнің «мәдениетті» және «мәдениетсіз» құлдарының арасындағы арадуал жойылды. Бұл жағдай ортақ жауға қарсы, империализмге қарсы алдыңғы қатарлы пролетариаттың күресі мен артта қалған отарлардың күресін біріктіру ісін едәуір жеңілдетті.

Екінші жағдай — ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы көмескі ұранды ұлттар мен отарлардың мемлекет болып бөлектеніп шығу, өз алдына дербес мемлекет болып құрылу правосы туралы революциялық айқын ұранмен ауыстыру. II Интернационалдың қайраткерлері, өзін өзі билеу правосы туралы айт-

қанда, мемлекет болып бөлектеніп шығу правосы туралы жұмған аузын да ашқан емес, — өзін өзі билеу правосын, олар ең мықтағанда, тегі автономия болуға правосы барлығы ретінде ұғынды. Ұлт мәселесінің «мамандары», Шпрингер мен Бауэр, өзін өзі билеу правосын Европаның езілген ұлттарының мәдениет жөнінде автономия алу правосына, яғни бүкіл саяси (және экономикалық) билік үстем ұлттың қолында қалып қойып отырғанда, олардың өздерінің мәдени мекемелері болу правосына айналдыруға дейін барды. Басқаша айтқанда, толық правосы жоқ ұлттардың өзін өзі билеу правосы үстем ұлттардың саяси билікке ие болу артықшылығына айналдырылды, онсоң мемлекет болып бөліну туралы мәселе шығарылып тасталды. II Интернационалдың идея жағынан басшысы, Каутский, негізінде осыған қосылды, өзін өзі билеу правосына Шпрингер мен Бауэрдің шынында империалистік тұрғыдан берген түсінігін қабылдады. Өзін өзі билеу ұранының өздері үшін осы қолайлы өзгешелігін ұға қойып, империалистердің мұны өз ұраны етіп жариялауы таңырқарлық нәрсе емес. Халықтарды құлдыққа салу мақсатын көздеген империалистік соғыстың өзін өзі билеу туы астында жүргізілгені белгілі нәрсе. Сөйтіп өзін өзі билеудің көмескі ұраны ұлттарды азат етудің, ұлттардың тең праволылығының құралынан ұлттарды қолға үйрету құралына, империализмнің ұлттарды бағындырып ұстау құралына айналдырылып отыр. Соңғы жылдарда бүкіл дүние жүзінде істердің беталысы, Европадағы революция логикасы, ақырында, отарлардағы азаттық қозғалысының өсуі осы реакциялық ұранға айналған ұранның лақтырылып тасталуын, оның орнына толық

правосы жоқ ұлттардың еңбекші бұқараларының үстем ұлттардың пролетарларына сенімсіздік көзқарасын жоя алатын, ұлттар тең праволылығына және осы ұлттардың еңбекшілерінің бірлігіне жол аша алатын революциялық ұранның болуын талап етті. Мұндай ұран ұлттар мен отарлардың мемлекет болып бөлектеніп шығу правосы туралы коммунистер ұсынған ұран болып табылады.

Бұл ұранның артықшылығы мынада:

1) бұл ұран бір ұлттың еңбекшілері екінші ұлттың еңбекшілерін басып алмақшы дегендей күмән тудыратын негіздің қандайын болсын жояды, демек, өзара сенімге және ерікті түрде бірігуге жағдай әзірлейді;

2) бұл ұран өзін өзі билеу туралы өп-өтірік былшылдайтын, бірақ толық правосы жоқ халықтар мен отарларды бағындырып ұстауға, өзінің империалистік мемлекетінің шеңберінде ұстап қалуға тырысатын империалистердің бетпердесін жұлады, сонысымен бұлардың империализмге қарсы азаттық күресін ұлғайта түседі.

Егер орыс жұмысшылары, өкіметті қолына алғаннан кейін, халықтардың мемлекет болып бөлініп шығу правосын жарияламаған болса, егер олар халықтардың осы мызғымас правосын жүзеге асыруға өзінің әзір екендігін іс жүзінде дәлелдемеген болса, егер олар, айталық, Финляндияны (1917 ж.) билеуге «правосынан» бас тартпаған болса, егер олар Солтүстік Персиядан (1917 ж.) әскерлерін шығармаған болса, егер олар Монғолияның, Қытайдың т. т., т. с. белгілібір бөлімдерін талап етуден бас тартпаған болса, онда орыс жұмысшылары Батыс пен Шығыстағы өздерінің ұлты басқа жолдастарының тілектестігін өзіне

каратып ала алмаған болар еді; мұны дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен.

Ал егер өзін өзі билеу туымен шебер бүркелген империалистердің саясаты соңғы кездерде Шығыста қалайда сәтсіздіктен сәтсіздікке ұшырап отырған болса, мұның бір себебі — онда бұл саясат халықтардың мемлекет болып бөлектеніп шығу правосы туралы ұранның рухында жүргізілген үгіттің негізінде өсіп, күшейіп келе жатқан азаттық қозғалысына соқтығып отыр; мұнда да ешбір күмән жоқ. Кейбір болмашы қателер жіберіп алғаны үшін Бакудің «Қыймыл және насихат Советін»[11] мейлінше бәләғаттап жүрген II және II½ Интернационалдың батырлары мұны түсінбейді, бірақ мұны жаңа атап өткен «Советтің» бір жылғы өмірінің ішіндегі ісімен және азиялық, африкалық отарлардың соңғы екі-үш жылғы азаттық қозғалысымен танысып көрген адамдардың қай-қайсысы болса да түсінеді.

Үшінші жағдай — ұлттық-отарлық мәселе мен капитал өкіметі туралы, капитализмді құлату туралы, пролетариат диктатурасы туралы мәселенің арасындағы біте қайнасқан байланыстардың ашылғандығы. II Интернационалдың дәуірінде аумағы мейлінше тарылған ұлт мәселесі алдағы пролетарлық революциямен байланыстырылмай, дағдыда, өзінше жеке алынып каралды. Ұлт мәселесі пролетарлық революцияға дейін, капитализм шеңберінде болатын бірқатар реформалар арқылы, «табиғи түрде» шешіледі деп, ұлт мәселесін негізді түрде шешпей тұрып-ақ пролетарлық революцияны жүргізуге болады деп және, керісінше, капитал өкіметін құлатпай тұрып-ақ, пролетарлық революциясыз-ақ, пролетарлық революцияның

жеңісіне дейін-ақ ұлт мәселесін шешуге болады деп іштей уйғарылып келді. Осындай шынында империалистік көзқарас Шпрингер мен Бауэрдің ұлт мәселесі жөніндегі белгілі еңбектерінің басынан аяғына дейін айқын көрініп отырады. Бірақ соңғы он жыл ұлт мәселесін бұлай ұғынушылықтың бастан-аяқ қате екендігін, оның бүтіндей шірік ұғым екендігін ашты. Империалистік соғыстың көрсеткені, соңғы жылдардағы революциялық практиканың растағаны мынау:

1) ұлт және отар мәселелерін капитал өкіметінен азат болу туралы мәселеден бөліп қарауға болмайды;

2) империализм (капитализмнің ең жоғарғы формасы) толық правосы жоқ ұлттар мен отарларды саяси және экономика жағынан құлданбайынша өмір сүре алмайды;

3) толық правосы жоқ ұлттар мен отарлар капитал өкіметін құлатпайынша азат етіле алмайды;

4) толық правосы жоқ ұлттар мен отарларды империализмнің езгісінен азат етпейінше пролетариаттың жеңісі баянды бола алмайды.

Егер Европа мен Американы социализм мен империализмнің арасындағы негізгі ұрыстардың майданы, аренасы деп атауға болатын болса, онда толық правосы жоқ ұлттар мен отарлар өздерінің шикізатымен, отынымен, азық-түлігімен, көп сан адам материалдарымен империализмнің тылы, резерві деп танылуға тиіс. Соғыста ұтып шығу үшін, майданда жеңіп қана қоймай, сонымен қатар дұшпанның тылын, оның резервін революцияландыру керек. Сондықтан, егер пролетариат өзінің революциялық күресін толық правосы жоқ ұлттар мен отарлардың еңбекші бұқараларының империалистер өкіметіне қарсы, пролетариат дик-

татурасын орнату жолындағы азаттық қозғалысымен байланыстыра білсе ғана дүниежүзілік пролетарлық революцияның женіп шығуы қамтамасыз етілді деп есептеуге болады. II және II½ Интернационалдың қайраткерлері ұлттық-отарлық мәселені Батыста өрлеп келе жатқан пролетарлық революцияның дәуіріндегі өкімет туралы мәселеден бөліп тастап, осы «ұсақ-түйекті» аңғармай қалған.

Төртінші жағдай — түрліше ұлттардың еңбекші бұқараларының арасындағы туысқандық ынтымақты орнату шарттарының бірі ретінде, ұлт мәселесіне жаңа элементті енгізу, ұлттарды факт жүзінде (тек право жағынан ғана емес) теңгеру элементін енгізу (артта қалған ұлттарға бұлардан озып кеткен ұлттардың мәдени және шаруашылық дәрежесіне дейін көтерілуге жәрдемдесу). II Интернационалдың дәуірінде, әдетте, «ұлттардың тең праволылығын» жарияламен тынушы еді. Ең мықтағанда сондай тең праволылықты жүзеге асыру туралы талап қоюдан әрі ұзап кетпейтін. Бірақ, ұлттардың тең праволылығы өзінше алғанда өте маңызды саяси жетістік бола тұрса да, осындай аса маңызды правоны пайдалану үшін жеткілікті күштер мен мүмкіншіліктер болмаған күнде, ол тең праволылықтың бос сөз болып қалу қаупі бар. Артта қалған халықтардың еңбекші бұқаралары оларға «ұлттық тең праволылық» арқылы берілген правоны алдыңғы қатарлы ұлттардың еңбекші бұқараларының пайдалана алатын дәрежесіндей пайдалана алмайтындығы күмәнсіз: кейбір ұлттардың бір-екі жылда жоюға болмайтын, ескіден мұра болып келген артта қалғандығы (мәдени, шаруашылық жағынан) сезіліп тұрады. Бұл жағдай Россияда да сезіледі,

мұнда бірталай ұлттар капитализмнен өтіп үлгіре алмаған, ал кейбірлеулері капитализмге тіпті кірмеген, өзінің пролетариаты жоқ немесе жоққа тән, мұнда, ұлттардың тең праволылығы толық жүзеге асқанына қарамастан, бұл ұлттардың еңбекші бұқаралары, өздерінің мәдени және шаруашылық жағынан артта қалуының салдарынан, қол жеткен правосын жеткілікті түрде пайдалана алмай отыр. Батыста пролетариат жеңіп шыққан күннің «ертеңіне-ақ» бұл жағдай онан да күштірек сезіле бастайды, ол кезде дамудың түрліше сатыларында тұрған артта қалған көп сан отарлар мен жартылай отарлар сөзсіз сахнаға шығады. Нақ сондықтан да алдыңғы қатарлы ұлттардың жеңіп шыққан пролетариаты артта қалған ұлттардың еңбекші бұқараларына, олардың мәдени және шаруашылық жағынан даму ісіне көмектесетін болу қажет, шындап, ұзақ көмек көрсететін болу қажет, олардың дамудың ең жоғарғы сатысына көтерілуіне, озып кеткен ұлттарды қуып жетуіне көмектесетін болу қажет. Осындай көмек болмайынша түрлі ұлттар мен халықтардың еңбекшілерінің біртұтас дүниежүзілік шаруашылықта бейбіт өмір сүруін және туысқандық ынтымақ жасауын жолға салу мүмкін емес, бұлар социализмнің біржолата үстем болуы үшін соншалықты қажет нәрсе.

Ал мұнан шығатын қорытынды — тек «ұлттардың тең праволылығымен» қанағаттанып қоюға болмайды, «ұлттардың тең праволылығынан» ұлттарды факт жүзінде теңестіру шараларына көшу қажет, мынадай практикалық шараларды жасап, оны жүзеге асыру қажет:

1) артта қалған ұлттар мен халықтардың шаруашылық халін, тұрмысын, мәдениетін зерттеу;

2) олардың мәдениетін дамыту;

3) олардың саяси жағынан көзін ашу;

4) оларды біртіндеп, ауыртпалықсыз жолмен шаруашылықтың ең жоғарғы формасына жеткізу;

5) артта қалған ұлттар мен алдынғы қатарлы ұлттардың еңбекшілерінің арасындағы шаруашылық ынтымақты жолға салу.

Орыс коммунистерінің ұлт мәселесін жаңаша қоюын сыйпаттайтын негізгі төрт жағдай осындай.

2 май, 1921 ж.

„Правда" № 98,
8 май, 1921 ж.

Қол қойған: И. Сталин

ТАУЛЫҚ ӘЙЕЛДЕРДІҢ БІРІНШІ СЪЕЗІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ[12]

Таулықтар Республикасының[13] еңбекші әйелдерінің бірінші съезіне менің туысқандық сәлемімді тапсырыңыздар. Науқасым себепті съезге қатыса алмағандығыма қатты өкінемін.

Таулық әйел жолдастар! Адамзаттың тарихында бірде-бір елеулі азаттық қозғалысы әйелдердің тығыз қатысуынсыз болған емес, өйткені езілген таптың азаттық жолындағы әрбір адымы сонымен бірге әйелдер тұрмысын жеңілдету болып табылады. Ерте замандағы құлдардың азаттық қозғалысында, сол сияқты бергі замандағы крепостнойлардың азаттық қозғалысында, еркектер ғана емес, сонымен бірге әйелдер де — күрескер және азаптанушы әйелдер де болған, олар қасық қанын аямай, еңбекшілер ісіне берілгендігін ыспаттаған. Ақырында, пролетариаттың қазіргі азаттық қозғалысы — адамзаттың барлық азаттық қозғалыстарының ішіндегі ең маңызды және ең қуатты қозғалыс — батыр және азаптанушы әйелдерді ғана емес, сонымен бірге пролетарлық ортақ тудың астында жеңімпаз түрде күресуші миллиондаған жұ-

мысшы әйелдердің жаппай социалистік қозғалысын тудырды.

Жұмысшы әйелдердің осы қуатты қозғалысымен салыстырғанда буржуазиялық интеллигент әйелдердің либералдық қозғалысы уақыт өткізу үшін ойлап шығарылған баланың ойыншығы болып табылады.

Таулық әйелдердің съезі өз жұмысын қызыл ту астында өткізеді деп сенемін.

Сталин

17 июнь, 1921 ж.

Таулықтардың Советтік Социалистік Республикасындағы Шығыс еңбекші әйелдерінің I съезінің бюллетені. Владикавказ, 1921

ОРЫС КОММУНИСТЕРІНІҢ САЯСИ СТРАТЕГИЯСЫ МЕН ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ

Кітапша жоспарының желісі

I

ТЕРМИНДЕР АНЫҚТАМАСЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫ

1) **Саяси стратегия мен тактиканың қыймыл шектері, оларды қолдану саласы.** Егер пролетариат қозғалысының екі жағы, объективтік және субъективтік жақтары бар, деп мойындасақ, стратегия мен тактиканың қыймыл саласы қозғалыстың субъективтік жағымен ғана сөзсіз тынады. **Объективтік** жағы — пролетариаттың және оның партиясының еркінен тыс пролетариаттан тысқары және соның төңірегінде болып жатқан даму процестері, түбінде бүкіл қоғамның дамуын билейтін процестер. **Субъективтік** жағы — объективтік процестердің пролетариат санасындағы сәулесі ретінде пролетариат ішінде болып жатқан процестер, объективтік процестердің жүрісін тездететін немесе баяулататын, бірақ оларды эсте билей алмайтын процестер.

2) Марксизм **теориясы**, ең алдымен, объективтік процестерді олардың дамуы және құрып бітуі жағынан алып зерттей отырып, даму тенденциясын анықтайды, өкіметті алуға сөзсіз көтеріліп бара жат-

қан немесе сөзсіз құлайтын, құлауға тиісті тапты немесе таптарды көрсетеді.

3) Марксизм **программасы**, теорияның қортындыларына сүйене отырып, көтерілуші тап қозғалысының, бұл ретте пролетариат қозғалысының капитализм дамуындағы белгілі дәуір ішінде немесе бүкіл капиталистік дәуірде көздейтін мақсатын анықтайды (минимум программа және максимум программа).

4) **Стратегия**, программаның нұсқауларын қолдана отырып және күресуші күштердің, ішкі (ұлттық) күштер мен халықаралық күштердің есебіне сүйене отырып, **жалпы жолды, жалпы бағытты** анықтайды; күштердің өсіп, дамып келе жатқан арасалмағының тұсында неғұрлым көп нәтижелерге жету үшін пролетариаттың революциялық қозғалысы осы бағытта жүруге тиіс. Осыған сәйкес стратегия әлеуметтік майданда пролетариаттың және оның одақтастарының күштерін орналастыру схемасын белгілейді (**жалпы дислокация**). «Күштерді орналастыру схемасын белгілеуді» орналастыру жөніндегі — тактика мен стратегия бірігіп жүргізетін жайластыру жөніндегі жұмыстың (нақтылы-практикалық жұмыстың) өзімен шатастырмау керек. Бұған қарап, стратегия пролетариат лагеріндегі жауынгер күштердің жолын анықтаумен ғана, оларды орналастыру схемасын белгілеумен ғана тынады екен деуге болмайды, қайта ол, өз қарамағындағы резервтерді шебер пайдалана отырып, тактиканы қолдау мақсатымен маневр жасай отырып, күреске жөн сілтейді және кезеңді дәуірдің өн бойында осы тактикаға түзетулер енгізеді.

5) **Тактика**, стратегияның нұсқауларын және өз еліндегі болсын, көршілес елдердегі болсын революциялық қозғалыстың тәжрибесін қолдана отырып, әрбір белгілі кезенде пролетариаттың және оның одақтастарының ішіндегі күштердің хал-жайын да (азды-көпті мәдениеттілігі, азды-көпті ұйымшылдығы мен саналылығы, белгілібір дәстүрлерінің болуы, қозғалыстың белгілібір формаларының, ұйымдастыру формаларының, **негізгі** және **көмекші** формалардың болуы), сондай-ақ дұшпанның лагеріндегі күштердің хал-жайын да есепке ала отырып, дұшпанның лагеріндегі қыйқылжынды және әрбір әбігерлікті пайдалана отырып, — қалың бұқараны революцияшыл пролетариаттың жағына тартудың және оларды (стратегиялық жоспар бойынша белгіленген, күштерді орналастыру схемасын орындау үшін) әлеуметтік майдандағы жауынгерлік позицияларға әкелудің **нақтылы жолдарын**, стратегияның табыстарын ең дұрыс әзірлейтін жолдарын белгілейді. Осыған сәйкес тактика партияның ұрандары мен директиваларын береді не өзгертіп отырады.

6) **Стратегия** тарихи бетбұрыстардың, өзгерістердің кезінде өзгереді, ол бір бетбұрыстан (өзгерістен) екінші бетбұрысқа дейінгі дәуірді қамтыйды, сондықтан стратегия қозғалысты бүкіл осы дәуір ішінде пролетариаттың мүдделерін қамтыйтын белгілі жалпы мақсатқа қарай беттетеді, стратегия таптар арасындағы, бүкіл осы дәуірде жүргізілетін **соғыста ұтып шығуды** көздейді, сол себепті стратегия осы дәуір ішінде өзгеріссіз қалады.

Ал **тактика**, керісінше, белгілі бетбұрыстың, белгілі стратегиялық дәуірдің негізінде болатын тасу

мен саркылу аркылы, әрбір белгілі кезендегі, әрбір белгілі аудандағы күресуші күштердің арасалмағы, күрестің (қозғалыстың) формалары, қозғалыстың қарқыны, күрес майданы аркылы анықталады, жәнеде бұл факторлар бір бетбұрыстан екінші бетбұрысқа дейін орын жағдайы мен уакыт жағдайына қарай өзгеріп отыратындықтан, тактика бүкіл соғысты қамтымай, соғыстың ұтып шығатын немесе ұтылдыратын жеке ұрыстарын қамтыйды, сөйтіп стратегиялық дәуірдің ішінде бірнеше рет өзгереді (өзгеруі мүмкін де). Стратегиялық дәуір тактикалық дәуірден ұзағырак. Тактика стратегияның мүдделеріне бағынышты. Тактикалық табыстар, жалпы айтқанда, стратегияның табыстарын әзірлейді. Тактиканың міндеті — күрес сайып келгенде соғысты ұтарлық, яғни стратегиялық табысқа жетерлік нәтиже беруі үшін бұқараны күреске бастап, ұрандар ұсынып, бұқараны жаңа позицияларға әкелу болып табылады. Бірақ тактикалық табыстың стратегиялық табысты бүлдіретін немесе оны алыстататын кездері болады, сондықтан мұндай кездерде тактикалық табыстардан қашу керек.

Мысал. 1917 жылдың басында Керенский тұсында біздің жұмысшылар мен солдаттар арасында соғысқа қарсы жүргізген үгітіміз сөзсіз тактикалық зыян келтірді, өйткені бұқара біздің шешендерді мінбелерден итеріп тастап, оларды сабап, кейде пәре-пәресін шығарып жүрді, өйткені бұқара партияға келіп қосылудың орнына, партиядан қыйыстап кетуде еді. Бірақ бұл үгіт, тактикалық сәтсіздікке ұшырағанына қарамастан, зор стратегиялық табысты жақындатты, өйткені бұқара соғысқа карсы біздің үгітіміздің ду-

рыс екенін кешікпей-ақ түсінді, ал мұның өзі кейіннен бұқараның партия жағына өтуін тездетіп, оңайлатты.

Немесе тағы бір мысал. 21 шартты[14] орындау мақсатымен Коминтерннің реформистерден және центристерден айырылысу жөніндегі талабының өзінде сөзсіз біршама тактикалық зиян бар, өйткені бұл талап Коминтерн «жақтастарының» санын әдейі азайтып, Коминтернді уақытша әлсіретеді, бірақ оның есесіне Коминтерннің сенімсіз элементтерден тазартылуы арқасында зор стратегиялық пайдаға жеткізеді, бұл жағдай Коминтернді сөзсіз нығайтады, оның ішкі ынтымағын күшейтеді, яғни оның жалпы қуатын күшейтеді.

7) **Үгіт ұраны** мен **қимыл** ұраны. Бұларды шатастыруға болмайды, шатастыру қауіпті. «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұран 1917 жылғы апрельден октябрьге дейінгі дәуірде үгіт ұраны болды; октябрьде, партияның Орталық Комитеті октябрьдің бас кезінде (10. X) «өкіметті басып алу» туралы қарар шығарғаннан кейінгі жерде, ол ұран қимыл ұраны болды. Багдатьевтің тобы өзінің апрельде Питерде жасаған бой көрсетуінде ұрандарды осылайша шатастырып жіберді.

8) **Директива** (жалпысы) — **мынадай уақытта, мынадай жерде** қимылдау керек деп шақырған, партия үшін міндетті тікелей үндеу болып табылады. Егер «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұран апрельдің бас кезінде насихат ұраны болса («тезистер»[15]), июньде үгіт ұраны, ал октябрьде (10. X) қимыл ұраны болған болса, октябрьдің аяқ шенінде ол ұран тікелей директиваға айналды. Мен, жалпы директиваны дамытатын жергілікті директи-

валар да болуға тиісті екенін ескере отырып, бүкіл партияға арналған жалпы директива туралы айтып отырмын.

9) Әсіресе саяси кризистер шиеленіскен кезде (Германияда рейхстагты сайлау түсында, Россияда апрель, июнь, август айларында Керенскийдің түсында, тағыда Россияда 1921 ж. Кронштадт түсында[16]) ұсақ буржуазияның ауытқуы; бүл ауытқуды күнгтап зерттеу, пайдалану, есепке алу керек, бірақ мұндай ауытқуға берілу пролетариат ісіне қауіпті, сойқанды нәрсе. Мұндай ауытқушылыққа қарап үгіт ұрандарын өзгертуге болмайды, бірақ белгілібір директиваны, бәлкім ұранды да (қыймыл уранын) өзгертуге немесе кідіртуге болады, кейде осылай ету керек те. «24 сағат ішінде» тактиканы өзгерту дегеніміз — директиваны немесе тіпті **қыймыл ұранын** өзгерту дегеннің нақ өзі, бірақ әсте үгіт ұранын өзгерту деген сөз емес. (1917 ж. июньнің 9-ында демонстрацияны болғызбаушылықты, т. с. фактыларды қараңыз.)

10) **Стратег пен тактиктің** өнері — үгіт уранын шеберлікпен және дер кезінде қыймыл ұранына айналдыруда, ал қыймыл ұранын нақ сондай шеберлікпен және дер кезінде белгілі нақты директивалар түріне сигізуде.

II

РОССИЯНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ТАРИХИ БЕТБҰРЫСТАР

1) **1904—1905 жылдардағы бетбұрыс** (орыс-жапон соғысы, бір жағынан, самодержавиенің мейлінше тұрлаусыздығын, екінші жағынан, пролетариат қозғалысы мен шаруа қозғалысының қуатын

ашып берді) және **Лениннің** «Екі тактикасы»[17] — марксистердің бетбұрыска үйлесетін стратегиялық жоспары. Буржуазиялық-демократиялық революция тарапына бетбұру **(бетбұрыстың мәнісі осында).** Кадеттердің гегомониясы арқасында патша өкіметімен жасалатын буржуазиялық-либералдық келісім емес, пролетариаттың гегомониясы арқасында жасалатын буржуазиялық-демократиялық революция. **(Стратегиялық жоспардың мәнісі осында.)** Бұл жоспар Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революция Батыстағы социалистік қозғалыска дем береді, ондағы революцияға жол ашып, Россияның буржуазиялық революциядан социалистік революцияға көшуін оңайлатады деген қағыйдаға негізделді (жәнеде партияның III съезінің протоколдарын, Лениннің съездегі сөздерін[18], сонымен қатар съезде болсын, «Кадеттердің жеңісі»[19] деген кітапшада болсын диктатура туралы ұғымға жасалған анализді қараңыз). **Күресуші күштерді, ішкі және халықаралық күштерді, сөзсіз есепке алу, жалпы алғанда бетбұрыс дәуіріндегі экономика мен саясаттың анализі.** Февраль революциясы «Екі тактиканың» стратегиялық жоспарының кемінде үштен екі бөлегін жүзеге асыру арқылы бұл дәуірді аяқтады.

2) **1917 ж. февраль — мартта советтік революцияның тарапына бетбұрыс** (империалистік соғыс, самодержавиелік тәртіптерді аластап, капитализмнің мүлде дәрменсіз екендігін әйгіледі, дағдарыстан құтылудың бірден-бір жолы ретіндегі социалистік төңкерістің сөзсіз болатындығын ашып көрсетті).

Халық, буржуазия және ағылшын-француз капиталы жасаған «даңқты» **февраль** революциясы мен

(халыкаралык катынаста бұл революция, өзі өкіметті кадеттерге бергендіктен, жағдайға ешқандай азды-көпті елеулі өзгерістер енгізген жоқ, өйткені мұның өзі ағылшын-француз капиталы саясатының жалғасы болды) бар нәрсенің астаң-кестеңін шығарған Октябрь революциясының арасындағы айырма.

Лениннің «тезистері» — жаңа бетбұрысқа үйлесетін стратегиялық жоспар. Пролетариат диктатурасы — ең дұрыс жол. Бұл жоспар **«Россияда социалистік революцияны бастайық, өз буржуазиямызды құлатайық, осы арқылы Батыстағы революцияға жол ашайық, онан соң Батыстағы жолдастар, біздің өз революциямызды ақырына жеткізуімізге көмектеседі»** деген қағыйдаға сүйенеді. Осы бетбұрыс дәуіріндегі экономика мен саясатка, ішкі және халықаралык экономика мен саясатка, міндетті түрде анализ жасау («қос өкімет» дәуірі, коалициялық комбинациялар, керенскийшілдіктің жойылу белгісі болған корниловшылдык, Батыс елдерінде соғысқа наразылықтың негізінде туған толку).

3) **1917 ж. октябрьдегі бетбұрыс** (орыс тарихындағы ғана емес, сонымен қатар **дүниежүзілік** тарихтағы бетбұрыс), Россияда пролетариат диктатурасының орнатылуы (1917 ж. октябрь — ноябрь — декабрь және 1918 жылдың бірінші жартысы) — **халықаралық әлеуметтік майданның дүниежүзілік империализмге қарсы жасалған, дүниежүзілік көлемде капитализмді жою, социалистік тәртіптер орнату тарапына бетбұрғызатын тегеуріні** және империалистік соғыс орнына азамат соғысын ашқан заман (бітім туралы декрет, жер туралы декрет, ұлттар туралы

декрет, құпыя договорлардың жарыялануы, құрылыс жұмысының программасы, Лениннің Советтердің II съезінде сөйлеген сөздері[20], Лениннің «Совет өкіметінің міндеті»[21] деген кітапшасы, экономикалық құрылыс).

Коммунизмнің өкімет басында болмай, оппозицияда жүрген кезіндегі стратегия, тактикасы мен коммунизмнің өкімет басында тұрған кезіндегі стратегия, тактикасының айырмасын барлық жағынан талдау керек.

Халықаралық жағдай: империалистік шонжарлардың екі тобының арасында жүріп жатқан соғыс — Россияда Совет өкіметінің өмір сүріп, дамуы үшін (Брест бітімі жасалғаннан кейінгі) қолайлы шарт.

4) **Интервенттерге қарсы соғыс қимылдарын жүргізуге бет алған бағыт (1918 жылдың жазынан 1920 жылдың аяғына дейін)** — бейбіт құрылыстың қысқа дәуірінен кейін, яғни Брест бітімінен кейін басталған бағыт. Бұл бағыт Советтік Россияның әскери әлсіздігін көрсеткен және Россияда Советтік революцияның негізгі тірегі ретінде Қызыл Армияны құрудың қажеттігін баса ескерткен Брест бітімінен кейін басталады. Чехословактардың аттанысы, Антанта әскерлерінің Мурманскіні, Архангельскіні, Владивостокты, Бакуді оккупациялауы, Антантаның Советтік Россияға соғыс жарыялауы, — осының бәрі **жаңа басталған бейбіт құрылыстан соғыс операцияларына қарай, дүниежүзілік революцияның ордасын ішкі және сыртқы жаулардың шабуылынан қорғауға қа-**

рай бетбұруды біржолата анықтады. (Лениннің Брест бітімі туралы сөйлеген сөздері, т. б.) Әлеуметтік революция ұзақ күттіреді және, әсіресе жоғарыда аталған аудандар оккупацияланып, бұған Батыс пролетарларының тарапынан елеулі қарсылық көрсетілмегеннен кейінгі жерде, біз өзімізбен өзіміз болып отырмыз, — сондықтан біз, өз Қызыл Армиямызды құрарлық тыныс алып, Совет Республикасын өз күшімізбен қорғап қалу үшін соракы Брест бітімін жасауға мәжбүр болдық.

«Барлығы **майдан үшін**, барлығы **республиканы қорғау үшін**». **Осыдан келіп Қорғаныс Советі құрылды**, т. с. Бұл — Россияның бүкіл ішкі өмірі мен сырткы өміріне әсерін тигізген соғыс дәуірі.

5) Врангель талқандалғаннан кейін **1921 жылдың басынан бастап бейбіт құрылысқа бет алған бағыт**, бірқатар буржуазиялық мемлекеттермен бітім жасалуы, Англиямен договор жасасу, т. б.

Соғыс бітті, бірақ Батыстағы социалистер біздің өз шаруашылығымызды қалпына келтіруіміз үшін көмек көрсетуге әзірінше дәрменсіз болғандықтан, біз өнеркәсібі көбірек дамыған буржуазиялық мемлекеттердің экономикалық қоршауында болғандығымыз себепті, концессиялар беруге, жеке буржуазиялық мемлекеттермен сауда договорларын жасасуға, жеке капиталистік топтармен концессиялық договорлар жасасуға мәжбүр болдық, біз бұл (шаруашылық) салада да өзімізбен өзіміз болдық, өз бетімізше тіршілік етуге мәжбүр болдық. Барлығы **халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін**. (Лениннің белгілі

сөздері мен кітапшаларын қараңыз.) Қорғаныс Советінің Еңбек және Қорғаныс Советіне айналуы.

6) Партияның 1917 жылға дейінгі даму кезендері:

а) **Негізгі ұйтқының, әсіресе «Искра» тобының ұйысуы,** т. б. Экономизмге қарсы күрес. Кредо[22].

б) Жалпыроссиялық көлемдегі болашақ жұмысшы партиясының негізі болатын **партия кадрларының жасақталуы** (1895—1903). Партияның II съезі.

в) **Кадрларды жұмысшы партиясына ұйыстыру** және оны пролетарлық қозғалыстың үстінде мобилизацияланған жаңа партия қызметкерлерімен толықтыру (1903—1904 жылдар). Партияның III съезі.

г) **Партия кадрларын партияда жоқ бұқараға араластырып жіберу үшін меньшевиктердің партия кадрларына қарсы күресуі** («жұмысшы съезі») және партиялықтың негізі ретінде партия кадрларын сақтау үшін большевиктердің күресуі. Лондон съезі және жұмысшы съезшілердің жеңілуі.

д) **Жойымпаздар мен партияшылдар.** Жойымпаздардың жеңілуі (1908—1910 жылдар).

е) 1908—1916 жылдар түгелінен. Жұмыстың **құпия түрлері мен жария түрлерін ұштастыру дәуірі** және жұмыстың барлық салаларында партия ұйымдарының әсуі.

7) Коммунистік партия — Совет мемлекетінің ішіндегі, оның органдарына жөн сілтеп, олардың қызметіне дем беріп отыратын бейнебір **семсерлілер** жасағы.

Осы қуатты жасақтың ішіндегі **ескі гвардияның** маңызы. Соңғы үш-төрт жылда шыныққан жаңа қызметкерлермен **ескі гвардияны толықтыру.**

Лениннің **ымырашылдарға қарсы бітіспес күрес** жүргізгені дұрыс болып шықты ма? Я, өйткені бұлай

етпейінше партия сұйылып кетер еді де, организм болмастан, әртектес элементтердің қойыртпағы болар еді, партияның ішкі ынтымағы мен ұйымшылдығы, асқан тәртіптілігі мен керемет икемділігі болмас еді, ал бұл қасиеттері болмаса, партия және оның басқаруындағы Совет өкіметі дүниежүзілік империализмге төтеп бере алмас еді. **«Партия өзін тазарту арқылы нығаяды»**, — деп Лассаль тауып айтады. Ең алдымен сапасы болсын, онан соң саны болсын.

8) Пролетариат партиясының керектігі немесе керексіздігі туралы және партияның ролі туралы мәселе. Партия — барлық күрес салаларында түгелінен пролетариат күресінің барлық формаларын басқаратын және күрестің әртүрлі формаларын біртұтас етіп біріктіретін, пролетариаттың командирлік құрамы мен штабы. Коммунистік партияны керексіз деу — пролетариат штабсыз күрессін, күрес жағдайларын әдейі зерттейтін және күрес методтарын белгілейтін басшы ұйтқысыз күрессін дегендік болады, штабсыз соғысу штаб барда соғысудан гөрі жақсырақ дегендік болады, ал бұлай деу есалаңдық.

III
МӘСЕЛЕЛЕР

1) **Самодержавиенің орыс-жапон соғысынан бұрынғы ролі мен одан кейінгі ролі.** Орыс-жапон соғысы орыс самодержавиесінің мейлінше шіріктігі мен әлсіздігін көрсетті. 1905 жылғы октябрьде ойдағыдай өткізілген жаппай саяси ереуіл бұл әлсіздікті әбден айқындады (шиаяқты алып). Сонсын, 1905 жыл тек самодержавиенің

әлсіздігін, либералдық буржуазияның дәрменсіздігін және орыс пролетариатының қуатын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар бұрын жұртқа әсер етерлік жайылмалы пікірді — орыс самодержавиесі Европаның жандармы болып табылады, Европаның жандармы болуға күші жетеді деген пікірді — бекерге шығарды. Европа капиталының көмегінсіз орыс самодержавиесінің тіпті өз жұмысшы табына да әлі жетпейтіндігін фактылар көрсетіп берді. Россияның жұмысшы табы ұйқтап жатқан кезде, ал орыс шаруалары патша ағзамға сенімін сақтап, қыбырламай жатқан кезде, орыс самодержавиесінің шынында да Европаның жандармы болуға мүмкіндігі бар еді, бірақ 1905 жыл және ең алдымен 1905 жылғы 9 январьда болған атыс орыс пролетариатын оятты, ал нақ сол жылғы аграрлық қозғалыс мужиктің патшаға деген сенімін бұзды. Енді европалық контрреволюцияның ден салмағы орыс помещиктерінен ағылшын-французлдың империалист банкирлеріне ауып отыр. 1914 ж. пролетариатқа істеген өз опасыздығын Европа жандармы ретіндегі орыс самодержавиесіне қарсы соғыс прогрестік соғыс деген сылтаумен ақтамақшы болған герман социал-демократтары тегінде ескіліктің көлеңкесін бетке ұстады, әрине, жалған түрде бетке ұстады, — өйткені Европаның нағыз жандармдары, жандарм болу үшін жеткілікті күш-қаражаты барлар, Петроградта емес, Берлинде, Парижде, Лондонда отырды.

Европаның Россияға социализмді ғана емес, сонымен бірге патшаға қарыз заемдар беру, т. с. түрінде контрреволюцияны да әкелетіндігі, ал Россияның Европаға саяси эмигранттардан басқа — революцияны апаратындығы енді барша жұртқа айқын. (Россия

1905 ж. не дегенмен де Европаға пролетариат күресінің қуралы болып табылатын жаппай ереуілді апарды.)

2) **«Жемістің піскендігі»** туралы. Революциялық дүмпулер кезеңінің жеткендігін қалай анықтау керек?

«Жеміс пісті», әзірлік дәуірі аяқталды, енді қыймылды бастауға болады деп қай кезде айтуға болады?

— — а) Бұқараның революциялық көңіл күйі тасқындап, асып төгілетін кезде, ал біздің **қыймыл ұрандарымыз бен директиваларымыз** бұқараның қозғалысынан кейін қалып отырған кезде (Лениннің «Думаға қатысу жолында» дегенін қараңыз, 1905 ж. Октябрьдің алдындағы дәуір), біз бұқараны әрең тоқтататын және тоқтатуымыздың ылғый сәті түсе бермейтін кезде, мәселен, путиловшылар мен пулеметшілердің 1917 ж. июльдегі аттанысының уақтындағыдай кезде (Лениннің «Балалық ауру...»[23] деген еңбегін де қараңыз);

— — б) Дұшпанның лагеріндегі сенімсіздік пен сасқалақтаушылық, азып-тозушылық пен ыдыраушылық ақырғы шегіне жеткен кезде, дұшпанның лагерінен қашып шығушылар мен жарғышақтардың саны күн санап емес, сағат санап өсетін кезде, битарап элементтер деп аталатындар, қала мен селоның сан миллиондаған бүкіл осы ұсақ-буржуазиялық бұқарасы дұшпаннан (самодержавиеден немесе буржуазиядан) ашықтан-ашық сырт айнала бастап, пролетариатпен одақтасуды қарастыратын кезде, барлық осы жағдайлардың арқасында жаудың басқару аппараттары жаныштау аппараттарымен қоса қыймылдаудан қалып, мешеуленіп, жарамсыз болатын, тағы сондай күйге ұшырайтын кезде, сөйтіп пролетариаттың басып алу правосына жол ашылатын кезде.

— — в) Осы кезеннің екеуі де (а және б пункттері) әдетте шындықта бола беретіндей уақыты жағынан үйлесетін кезде.

Бәзбіреулер: шабуыл бастау үшін, өкімет басында тұрған таптың құрып бітуі жөніндегі объективтік процесті еске алса болғаны деп ойлайды. Бірақ бұл дұрыс емес. Оның үстіне, шабуылдың ойдағыдай болуы үшін кажетті субъективтік жағдайларды да әзірлеу керек. Тегінде стратегия мен тактиканың міндеті — шабуылдың субъективтік жағдайларын әзірлеу жұмысын үстем тап өкіметінің құрып бітуі жөніндегі объективтік процестерге шеберлікпен дер кезінде сәйкестіру болып табылады.

3) **Кезең таңдау.** Соққы беру кезені оқыйғалар арқылы танылмайды, оны партия таңдайды, солай болғандықтан кезең таңдау ісі өзінің ойдағыдай шешілуі үшін мынадай екі шартты керек етеді: а) «жемістің піскендігі» және 2) соққының ашылуына, соққының басталуына **үйлесімді,** калың бұкара үшін ұғымды сылтау боларлық, көзге түсетін белгілібір оқыйғаның, үкімет актысының болуы немесе жергілікті мәні бар белгілібір стихиялы аттаныстың болуы. Бұл екі шартты ескермеушіліктің өзі мынаған апарып соғуы мүмкін: соққының дұшпанға жасалатын, өсіп, күшейіп келе жатқан жалпы шабуылдың бастама пункті болмайтыны былай тұрсын, айбынды күйреткіш соққыға ұласпайтыны былай турсын (кезеңді ойдағыдай таңдаудың мағнасы мен бағдары тегінде осындай соққы беру ғой), кайта, кісі күлерлік бүлік болып шығуы мүмкін, бұл бүлік үкіметке, жалпы айтканда дұшпанға өзінің беделін арттыру жағынан колайлы, әрі тиімді болуы мүмкін және де партияны талқандау үшін не-

месе, тым болмағанда, оның берекесін кетіру үшін сылтау мен бастама пунктке айналып кетуі мүмкін. Мәселен, Орталық Комитеттің бір бөлегі Демократиялық кенесті[24] камауға алу туралы ұсыныс енгізді, бірак мұны Орталық Комитет, екінші талапка (жоғарыдан караңыз) сай келмейтін (мүлде сай келмейтін) ұсыныс деп, кабыл алмады; бұл ұсыныс кезең таңдау жағынан алып карағанда орынсыз ұсыныс еді.

Тегінде бірінші соккының (кезең таңдау) бүлікке айналып кетуінен сактану керек, ол үшін жоғарыда көрсетілген екі шартты катты ұстау кажет.

4) «Күш сынау». Кейде партия, үзілді-кесілді аттаныстарға әзірлік жұмысын жүргізіп болғаннан кейін және, өз ойынша, жеткілікті мөлшерде резерв жыйнағаннан кейін, сынак аттанысын жасауды, дұшпанның күшін сынауды, өз күштерінің жауынгерлік әзірлігін тексеруді макұл көреді, жәнеде мұндай күш сынаудың өзін партия не әдейі, өз калауы бойынша жүргізеді (1917 ж. 10 июньде өткізуге ұйғарылған, бірак кейіннен олай болмай, 18 июньде өткізілген демонстрация), не мұндай күш сынау жағдай аркылы, карсы жактың мезгілсіз аттаныс жасауы аркылы, жалпы айтканда әйтеуір бір капелімде болған кұбылыс аркылы танылады (1917 ж. августа жасалған Корнилов аттанысы және соған жауап ретінде коммунистік партияның карсы аттанысы, ал мұның өзі тамаша күш сынау болды). «Күш сынауды» майдағы демонстрация сыякты жәй демонстрация деп есептеуге болмайды, сондыктан күш сынауды жәй күш есептеу деп тануға болмайды, ол өзінің салмағы жағынан және ыктыймал нәтижелері жағынан көтерілістен кемірек болғанымен, жәй демонстрациядан сөзсіз артык, ол — демонстра-

ция мен көтерілістің немесе жалпы ереуілдің орталығындағы нәрсе. Қолайлы жағдайларда оның бірінші соққыға (кезең таңдау), көтеріліске (біздің партияның октябрьдің аяғындағы аттанысы) ұласуы мүмкін, ал қолайсыз жағдайларда оның өзі партияны тікелей талқандалу қаупіне ұшыратуы мүмкін (1917 жылғы 3—4 июльдегі демонстрация). Сондықтан бәрінен қолайлысы «жеміс піскен» кезде, дұшпанның лагері айтарлықтай берекесізденген кезде, партия біраз мөлшерде резерв жыйнаған кезде күш сынау керек, қысқасы: партия шабуылға әзір болған кезде, күш сынаудың өзі жағдайға қарай, бәлкім, бірінші соққыға, онан кейін дұшпанға қарсы жалпы шабуылға айналып кетуінен партия қорықпайтын кезде күш сынау керек. Күш сынағанда, партия бәріне де дайын болуға тиіс.

5) **«Күш есептеу»**. Күш есептеу дегеніміз жәй демонстрация, оның қандай жағдайда болса да дерлік жүргізілуі мүмкін (мәселен, ереуілді немесе ереуілсіз болатын май демонстрациясы). Егер күш есептеу ісі тікелей дүмпудің қарсаңында емес, азды-көпті «бейбіт» уақытта жүргізілетін болса, онда оның партияны да, дұшпанды да оншалық шығынға ұшыратпай-ақ, ең мықтағанда өкіметтің полициялық өкілдерімен немесе кейбір әскер бөлімдерімен шайқасумен ғана тынуы мүмкін. Ал егер ол төніп келе жатқан дүмпулердің кызу жағдайында жүргізілетін болса, онда оның партияны дұшпанмен үзілді-кесілді шайқасуға мезгілсіз тартуы мүмкін, оның бержағында партия әлі де әлсіз болатын болса және мұндай шайқастарға әзірленбеген болса, дұшпан мұндай «күш есептеуді» еркін пайдалана қойып, пролетариаттың күштерін талқандауы мүмкін (1917 ж. сентябрьде партияның «провокацияға

берілмендер» деп әлденеше рет шақыратын себебі осыдан). Сондықтан, партияның әлсіз кезінде күш есептеудің өзін дұшпанның пролетариатты талқандау құралына немесе қалайда оны қатты әлсірету құралына айналдырып жіберуі мүмкін екенін ескере отырып, кемеліне келген революциялық кризис жағдайында күш есептеу методын қолданарда өте сақ болу керек. Оның керісінше, партияның жауынгерлік әзірлігі болса, дұшпанның қатарында көрнеу берекесіздік байқалса, мезгілді өткізіп алмай, «күш есептеуден» бастап, «күш сынауға» көшу керек (бұл үшін қолайлы жағдайлардың — «жемістің піскендігі», т. б. — болуы шарт), соңсын жалпы шабуылды бастау керек.

6) **Шабуыл тактикасы** (пролетариат өкіметті алып болған кездегі азаттық соғыстарының тактикасы).

7) **Тәртіппен шегіну тактикасы.** Дұшпанның күші көрнеу басым екендігі байқалғанда, армияның көпшілігін болмаса да, ең бергісі оның кадрларын сақтап қалу үшін ішкеріге қалай шебер шегіну керек екендігі (қараңыз: **Ленин** «Балалық ауру...»). Біздің қалайша ең соңынан шегінетіндігіміз, мәселен, Витте — Дубасов думасына бойкот жариялаған кезде. Шегіну тактикасы мен қашу «тактикасының» айырмасы (меньшевиктерді салыстырыңыз).

8) **Қорғану тактикасы** — кадрларды сақтаудың және болашақ ұрыстар алдында күш жыйнаудың қажетті амалы. Бұл тактика партияға күрес салаларының түгел бәрінде де позицияларға бекінуді, қарудың барлық түрлерін, яғни ұйым формаларының бәрін лайықты тәртіпке салуды, олардың бірде-бірін, тіпті көзге ең мардымсыз көрінгенін де, эсте елеусіз қалдырмауды міндет етеді, өйткені дәл қай саланың бірінші ұрыс

майданы болатындығын, үзілді-кесілді ұрыстар басталғанда қозғалыстың немесе ұйымның дәл қай формасы пролетариаттың бастама пункті мен айбарлы қаруы болатындығын күн ілгері ешкім де білмейді. Басқаша айтқанда: қорғану және күш жыйнау дәуірінде партия, үзілді-кесілді ұрыстарды күте отырып, сақадай сайланып алуға тиіс. Ұрыстарды **күте отырып...** Бірақ мұның мәнісі — партия, қол қусырып, құр сырттан қараушыға айналып, революцияның партиясынан (егер ол оппозицияда болса) аялдағыш партия түріне еніп, ақырын күтіп отыруға тиіс деген сөз емес, — жоқ, **егер оның өзі** әлі де керекті мөлшерде күш жыйнап үлгірмеген болса, немесе жағдай оның өзіне қолайсыз болатын болса, мұндай дәуірде партия ұрыстан бастартуға, ұрысқа ұрынбауға тиіс, бірақ дұшпанға тиімсіз кезде оны ұрысқа киліктіру үшін, дұшпанды үнемі елеуретіп тыншын кетіру үшін, оның күшін бірден бірге ыдыратып, берекесін кетіру үшін, пролетариаттың күнделікті мүдделерін қамтыйтын ұрыстарда пролетариаттың күштерін бірден бірге машықтандыру үшін, сөйтіп өз күштерін көбейте беру үшін партия, әрине, қолайлы жағдайларда, **бірде-бір кезеңді зая кетірмеуге тиіс.**

Тек осылай еткенде ғана қорғаныс нағыз **белсенді қорғаныс** бола алады, ал партия сырттан қарап күтіп отырушы партияның емес, нағыз **қыймылшыл партияның** барлық белгілерін өзінде сақтай алады, тек осылай еткенде ғана партия үзілді-кесілді аттаныстар кезенін құр жібермейді, байқаусыз қалдырмайды, оқыйғалар оны қапыда баспайды. Өздерінің «данышпандықпен», сырттан қарап күтіп отыру тактикасының және одан да өткен «данышпандық» енжарлығының

арқасында Батыста пролетарлық революция кезені келгендігін байқамай қалған Каутский мен оның серіктерінің жайы тікелей сақтанарлық нәрсе болып табылады. Немесе тағыда: бітім мен жер мәселелері жөніндегі өздерінің ұшы-қыйырсыз ақырын күту тактикасының арқасында өкіметтен құр қалған меньшевиктер мен эсерлердің жайы да сақтанарлық нәрсе болуға тиіс. Екінші жағынан, тағы бір айқын нәрсе, белсенді қорғаныс тактикасын, қыймыл (акция) тактикасын орынсыз қолдануға болмайды, өйткені бұлай еткен күнде коммунистік партияның революциялық қыймыл тактикасын «революциялық» гимнастика тактикасына айналдырып жіберу қаупі бар, яғни оны пролетариаттың күштерін жыйнаттыратын және оның жауынгерлік әзірлігін күшейтетін тактикаға емес, демек, революцияны тездететін тактикаға емес, қайта пролетариаттың күштерін ыдырататын, оның жауынгерлік әзірлігін әлсірететін, солай болғансын, революция ісін баяулататын тактикаға айналдырып жіберу қаупі бар.

9) **Коммунистік стратегия мен тактиканың жалпы негіздері.** Мұндай негіздер үшеу:

а) Марксизм теориясы арқылы табылған және революциялық практика арқылы расталған мына қорытындыны негізге алу: капиталистік мемлекеттерде пролетариат адамзатты капитализмнен толық азат етуді көздейтін, сондықтан да капитализмді құлату жолындағы күресте барлық езілгендер мен қаналғандар бұқарасының көсемі болуға лайықты бірден-бір нағыз революцияшыл тап болып табылады, олай болса бүкіл жұмысты пролетариат диктатурасын қамтамасыз ету жағын көздеп жүргізу керек.

б) Марксизм теориясы арқылы табылған және ре-

волюциялық практика арқылы расталған мына қортындыны негізге алу: **қай елдің болса да коммунистік партиясының стратегиясы мен тактикасы «өз» елінің** «өз» отанының, «өз» пролетариатының мүдделерінің шеңберінде тұйықталып қалмай, қайта, өз елінің халжағдайларын ескере отырып, халықаралық пролетариаттың мүдделерін, басқа елдердегі революцияның мүдделерін мықтап көздейтін болса ғана, яғни егер өзінің мәні, рухы жағынан интернационалистік болса ғана, егер «**барлық елдерде** революцияны дамыту, қолдау, өршіту **үшін** бір елде (өз елінде) жүзеге асарлық істі барынша» жүргізсе ғана бұл стратегия мен тактика дұрыс бола алады (**Лениннің** «Пролетарлық революция және ренегат Каутский»[25] деген еңбегін қараңыз).

в) Бастама пункт етіп алатын нәрсе: стратегия мен тактиканы өзгертерде, жаңа стратегиялық жоспарлар мен тактикалық бағыттарды белгілерде доктринерлік атаулыны (оңшылын да, солшылын да) теріске шығару (Каутский, Аксельрод, Богданов, Бухарин), шолу методын, цитаталар мен тарихи параллелдер методын, қиысынсыз жоспарлар мен болымсыз тұжырымдарды теріске шығару (Аксельрод, Плеханов), марксизмнің тұрғысында «жатып алу» керек емес, тік тұру керек, «тек дүниені түсіндіру» керек емес, оны «қайта құру» керек, «пролетариаттың сыртын шолу» керек емес, оқыйғалардың соңында сүйретіліп жүру де керек емес, қайта пролетариатқа басшылық ету керек, санасыз процестің саналы көрсеткіші болу керек деген қағыйданы қолдану (**Лениннің** «Стихиялық және саналылық»[26] деген еңбегін, **Маркстің** «Коммунистік манифестегі»[27]: коммунистер пролетариаттың аса көреген

және ілгері басушы бөлегі болып табылады деген белгілі пікірін қараңыз).

Осы негіздердің әрқайсысын, әсіресе екінші негізбен үшіншісін, Россиядағы және Батыстағы революциялық қозғалыстың тәжрибесінен алынған фактылармен суреттеу керек.

10) Міндеттер:

а) Пролетариаттың авангардын коммунизмнің жағына тарту (яғни кадрларды жасақтау, компартияны құру, программаны, тактиканың негіздерін құру). Насихат — жұмыстың негізгі формасы.

б) Жұмысшылардың және жалпы еңбекшілердің қалың бұқарасын авангардтың жағына тарту (бұқараны жауынгерлік позицияларға бастап апару). Жұмыстың негізгі формасы — бұқараның үзілді-кесілді ұрыстардың бастамасы болатын проктикалық қыймылдары.

11) Ережелер:

а) Пролетариат ұйымының барлық формаларын және қозғалыстың, күрестің барлық формаларын (салаларын) түгелінен меңгеру. (Қозғалыстың формалары: парламенттік және парламенттен тыс, жария және құпия формалар.

б) Қозғалыстың бір формаларының екінші формаларымен тез алмасуына икемдене білу, немесе бір формаларды екінші формалармен толықтыра білу, жария формаларды құпия формалармен, парламенттік формаларды парламенттен тыс формалармен үйлестіре білу (мысал: большевиктердің 1917 ж. июльде жария формалардан құпия формаларға тез көшуі, Лена күндерінде парламенттен тыс қозғалысты Думадағы қыймылдармен үйлестіруі).

12) Компартияның өкіметті қолға алудан бұрынғы

және одан кейінгі стратегиясы мен тактикасы. Төрт өзгешелік.

а) Октябрь төңкерісінен кейін жалпы алғанда Европада, жеке алғанда Россияда туған жағдайдың ең маңызды жері — Россия **ауданында** (орыс буржуазиясын жеңудің нәтижесінде) **халықаралық әлеуметтік майдан бұзылды**, мұны жүзеге асырған Россия пролетариаты (империализмнен **ажырасу**, құпия договорларды **жариялау**, империалистік соғыс орнына азамат соғысы, солдаттарды бауырласуға шақыру, жұмысшыларды өз үкіметтеріне қарсы көтерілуге шақыру). Майданның осылай бұзылуы **дүние жүзі тарихында өзгеріс** туғызды, халықаралық империализмнің бүкіл ордасының бүтіндігіне тікелей қауіп төндірді, Батыста күресуші күштердің арасалмағын Европа жұмысшы табының пайдасына мықтап өзгертті. Ал мұның мәнісі — орыс пролетариаты және оның партиясы **ұлттық** күштен **халықаралық** күшке айналды деген сөз, оның бержағында өзіндегі ұлттық буржуазияны құлату жөніндегі ескі міндеттің орнына халықаралық буржуазияны құлату жөніндегі жаңа міндет туды, ал халықаралық буржуазия, қатерлі қауіпті сезгеннен кейін, өзінің басы артық күштерін (резервтерін) Советтік Россияға қарсы топтап, **орыс ауданындағы майдан бұзылысын жоюды** өзінің кезекті міндеті етіп қойды, сондықтан Советтік Россия да өзінің барлық күштерін қорғану үшін топтамай қала алмады, халықаралық буржуазияның негізгі соққысын өзі көтеруге мәжбүр болды. Осының бәрі батыс пролетарларының өз буржуазиясына қарсы күресін едәуір жеңілдетті және **халықаралық пролетариаттың алдыңғы қатарлы жауынгері** ретіндегі орыс пролетариатына олардың тілектестігін он есе арттырды.

Сөйтіп, бір елде буржуазияны құлату міндетін жүзеге асырудың нәтижесінде халықаралық көлемде күрес жүргізу, басқаша қалыпта күрес жүргізу, пролетарлық мемлекеттің өзіне жау капиталистік мемлекеттерге қарсы күрес жүргізуі жөнінде жаңа міндет туды, оның бержағында осы күнге дейін халықаралық пролетариат отрядтарының бірі болып келген орыс пролетариаты ендігі жерде халықаралық пролетариаттың алдыңғы қатарлы отрядына, авангардына айналды.

Сөйтіп, өзімізде, яғни Россияда өз революциямызды ақырына дейін жеткізу ісін оңайлату үшін Батыстағы революцияны өршіту міндеті жәй тілектен бүгінгінің нағыз практикалық міндетіне айналды. Қарым-қатнаста (әсіресе халықаралық қарым-қатнаста) Октябрь жасаған осы төңкеріс б ү т і н д е й Октябрьдің арқасы. Февраль революциясы халықаралық қарым-қатнасқа тіпті тиген де жоқ.

б) Октябрьден кейін Россияда туған жағдайдың екінші маңызды өзгешелігі — Россия ішінде пролетариаттың да, оның партиясының да хал-жайы өзгерді. Бұрын, Октябрьге дейін, пролетариаттың басты әрекеті буржуазияны құлату үшін барлық жауынгерлік күштерді ұйымдастыру қамы болды, яғни міндеттің сыйпаты сынау, қыйрату түрінде болды. Енді, Октябрьден кейін, буржуазия өкімет билігінен айрылған кезде, ал мемлекет пролетарлық мемлекет болып отырған кезде, ескі міндет жайына қалып, бір жағынан, жаңа Советтік Россияны құру үшін, оның шаруашылық және соғыс аппараттарын жасау үшін және, екінші жағынан, құлатылғанмен әлі де жойылып бітпеген буржуазияның қарсылығын басу үшін Россияның барлық еңбекшілерін (шаруалар, қолөнершілер, майдагерлер, интел-

лигенция, РСФСР-дың құрамындағы артта қалған халықтар) **ұйымдастыру жөніндегі жаңа міндетке** орын берді*.

в) Россия ішінде пролетариат жағдайының өзгеруіне лайық және жаңа міндетке сәйкес **пролетариаттың** Россиядағы халықтың **буржуазиялық және ұсақбуржуазиялық топтары** мен жіктері **жөніндегі саясаты да өзгерді.** Бұрын пролетариат (буржуазияны құлатардың алдында) буржуазиялық топтармен жеке келісімдер жасасуды теріс деп табатын, өйткені мұндай саясат өкімет басында тұрған буржуазияны нығайтатын нәрсе еді, енді, керісінше, пролетариат жеке келісімдерді жақтайды, өйткені бұлар оның өкіметін нығайтады, буржуазияны ыдыратады, буржуазияның жеке топтарын пролетариаттың қолға үйретуін оңайлатады, олардың ассимиляциялануын оңайлатады. **«Реформизм» мен жеке келісімдер саясатының** арасындағы айырмашылық (біріншісі революциялық қыймылдар методын сөзсіз теріс деп таныйды, екіншісі олай емес, ал революционерлер қолданған кезде, революциялық методқа сүйенген кезде, біріншісі көлемі жағынан тарлау, екіншісі — кеңдеу. («Реформизм» және «келісімдер саясаты» дегенді қараңыз.)

г) Пролетариат пен компартияның күш-құралының қаулап өсуіне сәйкес **компартияның стратегиялық жұмысының қарқыны күшейді.** Бұрын компартияның стратегиясы стратегиялық жоспар жасаумен, пролета-

---

* Осыған сәйкес қозғалыстың ереуілдер, көтерілістер, т. б. сыяқты кейбір ескі формалары керексіз болып қалды және, осыдан барып, жұмысшы табы ұйымының сыйпаты мен формалары (функциялары) өзгерді (партия, советтер, одақтар, кооперативтер, мәдени-ағарту мекемелері).

риат қозғалысы мен ұйымдарының әралуан формаларының арасында, жәнеде қозғалыстың әралуан талаптарының (ұрандар) арасында маневр жасаумен, біреулерін ұсынып, екінші біреулерін алмастырумен, жартымсыз резервтерді әралуан таптар арасындағы қайшылықтар түрінде қолданумен тынатын, оның бержағында партияның әлсіздігінен бұл резервтерді пайдалану шеңбері мен мүмкіндігі, әрқашан, әдетте, көлемінің шағындығы арқылы тежеліп келді; енді, Октябрьден кейін, біріншіден, резерв **көбейді** (Россиядағы әлеуметтік топтардың арасындағы қайшылықтар, айналадағы мемлекеттердің таптарының және ұлттарының арасындағы қайшылықтар, айналадағы мемлекеттер арасындағы қайшылықтар, Батыста социалистік революцияның өсуі, Шығыста және жалпы отарларда революциялық қозғалыстың өсуі, т. т.), екіншіден, **маневр жасау құралдары мен мүмкіндіктері молайды** (ескі құралдар жаңа құралдармен, мәселен, дипломатиялық жұмыс түріндегі, батыстағы социалистік қозғалыспен де, шығыстағы революциялық қозғалыспен де неғұрлым нақты байланыс жасау түріндегі жаңа құралдармен толықтырылды), үшіншіден, Россияда үстем саяси күш болған, өзінің қарулы күштері бар, ал халықаралық әлемде — бүкіл дүниежүзілік революциялық қозғалыстың авангарды болған пролетариаттың күш-құралдары көбейгендіктен **резервтерді пайдалануға анағұрлым зор жаңа мүмкіндіктер туды.**

13) **Айрықша:** а) қозғалыстың **қарқыны** және стратегия мен тактиканы белгілердегі оның ролі туралы мәселе, б) реформизм туралы, **келісімдер** саясаты және олардың өзара қатнастары туралы мәселе.

14) **«Реформизм»** («келісімпаздық»), **«келі-**

сімдер саясаты» және «жеке келісімдер» — үшеуі үш басқа (олардың әрқайсысы туралы бөлек жазу керек). Меньшевиктердің келісімдері тиімсіз, өйткені бұл келісімдер реформизмге сүйенеді, яғни революциялық қыймылдарды керексінбеушілікке сүйенеді, ал большевиктердің келісімдері революциялық қыймылдардың мұқтаждықтарына сүйенеді. Дәл сондықтан да меньшевиктердің келісімдері системаға айналады, келісімдер саясатына айналады, ал большевиктер тек жеке, нақты келісімдерді жақтайды, бұлардан айрықша келісімдер саясатын жасамайды.

15) Россия компартиясының дамуындағы үш дәуір:

а) Пролетариат авангардының яғни партиясының құрылу дәуірі, партия кадрларының жасақталу дәуірі (бұл дәуірде партия әлсіз, оның программасы, тактикалық жалпы негіздері бар, бірақ бұқаралық қыймылдар партиясы ретінде — әлсіз);

б) Компартияның басшылығы арқасында жүргізілген революциялық бұқаралық күрес дәуірі. Бұл дәуірде партия бұқаралық үгіт ұйымынан бұқаралық қыймылдар ұйымына айналады, әзірлік дәуірінің орнына революциялық қыймылдар дәуірі басталады;

в) Өкіметті қолға алғаннан кейінгі, компартияның үкіметтік партияға айналғанынан кейінгі дәуір.

16) **Орыстың пролетарлық революциясының саяси күші** мынада: шаруалардың аграрлық революциясы (феодализмді құлату) мұнда пролетариаттың басшылығымен (буржуазияның басшылығымен емес) жүзеге асырылды, сол себепті буржуазиялық-демократиялық революция пролетарлық революцияның прологі болды, шаруалардың еңбекші элементтерінің пролетариатпен байланысы және олар-

ға пролетариаттың берген колғабысы саяси жағынан ғана камтамасыз етіліп қойған жок, сонымен қатар Советтерде ұйымдастыру жағынан да баянды етілді, бұл жағдай халыктың орасан көпшілігінің пролетариатқа тілектестігін тудырды (дәл сондыктан да, егер пролетариаттың өзі елдегі халықтың көпшілігі болып табылмаса, мұның **о қ а с ы ж о қ**).

Е в р о п а д а ғ ы (континент) **п р о л е т а р л ы қ р е в о л ю ц и я л а р д ы ң ә л с і з д і г і** мынада: ондағы пролетариаттың **ә л г і д е й** байланысы да, деревня тарапынан алатын **ә л г і д е й** қолғабысы да жоқ, онда шаруаларды феодализмнен азат ету ісі буржуазияның басшылығымен (ол кезде әлсіз болған пролетариаттың басшылығымен емес) жүзеге асырылды, мұның өзі, деревняның мүдделеріне социал-демократияның селқос карауынан, шаруалар көпшілігінің буржуазияға тілектестігін көпке дейін қамтамасыз етті*.

1921 жыл, июль.

Бірінші рет басылып отыр

---

* Кітапша жоспарының осы желісін автор «Ленинизм негіздері туралы» деген кітапша үшін пайдаланған; бұл кітапша 1924 жылы жарыққа шыққан және И. В. Сталин Шығармаларының 6-томына енгізілді. Жоспар желісінің бірінші бөлімі «Орыс коммунистерінің стратегиясы мен тактикасы туралы мәселе жөнінде» деген мақала үшін пайдаланылған; бұл мақала 1923 жылы жарияланған және И. В. Сталин Шығармаларының 5-томына енгізілді; ал жоспардың кейбір тезистерін автор «Партияның өкіметті қолға алудан бұрынғы және одан кейінгі жайы» деген макала үшін пайдаланған; бұл мақала 1921 жылғы августа жарияланған және И. В. Сталин Шығармаларының 5-томына енгізілді. *Ред.*

ГРУЗИЯ МЕН ЗАКАВКАЗЬЕДЕ КОММУНИЗМНІҢ КЕЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Грузия коммунист партиясының тифлистік ұйымының жалпы жыйналысына баяндама[*]

6 июль, 1921 ж.

Жолдастар! Сіздің ұйымның комитеті Грузияда коммунизмнің кезекті міндеттері туралы маған сіздерге баяндама жасауды тапсырды.

Коммунизмнің кезекті міндеттері — тактика мәселелері болып табылады. Бірақ партияның, жәнеде үкіметтік партияның, тактикасын анықтау үшін ең алдымен партияның айналасындағы, оның ескермеуіне болмайтын жалпы жағдайды есепке алу қажет. Ал мұның өзі қандай жағдай?

Азамат соғысы басталысымен дүниенің карамақарсы екі лагерьге, Антанта бастаған империализм лагеріне және Советтік Россия бастаған социализм лагеріне бөлінгендігін, капиталистік, «демократиялық» және меньшевиктік мемлекеттер біткен түгелінен бірінші лагерьде екенін, ал советтік мемлекеттер, олардың ішінде Грузия да, екінші лагерьде екенін дәлелдеп жатудың қажеті бола коймас. Совет елдерінің айналасындағы кәзіргі жағдайдың негізгі сыйпаты мынада: жоғарыда көрсетілген екі лагерьдің арасындағы қарулы күрес дәуірі олардың арасында азды-көпті ұзаққа

созылатын уақытша бітім жасалуымен тынды, соғыс дәуірінің орнына совет республикаларының бейбіт шаруашылық құрылысының дәуірі басталды. Бурын, былайша айтканда соғыс дәуірінде, совет республикалары «барлығы соғыс үшін» деген жалпы ұранмен қыймылдады, өйткені совет республикалары империалистік мемлекеттердің камауындағы коршаулы лагерь тәрізді еді. Ол дәуірде коммунист партиясының бүкіл куаты жігерлі күштің бәрін де Кызыл Армияны құруға, империализмге қарсы қарулы күрес жүргізерлік майданды күшейтуге жұмсалды. Бұл дәуірде партияның шаруашылық құрылысқа барынша көңіл бөле алмағандығын айтып жатудың кажеті жок. Бул дәуірде совет елдерінің экономикасы соғыс индустриясын дамыту және халық шаруашылығының кейбір тарауларын, онын өзінде де тағыда сол соғыспен байланысты тарауларын, шала-шарпы жүргізу шенберінде ғана болды десек, мұнымыз асылык болмайды. Совет мемлекеттерінің соғыс дәуірінен бізге мура болып калған шаруашылык бүліншілігінің себебі, анығында, дәл осы.

Кәзір, шаруашылық құрылыстың жана дәуіріне аяқ баскан кезімізде, соғыстан бейбіт жумыска көшкен кезімізде, «барлығы соғыс үшін» деген ескі ұранның орнына, табиғи түрде, «барлығы халык шаруашылығы үшін» деген жаңа ұран туып отыр. Бұл жаңа дәуір коммунистерге барлык күшті шаруашылық майданына, өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, азыктүлік ісіне, кооперацияға, транспорт ісіне, т. т. жұмсауды міндеттейді. Өйткені бұлай етпейінше шаруашылык бүліншілігін жоюға мүмкіндік жок.

Егер соғыс дәуірі бізге әскери, жабдыктаушы, жасактаушы, ұрысымпаз, т. с. коммунистердің типін

берген болса, жаңа дәуірде, шаруашылық құрылыс дәуірінде, коммунист партиясы, қалың бұқараны шаруашылықты өркендету ісіне қатыстыра отырып, шаруашылық қызметіндегі коммунистің жаңа типін — өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транспорт, кооперация, т. т. жөніндегі қызметкерлерді өсіріп жетілдіру жағын көздеуге тиісті.

Бірақ, шаруашылық-құрылыс жұмысын дамытқанда, коммунистер ескіліктен мұра болып қалған аса маңызды екі жағдайды ескермей тұра алмайды. Бұл жағдайлар: біріншіден, совет елдерінің айналасында өнеркәсіп жағынан үздік дамыған буржуазиялық мемлекеттердің болуы және, екіншіден, совет мемлекеттерінің ішінде толып жатқан шаруалық ұсақ буржуазияның болуы.

Әңгіме мынада: тарихтың тілегі бойынша Совет өкіметі капиталистік жағынан көбірек дамыған елдерде емес, біршама кемірек дамыған елдерде салтанат құрып отыр. Капитализмі біршама жас, пролетариаты әрі мықты, әрі жыйнақты, ал ұлттық буржуазиясы әлсіз Россия сияқты елдерде буржуазияны құлату ісі, капитализмі бірнеше ғасырдан бері өмір сүріп келе жатқан, ал буржуазиясы бүкіл қоғамдық тұрмыста аса елеулі жетекші күшке айналып болған Германия, Англия және Франция сияқты озат капиталистік елдердегіге қарағанда анағұрлым оңай екендігін тарих көрсетіп берді.

Германия мен Англия сияқты елдерде де пролетариат диктатурасы орнаған кезде оларда социалистік революцияны ілгері бастырып, ақырына дейін жеткізу ісі, күмән жоқ, оңайлау болады, яғни оларда социалистік шаруашылықты ұйымдастыру оңайлау болады,

өйткені қазіргі совет елдеріндегіден гөрі олардың өнеркәсібі артығырақ дамыған, техникасы молырақ, ал пролетариаты біршама көбірек. Бірақ біз әзірінше мынадай фактыны кездестіріп отырмыз: біріншіден, көптеген ұсақ товар өндірушілер (шаруалар) табы бар, өнеркәсібі кемірек дамыған елдерде пролетариат диктатурасы орнап отыр, екіншіден, өнеркәсібі артығырақ дамыған және көптеген пролетариат табы бар елдерде буржуазия диктатурасы қалып отыр. Бұл фактыны елемеушіліктің өзі ессіздік, жеңілтектік болар еді.

Совет елдерінде шикізат пен отын қоры мол, ал өнеркәсібі дамыған буржуазиялық елдер мұндай заттардың жеткіліксіздігінен тарығып отыр, сондықтан буржуазиялық мемлекеттердегі жеке капиталистік топтар шикізат пен отын қорын пайдалану жөнінде белгілі шарттар бойынша совет мемлекеттерімен келісімге келуді көздейтіндігі күмәнсіз. Екінші жағынан, совет мемлекеттерінің ішіндегі ұсақ товар өндірушілер табы (шаруалар) индустрия өнімдеріне (мата, ауылшаруашылық машиналары) мұқтаж болып отыр, сондықтан товар айырбасы ретінде (ауылшаруашылық өнімдеріне айырбастап) сондай өнімдер алу жөнінде оның да өз еліндегі пролетариат өкіметімен келісім жасауды көздейтіндігі күмәнсіз.

Өз тарапынан Совет өкіметі де бөтен елдердің жеке капиталистік топтарымен болсын, өз еліндегі ұсақ товар өндірушілер табымен болсын келісімге келуді көздейді, өйткені мұндай келісім соғыста қыйраған өндіргіш күштерді қалпына келтіру ісін және болашақ социалистік шаруашылықтың техникалық-

өнеркәсіп базасы болып табылатын электрификацияны жүзеге асыру ісін сөзсіз тездетіп, оңайлатады

Бұл жағдайлар совет мемлекеттеріндегі коммунистерге Батыстың жеке капиталистік топтарымен де (олардың капиталдары мен техникалық күштерін пайдалану мақсатымен), өз еліндегі ұсақ буржуазиямен де (қажетті шикізат пен азық-түлік өнімдерін алу үшін) уақытша келісімдер жасау саясатын жүргізуді міндеттейді.

Кейбіреулер: буржуазиямен мұндай келісімдер жасау тактикасында меньшевиктік сыйпат бар, өйткені меньшевиктер өз істерінде буржуазиямен келісім жасау тактикасын қолданады деп ескертер. Бірақ бұл дұрыс емес. Жеке буржуазиялық топтармен келісім жасау жөніндегі қәзір коммунистер ұсынып отырған тактика мен буржуазиямен келісім жасау жөніндегі меньшевиктік тактиканың арасында тұңғыйық айырым бар. Меньшевиктер әдетте буржуазиямен келісім жасауды ұсынғанда өкімет басында капиталистер отырған кезде, өкімет басында отырған капиталистер, өз өктемдігін нығайтып пролетариатты аздыру мақсатымен, жоғарыдан пролетариаттың жеке топтарына кейбір «реформалар», жеңілдіксымақтар беруден де қашпайтын кезде ұсынады. Мұндай келісім пролетариат үшін зиянды да, буржуазия үшін тиімді, өйткені мұның өзі буржуазияның өкіметін әлсіретпейді, қайта нығайта түседі, пролетариат ішінде алауыздық туғызып, оны жікке бөледі. Дәл сондықтан да большевиктер өкімет басында отырған буржуазиямен келісім жасау жөніндегі меньшевиктік тактикаға әрдайым қарсы болып келді, қарсы болады да. Дәл сондықтан да большевиктер меньшевиктерді проле-

тариатқа буржуазиялық ықпалды жүргізушілер деп есептейді.

Ал большевиктер ұсынып отырған келісім тактикасы меньшевиктердің тактикасына қарама-қарсы, мұның сыйпаты мүлде өзгеше, өйткені бұл тактика мүлде басқаша жағдайда, өкімет басында буржуазия емес, пролетариат отырған кезде жүргізіледі, оның бержағында жеке буржуазиялық топтардың пролетарлық өкіметпен жасасатын келісімі, бір жағынан, пролетариат өкіметін сөзсіз нығайттыратын, екінші жағынан, буржуазияны сөзсіз ыдыратып, оның жеке топтарын қолға үйреттіретін болуға тиіс. Тек пролетариат өзі қолына алған өкімет билігін берік ұстап, елдің шаруашылығын көркейту үшін осы буржуазиялық топтардың қаражаты мен білімдерін шебер пайдалануы қажет.

Көріп отырсыздар, бұл тактика мен меньшевиктер тактикасының арасы аспан мен жердей алшақ жатыр.

Сонымен, барлық жігерлі күштерді шаруашылық майданына жұмылдыру керек, бұл ретте келісім бойынша жеке буржуазиялық топтарды, олардың қаржыларын, олардың білімдерін, олардың ұйымдастырушылық тәлімдерін елдің шаруашылығын көркейту жолында пайдалану керек, — совет елдеріндегі коммунистердің, оның ішінде Грузия коммунистерінің де, жалпы жағдайдан туып отырған бірінші кезекті міндеті осы.

Бірақ жеке совет елдерінің, бұл ретте Советтік Грузияның тактикасын белгілеу үшін жалпы жағдайды ескерудің өзі әлі жеткілікті бола қоймайды. Әрбір жеке совет еліндегі коммунистердің тактикасын бел-

гілсу үшін бұл елдердің өмір сүруінің жеке, нактылы жағдайларын да ескеру керек. Советтік Грузиянын өмір сүруінің жеке, нактылы жағдайлары, Грузия коммунист партиясының ескеруіне тура келетін жағдайлар қандай?

Бул жағдайларды сыйпаттайтын кейбір фактыларды күмәнсіз анықтап көрсетуге болады.

Біріншіден, бір күмәнсіз нәрсе — капиталистік мемлекеттер совет елдеріне сөзсіз дұшпандық көзбен карайды, сондықтан Советтік Грузиянын, сол сыяқты әрбір совет елінің, мулде оқшау өмір сүруі соғыс ісі жағынан да, шаруашылықты дамыту ісі жағынан да қыйсынсыз болады. Соғыс ісі жөнінде де, шаруашылық ісі жөнінде де совет мемлекеттерінің өзара қолғабыс көрсетуі аса қажетті шарт болып табылады, бұлай етпейінше бул мемлекеттердің дамуы мүмкін емес.

Екіншіден, бір айкын нәрсе — азық-түлік өнімдерінің тапшылығынан тарығып отырған Грузия орыс астығына мұқтаж, мұнсыз оның күні жоқ.

Үшіншіден, бір анық нәрсе — суйық отыны жоқ Грузия өз транспорты мен өнеркәсібін жабдықтау үшін Азербайжанның мұнай өнімдеріне мұқтаж, мұнсыз оның күні жоқ.

Төртіншіден, тағы бір күмәнсіз нәрсе — экспорт фондыларының тапшылығынан тарығып отырған Грузия товар бюджеті дефицитінің орнын толтыру үшін Россияның алтын түрінде беретін көмегіне мұқтаж.

Акырында, Грузия халкының ұлттық құрамы жөніндегі өзгеше жағдайларын ескермеуге болмайды, осы жағдайларға сәйкес бұл халықтың едәуір проценті, ал Грузияның астанасы Тифлисте бүкіл халықтың

шылдық) Закавказье совет республикаларының шаруашылық (және соғыс) ісінде бірлесіп күш жұмсауларына орасан кедергі болып табылады. Онсоң, мен жаңа айтып өттім, мұндай бірлік болмайынша Закавказье совет республикаларының, әсіресе Советтік Грузияның шаруашылықты ілгері бастыруы мүмкін емес. Сондықтан Грузия коммунистерінің кезекті міндеті — ұлтшылдыққа қарсы аяусыз күрес жүргізу, меньшевиктік ұлтшыл үкімет құрылғанға дейін болып келген бұрынғы туысқандық интернационалдық байланыстарды қайта орнату, сөйтіп, Закавказье совет республикаларының шаруашылық жөніндегі күштерін біріктіру үшін және Грузияның шаруашылығын көркейту үшін қажетті өзара мықты сенім туғызу.

Әрине, бұдан ендігі жерде тәуелсіз Грузия немесе тәуелсіз Азербайжан, т. б. болуға тиісті емес деген ұғым тумайды. Біртұтас закавказьелік үкімет басқаратын етіп, бұрынғы губернияларды (Тифлис, Баку, Эриван губернияларын) қайта құру жөнінде кейбір жолдастардың арасында таралып жүрген жоба менің ойымша утопия, онда да реакциялық утопия болып табылады, өйткені мұндай жоба, күмән жоқ, тарихтың тегершігін кері айналдыру ниетінен туып отыр. Бұрынғы губернияларды қайта құрып, Грузияда, Азербайжанда, Арменияда ұлттық үкіметтерді жою дегеніңіз — жерді помещиктердің меншіктенуін қайта орнатып, революцияның жеңістерін жоюмен бірдей. Мұның коммунизмге ешқандай ұқсастығы жоқ. Закавказье мен Россия ұлт жұмысшыларының арасында өзара сенбеушілік атмосферасын жойып, туысқандық байланыстарды қайта орнату үшін — нақ осы мақсатпен Грузияның да, Азербайжан мен Арменияның да

тәуелсіздігін сақтау кажет. Мұның өзі тәуелсіз совет республикаларының ерікті келісім негізінде, конвенция негізінде өзара шаруашылық және басқа қолғабыс берісу кажеттігін, сондай-ақ олардың шаруашылық жөніндегі күштерін біріктіру кажеттігін де, жоққа шығармайды, кайта, керек етеді.

Менің алған мәліметтеріме қарағанда, Москвадағылар жакын арада Грузияға, Арменияға және Азербайжанға $6^1/_2$ миллион сом алтын есебімен карыз беру түрінде азғана көмек көрсетуге уйғарыпты. Оның үстіне, менің бір білгенім, Грузия мен Армения Азербайжаннан мұнай өнімдерін төлемсіз алып отырады екен — мұның өзі, атышулы «шын ниеттес келісім» (Entente cordiale[31]) арқылы байланысты мемлекеттер болғанымен де, буржуазиялық мемлекеттердің өмірінде бола алмайтын оқиға. Осындай және осы сияқты істер бұл мемлекеттердің тәуелсіздігін әлсіретпейтіндігін, кайта нығайта түсетіндігін дәлелдеп жатудың кажеті бола коймас.

Сонымен, ұлтшылдық сарқыншақтарды жою керек, оларды қызған темірмен карып, сылып тастау керек, сөйтіп, Советтік Грузияның тәуелсіздігін сақтай отырып, Закавказье совет республикаларының шаруашылық жөніндегі күштерін біріктіру ісін оңайлатып, тездету үшін, Закавказье ұлт еңбекшілерінің арасында өзара мықты сенім туғызу керек (бұлай етпейінше Советтік Грузияның шаруашылығын көркейту мүмкін емес), — Грузия коммунистерінің елдің өміріндегі нақтылы жағдайлардан туып отырған екінші кезекті міндеті осы.

Ақырында, үшінші кезекті міндет, маңызы мен кажеттігі жағынан кем соқпайтын міндет — Грузия ком-

мунист партиясының тазалығын, табандылығын, икемділігін сақтау керек.

Жолдастар! Сіздер мынаны ұмытпауға тиіссіздер: біздің партия — үкіметтік партия; көп реттерде оның қатарына сенімсіз, пролетарлық рухқа жат, мансапкор элементтер, партияның арасында бибереkеттік пен салғырттық туғызатын элементтер топ-тобымен кіріп кетеді немесе кіруге тырысады. Коммунистердің күрделі міндеті партияны осындай элементтерден сақтап қалуды көздеу болып табылады. Партияның, әсіресе коммунист партиясының күші мен салмағы мүшелерінің санынан гөрі сапасына байланысты екенін, олардың табандылығына және пролетариат ісіне берілгендігіне байланысты екенін еш уақытта да естен шығармау керек. Россиялық коммунист партиясының небәрі 700 мың ғана мүшесі бар. Жолдастар, мен сіздерді былай деп сендіре алам: егер партия осыны қаласа, егер ол ешкімге де керегі жоқ және еш нәрсеге қабілеті жоқ 7 миллион жолбикеден гөрі 700 мың табанды коммунист анағұрлым айбынды күш екенін білмеген болса, онда ол өз мүшелерінің санын 7 милллионға жеткізе алар еді. Егер Россия дүниежүзілік империализмнің тегеуріне төтеп берген болса, егер ол сыртқы майдандарда бірсыпыра елеулі табыстарға жеткен болса, егер ол екі-үш жылдың ішінде өз күшін дүниежүзілік империализмнің негіздерін тітіретерлік дәрежеге жеткізген болса, мұның өзі, айта кетейік, ұрыстарда бірігіп, шыныққан және өзін мойымас болат етіп шыңдаған коммунист партиясының арқасы; ал коммунист партиясы ешқашанда өз мүшелерінің сан жағына еліккен емес, қайта өз мүшелерінің сапасын жақсартуды өзінің бірінші борышы деп білді.

Партия өзін қоқыстан тазарту арқылы нығаяды деген Лассальдың пікірі әбден дұрыс. Екінші жағынан, бір күмәнсіз нәрсе — егер, мысалы, дүние жүзіндегі социал-демократиялық партиялардың ең ірісі герман социал-демократиясы империалистік соғыстың кезінде империализмнің қолындағы ойыншыққа айналған болса, ал соғыстан кейін, ши аяқты алыптайтын, түңғыйыққа құлап түскен болса, оның себебі — ол партия талай жылдар бойы өз ұйымдарын көрінген ұсақбуржуазиялық сімілтірдің есебінен ұлғайтуға елігіп кетті де, сол сімілтір оның құтын қашырды.

Сонымен, өз партиямыздың табандылығы мен тазалығын сақтау керек, партия мүшелерінің сан жағына елікпеу керек, партияның сапалық құрамын үнемі жақсартып отыру керек, партияны интеллигенттік-мещандық ұлтшыл элементтердің лықсуынан қорғау керек, — Грузия коммунист партиясының үшінші және ең соңғы кезекті міндеті осы.

Мен өз баяндамамды аяқтаймын, жолдастар. Қортындыларға көшейін:

1) Шаруашылық-құрылыс жұмысына өз күштеріңді барынша жұмсай отырып, бұл ретте Батыстағы капиталистік топтардың күш-қаражатын да, өз еліңдегі ұсақбуржуазиялық топтардың күш-қаражатын да пайдалана отырып, осы жұмысты барлық жағынан дамыту керек.

2) Закавказье совет республикаларының тәуелсіздігін сақтай отырып, бұл республикалардың шаруашылық жөніндегі күштерін біріктіру ісін оңайлату үшін ұлтшылдықтың гидрасын жаныштап, мықты интернационалистік жағдай туғызу керек.

3) Партияны мещан элементтердің лықсуынан қор-

ғау керек, оның табандылығын, икемділігін сақтау керек, оның сапалық құрамын үнемі жақсартып отыру керек.

Грузия коммунист партиясының негізгі кезекті үш міндеті осылар.

Тек осы міндеттерді орындағанда ғана Грузия коммунист партиясы тұтқаны өз қолында берік ұстап, шаруашылық бүліншілігін жеңе алады. (Қол шапалақтау.)

„Правда Грузии" (Тифлис)
№ 108, 13 июль, 1921 ж.

ПАРТИЯНЫҢ ӨКІМЕТТІ ҚОЛҒА АЛУДАН БҰРЫНҒЫ ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІНГІ ЖАЙЫ

Партиямыздың дамуының үш дәуірін атап көрсетуіміз керек.

Бірінші дәуір — партиямыздың қалыптасып, **құрыла** бастаған дәуірі. Бұл дәуір, шамамен айтқанда, «Искраның»[32] құрылған кезінен партияның III съзіне дейінгі уақытты қамтыйды (1900 жылдың ақыры — 1905 жылдың басы).

Бұл дәуірде партия, қозғаушы күш ретінде, әлсіз болды. Партия әлсіз болғанда өзінің есейіп жетілмегендігінен ғана әлсіз болмады, сонымен қатар бүтіндей жұмысшы қозғалысының есейіп жетілмегендігінен және әсіресе осы дәуірдің алғашқы сатыларының кезінде революциялық жағдайдың, революциялық қозғалыстың болмағандығынан немесе нашар дамығандығынан әлсіз болды (шаруалар жым-жырт жата берді немесе күр күңкілден әрі бара алмады; жұмысшылардың бар білетіні шінара экономикалық немесе жалпықалалық саяси ереуіл ғана болды; қозғалыс формаларының астыртын немесе жартылай жария

сыйпаты болды; жұмысшы табы ұйымының формаларының да, көбінесе, астыртын сыйпаты болды).

Партияның стратегиясы, — стратегияның өзі резервтердің болуын және сол резерaтерді пайдалана білудің мүмкіндігін керек қылатын болғандықтан, — лажсыз шағын, шамалы болды. Партия қозғалыстың стратегиялық жоспарын белгілеумен, яғни қозғалыстың жүретін бағытын белгілеумен тынды, ал партияның резервтері — әрі Россия ішіндегі, әрі одан тысқары жердегі дұшпандар лагеріндегі қайшылықтар — партияның әлсіздігінен пайдаланылмай қалды, немесе пайдаланылмай қалды дерлік.

Партияның тактикасы да, — тактиканың өзі бұқараны игеріп алу мүддесін, стратегиялық табысты қамтамасыз ету мүддесін көздеп, қозғалыс формаларының, пролетариат ұйымы формаларының бәрін түгел пайдалануды, ол формаларды жымдастырып, өзара толықтандыруды, т. т. керек қылатын болғандықтан, — лажсыз шағын болды, қарқынсыз болды.

Бұл дәуірде партияның негізгі көңіл қойған, қам жеген нәрсесі партияның өзі, оның өмір сүруі еді, оны сақтап қалу еді. Бұл кезенде жұрт партияға бейне бір өзіндік күш деп қарады. Мұның өзі түсінікті де еді: патша өкіметінің партияға жанталаса шабуыл жасауы, сондай-ақ меньшевиктердің партияны іштен бүлдіріп, партия кадрларының орнына формасыз, партиясыз ұйыспа құрмақ болған әрекеттері (Аксельродтың «Халық Думасы мен Жұмысшы Съезі», 1905, деген атышулы кітапшасының шығуына байланысты меньшевиктердің жұмысшы съезі туралы бастаған науқанын естеріңізге түсіріңіздер) партияның өмір сүруінің өзіне қауіп туғызды, міне сондықтан партияны

сақтап қалу мәселесінің бұл дәуірде өте зор маңызы болды.

Россиядағы коммунизмнің бұл дәуірдегі негізгі міндеті — жұмысшы табының таңдаулы адамдарын, неғұрлым белсенді, пролетариаттың ісіне неғұрлым берілген адамдарын партияға тарту, пролетариаттың партиясын қалыптастырып, жолға қою болды. Ленин жолдас бұл міндетті былай деп тұжырымдайды: «пролетариат авангардын коммунизм жағына шығару керек» (қараңыз: «Балалық ауру...»[33]).

Екінші дәуір — жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасын партия жағына, пролетариат авангардының жағына шығару дәуірі. Бұл дәуір, шамамен алғанда, 1905 жылдың октябрінен 1917 жылдың октябріне дейінгі уақытты қамтыйды.

Бұл дәуірдегі жағдай өткен дәуірдегіден едәуір қыйын, оқыйғаларға едәуір бай. Бір жағынан, патша өкіметінің Манжурияның ұрыс далаларында жеңіліп қалуы мен 1905 жылғы октябрьдегі революция, екінші жағынан, орыс-жапон соғысының жойылуы, контрреволюцияның жеңіп шығып, революциялық жеңістерден айыруы, үшінші жағынан, империалистік соғыс, 1917 жылғы февраль революциясы мен атақты «қосөкімет», — осы оқыйғалардың бәрі Россияның барлық таптарын серпілтіп, оларды бірінен соң бірін саяси майданға шығарды, коммунистер партиясын нығайтты, шаруалардың қалың бұқарасын саяси өмірге тартты.

Пролетариаттың қозғалысы жаппай саяси ереуіл мен қарулы көтеріліс сыяқты күшті формалармен толықты.

Шаруалардың қозғалысы помещикке бойкот жа-

саумен (помещикті конысынан «тайдыру»), бойкот болғанда көтеріліске айналып отырған бойкотпен толыкты.

Партияның және баска революциялык ўйымдардың ісі жўмыстың парламенттен тыс, жарыя, ашык түрі сыякты формаларына жетісу аркылы жандана түсті.

Жўмысшы табының ўйымы кәсіпшілер одағы сыякты сыннан өткен, ең маңызды формамен ғана толығып койған жок, сонымен катар жўмысшы депутаттарының Советтері сыякты жумысшы табы ўйымының ең күшті, тарихта бўрын-сонды болып көрмеген формасымен де толыкты.

Шаруалар жўмысшы табының ізімен жүріп, шаруа депутаттарының Советтерін кўрды.

Мўнымен бірге партияның резервтері де толыкты. Күрестің барысында, шаруалардың пролетариатка және оның партиясына резервтердің таусылмас корын жетістіріп бере алатыны және жетістіріп беретіні аныкталды. Мунымен катар пролетариаттың және оның партиясының капитал өкіметін кўлату ісіндегі жетекші ролі де аныкталды.

Партия бўл дәуірде тіпті де өткен дәуірдегідей элсіз емес еді; партия, козғауыш күш ретінде, ең зор факторға айналды. Енді будан былай партия өзіндік күш бола алмайды, өйткені оның өмір сүруі мен дамуы калайда камтамасыз етілді, енді ол өзіндік күштен жўмысшы-шаруа бўкараларын игеріп алу кўралына, букараның капитал өкіметін кулату ісіндегі күресіне басшылык ету кўралына айналып отыр.

Партияның стратегиясы бўл дәуірде каркындай түседі, ол стратегия ең алдымен шаруалар сыякты ре-

зервті камтамасыз етуге, соңы пайдалануға бағытталады, оның үстіне бұл жұмыс айта қаларлықтай табысты болып шығады.

Бұқараның қозғалысы, бұқараның ұйымдары, партияның және баска революциялық ұйымдардың ісі жаңа, бұрын болмаған формалармен толыққандықтан, партияның тактикасы да қаркындай түседі.

Партияның бұл дәуірдегі негізгі міндеті — буржуазияның диктатурасын құлату үшін, өкіметті колға алу үшін миллиондаған бұқараны пролетариат авангардының жағына, партияның жағына шығару болды. Енді партияның негізгі назар аударатыны — партияның өзі емес, миллиондаған халық бұқарасы. Ленин жолдас бұл міндетті былай деп тұжырымдайды: әлеуметтік майданда «миллиондаған бұқараны орналастыру», орналастырғанда «жуықтағы үзілді-кесілді ұрыстарда» жеңіс камтамасыз етілетіндей етіп орналастыру (Ленин жолдастың өлгі кітапшасын караңыз).

Партиямыздың дамуындағы алғашқы екі дәуірдің айрықша белгілері міне осындай.

Бірінші дәуір мен екінші дәуірдің арасында зор айырмашылық бар екендігінде күмән жок. Бірақ олардың ұқсастық жерлері де бар. Бірінші дәуірде де, екінші дәуірде де партия түгелінен демесек 9/10 шамасында ұлттық күш болып отыр, Россия үшін ғана және Россияның ішінде ғана салмағы бар күш болып отыр (ұйымдасқан халықаралық пролетариат отрядтарының бірі). Бұл бір. Екіншіден, бірінші дәуірде де, екінші дәуірде де РКП Россия ішіндегі төңкеріс партиясы, революция партиясы болып отыр, сондықтан

да бұл дәуірлерде оның жұмысында ескі тәртіпті сынаудың, қыйратудың белгілері басым.

Кәзірде басымыздан кешіріп отырған үшінші дәуірдің мүлде басқаша сыйпаты бар.

Үшінші дәуір — бір жағынан, социалистік шаруашылық пен Қызыл Армияны **құру** ісіне Россияның барлық еңбекшілерін қатыстыру үшін, екінші жағынан, капиталды құлату жолындағы күресінде халықаралық пролетариатқа **көмек беруге** барлық күш, барлық құралдарды жұмсау үшін, өкімет билігін **қолға алып, қолда ұстау** дәуірі. Бұл дәуір 1917 жылғы октябрьден бүгінгі күндерге дейінгі уақытты қамтыйды.

Россияда пролетариаттың өкімет билігін қолға алуы әрі халықаралық көлемде, әрі Россияның ішінде мүлде өзгеше, дүние жүзінде әлі болып көрмеген жағдай туғызды.

Мынадан бастайық: 1917 жылғы Октябрь дүниежүзілік әлеуметтік майданның бұзылғанын көрсетіп, бүкіл дүниежүзілік тарихта бетбұрыс жасап отыр. Артта қалған отар елдерден бастап, алдыңғы қатардағы Америкаға дейін уланбайтақ әлеуметтік майданның жатқанына, онан соң бұл майданды халықаралық пролетариаттың орыс отрядының ойсырата бұзғанына көз салып қараңыз; бұл бұзу империализмнің өмір сүруін екіталай етті, империализм шонжарларының барлық үміттері мен барлық жоспарларын шатастырды, халықаралық пролетариаттың капиталға қарсы күресін жеңілдетті, жеңілдеткенде мейлінше жеңілдетті, — 1917 жылғы Октябрьдің тарихи маңызы міне осындай. Осы кезден бастап біздің партиямыз **ұлттық** күштен көбінесе **халықаралық** күшке айналды, ал орыс пролетариаты халықаралық пролета-

риаттың артта қалған отрядынан соның **авангардына** айналды. Халықаралық пролетариаттың бұдан былайғы жердегі міндеті — орыс бұзбасын кеңейте түсу, алға кеткен авангардқа көмектесу, батыл авангардты дұшпанның қоршап алып, базасынан айыруына жол бермеу. Мұның керісінше, халықаралық империализмнің алдына қоятын міндеті — орыс бұзбасын жою, қайткен күнде де жою болмақ. Міне сондықтан да біздің партиямыз, егер ол өкімет билігін қолынан шығармайын десе, «**барлық елдерде** революцияны дамыту, қолдау, өршіту **үшін** бір елде (өз елінде. — **И. Ст.**) жүзеге асырарлық істі барынша» (**Лениннің** «Пролетарлық революция және ренегат Каутский»[31] деген еңбегін қараңыз) іске асыруға міндеткер болып отыр. Міне сондықтан да біздің партиямыз ұлттық күштен 1917 жылғы октябрьден бастап халықаралық күшке, **халықаралық** көлемдегі төңкеріс партиясына айналды.

1917 жылғы Октябрьдің нәтижесінде партияның **ел ішіндегі** күйінде де осындай түбірлі өзгеріс болды. Өткен дәуірлерде партия ескі тәртіпті қыйратудың, Россияда капиталды құлатудың тұтқасы болды. Енді, үшінші дәуірде, мұның керісінше, партия Россияның ішіндегі төңкеріс партиясынан құрылыс партиясына, шаруашылықтың жаңа формаларын құрушы партияға айналды. Бұрын партия жұмысшылардың таңдаулы күштерін ескі тәртіптерге шабуыл жасауға тартқан еді, енді партия оларды азық-түлік мәселесін, транспортты, индустрияның негізгі тарауларын жолға қою ісіне тартып отыр. Бұрын партия шаруалардың революциялық элементтерін помещиктерді құлату ісіне қатыстырған еді, енді партия оларды

ауыл шаруашылығын жақсарту ісіне, шаруалардың еңбекші элементтері мен өкімет басында турған пролетариаттың арасындағы одақты нығайту ісіне тартып отыр. Бұрын партия кенже қалған ұлттардың таңдаулы элементтерін капиталға қарсы күресуге тартқан еді, енді партия оларды орыс пролетариатымен тізе қосып іс істеу негізінде осы ұлттардың еңбекші элементтерінің тұрмысын жөндеу ісіне тартып отыр. Бұрын партия армияны, ескі генералдық армияны, қыйратқан еді, енді партия революцияның жеңістерін сыртқы жаулардан қорғауға қажетті жаңа армияны, жұмысшы-шаруа армиясын, құруға тиіс болды.

Россияның ішіндегі төңкеріс партиясынан РКП бейбітшілік құрылысының партиясына айналды. Нақ сондықтан да партия Россияда ендігі жерде керексіз болып шыққан ереуіл, көтеріліс сияқты күрес формаларын пролетариаттың арсеналынан шығарып тастады.

Бұрын соғыс ісі мен шаруашылық ісіне жетік адамдарсыз да іс істеуге болатын еді, өйткені партияның жұмысы көбінесе сынау жұмысы еді, ал сынау деген оңай нәрсе... Енді партия іске жетік адамдарсыз жұмыс істей алмайды; ескі мамандарды пайдаланумен қатар, партия өздерінің іске жетік адамдарын: жасақтаушыларды, жабдықтаушыларды, ұрсымпаздарды (соғыс жағынан), азық-түлікшілерді, ауылшаруашылық қызметкерлерін, теміржолшыларды, кооператорларды, индустрия, сыртқы сауда ісіне жетіктерді (шаруашылық жағынан) шыңдап шығаруға тиісті. Мұнсыз құрылыс жұмысы мүмкін емес.

Мұнымен қатар партияның күштері мен құралда-

рының, оның резервтерінің орасан көбейіп, арта түсуі жағынан да партияның күйіне өзгеріс енді.

Партияның резервтері:

1) Россияның ішіндегі түрліше әлеуметтік топтардың арасындағы қайшылықтар.

2) Айналадағы капиталистік мемлекеттердің арасындағы, кейде соғыс шайқасуларына барып соғатын қайшылықтар мен дау-жанжалдар.

3) Капиталистік елдердегі социалистік қозғалыс.

4) Артта қалған және отар елдердегі ұлт азаттық қозғалысы.

5) Россиядағы шаруалар мен Қызыл Армия.

6) Дипломатия мен сыртқы сауда аппараттары.

7) Мемлекеттік өкіметтің бүкіл күш-қуаты.

Партия стратегиясы маневр жасай алатын күштер мен мүмкіндіктердің көлемі, — ал бұл көлем керегінше кең, — жалпы алғанда міне осындай; партия тактикасы осыларға сүйене отырып, күштерді жұмылдыру жөнінде күнделікті жұмыс жүргізе алады.

Бұлардың бәрі де 1917 жылғы Октябрьдің тиімді жақтары.

Бірақ Октябрьдің көлеңке жақтары да бар. Мәселе мынада: Россияда пролетариат өкімет билігін қолға алғанда ішкі, сыртқы ерекше жағдайларда қолға алды, бұл жағдайлар өкіметті қолға алғаннан кейінгі партияның күллі жұмысына әсерін тигізді.

Біріншіден, Россия шаруашылық жағынан артта қалған ел, өзінің қолындағы шикізатын батыс елдердің машиналары мен жабдықтарына айырбастамайынша Россияның жеке өз күшімен транспортты жолға қоюы, индустрияны өркендетіп, қала мен село өнеркәсібін электрлендіруі тым қиынға соғады. Екінші-

ден Россия күні бүгінге дейін өзіне жау елдердің — өнеркәсіп жағынан анағұрлым дамыған капиталистік мемлекеттердің қоршауындағы социалистік арал болып келеді. Егерде Советтік Россияның өнеркәсіп жағынан дамыған іргелес бір ірі немесе бірнеше советтік мемлекеті болған болса, онда Советтік Россия машина мен жабдыққа шикізат айырбастау негізінде ондай мемлекеттермен оп-оңай тізе қосып іс істей алған болар еді. Бірақ әзірге мұндай жағдай жоқ, Советтік Россия және оның үкіметіне басшылық етіп отырған біздің партия өнеркәсіпті бір яки бірнеше капиталистік елдерде пролетарлық революция жеңіп шыққанға дейін қажетті техниканы алып отыру үшін Батыстың капиталистік жау топтарымен шаруашылық байланысын жасаудың түрлері мен әдістерін іздестіруге мәжбүр болды. Қарым-қатнас жасаудың концессиялық түрі мен сыртқы сауда — осы мақсатқа жетудің құралы болып табылады. Мұнсыз шаруашылық құрылысын жүргізу ісінде, елімізді электрлендіру ісінде шешуші табыстарға жету деген қыйынға соғады. Бұл процестің баяу және самарқау процесс болатындығы күмәнсіз, бірақ ол лажсыз болатын, болмай қалмайтын процесс, сондықтан кейбір сабырсыз жолдастардың жедел нәтижелерге жетуді, нәтижелі әрекеттер істеуді талап етіп мазасыздануынан лажсыздықтың аты лажсыздық болмай қоймайды.

Экономикалық тұрғыдан қарағанда капиталистік топтардың өз арасындағы кәзіргі дау-жанжалдар мен әскери соқтығыстардың, сол сыякты пролетариаттың капиталистер табына қарсы күресінің негізі — кәзіргі өндіргіш күштердің өздерінің дамуының ұлттық-империалистік шеңберімен және меншіктенудің капиталис-

тік формаларымен үйлесе алмағандығы. Империалистік шеңберлер мен капиталистік форма өндіргіш күштерді тұншықтырып, дамытқызбай отыр. Бұдан құтылудың бірден-бір жолы — алдыңғы қатарлы (өнеркәсіпті) елдер мен артта қалған (отынды-шикізатты) елдердің шаруашылық жағынан өзара бірігіп іс істеу негізінде (соңғыларын алғашқыларының тонауы негізінде емес) дүниежүзілік шаруашылықты ұйымдастыру. Дәл мұның үшін халықаралық пролетарлық революция керек. Мұнсыз дүниежүзілік шаруашылықты ұйымдастырып, оны қалыпты түрде дамытамыз деп ойламаса да болады. Ал дүниежүзілік шаруашылықты дұрыс жүргізуді жолға қоя бастау үшін (ең болмағанда, бастау үшін) ең болмағанда алдыңғы қатарлы бірнеше елдерде пролетариаттың жеңіп шығуы қажет. Әзірге мұның өзі болмай отырғанда, партиямыздың шаруашылық майданда капиталистік топтармен істес болудың жанама жолдарын іздестіруіне тура келеді.

Міне сондықтан, өз буржуазиясын құлатып, пролетарлық революцияның туын көтерген партия, мұнымен бірге, партияның «барлық елдерде революцияны дамыту, қолдау, өршіту үшін бір елде жүзеге асарлық істі барынша жүргізу» жөніндегі саясаты нақтылы нәтижелерге жеткізгенге дейін елімізде ұсақ өндіріс пен ұсақ өнеркәсіпті «еркіндете түсуді», капитализмнің шінара қайта жандануына жол беруді, жол бергенде оны мемлекеттік өкіметке тәуелді ете отырып жол беруді, арендаторлар мен акционерлерді, т. т., т. с. іске тартуды қолайлы деп есептейді.

1917 жылғы Октябрь туғызған өзгеше жағдайлар, тиімді және көлеңкелі жағдайлар, міне осындай; біз-

дің партиямыз өз өмірінің үшінші дәуірінде осы жағдайларда іс істеп, дамып келеді.

Россияның ішінде де, оның сыртында да кәзірде біздің партиямыздың ие болып отырған аса зор күшқуаты осы жағдайлармен белгіленеді. Партия кез болып отырған, калай болғанмен де партия жеңіп шығуға тиісті орасан кыйыншылыктар мен қауіптер де осы жағдайлармен белгіленеді.

Партияның сыртқы саясат жөніндегі бұл дәуірдегі міндеттері біздің партияның халықаралық революция партиясы ретіндегі күйімен белгіленеді. Бұл міндеттер:

1) Империализмді іріту максатында, елімізді коршап отырған капиталистік топтар мен үкіметтердің арасындағы кайшылыктар мен жанжалдардың бәрін түгел пайдаланып отыру.

2) Батыстағы пролетарлық революцияға көмек көрсету үшін күш, құралдарды аямау.

3) Шығыста ұлт-азаттық қозғалысын күшейтуге барлық шараларды колдану.

4) Қызыл Армияны нығайту.

Партияның ішкі саясат жөніндегі бұл дәуірдегі міндеттері біздің партияның бейбітшілік құрылыс жұмысының партиясы ретіндегі Россияның ішіндегі күйімен белгіленеді. Бұл міндеттер:

1) Пролетариат пен еңбекші шаруалардың одағын нығайту, мұның жолы:

а) шаруалардың ішіндегі неғұрлым жігерлі, шаруашылыкка икемді элементтерін мемлекеттің құрылыс жұмысына тарту;

б) шаруа шаруашылығына ауылшаруашылық білімдер беру жөнінде, машиналарын түзету, т. б. жөнінде көмектесу;

в) қала мен деревняның арасында өнімдерді дұрыс айырбастау ісін өрістету;

г) ауыл шаруашылығын бірте-бірте электрлендіру.

Мынадай бір мәнді жағдайды есте ұстау керек. Батыстың революциялары мен пролетарлық партияларынан өзгеше, біздің революцияның тамаша ерекшелігі және партиямыздың орасан зор табысы мына факт болып табылады: Россияда ұсақ буржуазияның неғұрлым қалың, күш-қуаты зор топтары, шаруалар, буржуазияның мүмкін резервтері болудан пролетариаттың нағыз шын резервтеріне айналды. Бұл жағдай орыс буржуазиясының әлсіздігін көрсетті, оның әлсіздігі орыс пролетариатының мүдделеріне тиімді болды. Мұның басты себебі — Батыстан өзгеше, Россияда шаруалар помещиктердің құлдығынан азат етілгенде пролетариаттың басшылығымен азат етілді. Россияда пролетариат пен еңбекші шаруалардың одағы нақ осы негізде жасалды. Коммунистердің міндеті — осы одақты ардақтап, оны нығайта беру.

2) Индустрияны өркендету, мұның жолы:

а) индустрияның негізгі салаларын игеруге және ондағы істейтін жұмысшыларды жабдықтау ісін жақсартуға бар күшті салу;

б) шеттен машиналар, құрал-жабдықтар әкелу жөнінде сыртқы сауданы өрістету;

в) акционерлерді, арендаторларды іске тарту;

г) азық-түлік жағынан маневр жасай аларлықтай аз болса да қор жасау;

д) транспортты, ірі өнеркәсіпті электрлендіру.

Өз дамуының кәзіргі дәуірінде партияның міндеттері, жалпы алғанда, міне осындай.

„Правда“ № 190,
28 август, 1921 ж.
Кол койғач: И. Сталин

ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОРЫС КОММУНИСТЕРІНІҢ ҰЛТ САЯСАТЫ

Октябрь революциясының бір күші мынада: ол, Батыстағы революциялардай емес, орыс пролетариатының маңына әлденеше миллиондаған ұсақ буржуазияны және, бәрінен бұрын, ұсақ буржуазияның ең қуатты, ең саны көп топтарын — шаруаларды біріктірді. Сонымен орыс буржуазиясы дара қалдырылды, армиясыз қалдырылды, ал орыс пролетариаты елдің тағдырын шешушіге айналды. Мұнсыз орыс жұмысшылары өкіметті ұстап тұра алмас еді.

Бітім, аграрлық төңкеріс және ұлттар бостандығы — міне, уланбайтақ Россиядағы жыйырмадан аса ұлттардың шаруаларын орыс пролетариатының қызыл туының айналасына жыйнаған негізгі үш момент осы.

Бұл арада алдыңғы екі момент туралы сөз қылудың қажеттігі жоқ, олар туралы әдебиетте жетерліктей айтылған, оның үстіне олар өзінен-өзі түсінікті. Үшінші моментке — орыс коммунистерінің ұлт саясатына келсек, мұның маңыздылығы, шамасы әлі толық ұғылып жеткен жоқ. Сондықтан ол туралы бірнеше сөз айтудың артықтығы болмайды.

Мынадан бастайық: РСФСР-дағы 140 миллион халықтың ішінде (Финляндияны, Эстонияны, Латвияны, Литваны, Польшаны қоспағанда) великоростар 75 миллионнан артық емес, ал қалған 65 миллионы великорустан басқа ұлттар.

Сонсын, бұл ұлттар, көбінесе, шеткері аймақтарды, соғыс жағынан көбірек қауіпті жерлерді мекен етеді, жәнеде бұл шеткері аймақтарда шикізат, отын, азық-түлік өнімдері мол.

Ақырында, бұл шеткері аймақтар, орталық Россияға қарағанда, өнеркәсіп пен соғыс жағынан кемірек дамыған (не мүлде дамымаған); сондықтан орталық Россияның соғыс-шаруашылық жөніндегі жәрдемінсіз олар өздерінің дербес тіршілігін қорғай алмайды, сол сияқты шеткері аймақтардың отын, шикізат, азық-түлік жөніндегі жәрдемінсіз орталық Россия да өзінің соғыс-шаруашылық қуатын сақтап тұра алмайды.

Осы жағдайлар және коммунизмнің ұлт программасының белгілі ережелері орыс коммунистерінің ұлт саясатының сыйпатын белгілеп берді.

Бұл саясаттың мәнін бірнеше сөзбен былай айтып беруге болады: орыстан басқа ұлттар мекен еткен облыстарды «иемдену ниеттері» мен «праволардың» қандай түрінен болса да, бәрінен де бастарту; ол ұлттардың өз алдына мемлекет болып өмір сүруге праволы екендігін (сөз жүзінде емес, іс жүзінде) мойындау; ол ұлттардың орталық Россиямен ерікті түрде соғыс-шаруашылық одағын жасауы; артта қалған ұлттардың мәдениет, шаруашылық жағынан дамуына жәрдемдесу, мұнсыз «ұлттың тең праволылығы» дегеннің өзі бос сөзге айналады; осының бәрін шаруа-

ларды толық азат ету, бүкіл өкіметті шеткері аймақтардағы ұлттардың еңбекші элементтерінің қолына беру жолымен орындау, — орыс коммунистерінің ұлт саясаты міне осындай.

Өкіметті қолына алған орыс жұмысшылары, осындай ұлт саясатын жүзеге асыруға даяр екендігін іс жүзінде дәлелдемесе, Финляндияны иемденуге «праволы» болудан бастартпаса, Солтүстік Персиядан әскерді қайырып алмаса, орыс империалистерінің Монголия мен Қытайдың белгілі аудандарын қаратып алу ниеттерін жоймаса, бұрынғы Россия империясындағы артта қалған ұлттардың мәдениетін, мемлекеттігін ана тілінде өркендетуіне жәрдемдеспесе, — өзге ұлттан шыққан жолдастарының және, бәрінен бұрын, толық правосы жоқ ұлттардың езілген бұқараларының тілектестігі мен сенімін өздеріне қарай аударып ала алмайтын еді; бұл айтпасақ та белгілі.

РСФСР халықтарының бұзылмас берік одағы тек осындай сенімнің негізінде ғана туа алды; бұл одаққа қарсы жасалған «дипломатиялық қулық-сұмдықтардың, әбден ойланып жасалған «блокадалардың» қандайы болса да, бәрі де дәрменсіз әрекет болып шықты.

Ол ол ма. Бұрынғы Россияның шеткері аймақтарындағы езілген бұқараның осындай тілектестігі мен сенімі болмаса, орыс жұмысшылары Колчакты, Деникинді, Врангельді жеңе алмайтын еді. Бір ұмытпайтын нәрсе — сол бүлікшіл генералдардың әрекет істеген аудандары көбінесе орыстан басқа ұлттар мекен еткен шеткері аймақтар болды, ал бұл ұлттар Колчакты, Деникинді, Врангельді, олардың империалистік

және орыстандырушылық саясаты үшін, жек көрмей тұра алмайтын еді. Сол генералдарды қолдап, ісіне араласқан Антанта шеткері аймақтардың орыстандырушы элементтеріне ғана сүйене алды. Антантаның мұнысы тек шеткері аймақтардағы халықтың бүлікшіл генералдарды жек көруін күшейтіп, Совет өкіметіне тілектестігін арттыра түсті.

Колчактың, Деникиннің, Врангельдің тылдарының ішкі жағынан әлсіздігі, демек, олардың майдандарының да әлсіздігі, яғни, сайып келгенде, олардың жеңіліп қалуы осы жағдайдан болды.

Бірақ орыс коммунистерінің ұлт саясатының игі нәтижелері РСФСР-дың және соған байланысты совет республикаларының көлемімен ғана тынбайды. Ол нәтижелер, рас, жанамалап болса да, көршілес елдердің РСФСР-ға көзқарастарында да біліпіп отыр. Түркияның, Персияның, Ауғанстанның, Индияның және басқа шығыс елдерінің бұрын бұл елдердің зәресін алушы ел болып саналған Россияға көзқарастарының түбірінен түзелгені факт; бұған таласуға лорд Керзон сықылды батыр саясатшының да қазір батылы бармайды. Жоғарыда көрсетілген ұлт саясаты Совет өкіметі өмір сүрген төрт жыл бойына РСФСР ішінде үнемі жүзеге асырылып отырмаған болса, көршілес елдердің Россияға көзқарастарында әлгі айтылған түбірлі өзгерістің болуы мүмкін болмас еді; мұны дәлелдеп жатудың қажеті бола қояр ма екен.

Орыс коммунистерінің ұлт саясатының қортындылары, жалпы алғанда, осындай. Олар, ол қортындылар, дәл қазір, Совет өкіметінің төрт жылдығында, ауыр соғыс бітіп, өрісті құрылыс жұмысы басталған-

да жəне өткендегіні бір шолып өту үшін артына еріксіз бір қайрылып қараганында өте-мөте айқын көрінеді.

„Правда" № 251,
6-7 ноябрь, 1921 ж.
Қол қойған: И. Сталин

ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Россияның өмірінде халықаралық жағдайдың аса зор маңызы бар. Мұның себебі, Европадағы басқа елдердің бәрі сияқты, Россияның сансыз дәнекерлер арқылы іргелес капиталистік елдермен байланысты болғандығынан ғана емес, мұның себебі, ең алдымен, мынадан: Россия советтік ел болғандықтан және осы себепті буржуазиялық дүниеге «қорқынышты» болып отырғандықтан оқиғаның аяқ алысы бойынша буржуазиялық мемлекеттерден құралған дұшпан лагерьдің қоршауында қалған болып шықты. Осылай болған соң, бұл лагерьдегі істің жайының, бұл лагерьдің ішіндегі күресуші күштердің арасалмағының Россия үшін аса зор маңызы болмай қоймайтындығы түсінікті нәрсе.

Халықаралық жағдайды сыйпаттайтын негізгі момент деп мына фактыны есептеу керек: ашық соғыс дәуірі «бейбіт» күрес дәуірімен алмасты, күресуші күштер аздап бірін-бірі мойындай бастады, олардың арасында, бір жағынан, буржуазиялық контрреволюцияға бас болған Антанта мен, екінші жағынан, пролетарлық революцияның алдыңғы қатарлы отряды болған Рос-

сияның арасында уақытша тыныштық орнады. Күрес империализмді дәл кәзір құртып жіберерліктей біздің (жұмысшылардың) әлі де болса оншама күшті емес екендігімізді көрсетті. Бірақ күрес олардың (буржуалардың) енді Советтік Россияны тұншықтырарлықтай оншама күшті емес екендігін де көрсетті.

Осыған байланысты Қызыл Армияның, мәселен, Варшаваға шабуыл жасаған күндерінде дүние жүзі буржуазиясының пролетарлық революциядан үрейленіп «қорқуы» немесе «зәресінің кетуі» басылып, тарқады. Мұнымен бірге Европа жұмысшыларының Советтік Россия туралы әрбір хабарды дерлік шексіз шабытпен қабыл алуы да басылып келеді.

Күштерді дұрыс есепке алатын дәуір, келешек ұрыстар үшін күш әзірлеп, күш жыйнау жөнінде біртіндеп жұмыс жүргізетін дәуір басталды.

Мұның мәнісі — күштердің 1921 жылдың бас кезінде-ақ орнаған белгілібір тепе-теңдігі сол күйінде өзгермей қалды деген сөз емес. Тіптен де олай емес.

Дүниежүзілік буржуазия, империалистік соғыстың нәтижелеріне байланысты революциядан жеген соққыларынан есін жыйнап, айыққан соң, қорғанудан «өз» жұмысшыларына шабуыл жасауға көшті, өнеркәсіп дағдарысын шебер пайдаланып, жұмысшыларды күн көрудің нашар жағдайларына ұрындырды (жалақының төмендеуі, жұмыс күнінің ұзартылуы, жаппай жұмыссыздық). Бұл шабуылдың нәтижелері Германияда өте-мөте ауыр болды, онда (басқаларын былай қойғанда) марка құнының қатты төмендеуі жұмысшылардың күйін онан бетер нашарлатып жіберді.

Осының себебінен жұмысшы табы ішінде біртұтас жұмысшы майданын жасау жолындағы, жұмысшы үкіметін құру жолындағы күшті қозғалыс (әсіресе Германияда) туды, қозғалыс болғанда, жұмысшы табының азды-көпті революциялық фракцияларының бәрінің де, «баяу» фракцияларынан бастап «әсіре» фракцияларына дейін бәрінің де, келісімге келіп, ортақ жауға қарсы бірлесіп күрес жүргізулерін керек қылатын қозғалыс туды. Жұмысшы үкіметі жолындағы күресте коммунистердің алдыңғы қатарда болатындығына күмәндануға негіз жоқ, өйткені бұл күрес буржуазияны онан әрі ірітіп, қазіргі коммунистік партияларды нағыз бұқаралық жұмысшы партияларына айналдыруға тиіс.

Бірақ іс буржуазияның «өз» жұмысшыларына шабуыл жасауымен тіпті де тына қоймайды. Россияны ауыздықтамайынша «өз» жұмысшыларын жеңе алмайтындығын буржуазия жақсы біледі. Буржуазияның Россияға қарсы жаңа шабуыл, бұрынғы шабуылдардың бәрінен де күрделі, тыңғылықты шабуыл әзірлеу жөніндегі жұмысты күшейте түсіп отырғандығы осыдан.

Әрине, Россиямен сауда договорлары және басқа да договорлар жасалынып келеді, бұдан былай да жасалына бермекші, Россия үшін мұның аса зор маңызы да бар. Бірақ мынаны есте ұстау керек: Россияны қаптаған, онымен сауда жүргізіп және оған көмектесіп отырған сауда миссиялары мен қоғамдары, өзге де миссиялар мен қоғам атаулылардың бәрі сонымен бірге дүниежүзілік буржуазияның таңдаулы тыңшылары болып отыр, сол себепті енді ол, дүниежүзілік буржуазия, Советтік Россияны, оның осал жақтары мен күшті

жақтарын бұрын-сонды білгенінен гөрі жақсы біледі,— бұл жағдайлардың өзі — интервенциялық жәнә аттаныстар бола қалған күнде зор қауіп туғызатын жағдай.

Әрине, шығыс мәселесі жөніндегі жұртқа мәлім егестер «түсініспеушіліктен» туған нәрсе дей салыңды. Бірақ мынаны есте ұстау керек: Советтік Россияны шаруашылық жағынан (тек шаруашылық жағынан ғана емес) айнала қоршап алу үшін, Түркияны, Персияны, Ауғанстанды, Қыйыр Шығысты империализм агенттері, алтыны, онан басқа да «игіліктері» қаптап кетті. Вашингтондағы «бейбітшілік» конференциясы дейтіннің бізге шын бейбіт дәнене де бермейтінін дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен.

Әрине, біз Польшамен де, Румыниямен де, Финляндиямен де «ең жақсы» қарым-қатнастамыз. Бірақ мынаны есте ұстау керек: бұл елдер, әсіресе Польша мен Румыния, Антантаның есебінен қатты қаруланып, соғысқа әзірленуде (Россиямен соғыспағанда кіммен соғыспақ?), кәзір бұл елдер, бұрынғыдай, империализмнің ең жақын резервтері болып отыр, нақ сол елдер осы жуырда Россия жеріне (тыныштылық жүргізу үшін?) савинковшылар мен петлюрашылардың ақгвардияшы отрядтарын түсірді.

Осылардың бәрі және осы тәрізді басқа да көп нәрселер, сынайына қарағанда, Россияға жаңа шабуыл әзірлеу жөніндегі жалпы жұмыстың жеке желілері болып табылады.

Экономикалық күресті соғыс күресімен байланыстыру, іштен жасалатын шабуылды сырттан жасалатын шабуылмен ұштастыру — бұл шабуылдың неғұрлым ықтымал формасы осындай.

Бұл шабуылды болғызбау немесе, ол қалайда бола қалған күнде — оны дүниежүзілік буржуазияға тажал болып тиетін құралға айналдыру біздің қолымыздан келе ме, — мұның өзі коммунистердің тыл мен армиядағы қырағылығына, шаруашылық майданындағы жұмысымыздың жемісті болып шығуына, ақырында, Қызыл Армияның табандылығына байланысты.

Сыртқы жағдай, жалпы алғанда, осындай.

Советтік Россияның ішкі жағдайы бұдан да гөрі күрделі, керек десеңіз, «тіптен тамаша». Ішкі жағдайды былай деп сыйпаттауға болады: индустрияны, ауыл шаруашылығын, транспортты өркендету үшін жұмысшылар мен шаруалардың одағын жаңа негізде, шаруашылық негізінде нығайту жолында күресу, немесе басқаша айтқанда: шаруашылық күйзеліс жағдайында пролетариат диктатурасын сақтап қалу, нығайту жолында күресу деп сыйпаттауға болады.

Батыста мынадай бір теория бар, бұл теория бойынша жұмысшылар халықтың көпшілігі болатын елде, яки, ең болмағанда өнеркәсіпте істейтіндер халықтың көпшілігі болатын елде, тек сол елде ғана жұмысшылар өкіметті қолына алып, оны ұстап тұра алады. Міне дәл осыған сүйеніп, Каутский мырзалар пролетариат халықтың азшылығы болып отырған Россияда пролетарлық революцияның «заңдылығын» теріске саяды. Бұл теорияның үн-түнсіз сүйенетін жорамалы: ұсақ буржуазия, бәрінен бұрын шаруалар, жұмысшылардың өкімет жолындағы күресін қолдай алмайды, шаруалардың дені пролетариаттың резерві емес, буржуазияның резерві, деген жорамал. Бұл жорамалға

тарихи негіз болған нәрсе мынау: Батыста (Франция, Германия) ұсақ буржуазия (шаруалар) қыйын-қыстау жағдайларда әдетте буржуазия жағына шығып кетіп отырған (1848 жылы және 1871 жылы Францияда болған жағдай, 1918 жылдан кейін Германияда болған пролетарлық революция әрекеті).

Бұл жағдайдың себептері:

1) Батыстағы буржуазиялық революция буржуазияның басшылығымен өтті (ол кезде пролетариат революцияның ауыр күші ғана болған еді), онда шаруалар, былайша айтқанда, буржуазия арқылы жер алды, феодалдық кіріптарлықтан азат болды, сол себепті буржуазияның шаруаларға жүргізетін ықпалы сол кездің өзінде-ақ қамтамасыз етілді деп есептелінді.

2) Батыстағы буржуазиялық революцияның басталуынан пролетарлық революцияның алғашқы әрекеттеріне дейін жарты ғасырдан артығырақ уақыт өтті, осы жарты ғасыр ішінде шаруалар деревняда күшті, ықпалды село буржуазиясын шығарып үлгіре алды; село буржуазиясы шауралар мен қаланың ірі капиталын байланыстыратын дәнекер болды, сөйтіп буржуазияның шаруаларға гегемон болуын баянды етті.

Жоғарыда айтылған теория осы тарихи жағдайда туды.

Россиядағы жағдайдың бұдан мүлде өзгеше екенін көреміз.

Біріншіден, Россиядағы буржуазиялық революция (февраль — март, 1917 ж.), Батыстағыға қарама-қарсы, пролетариаттың басшылығымен өтті, буржуазияға қарсы қатты ұрыстармен өтті, бұл ұрыстардың бары-

сында шаруалар өздерінің көсемі ретіндегі пролетариаттың төңірегіне топтанды.

Екіншіден, Россиядағы пролетарлық революция (октябрь, 1917 ж.) әрекеті де (ойдағыдай әрекеті), Батыстағыға қарама-қарсы, буржуазиялық революциядан соң жарты ғасырдан кейін басталмай, сол буржуазиялық революцияның ізінше іле-шала, небәрі 6—8 айдан кейін басталды; әрине, бұл 6—8 айдың ішінде шаруалар күшті, ұйымдасқан село буржуазиясын шығара алмады, ал 1917 жылы октябрьде құлатылған ірі буржуазия енді будан былайғы жерде бас көтере алмады.

Осы соңғы жағдай жұмысшылар мен шаруалардың одағын онан әрі нығайта түсті.

Міне сондықтан, Россия халқының азшылығы болған орыс жұмысшылары бұған қарамастан ел иесі болып шықты, халықтың орасан көпшілігін, ең алдымен, шаруаларды өздеріне тілектес, көмектес етіп алды, өкіметті қолына алып, оны ұстап тұра алды, ал буржуазия, ешбір теорияға қарамастан, оқшау қалып қойды, шаруа резервтерінсіз қалды.

Будан шығатын қортынды мынау:

1) Халықтың пролетарлық құрамының «міндетті түрде көпшілік болуы» жөніндегі жоғарыда суреттелген теория орыс өмір шындығының тұрғысынан қарағанда жеткіліксіз, теріс теория, немесе ол теорияны Каутский мырзалар, не дегенмен, тым жеңіл, тым тұрпайы түсіндіріп жүр.

2) Пролетариат пен еңбекші шаруалардың революцияның барысында қалыптасқан факт жүзіндегі одағы, қазіргі тарихи жағдайларда, Россиядағы Совет өкіметінің негізі болып отыр.

3) Коммунистердің міндеті — осы факт жүзіндегі одақты сақтау, оны нығайта беру.

Бұл арада істің бар мәні мынада: бұл одақтың формалары әрқашан бірдей бола бермейді.

Бұрын, соғыс кезінде, біз көбінесе соғыс-саяси одағын жасадық, яғни, Россиядан помещиктерді қудық, жерді шаруалардың пайдалануына алып бердік, ал помещиктер «өздерінің игілік дүниесі» үшін соғысқа аттанған кезде — біз олармен соғысып, революцияның жеңістерін қорғап қалдық, бұл үшін шаруа жұмысшыларға азық-түлік берді, армияға адамдар жетістіріп отырды. Мұның өзі одақтың бір формасы еді.

Қәзір, соғыс бітіп, жерге бұдан былай қауіп төнбей тұрған кезде, одақтың бұрынғы формасы енді жеткіліксіз болып шықты. Енді одақтың басқа формасы керек. Қәзір мәселе жерді шаруаның қолынан шығармауда болып отырған жоқ, осы жердің өнімдерін емін-еркін билеуіне шаруаға право беруде болып отыр. Мұндай право берілмейінше: егіс көлемінің бұдан былай кеми беретіндігі, ауыл шаруашылығының үсті-үстіне төмендей беретіндігі, транспорт пен өнеркәсіптің (астық жоқтықтан) әлсірейтіндігі, армияның (астық жоқтықтан) ыдырайтындығы сөзсіз, осылардың күллісінің нәтижесі ретінде — жұмысшылар мен шаруалардың факт жүзіндегі одағының бұзылмай қалмайтындығы да сөзсіз. Мемлекеттің қолында белгілі мөлшерде астық қорының болуы өнеркәсіпті жандандырып, Совет мемлекетін сақтап қалудың ең басты тетігі болатындығын дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен. Кронштадт оқиғасы (1921 жылдың көктемі) одақтасудың бұрынғы формасының жойылғанын көрсеткен,

одақтасудың шаруашылық жағынан жұмысшыларға да, шаруаларға да пайда келуін қамтамасыз ететін жаңа, шаруашылық формасының керек екенін көрсеткен сақтандыру болды.

Жаңа экономикалық саясатты түсінудің кілті міне осында.

Азық-түлік салғыртын және басқа да сол тәрізді кедергілерді жою жаңа жолда бір адым алға басқандық болып табылады; бұл адым ұсақ өндірушіні еркіндетті, азық-түлікті, шикізатты және басқа өнімдерді үсті-үстіне өндіруге демеу болды. Өндіргіш күштерді дамытуда азамат соғысынан кейін Солтүстік Америка қандай қарқынды басынан кешірген болса, Россияның да нақ сондай жаппай қарқынды басынан кешіріп отырғанын еске алатын болсақ, әлгі адымның орасан зор маңызы бар екендігін түсіну қыйын емес. Бұл адым, ұсақ өндірушінің өндірістік жігерін еркіндете отырып және оған белгілі мөлшерде пайда келтіре отырып, оны, дегенмен, мынадай жағдайға — егер транспорт пен индустрияның мемлекет қолында болуын ескеретін болсақ, — Совет мемлекетін қолдауға мәжбүр болатын жағдайға қояды, бұған күмән жоқ.

Бірақ азық-түлік пен шикізатты көптеп өндіруге жетісу аздық қылады. Оның үстіне, осы өнімдердің транспортты, индустрияны, армияны, т. б. қолдауға қажетті белгілі мөлшерін жыйнап, дайындап алу керек болады. Сондықтан, азық-түлік салғыртын жою шарасына жәй ғана толықтыру болып табылатын азық-түлік салығын былай қойсақ, онда азық-түлік, шикізат дайындау істерін Тұтыну кооперативтерінің Орталық одағына (Центросоюз) беруді екінші қадам деп есеп-

теу керек. Рас, Центросоюздың жергілікті органдарының тәртіпсіздігі, оның тез өркендеген товар рыногінің жағдайларына бейімделмегендігі, товар айырбасының заттай формасының қолайсыздығы және оның ақшалай формасының тез дамуы, ақша қаражаттарының жетімсіздігі, т. т. Центросоюздың өзіне жүктелген міндеттерін орындап шығуына мүмкіндік бермеді. Бірақ, негізгі азық-түлік өнімдері мен шикізатты жаппай дайындаудың басты аппараты болып табылатын Центросоюздың ролінің күннен күнге арта беретіндігіне күмәндануға ешбір негіз жоқ. Жалғыз-ақ қажеті:

а) мемлекет Центросоюзды ел ішіндегі сауда операцияларын (мемлекеттік операциялар емес) қаржыландырудың орталығы ететін болсын;

б) мемлекет кооперацияның өзге түрлерін, әлі де болса мемлекетті жат көріп келе жатқан түрлерін, финанс жағынан Цетросоюзға бағындыратын болсын;

в) мемлекет Центросоюздың белгілібір формада сыртқы саудаға қатнасуына жол ашатын болсын.

Ел ішінде ақша айналымын ретке салып отыратын орган ретіндегі Мемлекеттік банкті ашу ісін үшінші қадам деп есептеу керек. Товар рыногі мен ақша айналымының өрістеуі мынадай екі түрлі нәтижеге жеткізеді:

1) әрі сауда операцияларын (жеке адамдар мен мемлекет операцияларын), әрі өндіріс операцияларын (тарифтерді, т. б.) ақшаның ауытқуына толық тәуелді етеді;

2) Россияның халық шаруашылығын блокада кезіндегі тәрізді тұйық, өзіндік шаруашылықтан сыртқы дүниемен сауда жүргізетін айырбас шаруашылығына, яғ-

ни ақша курсының ауытқу реттеріне тәуелді шаруашылыққа айналдырады.

Ал бұдан мынадай қортынды шығады: ақша айналымын тәртіптеп алмайынша, ақша курсын оңдап алмайынша біздің әрі ішкі, әрі сыртқы сауда операцияларымыз екі аяғынан бірдей мықтап ақсайтын болады. Кредитор болып қана қоймай, сонымен қатар жеке адамдардың жыйған-терген көп қаражатын бір орынға жыйып отыратын, соның есесінен оборот жасап, жаңа эмиссияларсыз күнелтетін, ақша айналымының реттеушісі болып табылатын Мемлекеттік банк, — нақ осы Мемлекеттік банк, барлық жағынан бірдей зор болашағы бола тұрса да, әзірге тек «болашақтың музыкасы» болып отыр.

Ақша курсын көтерудің бұдан кейінгі шарасы біздің шетке шығаратын затымызды көбейтіп, біздің өте нашар сауда балансымызды жақсарту болуға тиіс. Центросоюзды сыртқы саудаға қатыстыру бұл жөнде тек іске көмектеседі деп ойлау керек.

Сонсын, тек төлем қаражаты ретінде ғана емес, сонымен қатар Россияның сыртқы кредитін көтерудің факторы ретінде, ал, олай болса, біздің ақшамызға жұрттың сенімін күшейтудің факторы ретінде сыртқы заемның болғаны қажет.

Сонсын, жуырда «Правдада» Сокольников жазған аралас сауда-транзит серіктіктері мен өзге де серіктіктер жағдайымызды сөзсіз жеңілдеткен болар еді; оның үстіне дәл осы арада мынаны да ескерте кету керек: бір кездерде баспасөзде көп әңгіме болған өнеркәсіп концессияларын жаю және біздің шикізатымыздың шетел машиналары мен жабдықтарына дұрыс айырбасталуын өркендету істерінің өзі, ақша шаруа-

шылығын өркендетудің факторлары бола отырып, түгелінен біздің ақшамыздың курсын алдын-ала жақсартуға тәуелді болады.

Ақырында, біздің кәсіпорындарымызды шаруашылық негіздеріне көшіруді, пайда келтірмейтін усақ кәсіпорындарды жауып, оларды арендаға беруді, ең керек деген ірі кәсіпорындарды таңдап алуды, біздің тым көбейіп кеткен мекемелеріміздің штаттарын барынша қысқартуды, мемлекеттің берік материалдық, ақша бюджетін жасауды, және, осылардың бәрінің нәтижесі ретінде — кәсіпорындар мен мекемелердегі нек артушылық ниетін жоюды, жұмысшылар мен қызметкерлерді жалпы іске тартып, олардың еңбектерін жақсартуды және өнімді етуді төртінші қадам деп есептеу керек.

Жүргізіліп жатқан және жүргізілуге тиісті шаралар, жалпы алғанда, осылар; жаңа экономикалық саясат дегеніміз осы шаралардың жыйынтығы болып табылады.

Бұл шараларды жүзеге асырғанда біздің толып жатқан қателіктер жасағанымызды, ол шаралардың шын сыйпатын бұрмалағанымызды айтпасақ та болады. Солай бола тұрса да, нақ осы шаралар бізге жол салып береді, осы жолмен жүргенде біз еліміздің шаруашылық жағынан өркендеуін алға апара аламыз, ауыл шаруашылығы мен индустрияны көтере аламыз және, ешнәрсеге қарамастан, сырттан болатын қорқытушылық пен Россия ішіндегі аштыққа қарамастан, пролетарлар мен еңбекші шаруалардың шаруашылық одағын нығайта аламыз; мұны дәлелденген нәрсе деп есептеуге болады.

Жаңа экономикалық саясаттың — егіс көлемінің ұлғая бастауы түріндегі, кәсіпорындарда еңбек өнімділігінің артуы түріндегі және шаруалардың көңіл күйінің жақсаруы (жаппай бандитизмнің тоқталуы) түріндегі алғашқы нәтижелері әлгі қортындыны күмәнсіз дәлелдейді.

„Правда“ № 286,
18 декабрь, 1921 ж.

Қол қойған: И. Сталин

«ПРАВДАҒА»

«Правда» атақты «Лена күндерінде» революциялық өрлеудің толқынында туды. Бұқаралық жұмысшы газеті «Правданың» нақ сол жарыққа шыққан күндеріндегі жағдай мынадай еді:

1) Столыпиннің «тып-тыныш, біртегіс» кезінен кейін елдегі жалпы қажушылық дәуірі жойылған еді,

2) орыс жұмысшы табының жаңа, 1905 жылғыдан кейінгі екінші, революцияға ынта-жігері күшейген еді,

3) жұмысшы табының қалың бұқарасы большевиктер жағына тартыла бастаған еді.

1912 жылғы «Правда» — большевизмнің 1917 жылғы жеңісінің іргесін қалағандық болып табылады.

И. Сталин

„Правда" № 98,
5 май, 1922 ж.

«ПРАВДАНЫҢ» ОН ЖЫЛДЫҒЫ ЖӨНІНДЕ

(Есте қалғандар)

I. ЛЕНА КҮНДЕРІ

Лена күндері Столыпиннің «тыныштандыру» тәртібінің нәтижесі болды. Партияның жас мүшелері бұл тәртіптің дәмін, әрине, татып көрген жоқ, білмейді де. Қарттарды алсақ, оларға аты өшкір жазалау экспедициялары, жұмысшы ұйымдарына жасалған қарақшылық шабуылдар, шаруаларды жаппай дүрелеушілік және, осының бәрінің бүркеніші ретіндегі, — қаражүздік-кадеттік Дума — мәлім болуға тиіс. Полициялық-помещиктік-капиталистік нәлеттердің жаппай асқынған кезінде қоғамдық ой-пікірдің қыспаққа алынуы, жалпы қажушылық пен бойкүйездік, жұмысшылар арасындағы мұқтаждық пен торығушылық, шаруалардың мұқалғандығы мен жасқаншақтығы — столыпиндік «тыныштандырудың» ерекше өзгешеліктері міне осындай.

Үстірт бақылаушыға революциялар заманы келмеске кеткендей, Пруссияның үлгісі бойынша Россияның «конституциялы жолмен» даму дәуірі басталғандай болып көрінуі мүмкін еді. Жойымпаздар — меньшевиктер бұл туралы ашықтан-ашық жар салып, столыпин-

дік жария жұмысшы партиясын ұйымдастыру қажет деп уағыздады. Ал кейбір қарт «большевиктер», осындай уағызды іштерінен ұнатып, біздің партияның қатарынан күнілгері тайып отырды. Қамшы мен қараңғылықтың мерейі әбден үстем болды. «Ойсырау кесепаты» — сл кезде Россияның саяси өмірі осылай сыйпатталатын.

Лена күндері осы «ойсырау кесепатына» дауылдай жарып кіріп, барша жұртқа жаңа жағдайдың бетін ашты. Столыпиндік тәртіптің онша берік еместігі байқалды, бұқара Думаны жек көретін болды, ал жұмысшы табы, жаңа революция жолындағы ұрысқа тұра ұмтыларлықтай дәрежеде, өз бойына жеткілікті күшқуат жыйнады. Қыйыр Сибирь түкпірінде (Ленадағы Бодайбо) жұмысшылардың атылуы-ақ мұң екен, Россияны ереуілдер қаптап алды, ал Питер пролетариаты, көшеге шығып, мақтаншақ министр Макаровты оның «осылай болды, осылай бола бермек» деген озбырлық ұранымен қоса бір сермегенде жолдан аластады. Бұл — басталып келе жатқан қуатты қозғалыстың бірінші жылқустары еді. Ол кезде «Звезданың»[36]: «біз тіріміз, біздің алқызыл қанымыз сарқылмас күштің жігерімен қайнауда...» деп айтқаны әбден дұрыс еді. Жаңа революциялық қозғалыстың өрлеуі ақыйқат нәрсе еді.

Бұқаралық жұмысшы газеті «Правда» нақ осы қозғалыстың толқынында туды.

2. «ПРАВДАНЫҢ» ҚҰРЫЛУЫ

Бұл 1912 жылғы апрельдің ортасында, кешкісін, Полетаев жолдастың пәтерінде болды; онда Думаның

екі депутаты (Покровский мен Полетаев), екі әдебиетші (Ольминский мен Батурин) және Орталық Комитеттің мүшесі ретінде мен (мен, құпияшы ретінде, «қол сұғылмас» Полетаевтың «аясында» отырғанмын) «Правданың» платформасы туралы келісіп, газеттің бірінші номерін құрастырдық. Бұл кеңеске «Правданың» ең жақын қызметкерлері — Демьян Бедный мен Даниловтың қатысқан-қатыспағандығы есімде жоқ.

Газеттің техникалық және материалдық жағдайлары «Звезданың» үгіті арқылы, қалың жұмысшылар бұқарасының тілектестігі арқылы және заводтар мен фабрикаларда «Правда» үшін ерікті түрде жаппай ақша жыйнау арқылы жасалған болатын. «Правда» шын мәнісінде Россия жұмысшы табының, ең алдымен Питер жұмысшыларының күш-жігерінің нәтижесі болды. Мұндай күш-жігер жұмсалмайынша ол өмір сүре алмаған болар еді.

«Правданың» бейнесі айқын еді: «Правда» бұқараға «Звезданың» платформасын тарату үшін құрылды. «Кімде-кім «Звезданы» оқыйтын болса, — деп жазды «Правда» өзінің бірінші номерінде, — оның қызметкерлерін білетін болса, оның қызметкерлері «Правданың» да қызметкерлері болып табылатынын білетін болса, ол адамға «Правданың» қай бағытта жұмыс істейтінін ұғу қыйын емес»[37]. «Звезда» мен «Правданың» арасындағы айырмашылық тек мынау ғана еді: «Правданың» аудиториясы, «Звездадағыдай» алдыңғы қатарлы жұмысшылар емес, жұмысшы табының қалың бұқарасы болды. «Правда» орыс жұмысшы табының жаңа күреске оянған, бірақ саяси жағынан артта қалған қалың топтарын партия туының төңірегіне топтастыруда алдыңғы қатарлы жұмысшылар-

ға көмектесуге тиісті болды. Дәл сондықтан да «Правда» ол кезде жұмысшылардың өз ортасынан әдебиетшілер дайындап шығарып, оларды газетті басқару ісіне қатыстыруды өз міндеттерінің бірі етіп алға қойды.

«Біз, — деп жазды «Правда» өзінің бірінші номерінде, — жұмысшылардың тек тілектестікпен ғана қанағаттанып қоймай, газетіміздің жұмысына белсенді түрде қатысуларын қалаған болар едік. Жұмысшылар жазушылық ісі «үйреншікті іс емес» деген сөзді айтпайтын болсын: жұмысшы әдебиетшілер даяр күйінде аспаннан түспейді, олар тек жүре-келе, әдебиет жұмысы үстінде ғана дайындалып шығады. Істі тек батыл қолға алу керек: бір-екі рет сүрінген соң жазуға үйренесің...»[38]

3. «ПРАВДАНЫҢ» ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ МАҢЫЗЫ

«Правда» партиямыздың дамуындағы мынадай дәуірде жарыққа шықты: ол кезде астыртын жұмыс түгелінен большевиктердің қолында еді (меньшевиктер одан қашып кеткен-ді), ал ұйымның жария формалары — думалық фракция, баспасөз, аурулар кассалары, қамсыздандыру кассалары, кәсіпшілік бірлестіктер — меньшевиктерден әлі де толық жеңіп алынбаған еді. Бұл дәуір жұмысшы табы ұйымдарының жария формаларынан жойымпаздарды (меньшевиктерді) қуып шығу жолында большевиктердің үзілді-кесілді күрес жүргізген дәуірі болды. Меньшевиктерді «орындарынан алу» ұраны ол кезде жұмысшы қозғалысының ең кәнігі ұраны болды. Қамсыздандыру ұйымдарынан, аурулар кассаларынан және кәсіпшілік бірлес-

тіктерінен бір кездері сонда орналасып алған жойымпаздардың қуылуы туралы хабарлар «Правданың» беттерінде толы еді. Жұмысшы куриясының депутаттық алты орнының бәрі де меньшевиктерден жеңіп алынды. Меньшевиктік баспасөз де нақ осындай немесе осындай дерлік мүшкіл халде еді. Мұның өзі большевиктік пікірдегі жұмысшылардың партия үшін жүргізген шын мәніндегі қаһармандық күресі болды, өйткені патша өкіметінің агенттері қарап жатпай, большевиктерді қудалап, жоюмен болды, ал астыртын жұмыс істеуге мәжбүр болған партия жария бүркеніштері болмайынша ілгері дамый алмайтын еді. Ол олма, — жария ұйымдарды өзіне қаратып алмайынша партия ол кездегі саяси жағдайлар тұсында қалың бұқараға қол соза алмас еді, оны өз туының төңірегіне біріктіре алмас еді, партия бұқарадан қол үзіп, өзі мен өзі болатын тұйық үйірмеге айналар еді.

Партиялық үшін, бұқаралық жұмысшы партиясын құру үшін жүргізілген осы күрестің орталығында «Правда» болды. Ол жария жұмысшы ұйымдарын меңгеріп алу ісіндегі большевиктердің табыстарының қортындыларын жасаушы жай газет қана болып қоймай, сонымен бірге бұл ұйымдарды партияның астыртын ордаларының төңірегіне біріктіретін және жұмысшы қозғалысын белгілі бір мақсатқа бағыттайтын ұйымдастырушы орталық болды. Ленин жолдас «Не істеу керек?» деген еңбегінде-ақ (1902 ж.) жақсы жолға қойылған жалпыорыстық жауынгерлік газет коллективтік үгітші болып қана қоймай, сонымен қатар коллективтік ұйымдастырушы да болуға тиіс деп жазған болатын. Астыртын жұмыс жағдайын сақтап, жария жұмысшы ұйымдарын меңгеріп алу жолында жойым-

паздарға карсы күресу дәуірінде «Правда» нақ осындай газетке айналды. Егер жойымпаздарды жеңбегенде өзінің ұйымшылдығы жағынан күшті, пролетариатқа берілгендігі жағынан жеңілмес мықты, 1917 жылғы Октябрьді ұйымдастырған партия бізде болмас еді деген қағыйда дұрыс болса, — бұрынғы «Правданың» қажырлы, жанкыярлық жұмысы жойымпаздарды осылайша жеңу ісін едәуір әзірлеп, тездеткені де нақ сондай дұрыс. Осы мағнада бұрынғы «Правда», күмән жоқ, орыс пролетариатының болашақ даңқты жеңістерінің жаршысы болды.

„Правда" № 98,
5 май, 1922 ж.
Қол қойған: И. Сталин.

ЛЕНИН ЖОЛДАС ДЕМАЛЫСТА ХАБАРЛАР

Менінше, «Ленин жолдас демалыста» деп кәзір жазбаса да болар еді, өйткені демалысы бітіп, Ленин жолдас тез арада қызметке қайтқалы отыр. Оның үстіне, менің алған әсерлерімнің көптігі мен бағалылығы сондай — бұлар туралы «Правда» редакциясының талап етіп отырғанындай кішкене хабар түрінде жазу онша лайықты емес. Әйтсе де жазуға тура келеді, өйткені редакция қолқалап отыр.

Менің майданда кексе жауынгерлерді талай кездестіргенім бар; олар «қаз-қатарынан» бірнеше тәулікті демалыссыз, ұйқысыз үздіксіз ұрыстармен өткізетін де, онан кейін ұрыстан діңкесі құрып қайтып, қалпақтай ұшатын, содан «он сегіз сағат бойы қатарынан» ұйықтап алып, демалыстан соң жаңа ұрыстар үшін тыңайып тұратын, ал мұндай ұрыссыз олардың «күні жоқ». Біржарым ай үзілістен кейін, июльде бірінші рет жолыққан кезімде Ленин жолдас маған нақ сол кексе жауынгердей — кісі қажырлық үздіксіз ұрыстардан кейін тынығып алып, демалыстан соң тыңайған жауынгердей — әсер етті. Тыңайған да, реңденген, бірақ жү-

зінде кажығандықтың, шаршап-шалдыққандықтың белгісі бар.

— «Менің газет оқуыма болмайды, — деп мысқылдайды Ленин жолдас, — менің саясат туралы сөйлеуіме болмайды, газет болып жүре ме, осыдан барып тәртіп бұзушылық туа ма деп қауіптеніп, стол үстінде жатқан әр бір парақ қағаздан орағытып өтемін».

Мен сақ-сақ күліп, Ленин жолдастың тәртіптілігін көкке көтере мақтаймын. Сол арада екеуміз өзара жолығысқан профессионал саясатшылардың саясат туралы сөйлеспеуіне болмайтындығын түсінбейтін дәрігерлерге күлеміз.

Ленин жолдастың мәселелерге құштарлығы, жұмысқа деген ынтасы, қажымас жігері таң қалдырады. Тәрізі, ынтығып жүрсе керек. Эсерлерге болған сот[39], Генуя мен Гаага[40], егіннің шығымы, өнеркәсіп пен финанс, — осы мәселелердің бәрі де бірінен соң бірі ағылуда. Оқиғалардан қалып қойғанын шағып, ол өз пікірін айтуға асықпайды. Ол көбінесе сұрау беріп, естігенін көңілге тоқиды. Егіннің шығымы жақсы екенін білгенде, өте жайнап кетеді.

Бір ай өткеннен кейін мен мүлде басқа жағдайға кездестім. Бұл жолы Ленин жолдастың жан-жағында үюлі кітаптар мен газеттер жатыр (қалағанынша кітап оқуға да, саясат туралы сөйлеуге де оған рұхсат еткен). Енді қажығандықтың, шаршап-шалдыққандықтың белгісі жоқ. Жұмысқа күйгелектікпен талпынудың да белгісі жоқ, — ынтығы басылған. Сабырлы, нанымды қалпы толық қайта орнаған. Көздерін сығырайтып, әңгімелес кісісіне қулана қарайтын, біздің кәдімгі Ленин...

Оның сессіне, біздің бұл жолғы әңгімеміз де анағұрлым қызу.

Ішкі жағдай... Егін... Өнеркәсіптің халі... Ақшаның құны... Бюджет...

— «Жағдай ауыр. Бірақ ең ауыр күндер артта қалды. Егін істің жайын бүтіндей жеңілдетеді. Егіннен соң іле-шала өнеркәсіп пен финанс жағдайы жақсаруға тиіс. Ендігі мәселе, мекемелерімізбен кәсіпорындарымызды ықшамдап, оларды сапа жағынан жақсартып, мемлекетті керексіз шығындардан босатуда. Бұл істе айрықша қатаңдық керек, сонда оңаламыз, сөзсіз оңаламыз».

Сыртқы жағдай... Антанта... Францияның қылығы... Англия мен Германия... Американың ролі...

— Олардың іші тар және бірін бірі мейлінше жек көреді. Жұлысып қалар. Біздің асығар жайымыз жоқ. Біздің жолымыз дұрыс: біз бейбітшілік пен келісімді жақтаймыз, бірақ біз кіріптарлыққа және келісімнің кіріптарлық шарттарына қарсымыз. Жарамсақтануға да, қорқытуға да берілместен, тұтқаны берік устап, өз жолымызбен жүруіміз керек».

Эсерлер мен меньшевиктер, олардың Советтік Россияға қарсы өршелене үгіт жүргізуі...

— «Я, олар Советтік Россияны әлсірету мақсатын көздеп жүр. Олар империалистердің Советтік Россиямен күресуін оңайлатады. Капитализмнің қордасына белшесінен батып, түңғыйыққа домалап барады. Мейлі жанталаса берсін. Жұмысшы табы үшін олар әлдеқашан өлген».

Ақтардың баспасөзі... Эмиграция... Лениннің өлгендігі туралы егжей-тегжейін айта қиыстырылған рабайсыз ертегілер...

Ленин жолдас күлімдеп, былай дейді: «Мейлі, өтірігін айтсын, көңілдерін жұбата берсін, өлім аузындағыларды ақырғы жұбанышынан айырудың керегі жоқ».

15 сентябрь, 1922 ж.

Ленин жолдас демалыста.
„Праваданың" 215-номеріне
иллюстрацияның қосымша,
24 сентябрь, 1922 ж.

Қол қойған: И. С т а л и н

ПЕТРОГРАДТЫ ҚҮТТЫҚТАУ ДЕПУТАТТАР СОВЕТІНЕ

Пролетарлық диктатураның туғанына бес жыл толған күні осы диктатураның бесігі қызыл Петроградты құттықтаймын.

И. Сталин

„Петроградская Правда" № 271,
6 ноябрь, 1922 ж.

ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ БІРІГУІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

„Правда" газетінің тілшісімен әңгіме

Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы жайындағы мәселе жөнінде біздің тілшіміздің сұрақтарына Сталин жолдас мынадай түсініктер берді[41].

Тәуелсіз республикалардың бірігуі жолындағы қозғалыс кімнің ынтасы бойынша басталды?

— Қозғалысты бастаушы республикалардың өздері. Бұдан үш айдай бұрын Закавказье республикаларының басшы топтары советтік социалистік республикалардың біртұтас шаруашылық майданын құру туралы және оларды одақтас бір мемлекет етіп біріктіру туралы мәселе қойған болатын. Сол кездің өзінде-ақ мәселе Азербайжанның, Грузияның, Арменияның кейбір аудандарында кең партия жиналыстарында каралды, бұл мәселенің өлшеусіз жігер тудырғандығы тиісті карарлардан көрінеді. Осымен бірмезгілде дерлік бірігу туралы мәселе Украина мен Белоруссияда да көтерілді, бұл мәселе ондағы калың партия топтарының арасында да, Закавказьедегі сиякты, анық куанышты пікір туғызды.

Бұл жағдайлар қозғалыстың өмірлілігін және

республикалардың бірігуі туралы мәселенің сөзсіз толғағы піскендігін айқын көрсетеді.

Бұл қозғалыс неден туды, оның негізгі себептері қандай?

— Бұл себептер, көбінесе, шаруашылық себептері. Шаруа шаруашылығына жәрдем беру, өнеркәсіпті өркендету, қатнас-байланыс құрал-жабдықтарын жақсарту, финанс мәселелері, концессиялар және басқа экономикалық договорлар туралы мәселелер, шетелдік рыноктерге товар алушылар немесе товар сатушылар ретінде бірлесіп қатысу, — Республикалар Одағын құру жолындағы қозғалысты туғызған мәселелер міне осылар. Бірінші жағынан, азамат соғысының салдарынан біздің республикалардың ішкі шаруашылық қорларының азаюы, екінші жағынан, шетелдік капиталдың азынаулақ елеулі мөлшерде келіп отырмауы біздің советтік республикалардың бірде-бірі өз күштерімен өз шаруашылығын қалпына келтіре алмастықтай жағдай тудырды. Қазір, советтік республикалар азамат соғысы жойылғаннан кейін шаруашылық мәселелерін шешуге бірінші рет мықтап кіріскен кезде және осы жұмыс үстінде жеке республикалардың оқшау әрекеттерінің мүлде жеткіліксіз екендігін, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын шындап қалпына келтірудің бірден-бір жолы ретінде осы әрекеттерді ұштастырып, республикаларды шаруашылық жағынан біріктірудің сөзсіз қажет екендігін бірінші рет аңғарған кезде бұл жағдай өте-мөте қатты сезіліп отыр.

Ал жеке республикаларды біртұтас шаруашылық одаққа біріктіруге дейін барып, олардың шаруашылық әрекеттерін шындап ұштастыру үшін, үнемі жұмыс

істеп отыратын, бұл республикалардың шаруашылық тіршілігін белгілі бір жолмен жүргізе алатын тиісті одақтық органдар құру кажет. Міне сондыктан да бұл республикалардың өзара жасасқан бұрынғы шаруашылық және сауда договорлары енді жеткіліксіз болып шығып отыр. Міне сондықтан да Республикалар Одағын құру жолындағы қозғалыс бұл договорлардың шеңберінен асып, республикаларды біріктіру туралы мәселе қойып отыр.

Сіз осы бірігу тенденциясын мүлде жаңа құбылыс деп есептейсіз бе, әлде мұның өз тарихы бар ма?

— Тәуелсіз республикалардың бірігу қозғалысы тұтқийыл болған нәрсе емес, «таңғажайып» жаңалық та емес. Мұның өз тарихы бар. Өзінің дамуында бұл бірігу қозғалысы екі дәуірден өтіп, енді үшінші дәуірге еніп отыр.

Бірінші дәуір — 1918 — 1921 жылдар, интервенцияның және азамат соғысының кезеңі; ол кезде республикалардың өмір сүруіне қатерлі қауіп туған еді және бұл республикалар, өз өмірін қорғау үшін, соғыс ісі жөнінде бірігуге мәжбүр болған еді. Бұл дәуір совет республикаларының соғыс бірлігімен, соғыс одағымен аякталды.

Екінші дәуір — 1921 жылдың аяғы, 1922 жылдың басы, Генуя мен Гаага кезеңі; ол кезде Батыстағы капиталистік державалар, интервенцияның күшінен күдер үзіп, совет республикаларында капиталистік меншікті бұрынғыдай соғыс жолымен емес, дипломатиялық жолмен қайта орнатуға тырысып бақты, ол кезде совет республикаларының біртұтас дипломатиялық майданы ең қажетті құрал болды, мұндай құралсыз батыс державаларының тегеуірініне төтеп бе-

ру мүмкін емес еді. Осы негізде, Генуя конференциясы ашылар алдында, тәуелсіз достас сегіз республиканың РСФСР-мен белгілі келісімі жасалды[42], бұл келісімді совет республикаларының дипломатиялық бірлігі демей, басқаша атауға болмайды. Екінші дәуір, біздің республикалардың дипломатиялық одағының дәуірі осылай аякталды.

Кәзір ұлт республикаларының бірігу қозғалысы үшінші дәуірге, шаруашылық жағынан бірігу дәуіріне аяқ басып отыр. Үшінші дәуір бірігу қозғалысының алғашқы екі дәуірін аяктайтындығын түсіну қыйын емес.

Бұдан республикалардың бірігуі ақырында олардың, Қыйыр Шығыс республикасы сыякты, Россияға енгізілуімен, соған қосылуымен тынады деген ұғым тумай ма?

— Жоқ, тумайды! ҚШР[43] мен жоғарыда аталған ұлт республикаларының арасында принципті айырма бар:

а) біріншісі қолдан құрылды (буфер), тактикалық мәні бар есеп бойынша құрылды (буржуазиялық-демократиялық форма Жапонияның және басқа державалардың империалистік әрекеттеріне қарсы берік гарантия болады деп ұйғарылған еді), бірақ әсте ұлттық белгісі бойынша құрылған жоқ, — ал екіншілері, керісінше, тиісті ұлттардың дамуының табиғи нәтижесі ретінде пайда болды, бұлар, әсіресе, ұлттық белгінің негізінде құрылды;

б) өзіндегі халықтың басым көпшілігінің ұлттық мүдделеріне ешбір нұқсан келтірмей-ақ ҚШР-ды жоюға болады (өйткені ондағылар да Россия халқының көпшілігі сыякты орыстар), ал ұлт республикала-

рын жоюдың өзі орыс емес ұлттарды жоюды, оларды орыстандыруды керек ететін реакциялық дөрекілік болар еді, яғни орыс шовинизмінің тіпті қаражүздік Шульгин сыяқты қанышезерлерінің тарапынан да карсы пікір туғызатын реакциялық донкихоттық болар еді.

Нақ осы себептен, буржуазиялық-демократиялық форманың империалистерге карсы гарантия болуға жарамсыздығына көзі жеткен соң-ақ, ҚШР өздігінен жойыла алды, сөйтіп, Россияның құрылымдас бір бөлегіне, Халық Комиссарлары Советі мен Орталық Атқару Комитеті жоқ, Орал немесе Сибирь сыяқты облыска айналды, ал мүлде баска негізде құрылып отырған ұлт республикаларын алсақ, олардың өздерін туғызған ұлттар өмір сүріп тұрғанда, ұлттық тіл, ұлттық мәдениет, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып барда оларды жоюға болмайды, оларды өз Орталық Аткару Комитетінен және өз Халық Комиссарлары Советінен айыруға болмайды. Міне сондықтан да советтік ұлт республикаларының одақтас бір мемлекет болып бірігуі олардың Россияға енгізілуімен, қосылуымен аяқтала алмайды.

Сіздінше, республикалардың біртұтас Одаққа бірігуінің сыйпаты мен формасы кандай?

— Бірігу сыйпаты ерікті түрде, тек қана ерікті түрде болуға тиіс, әрбір ұлт республикасының Одақтан бөлініп шығу правосын өзінде калдыру керек. Сөйтіп, еріктілік принципін Советтік Социалистік Республикалар Одағын құру туралы договордың негізі етіп алу керек.

Бірігу туралы договор жасайтындар: РСФСР (біртұтас федерациялы құрылым), Закавказье федерация-

сы"[4] (бұл да біртұтас федерациялы құрылым), Украина мен Белоруссия. Бұқар мен Хорезм[5], социалистік емес, халықтық совет республикалары болғандықтан, қашан өздерінің табиғи дамуының нәтижесінде социалистік республикалар болып қайта құрылғанға дейін, бұл бірлестіктен тысқары қалуы ықтимал.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының жоғарғы органдары: Одақтың құрамына енетін республикалар өзіндегі халқының пропорциясына қарай сайлайтын Одақтық Орталық Атқару Комитеті және Одақтық Орталық Атқару Комитеті сайлайтын, соның атқарушы органы болатын Одақтық Халық Комиссарларының Советі.

Одақтық Орталық Атқару Комитетінің функциялары: Одақтың құрамына енетін республикалар мен федерациялардың саяси және шаруашылық өмірінің негізгі жетекші ережелерін жасау.

Одақтық Халық Комиссарлары Советінің функциялары:

а) Одақтың әскери, шетелдік, сыртқы сауда, теміржол және почта-телеграф істерін тікелей және емін-еркін жүргізіп отыру;

б) Одақтың құрамына енетін республикалар мен федерациялардың финанс, азық-түлік, советтік халық шаруашылығы, еңбек және инспекция комиссариаттарының жұмысына басшылық ету, ал осы республикалар мен федерациялардың ішкі істер, жер, ағарту, юстиция, әлеуметтік қамсыздандыру және халық денсаулығын сақтау комиссариаттары осылардың өздерінің емін-еркін, тікелей басқаруында болады.

Ұлт республикаларының бірігу қозғалысының бе-

талысын топшылап қарағанда, Республикалар Одағына бірігудің жалпы формасы, меніңше, осындай.

Одақтың екі органнын (Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің) үстіне осылардың аралығында болатын тағыда үшінші одақтық орган сайлау керек, былайша айтқанда, ұлттардың әрқайсысынан тепе-тең өкілдер жіберілетін **жоғарғы** палата сайлау керек деген пікір бар, бірақ, күмән жоқ, бұл пікірді ұлт республикалары қабыл алмайды, неге десеңіз **жоғарғы** палата барда қос палаталы система советтік құрылысқа үйлеспейді, ең болмағанда, онын дамуының кәзіргі кезеңінде үйлеспейді.

Сіздіңше, Республикалар Одағы қаншалық тез жүзеге аса алады және оның халықаралық маңызы қандай?

— Менің ойымша, Республикалар Одағының құрылатын кезі қашық емес. Одақтың құрылуы РСФСР Советтерінің шақырылғалы отырған X съезіне түспа-түс келуі әбден ықтыймал.

Бұл Одақтың халықаралық маңызына келсек, мұны айрықша түсіндіріп жатудың кажеті бола коймас. Егер совет республикаларының соғыс одағы азамат соғысының дәуірінде дұшпандарымыздың соғыс күшімен килігуін тойтаруымызға мүмкіндік берген болса, ал осы республикалардың дипломатиялық одағы Генуя мен Гаага дәуірінде Антантаның дипломатиялық тегеуірініне қарсы күресімізді оңайлатқан болса, совет республикаларының одақтас бір мемлекет болып бірігуі, күмән жоқ, соғыс-шаруашылық саласын түгел камтыйтын ынтымақ формасын жасайды, бұл форма, совет республикаларының шаруашылық ісінде ілгері

басуын барынша оңайлатып, оларды халықаралық капитализмнің қастық әрекеттеріне қарсы тұратын қамалға айналдырады.

„Правда“ № 261,
18 ноябрь, 1922 ж.

СОВЕТ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ БІРІГУІ ТУРАЛЫ

Советтердің Бүкілроссиялық X съезінде жасалған баяндама[46]

26 декабрь, 1922 ж.

Жолдастар! Осы съездің ашылуынан бірнеше күн бұрын, Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы Закавказье республикаларының, Украинаның және Белоруссияның Советтер съезінен осы республикалардың одақтық бір мемлекет болып бірігуінің тілекке сай екендігі және қажеттігі туралы бірқатар қаулылар алды. Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы бұл мәселені талқылай келіп, бірігу ісі дер кезінде қолға алынған деп тапты. Осы қаулыға байланысты бұл съездің күн тәртібіне республикалардың бірігуі туралы мәселе қойылып отыр.

Советтік социалистік республикалардың бірігуі жөніндегі науқан бұдан үш — төрт ай бұрын басталған болатын. Мұның инициативасын алғандар — Азербайжан, Армян және Грузин республикалары еді, кейін бұларға Украин мен Белорус республикалары қосылды. Науқанның мәні ескі договорлы қарым-қатнастардың — РСФСР мен басқа совет республикаларының арасындағы конвенциялық қатнастардың — өз

міндеттерін атқарып болғандығында, енді мұның жеткіліксіз болып шыққандығында. Науқанның мәні мынада: ескі договорлы қатнастардан анағұрлым тығызырақ бірігу қатнастарына — атқару және заң шығару сыйпатында тиісті одақтық органдары бар, өзінің Одақтық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі бар біртұтас одақтық мемлекет құруды қажет ететін қатнастарға көшуге сөзсіз тура келіп отыр. Қысқаша айтқанда: бұрын конвенциялық қатнастардың шеңберінде мезгіл-мезгіл шешіліп отырған мәселелерді енді науқан үстінде тұрақты етіп қалыптандыру ісі ұсынылып отыр.

Республикаларды бірігу жолына итеріп отырған себептер қандай? Бірігудің қажеттігін белгілеген жағдайлар қандай?

Совет республикаларының одақтық бір мемлекетке бірігуін қажет етіп отырған жағдайлардың үш тобы бар.

Жағдайлардың бірінші тобы — біздің ішкі шаруашылық халімізге байланысты фактылар.

Біріншіден, жеті жылдық соғыстың нәтижесінде республикалардың қарамағында қалған шаруашылық қорымыздың тапшылығы, — бұл тапшылық осы тапшы қаражаттарды бұдан да гөрі дұрыстап пайдалануымыз үшін және барлық республикаларда Совет өкіметінің мықты белі болып отырған шаруашылықтың негізгі тарауларын дамыту үшін сол тапшы қаражаттарды біріктіруге бізді итермелеп отыр.

Екіншіден, біздің федерацияның түрліше аудандары мен республикаларының араларында тарихи жолмен табиғи түрде құрылған еңбек бөлінісі, шаруашылық жағынан еңбек бөлінісі. Мысалы, солтүстік оңтүс-

тік пен шығысты матамен жабдықтайды, оңтүстік пен шығыс солтүстікті мақтамен, отынмен, т. т. жабдықтайды. Міне, облыстардың араларында қалыптасқан осы еңбек бөлінісін каламды бір-ақ тартып өшіріп тастауға болмайды: бұл еңбек бөлінісі федерацияның бүкіл шаруашылық дамуының барысында тарихи жолмен келіп құрылған. Республикалардың жеке өмір сүріп тұрған кезінде жеке-жеке аудандардың толық дамуына мүмкіндік бермейтін осындай еңбек бөлінісі республикаларды шаруашылық жағынан біртұтас мемлекет болып бірігуге міндеттеп отыр.

Үшіншіден, кандай да болсын мүмкіндігі бар бірігудің жүйке тамыры және негізі болып отырған, бүкіл федерациядағы негізгі катнас құралдарының бірлігі. Қатнас құралдарының жеке республикалар мүддесінің шеңберінде және солардың билігінде жеке-жеке қалуына жол беруге болмайтыны өзінен өзі түсінікті, өйткені бұл шаруашылық турмысының негізгі жүйке тамырын — транспортты — жоспарсыз пайдаланылатын жеке-жеке бөлшекке айналдырып жібереді. Бұл жағдай да республикаларды бір мемлекет болып бірігуге ыңғайлайды.

Ақырында, біздің финанс қаражаттарымыздың тапшылығы. Жолдастар, ашық айту керек, кәзіргі кезде, Совет өкіметі алтыншы жыл өмір сүріп отырған кезде, мәселен, ескі тәртіптің түсындағыдан гөрі үлкен көлемде дамуға біздің финанс жағдайымыздың мүмкіншіліктері анағұрлым аз, өйткені ескі тәртіптің жылына бес жүз миллион сом пайда келтіріп отырған арағы бар еді, ол бізде болмайды, оның шет елдерден алатын бірнеше жүз миллион қарызы камтамасыз етілген еді, ал бізде бұл тағыда жоқ. Осылардың бәрі

ле, біздің финанс жағынан даму мүмкіншіліктеріміз осындай тапшы болып отырғанда, күш біріктірмейінше, жеке республикалардың финанс күштерін біртұтас етіп қоспайынша, республикаларымыздың финанс шаруашылығының негізгі және кезекті міндеттерін шеше алмайтынымызды көрсетеді.

Біздің республикаларымызды бірігу жолына итеріп отырған жағдайлардың бірінші тобы осындай.

Республикалардың бірігуін белгілеп отырған жағдайлардың екінші тобы — біздің сыртқы халімізге байланысты фактылар. Мен бұл арада соғыс халіміз туралы айтып отырмын. Мен бұл арада Сыртқы сауда комиссариаты арқылы болатын шет ел капиталымен қарым-қатнастарымыз туралы айтып отырмын. Мен бұл арада, ақырында, буржуазиялық мемлекеттермен біздің дипломатиялық қарым-қатнастарымызды айтып отырмын. Жолдастар, біздің республикаларымыз азамат соғысынан аман шықса да, сырттан шабуыл жасалу қаупі әлі жойыла қоймағанын есте сақтау керек. Бұл қауіп, әсіресе қазіргі кезде, біздің, әрине, моралдық жағынан қарусыздану жолына емес, шын материалдық жағынан қаруды ықшамдау жолына түсіп отырған кезімізде, соғыс майданымыздың мүлдем бірыңғай болуын, армиямыздың сөзсіз біртұтас болуын талап етеді. Әсіресе қазір, әскерлер құрамын 600 мыңға түсіргенімізден кейін, республиканың сырттан қауіпсіз болуын қамтамасыз ете алатын бірыңғай тұтас соғыс майданымыз болу қажет.

Онсоң, соғыс қаупінен басқа, біздің федерацияның экономикалық жағынан оқшау қалу қаупі тағы бар. Өздеріңізге мәлім, Генуя мен Гаагадан кейін және Уркарттан[47] кейін біздің республиканы экономика

жағынан бойкот жасау іс жүзіне аспаса да, шаруашылығымыздың мұқтажына керекті капиталдың молынан келіп құйылуы байқалмай отыр. Республикаларымыздың экономикалық жағынан оқшау қалу қаупі бар. Қаупі соғыс интервенциясынан кем болмайтын, интервенцияның осы жаңа формасын капиталистік коршауға карсы өзіміздің совет республикаларымыздың бірыңғай экономикалық майданын жасаған күнде ғана жоюға болады.

Ақырында, біздің дипломатиялық халіміз. Өздеріңіз білесіздер, жуырда, Лозанна конференциясының[18] ашылу қарсаңында, Антанта мемлекеттері қолдан келгенше біздің федерацияны оқшау қалдыруға тырысты. Дипломатия жағынан бұл олардың қолынан келмеді. Біздің федерацияға карсы жасалған ұйымдасқан түрдегі дипломатиялық бойкотты біз бузып шықтық. Антанта біздің федерациямен санасуға, кейін іркілуге, бірқатар шегінуге мәжбүр болды. Біздің федерацияны дипломатиялық жағынан оқшаулаудың осы және осы сияқты фактылары кайталамайды деп есептеуге ешбір дәлел жоқ. Бұдан, дипломатия жағынан да, біріккен майданның қажеттігі келіп туады.

Советтік социалистік республикаларды бірігу жолына итеріп отырған жағдайлардың екінші тобы осындай.

Жағдайлардың бірінші тобы да, екінші тобы да, кәзіргі уақытка дейін, Совет өкіметінің барлық өмір сүріп келген дәуірінде өзінің күшінде болып келді және өз күшінде калып отыр. Жаңа ғана мен айтқан шаруашылық мұқтаждарымыз да, сыртқы саясат жүзіндегі соғыс-дипломатиялық мұқтаждарымыз да, кү-

мән жоқ, бұрын да болып келген. Алайда, тек енді ғана, азамат соғысы біткен кезде, республикаларымыз шаруашылық құрылысқа кірісуге алғаш рет мүмкіншілік алған кезде, өзінің шаруашылық қаражаттарының бүкіл тапшылығын және ішкі шаруашылық жүзінде болсын, сыртқы саясат жүзінде болсын бірігудің бүкіл қажеттігін алғаш рет көрген кезде бұл жағдайлар айрықша күш алып отыр. Міне сондықтан, енді, Совет өкіметі алтыншы жыл өмір сүріп отырғанда, тәуелсіз советтік социалистік республикалардың бірігуі туралы мәселе күн тәртібіне қойылып отыр.

Ақырында, тағыда сол бірігуді талап етіп отырған және Совет өкіметінің құрылыс сыйпатына, Совет өкіметінің таптық жаратылысына байланысты фактылардың үшінші тобы. Совет өкіметі өзінің ішкі мәні жағынан интернационалдық болып құрылған, бұл өкімет бұқара арасында бірігу идеясын мейлінше сініре береді, оларды бірігу жолына өзі итереді. Капитал, жеке меншік және канаушылық адамдарды біріне-бірі дұшпан лагерьлерге бөліп, бөлшектейді, бұған Великобритания, Франция және тіпті Польша мен Югославия тәрізді көп ұлтты кішкене мемлекеттер де мысал бола алады, бұл мемлекеттердің негізінің өзін жегідей жейтін, бітіспейтін ішкі ұлттық қайшылықтары бар, — менің айтып отырғаным: — егер, сол Батыста, капиталистік демократия үстем болып отырған және мемлекеттер жеке меншікке негізделіп отырған жерде, мемлекеттің негізінің өзі өзара ұлт наразылығына, дау-жанжалдарға және күреске ыңғайлап отыратын болса, — бізде, Советтер дүниесінде, өкімет капиталға емес, еңбекке негізделіп құрылған жерде, өкімет жеке

меншікке емес, коллективтік меншікке негізделіп құрылған жерде, өкімет адамды адам қанауға емес, қайта сол қанаушылықпен күресуге негізделіп құрылған жерде, керісінше, өкіметтің жаратылысының өзі еңбекшілер бұқарасын социалистік бір семьяға бірігу жағына қарай табиғи түрде талпынуға ыңғайлайды.

Батыста, буржуазиялық демократияның дүниесінде, көп ұлтты мемлекеттердің біртіндеп құлап бара жатқандығын және өзінің құрамды бөлшектеріне бөлініп ыдырап бара жатқандығын көріп отырмыз (мысалы Великобритания тәрізді, оның Индиямен, Египетпен, Ирландиямен өзінің ісін қалай жөнге салатынын мен білмеймін; немесе Польша тәрізді, мұның да өз ішіндегі белорустармен, украиндармен ісін қалай жөнге салатынын мен білмеймін), ал енді бізде, 30-дан астам ұлтты біріктіріп отырған біздің федерациямызда, керісінше, тәуелсіз республикалардың араларындағы мемлекеттік қатнастардың нығаю процесі болып жатқандығын, тәуелсіз ұлттардың барған сайын тәуелсіз бір мемлекет болып, тығыз жақындасу процесі болып жатқандығын көріп отырмыз; мұның өзі тамаша нәрсе емес пе! Мемлекеттік бірігудің екі түрі міне осы; мұның бірінші түрі, капиталистік түрі, мемлекеттің ыдырап құлауына жеткізеді, ал екінші түрі, советтік түрі, керісінше, бұрынғы тәуелсіз ұлттардың біртіндеп, бірақта берік түрде тәуелсіз бір мемлекет болып жақындасуына жеткізеді.

Жеке республикаларды бірігу жолына итеретін фактылардың үшінші тобы осындай.

Ал енді республикалардың бірігу формасы қандай болуға тиіс? Бірлестіктің негіздері Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының Украина,

Белоруссия және Закавказье советтік республикаларынан алған қарарларында белгіленген.

Төрт республика бірігеді: біртұтас федерациялы құрылым болып РСФСР, тағыда сол біртұтас федерациялы құрылым болып Закавказье республикасы, Украина мен Белоруссия бірігеді. Социалистік емес, халықтық совет республикалары болып табылатын, тәуелсіз советтік екі республика, Хорезм мен Бұқар, әлі социалистік республика болмағандықтан ғана, тек сондықтан ғана, әзірше бұл бірлестіктің шеңберінен тыс қала тұрады. Бұл республикалардың да, өздерінің социализм жағына іштей дамуына қарай, кәзіргі құрылып отырған одақтық мемлекеттің құрамына кіретініне менің күмәнім жоқ, жолдастар, бұған сіздер де күмәнданбассыздар деп сенемін.

Республикалар Одағына РСФСР біртұтас федерациялы құрылым болып кірмей, қайта, әуелі РСФСР-ды өзінің құрамды бөлімшелеріне бөліп алып, РСФСР-дың құрамындағы республикалардың өз алдына жеке кіруі дұрысырақ болып көрінуі мүмкін. Менің ойымша, бұл жол орынды емес, қолайлы емес және жүргізіліп отырған науқанның көздеген мақсатына қайшы келеді. Біріншіден, бұл жол мынаған соқтырар еді: бізде республикаларды біріктіру процесімен қатар, кәзіргі өмір сүріп отырған федерациялық құрылымдарды бұзу процесі жүрер еді, — мұның өзі республикалардың бірігу бағытында басталған революциялық процесті теріс айналдыратын процесс болып шығар еді. Екіншіден, егер біз осы теріс жолмен жүретін болсақ, онда бара-бара автономиялық сегіз республикадан да басқа, РСФСР-дан орыстың Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетін және орыстың

Халық Комиссарлары Советін өз алдына бөлектеп шығаруымызға тура келер еді, мұның өзі кәзіргі кезде әрі тіпті керексіз, әрі зиянды болып табылатын және не ішкі жағдайымыз үшін, не сыртқы жағдайымыз үшін қажеті жоқ, ұйымдастыру жағынан үлкен сапырылысқа әкеліп соқтырған болар еді. Міне сондықтан, менің ойымша, одақ болып бірігуші субъектілер төрт республика: РСФСР, Закавказьелік федерация, Украина және Белоруссия болуға тиіс.

Бірігу туралы договор жасағанда оның негізі мына төмендегілер болуға тиіс: сыртқы сауда комиссариаты, соғыс-теңіз істерінің комиссариаты, сыртқы істер комиссариаты, Жол Қатнас Халық Комиссариаты және Почта-Телеграф Халық Комиссариаты Одақтың Халық Комиссарлары Советінде ғана құрылады. Финанс, шаруашылық, азық-түлік, еңбек және инспекция халық комиссариаттары договор жасасушы республикалардың құрамында қалады, бірақ олар одақтық орталықтағы тиісті комиссариаттардың директивалары бойынша қызмет істейтін болуы керек. Мұның өзі Азық-түлік, Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советі, Финанс немесе Еңбек Халық Комиссариаты жөнінен республикалардың еңбекші бұқараларының күштері одақтық орталықтың басшылығымен бірігуі үшін қажет Ақырында, қалғандары: ішкі істер, юстиция, ағарту, жер т. б. комиссариаттар, — булар небәрі алтау, — республикалар құрамына кіретін халықтардың тұрмысына, әдеттеріне, жерге қоныстануының ерекше формаларына, сот құрылысының ерекше формаларына, тіліне және мәдениетіне тікелей қатнасы бар комиссариаттар болғандықтан, — договор жасаушы республикалардың Орталық Атқару Комитеті мен Халық Ко-

миссарлары Советінің басшылығымен істейтін, дербес комиссариаттар болып қалуға тиіс. Мұның өзі советтік республикалардың құрамына кіруші халықтардың ұлттық дамуының бостандығын қамтамасыз ететін нақтылы жағдай ретінде қажет.

Менің көзқарасым бойынша, жақын күндердің ішінде республикаларымыздың арасында жасалатын договордың ірге тасы болуға тиісті негіздер міне осылар.

Осыған сәйкес, мен Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы қабылдаған қарардың жобасын ұсынамын:

1. Россия Советтік Федерациялы Социалистік Республикасының, Украин Советтік Социалистік Республикасының, Закавказье Советтік Федерациялы Социалистік Республикасының және Белорус Советтік Социалистік Республикасының Советтік Социалистік Республикалар Одағына бірігуі мезгілі жеткен іс деп танылсын.

2. Бірігудің негізіне республикалардың еріктілік және тең праволылық принципі алынсын, олардың әрқайсысында Республикалар Одағынан өз еркімен шығу правосы сақталсын.

3. Украина, Закавказье республикасы және Белоруссия делегацияларымен бірге, Республикалар Одағының құрылғандығы туралы декларацияның жобасын жасау, жобада республикалардың одақтық бір мемлекет болып бірігуін қажет еткен жағдайларды баяндау РСФСР-дың делегациясына тапсырылсын.

4. Делегацияға РСФСР-дың Республикалар Одағына кіру шарттарын жасау ісі тапсырылсын, одақтық договорды қараған кезде делегация мына төмендегі қағыйдаларды қорғауға міндетті болсын:

а) тиісті одақтық заң шығарушы және атқарушы органдарының құрылуы;

б) соғыс-теңіз, жол қатнас, сыртқы істер, сыртқы сауда және почта мен телеграф комиссариаттарының қосылуы;

в) договор жасаушы республикалардың финанс, азық-түлік, халық шаруашылығы, еңбек және жұмысшы-шаруа инспекция-

сы комиссариаттарының Республикалар Одағының тиісті комиссариаттарының директиваларына бағынуы;

г) договор жасаушы республикалардағы халықтардың ұлттық даму мүдделерінің толық қамтамасыз етілуі.

5. Договордың жобасы, Республикалар Одағының бірінші съезіне салынбастан бұрын, Президиум арқылы Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің қабылдауына тапсырылсын.

6. Бірігу шарттарын Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің қабылдауы негізінде, Советтік Социалистік Республикалар Одағын құру туралы Украина, Закавказье және Белоруссия советтік социалистік республикалары мен РСФСР-дың договорын жасау жөнінде делегацияға өкілдік берілсін.

7. Договор Республикалар Одағының I съезінің бекітуіне тапсырылсын.

Сіздердің назарыңызға мен ұсынып отырған карардың жобасы осындай.

Жолдастар! Совет республикалары құрылғаннан бері дүние жүзінің мемлекеттері екі лагерьге: социализм лагері мен капитализм лагеріне бөлінді. Капитализм лагерінде империалистік соғыстарды, ұлттық араздықты, езушілікті, отарлардың құлдыққа түсуін және шовинизмді көріп отырмыз. Советтер лагерінде, социализм лагерінде, керісінше, өзара сенімділікті, ұлттық тең праволылықты, халықтардың татулығын, туысқандық ынтымағын көріп отырмыз. Капиталистік демократия ондаған жылдар бойы ұлттардың еркін даму мүддесін қанау системасымен біріктіру жолымен ұлттық қайшылықты шешуге тырысып келеді. Бірақ мұнысы бүгінге дейін іс жүзіне асқан емес және аспайды да. Қайта, ұлттық қайшылықтардың түйіні барған сайын шиеленісіп, капитализмге өлім қаупін туғызып келеді. Тек бізде ғана, Советтер дүниесінде, социализм лагерінде ғана, ұлттық езудің тамыры жойылып, халықтардың өзара сенімділігі мен туысқандық ынты-

мағы жолға салынды. Советтер осыны іс жүзіне асырғаннан кейін ғана, біз өзіміздің федерациямызды құруға және оны ішкі жаудың да, сыртқы жаудың да шабуылынан қорғап қалуға мүмкіншілік алдық.

Осыдан бес жыл бұрын Совет өкіметі халықтардың татулығының және туысқандық ынтымағының негізін салды. Кәзір, осында бірігудің тілекке сай екендігі және оның қажеттігі туралы мәселені шешіп отырған кезімізде, біз мұны жаңа іспен — жаңа, күшті, одақтық еңбек державасын құрумен аяқтауымыз керек болып отыр. Жақында ғана өздерінің съездеріне жыйналып, Республикалар Одағы құрылсын деп бірауыздан қаулы алған республикаларымыздың халықтарының тілегі бірігу ісінің дұрыс жолда екендігін, бұл бірігу халықтардың еріктілігі мен тең праволылығының ұлы принципіне сүйенетіндігін даусыз көрсетіп отыр. Жолдастар, өзіміздің одақтық республикамызды құрумен біз халықаралық капитализмге қарсы берік қамал жасаймыз, жаңадан құрылатын одақтық мемлекет бүкіл дүние жүзінің еңбекшілерін Дүниежүзілік Советтік Социалистік Республикаға біріктіру жолында батыл басқан жаңа адым болады деп сенеміз. (Ұзақ қол шапалақтау. «Интернационал» жырланады.)

„Правда" № [illegible]
28 декабрь, 1922 ж.

СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ТУРАЛЫ

ССРО Советтерінің I съезінде жасалған баяндама[49]
30 декабрь, 1922 ж.

Жолдастар! Совет өкіметінің тарихында бүгінгі күн ұлы өзгеріс күні болып табылады. Бұл күн, совет республикалары бірге қызмет істесе де, ең алдымен өзінің өмір сүру мәселесімен айналысып, жеке-жеке жүрген, енді өтіп кеткен ескі дәуір мен жаңа дәуірдің, басталып-ақ қалған дәуірдің, совет республикаларының жеке-жеке өмір сүруі аяқталып, шаруашылық бүліншілігіне қарсы ойдағыдай күресу үшін республикалардың біртұтас одақтық мемлекет болып ұйымдасқан дәуірінің, Совет өкіметі енді тек өзінің өмір сүруін ғана ойлап қоймай, халықаралық жағдайға әсер ете алатын, оны еңбекшілердің мүддесіне қарай өзгерте алатын, халықаралық елеулі күш болып дамуды ойлайтын жаңа дәуірінің арасына меже тартылған күн.

Совет өкіметі бұдан бес жыл бұрын қандай еді? Өзінің барлық жауларына күлкі болған, ал көптеген достарының аянышын тудырған кішкене ғана, елеусіз нәрсе еді. Ол дәуір соғыс бүліншілігінің дәуірі еді, ол кезде Совет өкіметі өз күшіне сүйенуден гөрі, өз дұшпандарының әлсіздігіне сүйенген еді, ол кезде Совет

өкіметінің жаулары екі коалиция болып, австро-герман коалициясы мен ағылшын-француз коалициясы болып екіге жарылып, өзара соғысып жатқан, сөйтіп Совет өкіметіне қарсы қару жұмсауға мүмкіндігі болмай жатқан еді. Ол дәуір Совет өкіметінің тарихында соғыс бүлiншiлiгiнің дәуірі болатын. Алайда, Колчак пен Деникинге қарсы күресте Совет өкіметі Қызыл Армияны құрды, соғыс бүлiншiлiгiнің дәуірінен табыспен шықты.

Осыдан былайғы жерде Совет өкіметінің тарихында екінші дәуір, шаруашылық бүлiншiлiгiмен күресу дәуірі басталды. Бұл дәуір әлі аяқталған жоқ, бірақ бұл қазірдің өзінде-ақ өз жемісін беріп отыр, өйткені біз осы дәуірдің ішінде өткен жылы ел басына душар болған ашаршылыққа қарсы Совет өкіметінің ойдағыдай күрес жүргізгенін көріп отырмыз. Біз осы дәуірдің ішінде ауыл шаруашылығының едәуір өрлегенін, жеңіл өнеркәсіптің едәуір жанданғанын көріп отырмыз. Біз өзіміздің үміт күтіп, берік сеніп отырған, өнеркәсіп кадрларымыздың басшы тобының іріктеліп шыққанын көріп отырмыз. Бірақ шаруашылық бүлiншiлiгiн жеңіп шығуымыз үшін бұлардың бәрі әлі тіпті жеткіліксіз. Бүлiншiлiктi құрту, жою үшін барлық совет республикаларының күшін біріктіруіміз қажет, республикалардың барлық финанс және шаруашылық мүмкiншiлiктерін өнеркәсібіміздің негізгі тарауларын қалпына келтіру ісіне жұмсауымыз қажет. Совет республикаларын одақтық бір мемлекетке біріктірудің қажеттігі осыдан келіп шығады. Бүгінгі күн шаруашылығымызды қалпына келтіру ісіне барлық күшті қосу үшін республикаларымыздың бірігу күні болып табылады.

Соғыс бүліншілігімен күресу дәуірі бізге Совет өкіметінің өмір сүруінің бір негізі болып табылатын Қызыл Армияны берді. Келесі дәуір — шаруашылық бүліншілігімен күресу дәуірі — мемлекет ретінде өмір сүруіміздің жаңа шеңберін — Советтік Социалистік Республикалар Одағын бермек; мұның өзі совет шаруашылығын қалпына келтіру ісін алға бастыратыны күмәнсіз.

Совет өкіметі қазір қандай болып отыр? Совет өкіметі қазір жаулардың күлкісін келтіретін емес, олардың тісін қайрататын, ұлы еңбек державасына айналып отыр.

Совет өкіметінің бес жыл өмір сүргендегі дамуының қортындысы осындай.

Бірақ, жолдастар, бүгінгі күн тек қортынды шығарушы күн ғана емес, сонымен бірге ескі Россияны — Европаның жандармы болған Россияны, Азияның жендеті болған Россияны — жаңа Россияның жеңген күні. Бүгінгі күн — ұлттық езудің бұғауын талқандаған, капиталды жеңуді ұйымдастырған, пролетариат диктатурасын құрған, Шығыс халықтарын оятқан, Батыс жұмысшыларына дем берген, қызыл туды партия туынан мемлекет туына айналдырған және бір мемлекетке — болашақ Дүниежүзілік Советтік Социалистік Республиканың бейнесі болып табылатын Советтік Социалистік Республикалар Одағына біріктіру үшін осы тудың маңына совет республикаларының халықтарын жыйнаған жаңа Россияның үстем болған күні.

Бізді, коммунистерді, жаңа нәрсе құруға қаблетсіз деп екінің бірінде сөгеді. Бес жылғы өмірі ішіндегі Совет өкіметінің тарихы коммунистердің жаңа нәрсені құра алатынына да кепіл болсын. Өкілдік делегация-

лардың кешегі конференциясы қабылдаған Республикалар Одағы туралы Декларация мен Договорды бекіту үшін шақырылған Советтердің бүгінгі съезі, осы одақтық съезд әлі де болса түсіну қаблетін жоғалтпағандардың бәріне, коммунистердің ескіні қандай жақсы қыйрата алатын болса, жаңаны да сондай жақсы құра алатынын көрсетсін.

Жолдастар, өкілдік делегациялардың кешегі конференциясы[50] қабылдаған Декларация мынау. Мен мұны оқыймын (қараңыз: қосымша № 1).

Ал енді міне тағыда сол конференция қабылдаған Договордың тексті мынау. Мен мұны оқыймын (қараңыз: қосымша № 2).

Жолдастар, совет республикаларының өкілдік делегацияларының конференциясының тапсыруы бойынша мен сіздерге жаңа ғана оқылған Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы туралы Декларация мен Договордың текстін бекітуді ұсынамын.

Жолдастар, осыларды коммунистерге тән бірауыздылықпен қабылдауларыңызды, сөйтіп адам баласы тарихының жаңа бір тарауын бастауларыңызды өтінем. (Қол шапалақтау.)

„Правда" № 298,
31 декабрь, 1922 ж.

ОРЫС КОММУНИСТЕРІНІҢ СТРАТЕГИЯСЫ МЕН ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ[51]

Пресня ауданының жұмысшы клубында және Свердлов университетіндегі[52] коммунистер фракциясында менің «Орыс коммунистерінің стратегиясы мен тактикасы туралы» әртүрлі уақытта оқыған лекцияларым осы мақалаға негіз болды. Менің бұл мақаланы жарыққа шығаруға ұйғарған себебім — пресняльіқтар мен свердловшылардың тілегін орындауды өз міндетім деп есептейтіндігімнен ғана емес, сонымен қатар, бұлай еткен себебім — мақаланың өзі меніңше партия қызметкерлерінің жас ұрпағы үшін пайдасыз емес сияқты. Алайда, мынаны ескерте кетуім керек: біздің басшы жолдастарымыз орыстың партиялық баспасөзінде бұған дейін бірнеше рет айтқан пікірлермен салыстырғанда бұл мақала мәні жағынан әлденендей тың жаңалық енгізуді көздемейді. Бұл мақаланы Ленин жолдастың негізгі көзқарастарының қысқаша, схемалық желісі деп қарау керек.

I
АЛҒЫ ҰҒЫМДАР

1. ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЕКІ ЖАҒЫ

Тактика сияқты, саяси стратегияның да жұмысшы қозғалысына қатысы бар. Ал жұмысшы қозғалысының өзі екі элементтен: объективтік яғни стихиялық элементтен және субъективтік яғни саналы элементтен құралады. Объективтік, стихиялық элемент дегеніміз пролетариаттың саналы және тәртіптегіш еркінен тыс болатын процестер тобы. Елдің экономикалық дамуы, капитализмнің дамуы, ескі өкіметтің құйрауы, пролетариаттың және оның айналасындағы таптардың стихиялық қозғалыстары, таптардың тартыстары т. б. — осының бәрі пролетариаттың еркінен тыс дамитын құбылыстар, бұл — қозғалыстың объективтік жағы. Стратегияның бұл процестерге істер дәнеңесі жоқ, өйткені оның өзі бұларды бұза да алмайды, өзгерте де алмайды, тек осылармен санасуы ғана, осыларға сүйенуі ғана мүмкін. Бұл — марксизм теориясы мен марксизм программасының зерттеуіне жататын тарау.

Бірақ қозғалыстың субъективтік, саналы жағы да бар. Қозғалыстың субъективтік жағы дегеніміз қозғалыстың стихиялық процестерінің жұмысшылар санасына құйылуы, пролетариаттың белгілі мақсатқа қарай беталған саналы, жоспарлы қозғалысы. Қозғалыстың бұл жағының бізге қызғылықты болатын себебі, тегінде, мынадан: мұның өзі, қозғалыстың объективтік жағынан ерекше бола отырып, бүтіндей стратегия мен тактиканың жөн сілтегіш ықпалына беріледі. Егер стратегия қозғалыстың объективтік

процестерінің бағытын зәрдей де өзгерте алмайтын болса, ал мұнда, қозғалыстың субъективтік, саналы жағына келгенде, керісінше, стратегияны қолдану өрісі кең және әралуан, өйткені ол, стратегия, өзінің мінсіздігіне немесе кемшіліктеріне қарай қозғалысты тездете я баяулата алады, қозғалысты ең төте жолға сала алады я оны анағұрлым азапты, ауыр жолға бұрып жібере алады.

Қозғалысты тездету я баяулату, оны оңайлату я бөгеу, — міне, саяси стратегия мен тактиканың қолданылатын саласы мен шектері осындай.

2. МАРКСИЗМНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРОГРАММАСЫ

Қозғалыстың объективтік процестерін зерттеу ісімен стратегияның өзі шұғылданбайды. Солай бола тұрса да ол, егер қозғалысты басқару ісінде өрескел, қатерлі қателер жіберем демесе, бұл процестерді білуге, бұларды дұрыс есептеуге міндетті. Қозғалыстың объективтік процестерін зерттоу ісімен, ең әуелі, марксизм теориясы, онан соң марксизм программасы шұғылданады. Сондықтан стратегия марксизм теориясы мен программасының мәліметтеріне толық сүйенуге тиісті.

Марксизм теориясы, капитализмнің объективтік процестерін олардың дамуы және құрып бітуі жағынан зерттей отырып, буржуазияның құлауы және өкіметті пролетариаттың басып алуы күмәнсіз, капитализмнің орнына социализмнің құрылуы күмәнсіз деген қортындыға келеді. Марксизм теориясының осы негізгі қортындысын өз жұмысына негіз етіп алған күнде ғана пролетарлық стратегияны нағыз марксистік стратегия деп атауға болады.

Марксизм программасы, теорияның мәліметтеріне сүйене отырып, пролетарлық қозғалыстың программа пункттерінде ғылыми жолмен тұжырымдалған мақсаттарын белгілейді. Программа не капиталистік дамудың бүкіл дәуірін қамтыйтын болады, бұл ретте капитализмді құлату және социалистік өндіріс ұйымдастыру мақсаты көзделеді, не капитализмнің дамуындағы белгілі бір кезенді қамтыйды, мәселен, феодалдық-абсолютистік құрылыстың қалдықтарын құрту және капитализмнің еркін дамуына жағдай жасау мақсаты көзделеді. Осыған қарай программаның екі бөлімі: максимум бөлімі мен минимум бөлімі болуы мүмкін. Программаның минимум бөлімін қамтыйтын стратегия программаның максимум бөлімін қамтыйтын стратегиядан өзгеше болуға тиісті емес екендігі өзінен өзі түсінікті, онсоң марксизм программасында тұжырымдалған қозғалыс мақсаттарын өз жұмысына нұсқау етіп алған күнде ғана стратегияны нағыз марксистік стратегия деп атауға болады.

3. СТРАТЕГИЯ

Стратегияның аса маңызды міндеті — жұмысшы табының қозғалысына жөн сілтейтін және программада көрсетілген мақсаттарға жету үшін пролетариаттың дұшпанға мықтап соққы беруіне тиімдірек жағдай жасайтын негізгі бағытты белгілеу болып табылады. Стратегия жоспары дегеніміз бәрінен бұрын ең көп нәтиже берерлік бағытта шешуші соққыны ұйымдастыру жоспары.

Саяси стратегияның негізгі өзгешеліктерін соғыс стратегиясымен, мәселен, азамат соғысы дәуіріндегі, Деникинмен күрескен кездегі соғыс стратегия-

сымен салыстыру арқылы оп-онай суреттеуге болар еді. 1919 жылдың аяқ кезі — Деникин Туланың түбінде тұрған кез — барша жұрттың есінде. Сол кезде әскерилердің арасында: Деникиннің армияларына қай тұстан шешуші соққы беру керек деген мәселе жөнінде қызу таластар болды. Әскерилердің біреулері соққы берерлік негізгі бағыт ретінде Царицын — Новороссийск бағытын таңдау керек деп ұсыныс жасады. Екінші біреулері, керісінше, шешуші соққыны Воронеж — Ростов бағытында жасау керек, сөйтіп, осы бағытты өткеннен кейін және осы арқылы Деникиннің армияларын екіге бөлгеннен кейін, оларды біріндеп талқандау керек деп ұсынды. Алғашқы жоспардың, күмән жоқ, өзіндік жақсы жағы бар еді, атап айтқанда ол жоспар бойынша, Новороссийскіні алғаннан кейін, Деникин армияларының шегінер жолы кесілер еді. Бірақ ол жоспар, бір жағынан, тиімсіз еді, өйткені біз онда Совет өкіметіне қас аудандарды (Дон облысы) басып өтуге, сөйтіп көптеген шығынға ұшырауға тиісті болар едік; екінші жағынан, ол жоспар қауіпті еді, өйткені онда Деникин армияларының Тула, Серпухов арқылы Москваға ұмтылуына жол ашылар еді. Негізгі соққының екінші жоспары бірден-бір дұрыс жоспар еді, өйткені ол, бір жағынан, біздің негізгі тобымыздың Совет өкіметіне тілектес аудандарды (Воронеж губерниясы — Донбасс) басып өтуін көздеді және пәлендей шығынды керек қылмады; екінші жағынан, ол Москваға бара жатқан Деникин әскерлерінің негізгі тобының әрекеттерін бұзды. Әскерилердің көпшілігі екінші жоспарды жақтады, сөйтіп, осы арқылы Деникинге қарсы соғыстың тағдыры шешілді.

Басқаша айтқанда: негізгі соққының бағытын белгілеу дегеніміз — соғыстың басынан аяғына дейінгі ұрыс әрекеттерінің сыйпатын, демек, бүкіл соғыс тағдырының $^9/_{10}$ бөлегін алдын ала шешу деген сөз. Стратегияның міндеті осы.

Саяси стратегия туралы да осыны айту керек. Россия пролетариатының саяси басшыларының арасындағы бірінші елеулі қақтығыс тоғыз жүзінші жылдардың басында, орыс-жапон соғысының кезінде пролетарлық қозғалыстың негізгі бағыты туралы мәселе жөнінде болды. Өздеріңізге мәлім, партиямыздың бір бөлегі (меньшевиктер) ол кезде: пролетариаттың патша өкіметіне қарсы күресіндегі қозғалысының негізгі бағыты пролетариат пен либералдық буржуазия арасында одақ жасау жолымен жүруге тиіс деген көзқараста болды, жәнеде революциялық маңызды фактор болып табылатын шаруалар жоспардан шығарылып тасталды, немесе одан жөнді орын алмады, ал либералдық буржуазияға жалпы революциялық қозғалыста жетекшілік роль берілді. Партиямыздың екінші бөлегі (большевиктер), керісінше, негізгі соққы пролетариат пен шаруалар арасында одақ жасау жолымен берілуге тиіс, жәнеде жалпы революциялық қозғалыстағы жетекшілік роль пролетариатқа берілуге тиіс, ал либералдық буржуазия битарап қалдырылуға тиіс дегенді айтты.

Егер Деникинге қарсы соғыспен салыстыра келіп, тоғыз жүзінші жылдардан бастап 1917 жылғы февраль революциясына дейінгі бүкіл революциялық қозғалысымызды жұмысшылар мен шаруалардың патша өкіметіне және помещиктерге қарсы жүргізген соғысы деп есептейтін болсақ, онда патша өкіметі мен поме-

щиктердің тағдыры көбінше белгілібір стратегиялык (меньшевиктік немесе большевиктік) жоспарды қабылдауға, революциялық қозғалыстың белгілібір негізгі бағытын кабылдауға байланысты болды.

Деникинге карсы соғыс кезінде соғыс стратегиясы, соккының негізгі бағытын белгілеп, осы аркылы Деникинді жоюға дейінгі барлық келешек ұрыс әрекеттері сыйпатының $^{9}/_{10}$ бөлегін айкындап берді; сол сыяқты патша өкіметіне қарсы революциялық күрес саласында да біздің саяси стратегиямыз, революциялық қозғалыстың негізгі бағытын большевиктік жоспар рухында белгілеп, осы аркылы партиямыздың орыс-жапон соғысы кезінен бастап 1917 жылғы февраль революциясына дейін патша өкіметіне қарсы ашық күрес жүргізген бүкіл дәуіріндегі жұмыс сыйпатын айқындап берді.

Саяси стратегияның міндеті, ең алдымен, марксизм теориясы мен программасының мәліметтеріне сүйене отырып, барлық елдердегі жұмысшылардың революциялық күресінің тәжрибесін ескере отырып, белгілібір елдің белгілібір тарихи дәуірдегі пролетарлық қозғалысының негізгі бағытын дұрыс белгілеу болып табылады.

4. ТАКТИКА

Тактика дегеніміз стратегияның бір бөлегі, соған бағынышты, соған қызмет етуші бөлегі. Тактика тұтас соғысты қамтымайды, оның жеке эпизодтарын, жеке ұрыс-қағыстарын қамтыйды. Егер стратегия соғыста ұтуға, немесе, айталық, патша өкіметіне карсы күресті ақырына дейін жеткізуге тырысса, тактика, керісінше, әрбір белгілі кезеңдегі күрестің нак-

тылы жағдайына азды-көпті үйлесетін белгілібір қағыстарда, белгілібір ұрыстарда ұтуға, белгілібір науқандарды, белгілібір аттаныстарды ойдағыдай өткізуге талпынады.

Тактиканың аса маңызды міндеті белгілі кезеңдегі нақтылы жағдайға неғұрлым көп үйлесетін және стратегиялық табысты неғұрлым дұрыс әзірлейтін жолдар мен құралдарды, күрес формалары мен әдістерін белгілеу болып табылады. Сондықтан тактиканың әрекеттерін, олардың нәтижелерін жеке-дара күйінде, тікелей әсеріне қарай бағаламау керек, стратегияның міндеттері мен мүмкіндіктеріне қарай бағалау керек.

Тактикалық табыстар стратегиялық міндеттердің орындалуын оңайлататын кездер болады. Мәселен, 1919 жылдың аяғында Деникин майданында біздің әскерлер Орел мен Воронежді азат етерде істің жайы осылай болды; ол кезде біздің кавалерияның Воронеж түбіндегі, жаяуәскеріміздің Орел түбіндегі табыстары Ростовқа соққы беруімізге қолайлы жағдай жасады. 1917 жылғы августа Россияда істің жайы осылай болды; ол кезде Петроградтық және Москвалық Советтердің большевиктер жағына өтуі жаңа саяси жағдай жасады, бұл жағдай кейіннен партиямыздың октябрьдегі соққысын оңайлатты.

Өзінің тікелей нәтижесі жағынан тамаша, бірақ стратегиялық мүмкіндіктерге үйлеспейтін тактикалық табыстар бүкіл науқан үшін қатерлі, «күтпеген» жағдай жасайтын кездер де болады. 1919 жылдың аяғында Деникиннің жайы осылай болды; ол кезде Деникин, Москваға қарай жедел және нәтижелі түрде

ілгерілеп, оңай табысқа жеткеніне желігіп, өз майданын Еділден Днепрге дейін созып жіберді, сөйтіп өз армияларының құрып кетуіне жағдай жасады. 1920 жылы поляктарға қарсы соғыс кезінде істің жайы осылай болды; ол кезде біз, Польшадағы ұлттық жағдайды жете бағаламастан және нәтижелі түрде ілгері жылжудағы оңай табыстың қызығына беріліп, Варшава арқылы Европаға жарып өтеміз деп өзімізге әл жетпес міндет алдық, сонда поляк халқының орасан көпшілігі совет әскерлеріне қарсы күш біріктірді, сөйтіп совет әскерлерінің Минскі мен Житомир түбіндегі табыстарын жоққа шығарарлық және Батыста Совет өкіметінің беделін түсірерлік жағдай жасалды.

Ақырында, келешекте өзінің стратегиялық табыстарға жетуінді қамтамасыз ету үшін тактикалық табыстан безуге, тактикалық кемістіктер мен зияндарға әдейі баруға тура келетін кездер де болады. Соғыста мұндай жағдайлар жиі кездеседі: екі жақтың бірі өз әскерлерінің кадрларын аман сақтауды, оларды күші басым жаудың соққысына ұшыратпай әкетуді көздеп, жоспарлы түрде шегіне бастайды, бірсыпыра қалалар мен облыстарды ұрыссыз беріп кетеді, сөйтіп, уақытты ұтуға, келешектегі үзілді-кесілді жаңа ұрыстар үшін күш жиынауға тырысады. 1918 жылы герман шабуылы кезінде Россиядағы істің жайы осылай болды; ол кезде біздің партия бейбітшілікті аңсаған шаруалармен жасалған одақты сақтау үшін, тыныс алу үшін, жаңа армия құру үшін, сөйтіп келешекте стратегиялық табыстарды қамтамасыз ету үшін Брест бітіміне баруға, сол кезеңдегі тікелей саяси нәтижесі жағынан алып қарағанда орасан кемістік болып табылатын бітімге баруға мәжбүр болды.

Басқаша айтқанда: тактика өзін минуттік өткінші мүдделерге бағындыра алмайды, ол тікелей саяси нәтижені ғана көздеп іс қылуға тиісті емес, әсіресе ол, жерден қол үзіп, аспаннан қыяли сарайлар салуға тиісті емес, — тактика стратегияның міндеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес құрылуға тиіс.

Тактиканың міндеті, ең алдымен, стратегияның нұсқауларын қолдана отырып, барлық елдердегі жұмысшылардың революциялық күресінің тәжрибесін ескере отырып, әрбір белгілі кезеңдегі күрестің нақтылы жағдайына неғұрлым көбірек үйлесетін күрес формалары мен әдістерін белгілеу болып табылады.

5. КҮРЕС ФОРМАЛАРЫ

Соғыс жүргізу әдістері, соғыс формалары ылғый біркелкі бола бермейді. Олар даму шарттарына қарай, ең алдымен өндірістің дамуына қарай өзгеріп отырады. Соғыс Шыңғыс-хан тұсында III Наполеон тұсындағыдан гөрі басқаша жүргізілетін, XX ғасырда XIX ғасырдағыдан гөрі басқаша жүргізіледі.

Қазіргі жағдайларда соғыс жүргізу өнері мынада: соғыстың барлық формаларын, ғылымның бұл жөндегі барлық табыстарын меңгергеннен кейін, бұларды жүйелі түрде пайдалану керек, бұларды шебер үйлестіру керек немесе жағдайға қарай бұл формалардың белгілі бірін дер кезінде қолдану керек.

Саясат саласындағы күрес формалары туралы да осыны айту керек. Саясат саласындағы күрес формалары соғыс жүргізу формаларынан да гөрі әралуан болады. Бұл формалар шаруашылықтың, жұртшылықтың, мәдениеттің дамуына қарай, таптардың хал-жағдайына, күресуші күштердің арасалмағына, өкі-

меттің сыйпатына карай, акырында, халыкаралык катнастарға т. б. карай өзгеріп отырады. Абсолютизм тусындағы курестің жумысшылардың шінара ереуілдеріне, демонстрацияларына байланысты купыя формасы; «жарыя мумкіндіктер» тусындағы курестің ашык формасы және жумысшылардың жаппай саяси ереуілдері; курестің, айталык, Дума тусындағы курестің парламенттік формасы және букараның парламенттен тыскары, кейде карулы көтерілістер дережесіне дейін жететін аттанысы; акырында, пролетариат өкіметті алғаннан кейінгі жердегі, армияға дейінгі мемлекеттік куш-куралдардың бәрін өз колына жыйнактауға пролетариаттың мумкіндігі бар кездегі курестің мемлекеттік формалары, — пролетариаттың революциялык курес практикасы усынған курес формалары жалпы алғанда осындай.

Партияның міндеті курестің барлык формаларын меңгеру, оларды урыс майданында жуйелі турде уйлестіру, курестің белгілібір жағдайда өте-мөте тимді келетін формаларын шебер удете жургізу болып табылады.

6. УЙЫМ ФОРМАЛАРЫ

Армиялар уйымының формалары, әскерлердің тектері мен турлері әдетте соғыс жургізудің формалары мен әдістеріне бейімделеді. Соңғылары өзгерсе, алғашкылары да өзгереді. Маневрлі соғыс кезінде істің тетігін көбінше жаппай кавалерия шешеді. Позициялык соғыс кезінде, керісінше, кавалерия не ешкандай роль аткармайды, не екінші дәрежелі роль аткарады барлык істің тетігін ауыр артиллерия мен авиация, газ бен танк шешеді.

Соғыс өнерінің міндеті әскерлердің барлық тектерін өз қолына жыйнақтау, оларды әбден кемелдендіру, олардың қыймылдарын шебер үйлестіру болып табылады.

Саясат саласындағы ұйым формалары туралы да осыны айту керек. Соғыс саласындағы сыяқты, мұнда да ұйым формалары күрес формаларына бейімделеді. Абсолютизм заманындағы профессионал революционерлердің астыртын ұйымдары; Дума заманындағы ағарту, кәсіпшілік, кооперативтік және парламенттік ұйымдар (думалық фракция т. б.); жаппай аттаныстар мен көтерілістер дәуіріндегі фабрикалық-заводтық комитеттер, шаруа комитеттері, ереуіл комитеттері, жұмысшы, солдат депутаттарының советтері, соғыс-революциялық комитеттер және осы ұйым формаларының бәрін байланыстыратын өрелі пролетарлық партия; ақырында, өкімет билігі жұмысшы табының қолына жыйнақталған дәуірдегі пролетариат ұйымының мемлекеттік формасы, — белгілі жағдайларда, буржуазияға қарсы өзінің күресінде пролетариаттың сүйенуіне болатын және сүйенуіне тиісті ұйым формалары жалпы алғанда осындай.

Партияның міндеті осы ұйым формаларының бәрін меңгеру, оларды әбден кемелдендіру, олардың әрбір белгілі кезеңдегі жұмысын шебер үйлестіру болып табылады.

7. УРАН. ДИРЕКТИВА

Соғыстың немесе жеке ұрыстың мақсаттарын танытатын, әскерлерге ұғымды, дұрыс тұжырымдалған қарарлардың кейде, армияны қыймылға құлшындыратын, рухты көтеретін т. б. құрал ретінде, майданда

шешуші маңызы болады. Соғыстың бүкіл барысында үздік ауыр артиллерияның немесе үздік жүрдек танктердің қандай күрделі маңызы бар болса, әскерлерге арналған тиісті бұйрықтардың, ұрандардың немесе үндеулердің сондай күрделі маңызы бар.

Саясат саласындағы ұрандардың маңызы онан да күшті; мұнда талаптары мен тілектері әртүрлі он миллиондаған, жүз миллиондаған халықпен істес болуға тура келеді.

Ұран дегеніміз жетекші топ, айталық, пролетариаттың жетекші тобы, оның партиясы тұжырымдаған күрес мақсаттарының, таяудағы немесе ілгерідегі мақсаттардың қысқаша, айқын тұжырымы. Не тутас тарихи дәуірді, не белгілі тарихи дәуірдің жеке кезеңдері мен эпизодтарын қамтыйтын күрес мақсаттарының әртүрлі болуына қарай ұран әралуан болады. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында тұңғыш рет «Еңбекті азат ету» тобы[53] ұсынған, «самодержавие жойылсын» деген ұран насихат ұраны болды, өйткені мұның өзі аса ұстамды, аса табанды күрескерлерді жекелеп те, топтап та партия жағына тартуды көздеді. Орыс-жапон соғысы дәуірінде, самодержавиенің тұрлаусыздығы жұмысшы табының қалың топтарына азды-көпті айқын болған кезде, бұл ұран үгіт ұраны болды, өйткені мұның өзі енді миллиондаған еңбекшілер бұқарасын тартуды көздеді. 1917 жылғы февраль революциясының алдындағы дәуірде, бұқара алдында патша өкіметінің беделі әбден кетіп болған кезде, «самодержавие жойылсын» деген ұран енді үгіт ұранынан қыймыл ұранына айналды, өйткені мұның өзі патша өкіметіне шабуыл жасау үшін миллиондаған бұқараны аттандыруға арналған еді. Фев-

раль революциясының күндерінде бұл ұран енді партияның директивасына айналды, яғни белгілі мерзімде патша өкіметінің системасындағы пәлендей мекемелерді, пәлендей пункттерді басып алуға шақырған тікелей үндеуге айналды, өйткені ендігі әңгіме патша өкіметін құлату, оны құрту жайында болды. Директива дегеніміз пәлен уақытта, пәлен жерде қыймылдауға шақырған партияның тікелей үндеуі, мұның өзі партия мүшелерінің бәріне де міндетті және үндеу бұқараның талаптарын дұрыс, дәл тұжырымдайтын болса, үндеудің шынында да толғағы піскен болса, мұны әдетте қалың еңбекшілер бұқарасы іліп әкетеді.

Мезгілі жетпеген немесе кеш қалған аттаныстар қандай қауіпті, ал кейде тіпті қатерлі де болатын болса, ұрандарды директивалармен, немесе үгіт ұранын қыймыл ұранымен шатастыру да сондай қауіпті 1917 жылғы апрельде «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұран үгіт ұраны болды. 1917 жылғы апрельде «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұранмен Питерде өткізілген белгілі демонстрация, сол кезде Қысқы орданы қоршаған демонстрация бұл ұранды қыймыл ұранына айналдыру жөніндегі әрекет еді, онда да мезгілі жетпеген, сондықтан да қатерлі әрекет еді[34]. Мұның өзі үгіт ұранын қыймыл ұранымен шатастырушылықтың ең қауіпті үлгісі еді. Бұл демонстрацияны бастаушыларды партияның мінегені дұрыс еді, өйткені бұл ұранды қыймыл ұранына айналдыру үшін қажетті жағдайлардың әлі де тумағандығын, пролетариаттың мезгілсіз аттанысы оның күштерін талқандауға әкеліп соқтыруы мүмкін екендігін партия білетін.

Екінші жағынан, өз отрядтарын дұшпан құрған

тордан аман сақтау үшін партияның қабылданып қойылған және толғағы піскен ұранды (немесе директиваны) «24 сағат ішінде» бұзуға я өзгертуге, немесе қолайлырақ кезеңге дейін директиваның орындалуын уақытша кідірте тұруға мәжбүр болатын кездері болады. 1917 жылғы июньде Петроградта осылай болды; сонда жұмысшылар мен солдаттардың әбден әзірленген және 9 июньге белгіленген демонстрациясын партиямыздың Орталық Комитеті жағдайдың өзгеруі себепті «кенет» болдырмай тастады.

Партияның міндеті үгіт ұрандарын қыймыл ұрандарына, немесе қыймыл ұрандарын белгілібір нақты директиваларға деркезінде, шебер айналдыра білу, не. жағдай осыны керек етсе, белгілібір ұрандардың орындалуын, тіпті бұл ұрандар кең таралған болса да, толғағы піскен болса да, деркезінде тоқтату үшін тиісінше икемділік, батылдық көрсете білу болып табылады.

II

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАР

1. ТАРИХИ БЕТБҰРЫСТАР. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАР

Партияның стратегиясы түпкілікті, мәңгілік нәрсе емес. Ол тарихи бетбұрыстарға, тарихи белестерге қарай өзгеріп отырады. Бұл өзгерістердің мәнісі — әрбір жеке тарихи бетбұрыс үшін соған сәйкес келетін, бір бетбұрыстан екінші бетбұрысқа дейінгі бүкіл дәуірді қамтыйтын жеке стратегиялық жоспар жасалады. Стратегиялық жоспардың ішінде революцияшыл күштердің негізгі соққы беретін бағыты және миллиондаған бұқараны әлеуметтік майданда тиісінше орна-

ластыру схемасы көрсетіледі. Әлбетте, ерекше өзгешеліктері бар бір тарихи дәуірге жарамды стратегиялық жоспар мүлде басқаша өзгешеліктері бар екінші тарихи дәуірге жарамды бола алмайды. Әрбір тарихи бетбұрысқа соның өзіне қажетті және соның міндеттеріне ыңғайланған стратегиялық жоспар сәйкес келеді.

Соғыс ісі жөнінде де осыны айтуға болады. Колчакке қарсы соғыс үшін жасалған стратегиялық жоспар Деникинге қарсы жүргізілген, жаңа стратегиялық жоспарды керек еткен соғыс үшін жарамсыз еді, ал соңғысына арналған стратегиялық жоспар басқа соғыс үшін, айталық, 1920 жылы поляктарға қарсы жүргізілген соғыс үшін жарамсыз еді, өйткені негізгі соққы беретін бағыттардың да, негізгі жауынгерлік күштерді орналастыру схемаларының да осы үш жағдайдың үшеуінде де әртүрлі болмауы мүмкін емес.

Россияның жаңа тарихы партиямыздың тарихында әртүрлі үш стратегиялық жоспарды туғызған негізгі үш тарихи бетбұрысты біледі. Жаңа тарихи белестерге қарай партияның жалпы стратегиялық жоспарлары қалай өзгеріп отыратындығын көрсету үшін біз осыларды қысқаша суреттеп өту қажет деп білеміз.

2. БІРІНШІ ТАРИХИ БЕТБҰРЫС ЖӘНЕ РОССИЯДА БУРЖУАЗИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ ЖАСАУҒА БЕТАЛЫС

Бұл бетбұрыс тоғыз жүзінші жылдардың басында, орыс-жапон соғысы дәуірінде басталды; ол кезде патша армияларының жеңілуі және орыс жұмысшыларының орасан саяси ереуілдері халықтың барлық таптарын толқытып, оларды саяси күрес майданына

шығарды. Бұл бетбұрыс 1917 жылғы февраль революциясы күндерінде аяқталды.

Бұл дәуірде біздің партия ішінде тайталасқан екі стратегиялық жоспар: меньшевиктердің жоспары (Плеханов — Мартов, 1905 ж.) және большевиктердің жоспары (Ленин жолдас, 1905 ж.).

Меньшевиктік стратегия патша өкіметіне негізгі соққыны либералдық буржуазияның пролетариатпен коалиция жасасуы арқылы беруді жоспарлады. Революцияның сол кезде буржуазиялық революция деп аталатындығын дәлел ете отырып, бұл жоспар қозғалыстың гегемоны (көсемі) болу ролін либералдық буржуазияға тапсырды, ал пролетариатты «әсіре солшыл оппозицияның» роліне, буржуазияның «итермешісі» болу роліне теліді, оның бержағында негізгі революцияшыл күштердің бірі болып табылатын шаруалар есепке алынбады, немесе жөнді ескерілмеді. Оңай түсінерлік нәрсе — Россия сияқты елде сан миллион шаруаларды қыймылдан шығарып тастағандықтан бұл жоспар оңалмас утопиялы жоспар еді, ал революцияның тағдырын либералдық буржуазияның қолына беретіндіктен (буржуазия гегемониясы) бұл жоспар реакциялық жоспар еді, өйткені либералдық буржуазия революцияның толық жеңуін көздемейтін, жәнеде ол патша өкіметімен келісім жасап істі бітіруге әрқашан дайын тұратын.

Большевиктік стратегия (Ленин жолдастың «Екі тактикасын»[55] қараңыз) патша өкіметіне революцияның негізгі соққысын пролетариаттың шаруалармен коалиция жасауы арқылы беруді жоспарлады, ал либералдық буржуазия битарап қалдырылды. Либералдық буржуазияның буржуазиялық-демократиялық

революцияның толық жеңуін көздемейтіндігін, оның өзі революцияның жеңуінен гөрі жұмысшылар мен шаруалардың есебіне патша өкіметімен келісім жасауды мақұл көретіндігін ескере отырып, бұл жоспар Россиядағы бірден-бір нағыз революцияшыл тап ретіндегі пролетариатқа революциялық қозғалыстың гегемондық рөлін тапсырды. Бұл жоспар революцияның қозғауыш күштерін дұрыс есепке алғандығынан ғана емес, сонымен бірге оның өзінде пролетариат диктатурасы (пролетариат гегемониясы) жөніндегі идеяның ұрығы болғандығынан да тамаша жоспар; бұл жоспар Россиядағы революцияның келесі, жоғарғы кезеңін данышпандықпен күнілгері көре білді және соған көшу ісін оңайлатты.

Революцияның онан кейінгі, 1917 жылғы февральға дейінгі дамуы осы стратегиялық жоспардың дұрыс екендігін толық растады.

3. ЕКІНШІ ТАРИХИ БЕТБҰРЫС ЖӘНЕ РОССИЯДА ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫН ОРНАТУҒА БЕТАЛЫС

Екінші бетбұрыс 1917 жылы февраль революциясынан, патша өкіметі құлатылғаннан кейін басталды; ол кезде империалистік соғыс бүкіл дүние жүзіндегі капитализмнің қатерлі мерездерін ашып көрсетті; ол кезде факт жүзінде ел басқару билігін қолға алуға қабілеті жоқ либералдық буржуазия өз қолында формальды өкімет билігін (Уақытша үкімет) сақтап қалумен ғана тынуға мәжбүр болды; ол кезде факт жүзінде өкімет билігін қолға алған жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің бұл билікті тиісінше пайдалану жөнінде тәжрибесі де, талабы да жоқ еді; ол кезде майдандағы солдаттар, тылдағы жұ-

мысшылар мен шаруалар соғыстың ауыртпалығынан, шаруашылық бүлiншiлiгiнен зар қағып жатқан едi; ол кезде «косөкiмет» пен «байланыс комиссиясының»[56] режимi, iшкi қайшылықтар жегiдей жегендiктен және соғысқа да, бiтiмге де қабiлетсiз болғандықтан, «тұйықтан шығар жол» таппағандығы былай тұрсын, жағдайды бұрынғыдан бетер шиеленiстiрiп жiберген едi. Бұл дәуiр 1917 жылы Октябрь революциясымен аяқталды.

Бұл дәуiрде Советтер iшiнде тайталасқан екi стратегиялық жоспар: меньшевиктiк-эсерлiк жоспар және большевиктiк жоспар.

Алғашқы уақытта Советтер мен Уақытша үкiметтiң арасында, революция мен контрреволюцияның арасында шатасып жүрген меньшевиктiк-эсерлiк стратегия Демократиялық кеңес ашылар кезде (сентябрь, 1917 жыл) бiржолата қалыптасты. Бұл стратегия Советтердi өкiметтен бiрте-бiрте, бiрақ тоқтаусыз шеттете берудi, сөйтiп, елдегi бүкiл өкiмет билiгiн болашақ буржуазиялық парламенттiң үлгiсi ретiндегi «Предпарламенттiң» қолына жыйнақтауды көздеп құрылды. Бiтiм мен соғыс мәселелерi, аграрлық мәселе мен жұмысшы мәселесi, сол сияқты ұлт мәселесi де, Құрылтай жыйналысы шақырылғанша кейiнге қалдырылып отырды, ал Құрылтай жыйналысы да белгiсiз бiр уақытқа кейiнге қалдырылып келдi. «Бүкiл өкiмет Құрылтай жыйналысына берiлсiн», — эсер-меньшевиктер өзiнiң стратегиялық жоспарын мiне осылай тұжырымдады. Бұл жоспар буржуазиялық диктатураны, рас, әсемдеп тараған, «мүлде демократиялық» диктатураны, дегенмен буржуазиялық диктатураны әзiрлеу жоспары едi.

Большевиктік стратегия (Ленин жолдастың 1917 жылы апрельде жарияланған «Тезистерін»[57] қараңыз) негізгі соққыны пролетариат пен кедей шаруалардың біріккен күштері арқылы буржуазиялық өкіметті жоюды көздеп жоспарлады, Советтер республикасы түрінде пролетариат диктатурасын ұйымдастыруды көздеп жоспарлады. Империализмнен қол үзіп, соғыстан шығу; бұрынғы Россия империясындағы езілген ұлттарды азат ету; помещиктер мен капиталистерді экспроприациялау; социалистік шаруашылықты ұйымдастыру үшін жағдайлар әзірлеу, — большевиктердің бұл дәуірдегі стратегиялық жоспарының элементтері міне осылар. «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» — большевиктер ол кезде өзінің стратегиялық жоспарын міне осылай тұжырымдады. Бұл жоспар Россиядағы пролетарлық жаңа революцияның қозғаушы күштерін дұрыс есепке алғандығынан ғана маңызды емес, сонымен бірге Батыстағы революциялық қозғалысты өршіту ісін оңайлатып, тездеткендігі себепті де маңызды жоспар.

Оқиғалардың онан кейінгі, Октябрь төңкерісіне дейінгі дамуы осы стратегиялық жоспардың дұрыс екендігін толық растады.

4. ҮШІНШІ ТАРИХИ БЕТБҰРЫС ЖӘНЕ ЕВРОПАДА ПРОЛЕТАРЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ ЖАСАУҒА БЕТАЛЫС

Үшінші бетбұрыс Октябрь төңкерісінен басталды; ол кезде Батыстағы империалистік екі топтың қыңқескі арпалысы ақырғы шегіне жеткен еді; ол кезде Батыста революциялық кризис көрінеу өсе түскен еді; ол кезде Россиядағы банкрот болған және қайшылықтар ішінде шатасқан буржуазиялық өкімет про-

летарлық революцияның соққысынан құлаған еді; ол кезде жеңген пролетарлық революция, империализммен қол үзу және соғыстан шығу нәтижесінде, Батыстың империалистік коалициялары түрінде өзіне қас дұшпандар тапқан еді; ол кезде жаңа Совет үкіметінің бітім туралы, помещиктік жерлерді конфискациялау туралы, капиталистерді экспроприациялау туралы және езілген ұлттарды азат ету туралы шығарған зандары бүкіл дүние жүзіндегі миллиондаған еңбекшілердің Совет үкіметіне сенімін күшейткен еді. Бұл халықаралық көлемдегі бетбұрыс болды, өйткені капиталдың халықаралық шебі тұңғыш рет бұзылды, капитализмді құлату туралы мәселе тұңғыш рет практика жүзінде қойылды. Сөйтіп, Октябрь революциясы ұлттық, орыстық күштен халықаралық күшке айналды, ал орыс жұмысшылары халықаралық пролетариаттың артта қалған отрядынан оның авангардына, өзінің жанқиярлық күресі арқылы Батыстың жұмысшылары мен Шығыстың езілген елдерін оятушы авангардқа айналды. Бұл бетбұрыс өзінің түпкі даму шегіне әлі жеткен жоқ, өйткені ол әлі халықаралық көлемде етек алған жоқ, бірақ оның мазмұны мен жалпы бағыты қазірдің өзінде әбден айқын белгіленіп отыр.

Ол кезде Россияның саяси топтарының ішінде тайталасқан екі стратегиялық жоспар: меньшевиктер мен эсерлердің белсенді бөлегін өз ұйымдарына тартқан контрреволюционерлердің жоспары және большевиктердің жоспары.

Контрреволюционерлер мен белсенді эсер-меньшевиктер барлық наразы элементтерді: тыл мен майдандағы ескі офицерлерді, шеткері аймақтардағы бур-

жуазияшыл-ұлтшыл үкіметтерді, революция экспроприациялаған капиталистер мен помещиктерді, интервенция жасауға әзірленген Антанта агенттерін, т. б. бір лагерьге біріктіру ісін жоспарлады. Олар көтеріліс арқылы немесе шетелдік интервенция арқылы Совет үкіметін құлатуға, сөйтіп Россияда капиталистік тәртіптерді қайта орнатуға бет алды.

Большевиктер, мұның керісінше, Россияда пролетариат диктатурасын іштен нығайту ісін және Россия пролетарларының күш-жігерін Европа пролетарларының күш-жігерімен, Шығыстың езілген елдерінің күш-жігерімен біріктіріп, дүниежүзілік империализмге қарсы шығу арқылы пролетарлық революцияның қыймыл салаларын дүние жүзіндегі барлық елдерге тарату ісін жоспарлады. Ленин жолдас өзінің «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітапшасында бұл стратегиялық жоспарды асқан шеберлікпен өте дәл, өте ықшам етіп былайша тұжырымдады: **«Барлық елдерде революцияны дамыту, қолдау, өршіту үшін бір елде** (өз елінде. — **И. Ст.**) **жүзеге асарлық істі барынша жүргізу керек».** Бұл стратегиялық жоспардың бағалылығы мұның дүниежүзілік революцияның қозғауыш күштерін дұрыс есепке алғандығында ғана емес, сонымен бірге мұның бағалылығы мынада: бұл жоспар Советтік Россияны бүкіл дүние жүзіндегі революциялық қозғалыстың көз тігетін орталығына, Батыстағы жұмысшылар мен Шығыстағы отарларды азат ету туына айналдыру жөніндегі кейін басталған процесті күнілгері мегзеп, оны оңайлатты.

Бүкіл дүние жүзінде революцияның онан кейінгі дамуы, сол сияқты Россияда Совет өкіметінің бес

жылдан бергі өмір сүруі де, бұл стратегиялық жоспардың дұрыс екендігін толық растады. Совет өкіметін құлату жөнінде бірнеше рет әрекет жасаған контрреволюционерлер мен эсер-меньшевиктердің кәзір эмиграцияда отыруы сыякты фактылар, ал Совет өкіметі мен Халықаралық пролетариат ұйымының дүние жүзі пролетариаты саясатының аса елеулі құралына айналуы сыякты фактылар, — бұл фактылар большевиктердің стратегиялық жоспарының дұрыстығын айқын сыйпаттайды.

„Правда“ № 56,
14 март, 1923 ж.
Қол қойған: И. Сталин

ПАРТИЯ МЕН МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МОМЕНТТЕР

РК(б)П XII съезіне арналған, партияның Орталық Комитеті ұнатқан тезистер[58]

I

1. Капитализмнің дамуы, өткен ғасырдың өзінде-ақ, өндіріс пен айырбас әдістерін интернационализациялауға, ұлттық тұйықтықты жоюға, халықтардың шаруашылық жөнінде жақындасуына және ұланбайтақ территорияларды бірте-бірте байланысты біртұтас етіп біріктіруге бет алған тенденцияны ашқан болатын. Капитализмнің одан кейінгі дамуы, дүниежүзілік рыноктің өсуі, ұлы теңіз жолдары мен темір жолдардың жөнге салынуы, капиталдың шетке шығарылуы, тағы басқалары, нағыз әртүрлі халықтарды дүниежүзілік еңбек бөлінісінің және әртарапты өзара тәуелділіктің дәнекерлерімен байланыстырып, бұл тенденцияны одан да гөрі күшейтті. Бұл процесс өндіргіш күштердің орасан дамуын көрсетті, ол ұлт оқшаулығын және түрлі халықтардың мүдделерінің қайшылығын жоюды жеңілдетті, сондықтан, ол прогрестік процесс болды және солай болып қалады да, өйткені ол болашақ дүниежүзілік социалистік шаруашылыққа материалдық алғышарт дайындайды.

2. Бірақ бұл тенденция өзінің тарихи ішкі мәнісіне

гіпті сәйкес келмейтін айрықша формаларда дамыды. Капитализм дамуының барысында халықтардың өзара тәуелді болуы және территориялардың шаруашылық жағынан бірігуі, тең праволы адамдар ретінде, халықтардың бірігіп іс істесу жолымен емес, бір халықты екінші халыққа бағындыру тәртібімен, көбірек дамыған халықтар тарапынан кемірек дамыған халықтарды езу, қанау тәртібімен болып отырды. Отарды талау мен басып алу, ұлттық езгі мен теңсіздік, империалистік озбырлық пен зорлық, отар құлдығы мен ұлт правосыздығы, ақырында, «цивилизациясыз» халықтарға үстемдік ету үшін «цивилизациялы» ұлттардың өзара күресі, — халықтардың шаруашылық жағынан жақындасу процесі міне осындай формалардың шеңберінде жүріп жатты. Сондықтан, бірігу тенденциясымен қатар, осы бірігудің зорлықты формасын жою тенденциясы өсті, езілген отарлар мен тәуелді ұлттарды империалистік езгіден азат ету жолындағы күрес күшейді. Бұл екінші тенденция бірігудің империалистік формаларына қарсы езілген бұқараларды ашындырды, ол халықтардың бірлесіп іс істесу және ерікті түрде одақ болу негізінде бірігуін талап етті, сондықтан ол прогрестік тенденция болды және солай болып қалады да, өйткені ол болашақ дүниежүзілік социалистік шаруашылыққа рухани алғышарт дайындайды.

3. Капитализмге тән формаларда шыққан осы негізгі екі тенденцияның күресі көп ұлтты буржуазиялық мемлекеттердің соңғы жарты ғасырдағы тарихында толып жатыр. Капиталистік дамудың шеңберіндегі осы тенденциялардың арасындағы келісімге келмейтін қайшылық буржуазиялық отарлы мемлекет-

тердің ішкі дәрменсіздігі мен жаратылысындағы тұрақсыздығының негізі болды. Мұндай мемлекеттердің ішінде болмай коймайтын жанжалдар және мұндай мемлекеттердің арасында болмай коймайтын соғыстар; отарлы ескі мемлекеттердің ыдырауы және жаңа мемлекеттердің құрылуы; отарлар алуға жаңадан жанталасу және көп ұлтты мемлекеттердің жаңадан ыдырауы, мұның дүниежүзілік саяси картаны тағы қайта піштіруге апарып соғуы, — осы негізгі кайшылықтың нәтижелері осындай. Бірінші жағынан, ескі Россияның, Австро-Венгрияның, Түркияның құлауы, екінші жағынан, Великобритания мен ескі Германия сыяқты отарлы мемлекеттердің тарихы; ақырында, империалистік «ұлы» соғыс және отар халықтар мен толық правосыз халықтардың революциялық қозғалысының өсуі, — осы және осы сыяқты фактылардың бәрі көп ұлтты буржуазиялық мемлекеттердің тұрақсыздығы мен осалдығын айқын көрсетеді.

Сонымен, халықтардың шаруашылық жағынан бірігу процесі мен бұл бірігудің империалистік әдістері арасындағы келісімге келмейтін кайшылық ұлт мәселесін шешуге дұрыс жол табуда буржуазияның каблетсіздігін, бишаралығын, дәрменсіздігін анықтады.

4. Біздің партия бұл жағдайларды еске алып, өзінің ұлт мәселесі жөніндегі саясатында ұлттардың өзін өзі билеу правосын, халықтардың өз алдына мемлекет болып өмір сүру правосын негізге алды. Өзінің алғашкы өмір сүре бастаған күндерінде-ақ, өзінің бірінші съезінде-ақ (1898 жылы), ұлт мәселесі жөнінде капитализмнің кайшылықтары айқын жете анықталып үлгірмеген кездің өзінде-ақ партия ұлттардың қол сұғуға болмайтын бұл правосын мойындаған болатын.

Одан кейін де партия өзінің ұлттық программасын Октябрь төңкерісіне дейін болған съездері мен конференцияларында арнаулы қаулы-қарарлармен үнемі қуаттап отырды. Империалистік соғыс және онымен байланысты отарлардағы күшті революциялық қозғалыс партияның ұлт мәселесі жөніндегі қарарларын тек жаңадан қуаттай түсті. Бұл қарарлардың мәнісі мынау:

а) ұлттар жайындағы күштеу формаларының қандайынан болса да, бәрінен де үзілді-кесілді бастарту;

б) өздерінің тағдырын шешу ісінде халықтардың теңдігі мен суверенділігін мойындау;

в) халықтардың берік бірігуі бірлесіп іс істеу мен еріктілік негізінде ғана жүзеге асуы мүмкін деген қағыйданы дұрыс деп тану;

г) ондай бірігудің жүзеге асуы капитал өкіметін құлату нәтижесінде ғана мүмкін болады деген шындықты жарыялау.

Біздің партия ұлт азаттығын көздейтін бұл программаны өз жұмысында патша өкіметінің ашық езушілік саясатына да, меньшевиктер мен эсерлердің екіжүзділік, жартылай империалистік саясатына да қарсы қоюдан танбады. Егер патша өкіметінің орыстандыру саясаты патша өкіметі мен ескі Россияның ұлттарының арасына шыңырау салған болса, ал меньшевиктер мен эсерлердің жартылай империалистік саясаты бұл ұлттардың таңдаулы элементтерінің керенскийшілдіктен қашуына жеткізген болса, біздің партияның азаттық саясаты патша өкіметі мен империалистік орыс буржуазиясына қарсы күресінде осы ұлттардың қалың бұқарасының тілектестігі мен жәрдемін өзіне қаратып алды. Осы тілектестік пен осы

жәрдем Октябрь күндерінде біздің партияның жеңіп шығуына жеткізген шешуші моменттердің бірі болғандығына күмәндануға бола қояр ма екен.

5. Октябрь революциясы біздің партияның ұлт мәселесі жөніндегі карарларына практикалық қортынды жасады. Ұлттық езушіліктің негізгі таратушысы болған капиталистер мен помещиктердің өкіметін құлатып, өкімет басына пролетариатты қойып, Октябрь революциясы ұлттық езушіліктің шынжырын бір-ақ жұлқып үзді, халықтардың арасындағы ескі катнастарды мүлде өзгертті, бұрынғы ұлт араздығын қыйратты, халықтардың бірлесіп іс істесу жолын тазартты, Россияда ғана емес, Европа мен Азияда да орыс пролетариатына баска ұлттан шыққан туысқандарының сенімін арттырды. Осындай сенім болмаса орыс пролетариаты Колчак пен Деникинді, Юденич пен Врангельді жеңе алмас еді, мұны дәлелдеп жатудың керегі бола кояр ма екен. Екінші жағынан, күмән жок, Россияның орталығында пролетариат диктатурасы орнамаса, езілген ұлттар өзінің азаттығына жете алмас еді. Өкімет басында капитал отырғанда, бұрынғы «державалык» ұлттың ұлтшылдық соқыр сенімі күшті ұсақ буржуазиясы және, ең алдымен, шаруалары капиталистердің соңына еріп кетіп отырған кезде, ұлт араздығы мен ұлттық қағысулар лажсыз болады, болмай коймайды; және, керісінше, егер шаруалар және баска ұсакбуржуазиялық топтар пролетариаттың соңына ерсе, яғни пролетариат диктатурасы қамтамасыз етілсе, онда ұлт татулығы мен ұлт бостандығы қамтамасыз етіледі деп санауға болады. Сондықтан Советтердің жеңуі және пролетариат диктатурасының орнауы біртұтас мемлекеттік одақта халықтардың

туысқандықпен бірлесіп іс істеуінің мүмкіншілігін жасайтын базасы, фундаменті болып табылады.

6. Бірақ Октябрь революциясының нәтижелері ұлт езушілігін құртумен, халықтардың бірігуіне негіз жасаумен сарқылып қоймайды. Октябрь революциясы өз дамуының барысында бұл бірігудің формаларын да жасап шығарды, халықтардың одақтық бір мемлекетке бірігуінің негізгі жолдарын белгіледі. Революцияның алғашқы дәуірінде, ұлттардың еңбекші бұқаралары өздерін дербес ұлттық дәрежедеміз деп бірінші рет сезген кезде, ал шетелдік интервенцияның қаупі нағыз шын қауіп болмай тұрған кезде, — халықтардың бірлесіп істесуінің толық анықталған, әбден айқындалған формасы әлі болған жоқ-ты. Азамат соғысы мен интервенцияның дәуірінде, ұлт республикаларының соғыста өздерін қорғау мүддесі бірінші орын алған кезде, ал шаруашылық құрылысының мәселелері әлі кезекке қойылмаған кезде, — бірлесіп істесу әскери одақ формасын алды. Ақырында, соғыстан кейінгі дәуірде, соғыстың салдарынан бүлінушілікке ұшыраған өндіргіш күштерді қалпына келтіру мәселелері бірінші кезекке қойылған кезде, — әскери одақ шаруашылық одақпен толықтырылды. Ұлт. республикаларын Советтік Социалистік Республикалар Одағына біріктіру бірлесіп істесу формаларының дамуындағы қортынды дәуір болды; мұның өзі бұл жолы халықтардың әскери-шаруашылық және саяси жағынан біртұтас көп ұлтты Совет мемлекетіне бірігуі сыйпатында болды.

Сонымен, пролетариат совет құрылысында ұлт мәселесін дұрыс шешудің кілтін тапты, ол бұдан ұлттардың тең праволылығы мен еріктілігі негізінде тұ-

рақты көпұлттық мемлекет ұйымдастырудың жолын ашты.

7. Бірақ ұлт мәселесін дұрыс шешудің кілтін табу ұлт мәселесін толық және біржолата шешу болып шықпайды, оны нақты практикада жүзеге асуы жағынан әбден шешу болып шықпайды. Октябрь революциясының алға қойған ұлттық программасын дұрыс жүзеге асыру үшін, ұлтты езушіліктің өткен дәуірінен бізге мұра болып қалған кедергілерді жеңіп шығу қажет болады, ал ол кедергілерді қысқа мерзімнің ішінде, бір-ақ соққымен жеңіп шығуға болмайды.

Бұл мұра, біріншіден, великорустардың бұрынғы артықша жағдайының белгісі болған ұлыдержавалық шовинизмнің қалдықтарында болып отыр. Бұл қалдықтар біздің орталықтағы және жергілікті жерлердегі совет қызметкерлерінің басында әлі бар, ол қалдықтар біздің орталықтағы және жергілікті жерлердегі мемлекеттік мекемелерімізде әлі ұялап отыр, ол қалдықтар нэппен байланысты бірден-бірге күшейіп отырған «жаңа» сменовехтық[59] великорустық-шовинистік ағымдар арқылы толықтырылып отырады. Практика жүзінде ол қалдықтар ұлт республикаларының мұң-мұқтажы мен керегіне орыс совет чиновниктерінің менмендікпен менсінбей қарауынан, бюрократша немқұрайды қарауынан көрініп отырады. Егер осы қалдықтар біздің мемлекеттік мекемелердің практикасында үзілді-кесілді, біржолата жойылса, сонда ғана көп ұлтты Совет мемлекеті шын берік мемлекет бола алады, сонда ғана ондағы халықтардың бірігіп істесуі шын туысқандық істесу бола алады. Сондықтан великорустық шовинизмнің қалдықтарымен батыл

күресу партиямыздың бірінші кезекті міндеті болып табылады.

Бұл мұра, екіншіден, Республикалар Одағындағы ұлттардың факт жүзінде, яғни шаруашылық және мәдениет жөнінен тең еместігінде болып отыр. Октябрь революциясы алып берген право жүзіндегі ұлт теңдігі — халықтардың ұлы табысы, бірақ ол өзінен өзі бүкіл ұлт мәселесін түгел шешпейді. Капитализмді өтпеген немесе өтпеген дерлік, өз пролетариаты жоқ немесе жоқ дерлік, осының салдарынан шаруашылық және мәдениет жағынан артта қалған бірсыпыра республикалар мен халықтар, сырттан берілетін шын және ұзақ жәрдем болмайынша, өздеріне ұлт тең праволылығының алып берген правосы мен мүмкіншіліктерін толық пайдалана алмайды, дамудың жоғарғы сатысына көтеріле алмайды және, сонымен, ілгері кеткен ұлттарды қуып жете алмайды. Бұл факт жүзіндегі теңсіздіктің себептері осы халықтардың тарихында ғана жатқан жоқ, сонымен қатар, шеткері аймақтарды өнеркәсіп жағынан дамыған орталық аудандардың пайдаланатын кілең шикізатты аудандарына айналдыруға тырысқан патша өкіметі мен орыс буржуазиясының саясатында жатыр. Бұл, теңсіздікті қысқа мерзімнің ішінде жеңіп, бұл мұраны бір-екі жылдың ішінде жоя қою мүмкін емес. Партиямыздың X съезінің өзі-ақ былай деп атап көрсеткен: «факт жүзіндегі ұлт теңсіздігін жою — ұлттық езгі мен отарлық құлдықтың барлық қалдықтарына қарсы қажырлы, табанды күрес жүргізуді талап ететін ұзақ процесс»[50]. Бірақ оны қалайда жою керек. Ал оны Одақтағы артта қалған халықтардың шаруашылық және мәдениет жағынан табысқа жетуіне орыс пролетариа-

ты шынымен және ұзақ уақыт жәрдемдескенде ғана жоюға болады. Мұнсыз біртұтас одақтық мемлекеттің шеңберінде халықтардың дұрыс және нық бірлесіп істесуін ретке салуға болады деп ойларлық дәлел жоқ. Сондықтан ұлттардың факт жүзіндегі теңсіздігін жою үшін күресу, артта қалған халықтардың мәдени және шаруашылық дәрежесін көтеру үшін күресу партиямыздың екінші кезекті міндеті болып табылады.

Бұл мұра, ақырында, бұрын ұлттық езгінің ауыр тепкісін басынан кешірген және ескі ұлттық зәбір сезімінен әлі арылып болмаған талай халықтардың ішіндегі ұлтшылдықтың қалдықтарында болып отыр. Бұрын езілген халықтардың кейбір ұлттық оқшаулығы және орыстар тарапынан болатын шараларға толық сенбеушілігі осы қалдықтардың практикалық көрінісі болып табылады. Алайда, өз ішінде бірнеше ұлты бар кейбір республикаларда бұл қорғанушы ұлтшылдықтың шабуыл жасаушы ұлтшылдыққа айналуы, сол республикалардағы күштірек ұлттардың әлсіз ұлттарға қарсы бағытталған өркөкірек шовинизміне айналып кетуі сирек емес. Армяндарға, осетиндерге, аджарларға және абхаздарға қарсы бағытталған (Грузиядағы) грузин шовинизмі; армяндарға қарсы бағытталған (Азербайжандағы) азербайжан шовинизмі; түркпендер мен киргиздарға қарсы бағытталған (Бұқар мен Хорезмдегі) өзбек шовинизмі, — нэп пен бәсеке жағдайларының салдарынан одан сайын күшейіп отырған шовинизмнің осы түрлерінің бәрі кейбір ұлт республикаларын ұрыс-керіс пен өсек-аяңның ордасына айналдырып жіберу қаупін тудыратын зор қырсық болып табылады. Осы нәрселердің бәрі ха-

лықтардың біртұтас мемлекеттік одаққа факт жүзінде бірігуіне кедергі жасайтынын айтпасақ та болады. Ұлтшылдықтың қалдықтары великорустық шовинизмге қарсы қорғанудың айрықша бір формасы болғандықтан, великорустық шовинизммен батыл күресу ұлтшылдық қалдықтарды жоюдың ең дұрыс құралы болып табылады. Ал бұл қалдықтар жеке республикаларда әлсіз ұлттар тобына қарсы бағытталған жергілікті шовинизмге айналғандықтан, ол қалдықтармен ашық күресу партия мүшелерінің міндеті болып табылады. Сондықтан ұлтшылдық қалдықтармен күресу және, ең алдымен, осы қалдықтардың шовинистік формаларымен күресу партиямыздың үшінші кезекті міндеті болып табылады.

8. Орталықтағы және жергілікті жерлердегі совет чиновниктерінің бірталайы Республикалар Одағын ұлт республикаларының ерікті түрде дамуын қамтамасыз етуге тиісті тең праволы мемлекеттердің одағы ретінде бағаламай, осы республикаларды жоюға қарай бет алған адым есебінде, «бөлінбейтін біртұтас» мемлекет дегеннің құрыла басталуы ретінде бағалайды; бұл фактыны ескіден қалған мұраның айқын көріністерінің бірі деп есептеу керек. Ондай ұғынысты антипролетарлық және реакциялық ұғыныс ретінде теріске шығара отырып, съезд партия мүшелерін мынаны қатты қадағалап отыруға шақырады: республикалардың бірігуін, комиссариаттардың қосылуын шовинистік пиғылды совет чиновниктері ұлт республикаларының шаруашылық және мәдени мұқтаждарын аяқ-асты қылғысы келетін өздерінің әрекеттерін бүркеу үшін пайдаланып жүрмесін. Комиссариаттардың қосылуы совет аппаратына емтихан болады: егер бұл тәжрибе

практика жүзінде ұлыдержавалық бағыт алса, онда партия ондай бұрмалаушылыққа қарсы ең қатаң шаралар қолдануға мәжбүр болады, аз ұлттар мен артта қалған ұлттардың мұн-мұқтажы мен тілегіне шын пролетарлық және шын туысқандық назар аудару рухында совет аппаратын қайта тәрбиелегенге дейін кейбір комиссариаттардың қосылуын қайта қарау мәселесін қоюға дейін барады.

9. Республикалар Одағы халықтардың бірлесіп тұруының жаңа формасы болғандықтан, біртұтас одақтық мемлекетте олардың бірлесіп істесуінің жаңа формасы болғандықтан, ол мемлекеттің шеңберінде халықтардың бірлесіп жұмыс істеуінің процесінде жоғарыда сыйпатталған қалдықтар жойылуы керек болғандықтан, — Одақтың жоғарғы органдары Одақтағы барлық ұлттардың жалпы мұн-мұқтажы мен тілектерін ғана емес, сонымен қатар кейбір ұлттардың жеке мұн-мұқтажы мен тілектерін де толық көздейтіндей болып құрылуға тиіс. Сондықтан, ұлтына қарамастан бүкіл Одақтағы еңбекші бұқаралардың өкілі болып табылатын Одақтың қазіргі орталық органдарымен қатар, — ұлттардың теңдік негізіне сүйенген өкілі болатын арнаулы орган құрылуға тиіс. Одақтың орталық органдарының осылай құрылуы халықтардың мұн-мұқтажы мен тілектерін кезінде елеп отыруға, оларға кезінде қажетті жәрдем беруге, бір-біріне толық сенерліктей жағдай туғызуға және, сонымен, жоғарыда айтылып өткен мұраны ең ауыртпалықсыз жолдармен жоюға толық мүмкіншілік берер еді.

10. Осы айтылғандарға сүйене отырып, съезд партия мүшелеріне практикалық шаралар есебінде мыналарды жүзеге асыруды ұсынады:

а) Одақтың жоғарғы органдарының системасында барлық ұлт республикалары мен ұлт облыстарының күллісінің теңдік негізіне сүйенген өкілі болатын арнаулы орган құрылсын;

б) Одақтың комиссариаттары Одақтағы халықтардың мұн-мұқтажы мен тілектерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін негізде ұйымдастырылсын;

в) ұлттық республикалар мен облыстардың органдары көбінесе сол халықтардың тілің, тұрмысын, салтын, әдет-ғұрпын білетін жергілікті адамдардан құрылсын.

II

1. Ұлт республикаларының көпшілігінде партиямыздың ұйымдарының дамуы олардың өсуіне және нығаюына онша қолайлы емес жағдайларда жүріп жатыр. Бұл республикалардың экономика жағынан артта қалуы, ұлт пролётариатының аздығы, жергілікті адамдардан шыққан партия қызметкерлерінің ескі кадрларының жеткіліксіздігі немесе тіпті жоқтығы, ана тілінде маңызды марксистік әдебиеттердің жоқтығы, партиялық-тәрбие жұмысының нашарлығы, ақырында, әліде болса арылып болмаған радикалдық-ұлтшылдық дәстүрлердің қалдықтарының бар екендігі, — жергілікті коммунистердің ішінде ұлт өзгешелігін асыра бағалау жағына қарай, пролетариаттың таптық мүдделерін жете бағаламау жағына қарай ауған белгілі уклонды, ұлтшылдық уклонды тудырды. Бұл жағдай бірнеше ұлты бар республикаларда өте-мөте қауіпті болып барады, өйткені онда мұның шоқлардың салмағын әлсіз ұлттардың коммунистері-

не карсы жұмсаған күштірек ұлттардың коммунистерінің шовинизм уклоны формасын алып отырғаны сирек емес (Грузия, Азербайжан, Бұқар, Хорезм). Ұлтшылдық уклонның зияндылығы — ол уклон, ұлт пролетариатын ұлт буржуазиясының идеялық ықпалынан құткару процесіне кедергі жасап, түрлі ұлттардың пролетарларын біртұтас интернационалистік ұйымға біріктіру ісін қыйындатады.

2. Екінші жағынан, партияның орталық мекемелерінде де, ұлттық республикалардың компартияларының ұйымдарында да сол республикалардың еңбекші бұқараларының салтымен, әдет-ғұрпымен, тілімен таныстығы жоқ және сондықтан да олардың мұн-мұқтажын ылғый елеп отырмайтын, орыстан шыққан партия қызметкерлерінің ескі кадрларының көп болуы, — партиямыздың ішінде, партия жұмысында ұлт өзгешеліктері мен ұлт тілін бағаламаушылық жағына ауған уклонды, осы өзгешеліктерге өркөкіректікпен менсінбей караушылықты, великорустық шовинизм уклонын тудырды. Бұл уклон зиянды уклон; себебі — ол, ұлт тілін білетін жергілікті адамдардан коммунистік кадрлар құрау ісіне бөгет болып, партияны ұлт республикаларының пролетарлық бұқараларынан ажырату каупін туғызып кана коймайды, сонымен қатар ол, бәрінен бұрын, жоғарыда сыйпатталып өткен ұлтшылдық уклонға корек болады және оны өсіреді, ұлтшылдық уклонға карсы күресті қыйындатады.

3. Осы екі уклонның екеуін де коммунизм ісі үшін зиянды және каупті деп теріске шығара отырып және великорустық шовинизмге ауған уклонның ерекше зияндылығына және ерекше қауіптілігіне партия мүшелерінің назарын аудара отырып, съезд партияны

біздің партиялық құрылысымыздағы ескіліктің осы қалдықтарын тез жоюға шақырады.

Практикалық шаралар ретінде съезд Орталық Комитетке мыналарды жүзеге асыруды тапсырады:

а) ұлт республикаларының жергілікті партия қызметкерлерінен жоғарғы дәрежелі марксистік кружоктер құру;

б) ана тілінде принципшіл марксистік әдебиетті дамыту;

в) Шығыс халықтарының Университетін және оның жергілікті бөлімдерін күшейту;

г) ұлт компартияларының Орталық Комитетінің жанында жергілікті қызметкерлерден нұсқаушылар топтарын құру;

д) ана тілінде партияның бұқаралық әдебиетін дамыту;

е) республикаларда партиялық-тәрбие жұмысын күшейту;

ж) республикаларда жастар арасындағы жұмысты күшейту.

„Правда" № 65,
24 март, 1923 ж.
Қол қойған: И. Сталин

РК(б)П XII СЪЕЗІ [61]

17—25 апрель, 1923 ж.

Россиялық коммунистік (большевиктер)'
партиясының он екінші съезі.
Стенографиялық есеп. М., 1923

1. РК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

17 апрель

Жолдастар! Орталық Комитеттің «Орталық Комитет Известияларында»[62] басылған есебі толықтығы жағынан әбден жеткілікті шығар деп ойлаймын, сондықтан бұл арада, Орталық Комитеттің ұйымдастыру есебінде, оны қайталап жатудың қажеті жоқ.

Менің жобалауымша, Орталық Комитеттің ұйымдастыру есебі үш бөлімнен құрылуға тиіс.

Бірінші бөлім партияның жұмысшы табымен ұйымдастыру байланыстарының, яғни партияның төңірегіндегі және жұмысшы табына партияның басшылық етуіне, жұмысшы табы партияның армиясына айналуына құрал болып отырған байланыстар мен бұқаралық сыйпаттағы аппараттардың жайын баяндауға тиіс.

Есептің екінші бөлімі, менінше, жұмысшы табының шаруалармен жасасып отырған ұйымдастыру байланыстарының жайын және сол байланыстың құралы болып отырған бұқаралық сыйпаттағы аппараттардың жайын баяндауға тиіс. Ол — мемлекеттік аппарат. Мемлекеттік аппарат арқылы жұмысшы та-

бы, партияның жетекшілігімен, шаруаларға басшылық етіп отырады.

Ең ақырғы, үшінші бөлім өзінің ерекше өмірін сүріп жатқан организм болып табылатын және ұран көтеріп, сол ұрандардың орындалуын тексеріп отырушы аппарат болып табылатын партияның өзі жайында болуға тиіс.

Мен есептің бірінші бөліміне көшемін. Мен партияны — авангард, жұмысшы табын — партиямыздың армиясы, деймін. Бұл арадағы қатнастардың соғыс саласындағы қатнастарға ұқсас көрінуі мүмкін, яғни партия бұйрық береді, телеграф арқылы ұрандар таратады, ал армия, яғни жұмысшы табы бұл бұйрықтарды орындап отырады екен деп түсіну ықтимал. Мұндай түсінік мүлдем теріс. Саясат саласында істің жайы көп қыйын. Соғыс саласында армияны командирлер құрамының өзі құрады, оны өзі қалыптастырады. Ал, мұнда, саясат саласында, партия өз армиясын құрмайды, қайта оны іздеп табады, ол — жұмысшы табы. Екінші өзгешелік мынада: соғыс саласында командирлер құрамы армияны құрып ғана коймайды, оны тамақтандырады, киіндіреді. Саясат саласында мұндай жағдайлар бізде жоқ. Партия өз армиясын, жұмысшы табын, тамақтандырмайды, киіндірмейді. Нақ сондықтан саясатта істің жайы көп қыйын. Нақ сондықтан саясатта тап партияға тәуелді емес, қайта керісінше. Міне осы себепті таптың авангардының, яғни партияның, басшылығын жүзеге асыру үшін партия бипартиялық бұқаралық аппараттардың қалың көпшілігін төңрегіне жыюуы керек; ал бұл аппараттар партияның қолындағы барлау құралдары болып табылады, осылардың жәрдемімен пар-

тия жұмысшы табына өзінің еркін-талабын жеткізіп отырады, ал жұмысшы табы бытыранды бұқарадан партияның армиясына айналады.

Міне, сөйтіп, мен партияны таппен жалғастыратын бұл аппараттардың, бұл жалғастырушы құралдардың қандай екенін қарауға, бұл аппараттың қандай екенін және бұл аппараттарды нығайту мағнасында партияның бір жыл ішінде не істеп үлгіргенін қарауға көшемін.

Партияны жұмысшы табымен байланыстыратын бірінші, негізгі жалғастырушы құрал, бірінші, негізгі аралық аппарат — кәсіпшілер одақтары. Партияны таппен уштастыратын бұл негізгі жалғастырушы құралды нығайту жөніндегі цифрларды алатын болсақ, бір жыл жумысының ішінде партия одақтардың басшы орындарында өзінің ықпалын күшейтіп, нығайтты. Мен Кәсіпшілер Одақтарының Бүкілодақтық Орталық Советіне тоқтамаймын. Оның құрамы баршаға мәлім. Мен одақтардың орталық комитеттеріне де тоқтамаймын. Менің айтқалы тұрғаным, ең алдымен, одақтардың губерниялық советтері. Кәсіпшілер одақтарының губерниялық советтерінің председательдері арасында Октябрьден бұрынғы стажы барлар өткен жылы, партиямыздың XI съезінің қарсаңында 27% еді, ал быйылғы жылы 57% тен артық. Аса зор табыс емес, дегенмен табыс. Бұл мынаны көрсетеді: партияның Октябрьден бұрынғы стажы бар басшы элементтері одақтардың негізгі арқауын қолда ұстап, солар арқылы партияны жұмысшы табымен байланыстырып отырғанын көрсетеді.

Мен жұмысшылардың кәсіпшілер одақтарының құрамын тұтас алып тоқтамаймын. Цифрларға қара-

ғанда, өткен съездің қарсаңында одақ мүшелері 6 миллиондай болған. Быйылғы жылы, осы съездің қарсаңында, 4 800 000. Бір адым кейін шегінген сыяқты, бірақ тек солай тәрізді болып көрінеді. Өткен жылы, — бұл арада шындықты айтуға рұхсат шығар, — одақтар қампыйта көрсетілген. Берілген цифрлар шынайы жағдайды дәл көрсетпеген. Мына съезд қарсаңында беріліп отырған цифрлар анағұрлым нақтылы және анағұрлым өмірге бейім. Кәсіпшілер одақтарының сан құрамы кеми тұрса да, мен мұны бір адым ілгері басқандық деп таныймын. Сонымен, бір жағынан кәсіпшілер одақтарының қампыйған, жартылай ресми түрден іс жүзінде тіршілік қабілеті бар одақтарға айналып, өзінің басшы органдарымен ортақ өмір сүруі, екінші жағынан, одақтардың губерниялық органдарында партияның басшы элементтерінің 27% тен 57% ке артуы, — біздің партиямыздың кәсіпшілер одақтарын нығайту жөніндегі жұмысында осы жылдың ішіндегі айтарлық табысы болып табылады.

Бірақ бұл салада істің жайы оңып тұр еді деуге болмайды. Одақтардың бастауыш ұялары — фабзавкомдар — әлі тегіс біздік болып жеткен жоқ. Мәселен, Харьков губерниясындағы 146 фабзавкомнан 70-нің құрамында бір де коммунист жоқ. Ал мұндай жағдайлар бірен-саран. Жалпы алғанда, губерниялық органдарда да, төменгі ұяларда да партияның ықпалын нығайту мағнасында кәсіпшілер одақтарының дамуы сөзсіз алға басқандығын мойындау қажет. Бұл майдан партиянікі болып қамтамасыз етілді деп санау керек. Одақтар жөнінде біздердің күшті дұшпандарымыз жоқ.

Партияны таппен байланыстыратын екінші жалғас-

тырушы кұрал, екінші аралық аппарат — кооперативтер. Менің айтқалы тұрғаным — ең алдымен тұтыну кооперациясы, оның жұмысшы бөлімі, одан соң ауылшаруашылық кооперациясы, өйткені ол деревня кедейлерін қамтыйды. XI съездің қарсаңында Центросоюздың жұмысшы секцияларында үш миллиондай адам болды. Быйылғы жылы, осы съездің қарсаңында, біраз өскендік бар, яғни 3 300 000. Бұл өте аз. Дегенмен, біздің жағдайларымызда, нэптің жағдайларында, бұл бір адым ілгері басқандық болады. Егер әрбір жұмысшының семьясында 3 жан бар деп есептейтін болсақ, онда кооперативтерде тұтыну кооперациясының төңірегіне тұтынушы болып ұйымдасқан 9 миллиондай жұмысшы халқы бар: ал тұтыну кооперациясында партияның ықпалы күннен күнге артуда...

Өткен съездің қарсаңында бізде тұтынушылар кооперациясында партияның күші қаншалықты зор екені жайында мәлімет жоқ еді, 2—3—5%, одан артық емес еді. Осы съездің қарсаңында бізде Центросоюздың губерниялық органдарындағы коммунистер кемінде 50% болып отыр. Бұл тағыда бір адым ілгері басқандық.

Ауылшаруашылық кооперативтерінде істің жайы біраз нашарлау. Олардың өздерінің өсіп отырғанында сөз жоқ. Өткен жылы, съездің қарсаңында, ауылшаруашылық кооперативтері кемінде 1 700 000 шаруалар шаруашылығын біріктіріп отыр еді. Быйылғы жылы, осы съездің қарсаңында, кооперативтердегі шаруалар шаруашылығының саны кемінде 4 000 000. Мұның ішінде пролетариатқа қарай бейім тұратын кедейлердің белгілі бөлегі бар. Нақ сондықтан ауылшаруашылық кооперациясы жөнінде партияның ық-

палы қалай өсіп келгендігін анықтау қызықты. Өткен жыл бойынша бізде цифрлар жоқ. Быйылғы жылы ауылшаруашылық кооперациясының губерниялық органдарында коммунистер кемінде 50% болып шықты (бірақ бұл цифрлар маған күмәнділеу көрінеді). Егер бұл дұрыс болса, онда бұл — ілгері қарай зор адым басқандық. Төменгі ұяларда істің жайы нашарырақ, өйткені біз бастауыш кооперативтерді бізге жау күштердің ықпалынан әлі де болса құтқара алмай отырмыз.

Тапты партиямен байланыстыратын үшінші жалғастырушы құрал — жастар одақтары. Біздің партиямызды өркендету ісінде жастар одағының және жалпы жастардың барлық аса зор маңызын дәлелдеп жатудың кажеті бола қоярма екен. Біздегі бар цифрлар мынаны көрсетеді: өткен жылы, XI съездің қарсаңында, бізде жастар одағында кемінде 400 000 мүше болған. Содан соң 1922 жылдың орта шенінде, штаттар қысқартыла бастаған кезде, броня әлі жеткілікті қолданылмаған кезде, жастар одақтары жаңа жағдайларға әлі бейімделе алмай жатқан кезде, мүшелердің саны 200 000ға дейін кеміді. Қәзір, әсіресе өткен жылдың күзінен бастап, бізде жастар одағы орасан өсуде. Одақтың қатарында кемінде 400 000 мүше бар. Ең сүйсіндіретіні — жастар одақтарының ең алдымен жұмысшы жастар есесінен өсіп отырғандығы. Жастар одақтары ең алдымен біздің өнеркәсіп өркендей бастаған аудандарда өсіп отыр.

Өздеріңіз білесіздер, жастар одағының жұмысшылар арасындағы негізгі жұмысы — фабрика-завод оқыту мектептері. Бұл жөндегі цифрлар мынаны көрсетеді: өткен жылы, XI съездің қарсаңында, бізде

44 мың мүшесі бар 500 дей фабрика-завод оқу мектептері болған. Быйылғы жылдың январында бізде сондай мектептің саны 700 ден астам, олардың 50 мың мүшесі бар. Бірақ ең бастысы — жастар одағының жұмысшы жастар есебінен өсіп отырғанында.

Мұның алдындағы майдан — ауылшаруашылық кооперациясының майданы сыякты, жастар майданын да ерекше қатер туып тұрған майдан деп санау керек, өйткені біздің партияға дұшпандардың бұл саладағы шабуылдары тым қатал. Нақ осы арада, осы екі салада, партия және оның ұйымдары басым ықпал жүргізетін болу үшін бар ынта-жігерін жұмсауы өте қажет.

Енді мен жұмысшы әйелдердің делегаттық жыйналыстарына көшемін. Бұл да, бәлкім, біздің ұйымдарымыз үшін елеусіз болғанымен, өте маңызды, аса мәнді жалғастыру құралы, ол біздің партияны жұмысшы табының әйелдер бөлегімен жалғастырады. Біздің қолымызда бар цифрлар мынаны көрсетеді: 57 губернияда және 3 облыста өткен жылы, XI съездің қарсаңында, бізде 16 000 шамасында делегаткалар болды. Бұлардың басым көпшілігі жұмысшы әйелдер болды. Быйылғы жылы, осы съездің қарсаңында, сол губерниялар мен облыстардың өзінде бізде кемінде 52 000 делегатка бар, бұлардың ішінен жұмысшы әйелдер 33 000. Бұл — алға қарай зор қадам басқандық. Бұл майданға біздің осы уақытқа дейін аз көңіл бөліп келгенімізді ескеру қажет, ал бұл майданның біз үшін зор маңызы бар. Іс алға басып келеді екен, бұл аппаратты да ныгайтып кеңейтуге және әйелдер тәрбиелейтін жастардың арасында поптардың ықпалын жою үшін партияның барлау құралын жұм-

сауға негіз бар екен, онда, әрине, партияның кезекті міндеттерінің бірі — сөзсіз қатер туып отырған бұл майданда да ынта-жігерді барынша күшейту болуға тиіс.

Мектеп жайына көшемін. Менің айтқалы тұрғаным — саяси мектептер туралы, совет-партия мектептері туралы, коммунистік университеттер туралы. Бұл да — аппарат, бұл аппарат арқылы партия коммунистік ағарту ісін өркендетеді, жұмысшы халықтың арасына социализм ұрығын, коммунизм ұрығын себетін, сөйтіп партияны жұмысшы табымен рухани байланыстармен жалғастыратын ағарту ісі жөніндегі командирлер құрамын қалыптастырады. Цифрларға қарағанда, совет-партия мектептерінің оқушыларының саны өткен жылы 22 мыңдай болды. Жоғарғы саяси-ағарту басқармасы қаржыландыратын қалалық саяси сауат мектептерін қоса есептегенде, биылғы жылы оқушы саны кемінде 33 000. Коммунистік ағарту ісі үшін зор маңызы бар коммунистік университеттерге келсек, мұндағы өсу аз; 6 мыңдай оқушы бар еді, 6 400 болды. Партияның міндеті — бұл майданға күшті баса жұмсау, коммунистік ағарту ісінің командирлер құрамын үйретіп, шыңдап шығару жөніндегі жұмысты күшейту болады.

Баспасөз жайына көшемін. Баспасөз бұқаралық аппарат емес, бұқаралық ұйым емес, бірақ солай бола тұрса да, ол партия мен жұмысшы табының арасында көзге білінбес байланыс жолын салып отырады, бұл байланыс өзінің күші жағынан бұқаралық сыйпаттағы қандай аралық аппаратпен болса да тең. Баспасөз — алтыншы держава деседі. Мен оның қандай держава екенін білмеймін, бірақ күшті екені, үлкен салмағы бар

екені даусыз. Баспасөз — партияның ең күшті құралы, ол арқылы партия күн сайын, сағат сайын жұмысшы табымен өзіне керекті тілде сөйлесіп отырады. Партия мен таптың арасына рухани арқау өткізудің басқа құралдары, басқа мұндай ебдейлі аппарат жаратылыста жоқ. Міне осы себептен бұл салаға партия ерекше көңіл аударуға тиіс және бұл салада біздің қазірде-ақ біркатар табыстарымыз бар екенін айту керек. Газеттерді алайық. Хабар етілген цифрлар бойынша, өткен жылы бізде 380 газет болды, быйылғы жылы кемінде 528. Өткен жылғы тираж 2 500 000, бірақ бұл — нақтылы емес, жартылай ресми тираж болды. Жазда, баспасөз субсидия қысқартылған шақты басынан өткізген кезде, баспасөз аяғынан тік басуы керек болған кезде, тираж 900 мыңға дейін кемиді. Қазіргі съездің қарсаңында бізде тираж екі миллиондай болып отыр. Демек, баспасөздің ресми сыйпаты кеміп келеді, ол өз қаражатына өмір сүріп отыр және партияны бұқарамен жалғастырып, партияның қолында өткір құрал болып отыр, әйтпесе тираж өсе де алмас еді, бір қалпында тұра да алмас еді.

Келесі аралық аппаратқа — армияға көшемін. Армияны қорғану немесе шабуыл жасау аппараты деп қарайтын дағды бар. Ал, мен армияны жұмысшылар мен шаруалардың жыйын пункті деп қараймын. Барлық революциялардың тарихы мынаны көрсетеді: армия — түрлі губерниялардың бір-бірінен аулақ жатқан жұмысшылары мен шаруалары бас қосатын, бас қосып, өздерінің саяси көзқарастарын белгілейтін бірден-бір жыйын пункті. Үлкен мобилизациялар мен үлкен соғыстардың әрқашан белгілібір әлеуметтік жанжал туғызатыны, белгілібір бұқаралық революциялық қоз-

ғалыс тудыратыны кездейсоқ нәрсе емес. Бұлай болатын себебі — армияда ең шеткері түкпірлерден келген шаруалар мен жұмысшылар бір-бірімен бірінші рет кездеседі. Дағдыда Воронеждың мужигі питерлікпен кездеспейді ғой, псковтық сибирьлікті көрмейді ғой, ал армияда олар кездесе береді. Армия жұмысшылар мен шаруалардың мектебі, жыйын пункті болып табылады, сондыктан осы тұрғыдан партияның армияға ықпалы мен әсерінің зор маңызы бар, жәнеде осы мағнада армия — партияны жұмысшылармен және ең кедей шаруалармен жалғастыратын аса зор аппарат. Армия — түрлі губерниялар мен облыстардың адамдары бас қосып, саяси өмірге үйреніп, әдеттенетін бірден-бір бүкіл россиялық, бүкіл федерациялық жыйын пункт. Міне осындай өте елеулі бұқаралық жалғастырушы аппаратта бізде мынадай өзгерістер бар: өткен съездің қарсаңында коммунистер 7½ процент болған болса, быйылғы жылы 10½ процент болып отыр. Бұл уақыттың ішінде армия қысқарды, бірақ армияның сапасы жақсарды. Партияның ықпалы артты, сөйтіп осы негізгі жыйын пунктте біз коммунистік ықпалды арттыру жағынан жеңіске жеттік.

Взвод командирлерін қоса барлық командирлер құрамын алатын болсақ, командирлер құрамының арасында коммунистер өткен жылы 10% болды, ал быйылғы жылғы 13% болып отыр. Егер командирлер құрамын взвод командирлерін қоспай алатын болсақ, өткен жылы 16% болды, ал быйыл 24% .

Біздің партияның айналасындағы жалғастырушы құралдар, бұқаралық аппараттар міне осылар, бұлар партияны жұмысшы табымен байланыстыра отырып,

оның авангардқа айналуына, ал жұмысшы табының армияға айналуына мүмкіндік береді.

Партияның, әскери командирлер құрамынан өзгеше, авангардқа айналуының, ал жұмысшы табының бытыранды бұқарадан нағыз саяси армияға айналуының құралы болып табылатын байланыстар тарауы мен жалғастырушы пункттер тарауы осындай.

Бұл байланыстарды нығайту жөнінде бұл салада біздің партиямызды табыстарға жеткендігінің себебі — бұл жөнінде партияның тәжрибесі артқандығынан ғана емес, бұл жалғастырушы аппараттарға ықпал ету құралдарының өзі жетілдірілгендіктен ғана емес, елдің жалпы саяси жағдайының осыған көмектесіп, жәрдемдесіп отырғандығынан.

Өткен жылы бізде аштық, аштықтың нәтижелері, өнеркәсіптің депрессиясы, жұмысшы табының бытырауы және басқалары болды. Быйылғы жылы, керісінше, бізде егін мол шықты, өнеркәсіп едәуір өркендеді, пролетариаттың топталу процесі күшейді, жұмысшылардың жағдайы жақсарды. Бұрын деревняларға бытырап кетуге мәжбүр болған бұрынғы жұмысшылар қайтадан фабрикалар мен заводтарға келіп жатыр, осының өзі жоғарыда аталған байланыс аппараттарын нығайту жөнінде партияның жұмысты кеңінен өрістетуі үшін саяси жағынан қолайлы жағдай туғызады.

Баяндаманың екінші бөліміне: партия және мемлекеттік аппарат туралы бөліміне көшемін. Мемлекеттік аппарат дегеніміз өкімет басында тұрған жұмысшы табын, оның партиясы арқылы, шаруалармен жалғастыратын және жұмысшы табының, оның партиясы арқылы, шаруаларға басшылық етуіне мүмкіндік беретін негізгі бұқаралық аппарат. Баяндамамның бұл бөлімін

мен Ленин жолдастың белгілі екі мақаласына[61] тікелей байланыстырамын.

Ленин жолдастың екі мақаласында дамытқан идеясы көп адамдарға мүлдем жаңа болып көрінді. Менінше, бұл мақалаларда дамытылған идея Владимир Ильичке өткен жылдан-ақ тыным бермеді. Оның өткен жылғы саяси есебі Сіздердің естеріңізде бар шығар. Біздің саясатымыз дұрыс, бірақ аппарат фальшь жасап отыр, сондықтан машина баратын жағына бармай, қыңыр тартып отыр, деді ол. Әлі есімде, бұған Шляпников шоферлер жарамсыз деп жауап қатты. Бұл, әрине, дұрыс емес. Мүлдем дұрыс емес. Саясат дұрыс, шофер өте тамаша, машинаның өзінің үлгісі жақсы, ал советтік, мемлекеттік машинаның құрамды бөлімдері, яғни мемлекеттік аппараттағы кейбір қызметкерлер жаман, біздік емес. Сондықтан машина фальшь жасайды, сонымен жалпы алғанда дұрыс саяси бағыт бұрмаланып шығады. Жүзеге асыру болмай, бұрмалау болып шығады. Қайталап айтамын: мемлекеттік аппарат үлгісі жағынан дұрыс, бірақ оның құрамды бөлімдері әлі жат, казналық, жартысы патшалық-буржуазиялық. Біз халық бұқарасын қамтудың құралы болатын мемлекеттік аппарат құрғымыз келеді, ал кейбір адамдар бұл мемлекеттік аппаратты тамақ асырау орнына айналдырғысы келеді. Міне сондықтан аппарат тұтас алғанда фальшь жасайды. Егер біз мұны түземесек, бір ғана саяси дұрыс бағытпенен алыска ұзап кете алмаймыз: ол бұрмаланады, жұмысшы табы мен шаруалардың арасында алшақтық пайда болады. Басқарушы біз болғанымызбен машина бізге бағынбайтын болып шығады. Күйреу келіп шығады. Мінеки, өткен жылдың өзінде-ақ Ленин жолдастың дамытқан пікір-

лері осы, бұл пікірлерді ол тек быйыл ғана Орталык Бақылау Комиссиясы мен Жұмысшы Шаруа Инспекциясын қайта құрудың түзу системасы етіп ретке салды, мұның мағнасы кайта құрылған тексеру аппараты машинаның барлық құрамды бөлімдерін қайта құру үшін, машинаны жүруге тиісті жағына шын жүргізгіміз келсе, жарамсыз ескі бөлімдерді жаңа бөлімдермен ауыстыру үшін құралға айналдыру деген сөз.

Ленин жолдастың ұсыныстарының мәнісі осындай

Мен совет үлгісімен ұйымдасқан Орехово-Зуево трестін тексеру сыякты фактыны айта аламын; бұл трест фабрикаттарды барынша көп шығарып, шаруаларды жабдыктап отыруға тиіс еді, ал оның бержағында советтік жолмен ұйымдаскан бұл трест шығарылатын фабрикаттарды жеке адамдардың қалтасына түсіріп, мемлекеттің мүдделеріне зиян келтірді. Машина өзінің жүруге тиісті жағына қарай жүрмеді.

Мен жақында маған Ворошилов жолдас айткан фактыны айта аламын. Бізде Промбюро дейтін мекеме бар. Бұл мекеме оңтүстік-шығыста болды. Бұл аппаратта 2 мыңдай қызметкер бар еді. Бұл аппарат оңтүстік-шығыстың өнеркәсібіне басшылық етуге тиіс еді. Ворошилов жолдас кынжыла сөйлеп бұл аппаратты басқару оңай болмағанын, сондыктан оны басқару үшін қосымша кішкене аппарат кұру, яғни басқару аппаратын басқару үшін аппарат құру керек болғанын айтты маған. Рахымды адамдар табылып, яғни Ворошилов, Эйсмонт, Микоян шығып, істі шындап қолға алды. Аппараттағы 2 мың кызметкердің орнына 170 қызметкер ұстауға болатын болып шықты. Сонымен не болды? Осы күнде істің жайы бұрынғыдан анағұрлым жақсы көрінеді. Бурын аппарат істеп шығарғаны-

ның бәрін ішіп-жеп қоятын еді. Кәзір аппарат өнеркәсіпті камтыйды. Мұндай фактылар толып жатыр, көпак, олар менің шашымнан да көп.

Бұл фактылар мынаны ғана көрсетеді: біздің үлгі жағынан дұрыс советтік аппаратымыз көбінесе осындай адамдардан құрылған, оның шын мәнісінде дұрыс саяси бағытты бұзатын осындай дағдылары мен дәстүрлері бар. Осыдан келіп барлық машина теріс істейді, сондықтан үлкен саяси кемшілік туады, пролетариаттың шаруалармен арасы үзілу қаупі туады.

Мәселе былай қойылып отыр: не біз шаруашылық аппараттарды жақсартамыз, олардың қатарын қысқартамыз, оларды оңайлатамыз, арзандатамыз, рухы жағынан біздің партиямызға жақын адамдармен толықтырамыз, сөйтіп нэп дейтінді қолданғандағы мақсатымызға жетеміз, яғни деревняны жабдықтау үшін, керекті өнімдерді алып отыру үшін өнеркәсіп фабрикаттарды барынша көп шығаратын болады, сонымен біз шаруалар экономикасының өнеркәсіп экономикасымен байланысын орнатамыз. Не біз бұған жете алмаймыз, онда күйреушілік болады.

Немесе тағы: не мемлекеттік аппараттың өзі, салықшы аппарат оңайлатылады, қысқартылады, одан ұрылар мен алаяқтар қуылады, сөйтіп біз шаруалардан кәзіргіден гөрі аз алатын боламыз, сөйтіп халық шаруашылығы оған төтеп бере алады. Не бұл аппарат оңтүстік-шығыста болғанындай құрғақ мақсатқа айналады да, шаруалардан алынатынының бәрін аппараттың өзін ұстауға жұмсау керек болады, — ал онда саяси күйреушілік болады.

Менің білуімше, Владимир Ильичтің бұл мақалаларды жазғанда сүйенген пікірлері осы.

Ленин жолдастың ұсыныстарының тағы бір жағы бар. Ол аппараттың жақсартылуына, партияның басшылық ролі барынша күшейтілуіне тырысады, — өйткені партия мемлекетті құрды, ол жақсартуға да тиіс, — тырысып қана қоймайды, ол, анығында, моральдік жағын да көздейді. Ол, қарапайым адамның оған тыйым жоқ деп айтатынындай тіпті ең жоғары дәрежедегі сановниктің бірде-біреуі ел ішінде қалмауын көздейді. Міне осы моральдік жағы Ильичтің ұсынысының үшінші жағы болып табылады, нақ осы ұсыныс біздің партиямызға кір келтіретін сановниктік дәстүрлер мен дағдылардан мемлекеттік аппаратты ғана емес, партияны да тазарту міндетін қояды.

Қызметкерлерді іріктеп алу туралы мәселеге, яғни Ильичтің сонау XI съезде айтқан мәселесіне көшемін. Біздің мемлекеттік аппаратымыз өзінің құрамы, дағдылары мен дәстүрлері жағынан жарамсыздығынан жұмысшылар мен шаруалардың арасы үзілу қаупі туатыны біз үшін айқын болса, онда мынау да айқын: партияның жетекшілік ролінің белгісі директива беруде ғана болмауға тиіс, белгілі қызмет орындарына біздің директиваларымызды орындай алатын және ол директиваларды жүзеге асыра алатын адамдардың қойылуында да болуға тиіс. Орталық Комитеттің саяси жұмысы мен ұйымдастыру жұмысының арасына ешбір өткелсіз шек қоюға болмайтынын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Жақсы саяси бағыт берсе болғаны, — сонымен іс бітеді деп сіздердің еш қайсыларыңыз айта қоймассыздар. Жоқ, ол тек істің жартысы ғана. Дұрыс саяси бағыт берілгеннен кейін қызметкерлерді іріктеп алу керек, іріктеп алғанда қызмет орындарына директива-

ларды жүзеге асыра білетін, директиваларды ұғына білетін, бұл директиваларды өздеріне жақын директивалар деп қабылдай алатын, сондықтан ол директиваларды орындай білетін адамдар қойылатындай ету керек. Бұлай болмаған күнде саясат мағнасын жоғалтады, құр қол сілтеуге айналады. Міне сондықтан есепке алу-бөлу бөлімінің, яғни Орталық Комитеттің төменгі орындарда да, жоғарыда да негізгі қызметкерлерімізді есепке алып, оларды бөліп отыруға тиісті органының зор маңызы болып отыр. Бұл кезге дейін істің жайы былай болған: есепке алу-бөлу бөлімінің жұмысы жолдастарды есепке алып, уездік комитеттерге, губерниялық комитеттерге, облыстық комитеттерге бөлумен тынған. Бұдан арғысына есепке алу-бөлу бөлімі, былайынша айтқанда, тумсығын сұқпаған. Кәзір, соғыс аяқталған кезде, жаппай беталды мобилизациялау енді орын алмай отырған кезде, ол барлық мағнасын жоғалтқан кезде, — міне осы кезде есепке алу-бөлу бөлімі губерниялық комитеттер мен уездік комитеттердің шеңберінен шықпай отыра алмайды; ал жаппай беталды мобилизациялау барлық мағнасын жоғалтқанын өткен жылы Орталық Комитеттің міндетіне жүктелген бір мың адам мобилизациялау ісі ыспаттады, ол істен түк өнбеді, өйткені біздің жағдайларымызда, жұмыс тереңдеп отырған кезде, біз мамандандыруға бағыт алып отырған кезімізде, әрбір қызметкерді бастан-бақай зерттеу керек болып отырған кезде, — беталды мобилизациялау жергілікті орындарға ешқандай пайда бермей, тек істі бұзады.

Мен кейбір цифрларға сүйенер едім. XI съезд Орталық Комитетке кемінде бір мың москвалық қызметкерлерді мобилизациялауға заказ берді. Орталық Ко-

митет мобилизациялау үшін 1500-дей адамды есепке алды. Мобилизацияланғандардың ауруы себепті және түрлі себептермен 700 адамды ғана мобилизациялауға тура келді; жергілікті орындардың пікірі бойынша, олардың онша-мұнша жарамдылары 300 адам. Міне сіздерге факт, бұл факт бұрынғы уақытта жүргізілген ескі түрдегі беталды мобилизациялау кәзір енді жарамайтындығын көрсетеді, бұған себеп — біздің партиялық жұмысымыз терендей түсті, ол шаруашылықтың түрлі салаларына сараланды, сондықтан адамдарды беталды жібере салу деген сөз, біріншіден, оларды түк істемеуге шалдықтыру және, екіншіден, жаңа қызметкерлер сұраушы ұйымдардың өздерінің ең кем дегендегі тілектерін қанағаттандырмау деген сөз.

Мен есепке алу-бөлу бөлімінде қызмет етуші Сорокин құраған белгілі кітапша[64] бойынша біздің өнеркәсіп командирлері құрамын зерттеу жөніндегі кейбір цифрларды келтіргім келеді. Бірақ бұл цифрларға көшпестен бұрын, мен Орталық Комитеттің қызметкерлерді есепке алу жөніндегі өз жұмысының барысында есепке алу-бөлу бөлімінде жүргізген реформасы жайында айтуға тиістімін. Бұрын есепке алу-бөлу бөлімі губерниялық комитеттер мен уездік комитеттердің шеңберінен шықпады, ал кәзір, жұмыс терендей түсіп отырған кезде, құрылыс жұмысы барлық жерде бірдей өрістеп отырған кезде, уездік комитеттер мен губерниялық комитеттердің шеңберінен шықпай қалуға болмайды; мен мұны айтып өткенмін. Тегіс барлық басқару аппаратын жәнеде партияның барлық шаруашылық аппаратымызды қолда ұстауына, өзінің басшылығын жүзеге асыруына жәрдем етіп отырған бүкіл өнеркәсіп командирлері құрамын қамту керек. Орталық Комі-

теттің орталыкта да, жергілікті орындарда да есепке алу-бөлу аппараты кеңейтілсін, сөйтіп меңгерушінің шаруашылық бөлімі мен совет бөлімі жөнінде орынбасарлары болсын жәнеде кәсіпорындар мен трестерде, жергілікті орындардағы және орталықтағы шаруашылық орындарында, советтерде және партия ішінде командирлер құрамын есепке алатын олардың өздерінің жәрдемшілері болсын деп ұйғаруы да осы маңнада.

Бұл реформаның нәтижелері дереу білінді. 1 300 дей директорларды камтыйтын өнеркәсіп командирлерінің құрамы есепке алынды. Олардың ішінде партияда барлары 29%, партияда жоқтары 70% көрінеді. Негізгі кәсіпорындардағы салмағы жағынан партияда жоқтардың басым болып көрінуі мүмкін, бірақ бұл дұрыс емес. Бақсақ, коммунистердің 29% 300 мыңнан астам жұмысшыны біріктіретін ең ірі кәсіпорындарды басқарады екен, ал партияда жоқ 70% директорлар көп дегенде 250 мың өнеркәсіп жұмысшысын қамтыйтын кәсіпорындарды басқарады екен. Ұсақ кәсіпорындарды партияда жоқтар басқарады, ал ірі кәсіпорындарды — партияда барлар басқарады. Сонсын, партия мүшесі-директорлардың арасында жұмысшылар жұмысшы еместерден үш есе көп. Коммунистері аз болып отырған жоғарғы орындардағыдай, Халық Шаруашылығының Жоғарғы Кеңесі мен оның бөлімдеріндегідей емес, өнеркәсіп құрылысын жүргізетін төменгі орындарда, негізгі ұяларда, коммунистер күші және ең алдымен жұмысшылар кәсіпорындарды кәзірдің өзінде-ақ меңгере бастағанын көрсетеді. Маңыздысы сол — өздерінің сапасы, жарамдылығы жағынан, коммунист директорлардың арасында жарамдылары партия-

да жоқтардың арасындағыдан көп. Бұдан шығатын қортынды мынау: партия, коммунистерді кәсіпорындарға бөлгенде, тек таза партиялық пікірлерге ғана, кәсіпорындарда партияның ықпалын күшейтуге ғана сүйеніп қоймайды, істің қамын ойлау пікірлеріне де сүйенеді. Бұдан партия ретінде партия ұтып қана қоймайды, бүкіл шаруашылық құрылысы да ұтады, өйткені жарамды директорлар коммунистердің арасында партияда жоқтардың арасындағыдан анағұрлым көп.

Біздің өнеркәсіп командирлеріміздің құрамын есепке алудың алғашқы тәжрибесі осындай; менің айтқанымдай, бұл — барлық кәсіпорындарды бірдей тегіс қамтымайтын жаңа тәжрибе, өйткені бұл кітапшада есепке алынған 1 300 директор әлі есепке алынуға тиісті барлық кәсіпорындардың жартысындай ғана. Ал тәжрибеге қарағанда, мұнда істелетін жұмыс таусылмас мол, сондықтан есепке алу-бөлу жұмысы мейлінше өрістетілуге тиіс, сөйтіп біздің негізгі кәсіпорындардың басқарушы органдарын коммунистермен толықтыруға, сонымен мемлекеттік аппаратқа партия басшылығын жүзеге асыруға партияға мүмкіндік беруге тиіс.

Орталық Комитеттің ұйымдастыру мәселесі жөнінде, партиялық жақты да, советтік жақты да еске алып, съездің қарауына ұсынып отырған жобаларымен жолдастар таныс болуға тиіс. Өз есебімнің екінші бөлімінде мен жаңа ғана айтып өткен советтік жаққа келетін болсақ, онда бұл мәселені Орталық Комитет арнаулы секцияның тәптіштеп қарауына ұсынбақ болып болжап еді, ол секция бұл мәселенің партиялық жағын да, советтік жағын да зерттеп, сонсын

барып съездің карауына өз пікірлерін ұсынуға тиісті еді.

Есептің үшінші бөліміне: организм ретіндегі партия туралы және аппарат ретіндегі партия туралы бөліміне көшемін.

Ең алдымен партияның сан жағы жайында екі ауыз сөз айтуға тура келеді. Цифрларға қарағанда, өткен жылы, XI съездің карсаңында, партия катарында 400 мыңнан бірнеше он мың артығырақ адам болған. Быйылғы жылы, партия қатарының бұрынғыдан әрі кемуі себепті, бірсыпыра облыстарда партия пролетарлық емес элементтерден құтылуы себепті, партия қатары кеміді, — 400 мыңнан гөрі кемірек болып отыр. Бұл — кемшілік емес, бұл табыс, өйткені партия әлеуметтік құрамы жағынан жақсарды. Біздің партияның әлеуметтік құрамының жақсаруы мағнасында партиямыздың дамуындағы ең маңыздысы мынау: партияның пролетарлық емес элементтерінің жұмысшы элементінің есебінен өсуі жөнінде бұрын байқалған беталыс есеп беріп отырған жылы тоқталды, өзгеріс басталды, партиямыздың пролетарлық емес құрамының есебінен партиямыздың жұмысшы құрамының проценті артуына қарай белгілі бағыт басталды. Бұл — тазалау уақытына біздің қол жеткізуге нақтырыскан табысымыз, бұл табысқа біз енді жетіп отырмыз. Мен бұл жөнінде бәрі де істелді демеймін, — әлі бәрі бірдей істеле қойған жоқ. Бірақ өзгеріске біздің қолымыз жетті, біртектіліктің белгілі минимумына біздің қолымыз жетті, партияның жұмысшы құрамы болуын қамтамасыз еттік, сонымен, сірә бұдан былай партияның пролетарлық емес элементтерін қысқарта беру және пролетарлық элементтердің өсе беруі мағ-

насында осы жолмен жүруге тура келетін шығар. Партиямыздың құрамын жақсарта беру үшін Орталық Комитеттің ұсынып отырған шаралары Орталық Комитеттің ұсыныстарында баяндалған, мен ол шараларды қайталамаймын. Анығында, пролетарлық емес элементтердің көптеп келуіне кедергіні күшейтуге тура келеді, өйткені қазіргі кезенде, нэп жағдайларында, партия нэп элементтерінің аздырушы ықпалына сөзсіз ұшырап отырған кезінде біздің партияның барынша біртекті болуын және, қайткен күнде де, жұмысшы еместердің есебінен жұмысшы құрамының мейлінше басым болуын қамтамасыз ету керек. Егер партия өзін жумысшы табының партиясы ретінде сақтағысы келсе, ол осыны істеуге тиіс және осыны істеуге міндетті.

Мен губкомдардың тұрмысы және олардың жұмысы туралы мәселеге көшемін. Баспасөз бетіне, кейбір мақалаларда губкомдарды мазақ ететін сөздер өтіп кетіп жүр, көбісінше губкомдар келемеж етіледі, олардың жұмысы жете бағаланбайды. Ал мен мынаны айтуға тиістімін, жолдастар: губкомдар — біздің партияның негізгі тірегі, сондықтан оларсыз, губкомдарсыз, олардың совет жұмысына да, партия жумысына да басшылық ету жөніндегі жұмысынсыз партия тірексіз қалар еді. Губкомдардың барлық кемшіліктеріне карамастан, кемістіктер осы уақытқа дейін әлі бар болып отырғанына карамастан, губкомдардағы бақастық, ұрыс-керіс дейтіндерге қарамастан, тұтас алғанда губкомдар — олар біздің партиямыздың негізгі тірегі.

Губкомдар қалай өмір сүріп, қалай өсуде? Мен губкомдардан будан 10 ай бұрын түскен хаттарды оқыдым, ол кез — біздің губком секретарьларының

жана жағдайларға үйренісе алмай, шаруашылық істеріне әлі шырмалып жүрген кезі еді. Сонсын, мен одан 10 ай кейін түскен хаттарды қызыға, қуанышпен оқыдым, өйткені бұл хаттардан мынау көрінеді: губкомдар есейген, олар істің байыбына барған, құрылыс жұмысына қолма-қол кіріскен, жергілікті бюджетті жолға қойған, жергілікті көлемдегі шаруашылықты меңгерген және өз губерниясының барлық шаруашылық және саяси тіршілігін шын басқара білетін болған. Бұл, жолдастар, үлкен жеңіс. Сөз жоқ, губкомдарда кемшіліктер де бар, бірақ мен мынаны айтуға тиіспін: губкомдардың партиялық және шаруашылық тәжрибесінің осы өскендігі болмаса, жергілікті шаруашылық және саяси тіршілікке басшылық ету ісінде бізде губкомдардың өсіп есеюі мағнасында осы зор алға басқандық болмаса, онда біз партияның қашанда болса мемлекеттік аппаратқа басшылық етуді қолға алуы туралы тіпті көксей де алмаған болар едік.

Губкомдардағы бақастық пен қақтығысты сөз қылады. Мен бақастық пен қақтығыстың жаман жақтарының үстіне жақсы жақтары да бар деуге тиістімін. Бақастық пен ұрыс-керіс негізінде губкомдардың өз ішінде бөгеусіз басшылық ете алатын ынтымақты ұйтқы, топтасқан ұйтқы құруға ұмтылуынан туады. Бұл мақсат, бұл талап әбден дұрыс және заңды, бірақ бұларға көбінесе мақсатқа сай келмейтін жолдармен жетуге тырысады. Мұның себебі — біздің партиямыздың түрлі тектілігі, — мұның себебі — партияның ішінде түпкілер мен жастар, пролетарлар мен интеллигенттер, орталықтағы адамдар мен шетаймақ адамдары, әртүрлі ұлттардың адамдары бар, сонымен губкомдардағы әлгі түрлі текті элементтердің бәрі әртүр-

лі дағдылар, дәстүрлер енгізеді, осының негізінде қақтығыс, бақастық туады. Қанша айтқанмен, бақастық пен қақтығыстың $^{9}/_{10}$, олардың формаларының кешіргісіздігіне қарамастан, — дұрыс талапқа ұмтылады, — жұмысқа басшылық ете алатын ұйтқы құрап алуды көздейді. Егер губкомдарда осындай басшы топтар болмаса, егер барлығы да «жамандар» мен жақсылар бір-біріне тең түсетіндей болып топталса, — губернияда ешқандай басшылық болмас еді, біз ешқандай азық салығын жыйнай алмас едік және ешқандай науқан өткізе алмас едік. Міне бақастықтың дұрыс жағы осы, оның кейде жексұрын түрге келетіні оның бұл жағын көлеңкелемеске тиіс. Мұның мәнісі, әрине, партия бақастықтарға қарсы, олардың әсіресе бас араздық негізінде туатындарына қарсы күресуге тиіс емес деген сөз емес.

Губкомдардың жайы міне осындай.

Бірақ губкомдардан төменіректе біздің партияның күші, амал қанша, әлі пәлендей зор емес. Біздің партияның аппарат жөніндегі негізгі осалдығы — ол нақ уездік комитеттеріміздің осалдығы, резервтердің, яғни уездік секретарьлардың жоқтығы. Менің ойымша, егерде біз партиямызды жұмысшы табымен жалғастыратын негізгі аппараттарды, — өз баяндамамның бірінші бөлімінде мен айтқан аппараттарды, — өз қолымызға әлі толық алып болмай отырсақ (менің айтып тұрғаным төменгі ұялар, кооперативтер, әйелдердің делегаттық жыйналыстары, жастар одақтары және т. б.), егер губерниялық органдар бұл аппараттарды әлі толық меңгеріп ала алмай отырса, онда мұның себебі біздің нақ уездерде әлі осалдығымыздан.

Мен мұны негізгі мәселе деп санаймын.

Менің ойымша, біздің партияның негізгі міндеттерінің бірі — өте берілген және кабілетті адамдардан, шаруалардан, жұмысшылардан Орталық Комитет жанында уездік секретарьлардың мектебін ашу болып табылады. Егерде партия алдымыздағы жылы өзінің төңрегіне 200 немесе 300 уездік секретарьлардың резервін құрап ала алса, онан кейін оларды уездерде жұмыска басшылық етуді жеңілдету үшін губкомдарға жәрдемге беруге болар еді, сонымен ол бұқаралық сыйпаттағы барлық жалғастырушы аппараттарға басшылыкты қамтамасыз еткен болар еді. Онда тұтынушылар кооперативінің бірде-біреуі, ауылшаруашылық кооперативінің бірде-біреуі, фабзавкомның бірде-біреуі, әйелдердің делегаттык жыйналысының бірде-біреуі, жастар одағы ұясының бірде-біреуі, бұқаралық сыйпаттағы аппараттың бірде-біреуі партияның басым ықпалынан тыс болмаған болар еді.

Енді облыстық органдар туралы. Партияның және Орталық Комитеттің облыстык органдардың бір бөлегін сайланатын, бір бөлегін тағайындалатын етіп құрып, дұрыс істегендерін өткен жыл көрсетті. Тұтас алғанда аудандастыру туралы мәселені талқылап, Орталық Комитет партияның облыстық органдарын құру ісінде тағайындау принципінен сайлау принципіне біртс-бірте көшу керек, мұнда осыған көшу, сөзсіз, партияның облыстық комитеттерінің төңрегінде қолайлы моральдық жағдайлар туғызатынын және Орталық Комитеттің партияға басшылық етуін жеңілдететінін ескеру керек деген қортындыға келді.

Партияның орталық органдарын жақсарту туралы мәселеге көшемін. Орталық Комитеттің Секретариатының функциялары Уйымдастыру бюросы мен Сая-

саттық бюроның функцияларынан әбден айқын және дәл шектелуі керектігі туралы Орталық Комитеттің ұсыныстарын Сіздер, сірә, оқыған шығарсыздар. Бұл мәселе ерекше түсіндіріп жатуды керек қыла қояр ма екен, өйткені ол өзінен өзі айқын. Бірақ бір мәселе бар, — Орталық Комитеттің өзін кеңейту туралы, — бұл мәселе бізде Орталық Комитеттің ішінде бірнеше рет талқыланды және бір кезде ол едәуір таластар туғызды. Орталық Комитеттің мүшелерінің санын көбейтпеу керек, қайта тіпті қысқарту керек деп ойлайтын кейбір Орталық Комитет мүшелері бар. Мен олардың дәлелдерін баяндамаймын: мейлі жолдастардың өздері айтсын. Мен Орталық Комитетті кеңейту пайдасына келтірілген дәлелдерді қысқаша баяндаймын.

Қазір біздің партияның орталық аппаратында істің жайы мынадай: бізде Орталық Комитеттің 27 мүшесі бар. Орталық Комитет айына 2 рет жыйналады, ал Орталық Комитеттің ішінде 10—15 адамнан ұйтқы бар, олар біздің органдарымыздың саяси және шаруашылық жұмысына басшылық етуге соншама әдіслеп алған — олардың басшылық ету жөніндегі өзінше бір абыздарға айналу қаупі бар. Бұл, бәлкім, жақсы да шығар, бірақ мұның өте қатерлі жағы бар: бұл жолдастардың басшылық ету жөнінде үлкен тәжрибеге ие болып алып, мен-менсуге шалдығуы, өздерімен өздері болып кетуі, сөйтіп бұқара арасындағы жұмыстан қол үзулері мүмкін. Егерде Орталық Комитеттің кейбір мүшелері немесе, айталық, 15 адам ұйтқы соншалықты тәжрибе алған және соншалықты жетілген, — нұсқаулар жазу ісінде 10 реттің 9-нда олар қате жібермейді делік, — онда бұл өте жақсы. Бірақ олардың өз төңірегінде жергілікті орындарда-

ғы жұмыспен тығыз байланысты болашақ басшылардың жаңа ұрпағы болмаса, онда әлгі аса маман адамдардың қатып-семіп қалуға, бұқарадан қол үзіп кетуге барлық мүмкіндіктері бар.

Екіншіден, Орталық Комитеттің ішіндегі басшылық ету ісінде мықтап өскен ұйтқы картайып барады, оған орынбасар керек. Владимир Ильичтің ден саулығының жайы Сіздерге мәлім. Орталық Комитеттің негізгі ұйтқысының қалған мүшелерінің де жеткілікті шаршап тозғанын Сіздер білесіздер. Ал жаңа орынбасар әлі жоқ, — міне қырсық осында. Партияның басшыларын жасау өте қиын: мұның үшін көп жылдар, 5 — 10 жыл, 10 жылдан артық уақыт керек. Болашақта елдің шын басшысы бола алатын 2 — 3 басшыны төменнен тәрбиелеп шығарудан гөрі Буденный жолдастың кавалериясының жәрдемімен қайсыбір елді жаулап алу әлдеқайда оңай. Сондықтан жаңа орынбасарлар шындап шығарудың қамын ойлайтын уақыт жетті. Мұның үшін бір құрал бар — Орталық Комитеттің жұмысына жаңа, тың қызметкерлерді тарту керек және жұмыстың барысында оларды жоғары көтеру керек, өте қабілеттілері мен тәуелсіздерін, иығында басы барларын көтеру керек. Кітаппенен басшы жасай алмайсың. Кітап ілгері басуға көмектеседі; бірақ бір өзі басшы жасамайды. Басшы қызметкерлер жұмыстың өзінің барысында ғана өседі. Орталық Комитетке жаңа жолдастарды сайлап, оларға басшылық етудің барлық салмағын сынап көруге мүмкіндік беріп қана, біз өзіміз үшін кәзіргі жағдайда соншалықты керек болып отырған орынбасарлар даярлауды қамтамасыз ете аламыз. Міне сондықтан мен егерде съезд Орталық Комитетті, ең болма-

ғанда, 40 адамға дейін кеңейту туралы Орталық Комитеттің ұсынысына қосылмаса, съезд тарапынан өте өрескел қате болған болар еді деп болжаймын.

Баяндаманы аяқтай келіп, мен бір фактыны атап көрсетуге тиіспін, ол факт тым мәлім болып кеткендіктен бадырайып көзге түспейтін шығар, бірақ үлкен маңызы бар факт ретінде оны атап көрсеткен жөн. Бұл — партиямыздың нэп сияқты бұрылыста жікке бөлінуден аман қалуына мүмкіндік берген партиямыздың бір ауыздылығы, бұрын-соңды болмаған ұйымшылдығы. Дүние жүзінде бірде-бір партия, бірде-бір саяси партия мұндай кенет бұрылысқа төтеп бере алмаған болар еді, саскалақтаушылыққа, жікке бөлінушілікке ұшырамай қалмаған болар еді, партияның жүгінен қайсыбір топтың түсіп қалуына ұшырамай қалмаған болар еді. Жалпыға мәлім, мұндай бұрылыстар белгілі топтың жүктен түсіп қалуына соқтырады, сондықтан партия ішінде жікке бөлінушілік болмаса да, саскалақтаушылық басталады. Мұндай бұрылыс біздің партиямыздың тарихында 1907, 1908 жылдары болды, онда революциялық күреске үйреніп қалған біздердің, 1905, 1906 жылдардан кейін, күнделікті, жария жұмысқа көшкіміз келмеді, Думаға барғымыз келмеді, жария мекемелерді пайдаланғымыз келмеді, жария органдарда өз позицияларымызды күшейткіміз келмеді және жалпы алғанда жаңа жолдарға жолағымыз келмеді. Ол нэп сияқты кенет бұрылыс емес еді, бірақ біз партия ретінде, сірә, әлі жас болған болсақ керек, біздің маневр жасау жөнінде тәжрибеміз болмаған болса керек, сондықтан істің аяғы біздің арбадан табандатқан екі топтың түсіп қалуымен тынды. Біздің шабуыл жасау саясаты-

мыздан кейін қазіргі нэпке бұрылыс — кенет бұрылыс. Міне осындай бұрылыста, пролетариат шабуылдан уақытша бастартып, ескі позицияларға шегінуге тиісті болған кезде, пролетариат шаруалар тылынан байланысты үзіп алмау үшін, соның жағына бет бұруға тиісті болған кезде, пролетариат Шығыстағы және Батыстағы өз резервтерін күшейтудің, нығайтудың қамын ойлауға тиісті болған кезде, — осындай кенет бұрылыста партияның жікке бөлінушілікке соқпағаны былай тұрсын, ол бұрылысты ешбір сасқалақтаусыз өткізді.

Бұл партияның орасан икемділігін, ауызбірлігін және ұйымшылдығын көрсетеді.

Бұл біздің партиямыздың жеңетіндігіне кепіл.

Біздің партияның ішінде азғындаушылық бар деп біздің жауларымыз өткен жылы, тіпті быйылғы жылы да қарғаша қарқылдады. Алайда, нэпке аяқ баса отырып, біз өз позицияларымызды сақтадық, халық шаруашылығының тізгіндерін өз қолымызда сақтадық, сондықтан партия бірауыздылықпен, бір кісідей, алға басуда, ал біздің душпандарымыз шынымен азғындап, жойылуда. Жақында Москвада эсерлердің съезі[65] болғанын Сіздер есіткен шығарсыздар, жолдастар. Съезд біздің партиямыздың есігін ашуды сұрап, біздің съезімізге өтініш етуге ұйғарды. Мұның үстіне, меньшевиктер партиясының кемінде 10 000 мүшесі бар меньшевизмнің бұрынғы қорғаны Грузия, — міне меньшевизмнің осы қорғаны құлап жатқанын, сөйтіп ол партияның 2 мыңдай мүшесі меньшевиктер қатарынан кеткенін есіткен шығарсыздар. Бұл біздің партияның азғындамағанын көрсететін тәрізді, қайта олардың, біздің душпандардың, азғындап бара жат-

қанын көрсететін сыяқты. Ақырында, меньшевизмнің ең адал, ең іскер қызметкерлерінің бірі Мартынов жолдастың меньшевиктер қатарынан кеткенін, ал Орталық Комитет оны партияға алғанын және оны алғандықты съездің бекітуі үшін өз ұсынысын съезге тапсырып отырғанын сіздер, сірә, білетін шығарсыздар. (Бірен-саран қол шапалақтау.) Осы фактылардың бәрі, жолдастар, бізде партия ішінде істің жайы нашар екенін көрсетпейді, қайта, оларда, біздің дұшпандарымызда, барлық жағынан қаусап азғындаушылық болып жатқанын, ал біздің партия бірауызды, ұйымшыл, аса ұлы бұрылысқа төтеп берген қалпында қалғанын, туды кең жайып алға басып келе жатқанын көрсетеді. (Ұзақ, қатты қол шапалақтау.)

2. ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ БОЙЫНША ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

19 апрель

Жолдастар! Қорытынды сөз екі бөлімнен құралады: біріншісінде Орталық Комитеттің ұйымдастыру практикасы туралы айтылады, өйткені оны шешендер сынады, екінші бөлімінде мен Орталық Комитеттің шешендер сынамаған, съезд, сірә, толық қосылатын ұйымдастыру ұсыныстары туралы айтамын.

Әуелі Орталық Комитеттің баяндамасына болған сын туралы бірнеше сөз айтайын.

Луговинов туралы. Ол біздің партияның тәртібіне риза емес: партия ішінде сөз бостандығы жоқ, жариялылық жоқ, демократизм жоқ көрінеді. Өткен алты жылдың ішінде Орталық Комитеттің ешуақытта съезді нақ осы кездегідей демократиялық жолмен даярламағанын ол, әрине, біледі. Февраль пленумынан кейін іле-шала Орталық Комитеттің мүшелері мен Орталық Комитеттің кандидаттары федерациямыздың барлық бұрыш-бұрышына барып, Орталық Комитеттің жұмысы туралы баяндамалар жасағанын ол біледі. Бізде қазір айтыс листогінің[66] төрт номері бар екенін, онда жөн-жосықсыз, шынында да жөн-жосық

сыз Орталық Комитеттің жұмысын талқыға салып, бұл жайында пікірлер айтып жатқанын ол, Лутовинов білуге тиіс. Бірақ оған, Лутовиновқа, бұл жеткіліксіз. Ол «нағыз» демократизмді тілейді, ең берісі, өте маңызды мәселелердің бәрі төменнен жоғарыға дейін барлық ұяларда талқыланса екен, әрбір мәселе жөнінде бүкіл партия қозғалысқа келіп, мәселені талқылауға қатнасса екен дейді. Бірақ, жолдастар, кәзір, біз өкімет басында тұрғанымызда, кемінде бізде партияның 400 мың мүшесі болып отырғанда, кемінде 20 мың ұямыз бар болып отырғанында мұндай тәртіптің қайда апарып соғарын мен білмеймін. Ондай тәртіп тұсында партия бізде мәңгі мылжыңдаушы және түк шешпеуші айтыс клубына айналар еді. Ал, шындығында, біздің партиямыз ең алдымен әрекет етуші партия болуға тиіс, өйткені біз өкімет басында тұрмыз.

Мұның үстіне, Лутовинов мынаны ұмытады: федерацияның ішінде біз өкімет басында тұрсақ та және жарыялылықтың барлық жеңілдіктерімен пайдаланып отырсақ та, халықаралық тұрғыдан қарағанда біз 1912 жылы бастан кешірген дәуірге ұқсас дәуірді бастан кешірудеміз, ол кезде партия жартылай құпыя, дұрысында мүлдем құпыя еді, думалық фракция түрінде, жарыя газеттер түрінде, клубтар түрінде партияның кейбір жарыя табан тірерлері бар еді, сонымен қабат, партияны дұшпандар қоршап алған еді және ол кезде партия алға басып, жарыя мүмкіндіктерді кеңейту үшін бар күшін жыйнауға тырысып еді. Сондай дәуірді біз кәзір халықаралық көлемде бастан кешіріп отырмыз. Біз жаулардың қоршауындамыз, — бұл барлық жұртқа түсінікті. Бізді

коршап алған империализмнің бөрілері тыным көрмеуде. Біздің жауларымыз кандайда болса саңлау табуға, сол аркылы өтіп бізге зыян тигізуге тырыспайтын куні жок. Бізді коршап алған жауларымыз блокада жасау жөнінде немесе интервенция жасау жөнінде кандайда әзірлік жумысын жүргізіп жаткан жок деп айтуға дәлел жок. Жағдай міне осындай. Жағдай осындай болып отырғанында соғыс және бейбітшілік жөніндегі барлык мәселелерді көшеге шығаруға болар ма? Мәселені 20 мың уяның жыйналыстарында талкылау — мәселені көшеге шығару деген сөз ғой. Егерде біз Генуя конференциясы жөнінде алдын ала жүргізілген барлык жумысымызды алдын ала көшеге шығарған болсак, біздің жайымыз не болар еді? Біз оңбай кулар едік. Біз жаулардың коршауында отырғанымызда, біздің тарапымыздан болатын туткыйыл сокка, кутпеген маневр, шапшаңдык барлык істің тағдырын шешеді, муны естен шығармау керек. Лозанна конференциясында жүргізетін саяси науканымызды партияның сенімді адамдарының шағын тобында талкылаудың орнына осы барлык жумысты көшеге шығарған болсак, өзіміздің сырымызды ашкан болсак, біздің жайымыз не болар еді? Жаулар барлык жаман жактар мен жаксы жактарды есепке алған болар еді, біздің науканымызды болдырмас еді, сонымен біз Лозаннадан маскара болып кайткан болар едік. Егерде біз ең маңызды мәселелердің ішіндегі ең маңызды мәселелерді, соғыс пен бейбітшілік мәселелерін алдын ала көшеге шығарған болсак, өйткені, кайталап айтамын, мәселелерді 20 мың уяның талкысына шығару деген сөз — мәселелерді көшеге шығару деген сөз, — біздің жайымыз не болар еді? Бізді

ә дегенше жүйелей түтеп болар еді. Әрине, жолдастар, ұйымдастырушылық пікірлер бойынша да, саяси пікірлер бойынша да Лутовиновтың демократиясы дейтін нәрсе құр қиял, демократиялық маниловщиналық. Ол жалған және қатерлі. Біздерің Лутовиновтен жолымыз бөлек.

Осинскийге көшемін. Ол менің Орталық Комитетті кеңейткенде біз оның құрамына тәуелсіз адамдарды енгізуге тиістіміз деген сөзіме жармаса түсті. Я. Я. Сорин, жеке дербестерді емес, тәуелсіздерді. Бұл пунктте мені Осинскиймен, демократиялық централизммен* біраз бірікке келді деп болжайды Осинский. Орталық Комитетті тәуелсіз жолдастармен толықтыру керек деп мен шынында да айттым. Тәуелсіз болғанда неден тәуелсіз, — мұны мен айтқаным жоқ, негізгі сөзде бәрін сарқа айту тиімсіз екенін, қортынды сөзге де оны-мұны қалдыру керек екенін күн бұрын білдім. (Күлкі. Қол шапалақтау.) Бізге тәуелсіз адамдар Орталық Комитетке керек, бірақ лениниэмнен тәуелсіздер емес, — жоқ, жолдастар, құдай сақтасын! Бізге керегі тәуелсіз адамдар, жеке ықпалдардан, Орталық Комитет ішіндегі күрестің дағдылары мен дәстүрлерінен аман адамдар; ал ол дағдылар мен дәстүрлер бізде қалып алып, Орталық Комитеттің ішінде кейде қорқынышты туғызып жүр. Ленин жолдастың мақаласы сіздердің естеріңізде. Ол мақалада бізде жікке бөліну перспективасы бар деп айтылады. Ленин жолдастың мақаласының *бұл жері* бойынша ұйымдардың бізде жікке *бөлінушіліктің* кезі жетіп қалды деп ойлауы мүмкін *болғандықтан*, Орталық Комитеттің мүшелері туу мүмкін *күмәнденушілікті* жоюға бірауыздан ұйғарып, Орталық Комитет

ішінде ешқандай жік жоқ деді, бұл іс жүзіндегі шындыққа әбден сай келеді. Бірақ Орталық Комитет жікке бөлінушілік перспективасының жойылмағанын да айтты. Жәнеде бұл әбден дұрыс. Орталық Комитеттің ішінде жұмыстың барысында соңғы алты жылда Орталық Комитет ішіндегі күрестің кейбір дағдылары мен кейбір дәстүрлері қалыптасты (қалыптаспай тұра алмады да), бұлар кейде оншама жақсы емес жағдайлар туғызады. Осындай жағдайды мен Орталық Комитеттің февраль ішінде болған соңғы пленумдарының бірінде қадағаладым, сонда ғана мен жергілікті орындардан келген адамдардың араласуы көбінесе барлық істің тағдырын шешіп жіберетінін байқадым. Бізге осы дәстүрлерден және осы жеке ықпалдардан тәуелсіз адамдар керек, керек болғанда олар Орталық Комитетке еніп, онда жақсы жұмысының және жергілікті орындармен байланысының тәжрибесін ала келіп, Орталық Комитетті біздің партиямызға басшылық ететін біртұтас және бөлінгісіз коллектив етіп беркітетін тұтқа болатын болуы үшін керек. Орталық Комитеттің ішінде қалыптасқан ескі дәстүрлерден аман мұндай тәуелсіз жолдастар бізге керек болғанда жаңа, тың элемент енгізетін, Орталық Комитетті беркітетін және Орталық Комитеттің ішінде барлық және қандай да болса жікке бөлінушілік мүмкіндігінің алдын алатын адамдар ретінде керек. Тәуелсіздер туралы мен осы мағнада айттым.

Мен Осинскийдің Зиновьев жөніндегі қылығына тоқтамай өте алмаймын, жолдастар. Ол Сталин жолдасты мақтады, Каменевті мақтады және әзірге біреуін ығыстырып тастаса болғаны, кейін басқаларына да кезек жетеді деп ұйғарып, Зиновьевті теуіп жібер-

ді. Ол жұмыс істеген жылдарда Орталық Комитеттің ішінде құрылған [illegible] бұл [illegible] бір адамнан, [illegible] ды. Егер Осинский жолдасы [illegible] кен ойласа, егер ол біздің Орталық Комитеттің Ақ-қысының кейбір мүшелеріне қарсы [illegible] жасауын тілесе, мен оны [illegible] ге тиісті [illegible] басын жарып алу [illegible].

Ақырында Мдивани туралы. Бұл съезд [illegible] қылған бұл [illegible] мені [illegible] сөз алуға рұқсат етіңдер. Ол Орталық Комитеттің [illegible] лар туралы айтты: бүгін Закавказия [illegible] касының [illegible] ертең бұл республикаларды [illegible] туралы [illegible] республикалардың [illegible] туралы [illegible] келеді, деді. Мұны ол Орталық Комитеттің [illegible] деп атайды. Бұл дұрыс па? Жоқ, жолдастар, бұл жерде [illegible] жоқ, бұл жерде система бар. Тәуелсіз республикалар әуелі шарттылық негізде жақындасты. Бұл шара 1921 жылдың өзінде-ақ істелген. Республикалардың [illegible] тәжрибесі жақсы нәтижелер беретін болған шарасынан кейін келесі адым басылады — федерацияға бірігу шарасы істеледі. [illegible] арнаулы органын [illegible] Закавказие сияқты жерде [illegible]. Закавказие — [illegible] шаның тұсында [illegible] және мұсаватистердің, дашнактардың [illegible] тердің тұсында [illegible]. Бұл [illegible] үшін ұлттық бейбітшілік органы [illegible]

сөзін айта алатын жоғарғы өкімет керек. Ұлттық бейбітшіліктің мұндай органын грузин ұлты өкілдерінің катнасуынсыз құру мүлдем мүмкін емес. Міне, сонымен, шаруашылық күштерді біріктірген соң бірнеше айдан кейін келесі шара істеледі — республикалар федерациясы құрылады, ал бұдан кейін бір жыл өткен соң, республикаларды біріктіру жолындағы қортынды кезең ретінде тағы бір шара істеледі — Республикалар Одағы құрылады. Бұл арада қандай кобалжу бар? Бұл біздің ұлт саясатымыздың системасы. Мдивани карт большевикпін деп кеудесін кергенімен біздің совет саясатының мәнісін аңғармай қалған.

Ол Закавказьедегі, әсіресе Грузиядағы істердің ұлттық жағына катнасы бар өте маңызды мәселелерді Орталық Комитет пе, жеке адамдар ма, — әйтеуір біреулер шешіпті дегенге ишара етіп бірқатар сұраулар берді. Закавказьедегі негізгі мәселе — Закавказье федерациясы туралы мәселе. Закавказье федерациясы туралы РКП Орталық Комитетінің директивасының тарихын көрсететін бір кішкентай документті оқуыма рұхсат етіңіздер.

1921 жылғы 28 ноябрьде Ленин жолдас маған Закавказье республикаларының федерациясын құру туралы өз ұсынысының жобасын жіберді. Онда былай делінген:

«1) Закавказье республикаларының федерациясы принцип жағынан әбден дұрыс және сөзсіз жүзеге асырылуға жатады деп танылсын, бірақ практика жүзінде дереу жүзеге асыру мағнасында уақыты жетпеген, яғни төменнен талқылау, насихаттау және жүзеге асыру үшін бірнеше апта уақытты керек етеді, деп танылсын;

2) Грузияның, Арменияның, Азербайжанның орталық комитеттеріне бұл қарарды жүзеге асыру тапсырылсын».

Мен Ленин жолдаспен хат жазысып, бұл жөнінде асықпау керек, күте тұру керек, федерацияны жүзеге асыру үшін жергілікті қызметкерлерге біраз уақыт беру керек деп ұсындым. Мен оған былай деп жаздым:

«Ленин жолдас. Егер мына түзетуді қабылдауға разы болсаңыз, сіздің қарарыңызға мен қарсы емеспін: 1-пунктте «талқылау үшін бірнеше апта уақытты керек етеді» деген сөздердің орнына «талқылау үшін белгілі бір уақытты керек етеді», сіздің қарарыңыздағыдай, тағысын тағылары деп жазылсын. Әңгіме мынада: Грузияда федерацияны «советтік жолмен» «төменнен» «бірнеше аптада» жүзеге асыруға болмайды, өйткені Грузияда Советтер енді ғана құрылып жатыр. Олар әлі құрылып болған жоқ. Бұдан бір ай бұрын Советтер мүлдем болған жоқ, сондықтан онда «бірнеше апта» ішінде Советтердің съезін шақыру мүмкін емес, — ал Грузиясыз Закавказье федерациясы қағаз жүзіндегі федерация болады. Менің ойымша, Грузияның қалың бұқарасының арасында федерация идеясы жеңіп шығуы үшін 2 — 3 ай уақыт белгілеу қажет. Сталин».

Ленин жолдас «мен бұл түзетуді қабылдаймын» деп жауап қайтарды.

Бір күннен кейін бұл ұсыныс Лениннің, Троцкийдің, Каменевтің, Молотовтың, Сталиннің дауыстарымен қабыл алынды. Зиновьев жоқ еді, оның орнында Молотов қалған. Бұл қарарды Саясаттық бюро 1921 жылдың аяғында, көріп отырсыздар, бірауыздан қа-

былдады. Сол уақыттан бері қарай, Мдивани бастаған бір топ грузин коммунистері Орталық Комитеттің федерация туралы директивасына қарсы күрес жүргізе бастады. Істің жайы осында Мдивани айтқанындай емес екенін өздеріңіз көріп отырсыздар, жолдастар. Бұл документті мен Мдиванидің осында қолданған лайықсыз тұспалдарына қарсы келтіріп тұрмын.

Екінші сұрақ: Мдивани бастаған бір топ жолдастарды партия Орталық Комитетінің қайта шақырып алу фактысы, затында, немен түсіндіріледі, мұның себебі не? Бұл арада екі негізгі, сонымен бірге, ресми себеп бар. Мен мұны айтуға міндеттімін, өйткені Орталық Комитетке қарсы, соның ішінде, маған қарсы айтылған жазғырулар болды.

Бірінші себеп — Мдивани тобының өз грузин коммунистік партиясында ықпалы жоқ, оны грузин компартиясының өзі қабылдамайды. Бұл партияның екі съезі болды: 1922 жылы, жылдың басында, бірінші съезі болды да, 1923 жылы, жылдың басында, екінші съезі болды. Екі съездің екеуінде де Мдивани тобы федерацияны бекерге шығару идеясы үшін өз партиясының өзінен-ақ батыл тойтарыс көрді. Бірінші съезде 122 дауыстан ол 18 дауыс шамасында алған сияқты; екінші съезде 144 дауыстан ол 20 шақты дауыс алды; съезд оны Орталық Комитетке сайламай, қарысып отырып алды, оның позициясы ылғый теріске шығарылып отырды. Бірінші жолы 1922 жылдың бас кезінде Орталық Комитеттегі біздер Грузия компартиясына ықпал жасап, Грузия компартиясының ықтиярына қарамай, ескі жолдастарды (сөз жоқ, Мдивани — ескі жолдас, Махарадзе де — ескі жолдас) алғыздық, екі топтың ексуі, көпшілік пен азшылық, жымдасып жү-

мыс істер деп ойладық. Бірақ, бірінші съезд бен екінші съездің арасында біркатар калалық және жалпы грузиялық конференциялар болып, әр жолы Мдивани тобы өз партиясынан таяқ жеп отырды, ақырында, соңғы съезде Мдивани 140 дауыстан әрең-әрең 18 дауыс алды.

Закавказье федерациясы — тек Грузияға ғана емес, бүкіл Закавказьеге қатнасы бар ұйым. Дағдыда грузиялық партия съезінен кейін іле-шала жалпызакавказьелік съезд болады. Бұл съезде де нақ осылай болды. Соңғы жалпызакавказьелік съезде 244 дауыстан Мдивани 10 шақты дауысты әрең алған сыякты. Фактылар осындай. Партия, Грузия ұйымының өзі Мдивани тобын жек көріп отырған жағдайда партия Орталық Комитетінің не істеуі керек? Мен біздің ұлт мәселесіндегі саясатымызды ұлт адамдары мен ұлт соқыр-сенімдеріне кеншілік жасау саясаты деп түсінемін. Бұл саясат, сөзсіз, дұрыс. Бірақ партияның ықтыяр-тілегіне ылғый зорлық істей беруге бола ма? Мдивани тобының осы партияның шеңберінде қызмет етуіне тура келіп отыр ғой. Меніңше, болмайды. Қайта, өз істеріңді Грузиядағы партияның ықтыяр-тілегімен мүмкіндігінше сәйкестіріп отыру керек. Орталық Комитет бұл топтың белгілі мүшелерін қайта шақырып алып, осылай істеді де.

Орталық Комитеттің бұл топтан кейбір жолдастарды шақырып алуына екінші себеп — олар РКП Орталық Комитетінің қаулыларын ылғый бұзып отырды. Федерация туралы қаулының тарихын мен сіздерге баяндадым; бұл органсыз ұлттық бейбітшілік мүмкін емес, Закавказьеде тек Совет өкіметі ғана, федерация құрып, ұлттық бейбітшілік орнауын қамтама-

сыз етті деп мен айтып өттім. Сондықтан Орталық Комитеттегі біздер бұл қаулы сөзсіз міндетті деп санадық. Оның бержағында, біз нені көріп отырмыз? Мдивани тобының бұл қаулыға бағынбауын, ол-ол ма: бұл қаулыға қарсы күресін көріп отырмыз. Мұны Дзержинский жолдастың комиссиясы да, Каменев — Куйбышев комиссиясы да анықтады. Тіпті қазір, март пленумының Грузия туралы қаулысынан кейін, Мдивани федерацияға қарсы күресін әлі жүргізуде. Бұл Орталық Комитеттің қарарларын қорлағандық емей немене?

Партияның Орталық Комитетін Мдиванидi қайта шақырып алуға мәжбүр еткен жағдайлар осындай.

Мдивани, өзінің қайта шақырылғанына қарамастан, қайткенмен жеңдім дегендей етеді. Онда жеңілу деп нені атауды мен білмеймін. Дегенмен, марқұм Дон-Кихоттың да желдиірмендерге шауып, жарақатты болса да, өзін жеңушімін деп санағаны мәлім. Совет жерінің Грузия деп аталатын бір кесегінде қызмет ететін кейбір жолдастардың бас жағының, сірә, жетпестігі бар-ау деп ойлаймын.

Махарадзе жолдасқа көшемін. Ол осында ұлт мәселесінде қарт большевикпін, Лениннің мектебінен шыққанмын дегенді айтты. Бұл дұрыс емес, жолдастар. 1917 жылғы апрельде конференцияда[68] мен Махарадзе жолдасқа қарсы Ленин жолдаспен бірге күрес жүргіздім. Ол кезде Махарадзе жолдас ұлттардың өзін өзі билеуіне қарсы болды, біздің программамыздың негізіне қарсы болды, халықтардың дербес мемлекет болып өмір сүру правосына қарсы болды. Ол осындай көзқараста болып, партияға қарсы күресті. Сонсын ол өзінің көзқарасын өзгертті (бұл, әрине,

оған аброй әпереді), бірак, солай болса да, оның мұны ұмытпауы керек еді! Ол енді ұлт мәселесі жөніндегі карт большевик емес, кайта азды-көпті жас.

Мен, немесе Орталык Комитет грузин коммунистерінің ұйымын сену керек болатын нағыз ұйым деп таныймыз ба, жок па, егерде танысак, бұл ұйымның мәселелер койып, өз ұсыныстарын жасауына Орталык Комитет көне ме, жок па деген жайда маған Махарадзе жолдас парламенттік сұрак койды. Егер осының бәрі танылса, Орталык Комитет Грузияда орнаған тәртіпті төзгісіз деп санай ма?

Мен бұл парламенттік сұракка жауап берейін.

Әрине, Орталык Комитет Грузия компартиясына сенеді, — енді кімге сенуге болады?! Грузия компартиясы грузин халкының сөлі, ең тандаулы элементтері, буларсыз Грузияны баскаруға болмайды. Бірак әрбір ұйым көпшілік пен азшылыктан куралады. Бізде көпшілігі мен азшылығы болмай отырған бірде-бір ұйым жок. Грузия компартиясының Орталык Комитеті партияның жолын жүзеге асыратын көпшіліктен және бұл жолды барлык уакытта бірдей жүзеге асыра бермейтін азшылыктан құралып отырғанын біз практика жүзінде көріп отырмыз. Әңгіме, сірә, ұйымға сенгенде оның көпшілігі аркылы сену туралы болып отырса керек.

Екінші сұрак — ұлттык Орталык Комитеттердің инициатива жасауға, мәселе коюға праволары бар ма, олардың өз ұсыныстарын енгізуге праволары бар ма?

Мұндай праволары бар екені өзінен өзі түсінікті, — бұл айкын. Тек түсініксізі мынау: Грузия компартиясының Орталык Комитетіне мәселелер коюға мүмкін-

дік берілмейтіні туралы, ұсыныс енгізіп, оны талқылауға мүмкіндік берілмейтіні туралы Махарадзе жолдас бізге неге фактылар тапсырмайды? Мен мұндай фактыларды білмеймін. Менің ойымша, егер колында мұндай материалдар жалпы бар болса, Махарадзе жолдас Орталық Комитетке әкеліп тапсырар.

Үшінші сұрақ: Грузияда орнаған тәртіпке жол беруге бола ма?

Амал қанша, сұрақ тұжырымды емес, — кандай тәртіп жайында? Егер Грузияның Совет өкіметі соңғы уақытта дворяндарды ұяларынан, сол сыяқты, меньшевиктер мен контрреволюционерлерді куа бастаған тәртіп туралы сөз болып отырған болса, осы тәртіп туралы сөз болып отырған болса, онда бұл тәртіптің, менінше, жаман ештемесі жоқ. Бұл біздің советтік тәртіп. Егер әңгіме Закавказье өлкелік комитеті Грузия компартиясының өркендеуіне төзбестік жағдайлар тудырып отыр деген жайда болса, онда мұндай фактылар менде жоқ. Грузия компартиясының соңғы съезінде 18 дауыска карсы 110 көпшілік дауыспен сайланған Грузия Орталық Комитеті біздің алдымызға мұндай мәселелер койған жоқ. Ол біздің партиямыздың Закавказье өлкелік комитетімен толық ынтымақтасып жұмыс істеуде. Егер партия тәртібіне наразы кішкентай топ, ағым, кыскасы, партия мүшелері болатын болса, онда тиісті материалдарды Орталық Комитетке тапсыру керек. Онда, Грузияға мұндай шағымдарды тексеру үшін екі комиссия барып келді, біреуі — Дзержинскийдің, екіншісі — Каменев пен Куйбышевтың комиссиясы. Керек болса үшіншісін құруға болады.

Осымен Орталық Комитеттің бір жыл ішіндегі

ұйымдастыру практикасы жөніндегі қортынды сөзімнің бірінші бөлімін аяктаймын.

Екінші бөлімге, Орталык Комитеттің съездің карауына енгізген ұйымдастыру ұсыныстарына көшемін. Менің білуімше, Орталык Комитет енгізген ұсыныстардың бірде-біреуін сын тұрғысынан шешендердің ешкайсысы козғаған жок. Мен мұны сіздердің карауыңызға біздер ұсынған Орталык Комитет ұсыныстарына толык косылғандыктың белгісі деп білемін. Солай бола тұрса да, менің біркатар түзетулер енгізуге де көмектескім келеді. Бұл түзетулерді мен Орталык Комитеттің идеясы бойынша кұрылуға тиісті секцияға, ұйымдастыру секциясына енгіземін, мұнда негізгі жұмысты партия жолы бойынша Молотов жолдас, совет жолы бойынша Дзержинский жолдас жүргізеді.

Бірінші түзетуде Орталык Комитетке кандидаттардың санын бес адамнан, ең кемінде, 15 адамға дейін көбейту керектігі айтылады.

Екінші түзету жоғарғы орындарда да, төменгі орындарда да есепке алу-бөлу органдарын нығайтып, кеңейту жайында болады, өйткені бұл органдардың кәзір аса зор, бірінші дәрежелі маңызы бар, өйткені бұл шаруашылыктың және совет аппаратының барлык салаларын партияның колында ұстаудың іс жүзіндік кұралы.

Үшінші түзету Орталык Комитеттің жанында уездік секретарьлардың мектебін кұру, сөйтіп жылдың аяғында губкомдарда уездік көлемдегі 200 — 300 секретарьлардың болуын камтамасыз ету туралы ұсынысты съездің бекітуі жайында.

Енді төртінші ұсыныс — баспасөз туралы. Мен бұл

жөнінде нақтылы ештеме ұсынбақшы емеспін, бірақ баспасөздің тиісті сатыға көтерілуіне съездің айрықша назарын аударғым келеді. Ол алға басып келеді, ол көп алға басты, бірақ керекті дәрежедегідей алға басқан жоқ. Баспасөз күн сайын емес, сағат сайын өсіп отыруға тиіс, ол партиямыздың ең өткір, ең күшті құралы.

Қортындыда осы съезд жайында бірнеше сөз. Жолдастар! Мен мынаны айтуға тиіспін: мұндай ауыз бірлікті, бір идеямен рухтанған съезді мен көптен көрген жоқпын. Мен бұл арада Ленин жолдастың болмағанына өкінемін. Егер ол осында болса, былай деп айта алар еді: «Мен партияны 25 жыл шыңдадым және оны ұлы, күшті етіп шыңдап шығардым». (Ұ з а қ қ о л ш а п а л а қ т а у.)

3. ПАРТИЯ МЕН МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МОМЕНТТЕР ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

23 апрель

Жолдастар! Октябрь революциясынан бері біз ұлт мәселесін үшінші рет талкылап отырмыз: бірінші рет — VIII съезде, екінші рет — X съезде, үшінші рет — XII съезде талкылап отырмыз. Бұл ұлт мәселесі жөніндегі біздің көзқарастарымызға кейбір принциптік өзгеріс енгендігінің белгісі емес пе екен? Жок, ұлт мәселесіне принциптік көзкарасымыз Октябрьге дейін де, онан кейін де кандай болса, нак сол калпында қалып отыр. Бірақ X съезден бері, революцияның кәзіргі Шығыс елдері сиякты күрделі резервтерінің салмағының күшейгендігі мағнасында халыкаралык жағдай өзгерді. Бұл біріншіден. Екіншіден, X съезден бері нэпке байланысты біздің партиямыздың ішкі жағдайында да кейбір өзгерістер болды. Осы жаңа факторлардың бәрін есепке алу керек, олардың қортындысын шығару керек. XII съезде ұлт мәселесінің жанаша койылып отырғанын айтқанда тек осы мағнада айткан жөн.

Ұлт мәселесінің халыкаралық маңызы. Біздердің кім екеніміз өздеріңізге мәлім, жолдастар, біз совет-

тік федерация ретінде, кәзірде тарихи тағдырдың еркі бойынша дүниежүзілік революцияның алдыңғы қатарлы отряды болып отырмыз. Өздеріңізге мәлім, тағдырдың еркі бойынша біз жұрттың бәрінің алдында болып шығып, ең бірінші рет жалпы капиталистік майданды бұздық. Өздеріңізге мәлім, біз өзіміздің алға баскан өрісімізде Варшаваға дейін бардық, содан соң біз, ең берік деп санаған позицияларымызға бекініп, кейін шегіндік. Осы кезден бастап біз нэпке көштік және осы кезден бастап біз халықаралық революциялық қозғалыстың қарқынының баяулағанын еске алдық, осы кезден бастап біздің саясатымыз бұрынғыдай шабуыл саясаты болмай, қорғану саясаты болды. Варшава түбінде сәтсіздікке ұшырағаннан кейін (шындықты жасырмай-ақ қояйық) біз алға баса алмадық, өйткені біз тылдан қол үзіп қалу қаупінде болдық, — ал біздің тылымыз шаруалық тыл, және, ақырында, біз революцияның тағдырдың еркі бойынша берілген резервтерінен, батыстағы және шығыстағы резервтерінен, тым аулақ кетіп қалу қаупінде болдық. Міне сондықтан біз ішкі жағдайда нэпке қарай, сыртқы жағдайда алға баскан өрісімізді бәсеңдетуге қарай бет бұрдық; тыныс алу керек, өзіміздің жараларымызды — алдыңғы қатарлы отрядтың, пролетариаттың, жараларын жазу керек, шаруалық тылмен жымдасу керек, бізден артта қалған резервтердің — дүниежүзілік капитализмнің негізгі тылы болып табылатын батыстағы және шығыстағы күрделі резервтердің арасында келешектегі жұмысты жүргізе беру керек, деп ұйғардық. Ұлт мәселесін талқылағанда әңгіме міне осы резервтер туралы — күрделі, со-

нымен бірге, дүниежүзілік империализмнің тылы болып табылатын резервтер туралы болып отыр.

Екінің бірі: не біз империализмнің кыйырдағы тылын — шығыстағы отар елдер мен жартылай отар елдерді — козғаймыз, революцияландырамыз, сөйтіп, империализмнің кұлауын тездетеміз, не біз бұл жөнде кафы беріп аламыз да, империализмді нығайтамыз, сөйтіп, козғалысымыздын күшін бәсендетеміз. Мәселе осылай койылып отыр.

Әңгіме мынада: біздің Республикалар Одағына бүкіл Шығыс тәжрибе орны деп карайды. Не біз осы Одактын шенберінде отырып, ұлт мәселесін практикада колданылуы жағынан дұрыс шешеміз, сөйтіп біз бұл арада, осы Одактың шенберінде отырып, халыктардын арасында шын туыскандык катнастар, шын ынтымактастык орнатамыз, — сөйтіп бүкіл Шығыс біздін федерациямызды азаттык туы деп білетін болады, алдынғы катардағы отряд, сонын салған жолымен жүруге болады, сонымен бұл дүниежүзілік империализмінін күйреуінің басталуы деп білетін болады. Не бұл арада біз кате жіберееміз, ертеде езілген халыктардын Россия пролетариатына сенуін кемітеміз, Республикалар Одағынын Шығыс алдындағы тартушы күшінен айрылып каламыз, — онда империализм ұтады да, біз ұтыламыз.

Ұлт мәселесінің халыкаралык манызы осында.

Біз үшін ұлт мәселесінің ішкі жағдай жағынан да манызы бар; мұның себебі бұрынғы державалык ұлтың сан жағынан 75 миллиондай, ал баска ұлттардың 65 миллиондай (дегенмен бұл аз емес) екендігінен ғана емес, ертеде езілген ұлттардың шаруашылык даму үшін өте кажетті аудандарды және соғыс страте-

гиясы жағынан өте маңызды пункттерді мекен етіп отырғандығынан да емес, мұның себебі бәрінен бұрын мынау: соңғы екі жылда біз нэп дегенді енгіздік, ал осымен байланысты великорус ұлтшылдығы өршіп, күшейе бастады, сменовехшылдық идеясы туды, Деникин жасай алмаған нәрсені, яғни «тұтас және бөлінбейтін» Россия дегенді бейбіт жолмен орнату талабы тарап жүр.

Сонымен, нэпке байланысты біздің ішкі тұрмысымызда жаңа күш, яғни великорустық шовинизм туып келеді; ол біздің мекемелерімізде ұя салып жатыр, совет мекемелеріне ғана емес, партия мекемелеріне де жайылып келеді, ол біздің федерациямыздың барлық бұрыш-бұрышын шарлап жүр, оған, осы жаңа күшке, үзілді-кесілді соққы бермесек, оның тамырын қиймасақ, — нэп жағдайлары оны өсіріп отыр, — біз бұрынғы державалық ұлттың пролетариаты мен ертеде езілген ұлттардың шаруаларының арасы үзілу қаупіне ұшыраймыз, ал бұл пролетариат диктатурасын әлсіретумен бірдей деген сөз.

Бірақ нэп тек великорус шовинизмін өсіріп қана қоймайды, ол, әсіресе бірнеше ұлты бар республикаларда, жергілікті шовинизмді де өсіреді. Мен Грузияны, Азербайжанды, Бұқарды айтып отырмын; бір реттен Түркстанды да еске алуға болады; бұларда бірнеше ұлт бар, ол ұлттардың алдыңғы қатарлы элементтері бір-бірімен дәреже артуы үшін жақында бәсекелесе бастауы мүмкін. Бұл жергілікті шовинизм өзінің күштері жағынан, әрине, великорус шовинизмінің қаупіндей қауіп болмайды. Бірақ ол қалай да қауіпті, ол бізге кейбір республикаларды ұлттық жан-

жал майданына айналдыру, онда интернационализм түйіндерін босату қатерін туғызады.

Халықаралық және ішкі сыйпаты бар дәлелдер осылар; бұлар жалпы алғанда, әсіресе қазіргі кезеңде, ұлт мәселесіне зор, алдыңғы дәрежелі маңызы барлығын көрсетеді.

Ұлт мәселесінің таптық мәні неде? Қазіргі советтік даму жағдайларында ұлт мәселесінің таптық мәні бұрынғы державалық ұлттың пролетариаты мен бұрынғы езілген ұлттардың шаруаларының арасындағы аракатнастарды белгілеуде. Ұштасу мәселесі осында әбден жетерліктей талқыланды, бірақ ұштасу мәселесін талқылағанда, Каменевтің, Калининнің, Сокольниковтың, Рыковтың, Троцкийдің баяндамалары бойынша да талқылағанда, көбінесе орыс пролетариатының орыс шаруаларына көзқарасы еске алынды. Мұнда, ұлт мәселесінде, күрделірек механикаға кездесіп отырмыз. Мұнда біз бұрынғы державалық ұлттың пролетариатының, бүкіл федерациямыздың ең мәдениетті жігі болып отырған пролетариаттың және ертеде езілген ұлттардың шаруаларының, көбінесе шаруаларының арасында дұрыс аракатнас жасау мәселесіне кездесіп отырмыз. Ұлт мәселесінің таптық мәні осында. Егер пролетариат өзге ұлт шаруалары жөнінде орыс атаулының бәріне сенбеушіліктің, патша өкіметінің саясаты арқылы ондаған жылдарда бойға сіңген сенбеушіліктің барлық сарқыншақтарын жоя алатын қатнастарды жасай алса, егер, одан бетер, орыс пролетариаты орыстың пролетариаты мен шаруаларының арасында ғана емес, бұрын езілген ұлттардың пролетариаты мен шаруаларының арасында да шын одақ жасай алса, онда міндет орындала-

ды. Бұл үшін пролетариаттың өкіметі орыс шаруаларына қандай жақын болса, өзге ұлт шаруаларына да сондай жақын болуы керек. Совет өкіметі өзге ұлт шаруаларына да жақын болуы үшін, ол сол өзге ұлт шаруаларына түсінікті болуы керек, ол жұмысты ана тілінде жүргізуі керек, мектептер және өкімет органдары орыс емес ұлттардың тілін, салт-санасын, ғұрыпын, тұрмысын білетін жергілікті адамдардан құралуға тиіс. Осы елдердің республикаларындағы мекемелер мен өкімет органдары ана тілінде сөйлеп, жұмыс істей бастаса, тек сонда ғана және тек сөйткенде ғана соңғы уақытқа дейін орыс өкіметі болып келген совет өкіметі орыс өкіметі ғана емес, әрі ұлтаралық өкімет, ертеде езілген ұлттардың шаруаларына жақын өкімет болады.

Ұлт мәселесінің жалпы алғандағы, әсіресе советтік жағдайдағы, негіздерінің бірі осы.

Ұлт мәселесінің қазіргі кезенде, 1923 жылы шешудің сыйпатты белгісі қандай? Ұлттық жағынан шешуді керек қылатын мәселелер 1923 жылы қандай формаға көшті? Федерациямыздың халықтары арасында шаруашылық жағынан, соғыс жағынан, саясат жағынан ынтымақ орнату формасына көшті. Мен ұлтаралық қатнастарды айтып отырмын. Өзінің негізгі міндеті бұрынғы державалық ұлттың пролетариаты мен өзге ұлт шаруаларының арасында дұрыс қатнастар орнату болып отырған ұлт мәселесі қазіргі кезенде бұрын бытыранды болған, енді тұтас бір мемлекеттің шенберінде бірігіп отырған халықтардың ынтымағын, туысқандық достығын жасаудың формасына көшіп отыр.

Улт мәселесінің 1923 жылы көшкен формасының мәні міне осы.

Бұл мемлекеттік бірігудің нақтылы формасы былтырғы жылдың аяғында-ақ Советтер съезінде өзіміз сөз қылған және сонда-ақ өзіміз орнатқан Республикалар Одағы болып табылады.

Бұл Одақтың негізі — Одақ мүшелерінің еріктілігі мен праволық теңдігі. Еріктілік пен теңдік болатын себебі — біздің ұлттық программамыздың негізгі пункті ұлттардың өз алдына мемлекет болып өмір сүруге праволылығы туралы пункт болып табылады; бұл бұрын өзін өзі билеу правосы деп аталған. Осыған сүйене отырып, біз бірігу толық еріктілікті негіз етпесе, халықтардың өздері біріккісі келмесе, халықтардың ешқандай одағы, халықтардың тұтас бір мемлекет болып ешқандай бірігуі берік бірігу бола алмайды, деп ашық айтуға тиістіміз. Екінші негіз — Одақтың құрамына кіретін халықтардың праволық теңдігі. Бұл да түсінікті. Мен факт жүзіндегі теңдік туралы сөз қылып тұрғаным жоқ, бұл туралы кейінірек айтам, өйткені алға кеткен ұлттар мен артта қалған ұлттардың арасында факт жүзінде теңдік орнату талай жылдарды керек қылатын өте қиын, өте ауыр іс. Мен бұл арада праволық теңдік туралы айтып отырмын. Бұл арадағы теңдік мынадай: барлық республикалар, бұл арада Одақтың құрамына кіріп отырған төрт республика: Закавказье, Белоруссия, Украина, РСФСР Одақтың игілігімен бірдей пайдаланады және, сонымен қатар, өздерінің кейбір тәуелсіздік праволарынан одақтың пайдасы үшін бірдей бастартады. Егер РСФСРда, Украинада, Белоруссияда, Закавказьелік республикаларда сыртқы істер ха

лық комиссариаты болмайтын болса, онда сырткы істер халық комиссариаттарын жойып, Республикалар Одағында ортак сырткы істер халык комиссариатын құрғанда ол республикаларда бұрын болған тәуелсіздіктің, одакка кіріп отырған республикалардың бәрі бір мөлшерде тежелген тәуелсіздіктің, бірсыпыра шағындалатыны анык. Егер бұрын бұл республикаларда өздерінің сырткы сауда орындары болса, ал енді. Республикалар Одағының жанынан ортак сыртқы сауда орнын құру үшін, РСФСРда да, баска республикаларда да сыртқы сауда орындары жойылып отырса, онда бұл арада да бұрын толық түрде болған, енді ортак Одактың пайдасы үшін тежелген тәуелсіздіктің бірсыпыра кемігені анык т. т. т. с. Кейбіреулер нағыз схоластикалық сұрау кояды: сонымен біріккеннен кейін республикалар тәуелсіз болып кала бере ме, жок па? — дейді. Бұл — схоластикалык сұрау. Олардың тәуелсіздігі тежелді, өйткені кандай бірігу болса да — біріккендердің бурын болған праволарын бірсыпыра тежеу деген сөз. Бірақ, бұл арада, сөз жоқ, әрбір республикада тәуелсіздіктің негізгі элементі калады, өйткені әрбір республика Одактың құрамынан өз бетімен шығуға праволы.

Сөйтіп, кәзіргі кезендегі біздің жағдайымызда улт мәселесінің нактылы формасы халыктардың шаруашылык, сырткы саясат, соғыс жағынан ынтымағын орнату туралы мәселеге келіп тірелді. Біз бұл республикаларды осы жактарынан ССРО деп аталатын тұтас бір одакка біріктіруге тиіспіз. Кәзіргі кезенде ұлт мәселесінің нактылы формалары осыған келіп тірелді. Бірақ, ертегі айту оңай да, іс істеу кыйын. Әңгіме мыналар: біздің жағдайымызда халыктарды бір мем-

лекег етіп біріктіруге жәрдемдесетін ғана емес, сонымен катар бұл бірігуге кедергі жасайтын да толып жаткан факторлар бар.

Жәрдемші факторлар өздеріңізге мәлім: бәрінен бұрын халыктардың шаруашылық жағынан жакындасуы, жакындасу болғанда Совет өкіметінен бурынак жасалып, Совет өкіметі нығайткан жакындасу, халыктардың арасындағы кейбір еңбек бөлісу, еңбек бөлісу болғанда бізден бұрын жасалып, біз, Совет өкіметі, нығайткан еңбек бөлісу, — республикаларды одакка біріктіруге жәрдемдесетін негізгі фактор осы. Бірігуге жәрдемдесетін екінші фактор Совет өкіметінің жаратылысы деп білу керек. Бұл түсінікті. Совет өкіметі жұмысшылардың өкіметі, пролетариат диктатурасы, бұл — Одакка кіріп отырған республикалар мен халыктардың еңбекші элементтерінің бірімен бірі тату тұруына өзінің жаратылысы бойынша икемдейтін өкімет. Бұл түсінікті. Бірігуге жәрдемдесетін үшінші фактор — империалистік коршау; Республикалар Одағының осындай коршау жағдайларында кызмет жасауына тура келеді.

Бірак бұл бірігуге бөгет болатын, бұл бірігуге кедергі жасайтын факторлар да бар. Республикалардың тұтас бір одак болып бірігуіне кедергі жасайтын негізгі күш — бізде, мен жоғарыда айткандай, нэп жағдайларында өршіп келе жаткан күш, ол: великорус шовинизмі. Совет чиновниктерінің арасында сменовехшылдарды жактаушылардың толып жаткандығы тіпті кездейсок нәрсе емес, жолдастар. Бұл тіпті кездейсок нәрсе емес. Сменовехшыл мырзалардың: сендер большевизм туралы канша айтсаңдар да айта беріңдер, өздеріңнің интернационалистік тенденция-

ларың туралы қанша мылжыңдасаңдар да мылжыңдай беріңдер, ал біз Деникиннің істей алмағанын сендердің істей алатындарыңды, ұлы Россия құрудың ұлы идеясын, сендердің, большевиктердің, қайта орнатқандарыңды немесе қалай да қайта орнататындарыңды білеміз ғой, — демекші болып, коммунист-большевиктерді мақтап отырғандығы да кездейсоқ нәрсе емес. Мұның бәрі кездейсоқ нәрсе емес. Бұл идеяның тіпті біздің партия мекемелерінің кейбіреулеріне жайылғаны да кездейсоқ нәрсе емес. Мен мұны өз көзіммен көрдім: февраль пленумында екінші палата туралы мәселе ең бірінші рет қойылғанда Орталық Комитет құрамынан коммунизмге сәйкеспейтін, интернационализмге түк жуыспайтын сөздер естілді. Мұның бәрі өткінші нәрсе, ыққа ауғандық. Будан шығатын негізгі қауіп — нэпке байланысты бізде күн сайын емес, сағат сайын ұлы державалық шовинизмнің өсіп келе жатқандығы; ұлы державалық шовинизм орыстық емес нәрсенің бәрін құртуға, басқарудың барлық тетігін орыстық негізге салуға және орыстық емес нәрсені жаншып тастауға тырысады. Негізгі қауіп мынада: мұндай саясат қолданғанда бұрынғы езілген халықтардың орыс пролетарлары жөніндегі сенімін, сенім болғанда — олардың Октябрь күндерінде, орыс пролетарлары помещиктерді, орыс капиталистерін құлатқан кезде, олар Россияның ішінде ұлттық езушілікті қыйратқан кезде, Персиядан, Монғолиядан әскерлерді шығарып алған кезде, Финляндияны, Арменияны тәуелсіз деп жарыялаған кезде және ұлт мәселесін тегінде мүлде жаңа негізге салған кезде алған сенімін жоғалту қауіпіне ұшыраймыз. Егер біз бәріміз де осы жаңа, тағы айтамын, великорус шови-

низміне карсы кару алып шыкпасак, біз сол кезде алған сенімімізді түк калдырмай жоғалтуымыз мүмкін; ол великорус шовинизмі тарап, жайылып келеді, ол біздің кызметкерлерді бұзып, тұла бойына сіңіп келе жатыр. Міне осы кауіпті біз, жолдастар, жауырынынан түсіріп құлатуға тиістіміз. Әйтпеген күнде бізге ертеде езілген халыктардың жұмысшылары мен шаруаларының сенімін жоғалту перспективасы қауіп туғызады, бізге осы халықтар мен орыс пролетариатының арасындағы байланысты үзу перспективасы кауіп туғызады және сонымен диктатурамыздың системасында кейбір шытынау каупі туады.

Біз туды желбірете көтеріп Керенскийге карсы шыксақ, Уақытша үкіметті құлатсақ, мұның бір себебі — орыс пролетарларынан азаттық күткен езілуші халыктардың сеніміне арка сүйегендігіміз екенін, жолдастар, ұмытпаңдар. Үндемейтін, бірақ өздерінің үндемеулерімен шошындырып, көп нәрсені шешетін езілген халыктар сыякты резервтерді ұмытпаңдар. Көбінесе бұл сезілмейді, бірак олар, ол халықтар, тіршілік етіп отыр, олар бар, сондыктан оларды ұмытуға болмайды. Егер Колчактың, Деникиннің, Врангельдің, Юденичтің тылында «бұратана халык» деп аталатындар болмаса, бізде ертеде езілген халықтар, өздерінің орыс пролетарларына үндемей тілектес болуы аркылы бұл генералдардың тылын бұзған халықтар болмаса, жолдастар, үндемей тілектес болу біздің дамуымыздағы ерекше фактор, оны ешкім көрмейді де, естімейді де, бірак ол барлық нәрсені шешеді, — егер осы тілектестік болмаса, онда біз бұл генералдардың біреуін де жыға алмас едік. Біз бұл генералдарға карсы аттанғанда, олардың тылында бүліншілік басталды.

Себебі не? Себебі — бұл генералдар казактардан құралған отаршыл элементтерге сүйенді, бұлар езілген халыктардың көз алдына оларды келешекте де езе беру перспективасын елестетті, сондыктан езілген халыктар біздің кұшағымызға енуге ділгер болды, ал оның бержағында біз осы езілген халыктарды азат ету туын көтердік. Ол генералдардың тағдырын шешкен нәрсе міне осы, біздің әскерлердің табыстары аркылы көмескіленген, бірак акырына келгенде барлык нәрсені шешкен факторлардың жыйынтығы міне осы. Мұны ұмытуға болмайды. Міне сондыктан біз жаңа шовинистік пікірлерге карсы күресу жөнінде үлкен өзгеріс жасауға міндеттіміз және біздің Октябрьде колымыз жеткен табысымызды, атап айтканда ертеде езілген халыктардың сенімін, яғни біздің кадірлеуімізге тиісті сенімді, ұмытып жүрген мекемелеріміздегі чиновниктер мен партиялык жолдастарды маскаралауға міндеттіміз.

Мынаны түсіну керек: егер великорустык шовинизм сыякты күш каулап өсіп, өрістей берсе, — ертеде езілген халыктардың тарапынан ешкандай сенім болмайды, біз тұтас бір одакта ешкандай ынтымак орната алмаймыз және бізде ешкандай Республикалар Одағы болмайды.

Халыктар мен республикаларды тұтас бір одак етіп біріктіру ісіне кедергі жасайтын бірінші және ең кауіпті фактор осы.

Жолдастар, ертеде езілген халыктарды орыс пролетариатының маңына біріктіру ісіне бөгет болатын екінші фактор — бізге патша өкіметі дәуірінен мұра болып калған факт жүзіндегі теңсіздік.

Праволык теңдікті біз жарыяладык және оны жү-

зеге асырып та отырмыз, бірақ совет республикаларының даму тарихында өздігінен де аса зор маңыз алатын праволық теңдік пен факт жүзіндегі теңдіктің арасы қалай да алыс жатыр. Біздің федерациямыздың құрамындағы басқа, алға кеткен ұлттардың бәрінің қандай праволары болса, артта қалған барлық ұлттар мен барлық халықтардың да формальдық жағынан сондай праволары бар. Бірақ қырсық мынада: кейбір ұлттардың өз пролетарлары жоқ, өнеркәсіп дамуынан өткен жоқ, оны бастаған да жоқ, мәдениет жағынан орасан артта қалған, сондықтан революцияның берген праволарын пайдалану мүлде шамасынан келмейді. Бұл, жолдастар, мектептер туралы мәселеден гөрі маңыздырақ. Бұл жөнінде жолдастарымыздың кейбіреулері — мектептер мен тіл туралы мәселені алдыңғы қатарға қойсақ, сонымен түйінді шешуге болады деп ойлайды. Дұрыс емес, жолдастар, бұл арада мектептермен алысқа кете алмайсың, олар, нақ әлгі мектептер, өркендей береді, тіл де дамый береді, ал факт жөніндегі теңсіздік — барлық наразылықтар мен барлық егестердің негізі болып қала береді. Бұл арада мектептер мен тіл арқылы құтыла алмайсың, бұл арада мәдениет, шаруашылық жағынан артта қалған ұлттардың еңбекші бұқараларына біздің тарапымыздан іс жүзіндегі, үздіксіз, шын, нағыз пролетарлық жәрдем керек. Мектептер мен тілден басқа, Россия пролетариаты шет аймақтарда, мәдениет жағынан артта қалған республикаларда, — ал олар өздерінің айыбынан емес, оларды бұрын шикізат қоры деп есептегендіктен артта қалды, — осы республикаларда өнеркәсіптің ордаларын құруға барлық шараларды қолданатын болуы керек. Бұл жөнде бірсыпы-

ра әрекеттер жасалды. Грузия Москвадан бір фабрика алды, ол жуық арада іске кірісуге тиіс. Бұқар бір фабрика алды, шынында оның төрт фабрика алуына болатын еді. Түркстан бір үлкен фабрика алды; сөйтіп бұрын шаруашылық жағынан артта қалған және пролетариаты болмаған бұл республикалар орыс пролетариатының жәрдемімен өздерінде өнеркәсіп ордаларын, ең болмаса кішкентай өнеркәсіп ордаларын құруға тиіс, сөйтіп бұл өнеркәсіп ордаларында жергілікті пролетарлар тобы болатындай ету керек, сөйтіп бұл топ орыстың пролетарлары мен шаруаларынан осы республикалардың еңбекші бұқараларына жалғастыратын дәнекер болып қызмет ете алатын болуы қажет. Міне осы жөнде біздің шындап жұмыс істеуімізге тура келеді; бұл арада жалғыз мектептер арқылы құтыла алмайсың.

Бірақ республикаларды бір одақ етіп біріктіруге бөгет болатын тағы үшінші фактор бар, ол — жеке республикалардағы ұлтшылдық. Нэп тек орыс халқына ғана емес, орыс емес халыққа да әсер етіп отыр. Нэп Россияның тек орталығында ғана емес, жеке республикаларда да жеке сауда мен өнеркәсіпті дамытып отыр. Міне нақ осы нэп және оған байланысты жеке капитал грузиннің, азербайжанның, өзбектің және басқалардың ұлтшылдығын коректендіріп, өсіріп отыр. Әрине, егер великорустық шовинизм болмаса, ал ол шабуыл жасаушы шовинизм болып табылады, өйткені ол күшті, өйткені ол бұрын да күшті болған және онда езу, қорлау дағдысы әлі қалды, — егер осы великорустық шовинизм болмаса, онда, мүмкін, жергілікті шовинизм де, великорустық шовинизмге жауап ретінде, былайша айтқанда, минимумдік, зәредей тұр-

де ғана болар еді, өйткені сайып келгенде орыстарға қарсы ұлтшылдық — қорғану формасы, великорус ұлтшылдығынан, великорус шовинизмінен қорғанудың бірсыпыра дөрекі формасы. Егер бұл ұлтшылдық тек қорғану ұлтшылдығы ғана болса, онда оған бола шу көтермесе де болар еді. Онда, өз қыймылдарымыздың бүкіл күшін және өз күресіміздің бүкіл күшін великорустық шовинизмге қарсы жұмылдыруға болар еді, бұл әлді дұшпан құлатылатын болса, онда, сонымен бірге, орыстарға карсы ұлтшылдық та құлатылады деп сенуге болар еді, өйткені ол, бұл ұлтшылдық, тағы айтамын, сайып келгенде, великорустық ұлтшылдыққа көрсетілген қарсылық, соған жауап, белгілібір қорғанушылық болып табылады. Я, егер жергілікті орындарда орыстарға қарсы ұлтшылдық великорус ұлтшылдығына жауап болудан асып түспесе, онда бұл осылай болар еді. Бірақ, қырсық мынада: кейбір республикаларда бұл қорғану ұлтшылдығы шабуыл жасау ұлтшылдығына айналып отыр.

Грузияны алайық. Онда 30 проценттен артық грузин емес халық бар. Олардың ішінде: армяндар, абхаздар, аджарлар, осетиндер, татарлар бар. Баста отырған грузиндер. Грузин коммунистерінің бірсыпыраларының ішінде — бұл ұсақ ұлттар мен пәлендей есептеспеу керек; олардың мәдениеті кемірек, өркендеуі кемірек, соның үшін олармен санаспауға да болады, деген идея шығып, күшейіп келеді. Бұл — шовинизм, шовинизм болғанда — зиянды, қауіпті шовинизм, өйткені ол кішкене Грузин республикасын жанжал майданына айналдыра алады, ол оны кәзірдің өзінде-ақ осы жанжал майданына айналдырды.

Азербайжан. Негізгі ұлт — азербайжандар, бірақ

онда армяндар да бар. Азербайжандардың бір бөлімінің арасында да біздер, азербайжандар, кашаннан бəрі мекендеп келе жаткан халыкпыз, ал, олар, армяндар, келімсектер дейтін, кей-кейде тіпті ашык кететін тенденция бар; осы реттен де армяндарды, олардың мүделерімен есептеспей, азырак кейін карай жылжытуға болмай ма, деседі. Бұл да шовинизм. Бұл ұлттардың теңдестігін, теңдестігі болғанда Совет өкіметін куруға негіз болып отырған теңдестігін əлсіретеді.

Бұкар. Онда, Бұкарда, үш түрлі ұлт бар: өзбектер — негізгі ұлт, бұкарлык шовинизмінің тұрғысынан карағанда «маңызы кемдеу» түркпендер ұлты жəне кырғыздар бар. Бұлар онда аз, сондыктан «маңызы кемдеу».

Хорезмде де тап сондай: түркпендер мен өзбектер, өзбектер — негізгі ұлт, ал түркпендердің «маңызы кемдеу».

Осының бəрі дау-жанжалға, Совет өкіметін əлсіретуге əкеліп соғады. Жергілікті шовинизмнің осы тенденциясы да тамырымен куртылуы керек. Əрине, жалпы ұлт мəселесі системасында бүтіннің төрттен үш бөлімі болып отырған великорус шовинизмімен салыстырғанда жергілікті шовинизм онша елеулі емес, бірак жергілікті жұмыстар үшін, жергілікті адамдар үшін, ұлт республикаларының өздерінің бейбіт дамулары үшін бұл шовинизм өте-мөте елеулі нəрсе.

Бұл шовинизм кей-кейде өте ғажап эволюцияларды басынан кешіре бастайды. Менің айтайын деп отырғаным Закавказье. Закавказьенің өзінің курамында он түрлі ұлты бар үш республикадан куралып

отырғанын өздеріңіз білесіздер. Закавказье ерте заманнан бастап кескілесудің және жанжалдың майданы болды, ал, одан соң, меньшевизм мен дашнактардың тұсында, соғыс майданы болды. Грузин-армян соғысын сіздер білесіздер. 1905 жылдың басындағы және сол жылдың аяғындағы кескілесу сіздерге тағы мәлім. Көпшілігі армяндар болып, татардан құрылған халықтардың калған бөлімін кырып жіберген бірсыпыра аудандарды мен атай алар едім, мәселен, Зангезур, Нахичевань сыкылды баска провинцияны да атай аламын. Онда татарлар басым болды, олар да барлық армяндарды қырып жіберді. Бұл, Армения мен Грузияның империализмнің құлдығынан нак құтылар алдында болды. (Орыннан дауыс: «Ұлт мәселесін өздерінше шешкен ғой».) Ұлт мәселесін шешудің, әрине, бұл да бір белгілі формасы. Бірақ, бұл — шешудің советтік формасы емес. Ұлттардың өзара араздығының осы жағдайында орыс жұмысшыларының, әрине, жазығы жок, өйткені орыссыз-ақ күресіп жаткан армяндар мен татарлар ғой. Сондықтан Закавказьеде ұлттар арасындағы өзара катнастарды жөнге салып отыратын арнаулы органның болуы қажет.

Бұрынғы державалық ұлт пролетариаты мен калған барлық ұлттардың еңбекшілерінің арасындағы өзара катнастар барлық ұлт мәселесінің төрттен үш бөлімі болып отыр, деп батыл айтуға болады. Ал осы мәселенің төрттен бір бөлімін ертеде езілген ұлттардың өздерінің арасындағы катнастардың үлесінде қалдыру керек болады.

Өзара сенбеушіліктің осы жағдайында, егер Совет өкіметі, Закавказьеде егестерді және дау-жанжалды құрту колынан келетін ұлт бейбітшілігі органын орна-

'та алмаған болса, онда біз адамдарды отқа жаққан және бірін бірі кескілеген заманға, патша өкіметі заманына немесе дашнактардың, муссаватистердің, меньшевиктердің заманына қайта оралған болар едік Міне сондықтан да Орталық Комитет ұлт бейбітшілігінің органы болып отырған Закавказье федерациясын сақтаудың қажеттігін үш рет қуаттап өтті.

Грузияның Республикалар Одағына бірігуіне қарсылық етпейтін, бірақ бұл бірігудің Закавказье федерациясы арқылы өтуіне қарсы болатын осында грузин коммунистерінің бір тобы болды, және ол қалып та отыр. Көріп отырсыздар ма, олардың Одаққа жақындағысы келеді, біздің арамызға, грузиндер мен Республикалар Одағының арасына, Закавказье федерациясы сықылды бел қоюдың керегі жоқ, федерацияның керегі жоқ дейді. Бұл өте революцияшыл нәрсе сықылды болып көрінеді.

Бірақ мұнда басқа бір жасырын пікір бар. Біріншіден, бұлай деушілік, ұлт мәселесі жөнінде Грузияда орыстарға көзқарастың екінші дәрежелі маңызы барлығы туралы айтады, өйткені бұл уклонист жолдастардың (оларды солай деп атайды) Грузияның бірден Одаққа бірігуіне ешбір қарсылығы жоқ, басқаша айтқанда, великорустық шовинизмнен қорықпайды, өйткені қалай дегенмен оның тамырына балта шабылды немесе шешуші маңызы жоқ деп есептейді. Олар, сірә, Закавказье федерациясынан көбірек қорқатын болу керек. Неге? Соншa уақыт төбелесіп, бірін бірі кескілеген, бірімен бірі соғысқан, Закавказьеде тұратын үш халықтың арасында, енді, Совет өкіметі туысқандық одақтың федерация сықылды нық байланысқан ынтымағын орнатып отырған кезде, осы фе-

дерация өзара туыскандыктың нағыз жемісін беріп отырған кезде, енді федерацияның осы ынтымағын бұзудың неге керегі бар? Істің мәні неде, жолдастар?

Істің мәні мынада: Закавказье федерациясының байланыстары Грузияны өзінің географиялык жағдайы бойынша ала алатын артыкша жағдайларынан айырады. Өздеріңіз ойлап көріңіздер. Грузияның өзінің Батум дейтін порты бар, оған Батыстан товар дегенің ағылып келіп жатады, Грузияның жан-жактан темір жол келіп токтайтын Тифлис сыкылды теміржол торабы бар, армяндар да, Батумнан товар алып отыратын Азербайжан да оған сокпай өте алмайды. Егер Грузия өз алдына жеке республика болса, ол Закавказье федерациясына кірмеген болса, онда ол Тифлиске сокпай өте алмайтын Арменияға да, Батумға сокпай өте алмайтын Азербайжанға да кішкене бір ультиматум коя алар еді. Мұнда Грузия үшін бірсыпыра пайда болар еді. Жалпыға мәлім, шекара кордоны туралы жабайы декреттің тап сол Грузияда жазылғаны кездейсок нәрсе емес. Енді бұл айыпты Серебряковка таңып отыр. Солай-ак болсын делік. Бірак ол, әлгі декрет, Азербайжанда да емес, Арменияда да емес, Грузияда туды ғой.

Будан кейін мунда тағы баска себеп те бар. Тифлис — Грузияның астанасы, бірак онда грузиндер 30 проценттен артык емес, армяндар 35 проценттен кем емес, одан кейінгісінің бәрі баска ұлтар. Грузия астанасының жайы міне осындай. Егер Грузия өз алдына жеке республика болса, онда халыкты ауыстыру жөнінде бірсыпыра жұмыс жүргізуге мүмкін болар еді, — мысалы, армяндарды Тифлистен баска жакка ауыстыруға болар еді. Тифлистің халкын «реттеу» ту-

ралы Грузияда декрет болды ғой, ондай декрет болды және ол декрет армяндарға карсы арналған жоқ деп Махарадзе жолдас айткан болатын. Грузиндерге караганда Тифлисте армяндардың жылдан жыл азаюы үшін кейбір ауыстыру шарасын істеуге болар еді, сөйтіп Тифлисті нағыз грузин астанасына айналдыруға болар еді деп көзделді. Мен көшіру жөніндегі декретті олар кайтып алған шығар деп ойлаймын. Бірак олардың колында толып жаткан мүмкіншіліктер, толып жаткан оңтайлы формалар бар, — мәселен, «азайту» сыкылды, — солардың жәрдемімен интернационализм белгілерін сактап отырған тәрізді болып, Тифлисте армяндарды азайту шарасын істеуге болар еді.

Міне, грузин уклонистерінің айрылғысы келмейтін осы географиялык тиімді жағдайы және армяндарға караганда грузиндер аз болып отырған Тифлистің өзіндегі грузиндердің тиімсіз жағдайлары біздің уклонистерімізді федерацияға карсы күресуге күштеп отыр. Меньшевиктер армяндар мен татарларды Тифлистен куып шыккан болатын. Енді, Совет өкіметінің тұсында, олай куып шығуға болмайды, сондыктан федерациядан бөлініп шығу керек болады, сөйте койса, кейбір операцияларды дербес жүргізу үшін заң жүзінде мүмкіншілік болады, ондай операциялар грузиндердің тиімді жағдайын толығынан Азербайжан мен Арменияға карсы пайдалануға әкеліп соктырады. Осылардың бәрінің нәтижесінде келіп Закавказьенің ішінде грузиндердің артыкша жағдайы жасалған болар еді. Бүкіл кауіп осында.

Біз Закавказьедегі ұлт бейбітшілігінің мүдделерін елемей, Армян, Азербайжан республикаларына кара-

ғанда грузиндерді артықша жағдайға қоятындай ете аламыз ба? Жоқ. Біз олай ете алмаймыз.

Басқарудың арнаулы ескі системасы бар, ол система бойынша буржуазия өкіметі өзіне кейбір ұлттарды жақындатады, оларға артықша жағдай береді, ал қалған ұлттарды, олармен әуреленіп жүргісі келмей, төмендетеді. Сонымен, ол бір ұлтты жақындатып, сол арқылы қалғандарын басып-жаншады. Мысалы, Австрияда солай басқарған болатын. Австрия министрі Бейстің, Венгрия министрін шақырып алып: «сен өз ордаларыңды басқар, ал өзіміздікін басқаруды мен ұқсатамын», деген сөзі жұрттың бәрінің есінде; демек, сен Венгриядағы өз ұлттарыңды қыс, жанышта, ал мен Австрияда өз ұлтымды жаныштаймын. Сен де, мен де — артықша жағдайдағы ұлттармыз, ал қалғандарын басып-жаныша бер деген сөз.

Австрияның өз ішіндегі поляктардың жайы да солай болған. Австриялықтар поляктарды өздеріне жақындатты, австриялықтардың Польшадағы позициясын нығайтуға поляктардың көмектесуі үшін оларға артықша жағдай туғызды және осы көмегі үшін Галицияны тұншықтыруға поляктарға мүмкіншілік берді.

Кейбір ұлттарды бөлу, қалғандарын артынан билеп-төстеп жаншу үшін, оларға артықша жағдай туғызу — ерекше таза австриялық система. Бюрократия тұрғысынан қарағанда — бұл басқарудың «үнемді» формасы, өйткені тек бір ұлтпен әуреленуге тура келеді, ал саяси тұрғыдан қарағанда — бұл мемлекетке қазулы көр, өйткені ұлттар теңдігінің принципін бұзу және бір ұлтқа қандай да болса бір артықша жағдай туғызу — бұл өзінің ұлт саясатын өлімге байлағандық болады.

Кәзір Англия Индияны дәл осылай басқарып отыр. Индияның ұлттары мен тұқымдарын билеп-төстеуді бюрократиялық тұрғыдан қарап жеңілдету үшін Англия Индияны екіге бөлді; бірі — Британиялық Индия (халқы 240 000 000), екіншісі — Байырғы Индия (халқы 72 000 000). Неге сүйеніп бұлай етті? Бұлай еткендегі мақсаты — Англия қалған ұлттарды оңай басқаруы үшін, ұлттардың бір тобын бөліп, оған артықша жағдай туғызғысы келді, сөйтіп басқа ұлттарды ыңғайлы басқарғысы келді. Индияның өзінде бірнеше жүз ұлт бар, сондықтан Англия: бірнеше ұлттарды бөліп, оларға кейбір артықша жағдай туғызып, солар арқылы басқаларын басқарғанды жақсы көрді, өйткені, біріншіден, қалған ұлттардың наразылығы Англияға емес, артықша жағдай туғызылған ұлттарға қарсы жұмсалады, ал екіншіден, екі-үш ұлтпен «әурелену» анағұрлым арзанға түседі, — деп шеше қойды.

Бұл да басқару системасы, англиялық системасы болғаны. Оның аңғы неге соғады? Аппаратты арзандатуға соғады, — бұл дұрыс. Ал егер бюрократтық ыңғайлылықты былай қойсақ, онда бұл система Индиядағы Англия үстемдігіне сөзсіз өлім болып табылады, екіге екі қосса төртеу болатыны қандай анық болса, бұл системаның Англияның басқаруының бүкіл системасына және Англияның бүкіл меңгеруіне өлім болып табылатындығы сондай анық.

Осындай қауіпті жолға уклонист грузин жолдастарымыз бізді итермелейді, өйткені олар партияның барлық заңын бұзып, федерацияға қарсы күресіп отыр, тиімді жағдайды сақтап қалу үшін федерациядан бөлінгісі келіп отыр. Олар Армян және Азербай-

жан республикаларының есебінен өздеріне кейбір артықша жағдай туғызу жолына бізді итермелеп отыр. Бұл жолға біз бара алмаймыз, өйткені бұл біздің бүкіл саясатымызға және Кавказдағы Совет өкіметіне сөзсіз өлім болып табылады.

Грузиядағы біздің жолдастарымыздың бұл қауіпті сезгені кездейсоқ нәрсе емес. Армяндар мен азербайжандарға қарсы шабуылға айналып отырған, осы грузин шовинизмі Грузияның компартиясын шошындырды. Өзінің жария түрде өмір сүргенінен бері екі съезд өткізген Грузия компартиясының осы екі съездің екеуінде де бірауыздан қаулы алып, уклонист жолдастардың позицияларын теріске шығарғаны әбден түсінікті, өйткені Закавказьелік федерациясыз қазіргі жағдайда Кавказда бейбітшілік сақтауға болмайды, теңдік орнатуға болмайды. Бір ұлтты екінші ұлттан артықша жағдайға қоюға болмайды. Муны біздің жолдастарымыз сезді. Міне сондықтан да Мдивани тобының екі жылдың ішіндегі күресі ат төбеліндей азғана топтың күресі болып отыр. Грузияның өзінде партиядан қайта-қайта соққы жеп отыр.

Ленин жолдастың федерацияны тез құру үшін сондай асыққаны да, сондай қысқаны да кездейсоқ нәрсе емес. Закавказьеде қаулы-қарарлары республикалар үшін міндетті болатын өзінің Орталық Атқару Комитеті және орындаушы өкіметі бар федерация құрудың қажеттігін біздің Орталық Комитеттің үш рет қарап қуаттағаны да кездейсоқ нәрсе емес. Екі комиссияның екеуі де — Дзержинский жолдастың комиссиясы да, Каменев пен Куйбышевтің комиссиясы да, — Москваға келіп, федерация құрмайынша болмайды дегендері де кездейсоқ нәрсе емес.

Акырында, «Социалистический Вестниктегі»[69] меньшевиктердің федерацияға карсы күрескендері үшін біздің уклонист жолдастарды мактап, колдарына көтеріп жүргендері де кездейсок нәрсе емес: балыкшы балыкшыны алыстан көреді.

Енді, жолдастар, бірігуге кедергі болып отырған осы негізгі үш факторды женіп шығуға жәрдем ететін куралдарды және жолдарды тексеруге келейін; ол үш фактор: великорустык шовинизм, факт жүзіндегі тенсіздік және, әсіресе шовинизмге айналған кезіндегі, жергілікті ұлтшылдык. Халыктардын жакындасуына кедергі жасап отырған осы ескі мұранын бәрін жан ауыртпай жоюға бізге көмектесе алатын куралдардын тек үшеуін ғана атап өтемін.

Бірінші курал: республикаларда Совет өкіметі түсінікті және жакын болуы үшін, бізде Совет өкіметі тек орыстардікі емес, ұлттарға ортак өкімет болуы үшін барлык шараларды колдану керек. Бұл үшін тек мектептер ғана емес, барлык мекемелер, барлык органдар, партия органдары да, совет органдары да, кадамын баскан сайын ұлттандырылуы керек, олар букараға түсінікті тілде іс істеулері керек, олар осы халыктын тұрмысына сәйкесті жағдайда кызмет жүргізуі керек. Совет өкіметін орыстык өкіметтен барлык республикалардын енбекшілеріне, әсіресе мәдени және шаруашылык жөнінде артта калғандарға жакын, түсінікті және туыскан өкімет, ұлттарға ортак өкімет етіп шығару үшін, біз тек осы жағдайларда ғана мүмкіншілік аламыз.

Патша өкіметінен және буржуазиядан калған мұраны жан ауыртпай жою ісін бізге женілдететін екінші курал — Республикалар Одағындағы комиссариат-

тардың ең болмағанда негізгі ұлттарға коллегия құрамына өздерінің адамдарын отырғызуға мүмкіншілік берерліктей болып және жеке республикалардың мұн-мұктажы мен тілектерінің сөзсіз канағаттандырылып отыруына жағдай туғызарлықтай болып құрылуы.

Үшінші құрал: біздің жоғарғы органдарымыздың құрамында тегіс барлық республикалар мен ұлттардың мұн-мұктажы мен тілектерін көрсетіп отыратын бір орган болуы керек.

Осы соңғы айтылғанға мен сіздердің назарыңызды ерекше аударғым келеді.

Егер біз Одактық Орталық Аткару Комитетінің құрамында екі палата орната алатын болсақ, оның біріншісі, ұлтына қарамай, одақтық Советтер съезінде сайланса, ал екінші палатаны республикалар мен облыстар (республикалар да бірдей, ұлт облыстары да бірдей) сайлап, оны да Республикалар Одағының сол Советтер съезі бекітсе, онда біз өзіміздің жоғарғы мекемелеріміздің курамында тегіс барлық еңбекшілердің таптық мүдделерін ғана емес, таза ұлттық тілектерін де білдіріп отырар едік деп ойлаймын. Сонда біздің Республикалар Одағының территориясында мекен етіп отырған ұлттардың, халықтардың, тайпалардың өзгеше мүдделерін де көрсетіп отыратын органымыз болар еді. Біздің жағдайымызда, Одақ жалпы алғанда саны 140 миллионнан кем емес адамдарды біріктіріп, оның 65 миллионы орыс еместер болып отырған кезде, — мұндай мемлекетте, осында, Москвада, жоғары органда, жалпы пролетарлатка бірдей ортак мүддені ғана емес, өзгеше, ерекше, өздеріне тән ұлттық мүдделерді де білдіріп отыратын осы ұлттардың өздері жіберген өкілдері болмай тұрып, басқаруға болмайды.

Мүнсыз басқаруға болмайды, жолдастар. Жеке ұлттардың осы өзгеше мұн-мұқтаждарын тұжырымдай алатын, осы барометр мен осы адамдар қолда болмай тұрып, басқаруға болмайды.

Ел басқарудың екі әдісі бар: бір әдісі бойынша, аппарат «ықшамдалады», оның басында, айталық, бір топ немесе бір адам отырады, оның жергілікті жерлерде губернатор сықылды көз-құлақтары болады. Бұл басқарудың тіпті жәй қарапайым формасы, мұнда бастық, елді билей отырып, губернаторлар арқылы жыйнап алуға болатын ақпарларды алып отырады, сөйтеді де бастық елді адал, дұрыс билеп отырмынау деген сеніммен, өзін өзі жұбатады, бұдан кейін егес туады, егес жанжалға айналады, жанжал барып көтеріліске соғады. Одан соң көтеріліс күшпен басылады. Басқарудың ондай системасы — біздің система емес, және оның үстіне, ол жәй-қарапайым бола тұрса да, өте қымбатқа түседі! Басқарудың басқа да системасы бар, ол советтік система. Біз Совет елінде, жоғары органдардың системасында өзгерістің қандайын болса да болжап отыратын, басмашылық қозғалысты да[70], бандиттік қозғалысты да, Кронштадты да, болуға мүмкіншілігі бар дауыл мен қыйыншылықтың қандайын болса да біліп, күнілгері ескертіп отыратын бірсыпыра барометрлер болуы үшін, шаруалардың арасындағы болсын, жеке ұлт адамдарының арасындағы болсын, «бұратана» деп аталатындардың арасындағы болсын, орыстардың арасындағы болсын барлық жағдайлар мен өзгешеліктерді күнілгері болжап, егжей-тегжейіне дейін дәл біліп отыруға мүмкіншілік беретін басқару системасын жүзеге асырамыз. Бұл — советтік басқару системасы. Оның Совет өкіме-

ті болып, халық өкіметі болып аталуы себебінің өзі де сол — ол нағыз халық бұқараларға сүйене отырып, өзгерістің кандайын болса да жұрттың бәрінен бұрын көріп отырады, егер дұрыс бағыт бұрмаланған болса, тиісті шаралар қолданып, оны деркезінде жөндеп отырады, — өзін өзі сынайды және бағытын түзейді. Осы басқару системасы — советтік система, ол біздегі жоғарғы органдардың системасында ұлттық мұң-мұқтаждарды және тілектерді түгел білдіріп отыратын органдардың болуын талап етеді.

Бұл бүкіл басқару системасын қыйындатады, бұл жаңа органдарды жұмыс бастылыққа түсіреді, дейтін қарсылықтар бар. Бұл дұрыс. Осы кезге дейін бізде РСФСР Орталық Атқару Комитеті болып келді, одан кейін Одақтық Орталық Атқару Комитетін құрдық, енді Одақтық Орталық Атқару Комитетін, сірә, екіге бөлуге тура келетін шығар. Сөйтпеске болмайды. Басқарудың нағыз қарапайым формасы — бір адамды үкімет басына отырғызып, оның қарамағына губернаторлар беру екенін мен айтып өттім. Бірақ Октябрьден кейін ондай эксперимент жасауға болмайды. Система қыйындады, бірақ ол басқару ісін жеңілдетеді және барлық басқару жұмысын нағыз советтік етіп шығарады. Міне сондықтан да Одақтық Орталық Атқару Комитетінің құрамында өте қажет болып отырған арнаулы органды — екінші палатаны құруды съездің қабыл алуы керек деп ойлаймын.

Мен мұны Одақтағы халықтардың арасындағы ынтымақты дұрыстаудың әбден жетілген формасы деп айтпаймын, мен мұны ғылымның соңғы жаңалығы депте айтпаймын. Біз ұлт мәселесін әлі де бірнеше рет қоймақшымыз. өйткені ұлттық жағдайлар мен ха-

лыкаралык жағдайлар өзгеріп отыр және әлде де өзгеруі мүмкін. Республикалар Одағының құрамындағы кейбір комиссариаттарды біз қосып отырмыз, егер кейбір комиссариаттардың қосылуының минус бергенін тәжрибе көрсете койса, онда оларды соңынан қайта бөлуге тура келуі мүмкін, бұлай болмайды деп, мен серт коя алмаймын. Бірак анығы мынау — қазіргі жағдайларда, бұдан артық әдіс және будан артык қолайлы орган біздің карамағымызда жок. Жеке республикалардың ішіндегі барлық құбылыстарды және барлық өзгерістерді көріп отыратын орган құру үшін екінші палата құрудан артық құрал және баска жол бізде әзір жок.

Бұл екінші палатада бірігіп отырған тек осы төрт республикадан ғана емес, барлық халыктардан өкіл болуы тиіс екені өзінен өзі түсінікті, өйткені әңгіме ресми түрде біріккен республикалар жөнінде ғана болып отырған жоқ (олар төртеу), барлық халыктар туралы да болып отыр. Сондыктан бізге тегіс барлык халыктар мен республикалардың тілектерін көрсетіп отыратын форма ұстауымыз кажет болады.

Мен баяндамамды қорытамын, жолдастар.

Сөйтіп, ұлт мәселесінің маңыздылығы халықаралык жағдайдағы жана жәйлармен белгіленеді; біздің революцияның күрделі резерві болып отырған Шығыска үлгі беру үшін, сөйтіп олардың сенімін, біздің федерацияға карай жакындауын күшейту үшін, біз осында, Россияда, біздің федерациямызда, ұлт мәселесін дұрыс, үлгілі етіп шешуіміз керек.

Ішкі жағдайлардың тұрғысынан карағанда нэп жағдайлары, өсіп келе жаткан великорустық шовинизм және жергілікті шовинизм де ұлт мәселесінің

өзгеше зор маңыздылығын ерекше көрсетуді бізге міндеттейді.

Ұлт мәселесінің мәні — бұрынғы державалық ұлттың пролетариаты мен бұрынғы державалық емес ұлттардың шаруаларының арасында дұрыс қатнас орнату, осы тұрғыдан қарағанда ұлт мәселесінің кәзіргі кезендегі нақтылы формасы — біртұтас мемлекеттегі, Республикалар Одағындағы халықтардың өзара ынтымағын жөнге салу үшін дұрыс жол және дұрыс құрал табу болады, деп мен одан соң айтып өттім.

Мен онан әрі халықтардың осындай жақындасуына дәнекер болатын факторлар туралы айтып өттім. Мен ондай бірігуге кедергі болатын факторлар туралы айттым. Мен нығайып келе жатқан күш болып отырған великорустық шовинизмге тоқтадым. Бұл күш — бұрынғы езілген халықтардың орыс пролетариатына сенімін әлсіретет.н негізгі қауіп. Бұл — біздің нағыз қауіпті дұшпанымыз, оны біз құлатуымыз керек, өйткені егер біз оны құлатсақ, онда біз жеке республикаларда сақталып келген және өршіп келе жатқан ұлтшылдықтың да оннан тоғыз бөлімін құлатамыз.

Сонсын. Біз қауіп-қатердің алдында тұрмыз, ол қауіп — жолдастардың кейбір топтары бір ұлттың мүддесін аяққа басып, екінші ұлтқа артықша жағдай туғызу жолына бізді итермелеуі мүмкін. Біздің бұл жолға түсе алмайтынымызды мен айтып өттім, өйткені ол жол — жергілікті ұлтшылдықты нағыз барып тұрған жаман формада, нағыз шовинистік формада өршіту болады, өйткені ол ұлт бейбітшілігін әлсіретіп, өзге ұлт бұқараларының Совет өкіметіне сенуін жоғалтады.

Бірігуге кедергі ететін осы факторларды ең жан

ауыртпайтын жолмен жоюға бізге мүмкіндік бере алатын негізгі құрал — Орталық Атқару Комитетінің құрамында екінші палата құру болып табылады деп, мен одан кейін айтып өттім; ол туралы мен Орталық Комитеттің февраль пленумында анағұрлым ашық айтқанмын және ұлттардың мүдделерін білдіре алатын басқа орамдырақ форманы, басқа қолайлырақ органды жолдастардың қармалап табуына, өздерінің белгілеуіне мүмкіндік беру үшін ол туралы бүркемеленген формада тезисте де айтылып отыр.

Қортындылар осындай.

Тек осы жолда тұрсақ қана ұлт мәселесін дұрыс шешуге біздің қолымыз жетеді деп ойлаймын, біз пролетарлық революция туын кең жаямыз және біздің революциямыздың күрделі резерві болып отырған және пролетариаттың империализммен келешектегі шайқасуында шешуші роль атқара алатын Шығыс елдерінің тілектестігі мен сенімін осы тудың маңына ұйымдастырамыз. (Қол шапалақтау.)

4. ПАРТИЯ МЕН МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МОМЕНТТЕР ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

25 апрель

Жолдастар! Ұлт мәселесі жөніндегі секцияның істеген жұмыстары туралы хабарға көшуден бұрын менің баяндамам бойынша сөйлеген шешендерге негізгі екі пункт жөнінде қарсы шығуға рұхсат етіңіздер. Бұл тек 20 минутке жақын уақыт алады, одан көп емес.

Бірінші мәселе — Бухарин мен Раковский бас болған бір топ жолдастар ұлт мәселесінің маңызын тым үлкейтіп жіберді, оны асыра көрсетті және ұлт мәселесінің саясынан әлеуметтік мәселені — жұмысшы табының өкіметі туралы мәселені көрмей қалды.

Ал оның бержағында, жұмысшылардың өкіметін нығайту жөніндегі жұмыс біздің барлық жұмысымыздың негізі болып табылатындығы және осыдан кейін ғана біздің алдымызға екінші мәселе, өте маңызды, бірақ бірінші мәселеге бағынатын мәселе — ұлт мәселесі келіп тұратыны біз үшін, коммунистер үшін, анық нәрсе. Ұлт адамдарын ренжітуге болмайды дейді бізге. Бұл өте дұрыс, мен бұған қосыламын, — оларды ренжітуге болмайды. Бірақ бұдан — великорус проле-

тариатын бұрынғы езілген ұлттарға қарағанда тең емес жағдайға қою керек деп жана теория шығару — ақылға сыймайтынды айту болып табылады. Ленин жолдастың мақаласындағы сөз орайын, Бухарин түтасбір уранға айналдырды. Ал онын бержағында, пролетариат диктатурасынын саяси негізі бәрінен бұрын және негізінде шаруалы ел болып отырған шет аймактардағы аудандар емес, орталык аудандар, өнеркәсіп аудандары екені анык. Егер, біз пролетарлык аудандарға зыян келтіретін етіп, шаруалы шет аймактарға ауып кетсек, онда пролетариат диктатурасынын системасы шытынауы мүмкін. Бұл қауіпті, жолдастар. Саясатта, жете кыймылдамауға болмайтыны сыякты, асыра сілтеуге де болмайды.

Халыктардын өзін өзі билеу правосынан баска тағыда, жұмысшы табынын өз өкіметін нығайтуға правосынын барлығын және осы сонғы правоға өзін өзі билеу правосы бағынатынын есте сақтау керек болады. Өзін өзі билеу правосынын баска, жоғары правомен — өкімет басындағы жұмысшы табынын өз өкіметін нығайту правосымен қарсыласып қалатын кездері болады. Ондай реттерде, өзін өзі билеу правосы өзінін диктатурасын жүзеге асырудағы жұмысшы табынын правосына кедергі бола алмайды және болуға да тиісті емес деп тура айту керек. Бірінші право екінші правоға қарсыласпай, шегінуі керек. Мысалы, 1920 жылы, жұмысшы табынын өкіметін қорғау максаты үшін шарасыздан Варшаваға аттанған кезімізде, істін жағдайы солай болған.

Ұлт адамдарына түрлі уәделерді бергенде, ұлттардын өкілдерінін алдында бас игенде, — осы съезде кейбір жолдастар сөйтті, — ұлт мәселесінін кыймыл

көлемі және оның, былайша айтқанда, компетенциясының шегі. біздің сыртқы және ішкі жағдайларымызда барлық мәселенің негіздісі болып отырған «жұмысшы мәселесінің» қыймылы мен компетенциясының көлеміне қарай тежелетінін ұмытуға болмайды және мұны есте сақтау керек болады.

Осында көп адамдар Владимир Ильичтің запискалары мен мақалаларын бетке устады. Мен өзімнің ұстазым Ленин жолдастан цитата келтіргім келмеп еді, өйткені ол мұнда жоқ болып отыр және оның айтқандарын теріс, орынсыз келтіріп алам ба деп те қорқамын. Дегенмен, ұлт мәселесінің салмағы жөнінде жолдастардың көңілінде күдік қалмас үшін, өте аксиомалық, ешбір ұғымсыздық туғызбайтын, бір жерін цитата етіп келтіруге мәжбүрмін. Ұлт мәселесі жөніндегі Маркстің хатын талдай келіп Ленин жолдас өзін өзі билеу туралы мақалада мынадай қортынды шығарады:

««Жұмысшы мәселесімен» салыстырғанда ұлт мәселесінің бағынышты маңызы Маркске күмәнді емес»[71].

Мұнда барлығы тек екі-ақ жол, бірақ олар бәрін шешеді. Міне мұны кейбір ақылдан тыс тырысатын жолдастардың құлағына құю керек.

Екінші мәселе — великорустық шовинизм мен жергілікті шовинизм туралы. Осында Раковский, әсіресе, Бухарин шығып сөйлеп, жергілікті шовинизмнің зияндылығы туралы айтылатын пунктті алып тастауды ұсынды. Бұлар «Голиафтай» великорустық шовинизм тұрғанда, құрттай жергілікті шовинизммен әуреленіп жатудың түкке керегі жоқ, дегенді айтты. Жалпы алғанда, Бухаринде райдан қайтып, ғапу өтінгендей ка-

лып болды. Бұл түсінікті: өйткені ол, өзін өзі билеу правосын танымай, талай жылдар бойы ұлттарға карсы болды, — ақырында, райдан қайтатын да уақыт жетті. Бірақ, ол райдан қайтып, екінші шекке барып соқты. Партияның мұнда ешбір жазығы жоқтығын бүкіл дүние жүзі біле тұрса да, Бухариннің: менен өнеге алып, райдан қайтыңдар деп, партияны шақыруы масқаралық қой, өйткені партия ұлттардың өзін өзі билеу правосын өзінің өмір сүре бастаған кезінен-ақ (1898 ж.) таныған болатын, олай болса, оған райдан қайтатын мұнда ештеңе де жоқ. Әңгіме Бухариннің ұлт мәселесінің мәніне түсінбеуінде. Ұлт мәселесі жөнінде великорустық шовинизмге қарсы күресті қатаң түрде жүргізу керек дегенде, орыс коммунистерінің міндетін, великорустық шовинизмге қарсы күресті орыс коммунистерінің өздері жүргізуге міндетті екенін атап айтқандық болады. Егер великорустық шовинизмге қарсы күрес жүргізуді орыстар емес, айталық, түркстандық, немесе грузин коммунистері қолдарына алса, онда олардың ондай күресі орысқа карсы шовинизм деп бағаланған болар еді. Бұл барлық істі шатастырар еді және великорустық шовинизмді нығайтқан болар еді. Великорустық шовинизмге қарсы күресуді және оны ақырына дейін жеткізуді тек орыс коммунистері ғана өз міндетіне ала алады.

Ал жергілікті шовинизммен күрес жүргізуді ұсынғанда, бұл не айтқандық болады? Бұл жергілікті коммунистердің міндетін, өздерінің шовинизмімен орыс емес коммунистердің өздері күресуге міндетті екенін атап айтқысы келгендік болады. Орысқа қарсы шовинизмге қарай ауыткушылық бар екенін мойындамасқа бола ма? Грузиндік, башқұрттық және басқа

жергілікті шовинизмнің барлығын және онымен күресудің керектігін бүкіл съезд көрді ғой. Орыс коммунистері татар, грузин, башқұрт шовинизмдерімен күресе алмайды, өйткені егер орыс коммунисі татар немесе грузин шовинизмдеріне карсы күрес жүргізудің ауыр міндетін өздеріне алса, онда оның бұл күресі великорус шовинистерінің татарға немесе грузинге карсы күресі болып бағаланар еді. Бұл бүкіл істі шатастырар еді. Тек татар, грузин т. т. коммунистері ғана татар, грузин т. т. шовинизміне қарсы күресе алады, тек грузин коммунистері ғана өздерінің грузиндік ұлтшылдығымен немесе шовинизмімен ойдағыдай күресе алады. Орыс емес коммунистердің міндеті осында. Міне сондықтан тезистерде орыс коммунистерінің (мен великорустық шовинизмге қарсы күресті айтып отырмын) және орыс емес коммунистердің (мен олардың армяндарға, татарларға, орыстарға карсы шовинизмдермен күресуін айтып отырмын) екіжақты міндеттерін көрсетіп өту қажет болады. Мұнсыз тезис біржақты болып шығады, мұнсыз мемлекеттік құрылыста да, партия құрылысында да ешбір интернационализм орнатуға болмайды.

Егерде біз күресті тек великорустық шовинизмге карсы жүргізсек, онда бұл жергілікті жерлерде өршіп келе жатқан және әсіресе енді, нэптің жағдайында, қауіпті болып отырған татарлық және басқа шовинистердің күресін бүркейді. Біз екі майданда да күрес жүргізбей отыра алмаймыз, өйткені тек екі майданда бірдей, бір жағынан, біздің құрылыс жұмысымызда негізгі қауіп болып отырған великорустық шовинизмге қарсы, екінші жағынан, жергілікті шовинизмге карсы күрес жүргізгенде ғана ойдағыдай та-

быска жетуге болады, өйткені осындай екіжакты күрес болмайынша орыс жұмысшылары мен шаруаларының және баска ұлттардың жұмысшылары мен шаруаларының арасында ешбір ынтымақ болмайды. Олай болмаған кезде жергілікті шовинизмді көтермелеу, жергілікті шовинизмге сыйлық беру саясаты болып шығуы мүмкін; біз бұған жол бере алмаймыз.

Бұл арада да маған Лениннен цитата келтіруге рұхсат етіңіздер. Мен бұлай етпеген болар едім, бірак біздің съезімізде Ленин жолдастың айтканын оңды-солды бұрмалап, цитаталайтын көп жолдастар бар; Ленин жолдастың жұрттың бәріне мәлім бір макаласынан бірнеше сөзді оқуға рұхсат етіңіздер:

«Пролетариат «өзінің» ұлтынан езілген отарлардың және ұлттардың саяси бөлініп шығу бостандығын талап етуі керек. Олай болмаған күнде пролетариаттың интернационализмі құр сөз жүзінде қалып қояды; езуші ұлт пен езілуші ұлттардың жұмысшыларының арасындағы сенім де, таптық ынтымақ та мүмкін нәрсе болмайды»[72].

Бұл, былайша айтқанда, үстемдік жүргізуші немесе бұрын үстем болған ұлттардың пролетарларының міндеттері. Бұдан соң бұрын езілген ұлттардың пролетарларының немесе коммунистерінің міндеттері туралы айтады:

«Екінші жағынан, езілген ұлттардың социалистері езілген ұлттың жұмысшылары мен езуші ұлттың жұмысшыларының толық, сөзсіз бірлігін, соның ішінде ұйымдастыру бірлігін де, жүзеге асырулары керек. Мұнсыз пролетариаттың дербес жүргізетін саясатын және оның буржуазияның барлық және қандай да болса кулық-сұмдыктарына, опасыздығына, алдаушылығына карамастан баска елдердің пролетариатымен жасайтын таптык ынтымағын сактап калу мүмкін емес, өйткені езілген

ұлттардың буржуазиясы ұлт азаттығы ұранын әрдайым жұмысшыларды алдау ұранына айналдырады».

Көріп отырсыздар, егер Ленин жолдастың жолымен жүреміз десек, — ал осында біраз жолдастар оның атын атап ант ішті, — онда великорустық шовинизммен де, жергілікті шовинизммен де күресу керек; бір көріністің екі жағы болып отырған, жалпы шовинизммен күресудің тезисі болып отырған екі тезистің екеуін де қарарда қалдыру керек.

Осында шығып сөйлеген шешендерге қарсы сөзімді осымен бітіремін.

Бұдан соң ұлт мәселесі жөніндегі секцияның жұмыстары жайында хабарлауыма рұхсат етіңіздер Секция Орталық Комитеттің тезистерін негізге алды. Секция бұл тезистердің алты пунктін, яғни 1, 2, 3, 4. 5, 6-пункттерін ешбір өзгеріссіз қалдырды. Секция ішінде күрес болды, бұл күрес ең алдымен автономиялық республикаларды РСФСР құрамынан алдын ала бөліп шығарып, содан соң Кавказдың тәуелсіз республикаларын Закавказье федерациясының құрамынан бөліп шығарып, оларды Республикалар Одағына өздігінен енетін ету керек пе, әлде керек емес пе деген жайда болды. Бұл усыныс грузин жолдастардың бір бөлегінің ұсынысы, бұған, өздеріңізге мәлім, грузин, армян және азербайжан делегацияларының тарапынан тілеулестік болмай отыр. Секция бұл мәселені талқылап, оның аса көпшілігі тезистерде дамытылған ереже сақталсын дегенді жақтады, яғни РСФСР тұтас құрама болып қалады, Закавказье федерациясы да тұтас құрама болып қалады, осы түрінде Республикалар Одағының құрамына кіреді. Грузин жолдастардың бұл бөлегінің барлық ұсыныстары

бірдей дауыска койыла берген жоқ, өйткені өздерінің ұсыныстарына тілеулестік жоқ екенін көріп, бұл ұсыныстардың авторлары өз ұсыныстарын қайтып алды. Бұл мәселе жөніндегі күрес үлкен күрес болды.

Күрес туғызған екінші мәселе екінші палатаны қалай құру керек деген мәселе болды. Жолдастардың бір бөлегі (азшылық) екінші палатаның құрамына барлық республикалардың, ұлттардың және облыстардың өкілдерін тегіс енгізе бермеу керек, қайта екінші палатаны төрт республиканың: РСФСРдың, Закавказье федерациясының, Белоруссияның және Украинаның өкілдері болуы негізінде құру керек деп ұсынды. Көпшілік бұл ұсынысты қабылдамады, сондықтан секция бұл ұсыныска қарсы болды, сөйтіп екінші палатаны құрғанда теңдік негізінде барлық республикалар (тәуелсіздері де, автономиялық республикалар да) және барлық ұлт облыстары өкіл жіберетіндей етіп құрған колайлы деп ұйғарды. Мен дәлелдер келтіріп жатпаймын, өйткені азшылық жағының өкілі Раковский секцияда өтпей қалған өз ұсынысын дәлелдеу үшін осында сөз сөйлемек. Ол сөйлеп болғаннан кейін мен де өз пікірлерімді айтамын.

Ұлт мәселесін шешкенде Шығыска ғана бет түзеп қоймай, Батыска да бет түзеу керек деген түзетуді тезиске енгізген жөн бе, жоқ па деген мәселе жөнінде де күрес болды, бірак бұл оншама шиеленіскен күрес емес. Секция бұл түзетуді дауыска койды. Бұл азшылықтың түзетуі — Раковскийдің түзетуі. Секция бұл түзетуді қабылдамай калдырды. Раковский сөйлеп болғаннан кейін мен бұл мәселе жөнінде де сөйлемекшімін.

Мен бізде кабылданған түзетулерді окып шыға-

мын. Бізде алты пункт сөзсіз қабылданды. Жетінші пунктте, екінші абзац, үшінші жолда «Сондықтан үзілді-кесілді күрес» деген сөздердің алдына мына сөздер қосылсын:

«Бірсыпыра ұлт республикаларында (Украина, Белоруссия, Азербайжан, Түркстан) жағдайдың қиындап отырған бір себебі — Совет өкіметінің негізгі тірегі болып табылатын жұмысшы табының едәуір бөлегі великорус ұлтынан екендігі болып отыр. Бұл аудандарда партия органдарында да, совет органдарында да великорустық шовинизмнің қалдықтары қала мен деревняның ұштасуына, жұмысшы табы мен шаруалардың ұштасуына өте-мөте кедергі болып отыр. Мұндай жағдайларда орыс мәдениетінің артықшылықтары туралы әңгімелер, неғұрлым жоғары дәрежедегі орыс-мәдениеті неғұрлым артта қалған халықтардың (украин, азербайжан, өзбек, қырғыз және басқаларының) мәдениеттерін қалай да жеңбей қоймайды деген ереже шығару великорус ұлтының үстемдігін баянды етуге тырысқандықтан басқа түк те емес».

Бұл түзетуді мен қабыл алдым, өйткені бұл тезистерді жақсартады.

Екінші түзету де 7-пунктке жатады. «Мұнсыз сенуге дәлел жоқ» деген сөздердің алдына мынандай қосымша енгізілуі керек:

«Бұл көмектің ең бірінші белгісі бұрын езілген ұлттардың республикаларында, жергілікті халықты барынша қатнастыра отырып, өнеркәсіп ордаларын құрудың көптеген практикалық шараларын істеу болуға тиіс. Ақырында, X съездің қарарына сәйкес, бұл көмек, нэпке байланысты өз әлеуметтік позицияларын нығайту үшін күшейіп отырған жергілікті және келім-

сек канаушы топтарға карсы еңбекші бұкараның күресімен катар жүргізілуге тиіс. Бұл республикалар көбінесе ауыл шаруашылык аудандары болғандыктан, ішкі әлеуметтік шаралар ең алдымен мемлекеттің бос жаткан жер корының есебінен еңбекші бұкараға жер бөліп беру жолымен жүргізілуге тиіс».

Сонсын, сол жетінші пунктте, 2-абзацтың орта жерінде, грузин, азербайжан шовинизмі, тағысын тағылары туралы айтылатын жерде, «армян шовинизмі және баскалары» деген сөздер косылсын. Армян жолдастар: армяндар өкпелемесін, олардың шовинизмі жайында да ескертіліп жазылсын деп тілек койды.

Сонсын тезистердің 8-пунктінде «бөлінбейтін біртұтас» деген сөздерден кейін мынадай сөздер жазылсын:

«РСФСРдың кейбір мекемелерінің автономиялык республикалардың дербес комиссариаттарын өздеріне бағындыруға, сөйтіп бұларды жоюға жол салуға тырыскан әрекетін ескілік мұрасының сондай-ак нәтижесі деп санаған жөн».

Сонсын 8-пунктке:

«және ұлт руспубликаларының өмір сүруінің және будан былай өркендей беруінің әбден кажеттігін жарыялай отырып» деген сөздер енгізілсін.

Сонсын 9-пункт. Менің кәзір окыйтынымдай етіп бастау керек:

«Жеке республикалардың жумысшылары мен шаруаларының теңдігі және еріктілігі негізінде курылған Республикалар Одағы тәуелсіз елдердің халыкаралык өзара катнастарын жөнге салу ісінде пролетариаттың бірінші тәжрибесі және болашак дүниежүзілік Совет-

тік еңбек республикасын құрудың бірінші қадамы болып табылады».

10-пункттің «а» қосымша пункті бар, мұның алдына мынадай түрде «а» қосымша пункті енгізілді:

«а) Одақтың орталық органдарын құрғанда жеке республикалардың өзара қатнастарында да, Одақтың Орталық өкіметімен қатнастарында да ол республикалардың праволары мен міндеттерінің теңдігі қамтамасыз етілетін болсын».

Сонсын «б» қосымша пункті келеді, бұл «а» қосымша пункті болып аталатын қосымша пунктпен бір қалыпта:

«б) Одақтың жоғарғы органдарының системасында тегіс барлық ұлт республикалары мен ұлт облыстарының теңдігі негізінде арнаулы өкілдік органы құрылсын, мұнда бұл республикалардың құрамына кіретін барлық ұлттардың өкілдері мүмкіндігінше есепке алынсын».

Сонсын бұрынғы «б» қосымша пункті енді «в» қосымша пункті болып мынадай түрге келеді:

«в) Одақтың атқарушы органдары бұларға республика өкілдерінің іс жүзінде қатнасуын және одақтың халықтарының мұқтаждары мен тілектерінің қанағаттандырылуын қамтамасыз ететін негіздерде құрылатын болсын».

Бұдан кейін «г» қосымша пункті келеді, оған қосылатыны:

«г) республикаларға олардың өздерінің мемлекеттік-әкімшілік, мәдени және шаруашылық инициативасын көрсетуіне мүмкіншілік берілуін қамтамасыз етер-

ліктей жеткілікті кең түрде финанс праволары, атап айтқанда, бюджет праволары берілсін».

Сонсын «д» қосымша пункті ретінде «в» қосымша пункті келеді:

«д) ұлт республикалары мен облыстарының органдары көбінше тиісті халықтардың тілін, тұрмысын, салтын, ғұрпын білетін жергілікті адамдардан құрылатын болсын».

Бұдан кейін 2-қосымша пункт қосылды. Бұл «е» қосымша пункті болады:

«е) барлық мемлекеттік органдарда және жергілікті халықты, ұлт халқын, ұлт азшылығын қамтыйтын барлық мекемелерде ана тілінің қолданылуын қамтамасыз ететін арнаулы заңдар шығарылсын, — бұл заңдар ұлт праволарын және әсіресе аз ұлттардың праволарын бұзушы барлық адамдарды революциялық жолмен мейлінше қудалап, қатаң жазалайтын заңдар болсын».

Бұдан кейін қосымша ретінде «ж» пункті келеді:

«ж) Қызыл Армияда тәрбие жұмысы күшейтілсін, бұл жұмыс Одақтың барлық халықтарының туысқандық және ынтымақтық идеяларын орнату рухында жүргізілсін жәнеде ұлттық әскер бөлімдерін құру жөнінде практикалық шаралар істелсін, мұнда республикалардың толық қорғанымпаздығын қамтамасыз ету үшін керекті шаралардың бәрі жүзеге асырылсын».

Секция қабылдаған барлық қосымша осы; бұл қосымшаларға мен қарсы емеспін, өйткені бұл қосымшалар тезистерді бұрынғыдан да гөрі нақты ете түседі.

Екінші тарауға келетін болсақ, бұл тарауға ауыз толтырып айтарлықтай түзету енгізілген жоқ. Кейбір

болымсыз түзетулер болды, бұл түзетулерді ұлт мәселесі жөніндегі секция сайлаған комиссия болашақ Орталық Комитетке тапсыруға ұйғарды.

Сонымен, екінші тарау баспа материал түрінде таратылған қалыпта қала береді.

5. ҚАРАРҒА ҰСЫНЫЛҒАН ҚОСЫМШАЛАРҒА ЖАУАП

25 апрель

Раковский секцияда ұсынған қарарын үш есе өзгертіп, төрт есе қысқартса да, мен оның түзетуіне үзілді-кесілді қарсымын, оның себебі мынау. Біздің ұлт мәселесі жөніндегі тезистеріміз Шығысқа қарай біздің бет бұруымызды көздейді, бұл тезистер осылай құрылады, бұл арада Шығыстағы күрделі резервтердің онда мүлгіп жатқандығы еске алынады. Бүкіл ұлт мәселесін біз Ильичтің мақаласына байланысты көтердік, ол Батыс жайында бірауыз сөз айтпайтын сияқты, өйткені ұлт мәселесінің кіндігі Батыста емес, Шығыстағы отарлар мен жартылай отарларда. Раковский біздің Шығысқа қарай бет бұруымызбен бірге Батысқа қарай да бет бұруымызды тілейді. Бірақ бұл мүмкін емес, жолдастар, бұл табиғи нәрсе де емес, өйткені адамдар жалпы алғанда не бір жаққа бет бұрады, не екінші жаққа бет бұрады, бірмезгілде екі жаққа бірдей бет бұру мүмкін емес. Біз тезистердің жалпы бағытын, тезистердің Шығысқа бет бұрған бағытын бұза алмаймыз және бұзуға тиісті емеспіз.

Мінеки сондықтан, менің ойымша, Раковскийдің түзетуі қабылданбай қалдырылуға тиіс.

* * *

Мен бұл түзетуді өзінің маңызы жағынан күрделі түзету деп санаймын. Егер бұл түзетуді съезд қабылдайтын болса, онда мен тезистердің астаң-кестеңі шығатынын айтуға тиістімін. Раковский екінші палатаны құрғанда, оған мемлекеттік бірлестіктердің өкілдері кіретіндей етіп құру керек деп ұсынады. Ол Украинаны мемлекеттік бірлестік деп есептейді де, Башқұртстанды олай емес деп санайды. Бұған не себеп? Біз республикалардағы халық комиссарлары советтерін жоймаймыз ғой. Башқұрттың Орталық Атқару Комитеті мемлекеттік мекеме емес пе?! Ал Башқұртстан неліктен мемлекет болмайды? Украина Одаққа кіргенінен кейін мемлекет болудан қала ма? Раковскийді мемлекеттік фетишизм әбден шатастырды. Егерде ұлттар өздерінің праволары жағынан тең болса, егер олардың өз тілі, өз салты, өз ғұрпы, өз әдеті болса, егер бұл ұлттар өздерінің мемлекеттік мекемелерін, Орталық Атқару Комитеттерін, Халық Комиссарлары Советтерін құрған болса, бұл ұлт құрамаларының бәрі мемлекеттік бірлестіктер болып табылатыны анық емес пе? Менің ойымша, екінші палатада республикалар мен ұлттардың теңдігі тұрғысынан, әсіресе шығыс ұлттарының теңдігі тұрғысынан біз тая алмаймыз.

Сірә, Раковский федерация құрудың пруссиялық системасымен әуестеніп кетсе керек. Германия федерациясы солай құрылған, онда мемлекеттердің ара-

сында мүлдем теңдік жоқ. Мен мынаны ұсынамын: тап өкілдігі болуымен қатар, — яғни бұл Советтердің жалпыодақтық съезінде сайланатын бірінші палата, — бізде теңдік негізінде ұлт өкілдігі де болсын, біздің ісіміз осылай жолға қойылсын. Қытаймен, Индиямен өте тығыз байланысты, тілі, діні, әдет-ғұрпы және басқалары жағынан байланысты, Шығыс халықтары революция үшін ең алдымен маңызды. Бұл кішкентай халықтардың салмағы Украинаның салмағынан анағұрлым астам.

Егер біз Украинада титтей қате жасайтын болсақ, бұл Шығыс үшін нақ соншама сезіле қоймайды. Ал кішкентай ғана елде, Аджарстанда (120 мың халқы бар) бір титтей қате жіберсе болғаны, мұның әсері Туркияға тиеді және бүкіл Шығысқа тиеді, өйткені Туркия Шығыспен өте тығыз байланысты. Тибетпен және Қытаймен байланысты болып отырған кішкентай ғана қалмақтар облысы жөнінде титтей қате жіберсе болғаны, біздің жұмысымызда мұның зардабы Украина жөніндегі катеден анағұрлым ауыр болады. Біз Шығыста мықты қозғалыс перспективасының алдында тұрмыз және өз жұмысымызды ең алдымен Шығысты ояту жолымен жүргізуге тиістіміз, Шығыстағы аймақтарда әрбір жеке, ең кішкентай, халықтың маңызын тіпті азын-аулақ, тіпті жанамалап бәсеңдететін ешнәрсе істемеуге тиістіміз. Мінеки сондықтан мен былай деп ұйғарамын: 140 миллион халқы бар Республикалар Одағы сияқты үлкен елді басқару тұрғысынан қарағанда, онда, екінші палатада, барлық республикалар мен ұлт облыстарының тең өкілдігі болатындай етіп жұмыс істесек әділеттірек болар еді, қолайлырақ болар еді және революциялық жағынан

тиімдірек болар еді. Бізде автономиялы республикалар 8, тәуелсіз республикалар да 8, Россия республика ретінде кіреді, облыс бізде 14, мінеки екінші палата дегеніміз осы болады, бұл ұлттардың барлық тілектері мен мұқтаждарын білдіреді және осыншама үлкен елді басқару ісін оңайлатады. Мінеки сондықтан менің ойымша, Раковскийдің түзетуін қабылдамай тастау керек.

6. ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ БАЯНДАМАСЫНА ҚОСЫМША

25 апрель

Жолдастар, секцияның ұлт мәселесі жөніндегі жұмыстары жайында сіздерге баяндағанымда, мен тағы бір екі кішкене қосымшаны айтуды ұмытыппын, бұл қосымшаларды айтпауға болмайды. 10-параграфтың «б» пунктіне, тегіс барлық улт республикалары мен ұлт облыстарының теңдік негізінде арнаулы өкілдік органы құрылсын деп айтылатын пунктке, мынаны қосу керек: «бұл республикалардың құрамына кіретін барлық ұлттарды мүмкіндігінше есепке алып», деу керек, мұның себебі — екінші палатаға өкіл жіберетін кейбір республикаларда бірнеше ұлт бар. Мәселен, Түркстан. Онда, өзбектерден басқа, түркпендер, қырғыздар, тағы басқа халықтар бар, сондықтан өкілдік құрғанда бул халықтардың әрқайсысының өкілі болатындай ету керек.

Ең аяғындағы 2-тарауға екінші қосымша. Бұл қосымша былай дейді:

«Автономиялық және тәуелсіз республикаларда, жалпы шет аймақ атаулыларда жауапты қызметкерлердің атқаратын қызметінің (белгілі республиканың

еңбекшілерінің барлық Одақтағы еңбекшілермен байланысын жүзеге асыру) зор маңызы бар екенін еске алып, съезд Орталық Комитетке бұл қызметкерлерді өте-мөте мұқияттап іріктеуді тапсырады, сөйтіп олардың құрамы партияның ұлт мәселесі жөніндегі қарарларының шын жүзеге асырылуын толық қамтамасыз етерліктей болуын тапсырады.

Бұдан кейін Радектің сөзіндегі бір ескерту жөнінде екі ауыз сөз айтайын. Бұл жайында айтуды менен армян жолдастар өтінеді. Менінше, бұл ескерту іс жүзіндегі жағдайға сай келмейді. Осында Радек армяндар Азербайжанда азербайжандарды езіп-жаншып отыр немесе езіп-жаншуы мүмкін және, керісінше, азербайжандар Арменияда армяндарды езіп-жаншуы мүмкін дегенді айтты. Мен жалпы алғанда мұндай жағдайлардың жаратылыста болмайтынын айтуға тиістімін. Мұның керісінше жағдайлар болады; Азербайжанда азербайжандар көпшілік болғандықтан армяндарды езіп-жаншады және, Нахичеванда болғанындай, оларды қырып сала алады, мұнда барлық армяндарды дерлік тегіс қырып салды, ал армяндар Арменияда барлық татарларды дерлік қырып салды. Бұл Зангезурда болды. Ал бөтен мемлекетте азшылық көпшілік жағындағы адамдарды езіп-жанышты деген сияқты табиғи емес нәрселер дүниеде болмайды.

БАСПАСӨЗ — КОЛЛЕКТИВТІК ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Ингулов өзінің «Тамырына дейін» («Правданың» 98-номерін қараңыз) деген мақаласында мемлекет пен партия үшін баспасөздің маңызы туралы елеулі бір мәселені қозғапты. Ол, сірә, өзінің пікірін дәлелдеу үшін болса керек, Орталық Комитеттің ұйымдастыру жұмысы жөніндегі есебінде айтылған: баспасөз «партия мен жұмысшы табының арасында көзге білінбес байланыс жолын салып отырады, — бұл байланыс өзінің күші жағынан бұқаралық сыйпаттағы қандай аралық аппаратпен болса да тең, өйткені баспасөз — партияның ең күшті құралы, ол арқылы партия күн сайын, сағат сайын жұмысшы табымен сөйлесіп отырады»* деген жерін цитатаға келтіріпті.

Бірақ мәселені шешпек болған әрекетінде Ингулов екі қате жіберген: біріншіден, Орталық Комитеттің есебінен алған цитатаның мағнасын ол бұрмалаған; екіншіден, баспасөздің ұйымдастырушылық ролінің маңызын ол есінен шығарған. Меніңше мұның

* Осы томның 224-бетін қараңыз. *Ред.*

өзі елеулі мәселе болғандықтан да, бұл қателерге қысқаша тоқтала кеткен жөн болар еді.

1. Есепті баяндаманың мағнасы бойынша партияның ролі әсте жұмысшы табына сөз айту міндетімен ғана бітпейді, партия жұмысшы табына сөйлеп қана қоймайды, ол онымен сөйлесіп те отыруға тиіс. Бұл «сөйлеу» деген формуланы «сөйлесу» деген формулаға қарама-қарсы қою құр әшейін эквилибристикадан басқа түк те емес. Практикада бұлардың екеуі де бірінен бірін ажыратуға болмайтын бүтін нәрсе, бұлар жазушымен оқушының арасындағы, партия мен жұмысшы табының арасындағы, мемлекет пен еңбекші бұқараның арасындағы үздіксіз өзара әсерлерді көрсетеді. Бұл құбылыс бұқаралық пролетарлық партияның өмір сүре бастаған кездерінен бастап, ескі «Искраның» кезінен бастап орын тепкен нәрсе. Ингуловтың мұндай өзара әсерлер Россияда жұмысшы табы өкіметті өз қолына алғаннан кейін бірнеше жылдан соң ғана басталып еді деп ойлауы дұрыс емес. Орталық Комитеттің есепті баяндамасынан алынған цитатаның мағнасы «сөйлеуде» емес, баспасөз «партия мен жұмысшы табының арасында байланыс жолын салып отырады», бұл байланыс «өзінің күші жағынан бұқаралық сыйпаттағы қандай аралық аппаратпен болса да тең түседі» дегендікте. Цитатаның мағнасы — баспасөздің ұйымдастырушылық маңызында. Сондықтан да, баспасөз партия мен жұмысшы табының арасындағы бірден-бір байланыс арқауы ретінде, Орталық Комитеттің ұйымдастыру мәселесі туралы есепті баяндамасына еніп отыр. Ингулов цитатаны түсінбей, оның мәнін еріксіз бұрмалап отыр.

2. Ингулов баспасөздің үгіттік, әшкерелеушілік

ролін баса көрсетіп, дүркін-дүркін шығып тұратын баспасөздің ролі осымен бітеді деп ойлайды. Еліміздегі кейбір қиянат жасаушылықтарды айта келіп, баспасөздің әшкерелеушілік қызметі, баспасөз арқылы жүргізілетін үгіт мәселенің «түп негізі» болып табылады дейді. Шынында, баспасөздің үгіттік ролінің қаншалық зор маңызы бола тұрса да, оның ұйымдастырушылық ролі, құрылыс жұмысымыздың неғұрлым қауырт мәселесі болып отырғандығы анық нәрсе. Мәселе газеттің үгіттеуінде және әшкерелеуінде ғана емес, мәселе ең алдымен оның қызметкерлерінің, агенттері мен тілшілерінің бүкіл елімізде, барлық өндіріс пен егіншілік аудандарда, барлық уездер мен болыстарда мейлінше мол болуында, сөйтіп газет арқылы партиядан тараған арқау жіптің жұмысшы және шаруа аудандарын түгел қамтуында, бір жағынан, партия мен мемлекет арасындағы өзара қатнастың, екінші жағынан, өнеркәсіп және шаруалы аудандардың арасындағы өзара қатнастың толық болуында. Егерде, айталық, «Беднота»[73] тәрізді беделді газет пікір алысу үшін және тәжрибелерін қорыту үшін еліміздің түрліше жерлеріндегі өзінің басты агенттерінің конференциясын ауық-ауық шақырып отыратын болса, ал осы агенттердің әрқайсысы дәл осы мақсатты көздеп, өз аудандарындағы, өз жерлеріндегі және болыстарындағы тілшілерінің конференциясын шақырып отыратын болса, — онда бұл тек партия мен жұмысшы табының арасында, мемлекет пен еліміздің ең түкпір жерлерінің арасында ұйымдастыру байланысын жасауда қол жеткен алғашқы елеулі адым ғана емес, сонымен бірге баспасөздің өзін жақсарту және өркендету ісінде және біздің дүркін-дүркін шығып тұ-

ратын баспасөзіміздің барлық қызметкерлерінің құрамын жақсарту және өркендету ісінде қол жеткен елеулі адым болар еді. Мұндай конференциялар мен мәжілістердің, менінше, журналистердің «бүкілроссиялық» және басқа да съездерінен гөрі, анағұрлым нақтылы маңызы болған болар еді. Партия мен Совет өкіметінің қолындағы коллективтік ұйымдастырушы болатын газет, еліміздегі еңбекші бұқарамен байланысын жасаудың және оларды партия мен Совет өкіметінің төңрегіне топтастырудың құралы боларлық газет, — баспасөздің бүгінгі таңдағы міндеті міне осы.

Партиямыздың өміріндегі күнделікті баспасөздің ролі туралы Ленин жолдастың «Неден бастау керек?» (1901 жылы жазылған) деген мақаласының бірнеше жолын оқушылардың есіне түсіріп кету қажетсіз бола қоймас:

«Дегенмен, газеттің ролі тек идеяларды таратумен, тек саяси тәрбие берумен, саяси одақтастар тартумен ғана бітпейді. Газет — коллективтік насихатшы, коллективтік үгітші ғана емес, сонымен қатар коллективтік ұйымдастырушы. Газетті, осы соңғы мағнасында, салынып жатқан үйдің айналасына қағылатын, құрылыстың жалпы тұрқын белгілейтін, құрылысшылардың бір-бірімен қатнасын жеңілдететін, олардың жұмысты бөлісуіне, ұйымдасқан еңбектен шыққан нәтижелерді шолуына жәрдем беретін ағаштармен салыстыруға болады. Газеттің жәрдемімен және газетпен байланысты, түпкілікті ұйым өзінен өзі құрыла береді; бұл ұйым жергілікті жұмыспен ғана емес, үнемі болып тұратын жалпы жұмыспен де шұғылданады, өзінің мүшелерін саяси оқиғаларды зер салып бақылауға, ол оқиғалардың маңызын және халықтың түрлі топтарына жасайтын ықпалын бағалай білуге, ол оқиғаларға революцияшыл партия тарапынан әсер етудің қолайлы әдістерін жасауға үйретеді. Газетке материалдарды дұрыс жетістіруді, оны дұрыс таратуды қамтамасыз ету жөніндегі тек техникалық міндеттің өзі — біртұтас партияның жергілікті орындардағы агенттерін, агент бол-

ғанда — бірімен бірі жиі қатнас жасап тұратын, істің жалпы жайын білетін, жалпыорыстық жұмыстың бөлшек-бөлшек қызметтерін үнемі атқарып дағдыланатын, революциялық түрліше қыймылдарды ұйымдастыруда өзінің күшін сынайтын агенттерді еріксіз құрғызады. Бұл жер-жердегі агенттер — нақ бізге керек ұйымның тұлғасы болады, ал бізге: бүкіл елді қамтырлықтай барынша ірі ұйым керек; дәлме-дәл, тәптештеліп жасалған еңбек бөлінісін жүзеге асырарлықтай барынша кең, әртарапты ұйым керек; қандай жағдайларда болса да, қандай «кезеңдер» мен қапылыстарда болса да өзінің жұмысын бұлтармай жүргізе білерліктей барынша төзімді ұйым керек; бір жағынан, күші басым дұшпан өзінің барлық күшін бір жерге жыйнағанда, онымен ашық майданда соғысудан бұлтара білерліктей, екінші жағынан, бұл дұшпанның орамсыздығынан пайдаланып, шабуыл жасалады деп күтпеген жерінен, күтпеген кезінде оған шабуыл жасай білерліктей барынша икемді ұйым керек»[74].

Сол кезде Ленин жолдас газет туралы айтқанда, ол газет біздің партия құрылысының құралы деген болатын. Ал бірақ Ленин жолдастың айтқандары біздің партия мен мемлекет құрылысының қәзіргі жағдайында бүтіндей қолданылатындығына да шүбәлануға болмайды.

Күнделікті баспасөздің осындай маңызы бар ұйымдастырушылық ролін Ингулов өз мақаласында естен шығарған. Оның басты қатесі осында.

Баспасөзіміздің басты қызметкерлерінің бірінің осындай маңызды міндетті көрмей кетуі неліктен болып отыр? Кеше маған жолдастардың біреуі, сірә, Ингулов, баспасөз туралы мәселені шешу міндетінен басқа: «біреулерді түйреп тастап, біреулердің өкшесін қасу» тәрізді, тағыбір бөгде міндетті көздеген болар дегенді айтты. Мен өз басым мұны растауды міндетіме алмаймын және кімде-кімнің болсын өз алдына тура міндеттен де басқа, жанама бөгде міндет қоюға

правосы барлығын теріске шығармаймын. Біракта біздің партия мен мемлекеттің құрылыс ісінде баспасөздің **ұйымдастырушылық** ролін анықтау жөніндегі тура міндетті бөгде міндеттермен аздап болса да көлегейлеп қалдыруына жол беруге болмайды.

„Правда" № 99,
6 май, 1923 ж.
Қол қойған: И Сталин

ОРМАНҒА КІРГЕН САЙЫН...

«Правданың» 99-номерінде басылған, баспасөздің ұйымдастырушылық ролі туралы мақаламда* мен Ингуловтың баспасөз мәселелері жөніндегі екі қатесін көрсеткен едім. Өзінің жауап ретіндегі мақаласында («Правданың» 101-номерін қараңыз) Ингулов қателескем жоқ, «түсінбеушілік» болды деп сылтауратады. Мен Ингуловтың қателерін «түсінбеушілік» деп атауға қосылам. Бірақ барлық пәле Ингуловтың жауап ретінде жазған мақаласында жаңадан үш қате жіберуінде, яғни, егер солай деу керек болса, жаңадан үш «түсінбеушіліктер» жіберіп алуында болып отыр; амал не, баспасөздің ерекше маңызы бар болғандықтан, бұлар жайында менің үндемей кетуге ешбір мүмкіндігім жоқ.

1. Ингулов өзінің бірінші мақаласында баспасөздің ұйымдастырушылық ролі туралы мәселемен шұғылдануды қажет деп таппадым және «біздің партия газетін кім жасайды» деген «дара міндетті» көздедім

* Осы томның 310—315-беттерін қараңыз. *Ред.*

деп сендірмек болады. Солай-ақ екен делік. Ендеше олай болған күнде Ингулов өзінің мақаласының аты ретінде Орталық Комитеттің ұйымдастыру мәселесі жөніндегі есепті баяндамасынан неге цитата келтірген, цитата болғанда біздің дүркін-дүркін шығатын баспасөздің тек ұйымдастырушылық ролі туралы айтатын цитатаны неге келтірген? Екінің бірі, — не Ингулов цитатаның мәнін түсінбеген, не болмаса ол бүтіндей өзінің мақаласын баспасөздің маңызы туралы Орталық Комитеттің ұйымдастыру мәселесі жөніндегі есепті баяндамасынан алынған цитатаның дәл мағнасына қайшы және қарсы құрған. Бұл ретте де, басқа ретте де Ингуловтың қатесі баттыйып көзге түсіп тұр.

2. Ингулов «екі-үш жыл бұрын біздің баспасөз бұқарамен байланысты емес еді», «бұқараны партиямен байланыстырмаушы еді», жалпы айтқанда баспасөз бен бұқараның арасында байланыс «болған жоқ» еді деп сендірмек болады. Бұлай деуінің сөкеттігін, өмірден қашық екендігін, болмыстан аулақ екендігін түсіну үшін Ингуловтың осы айтып отырғандарын зер сала оқып шығудың өзі жетіп жатыр. Шындығында, егер «екі-үш жыл бұрын» біздің партия баспасөзі, ал сол арқылы партияның өзі де жұмысшы бұқарамен «байланысты болмаған» болса, онда революцияның ішкі және сыртқы жауларына қарсы біздің партия төтеп бере алмаған болар еді, онда оның «әп-сәтте» жаназасы оқылып, құрып кеткен болар еді, бұл өзі анық нәрсе емес пе! Ойлаңыздаршы тек: азамат соғысы қызу жүріп жатады; партия бірқатар тамаша табыстарға жетіп, жауларға бой бермей жатады, партия баспасөз арқылы жұмысшылар мен шаруаларды социалистік отанды сақтап қалуға шақырады, он,

жүз мыңдаған еңбекшілер жүздеген революциялар жасауымен партияның шақыруына үн қосады, өзінің жанын аямай майданға аттанып жатады, ал Ингулов, осының бәрін біле тұра: «екі-үш жыл бұрын біздің баспасөз бұқарамен байланысты емес еді, демек, ол бұқараны партиямен байланыстырмаушы еді» деуге мүмкіндік бар деп табады. Бұл күлкі емес пе екен? Бұқаралық баспасөз арқылы «бұқарамен байланысты болмаған» партия он, жүз мыңдаған жұмысшылар мен шаруаларға қозғау салыпты дегенді кім естіген десеңші? Ал егер партия сонда да болса он, жүз мыңдаған еңбекші бұқараға қозғау салған болса, онда бұл жерде бұқаралық партия баспасөздің көмегінсіз іс істей алмаған болар еді, бұл өзі анық нәрсе емес пе? Я, я, әйтеуір біреу, тек біздің партия емес, оның баспасөзі де емес, әйтеуір басқа біреу бұқарамен байланысын сөзсіз жоғалтып алған. Баспасөзге жала жабуға болмайды! Өзінің баспасөзі арқылы партияның бұқарамен байланысы болғаны анық, «екі-үш жыл бұрын» байланыс болмауға тиіс емес еді, бірақ, біздің партияның XI съезінің әділ айтқанындай, салыстыра келгенде бұл байланыс нашар болып еді. Істің беті осыны көрсетіп отыр. Енді біздің міндет осы байланысты кеңейтуде, оны мүмкін қадерінше нығайтуда, оны анағұрлым берік, анағұрлым үздіксіз етуде. Істің бәрі осыған тіреліп отыр.

3. Ингулов сонан әрі «екі-үш жыл бұрын баспасөз арқылы партия мен жұмысшы табының араларында өзара әрекет болмай шықты» деп сендірмек болады. Неліктен? Мұның себебі, бақсақ, ол кезде «біздің баспасөз күн сайын күреске шақырумен, Совет өкіметінің қаулылары туралы, партия қаулылары ту-

ралы айтумен келген де, жұмысшы оқушы бұларға үн қатпаған» екен. Дәл осылай дейді: «Жұмысшы оқушы үн қатпады» дейді.

Бұл өзі айтты деп сенуге болмайтын нәрсе, сұмдық, бірақ факт.

Партия: «Бәрі де транспортқа жұмылсын» деп ұран тастағанда, бұқара өзінің тілектестігін білдіріп, баспасөзге жүздеген қарарларын жіберіп, транспортты сақтап қалуға әзір екендігін білдіріп, транспортты қуаттау үшін өзінің он мыңдаған ұлдарын жіберіп, осы ұранға бір ауыздан үн қосқандығы барлық жұртқа мәлім. Бірақ Ингулов мұны жұмысшылардың үн қатуы деп санауға қосылмайды, мұны баспасөз арқылы болған, партия мен жұмысшы табының арасындағы өзара қатнас деп атауға қосылмайды, өйткені бұл өзара қатнас тілшілер арқылы болудан да гөрі партия мен жұмысшы табының арасында тікелей болған, әрине, баспасөз арқылы болған тікелей қатнас еді.

Партия: «Ашаршылықпен күреске аттанайық» деп ұран тастағанда, бұқара партия баспасөзіне сансыз қарарларын жіберіп, өзінің он мыңдаған ұлдарын кулакқа қарсы күреске жұмсап, партияның үніне бір ауыздан жауап қатқандығы барлық жұртқа мәлім. Әйтсе де, Ингулов мұны жұмысшы оқушының үн қатуы деп есептеуге, партия мен жұмысшы табының баспасөз арқылы болған өзара қатнасы деуге қосылмайды, өйткені бұл өзара қатнас «ереже бойынша» болмады, кейбір тілшілерден және басқалардан тыс болды.

Ингуловтың ойынша, егер партияның шақыруына

он, жүз мыңдаған жұмысшылар жауап қататын болса, онда бұл партия мен жұмысшы табының арасындағы өзара қатнас болып табылмайды, ал партия баспасөзінің нақ сол шақыруына ондаған, жыйырмалаған тілшілердің хат жүзіндегі жауабы келетін болса, бұл партия мен жұмысшы табының арасындағы нағыз, шын өзара қатнасы болып табылады. Міне осынын өзі партия баспасөзінің ұйымдастырушылық ролінің анықтамасы деп аталады. Құдайдан қорқыңыз, Ингулов, және өзара қатнастың маркстік ұғымын кеңселік ұғыммен былықтырмаңыз.

Ал енді, оның бержағында, партия мен жұмысшы табының арасындағы баспасөз арқылы болатын өзара қатнасқа кеңсешілдің емес, марксистің көзімен қарайтын болсақ, онда бұл, өзара қатнас, қашан да болсын болып келген нәрсе, «екі-үш жыл бұрын» да болған, онан бұрын да болған, және болмауға тиіс те емес еді, өйткені, бұлай болмаған күнде, партия жұмысшы табына басшылық етуді өз қолында сақтап қала алмас еді, ал жұмысшы табы өкіметті ұстап қала алмас еді. Ендігі жерде, сірә, істің беті осы өзара қатнасты анағұрлым үздіксіз, анағұрлым берік етуге тірелетін тәрізді. Ингулов баспасөздің ұйымдастырушылық маңызын жете бағаламай ғана қойған жоқ, ол тағы партия мен жұмысшы табының баспасөз арқылы болатын өзара қатнасын марксше ұғынуды кеңселік мағнада, сыртқы техникалық мағнада ұғынушылықпен айырбастап, бұрмалады. Міне осыған ол «түсінбеушілік» деп ат қойыпты.

Ал енді бар екендігін үзілді-кесілді жоққа шығарып отырған, Ингуловтың «бөгде міндеттеріне» келе-

[illegible]

[illegible]

РК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҰЛТ РЕСПУБЛИКАЛАРЫ МЕН ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН БАС ҚОСҚАН ТӨРТІНШІ КЕҢЕСІ [76]

9 — 12 июнь, 1923 ж.

РКП Орталық Комитетінің ұлт республикалары мен облыстарының жауапты қызметкерлерімен бас қосқан төртінші кеңесі. Стенографиялық есеп. М., [illegible]

I. ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ IV КЕҢЕСКЕ АРНАЛҒАН, ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ САЯСИ БЮРОСЫ ҰНАТҚАН ПЛАТФОРМАНЫҢ ЖОБАСЫ[76]

ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖАЛПЫ БАҒЫТЫ

Партияның XII съезінің ұстаған жолынан ауа жайылушылықтарға карсы күресу мағнасында айтқанда, ұлт мәселесі жөнінде партия жұмысының бағыты осы съездің ұлт мәселесі жөніндегі карарының тиісті пункттері арқылы, атап айтқанда: карардың бірінші бөлімінің 7-пункті арқылы және екінші бөлімінің 1, 2 және 3-пункттері арқылы сыйпатталуға тиіс.

Партияның негізгі міндеттерінің бірі — жергілікті халықтың пролетарлық және жартылай пролетарлық элементтерінен ұлттық республикалар мен облыстардың коммунистік жас ұйымдарын өсіріп, дамыту, бұл ұйымдардың нығаюына, нағыз коммунистік тәрбие алуына барынша көмектесу болып табылады, алғашқы кезде сан жағынан аз болса да, бірақ нағыз интернационалдық коммунист кадрларының басын қосу болып табылады. Нағыз күрделі коммунистік ұйымдар нығайған кезде ғана Совет өкіметі республикалар мен облыстарда мықты болмақ.

Бірақ республикалар мен облыстардағы коммунистердің өздері де мынаны ұмытпауға тиіс: халық-

тың әлеуметтік құрамының басқаша болуының өзінен де олардағы жағдай Республикалар Одағының өнеркәсіпті орталықтарындағы жағдайлардан көп өзгеше екендігін, сондықтан шеткері аймақтарда көбінесе жұмыстың басқаша әдістерін қолдану қажет екендігін ұмытпауға тиіс. Оның бержағында бұл арада, жергілікті халықтың еңбекші бұқараларынан көмек алуға тырыса отырып, революциялық-демократиялық элементтерді немесе тіпті Совет өкіметіне адал ниетпен қарайтын элементтерді орталық облыстардағыдан гөрі көбірек көтермелеп отыру қажет. Республикалар мен облыстардағы жергілікті интеллигенцияның ролі Республикалар Одағының орталық облыстарындағы интеллигенцияның ролінен көп жағдайларда өзгеше болып отырады. Шеткері аймақтар жергілікті интеллигент қызметкерлеріне өте кедей, сондықтан барлық күшті аямай олардың әрқайсысын Совет өкіметінің жағына тарту керек.

Шеткері аймақтардағы коммунистер мынаны ұмытпауға тиіс: мен — коммунистін, сондықтан мен өзім тұрған ортаға сәйкес әрекет жасай отырып, совет системасының шеңберінде адал жұмыс істегісі келетін және істей алатын жергілікті ұлт элементтеріне кеншілік жасауға тиіспін. Бұл, ұлтшылдыққа қарай жолдан таюшылыққа қарсы марксизм принциптері жолында және нағыз интернационализм орнату жолында үздіксіз идеялық күрес жүргізуді керексіз етіп тастамай, қайта сол күрестің болуын көздейді. Тек осылай еткенде ғана жергілікті ұлтшылдықты ойдағыдай жойып, жергілікті халықтың қалың бұқараларын Совет өкіметінің жағына шығаруға болады.

ОДАҚТЫҢ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ЕКІНШІ ПАЛАТАСЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫНЫҢ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ІСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Толық емес мәліметтерге қарағанда, мұндай мәселелердің барлығы жетеу:

а) **Екінші палатаның құрамы туралы.** Бұл палата автономиялы және тәуелсіз республикалардың (әрқайсысынан төрт адамнан немесе онан да көбірек) өкілдерінен және ұлттық облыстардың (әрқайсысынан бір адамнан болса жеткілікті) өкілдерінен құралуға тиіс. Істі, жалпы айтқанда, бірінші палатаның мүшелері соңымен қатар екінші палатаның да мүшесі болмайтындай етіп ұйымдастырған жөн. Республикалар мен облыстардың өкілдері Республикалар Одағы Советтерінің съезінде бекітілуге тиіс. Бірінші палатаны Одақтық Совет, екінші палатаны — Ұлттар Советі деп атау керек.

б) **Екінші палатаның бірінші палатаға қарағанда қандай праволары болатындығы туралы.** Екі палатаның екеуінің де заң шығару ісін бастау правосын сақтай отырып, жеке-жеке дауыс беретін екі палатаның екеуінің де рыйзалығы болмайынша, бірінші не екінші палатаның қарауына берілген заң жобаларының бірде-бірі заңға айнала алмайтын шартын сақтай отырып, бірінші және екінші палатаның праволарын бірдей ету дұрыс болған болар еді. Талас мәселелері екі палатаның келістіру комиссиясына берілу тәртібі бойынша шешіледі, ал келісімге келмеген жағдайда — осы екі палатаның біріккен мәжілісінде қайтадан дауысқа қою тәртібі бойынша шешіледі, егерде осын-

дай тәртіп бойынша түзетілген таласты заң жобасы екі палатаның көпшілік дауыстарын ала алмайтын болса, — онда мәселе Республикалар Одағы Советтерінің төтенше немесе кезекті съезінің шешуіне беріледі.

в) Екінші палатаның айналысатын мәселелері туралы. Екінші палатаның карауына (сондай-ақ бірінші палатаның да) ССРО Конституциясының бірінші пунктінде айтылған мәселелер жатады. Одақтың Орталық Атқару Комитеті мен Одақтың Халық Комиссарлары Советінің заң шығару міндеттері күшінде калады.

г) Республикалар Одағының Орталық Атқару Комитетінің Президиумы туралы. Орталық Атқару Комитетінің Президиумы біреу болуға тиіс. Оны Орталық Атқару Комитетінің екі палатасы сайлауға тиіс, әрине, бұған ұлттардың өкілдері, ең болмағанда, олардың ішіндегі ірі-ірі ұлттардың өкілдері кіруі керек. Украиндардың — Орталық Атқару Комитетінің екі палатасының санына карай Одақтың Орталық Атқару Комитетінің бір Президиумының орнына заң шығару міндеттері бар екі президиум құру жөніндегі ұсынысы колайсыз нәрсе. Президиум — бір сессиядан екінші сессияға дейін үнемі, үздіксіз әрекет жасап отыратын Одақтың жоғарғы өкіметі. Заң шығару міндеттері бар екі президиум құру — жоғарғы өкіметті екі жару болып табылады, ал бұлай ету жұмыста сөзсіз үлкен кыйыншылықтар туғызады. Палаталардың өз президиумдары болуға тиіс, біракта олардың заң шығару міндеттері болмауы керек.

д) Біртұтас комиссариаттардың саны туралы. Орталық Комитеттің бұрынғы пленумдарының карарлары бойынша біртұтас комиссариаттар бесеу болуға

тиіс (Сырткы істер, Сырткы сауда, Соғыс Халық Комиссариаты, Жол Қатнас Халық Комиссариаты және Почта-Телеграф Халық Комиссариаты), директивалык комиссариаттар да бесеу болуға тиіс (Финанс Халык Комиссариаты, Халык шаруашылығының Жоғарғы Советі, Азык-түлік Халық Комиссариаты, Еңбек Халык Комиссариаты, Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы), баска комиссариаттар мейлінше автономиялы болуға тиіс. Украиндар Сырткы істер мен Сырткы сауда Халык Комиссариаттарын біртұтастык дәрежеден директивалык дәрежеге түсіруді, яғни бұл комиссариаттарды Одактың Сырткы істер және Сырткы сауда Халык Комиссариатымен катар республикаларда да калдырып, оларды Одактык Комиссариаттардын директиваларына бағындыруды ұсынады. Егерде біз сырткы дүниенің алдында біріккен тұтас тұлға болып шыға алатын шынымен Одактык бір мемлекет құрамыз деп есептейтін болсак, онда бұл ұсынысты кабылдауға болмайды. Концессиялык шарттар туралы да осыны айту керек, мұндай шарттарды жасау жұмысы Республикалар Одағының колына жыйналуға тиіс.

е) **Республикалар Одагы халык комиссариаттарының құрылысы туралы.** Ірі-ірі және маңызды-маңызды ұлттардың өкілдерін енгізе отырып, бұл халык комиссариаттары коллегияларының құрамын ұлғайту дұрыс болар еді.

ж) **Республикалардың бюджет жөніндегі праволары туралы.** Республикаларға берілген үлестің, үлес болғанда мөлшері ерекше белгіленуге тиісті үлестің шеңберінде республикалардың бюджет жөніндегі дербестігін кеңейту дұрыс болар еді.

ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ ЕҢБЕКШІ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАРТИЯ ЖӘНЕ СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫНА ТАРТУ ШАРАЛАРЫ

Толық емес мәліметтерге қарағанда, кәзірдің өзінде-ақ мынадай төрт шараларды ұсынуға болар еді:

а) Мемлекет және партия аппараттарын ұлтшыл элементтерден (ең алдымен великорустық, сонымен қатар орысқа қарсы ұлтшылдар және басқа ұлтшылдар айтылып отыр) тазарту. Тазарту жұмысы тексерілген мәліметтер негізінде, партия Орталық Комитетінің бақылауы арқылы абайлап жүргізілуге тиіс.

б) Жауапты қызметкерлерді жергілікті тілдерді үйренуге міндеттей отырып, іс жүргізу жұмысына жергілікті тілдерді енгізу мағнасында республикалар мен облыстардағы мемлекет және партия мекемелерін ұлттық мекемелерге айналдыру жөнінде үздіксіз және табанды жұмыс жүргізу керек.

в) Партия мүшелерінің ішінен совет және партия қызметкерлері кадрларын дайындау жөнінде біздің жауапты қызметкерлердің республикалар мен облыстарда жұмыс істеуімен қатар жергілікті интеллигенцияның азды-көпті адал элементтерін таңдап алып, совет мекемелеріне қатыстыру керек.

г) Совет өкіметінің ең күрделі жұмыстары туралы халық комиссарлары мен партияның жалпы жауапты қызметкерлерінің баяндамаларын қойып, жұмысшылар мен шаруалардың бипартиялық конференцияларын өткізу керек.

ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖАҒДАЙЫН КӨТЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

Шамалап айтқанда:

а) жергілікті тілдерде клубтар (бипартиялық) және басқа ағарту мекемелерін құру қажет;

б) жергілікті тілдерде барлық басқыштағы оқу орындарының көлемін ұлғайту қажет;

в) жергілікті халықтан шыққан азды-көпті адал халық мұғалімдерін мектеп жұмысына тарту қажет;

г) жергілікті тілдерде хат таныту ісін тарататын ұйымдар құру қажет;

д) баспа ісін жолға қою қажет.

ҰЛТТЫҚ ТҰРМЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТҰРҒЫСЫНАН ҚАРАҒАНДА ҰЛТТЫҚ РЕСПУБЛИКАЛАР МЕН ОБЛЫСТАРДАҒЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС

Шамалап айтқанда:

а) қоныс аудару ісін жолға қою қажет, ал керекті жерінде оны тоқтату қажет;

б) жергілікті еңбекші халықты мемлекеттік жер фондысының есебінен мүмкіндігінше қамтамасыз ету қажет;

в) жергілікті халыққа шамасы келетін ауылшаруашылық кредит беру қажет;

г) ирригация жұмысын күшейту қажет;

д) кооперацияға, оның бержағында, кәсіпшілік кооперациясына (майдагерлерді қатыстыру түрінде) барынша көмек көрсету қажет;

е) фабрикалар мен заводтарды тиісті шикі заттары көп республикаларға көшіру қажет;

ж) жергілікті халық үшін қолөнер және техникалық мектептер құру қажет;

з) жергілікті халық үшін ауылшаруашылық курстерін ұйымдастыру қажет.

ҰЛТТЫҚ ӘСКЕР БӨЛІМДЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ПРАКТИКАЛЫҚ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

Жергілікті адамдардан белгілібір мерзімнің ішінде, кейін келе ұлттық әскер бөлімдерін ұйымдастыру үшін ұйтқы бола алатын командирлер құрамын дайындау үшін республикалар мен облыстарда әскери мектептер құру жұмысына дереу кірісу керек. Оның бержағында ұлттық әскер бөлімдерінің, әсіресе командирлер құрамының, партиялық және әлеуметтік тегі жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілуге тиіс екендігі түсінікті. Жергілікті адамдардан әскери кадрлары бар жерлерде (Татарстанда, Башқұртстанның біраз жерлерінде) қәзірдің өзінде-ақ ұлттық милиция полктерін ұйымдастыруға болар еді. Грузияда, Арменияда және Азербайжанда қәзірдің өзінде-ақ бір-бір дивизия бар сықты. Украина мен Белоруссияда қәзірдің өзінде-ақ (әсіресе Украинада) бір-бірден милициялық дивизия құруға болар еді.

Ұлттық әскер бөлімдерін құру туралы мәселенің Түркия, Ауғанстан, Польша, тағы сол сықтылардың тарапынан болуы мүмкін шабуылдардан қорғану мағнасында да, Республикалар Одағының көршілес мемлекеттерге қарсы болуы мүмкін ылажсыз аттанысы мағнасында да, өте зор маңызы бар. Республикалар Одағының ішкі жағдайы тұрғысынан қарағанда ұлттық әскер бөлімдерінің маңызын дәлелдеп жату қажет емес. Осыған байланысты біздің армияның сан құрамын мөлшермен айтқанда 20 — 25 мың қосып көбейтуге тура келуі мүмкін.

ПАРТИЯЛЫҚ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ЖОЛҒА ҚОЮ

Шамалап айтқанда:

а) ана тілінде саяси сауат мектептерін құру қажет;

б) ана тілінде марксистік әдебиет шығару қажет;

в) ана тілінде ұдайы шығып тұратын жақсы ұйымдастырылған баспасөз болуы қажет;

г) Шығыс халықтары Университетінің жұмысын орталықта да, жергілікті жерлерде де ұлғайтып, бұл университетті материалдық жағынан қамтамасыз ету қажет;

д) Шығыс халықтары Университетінің жанынан партиялық айтыс клубын құрып, оған Орталық Комитеттің Москвада тұратын мүшелерін қатыстыру қажет;

е) республикалар мен облыстарда жастар одағының жұмысы мен әйелдер арасындағы жұмысты күшейту қажет.

XII СЪЕЗДІҢ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ПАРТИЯ ЖӘНЕ СОВЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ІРІКТЕП АЛУ ЖҰМЫСЫ

Орталық Комитеттің кадрларды есепке алып, жұмысқа бөлетін бөліміне, үгіт-насихат бөліміне, ұйымдастыру бөліміне, әйелдер бөліміне және нұсқаушылар аппаратына белгілібір мөлшерде ұлт адамдарын (екі адамнан немесе үш адамнан) қатыстыру қажет, олардың көмегімен Орталық Комитеттің шеткері аймақтардағы күнделікті партиялық жұмысын жеңілде-

тіп, РКП-нын XII съезінің ұлт мәселесі жөніндегі алған бағытын камтамасыз ету негізінде партия және совет кызметкерлерін республикалар мен облыстарға дұрыстап бөлу үшін осылай ету қажет.

2. ҰЛТТЫҚ РЕСПУБЛИКАЛАР МЕН ОБЛЫСТАРДАҒЫ ОҢШЫЛДАР МЕН «СОЛШЫЛДАР» ТУРАЛЫ

Кеңестің күн тәртібінің: „Сұлтан-Галиевтің ісі" деген бірінші пункті бойынша сөйленген сөз

10 июнь

Мен осында сөйлеген жолдастардың сөздеріне бірнеше ескерту жасау үшін сөз алдым. Сұлтан-Галиевтің ісіне байланысты қозғалған мәселенің принциптік жағына келетін болсақ, оны мен өзімнің екінші пункт бойынша жасайтын баяндамамда сөз қылып өтпекпін.

Ең алдымен кеңестің өзі туралы мәселеге тоқтап өтейін. Осында біреу (дәл кім екенін мен ұмыттым) бұл кеңесті бұрын болып көрмеген құбылыс дегенді айтты. Бұл дұрыс емес. Мұндай кеңестер біздің партия үшін тіпті де жаңа нәрсе емес. Бұл кеңес Совет өкіметінің өмір сүруінен бергі уақыттың ішінде сан жағынан алғанда төртінші кеңес болып отыр. 1919 жылдың басына дейін үш кеңес болып өтті. Ол кезде жағдай мұндай кеңестерді шақырып тұруға бізге мүмкіншілік берген еді. Одан былай, 1919 жылдан кейін, 1920—1921 жылдары, біз басымызды байлап азамат соғысына жұмылған кезде, бізде бұл сияқты кеңестер шақыруға уақыт болмады. Тек енді ғана, біз азамат соғысын бітіргеннен кейін ғана, біздің жұмы-

сымыз шаруашылық құрылысы жөнінде терең тереңдей түскен кезде ғана, партия жұмысының өзі де, әсіресе ұлттық обылыстар мен республикаларда анағұрлым нақтылы бола бастағаннан кейін ғана, — біз бұл сияқты кеңесті шақыруға қайтадан мүмкіншілік алдық. Менің ойымша, саясатты жергілікті орындарда жүзеге асыратындар мен оны жасап шығаратындардың арасында өзара толық түсінушілік туғызу үшін Орталық Комитет мұндай құралды талай рет пайдаланады. Менің ойымша, мұндай кеңестерді барлық республикалар мен облыстардан ғана шақырып қоймау керек, сонымен қатар неғұрлым нақтылы қарарлар қабылдау үшін жеке облыстар мен республика бойынша да кеңестер шақыру керек. Мәселенің тек осылай қойылуы ғана Орталық Комитетті де, жергілікті орындардағы қызметкерлерді де қанағаттандыра алады.

Мен кейбір жолдастардың сөздерін тыңдағанымда олар менің Сұлтан-Галиевке қалай ескерту жасағанымды айтты, бұл оның бірінші астыртын хатымен, бұл хат Адигамовтың атына жазылған болуы керек, менің танысуға мүмкіншілік алған кезім болатын, ал нақ сол Адигамов бәрінен бұрын және бәрінен көп айтуға тиісті бола тұрса да, ол қалайда үндемей, сөйлемей отыр. Бұл жолдастар Сұлтан-Галиевті тым қорғадың деп маған кінә тақты. Дұрыс, мен, шынында, Сұлтан-Галиевті ақтық мүмкіншілікке дейін қорғадым, және де мен мұны өзімнің міндетім деп санадым, солай деп санаймын да. Бірақ мен оны белгілі шекке дейін қорғадым. Ал Сұлтан-Галиев бұл шектен асып кеткеннен кейін мен онан сырт айналып кеттім. Оның бірінші астыртын хаты оның, Сұлтан-Галиевтің, партиядан қазірден-ақ ажырасқандығын көрсетеді, өйт-

кені оның хатының сарыны аҡгвардияшылардың сарыны дерлік, өйткені оның Орталыҡ Комитеттің мүшелері туралы жазғандары тек жаулар туралы ғана жазуға болатын нәрсе. Мен онымен кездейсоҡта Саяси Бюрода кездестім, ол Саяси Бюрода Жер Халыҡ Комиссариаты жөнінен Татар республикасының талабын ҡорғады. Мен оны сол жерде-аҡ ескерттім, оған ҡағаз жазып, бұл ҡағазда оның астыртын хатын антипартиялыҡ хат деп атадым, бұл ҡағазда оны Валидовтың ұйымы тұрпатты ұйым ҡұрдың деп кінәладым, жәнеде оған — егер антипартиялыҡ жасырын жұмысты тоҡтатпасаң, мұның аяғы жаманға соғады, менің тарапымнан ешбір ҡуаттау болмайды дегенді айттым. Ол ҡатты ҡысылып, маған — сізді біреу адастырған екен, Адигамовҡа менің хат жазғаным рас, бірак ондайлыҡ ешнәрсе жазғаным жоҡ, жазғаным баска бірдеме болатын деп жауап берді, бұрын ҡандайлыҡты партия адамы болса, кәзірде сондай болып ҡалатындығын, келешекте де партия адамы болып ҡалатындығына адал сөзін беретіндігін айтты. Сөйте тұрып, будан бір жеті өткеннен кейін ол екінші астыртын хат жібереді, ол хатында Адигамовты басмашылармен және олардың басшысы Валидовпен байланыс жасауға, ал хатты «өртеп» жіберуге міндеттейді. Сөйтіп, оның мұнысы арамдыҡ, алдау болып шыҡты да, мені Сұлтан-Галиевпен байланыс атаулының бәрін үзуге мәжбүр етті. Осы уаҡыттан бастап Сұлтан-Галиев мен үшін партиядан тыс, Советтерден тыс тұрған адам болып шыҡты және мен оның «әңгімелесу» үшін маған келуге бірнеше рет ұмтылғанына ҡарамастан онымен сөйлесуді мүмкін деп таппадым. «Солшыл» жолдастар 1919 жылдың бас кезінің өзінде мені — Сұлтан-

Галиевті колдайсың, оны партия үшін сактайсың, ол ұлтшыл болуды койып, марксист болады деп сеніп, аяйсың деп кінәлаған болатын. Мен шынында да белгілі уақытка дейін оны қолдауды өзімнің міндетім деп есептедім. Интеллигенттер, ойшыл адамдар, керек десе жалпы сауатты адамдар шығыс республикалары мен обылыстарда өте аз, оларды саусақпен санап шығуға болады, — осыдан кейін оларды қалай қадірлемессің? Шығыстың керекті адамдарын азушылыктан аман алып калу үшін және оларды партияға сактап калу үшін барлық шараларды колданбау қылмыс болған болар еді. Бірақ кай нәрсенің болса да шегі бар. Ал бұл шек Сұлтан-Галиев коммунистердің лагерінен басмашылардың лагеріне көшкен кезде туды. Осы уақыттан бастап ол партия үшін өмір сүруден калды. Міне сондықтан да партиямыздың Орталық Комитетінен гөрі оған түрік елшісі колайлырақ болып шыкты.

Мен мұндай кінәны Шамигуловтың тарапынан да естідім, оның таққан кінәсы — мен оның Валидовты бір соғып жоқ кылу керек деген талабына қарамастан, Валидовты партия үшін сактап калуға тырысып, оны қорғаған екенмін. Мен Валидовтың түзелуі мүмкін деп сеніп, оны шынында да қорғаған едім. Мұнан да басым адамдар түзелген болатын, мұны біз саяси партиялардың тарихынан білеміз. Мен Шамигулов мәселені тым жеңіл шешеді, деп ұйғардым. Мен оның берген кеңесін алмадым. Рас, бір жылдан кейін Шамигуловтың айтканы келді, Валидов түзелмеді, ол басмашыларга кетіп калды. Бірақ Валидовтың партиядан кетуін біздің бір жыл бөгегенімізден партия калай дегенмен де ұтты. Егер біз 1918 жылы Валидовты куртқан болсақ, онда Муртазин, Адигамов, Халиков сияқ-

ты жолдастар және баскалар біздің катарымызда калмаған болар еді, бұған менің көзім жетеді (Дауыс: «Халиков калған болар еді».) Мүмкін Халиков кетпес те, бірак біздің катарымызда істеп жүрген жолдастардың бүтін бір тобы Валидовпен бірге кеткен болар еді. Біз өзіміздің шыдамдылык істеп, алдын болжай білгендігімізден міне осыған жеттік.

Мен Рыскұловтың сөзін тыңдадым, оның сөзі толык шындыкпен айтылған сөз емес екендігін, жартылай дипломаттык (дауыс: «Дұрыс») сөз екендігін айтып өтуге тиіспін, жәнеде жалпы айтканда оның сөзі ауыр әсер етті. Мен онан көбірек ашыктыкты және көбірек шындыкты күткен едім. Рыскұлов не деп айтса да, оның үйінде Султан-Галиевтің астыртын екі хаты жаткандығы, бұларды оның ешкімге көрсетпегендігі айкын болып отыр, оның Сұлтан-Галиевпен идея жағынан байланысты болғандығы айкын болып отыр. Басмашылыкка апаратын жол жөнінен Сұлтан-Галиевпен байланысым жок деп, Рыскұловтың Сұлтан-Галиевтің ісінен криминалдык жағынан ажырасуы — түкке тұрғысыз нәрсе. Кеңесте сөз бұл туралы болып отырған жок. Әңгіме сұлтан-галиевшілдікпен идеялык, идеологиялык байланыс туралы болып отыр. Ал Рыскұловтың Сұлтан-Галиевпен мұндай байланысы болғандығы — анык нәрсе, жолдастар, мұны Рыскұловтың өзі де бекер дей алмайды. Демек, мұнда, осы мінбеден, акырында, сұлтан-галиевшілдіктен — үзілді-кесілді және ешбір шартсыз ажырасатын уакыт жеткен жок па? Осы мағнада Рыскұловтың сөзі жартылай дипломаттык және канағаттанарлыксыз болды.

Енбаев та дипломаттык және шындыкка жатпайтын сөз сөйледі. Енбаев пен татар кызметкерлерінің

бір тобы, мен оларды, идеялық жөніндегі тұрақсыздығына қарамастан, жақсы практиктер деп есептеймін, Сұлтан-Галиев тұтқынға алынғаннан кейін, Сұлтан-Галиевтен алынған документтер өтірік документ дегендей етіп, Сұлтан-Галиевке толық кепіл болатындығын айтып, оны дереу босату жөнінде Орталық Комитетке арыз бергендігі факт емес пе? Бұл факт емес пе? Біракта тексере келгенде не анықталды? Барлық документтердің дұрыс екендігі анықталды. Ол документтердің дұрыстығын Сұлтан-Галиевтің өзі мойындады, өзінің күнәлары жөнінде документтерде көрсетілгеннен гөрі де көбірек айтып берді, өзінің айыбын бүтіндей мойнына алып, айыпты болғанына өкінді. Мұның бәрінен кейін Енбаевтың өзінің қателерін батыл және біржолата мойындап, Сұлтан-Галиевтен ажырасуға тиісті екендігі анық емес пе? Біракта Енбаев мұны істеген жоқ. Ол «солшылдарды» мазақ етуге ретін тауып, ол сұлтан-галиевшілдіктен батыл және коммунистерше ажырасқысы келмеді, Сұлтан-Галиев түсіп кеткен тұңғыйықтан безгісі келмеді, ол, сірә, дипломатия құтқарар деп ойлаған болар.

Фирдевстің сөзі басынан аяғына дейін бірыңғай дипломатия болды. Идея жағынан кімді кім басқарды: Сұлтан-Галиев Фирдевсті басқарды ма, әлде Фирдевс Сұлтан-Галиевті басқарды ма — бұл мәселені мен ашық қалдырамын. Алайда, менің ойымша, идея жағынан Фирдевсті Сұлтан-Галиев басқарды дегеннен гөрі Сұлтан-Галиевті Фирдевс басқарды деуге болады. Мен Сұлтан-Галиевтің теориямен әуестенуінде онша сыйымсыз ешнәрсе жоқ қой деп ойлаймын. Егер Сұлтан-Галиевтің ісі пантюркизм және панисламизм

идеологиясымен шектелсе, онда бұл жартылай ғана қылмыс болар еді, менің ойымша, бұл идеологияны, партияның X съезінің ұлт мәселесі жөніндегі карарында оған тыйым салынғандығына карамастан шыдауға болатын нәрсе деп есептеуге болар еді және оны партиямыздың катарында сынаумен шектелуге болар еді. Бірақ идеологиялық әуестену басмашылардың басшыларымен, Валидовпен және басқалармен байланыс жасау арқылы аяқталса, онда бұл арада басмашылардың практикасын күнәсыз идеология арқылы ақтауға тіпті де болмайды, ал Фирдевс осылай етуге тырысады. Султан-Галиевтің әрекетін бұлай ақтаумен ешкімді де алдай алмайсыз. Бұлай істеу арқылы империализмді де, патша өкіметін де ақтауға болады, өйткені олардың да өз идеологиясы бар, кейде сырттан қарағанда едәуір күнәсіз сияқты идеологиясы бар. Бұлай ойлауға болмайды. Сіз бұл жерде трибуналдың алдында тұрған жоқсыз, сіз жауапты қызметкерлердің кеңесінің алдында тұрсыз, олар сізден дипломатияны емес, ашықтықты, шындықты талап етеді.

Менің ойымша, Ходжанов жақсы сөйледі. Икрамов та жаман сөйлеген жоқ. Бірақ мен бұл жолдастардың сөйлеген сөздерінің бір жерін, адамды ойландыратын жерін атап көрсетуге тиіспін. Бұлардың екеуі де қазіргі Түркстан мен патшалық Түркстанның арасында ешбір айырма жоқ, тек аты ғана өзгерді, Түркстан бұрынғы күйінде, патшаның тұсындағы күйінде қалды дегенді айтты. Жолдастар, егер бұл байқаусызда айтылған сөз болмаса, егер бұл ойланып айтылған сөз болса және егер бұл біле тұра айтылған сөз болса, онда басмашылардікі дұрыс, ал біздікі теріс

деп айту керек. Егер Түркстан шынында да патша өкіметі тұсындағыдай отар болып отырса, онда басмашылардікі дұрыс, онда Сұлтан-Галиевті біз соттамай, қайта Совет өкіметінің шеңберінде отарлардың өмір сүруіне көніп отырған адамдар ретінде, ол бізді соттауға тиіс. Егер бұл дұрыс болса, онда сіздердің өздеріңіздің басмашыларға неліктен кетпегендеріңізді түсінбеймін? Ходжанов пен Икрамов өз сөздерінің бұл жерін жете ойламай айтқан болу керек, өйткені қазіргі Советтік Түркстанның патшалық Түркстаннан мүлде басқа екендігін олардың білмеуі мүмкін емес. Бұл жолдастардың сөздеріндегі осы қараңғы жерін менің атап өткім келген себебі — жолдастар осыны жете ойлап, өздерінің қатесін түзетуге тырыссын деймін.

Икрамовтың Орталық Комитеттің жұмысын сөз қылып, біздің кейде көңіл бөлмегендігімізді, шығыс республикалар мен облыстардың жағдайы керек қылған практикалық мәселелерді дер кезінде барлық уақытта бірдей қоя алмағандығымызды айта келіп, бізге таққан кінәларының бір бөлегін мен өз мойныма аламын. Әрине, Орталық Комитеттің жұмысы өте көп және ол барлық жерге бірдей үлгіре алмайды. Бірақ Орталық Комитет бәрін де дер кезінде істей алады деп ойлау адам күлерлік нәрсе болар еді. Әрине, Түркстанда мектептер аз. Жергілікті тіл мемлекеттік мекемелерде әлі дағды болған жоқ, мекемелер жергіліктендірілген жоқ. Мәдениет жалпы төмен. Мұның бәрі дұрыс. Бірақ Орталық Комитет немесе бүкіл партия Түркстанның мәдениетін екі — үш жылдың ішінде көтере алады деп шынымен сенуге бола ма? Біздің бәріміз орыс мәдениеті, Республикалар Одағы-

ның өзге халықтарынан анағұрлым мәдениетті орыс халқының мәдениеті төмен деп айғайлап, зар қағып жүрміз. Бұл туралы Ильич талай рет айтқан болатын, бізде мәдениеттілік аз, орыс мәдениетін екі — үш жылда, тіпті он жылда айтарлықтай көтеруге мүмкіншілік жоқ деген болатын. Ал егер орыс мәдениетін екі — үш жыл ішінде, тіпті он жыл ішінде айтарлықтай көтеруге болмайтын болса, онда орыс емес, артта қалған, шала сауатты облыстардағы мәдениетті тез көтеруді қалай талап етуге болады? Бұл арада «айыптың» оннан тоғызы жағдайға, артта қалғандыққа түсетіндігі, былайша айтқанда, мұнымен санаспауға болмайтындығы айқын емес пе.

«Солшылдар» мен оңшылдар туралы.

Олар облыстар мен республикалардағы коммунистік ұйымдарда бар ма? Әрине, бар. Мұны бекер деуге болмайды.

Оңшылдардың күнәлары неде? Олардың күнәлары — оңшылдар нэпке байланысты өсіп, күшейіп келе жатқан ұлтшылдық ықпалдарға қарсы күш, сенімді тірек болмайды және бола да алмайды. Сұлтангалиевшілдіктің болуы, оның шығыс республикаларда, әсіресе Башқұртстан мен Татарстанда өз жағындағылардың кейбір тобын құрғандығы, — бұл жағдай онда, осы республикаларда, басым көпшілік болып отырған оңшыл элементтердің ұлтшылдыққа қарсы жеткілікті қамал болмайтындығын күмәнсіз айқын көрсетеді.

Біздің шеткері аймақтардағы, республикалар мен облыстардағы коммунистік ұйымдарымыз ұлтшылдықты жеңгенде ғана дамып аяғына баса алады, нағыз интернационалдық марксистік кадр бола алады,

мұны ұмытпау керек. Ұлтшылдық — шеткері аймақтар мен республикаларда марксистік кадрларды, марксистік авангардты баулып өсіру жолындағы негізгі идеялық кедергі болып табылады. Партиямыздың тарихы большевиктер партиясының орыс бөлімінің меньшевизмге қарсы күресе отырып өсіп, нығайғандығын көрсетеді, өйткені меньшевизм дегеніміз буржуазияның идеологиясы болып табылады, меньшевизм дегеніміз буржуазиялық идеологияны біздің партиямызға таратушы болып табылады, сондықтан меньшевизмді жеңбей тұрып ол аяғына баса алмайтын болды. Бұл туралы Ильич бірнеше рет жазған болатын. Большевизмнің меньшевизмді оның ұйымдастырушылық және идеологиялық формаларында жеңуіне қарай, большевизм нағыз басшы партия ретінде өсіп, нығайып отырды. Біздің шеткері аймақтар мен республикалардағы коммунистік ұйымдарымыз жайында ұлтшылдық туралы дәл осыны айту керек. Бұрын меньшевизм большевиктер партиясы үшін қандай роль атқарса, бұл ұйымдар үшін ұлтшылдық дәл сондай роль атқарады. Біздің шеткері аймақтардағы ұйымдарымызға түрлі буржуазиялық, соның ішінде меньшевиктік ықпалдар ұлтшылдық пердесін жамылу арқылы ғана ене алады. Біздің республикалардағы ұйымдарымыз шеткері аймақтарда біздің партиямызға енгісі келіп, кимелеп отырған ұлтшылдық ықпалдарға қарсы тұра алған күнде ғана марксистік бола алады, бұл ұлтшылдық ықпалдардың кимелеп отырған себебі — буржуазия қайта туып келеді, нэп өсіп келеді, ұлтшылдық өсіп келеді, жергілікті ұлтшылдықты итермелеп отыратын великорустық шовинизмнің қалдықтары бар, ұлтшылдықтың қандайын болса да қолдайтын шет ел мем-

лекеттерінің ыкпалы бар. Республикалар мен облыстардағы бұл жауға карсы күрес жүргізу бір кезең болып табылады, егер ұлт республикаларындағы біздің коммунистік ұйымдар шын марксистік ұйым болып нығайғысы келсе, осы кезенді өтуге тиіс. Баска жол жок. Ал бұл күресте де оңшылдар әлсіз болып отыр. Әлсіз болатын себебі олар партия жөнінде скептицизм ауруына ұшырап отыр және ұлтшылдыктың ыкпалына оп-оңай беріліп жүр. Республикалар мен облыстардағы коммунистік ұйымдардың оң канатының күнәсы міне осы.

Ал шеткері аймактардағы «солшылдардың» күнәсы аналардікінен көп болмаса, аз емес. Егерде шеткері аймактардағы коммунистік ұйымдар ұлтшылдыкты женбей тұрып нығая алмайтын болса және нағыз марксистік кадрлар болып өсіп жетіле алмайтын болса, онда бұл кадрлардың өздері аз да болса адал ұлттык элементтерді, оларға жеңілдік жасай отырып, біздің мемлекеттік мекемелерге тарта алатындай болып жеткілікті түрде орамды болуға үйренген күнде ғана, олар партияның ішіндегі ұлтшылдыкка карсы үзілді-кесілді күрес жүргізу мен жергілікті адамдардан, интеллигенциядан және баскалардан шыккан азды-көпті адал элементтердің бәрін совет жұмысына тарту жолында дәл сондай үзілді-кесілді күрес жүргізудің екі арасында маневр жасауға үйренген күнде ғана бұкаралык ұйым бола алады, сонда ғана еңбекші бұкараның көпшілігін өздерінің төңрегіне топтастыра алады. Шеткері аймактардағы «солшылдар» партияға скептикалык түрде караудан, ұлтшылдыктың ыкпалына берілуден азды-көпті болсын сау калып отыр. Бірак «солшылдардың» күнәлары сол —

олар халықтың буржуазиялық-демократиялық элементтері мен адал элементтері жөнінде орамды бола алмай жүр, олар бұл элементтерді тарту ісінде маневр жасай білмейді және жасағысы да келмейді, олар елдегі еңбекші халықтың көпшілігін меңгеру жөнінде партияның жолын бұрмалайды. Ал оның бержағында, бұл орамдылық пен бұл кабілеттілікті, ұлтшылдыкка карсы күрестің және аз да болса адал элементтерді біздің мемлекеттік мекемелерімізге тартудың екі арасында маневр жасай білу қабілеттілігін кайткен күнде де дайындап, жасап шығару кажет. Оны былай еткенде ғана дайындап, жасап шығаруға болады: **егер** біздің облыстар мен республикаларда кездесетін кыйыншылыктармен және ерекшеліктермен есептесетін болсак; егер орталык өнеркәсіпті облыстарда жасалатын және шеткері аймактарға беталды кондырыла коймайтын үлгілерді жайдан-жай орната салмайтын болсак; **егер** халықтың ұлтшылдық пиғылдағы элементтерімен, ұлтшылдық пиғылдағы усақ буржуалардан бойымызды аулакка салмайтын болсак; **егер** бұл элементтерді жалпы мемлекеттік жұмыска тартуға үйрене білсек — міне сонда ғана дайындап, жасап шығаруға болады. «Солшылдардың» күнәлары сол — олар сектанттық ауруға шалдыккан және партияның ұлттык республикалар мен облыстардағы осы кыйын міндеттерінің бірінші дәрежелі маңызы бар екендігін түсінбейді.

Егер оңшылдар өздерінің ұлтшылдыкка бейімділігі аркылы шеткері аймактардағы біздің коммунистік кадрларымыздың өсуіне кыйыншылық келтіру каупін туғызатын болса, «солшылдар» — өздерінің тұрпайы, үстірт «коммунизмі» аркылы партиямызды шаруалар-

дан және жергілікті халықтың қалың топтарынан айыру кауп:н туғызады.

Бұл кауіптердің кайсысы қауіптірек? Егер «солға» қарай ауытқыйтын жолдастардың жергілікті орындарда халықты қолдан жіктеу саясатын бұдан былай да қолдану ойында болса, 'ал бұл саясат Чечен мен Якут облысында ғана, Туркстанда ғана қолданылып койған жоқ... (Ибрагимов: «Бұл диференциация тактикасы».) Енді Ибрагимов жіктелу тактикасын диференциация тактикасымен ауыстыруды ойлап шығарыпты, бірақ мұнан ешнәрсе өзгерген жоқ, — мен былай деймін: олардың бұдан былай да жоғарыдан жіктеу саясатын қолданғысы келсе; егер олар тұрмыспен және нақтылы жағдайлармен санаспай, орыс үлгілерін ерекше ұлттық жағдайға көшіріп кондыруға болады деп ойласа; егер олар ұлтшылдыққа карсы күресе отырып, сонымен бірге ұлттық нәрселердің бәрін лақтырып тастау керек деп ойласа: бір сөзбен айтканда, егер шеткері аймақтардағы «солшыл» коммунистер түзелмеген күйінде қалғысы келсе, — онда екі кауіптің ішінде «солшыл» қауіп ең катерлі қауіп болып шығуы мүмкін дегенді айтуға тиіспін.

«Солшылдар» мен оңшылдар туралы мәселе жөнінде менің айтайын дегенімнің бәрі осы. Мен біраз ілгерірек кеттім, бірақ мұның себебі бүкіл кеңестің өзі екінші пунктті талқылауды бұрынырақ қозғап алға кетіп отыр.

Жергілікті адамдардан нағыз коммунистік кадрларды баулып шығару мақсатымен ұлтшылдыққа қарсы күрестіру үшін және күресуге үйрету үшін оңшылдарды қамшылай түсу керек. Сонымен қатар орамды

болуға, халықтың қалың бұқарасын меңгеру мақсатымен дұрыс манэвр жасауға үйрету үшін «солшылдарды» да қамшылай түсу керек. Мұның бәрін де істеу керек, өйткені, Ходжанов айтқандай, шындық «ортада», оңшылдар мен «солшылдардың» аралығында болып отыр.

3. ПАРТИЯНЫҢ XII СЪЕЗІНІҢ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖАЙЫНДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ШАРАЛАР

Күн тәртібінің екінші пункті бойынша жасалған баяндама

10 июнь

Жолдастар! Сіздер Орталық Комитеттің Саяси Бюросының ұлт мәселесі жөніндегі платформасының жобасын* алған боларсыздар. (Дауыстар: «Барлығымыз бірдей алғанымыз жоқ».) Бұл платформа күн тәртібінің екінші мәселесін оның қосымша пункттерімен бірге алып қарайды. Дегенмен де, Орталық Комитеттің шифрмен жазылған хаты ретінде берілген, кеңестің күн тәртібін бәріңіз де алған шығарсыздар.

Саяси Бюроның ұсыныстарын үш топқа бөлуге болады.

Мәселелердің бірінші тобы республикалар мен облыстардағы коммунист кадрлерін жергілікті адамдармен нығайту жөнінде айтылған.

Мәселелердің екінші тобы XII съездің ұлт мәселесі жөніндегі нақтылы қарарларын практикада жүзеге асыру ісімен байланысты нәрселердің барлығы туралы айтылған, атап айтқанда: жергілікті халықтың еңбекші элементтерін партия және совет құрылысына

* Осы томның 325 — 334-беттерін қараңыз. *Ред.*

катыстыру жөніндегі мәселелер туралы; жергілікті халыктын мәдениет дәрежесін көтеру үшін кажетті шаралар жөніндегі мәселелер туралы; тұрмыстын айырыкша өзгешеліктеріне сәйкестіре отырып республикалар мен облыстардың шаруашылык жағдайын көтеру жөніндегі мәселелер туралы; акырында, облыстар мен республикалардағы кооперациялар жөніндегі, заводтарды баска жерге апару жөніндегі, өнеркәсіп орталыктарын кұру жөніндегі мәселелер туралы және баскалар туралы айтылған. Мәселелердің бұл тобы жергілікті жағдайларға сәйкес облыстар мен республикалардын шаруашылык, мәдениет және мемлекеттік міндеттері туралы айтады.

Мәселелердің үшінші тобы жалпы Республикалар Одағынын Конституциясы туралы және әсіресе Республикалар Одағы Орталык Аткару Комитетінің екінші палатасын кұру негізінде бұл Конституцияға түзетулер енгізу жөніндегі мәселе туралы айтады. Жұртка мәлім, мәселелердің сонғы тобы Республикалар Одағы Орталык Аткару Комитетінің алдағы болатын сессиясына байланысты.

Мен мәселелердің бірінші тобына көшемін, — жергілікті адамдардан марксистік кадрларды, кадрлар болғанда, Совет өкіметінің шеткері аймактардағы ен манызды және тіпті керек десе, шешуші тірегі бола алатын кадрларды өсіріп, нығайту әдістері жөніндегі мәселелерге көшемін. Егер партиямыздың дамуын алып карап (мен партиянын, негізгі бөлегі ретінде, орыс бөлегін алып отырмын), онын дамуындағы негізгі кезендеріне көз жіберсек, сөйтіп онан сон осыған сәйкес облыстар мен республикалардағы өзіміздің коммунистік ұйымдарымыздын дамуынын жакын бей-

несін кұратын болсақ, сонда біз, менің ойымша, партиямыздың шет аймақтарда даму негізінде алып қарағанда осы елдерде болып отырған өзгешеліктерді түсінудің кілтін таба алатын сияқтымыз.

Партиямыздың, оның орыс бөлегінің, дамуының бірінші дәуіріндегі негізгі міндет — кадрлар, марксистік кадрлар құру болды. Бұл марксистік кадрлардың өзі бізде меньшевизмге қарсы күресте дайындалып, нығайды. Бұл кадрлардың ол кездегі, ол дәуірдегі міндеті, — мен большевик партиясының құрылған кезінен бастап, меньшевизмнің ең кемеліне келген өкілдері болған жойымпаздарды партиядан қуғанға дейінгі дәуірді алып отырмын, — олардың негізгі міндеті: жұмысшы табының ең еті тірі, ең адал және ең көрнекті элементтерін большевиктердің жағына шығарып, кадрлар дайындап, авангард құру болды. Мұнда ең алдымен, кадрларды біртұтас етіп, партияның негізгі ұйтқысы етіп топтастыруға кедергі жасаған буржуазиялық сыйпаты бар ағымдарға қарсы, әсіресе меньшевизмге қарсы күрес жүргізілді. Ол кезде жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың миллиондаған бұқараларымен кең байланыс жасау міндеті, бұл бұқараларды меңгеру міндеті, елдің ішінде көпшілікті өзіне қаратып алу міндеті кезектегі және толғағы жеткен қажеттік ретінде партияның алдына қойылмаған болатын-ды. Бұған партия әлі жете қоймаған болатын-ды.

Партиямыздың дамуының келесі сатысында ғана, оның екінші сатысында ғана, бұл кадрлар өсіп-жетілген кезде, олар партиямыздың негізгі ұйтқысына келіп құйылған кезде, жұмысшы табының ең жақсы элементтерін өзімізге қаратып алған кезде немесе қарат-

тық дерлік болған кезде, тек осыдан кейін ғана партияның алдына, кезекті және кейінге калдыруға болмайтын кажеттік ретінде, — миллиондаған букараны меңгеру міндеті, партия кадрларын нағыз букаралық жумысшы партиясына айналдыру міндеті қойылды. Бул дәуірде партиямыздың уйткысына меньшевизмнен де гөрі, партиямыздың «солшыл» элементтеріне, түрлі-түсті «шакырымпаздарға» қарсы күресуге тура келді, олар 1905 жылдан кейінгі кездің жаңа жағдайларының өзгешеліктерін қадағалап үйрену ісін революциялық сылдыр сөзбен алмастыруға тырысты, өздерінің жабайы-«революциялық» тактикасы арқылы партиямыздың кадрларын нағыз букаралық партияға айналдыру ісіне бөгет жасады, өздерінің жумысы арқылы партияның калың жумысшы букарадан кол үзу қаупін туғызды. Бул «солшыл» қауіпке карсы үзілдікесілді күреспейінше, оны жеңбейінше партияның миллиондаған еңбекші букараны меңгере алмайтындығын дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен.

Екі майдандағы күрестің, оңшылдарға, яғни меньшевиктерге карсы және «солшылдарға» карсы күрестің шамамен алынған бейнесі, партиямыздың негізгі, орыстық бөлегінің даму бейнесі осындай.

Коммунистік партиялардың дамуының мундай кажетті түрдегі, болмай калмайтын бейнесін Ленин жолдас өзінің: «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітапшасында барынша сенерліктей етіп көрсеткен болатын. Ленин жолдас ол кітапшада: Батыстағы коммунистік партиялар дамудың осыған уксас сатыларын өтуге тиіс және кәзірдің өзінде-ак өтіп жатыр, деп дәлелдеген болатын. Біздің шеткері аймактардағы коммунистік уйымдар мен ком-

мунистік партияларымыздың дамуы жөнінде де дәл осыны айту керек деген сөзді жанымыздан косайық.

Біракта мынаны айта кету керек: партияның бұрынғы бастан өткізгені мен біздің шеткері аймақтардағы партия ұйымдарымыздың кәзіргі бастан өткізіп отырғандарының арасындағы ұксастыкка карамастан, дегенмен де, ұлттык республикалар мен облыстардағы партиямыздың дамуында біраз күрделі ерекшеліктер бар, оларды біз міндетті түрде ескертуге тиіспіз, ал оларды кадағалап ескермейтін болсак, шеткері аймактарда жергілікті адамдардан марксистік кадрлар өсіріп-жетілту міндеттерін белгілеуде біздің бірсыпыра өрескел кателер жіберіп алуымыз мүмкін.

Осы ерекшеліктерді карастыруға көшейік.

Біздің шеткері аймактардағы ұйымдарымызда оңшыл және «солшыл» элементтерге карсы күрес жүргізу керекті және міндетті нәрсе, өйтпеген күнде біз бұкарамен тығыз байланысы бар, марксистік кадрлар өсіріп-жетілте алмаймыз. Бұл түсінікті. Бірак шеткері аймактардың ерекшелігі бар және партиямыздың дамуында бұрынғыға караганда өзгешелік бар, ол мынау: кадрлар өсіріп-жетілту және оларды букаралык партияға айналдыру ісі шеткері аймактарда, партиямыздың тарихында болғаны сыякты, буржуазиялык курылыс кезінде болып отырған жок, совет курылысы кезінде, пролетариат диктатурасы кезінде болып отыр. Ол кезде, буржуазиялык курылыс кезінде, уакыттың жағдайлары бойынша алдымен меньшевиктерге (марксистік кадрлар даярлау такырыпты), сонан соң шакырымпаздарға (бұл кадрларды бұкаралык партияға айналдыру такырыпты) сокқы беруге болатын еді және соккы беру керек болды, партиямыздың

тарихының толық екі дәуірін осы уклондарға қарсы күреспен толтыруға тура келді. Кәзірде уақыттың жағдайлары бойынша біз тіпті де бұлай істей алмаймыз, өйткені кәзірде партия өкімет басында отыр, ал өкімет басында отырған партияның шеткері аймақтарда жергілікті адамдардан сенімді марксистік, сонымен қатар халықтың қалың бұқарасымен байланысы бар кадрлары болуы қажет. Кәзір біз, партиямыздың тарихында болғаны сияқты, «солшылдардың» көмегі арқылы алдымен оңшыл қауіпті соққылап, сонан кейін оңшылдардың көмегі арқылы «солшыл» қауіпті соққылай алмаймыз, — кәзір біз екі майданда бірмезгілде күрес жүргізуге тиіспіз, сөйтіп екі қауіптің екеуіне де соққы беруге тырысуымыз керек, осының нәтижесінде шеткері аймақтарда жергілікті адамдардан марксистік дайындығы бар, бұқарамен байланысты кадрлар шығатын болуы керек. Ол кезде қалың бұқарамен әлі байланысы жоқ, дамудың келесі дәуірінде бұқарамен байланысуға тиісті болған кадрлар туралы айтуға болатын еді, — енді бұл туралы сөз етудің өзі күлкі, өйткені Совет өкіметінің кезінде қалың бұқарамен белгілібір байланысы жоқ марксистік кадрлар болады деп ойлауға болмайды. Мұндай кадрлар марксизмге де, бұқаралық партияға да ешбір қатысы жоқ кадрлар болған болар еді. Осының бәрі істі әжептәуір қиындатып, біздің шеткері аймақтардағы партия ұйымдарына оңшылдарға да, «солшылдарға» да бірден қатар күрес жүргізуді буйырады. Партиямыздың екі майданда бірден қатар екі уклонға қарсы күресудегі позициясы осыдан шығады.

Онан соң мынадай жағдайды көрсете кету керек: біздің шеткері аймақтардағы коммунистік ұйымдары-

мыздың дамуы, партиямыздың орыс бөлімі жөніндегі тарихында болғаны сыякты, жеке-дара болып отырған жоқ, ол партиямыздың марксистік кадрлар дайындап шығару ісінде ғана емес, сонымен катар бұл кадрларды халыктың калың букараларымен байланыстыру ісінде де, Совет өкіметі үшін күресте революциялык маневр жасау ісінде де сыннан өткен негізгі уйткысының тікелей әсер етуі бойынша болып отыр. Бұл жөнінде шеткері аймактардағы жағдайдың өзгешелігі мынау: бұл елдердегі біздің партия уйымдарымыз, ондағы Совет өкіметінің даму жағдайларына карай, халыктың калың букараларымен байланысты нығайту максатымен өз күштері аркылы маневр жасай алады және жасауға да тиіс, бұл үшін партиямыздың бурынғы дәуірдегі бай тәжрибесін пайдаланатын болады. Соңғы уакытка дейін РКП Орталык Комитеті шеткері аймактардағы коммунистік уйымдарды аттап өтіп, кейде тіпті бұл уйымдарды елемей, азды-көпті адал болған ұлттык элементтердің кандайын болса да совет курылысының жалпы жумысына тарта отырып, әдетте, шеткері аймактарда тікелей маневр жасап келді. Кәзірде бұл жумысты шеткері аймактардағы партия уйымдарының өздері істеуге тиіс. Олар бұл жолдың — жергіліkті адамдардан дайындалған марксистік кадрларды елдегі халыктың көпшілігін сонынан ерте алатын нағыз букаралык партияға айналдырудың ең жаксы куралы екендігін есте устай отырып, муны өздері істей алады, олар муны істеуге де тиіс.

Марксистік кадрлар өсіріп-жетілту ісінде және бұл кадрлардың халыктың калың букараларын меңгеру ісінде партиямыздың шеткері аймактарда устайтын

жолын анықтауда барынша есепке алынуға тиісті екі өзгешелік осы.

Мәселелердің екінші тобына көшемін. Платформаның жобасын жолдастардың бәрі бірдей алмағандықтан, мен оны оқып отырып, түсіндіремін.

Біріншіден, «пролетарлық және жартылай пролетарлық элементтерді партия мен совет құрылысына тарту шаралары». Бұл не үшін керек? Бұл — партия және әсіресе совет аппаратын халыққа жақындату үшін керек. Бұл аппараттардың халықтың қалың бұқараларына түсінікті тілдерде жұмыс істеуі қажет, әйтпеген күнде оларды халыққа жақындату мүмкін емес. Егерде партиямыздың міндеті Совет өкіметін бұқараға туысқан өкімет ету болса, онда осы өкіметті бұқара үшін түсінікті ету арқылы ғана бұл міндетті орындауға болады. Мемлекеттік мекемелердің басында отырған адамдардың, мекемелердің өздерінің де халыққа түсінікті тілде жұмыс істеуі керек. Республикалар Одағы халықтарының арасындағы достық сезім мен ынтымақтастықты бұзатын шовинистік элементтерді мекемелерден қуу керек, Москвада да, республикаларда да мекемелерімізді мұндай элементтерден тазартып, республикаларда мемлекеттік мекемелердің басына халықтың тілі мен әдет-ғұрыптарын білетін жергілікті адамдарды қою керек.

Киргиз тілін білмейтін Пестковскийдің бұдан екі жыл бұрын Киргиз республикасында қалай Халық Комиссарлары Советінің председателі болғандығы менің есімде. Бұл жағдай Киргиз республикасы үкіметінің киргиз шаруа бұқараларымен байланысын нығайту ісінде сол кездің өзінде-ақ орасан үлкен қыйыншылықтар туғызған болатын. Нақ сондықтан да партия

кәзірде Киргиз республикасы Халық Комиссарлары Советінің председателі киргиз болуына жетіп отыр.

Сонымен бірге былтырғы жылы Башқұртстанда бір топ жолдастардың Башқұртстан Халық Комиссарлары Советінің председательдігіне орыс жолдасты белгілеуді ұсынғандығы да менің есімде. Партия бұл усынысты үзілді-кесілді кабылдамай тастап, бұл қызметке башқұртты белгілетті.

Міндет — бұл жолды, жалпы үкіметтік мекемелерді біртіндеп ұлттық мекемелерге айналдыру жолын барлық ұлттық республикалар мен облыстарда, ең алдымен Украина сыяқты маңызы зор республикада жүргізу болып табылады.

Екіншіден, «партия мүшелерінің ішінен совет кадрларын дайындау жөнінде жұмыс істеумен катар жергілікті интеллигенцияның азды-көпті адал элементтерін таңдап алып, катыстыру». Бұл қағыйда ерекше түсіндіруді керек етпейді. Кәзірде, халықтың көпшілігін өз төңрегіне топтап отырған жұмысшы табы өкімет басында отырған кезде азды-көпті адал элементтерді, тіпті бұрынғы «октябристерге» дейін де, совет құрылысына қатыстырудан қорқуға негіз жоқ. Қайта бұл элементтердің барлығын нақ жұмыс үстінде әбден пісіріп, советтендіру үшін ұлттық облыстар мен республикаларда міндетті түрде жұмысқа қатыстыру керек.

Үшіншіден: «Совет өкіметінің жұмыстары туралы үкімет мүшелерінің баяндамаларын қойып жұмысшылар мен шаруалардың бипартиялық конференцияларын өткізу». Мен білемін, республикалардағы, мәселен Киргиз республикасындағы халық комиссарларының көбі жер-жерлерге жүріп тұрғысы келмейді, шаруа-

лардың жыйналыстарына катысып, митингілерде сөз сөйлеп, калың бұкараны шаруалар үшін ерекше маңызы бар мәселелер жөнінде партия мен Совет өкіметінің істеп отырған жұмысымен таныстырғысы келмейді. Мұндай жағдайды жою керек. Жұмысшылар мен шаруалардың бипартиялық конференцияларын міндетті түрде шакырып, ол конференцияларда бұкараны Совет өкіметінің жұмысымен таныстырып отыру керек. Мұнсыз мемлекеттік аппаратты халыкпен жакындастыру туралы ойлауға да болмайды.

Сонан соң: «жергілікті халықтың мәдениет жағдайын көтеру жөніндегі шаралар». Бірнеше шаралар ұсынылады, әрине, оларды барлығын камтыйды деп санауға болмайды. Атап айтканда: а) «жергілікті тілдерде клубтар (бипартиялық) және баска ағарту мекемелерін кұру»; б) «жергілікті тілдерде барлық басқыштағы оку орындарының көлемін ұлғайту»; в) «азды-көпті адал халық мұғалімдерін тарту»; г) «жергілікті тілдерде хат таныту ісін тарататын ұйымдар кұру»; д) «баспа ісін жолға кою». Бұл шаралардың бәрі анық және түсінікті. Сондықтан олар ерекше түсіндірулерді керек етпейді.

Онан кейін: «ұлттық тұрмыс ерекшеліктері тұрғысынан карағанда ұлттық республикалар мен облыстардағы шаруашылық құрылыс». Саяси Бюроның ұсынған тиісті шаралары мынау: а) «коныс аудару ісін жолға кою, ал керекті жерінде оны токтату»; б) «жергілікті еңбекші халыкты мемлекеттік жер фондысының есебінен камтамасыз ету»; в) «жергілікті халыкка шамасы келетін ауылшаруашылық кредит беру»; г) «ирригация жұмысын күшейту»; д) «фабрикалар мен заводтарды шикізаттары көп республи-

каларға көшіру»; е) «қолөнер және техникалық мектептер құру»; ж) «ауылшаруашылық курстерін ұйымдастыру» және, ақырында, з) «кооперацияға, оның бержағында, кәсіпшілік кооперациясына (майдагерлерді катыстыру түрінде) барынша көмек көрсету».

Соңғы пункттің ерекше маңызы болғандықтан мен бұған токталып өтуге тиіспін. Егерде бұрын, патша кезінде, даму мынадай тәртіп бойынша болған болса — кулак өсіп, ауылшаруашылық капиталы дамып, орта шаруа бұкарасы тұрақсыз тепе-теңдікте болып, шаруалардың калың бұқарасы, егінші ұсақ кожайынсымактардың калың бұкарасы күйзеліс пен қайыршылықтың қыспағында аласуруға мәжбүр болған болса, ал кәзір, пролетариат диктатурасының кезінде кредит, жер, өкімет билігі жұмысшы табының қолында отырған кезде — нэптің жағдайларына карамастан, жекеше капиталдың жанданып келе жатқандығына карамастан даму ескі жол бойынша кете алмайды. Нэптің даму нәтижесінде біз шаруалардың көпшілігінің күйзелу себебінен кулактардың өсіп-жетілуінің ескі тарихын кайталауға мәжбүр болып отырмыз деуші жолдастардікі мүлде теріс. Бұл жол — біздің жолымыз емес. Жаңа жағдайларда, өкімет басында шаруашылықтың негізгі тізгіндерін өз қолына жыйнап отырған пролетариат тұрған кезде, даму баска жол бойынша болуға тиіс — деревняның ұсақ кожайынсымактарын кооперацияның барлық түрлеріне, жеке меншікті капиталға карсы күресте мемлекет колдап отыратын кооперация түрлеріне біріктіру жолы бойынша, миллиондаған селолық ұсақ кожайынсымактарды кооперативтер арқылы социалистік курылыска біртіндеп тарту жолы бойынша, ұсақ қожайынсымактар-

дың шаруашылық жағдайын (оларды қайыршылыққа ұшыратпай) біртіндеп жақсарту жолы бойынша болуға тиіс. Осы мағнада айтқанда, көбінше шаруа елдері болып отырған шеткері аймақтарда «кооперацияға барынша көмектесудің» Республикалар Одағының алдағы шаруашылық дамуы үшін ерекше зор маңызы бар.

Онан соң: «ұлттық әскер бөлімдерін ұйымдастыру жөніндегі практикалық шаралар туралы». Менің ойымша, бұл жөнінде қолданылатын шараларды дайындау ісінде біз әжептәуір кешігіп отырмыз. Біз ұлттық әскер бөлімдерін құруға міндеттіміз. Әрине, оларды бір күнде құра алмайсың, алайда жергілікті адамдардан белгілібір мерзімнің ішінде, кейін келе ұлттық әскер бөлімдерін ұйымдастыру үшін ұйтқы бола алатын командирлер құрамын дайындау үшін республикалар мен облыстарда әскери мектептер құру жұмысына қазір кірісуге болады, кірісу де керек. Бұл істі бастап, оны ілгері жылжыту барынша қажет нәрсе Егер бізде Түркстан, Украина, Белоруссия, Грузия, Армения, Азербайжан сыякты республикаларда сенімді командирлер құрамы бар сенімді ұлттық әскер бөлімдері болған болса, онда біздің республикамыз қазіргіге қарағанда қорғаныс мағнасында да, ылажсыз болатын аттаныс мағнасында да әлдеқайда жақсы қамтамасыз етілген болар еді. Біз бұл жұмысты дереу бастауға тиіспіз. Әрине, осыған байланысты біздің әскерлеріміздің сан құрамын 20 — 25 мың қосып көбейтуге тура келеді, алайда бұл жағдай жеңгізбейтін бөгет бола алмайды.

Басқа пункттер жайында (платформа жобасын қа-

рацыз) айтып жатпаймын, өйткені олар өзінен өзі түсінікті және түсіндіруді керек етпейді.

Мәселелердің үшінші тобы — Одактың Орталық Аткару Комитетінің екінші палатасын құру және Республикалар Одағының халық комиссариаттарын ұйымдастыру ісіне байланысты мәселелер. Мұнда негізгі мәселелер басқадан да гөрі көзге кеп түсетін мәселелер алынған, оның бержағында бұл мәселелердің тізімін бәрін де қамтыйтын тізім деп, әрине, санауға болмайды.

Саяси Бюро екінші палатаны ССРО Орталық Аткару Комитетінің тұлғалы бөлегі болады деп ойлайды. Орталық Аткару Комитетінің болуымен бірге Орталық Аткару Комитетінің құрамына кірмейтін, Ұлттардың Жоғарғы Советі құрылсын деген ұсыныстар болды. Бұл жобаны қабылдамай тастап, Саяси Бюро — Орталық Атқару Комитетінің өзін екі палатаға бөлген жөн болады, олардың біріншісін Республикалар Одағы Советтерінің съезінде сайланатын Одақтық Совет деп атап, екінші палатаны Ұлттар Советі деп атау керек, екінші палатаны республикалардың Орталық Аткару Комитеттері мен ұлттық облыстардың облыстық съездері сайлайды, оған республикалардан 5 адамнан және облыстардан бір адамнан кіреді, оның бержағында, сайланған өкілдерді Республикалар Одағы Советтерінің съезі бекітеді деген тоқтамға келді.

Екінші палатаның бірінші палатаға қарағанда болатын праволарына келетін болсақ, біз екі палатаның тең праволы болу принципіне келіп тоқтадық. Екі палатаның да президиумдері бар, алайда бұл президиумдер заң шығару қызметін атқармайды. Екі пала-

та бірге жыйналып, Орталык Аткару Комитетінің сессияларының арасында жоғарғы өкімет билігіне ие болатын ортақ Президиум сайлайды. Егерде екі палатаның екеуінен бірдей өтпеген болса, палаталардың біріне ұсынылған заң жобаларының бірде-бірі заң күшіне ене алмайды, яғни екі палата толық тең праволы болады.

Сонан соң, Орталык Аткару Комитетінің Президиумы туралы. Мен бұл жөнінде шет-жағалап айтып өттім. Саяси Бюро заң шығаратын екі бірден президиум коюға болмайды деп ойлайды. Егерде президиум жоғарғы өкімет болатын болса, оны екі немесе онан да көп бөлімдерге бөлуге болмайды, жоғарғы өкіметтің біреу болуы кажет. Осы түрде алғанда бірінші және екінші палатаның президиумдерінен ССРО Орталык Аткару Комитетінің ортак Президиумын кұру колайлы болады, бұған екі палатаның жалпы жыйналысында, яғни Орталык Аткару Комитетінің пленум мәжілісінде сайланатын бірнеше адам коса кіреді.

Онан соң, біртұтас комиссариаттардың саны туралы мәселе. Өздеріңізге мәлім, былтырғы жылы Республикалар Одағы Советтерінің съезінде бекітілген ескі Конституция бойынша соғыс істері, сырткы істер, сырткы сауда, почта-телеграф және теміржол істері Республикалар Одағы Халык Комиссарлары Советінің колына жыйналады, баска бес комиссариаттар директивалык болып табылады, яғни Халык Шаруашылығының Жоғарғы Советі, Азык-түлік Халык Комиссариаты, Финанс Халык Комиссариаты, Еңбек Халык Комиссариаты және Жумысшы Шаруа Инспекциясы екі жерге бағынады, ал баска алты комиссариат

тәуелсіз болады. Бұл жобаны украиндардың бір бөлегі, Раковский, Скрыпник, тағы баскалар сынаған болатын-ды. Бірақта Саяси Бюро украиндардың Сыртқы Істер Халық Комиссариаты мен Сыртқы Сауда Халық Комиссариатын біртұтас комиссариаттардың дәрежесінен директивалық комиссариаттардың дәрежесіне түсіру жөніндегі ұсынысын қабылдамай тастап, көбіне былтырғы жылғы қарарлардың негізінде Конституцияның басты-басты ережелерін қабылдады.

Платформа жобасын дайындауда Саяси Бюроның сүйенген пікірлері жалпы алғанда осылар еді.

Республикалар Одағының Конституциясы туралы және екінші палата туралы мәселе жөнінде кеңестің қысқаша пікір алысумен тынуына тура келеді ғой деп ойлаймын, өйткені бұл мәселені Орталық Комитет пленумының комиссиясы[77] талқылап жатыр. Менің ойымша, XII съездің қарарларын жүзеге асыру жөніндегі практикалық шаралар туралы мәселе жайында неғұрлым толығырақ сөйлесуге тура келеді. Жергілікті адамдардан шыққан марксистік кадрларды нығайту жөніндегі мәселеге келетін болсақ, — бұл іске жарыс сөздердің көпшілігін арнауға тура келеді.

Жарыс сөздерді ашпай тұрып, республикалар мен облыстардан келген жолдастардың жергілікті жерлерден әкелген материалдарына негізделген баяндамаларын тыңдаған жөн ғой деп ойлаймын.

4. ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

12 июль

Мен ең алдымен жолдастардың баяндамалары туралы және тапсырылған баяндамалардың тұрғысынан қарағанда кеңестің жалпы сыйпаты туралы бірнеше сөз айтқым келеді. Бұл кеңес Совет өкіметі өмір сүре бастағаннан бергі жерде болған төртінші кеңес, солай бола тұрса да бұл кеңес бұрынғы кеңестердің барлығының ішіндегі бірден-бір толық кеңес болып отыр, бұл кеңесте республикалар мен облыстардан аздың-көпті толық және дәлелді баяндамалар қойылып отыр. Баяндамалардан облыстар мен республикаларда коммунист кадрларының өскендігі, олардың өздігінен жұмыс істеуге үйреніп жатқандығы көрініп тұр. Менің ойымша, осында жолдастардың баяндаған мол материалы, облыстар мен республикалардағы жұмыстың осында жолдастар ашып көрсеткен тәжрибесі бұл кеңестің протоколдары ретінде бүкіл партиямыздың пайдасына асуға тиіс. Адамдар өсіп, алға басып барады, олар басқару ісін үйренуде — баяндамалардан шығатын бірінші қортынды және оның алғашқы әсері осындай.

Баяндамалардың мазмұнына келетін болсақ, онда тапсырылған материалдарды екі топқа бөлуге болар еді: социалистік республикалардың және социалистік емес, халық республикаларының (Бұқар, Хорезм) баяндамалары етіп бөлуге болар еді.

Баяндамалардың бірінші тобын қарастыруға көшейік. Партиялық және, әсіресе, мемлекеттік аппаратты халықтың тілі мен тұрмысына жақындату мағнасында айтқанда ең дамыған және алдыңғы қатардағы республика деп Грузияны есептеу керек екендігі баяндамадан көрініп тұр. Грузиядан соң Армения келеді. Бұлардан соң басқа республикалар мен облыстар келеді. Менің ойымша талассыз қортынды осындай. Бұл жағдай Грузия мен Арменияның мәдениетінің жоғарғы дәрежеде тұрғандығынан болып отыр. Грузияда хат таныйтындардың проценті барынша жоғары, хат таныйтындар 80%-ке жетеді, Арменияда хат таныйтындар кем дегенде 40% болады. Бұл екі елдің басқа республикалардың алдында болып шығуының сыры осында жатыр. Бұдан: елдің, республиканың, облыстың сауаттылығы мен мәдениеті неғұрлым жоғары болса, партия және совет аппараты халыққа, оның тіліне, оның тұрмысына соғұрлым жақын болады деген қортынды шығады. Әрине, мұның бәрі басқа барабар жағдайларда осылай болып отыр. Бұл анық, жәнеде бұл қортындыда ешқандай жаңалық жоқ, нақ ешқандай жаңалық болмағандықтан да бұл қортынды жиі ұмытылып жүр, сондықтан мәдениет жағынан артта қалушылықты, демек, мемлекеттік жағынан да артта қалушылықты көбіне партия саясатындағы «қателерге», дау-жанжалдарға, т. т. жаба салуға тырысады, ал расында мұның бәрінің негізі сауаттылық-

тың жетімсіздігіне, мәдениеттің жоктығына келіп тіреледі. Өз еліңді мемлекет жағынан алғанда алдыңғы катарға коскың келсе, — халықтың сауаттылығын көтер, өз еліңнің мәдениетін көтер, — калғаны реттеле береді.

Егерде істі осы жағынан алып карап, жеке республикалардағы жағдайды баяндамалардың мәліметтерінің тұрғысынан карап бағалайтын болсақ, онда Түркстандағы жағдайдың, ондағы кәзіргі халдің баскадан да гөрі нашар, өте ауыр екендігін мойындау керек. Мұнда мәдениет жағынан артта калған, хат таныйтындардың проценті өте аз, мемлекеттік аппарат Түркстан халыктарының тілі мен тұрмысынан кол үзіп отыр, дамудың екпіні өте баяу — жағдай осылай болып отыр. Оның бержағында, Шығысты революцияландыру тұрғысынан карағанда Түркстан барлық совет республикаларының ішіндегі ең маңызды республика болып табылады, бұлай болатын себебі Түркстанның баскадан гөрі Шығыспен көп байланысы бар ұлттардың кұрамы екендігінен ғана емес, сонымен катар Түркстанның өзінің географиялық жағдайы бойынша да, баскадан да гөрі көп каналып, империализмге карсы күресу үшін бойына ызаны көп жыйнаған Шығыстың нак өкпе тұсында екендігінен де болып отыр. Сондыктан да кәзіргі Түркстан Совет өкіметінің ең әлсіз жері болып табылады. Біздің міндетіміз — Түркстанды үлгілі республикаға, Шығысты революцияландыру ісінің алдыңғы орнына айналдыру болып табылады. Сондыктан да бұкараның мәдениетін көтеру, мемлекеттік аппаратка ұлттык сыйпат беру, тағы баскалар мағнасында айтканда көңілдің көбін Түркстанға аудару кажет. Біз бұл міндетті

қайткен күнде де, күш-қуатты аямай, шығатын шығыннан іркілмей орындауға тиіспіз.

Совет өкіметінің екінші бір әлсіз жері Украина деп есептеу керек. Мәдениет, сауаттылық, т. т. мағнасында айтқанда істің жағдайы мұнда да дәл Түркстандағы сыяқты немесе соған тақау дерлік. Мемлекеттік аппараттың дәл Түркстандағы сыяқты халықтың тіліне, тұрмысына жақындығы шамалы. Оның бержағында, Шығыс халықтары үшін Түркстанның қандай маңызы болса, Батыс халықтары үшін Украинаның да сондай маңызы бар. Оның үстіне Украинадағы жағдай елдің өнеркәсіптік дамуының кейбір ерекшеліктері арқылы да қыйындап отыр. Мәселе мынада: Украинада өнеркәсіптің негізгі салалары, көмір және металлургия өнеркәсібі, халық шаруашылығының табиғи түрде дамуы ретінде төменнен шықпай, сырттан әкелініп, қолдан қойылу ретінде шықты. Сондықтан бұл өнеркәсіп салаларының пролетариат құрамы жергілікті болмай, тіл жағынан украиндық болмай шығып отыр. Ал бұл жағдай мынаған әкеп соғады: пролетариат пен шаруалардың ұлттық тегінде мұндай айырмашылықтар болғандықтан қаланың деревняға мәдениет жағынан әсер етуі және пролетариаттың шаруалармен байланыс жасауы едәуір қыйындайды. Украинаны үлгілі республикаға айналдыру жөнінде жұмыс істегенде бұл жағдайлардың бәрі ескерілуге тиіс. Украинаның Батыс халықтары үшін орасан зор маңызы болғандықтан, оны міндетті түрде үлгілі республикаға айналдыру керек.

Хорезм мен Бұқар туралы баяндамаларға көшейін. Хорезмнің өкілі жоқ болғандықтан Хорезм туралы сөйлемеймін: Орталық Комитеттің қарамағындағы бар

материалдарға ғана сүйеніп Хорезм коммунистік партиясы мен Хорезм үкіметінің жұмысын сынау ыңғайсыз. Мұнда Бройдоның Хорезм туралы айтқандары өтіп кеткен уақытқа жатады. Хорезмнің қазіргі жағдайына мұның қатысы аз. Ол партия жөнінде — партияның 50% купецтер, тағы басқалар дейді. Бұрын осылай болуы да мүмкін, ал қазіргі уақытта онда тазалау жүріп жатыр. Хорезмге әлі бірде-бір «бірыңғай партия билеті» берілген жоқ, атап айтқанда, онда партия жоқ, партия туралы тазалаудан кейін сөз қылуға болады. Онда тізім бойынша бірнеше мың партия мүшелері бар деседі. Менің ойымша партияны тазалағаннан кейін онда көп дегенде жүз партия мүшесі қалады. Былтырғы жылы, Бұқарда 16 мың партия мүшесі болған кезде, Бұқарда да іс нақ осындай болды, ал тазалаудан кейін онда көп дегенде бір мың партия мүшесі қалған болатын.

Бұқар туралы баяндамаға көшейін. Бұқар туралы сөз қылуда, мен қойылған баяндамалардың жалпы аңызы мен сыйпаты туралы алдын ала бір-екі сөз айтуға тиіспін. Республикалар мен облыстар туралы баяндамалар жалпы дұрыс болды, олар жалпы алғанда шындықтан шығып кеткен жоқ деп есептеймін. Тек бір баяндама ғана шындықтан мүлде алыстап кетті — бұл Бұқар жөніндегі баяндама. Керек десе бұл баяндама да емес, кілең дипломатия, өйткені онда Бұқардағы тиімсіз нәрселердің барлығы бүркемеленіп, бояmaланған, ал сырты жылтыраған, көзге түсетін нәрселердің барлығы бірінші қатарға шығарылып көрсетілген. Бұқарда бәрі жақсы деген қортынды туады. Менің ойымша біз бұл кеңесте бір-бірімізбен дипломатияға түсіп, бір-бірімізге көз қысып, сыртымыздан бі-

рімізді біріміз алдау үшін келгеніміз жоқ, қайта бар шындықты айту үшін, ауру жерлердің бәрін коммунисше ашу үшін, оларды ашып алып жақсарту шараларын белгілеу үшін келдік. Тек осылай болғанда ғана біз алға жылжый аламыз. Осы тұрғыдан қарағанда Бұқар туралы баяндама шындығының жоқтығынан басқа баяндамалардың барлығынан да өзгеше болып шығып отыр. Мен мұнда баяндамашыға Бұқардағы Назирлер Советінің құрамы туралы сұрауды бекерден-бекер қойғаным жоқ. Назирлер Советі дегеніміз — Халық Комиссарлары Советі. Бұл советте дихандар, яғни шаруалар бар ма? Баяндамашы бұған жауап берген жоқ. Бірақ менде бұл туралы мәліметтер бар, соларға қарағанда Бұқар үкіметінің құрамында бірде-бір шаруа жоқ көрінеді. Үкіметтің 9 немесе 11 мүшесінің ішінде бай купецтің баласы, саудагер, интеллигент, молда, саудагер, интеллигент, тағы бір саудагер бар, бірақ бірде-бір дихан жоқ. Ал оның бержағында Бұқардың жілен шаруалар елі екендігі жұртқа мәлім.

Бұл мәселенің Бұқар үкіметінің саясаты туралы мәселеге тікелей қатнасы бар. Бұл үкіметтің, басында коммунистер отырған үкіметтің саясаты қандай, ол шаруалардың, өз шаруаларының мүдделерімен санаса ма? Менің басында коммунистер отырған Бұқар үкіметінің саясатын суреттейтін екі фактыны ғана көрсеткім келеді. Ең жауапты жолдастар мен партияның ескі мүшелері қол қойған документтен, мәселен, көрініп отырған нәрсе: Бұқардың мемлекеттік банкі өзі өмір сүргеннен бері жеке купецтерге 75%, ал шаруалар кооперативтеріне — 2% кредит беріпті. Абсолюттік цифрлармен алғанда бұл мынадай болып шығады: купецтерге 7 миллион сом алтын ақша, шаруаларға

220 мың сом алтын акша беріпті. Сонсын: Бұкарда жерді конфискациялау ісі жүргізілген жок. Бірақ онда эмирдің малын... шаруалардың пайдасына конфискациялау ісі жүргізіліпті. Сонда ше? Жаңағы документке қарағанда — шаруалар үшін екі мыңға жуық мал конфискацияланып, олардың ішінен бар болғаны 200 мал шаруалардың қолына көшіпті, қалғандарын сатыпты, сатқанда, әрине, ауқатты азаматтарға сатыпты.

Ал бұл үкімет совет, халық үкіметі деп аталады! Бұкар үкіметінің суреттеліп отырған қызметінде халықтық та, советтік те ешнәрсе жоқ екендігін дәлелдеп жату қажет бола қояр ма екен.

Баяндамашы РСФСР мен Республикалар Одағына Бұкар халқының көзқарастары жөніндегі мәселені барынша қуанышты етіп сыйпаттады. Оның баяндамасының бұл жері де теп-тегіс жақсы сияқты. Бұқар республикасының Одаққа енгісі келетін көрінеді. Республикалар Одағына енгісі келсе-ақ болғаны, қақпалар шалқасынан ашылады деп ойлайтын тәрізді баяндамашы. Жоқ, жолдастар, бұл іс соншалықты оңай нәрсе емес. Республикалар Одағына жібере ме? — деп те сұрау керек. Одаққа ену мүмкіндігін алу үшін, әуелі одақ халықтарының алдында еңбек етіп одаққа ену правосын ала алатын болу керек, мұндай правоны ала білу керек. Мен бұқарлық жолдастарға — Республикалар Одағын көң төгетін жер деп қарауға болмайтындығын ескертуге тиіспін.

Ақырында, баяндамалар туралы қортынды сөзімнің бірінші бөлімін аяқтай келіп, мен бұл баяндамалардың айрықша бір жерін айта кеткім келеді. Кеңестің күн тәртібіне қойылған мәселеге, атап айтқанда:

жергілікті қызметкерлерден пайдаланылмаған бос резервтер бар ма, деген сұрауға ешкім, бірде-бір баяндамашы жауап берген жоқ. Бұл сұрауға ешкім жауап берген жоқ, жәнеде бұл сұрауға Гринькодан басқа ешкім тоқталған жоқ, біракта Гринько баяндамашы емес. Ал оның бержағында бұл мәселенің өте зор маңызы бар. Республикаларда немесе облыстарда жергілікті адамдардан пайдаланылмаған, бос қызметкерлер бар ма, егер бар болса — не себепті пайдаланылмаған, ал егер мұндай резервтер жоқ болса, қызметкерлердің жетімсіздігі қайткенмен де сезіліп отырғанда, партия және совет жұмысындағы бос орындар қай ұлттардың элементтерімен толтырылып жатыр, — бұл мәселелердің бәрі партия үшін өте маңызды мәселелер. Республикалар мен облыстарда жергілікті адамдардан шыққан қызметкерлерге кейде жол бермей, олардың белгілі қызмет орындарына көтерілуін бөгеп оларды елеусіз қалдыратын басшы қызметкерлердің, ең алдымен орыс қызметкерлерінің, бір бөлегі бар екендігін мен білемін. Мұндай жағдайлар болып отырады, ал республикалар мен облыстарда наразылықтың болу себептерінің бірі осы. Алайда наразылықтың ең үлкен және негізгі себебі мынада: жергілікті адамдардан шыққан, жұмысқа жарамды бос резерв адам айтқысыз аз немесе, дұрысырағын айтқанда, мүлде жоқ болып шығып отырады. Мәселенің бәрі осында болып отыр. Анығында, егер жергілікті қызметкерлер жетпейтін болса, жұмысқа жергілікті емес адамдарды басқа ұлттардың адамдарын қою қажет, өйткені уақыт күтіп тұрмайды, құрылыс жұмысы мен басқару жұмысын жүргізу керек, ал жергілікті адамдардың кадрлары баяу өседі. Менің ойымша, облыстар мен

республикалардың қызметкерлері осы жағдай туралы үндемеу арқылы бұл жерде біраз айлакерлік жасады. Оның бержағында шатақтың $^{9}/_{10}$ жергілікті адамдардан шыққан қызметкерлердің жетімсіздігінен болып отырғандығы анық. Бұдан шығатын қортынды біреу: жергілікті адамдардан партия және совет қызметкерлерінің кадрларын тездетіп дайындап шығару ісін айбынды міндет ретінде партияның алдына қою керек.

Баяндамалардан сөйленген сөздерге көшейін. Мен Саяси Бюроның ұсынған платформа жобасының принциптік бөлімін ешкім, бірде-бір шешен сынамағандығын көрсете кетуге тиіспін. (Д а у ы с: «Сынның тісі батпайды».) Мен мұны платформаның принциптік бөлімінде айтылған қағыйдаларға конференцияның ризалық білдіріп, тілектес болуы деп есептеймін. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс».)

Троцкийдің айтқан қосымшасы яки ендірмесі (бұл ендірме платформаның принциптік бөліміне жатады) қабылдануға тиіс, өйткені ол қарардың принциптік бөлімінің сыйпатын ешбір өзгертпейді, ол-ол ма, мұның өзі табиғи түрде қарардан шығатын нәрсе. Оның үстіне Троцкийдің қосымшасы шынында X съездің ұлт мәселесі жөніндегі белгілі пункттің қайталау болып табылады, ол пунктте Питер мен Москва үлгілерін облыстар мен республикаларға құр әншейін қондыра салуға болмайтындығы туралы айтылған. Әрине, бұл қосымшада қайталаушылық бар, бірақ кейде қайсыбір нәрселерді қайталап айтуды мен зыянсыз деп есептеймін. Солай болғандықтан қарардың принциптік бөлімі туралы менің көп тоқталғым келмейді. Скрыпниктің сөзі мынадай қортынды жасауға біраз себеп болып отыр: ол негізгі міндетке — басты қауіп болып

отырған великорустық шовинизммен күресу міндетіне қарағанда екіншібір қауіпті — жергілікті ұлтшылдық қаупін көмескілеуге тырысып, бұл принциптік бөлiміне өзінше түсінік беріп отыр. Бірақ мұндай түсінік беру мүлде қате.

Саяси Бюро платформасының екінші бөлімі Республикалар Одағының сыйпаты туралы мәселелерді және екінші палата дейтін палатаны құру жөнінде Республикалар Одағы Конституциясына кіретін кейбір түзетулер туралы мәселелерді қозғайды. Бұл арада Саяси Бюроның украин жолдастармен біраз келісе алмай отырғандығын мен айта кетуге тиіспін. Саяси Бюро платформасының жобасында айтылғандардың бәрін Саяси Бюро бірауыздан қабылдаған болатын. Бірақ оның кейбір пункттеріне Раковский қарсы болып отыр. Оның бержағында бұл Орталық Комитеттің пленум комиссиясында байқалды. Бәлкім бұл туралы айтпай-ақ қою керек шығар, неге десеңіз бұл мәселе мұнда шешілмейді ғой. Мен платформаның бұл бөлімі туралы баяндап өттім, бұл мәселе Орталық Комитеттің пленум комиссиясы мен Одақтық Орталық Атқару Комитетінің Президиум комиссиясында[78] дайындалып жатыр дегенді айттым. Бірақ бұл мәселені қозғағаннан кейін мен оны қалдырып кете алмаймын.

Конфедерация мен федерация туралы мәселе түкке тұрмайтын оңай мәселе деу дұрыс емес. Украин жолдастардың Республикалар Одағы съезінде қабылданған Конституцияның белгілі жобасын қарап шығып, жобада жазылған: республикалар «бір одақтық мемлекетке бірігеді» деген сөзді өшіріп тастауы кездейсоқ нәрсе ме? Бұл кездейсоқ нәрсе ме және олардың осыны істегені бекер ме? Олар бұл сөздерді неге

өшіріп тастады? Украин жолдастардың өздерінің карсы жобасында Сыртқы Сауда Халық Комиссариаты мен Сыртқы Істер Халық Комиссариатын орталықпен қосып жібермей, директивалық Комиссариаттардың дәрежесіне көшіру керек деп ұсынуы кездейсоқ нәрсе ме? Әрбір республикада өзінің Сыртқы Істер Халық Комиссариаты мен Сыртқы Сауда Халық Комиссариаты калатын болса, мұнда біртұтас одақтық мемлекет кайдан болмақ? Украиндардың өзінің карсы жобасында Орталық Атқару Комитеті Президиумының өкімет билігін екі палатаның екі президиумына бөліп беріп, жокка тән еткендері кездейсоқ нәрсе ме? Раковскийдің бұл түзетулерінің бәрін қағазға жазып, Орталық Комитеттің пленум комиссиясы карап, қабылдамай тастады. Ал енді оларды мұнда тағыда кайталаудың не керегі бар? Менімше кейбір украин жолдастардың бұл қадалуында Одақтың сыйпатын анықтау жөнінде конфедерация мен федерацияның екі аралығындағы бір нәрсенің болуын тілеп, салмакты конфедерация жағына карай аудару ниеті бар ғой деймін. Ал оның бержағында, біздің құрайық деп отырғанымыз конфедерация емес, республикалар федерациясы, соғыс істерін, сыртқы істерді, сыртқы сауда және сондай істерді біріктіретін одақтық бір мемлекет, мұндай мемлекеттің болуы жеке республикалардың суверендігін төмендетпейді.

Егер бізде Одақтың құрамында Сыртқы Істер Халық Комиссариаты, Сыртқы Сауда Халық Комиссариаты және басқалар болып, сонымен қатар осы халық комиссариаттарының бәрі Одақтың құрамына кіретін республикаларда да болатын болса, онда Одақтың тұтас бір мемлекет ретінде сыртқы дүниеге шы-

ғуы, шынында, жойылады, өйткені мына екеу'нің бірі ғана болмак: не біз бұл аппараттарды бірге косамыз, сөйтіп сырткы жаудың алдында тұтас бір Одак болып шығамыз, не біз бұл аппараттарды бірге коспаймыз, одактык мемлекет кұрмай, республикалардың конгломератын кұрамыз, ал онда әрбір республиканың өз алдына коса-кабат аппараты болуға тиіс. Менің ойымша, шындык бұл арада Раковский мен Скрыпниктің жағында емес, Мануильский жолдастың жағында болып отыр.

Мемлекеттік мәселелерден бірыңғай нактылы, практикалык сыйпаты бар мәселелерге көшейін, бұл мәселелер бір жағынан Саяси Бюроның практикалык ұсынысымен, екінші жағынан практик жолдастардың бұл жерде кіргізуі мүмкін түзетулерімен байланысты. Мен Саяси Бюроның атынан болған баяндамашы ретінде Саяси Бюроның нактылы практикалык ұсыныстары барлығын да камтыйды деп айтканым жок және айтуым да мүмкін емес. Кайта, мен бастан-ак мұнда калып койған нәрселер болуы мүмкін және косымшалардың болуы сөзсіз деп ескерткен болатынмын. Мұндай косымшалардың бірін кәсіпшілік одактар жөнінде Скрыпник ұсынып отыр. Бұл косымшаны кабылдауға болады. Мен Микоян жолдастың да кейбір косымшаларын кабылдаймын. Кейбір артта калған республикалар мен облыстарда баспа жұмысына және жалпы баспасөз жұмысына каржы бөлу жайында, шынында, түзету енгізу кажет. Бұл мәселе калып койыпты. Сол сыякты, кейбір облыстардағы және тіпті кейбір республикалардағы мектептер туралы мәселе де калып койыпты. Бірінші баскыш мектептері мемлекеттік бюджетке енгізілмеген. Бұл нағыз ескерілмеген нәрсе,

ал мұндай ескерілмеген нәрселер бір топ болуы мүмкін. Сондыктан мен практик жолдастарға осыны ойланып, тиісті нактылы косымшаларды, түзетулерді және баскаларды Орталык Комитетке беруді ұсынамын, бұларды Орталык Комитет бірге жыйнап, тиісті пункттерге енгізіп, ұйымдарға жібереді, ал практик жолдастар өз ұйымдарынын хал-жайы туралы көп айтып, белгілібір нактылы нәрсе беруге аз тырысты.

Мен Гринькоnын ұсыныстарынын ішіндегі бір ұсыныска токтамай кете алмаймын, ол ұсыныста былай делінген: мәдениеті кем және бәлкім пролетариаты кем ұлттардан шыккан жергілікті адамдардын партияға кіруін және олардын партиянын басшы органдарына койылуын жеңілдететін кейбір жеңілдік жағдайлар туғызу кажет. Бұл дұрыс ұсыныс және оны, меніңше, кабылдау керек.

Мен өзімнің кортынды сөзімді мынадай ұсыныспен аяктаймын: Саяси Бюронын ұлт мәселесі жөніндегі платформа жобасы негізінен кабылдансын, сонымен бірге Троцкийдің түзетуі де еске алынсын. Кәзіргі болып отырған және тағыда болатын практикалык сыйпаты бар түзетулерді топ-топка бөліп, платформанын тиісті пункттеріне енгізу ісі Орталык Комитетке тапсырылсын. Платформаның жобасын, протоколдарды, карарды, баяндамашылар калдырған маңызды-маңызды документтерді бір аптанын ішінде бастырып, ұйымдарға жіберу ісі Орталык Комитетке тапсырылсын. Платформа жобасы арнаулы комиссия кұрмай-ак кабылдансын.

Мен Орталык Комитеттің жанынан ұлт мәселесі жөнінде комиссия кұру туралы мәселені козғағаным жок. Жолдастар, мұндай ұйымды кұрудын тиімді

екендігіне мен біраз шубәлімін, себебі: біріншіден, республикалар мен облыстар бұл іс үшін бізге ірі қызметкерлер бермейтіндігінде күмән жоқ. Бұған менің көзім жетеді. Екіншіден, менің ойымша, обкомдар мен ұлттық Орталық Комитеттер қызметкерлерді бөлудегі өз праволарының бір бөлегін Орталық Комитеттің жанындағы комиссияға беруге көнбейді. Біз қазірде, күштерді бөлуде, әдетте обкомдар мен ұлттық Орталық Комитеттердің пікірін сұрап отырамыз. Комиссия болған күнде күштің салмағы табиғи түрде комиссияға ауысады. Ұлт мәселесі жөніндегі комиссия мен кооперация туралы немесе шаруалар арасындағы жұмыс туралы мәселелер жөніндегі комиссиялардың арасында ұқсастық жоқ. Деревнядағы жұмыс жөніндегі және кооперация жөніндегі комиссия әдетте жалпы нұсқаулар дайындап отырады. Ал ұлт мәселесі жөнінде керекті нәрсе жалпы нұсқаулар емес, жеке республикалар мен облыстар бойынша нақтылы қадамдарды белгілеу болады, мұны істеуге жалпы комиссияның күші жетпейді. Мысалы, Украин республикасы үшін белгілі бір қарарды кезкелген комиссия дайындап, қабылдай ала қояр ма екен: Украинадан келген екі, үш адам УК(б)П Орталық Комитетінің орнына жүре алмайды. Сондықтанда мен комиссия күрделі ешнәрсе бермейді ғой деп ойлаймын. Мен бұл арада ұсынылып отырған қадамды, Орталық Комитеттің негізгі бөлімдеріне ұлт-ұлттардан адамдар енгізу жөніндегі бұл қадамды әзірше толық жеткілікті деп ойлаймын. Егер жарты жылдан кейін ерекше жетістіктер болмайтын болса, сонда арнаулы комиссия құру туралы мәселе қоюға болады.

5. СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕРГЕ ЖАУАП

12 июнь

Маған карсы шабуыл жасағандыктан (к ү л к і), менің «бөлінбейтін біртұтастық» жөнінде жауап беруіме рұхсат етініздер. «Бөлінбейтін біртұтастыкты» ұлт мәселесі жөніндегі карардың 7-пунктінде баска ешкім де емес, нак Сталин әшкерелеген болатын. Сірә, «бөлінбейтін» туралы сөз болмай, федерация туралы сөз болып отырған шығар, ал украиндар бізге конфедерацияны танып отыр ғой. Бұл біріншi мәселе.

Екінші мәселе Раковский туралы. Мен кайталап айтамын, мен мұны бір рет айттым да, ССРО Советтерінің I съезінде кабылданған Конституцияда былай делінген: пәлендей республикалар **«тұтасбір одақтык мемлекетке бірігеді»**, — «Советтік Социалистік Республикалар Одағына» бірігеді. Украиндар Орталык Комитетке өздерінің карсы жобасын жіберді. Онда былай делінген: пәлендей республикалар **«социалистік республикалар одағын құрады»**. «Тұтасбір одактык мемлекетке бірігеді» деген сөздерді шығарып тастаған. Бұл арада төрт сөз шығып калған. Неліктен? Бұл кездейсоқ нәрсе ме? Бұл арада федерация кайда кал-

ды? Менің Раковскийдің ұсынысында конфедерализмнің ұрықтары бар деп ойлауымның екінші бір себебі мынау: I съезде қабылданған Конституцияның белгілі пунктіндегі — «Сессиялардың арасындағы уақытта жоғарғы өкімет билігіне ие болатын» Президиум туралы сөздерді шығарып тастап, өкімет билігін екі палатаның президиумдеріне бөліп берген, яғни одақтық өкіметті жоққа тән еткен. Ол не себепті бұлай етіп отыр? Себебі ол одақтық мемлекет идеясына қарсы, нағыз одақтық өкіметтің болуына қарсы. Бұл екінші.

Үшінші — Украиндардың жобасында Сыртқы Істер Халық Комиссариаты мен Сыртқы Сауда Халық Комиссариаты орталықпен қосылмайды, біртұтастық дәрежеден директивалық дәрежеге түсіріледі.

Осындайлық үш дәлел болғандықтан мен Раковскийдің ұсыныстарында конфедерацияның ұрықтары бар деп есептеймін. Конституцияның украин делегациясы да қабылдаған текстімен мұндай ажырасу сізге қайдан пайда болды? (Р а к о в с к и й: «XII съезд болған-ды».)

Ғапу етіңіз. XII съезд сіздің түзетулеріңізді қабылдамай, «республикалардың тұтасбір одақтық мемлекетке бірігуін» қабылдады.

Менімше, украин жолдастардың кейбіреулері Республикалар Одағының I съезінен бастап партияның XII съезіне дейінгі және осы кеңеске дейінгі дәуірде федерализмнен конфедерализмге қарай біраз эволюция жасаған сияқты. Ал мен федерацияны жақтаймын, яғни конфедерацияға қарсымын, демек, Раковский мен Скрыпниктің ұсыныстарына қарсымын.

ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОРТА ЖІКТЕР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Орта жіктер туралы мәселе жұмысшы революциясының негізгі мәселелерінің бірі болып табылатындығы күмәнсіз. Орта жіктер, яғни шаруалар, каланың ұсақ еңбекші халкы. Оннан тоғызы орта жіктерден құралған езілген ұлттарды да осыған жатқызу керек. Көріп отырсыздар, бұл өзінің экономикалык жағдайы бойынша пролетариат пен капиталистер табының аралығында тұрған жіктер. Бұл жіктердің бәсеке салмағы екі жағдай аркылы белгіленеді: біріншіден, бұл жіктер өмір сүріп отырған мемлекеттердің халкының көпшілігі немесе, ең болмады дегеннің өзінде, недәуір азшылығы болып табылады; екіншіден, бұл жіктер зор резерв болып табылады, капиталистер табы өзінің пролетариатка карсы жұмсайтын армиясын осылардан жыйнайды. Пролетариат, әсіресе біздің Республикалар Одағы сыякты елде, орта жіктердің және ең алдымен шаруалардың тілектес болып, колдауынсыз өкіметті өз колында ұстап кала алмайды. Егер бұл жіктер ең болмағанда битарап етілмеген болса, егер бұл жіктер, капиталистер табынан әлі ажырап шығып үлгірмесе,

егер олар тұтас алғанда капиталдың армиясы күйінде қала беретін болса, пролетариат өкіметті алу туралы керек десе шынымен арман да ете алмайды. Осыдан — орта жіктер үшін күресу, шаруалар үшін күресу келіп шығады, бұл күрес біздің 1905 жылдан 1917 жылға дейінгі бүкіл революциямызда үздіксіз жүріп отырды, бұл күрес бітуден әлі алыс жатыр және келешекте де жүргізілетін болады.

Франциядағы 1848 жылғы революцияның жеңілген себебінің өзі, айтатын болсақ, оны француз шаруалары тілектес болып қолдамағандықтан болды. Париж Коммунасының құлаған себебі де, айтатын болсақ, орта жіктердің және ең алдымен шаруалардың қарсылығына ұшырағандықтан болды. Россияның 1905 жылғы революциясы жөнінде де дәл осыны айту керек.

Каутский бастаған кейбір тұрпайы марксистер Европа революцияларының тәжрибесіне сүйеніп мынадай қортындыға келді: орта жіктер және ең алдымен шаруалар туғаннан бері қарай дерлік жұмысшы революциясының жауы болып табылады, сондықтан дамудың неғұрлым ұзақ дәуіріне қарай ұмтылу керек, бұл дамудың нәтижесінде пролетариат ұлттың көпшілігі болып алады, сөйтіп жұмысшы революциясының жеңуіне нақтылы жағдайлар туады. Осы қортындыға сүйене отырып олар, осы тұрпайы марксистер, пролетариатты «уақыты жетпеген» революциядан сақтандырды. Олар осы қортындыға сүйене отырып, «принциптік пікірлер» бойынша орта жіктерді капиталдың толық билеуіне беріп жіберіп отырды. Олар осы қортындыға сүйене отырып, пролетариат Россияда азшылық болып отыр, Россия — шаруалар елі, сондықтан

женімпаз жұмысшы революциясының Россияда болуы мүмкін емес дегенді дәлел қылып, россиялық Октябрь революциясы құрыйды деп бізге сәуегейлік жасады.

Айта кету керек, Маркстің өзі де орта жіктерді және ең алдымен шаруаларды мүлдем басқаша бағалаған болатын. Тұрпайы марксистер шаруаларға нәмқұрайды қарап, оларды капиталдың бүтіндей саяси билігіне беріп жіберіп, өздерінің «принциптік табандылығына» даурыға мақтанған кезде, — барлық марксистердің ішіндегі ең принципшіл марксист болған Маркс коммунистер партиясына шаруаларды көзден таса қылмауға, оларды пролетариат жағына қаратып алуға және болашақ пролетариат революциясында шаруаларды өзін қолдайтын етуге барынша кеңес берген болатын. 50-нші жылдары, Франция мен Германияда февраль революциясы жеңілгеннен кейін, Маркстің Энгельске, ал Энгельс арқылы Германияның коммунистік партиясына былай деп жазғаны белгілі:

«Германиядағы істің бүкіл барысы пролетариат революциясына, былайша айтқанда, шаруалардың соғысын қайтадан туғызу арқылы көмек беру мүмкіншілігіне байланысты болады»[79].

Бұл 50-жылдардағы, шаруа елі болған Германия туралы айтылып отыр, ол кезде мұнда пролетариат өте аз болған болатын, 1917 жылы Россиядағы пролетариатқа қарағанда мұның пролетариаты нашар ұйымдасқан болатын, 1917 жылы Россиядағы шаруаларға қарағанда мұның шаруалары пролетариат революциясын қолдауға онша ынталы болмаған болатын.

Октябрь революциясы «шаруалар соғысын» «пролетариат революциясымен» ойдағыдай ұштастыру болып табылғандығы даусыз, ал Маркс «принцип-

шіл» мылжыңдардың бәріне де қарамастан осындай ұштастыру туралы жазған болатын. Мұндай ұштастырудың мүмкін екендігін және жүзеге асарлық екендігін Октябрь революциясы дәлелдеді. Егер пролетариат орта жіктерді және ең алдымен шаруаларды капиталистер табынан ажырата алса, егер ол бұл жіктерді капиталдың резервтерінен пролетариаттың резервтеріне айналдыра алса, пролетариаттың өкіметті қолға алып, оны ұстап қала алатындығын Октябрь революциясы дәлелдеді.

Қысқасы: Октябрь революциясы дүниежүзілік революциялардың ішінде тұңғыш рет орта жіктер туралы және ең алдымен шаруалар туралы мәселені біріншi қатарға қойды және II Интернационал геройларының «теориялары» мен сәуегейліктеріне қарамастан бұл мәселені ойдағыдай шешті.

Егер бұл жерде сіңірген еңбек туралы айтуға болатын болса, онда Октябрь революциясының бірінші еңбегі осы болып табылады.

Бірақ іс мұнымен ғана тынған жоқ. Октябрь революциясы езілген ұлттарды пролетариаттың айналасына біріктіруге тырысып, бұдан да әрі барды. Езілген ұлттардың оннан тоғызы шаруалар және қаланың ұсақ еңбекші адамдары екендігі жоғарыда айтылған болатын. Бірақ «езілген ұлт» деген ұғым мұнымен сарқылмайды. Езілген ұлттар әдетте шаруалар ретінде және қаланың еңбекші адамдары ретінде ғана езілмей, ұлттар ретінде де езіледі, яғни белгілі ұлттың, тілдің, мәдениеттің, тұрмыстың, мінез-құлықтың, әдет-ғұрыптың еңбекшілері ретінде езіледі. Екі жақтап езудің салмағы езілген ұлттардың еңбекші бұқарасын революцияшылдандырмай қоймайды, езудің негізгі қу-

шіне карсы күреске — капиталға карсы күреске олардын итермелемей коймайды. Бұл жағдай мынаған негіз болды: пролетариат осы негізге сүйеніп «пролетариат революциясын» «шаруалар соғысымен» ғана ұштастырып коймай, сонымен катар, «ұлт соғысымен» де ұштастыра алды. Осының бәрі пролетариат революциясының әрекет майданын Россияның шегінен шығарып алыс жерге жаймай коймады, капиталдың ең терең тамырлы резервтерін соккының астында калдырмай коймады. Егер белгілібір үстем ұлттың орта жіктері үшін болатын күрес капиталдың таяудағы резервтері жөніндегі күрес болып табылатын болса, онда езілген ұлттарды азат ету жолындағы күрес капиталдың жеке, ең терең тамырлы резервтерін каратып алу жөніндегі күреске, отарлы халыктар мен толык правосы жок халыктарды капиталдың езгісінен азат ету жолындағы күреске айналмай коймайтын еді. Бұл соңғы күрес аякталудан әлі алыс жатыр, — ол ол ма, бұл күрес керек десе алғашкы шешуші жеңістерге де әлі жете койған жок. Бірак бұл күрес, терең тамырлы резервтер үшін жүргізілетін күрес, Октябрь революциясының аркасында басталды, жәнеде ол күрес империализм дамыған сайын, біздің Республикалар Одағының күш-куаты арткан сайын, Батыста пролетариат революциясы дамыған сайын, барған сайын өршіп кеңи бермек, бұл сөзсіз нәрсе.

Кыскасы: Октябрь революциясы капиталдың езілген және толык праволы емес елдердің калың бұкарасынан шыккан терең тамырлы резервтері үшін пролетариат күресінің іс жүзінде негізін салды, ол осы резервтерді каратып алу жолындағы күрес туын тұңғыш рет көтерді, — оның сіңірген екінші еңбегі осындай.

Шаруаларды қаратып алу ісі бізде социализм туы астында жүргізілді. Пролетариаттың қолынан жер алған, помещиктерді пролетариаттың жәрдемімен жеңіп шыққан және өкіметке пролетариаттың басшылығы арқасында қолы жеткен шаруалар өздерінің азат етілу процесі пролетариат туы астында, оның қызыл туы астында жүргендігін, әлде де солай жүретіндігін сезбей, түсінбей тұра алмады. Бұл жағдай бұрын шаруалар үшін құбыжық болып көрінген социализм туын шаруалардың көңілін аударатын, оны қараңғылықтан, қайыршылықтан, езгіден азат болуын жеңілдететін туға айналдырмай тұра алмады.

Езілген ұлттар жөнінде де мұнан да гөрі үлкен дәрежеде дәл осыны айту керек. Ұлттарды азат ету жолындағы күрес ұраны, Финляндияның азат етілуі, Персия мен Қытайдан әскердің әкетілуі, Республикалар Одағының құралуы, Түркия, Қытай, Үндістан, Египет халықтарына ашықтан-ашық моральдық көмек берілуі сияқты фактылармен нығайтылған ұран — бұл ұран Октябрь революциясында жеңіп шыққан адамдардың аузынан тұңғыш рет шықты. Бұрын езілген халықтардың көз алдында езгінің туы болып келген Россия, енді ол социалистік Россия болғаннан бастап бостандықтың туына айналды, бұл фактыны кездейсоқ нәрсе деуге болмайды. Октябрь революциясы көсемінің, Ленин жолдастың аты, қазір отар елдер мен толық правола емес елдердің қараңғы, жаншылған шаруаларының және революцияшыл интеллигенциясының аузындағы ең сүйікті ат болып табылатындығы да кездейсоқ нәрсе емес. Егер бұрын христианство ұланбайтақ Рим империясының езілген және жаншылған құлдарының арасында жан сауғасы болып есеп-

телсе, кәзірде — империализмнің ұланбайтақ отар мемлекеттерінің сан миллиондаған бұқаралары үшін социализм бостандықтың туы бола алады (кәзірдің өзінде-ақ бола бастады!), істің бет алысы осылай болып отыр. Бұл жағдайдың социализмге қарсы соқыр сенімдермен күресу ісін едәуір жеңілдеткендігіне және социализм идеяларының езілген елдердің ең қиыр түкпірлеріне таралуына жол ашқандығына шүбәлануға бола қояр ма екен. Егер бұрын социалиске езілген немесе езуші елдердің пролетарлық емес, орта жіктерінің арасында ашық шығып сөйлеу қиын болған болса, кәзір ол осы жіктердің арасында социализмнің идеяларын ашық насихаттап шыға алады, оны жұрт тыңдайтындығына, бәлкім, оның тілін алатындығына сене алады, өйткені оның Октябрь революциясы сияқты күшті дәлелі бар. Бұл да Октябрь революциясының нәтижесі.

Қысқасы: Октябрь революциясы социализм идеяларын барлық ұлттар мен тайпалардың орта, пролетарлық емес, шаруа жіктеріне жеткізу жолын тазартты, ол социализм туын олар үшін түсінікті ту етті. Октябрь революциясының сіңірген үшінші еңбегі осындай.

„Правда" № 253,
7 ноябрь, 1923 ж.
Қол қойған: И. Сталин

ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕР МЕН ШАРУА ӘЙЕЛДЕРДІҢ БІРІНШІ СЪЕЗІНІҢ БЕС ЖЫЛДЫҒЫ ЖӨНІНДЕ[80]

Бұдан бес жыл бұрын партиямыздың Орталық Комитеті Москвада жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің Бүкілроссиялық бірінші съезін шақырған болатын. Съезге мыңнан аса делегат әйелдер келді, олар кемінде бір миллион еңбекші әйелдердің өкілі болып келді. Бұл съезд біздің партияның еңбекші әйелдердің арасында жүргізетін жұмыс дәуірін ашты. Бұл съездің өте зор маңызы болды: ол республикамыздың жұмысшы әйелдері мен шаруа әйелдерін саяси-ағарту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ісінің негізін салды.

Кейбіреулер — мұның ешқандай ерекшелігі жоқ, партия бұқараны, сонымен бірге әйелдерді де саяси ағарту жұмысын қашанда жүргізіп келген болатын, бізде жұмысшылар мен шаруалардың топтасқан кадрлары болып отырғанда әйелдерді саяси ағарту ісінің күрделі маңызы бола қоймайды деп ойлауы мүмкін. Бұлай ойлау мүлде теріс. Кәзірде, өкімет жұмысшылар мен шаруалардың қолына көшіп отырған кезде,

еңбекші әйелдерді саяси ағарту ісінің өте зор маңызы бар.

Бұлай болатын себебі мынау.

Біздің еліміздің 140 миллион халқы бар, олардың аз болғанда жартысы әйелдер, әйелдердің көбі артта қалған, санасы аз, қараңғы жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер. Біздің еліміз советтік жаңа өмір құруға шын кірісіп отырғанда, бұл елдің халқының қақ жарымы болып отырған әйелдері, егер олар бұдан былай да артта қалған, санасыз, қараңғы күйінде қалатын болса, алға жылжудың қандайында болса да аяққа байлаған тас есебінде болатындығы анық емес пе?

Жұмысшы-әйел жұмысшымен қатар дәрежеде тұрады. Ол жұмысшымен бірге біздің өнеркәсіп құрылысымыздың ортақ ісін істейді. Егер ол саналы болса, егер оның саяси жағынан көзі ашық болса, оның ортақ іске көмектесу қолынан келеді. Ал егер ол артта қалып, қараңғы болса, оның ортақ істі бүлдіруі мүмкін, әрине, ол мұны қасақана істемейді, өзінің қараңғылығынан істейді.

Шаруа-әйел шаруамен қатар дәрежеде тұрады. Ол шаруамен бірге біздің ауылшаруашылық дамуының, оның табысты болып, гүлденуінің ортақ ісін алға жылжытады. Егер ол қараңғылық пен надандықтан құтылатын болса, оның бұл істе орасан үлкен пайда келтіруі мүмкін. Жәнеде мұның керісінше: егер ол бұдан былай да надандықтың қармағында қалатын болса, оның бүкіл істі бөгеуі мүмкін.

Жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер — жұмысшылармен және шаруалармен бірдей ерікті азаматтар. Олар біздің советтерді, кооперативтерді сайлай-

ды, олар советтерге, кооперативтерге сайлана алады. Егер саяси жағынан өздерінің көзі ашық болса, жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер біздің советтер мен кооперативтерді жақсарта алады, оларды нығайтып, ілгері дамыта алады. Егер олар қараңғы, надан болса, онда жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер советтер мен кооперативтерді әлсіретуі мүмкін.

Ақырында, жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер біздің жастардың — еліміздің болашағының анасы, тәрбиешісі болып табылады. Олардың не бізге елімізді алға бастыра алатын рухы таза жастар беруі, не жас баланы аздырып жіберуі ана-әйелдің совет құрылысына тілектес болуына немесе попқа, кулакқа, буржуазияға еріп, артта қалуына байланысты болады.

Сондықтан да қазірде, жұмысшылар мен шаруалар жаңа өмірді құру ісіне кірісіп отырған кезде, жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдерді саяси ағарту жұмысы өте зор маңызды іс, буржуазияны шын жеңіп шығудағы өте маңызды іс болып табылады.

Сондықтан да жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің, еңбекші әйелдерді саяи ағарту ісін жолға қою жұмысының негізін салған бірінші съезінің маңызы, шынында да, өте зор.

Бұдан бес жыл бұрын жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің бірінші съезінде партияның кезекті міндеті — советтік жаңа өмір құрудың ортақ жұмысына жүз мыңдаған жұмысшы әйелдерді тарту болған еді. Бұл жөнде еңбекші әйелдердің ең икемді және ең саналы элементтері болғандықтан өнеркәсіп аудандарының жұмысшы әйелдері бірінші қатарда болды. Бұл жөнде әлі де болса көп жұмыс істеу керек

болғанымен бес жыл ішінде аз жұмыс істелген жоқ, мұны мойындау керек.

Қәзірде партияның кезекті міндеті — біздің советтік өмірді құру жөніндегі ортақ жұмысқа миллиондаған шаруа әйелдерді тарту болып табылады. Бес жылдай істелген жұмыстың нәтижесінде шаруа әйелдердің қатарынан талай-талай басшылар шығып үлгірді. Шаруа әйел-басшылардың қатары саналы жаңа шаруа әйелдерменен толыға береді деп сенеміз. Партия бұл міндетті де атқарады деп сенеміз.

10 ноябрь, 1923 ж.

„Коммунистка" журналы № 11.
ноябрь, 1923 ж.
Қол қойған: И. Сталин

СОҒЫС АКАДЕМИЯСЫНДА САЛТАНАТТЫ МӘЖІЛІСТЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

17 ноябрь, 1923 ж.

(Қысқаша газеттік есепті мақала)

Біздің қызыл кавалерияның төрт жылдық мерекесінде Атты армияның негізін салушы және оның құрметті қызыларміяшысы Сталин жолдас сөз сөйледі.

Сталин жолдас: болашақ Атты армияның негізі ретінде аттыәскердің негізгі уйтқысын ұйымдастыруда оның демберушілеріне жалпы аттыәскерді ұйымдастыру кажет емес деп есептеген әскер басшылары мен соғыс мамандарының пікірімен шайқасуға тура келді деп баса көрсетеді.

Атты армияның тарихының ең айрықша маңызы мынау: 1919 жылдың жазында кавалерия бізде аттыәскер тобының пулемет бөлімдерімен біріккен құрамына айналды. Мұндай бірігудің үлгісі даңқты «тачанка» болып табылады.

Егер өз қыймылдарында аттың күшін пулемет пен артиллерияның күшімен біріктіре білмесе, біздің аттыәскер қаншама көп болғанымен күрделі күш болудан қалады.

1919 жылдың аяқ шенінде, Воронеждің төңрегінде біздің аттыәскеріміздің 12 полкі душпанның 22-ге

таяу полкін талқан еткен кезде, Атты армияның тарихының ең тамаша бір беті жазылған болатын. Осы уақыттан бастап іс жүзінде аттыәскер корпусын Атты армияға айналдыру жұмысы басталды.

Бұл дәуірдің айрықша өзгешелігі — біздің аттыәскеріміз бұл кезеңде тағыда бір жаңа қасиетке ие болды, бұл оның Деникин аттыәскерін жеңуіне себеп болды, атап айтқанда: ол кейбір жаяуәскер бөлімдерін өзіне қосып алды, бұл жаяуәскер бөлімдерін әдетте ол көлікпен тасып, оларды дұшпаннан қорғаныш ретінде пайдаланатын, ондағы мақсаты осы қорғанышты пайдаланып демалу және күштерін жыйнап дұшпанға қайтадан соққы беру болатын. Бұл — аттыәскерді көмекші күш ретіндегі жаяуәскермен біріктіру болды. Бұл біріктіру, бұл тағыда бір жаңа қасиет, біздің аттыәскерімізді дұшпанның зәресін ұшыратын маневрлі күрделі күшке айналдырды.

— Жолдастар, — Сталин жолдас өзінің сөзін осылай деп аяқтады, — мен еліктейтін адаммын, алайда мынаны айтуға тиіспін: егер бұл жаңа қасиеттер біздің Атты армиямызда сақталатын болса, біздің аттыәскеріміз және оның көсемі Буденный жолдас жеңілмейтін болады.

„Известия" № 265,
20 ноябрь. 1923 ж.

ПАРТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

РК(б)П Красная Пресня аудандық комитетінің топ ұйымдастырушыларымен, айтыс клубының мүшелерімен және ұялар бюросының мүшелерімен бас қосқан кең жыйналыста жасалған баяндама

2 декабрь, 1923 ж.

Жолдастар! Мен бұл жерде партияның Орталық Комитетінің атынан емес, өз атымнан сөйлейтінімді ең алдымен айта кетуге тиіспін. Егер жыйналыс мұндай баяндаманы тыңдағысы келеді екен — онда мен қызметіңізге әзірмін. (Дауыстар: «Өтінеміз».) Мұнан Орталық Комитетпен менің арамда осы мәселе жөнінде қайсыбір келіспеушіліктер бар екен деген мағна тумайды — эсте жоқ. Менің өз атымнан сөйлеп отырған себебім, партияның ішкі жағдайларын жақсарту шараларын жасау жөніндегі Орталық Комитеттің комиссиясы[81] жақын күндердің ішінде өзінің жұмыстарының нәтижелерін Орталық Комитетке тапсырады; бұл нәтижелер әлі тапсырылған жоқ, сондықтан да, менің кәзір сіздерге айтқалы тұрғаным негізінде Орталық Комитеттің осы мәселе жөніндегі позициясын көрсететініне сенімім кәміл болса да, Орталық Комитеттің атынан сөйлеуге әзірше менің формальды жағынан правом жоқ.

АЙТЫС — ПАРТИЯНЫҢ КҮШТІЛІГІНІҢ БЕЛГІСІ

Осында менің қойғым келіп отырған бірінші мәселем — баспасөзде және ұяларда болып жатқан айтыстардың мағнасы туралы мәселе Бұл айтыс нені көрсетеді және ол ненің белгісі? Бұл өзі партияның тыныштық өміріне келіп соққан дауыл емес пе, бұл айтыс, — кейбіреулердің айтып жүргеніндей, партияның ыдырауының, құрып бітуінің белгісі емес пе, немесе, басқа біреулердің айтып жүргеніндей, партияның азғындауының белгісі емес пе?

Менің ойымша, жолдастар, бұлардың ешбіреуі де: азғындау да, ыдырау да жоқ. Соңғы дәуірде партия өсті, қажетсіз масылдардан өзін мейлінше тазартты, ол анағұрлым пролетарлық партияға айналды, мәселе міне осында. Өздеріңіз білесіздер, осыдан бір жыл бұрын бізде ең кемі 700 мың партия мүшелері бар еді, өздеріңіз білесіздер, партиядан бірнеше мың партия мүшесі шықты немесе қуылып шығарылды. Онсоң, осы уақыттың ішінде өнеркәсіп өрлегендіктен, жұмысшы табының тұрмыс жағдайының жақсаруына байланысты, деревнялардан бұрынғы маман жұмысшылардың қайтып келуіне байланысты, өнеркәсіп жұмысшыларының арасында мәдениет өмірінің тағыда көтерілуіне байланысты партия өзінің құрамы жағынан жақсарып, сапасы жағынан жоғарылап отыр.

Бір сөзбен айтқанда, барлық осы жағдайларға байланысты партия өсті, ол сапасы жағынан жоғарылады, оның мұқтаждары артты, оның қойып отырған талаптары күшейді, ол бұған дейін білгенінен гөрі көп нәрселерді білгісі келеді, және бұған дейінгіден гөрі көп нәрсені шешкісі келеді.

Ашылып отырған айтыс партияның әлсіздігінің

емес, оның тіпті ыдырауының немесе азғындауының да белгісі емес, партияның күштілігінің белгісі, беріктігінің белгісі, партияның сапа құрамының жақсаруының белгісі, оның белсенділігінің артуының белгісі.

АЙТЫСТЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Біздің алдымызға қойылып отырған екінші мәселе — неліктен нақ осы дәуірде, неліктен нақ осы жылдың күзінде партияның ішкі саясаты туралы мәселе қауырт сыйпат алып отыр? — деген мәселе. Мұны қалай түсіндіруге болады? Мұның себептері қайда? Менінше, жолдастар, бұл арада екі түрлі себеп бар деп ұйғарамын.

Бірінші себеп — осы жылы августа республиканың кейбір аудандарында жалақыға байланысты болып өткен толқулар мен ереуілдер. Ереуіл толқыны біздің ұйымдардың кемістіктерін, біздің кейбір ұйымдардың — партия ұйымдарының да, одақ ұйымдарының да — кәсіп орындарындағы оқыйғалардан шет қалғандығын ашты, осы ереуілдердің толқынына байланысты біздің партияның ішінде, партияға іріткі салуға тырысатын, өзінің мәні жағынан антикоммунистік, кейбір жасырын ұйымдардың бар екендігі ашылды, істің өзі осында болып отыр. Міне сөйтіп ереуіл толқынына байланысты ашылған осы кемшіліктер партияның есін жыйнатарлық жарық сәуле болып түсті, осыдан кейін-ақ партияның ішкі жұмыстарына өзгерістер жүргізу қажет екенін ол сезе қойды.

Партияның ішкі саясаты туралы мәселені нақ осы кезеңде шиеленістірген екінші себеп, — топ-тобымен демалысқа шығуды партиядағы біздің жолдастардың

жіберіп алғандығы болды. Бұл демалысқа шығушылық, әрине, түсінікті нәрсе, бірақ демалысқа шығушылықтың өте көп болуы заводтарда нақ осы толқушылық кезеңінде партия өмірінің қарқынын едәуір нашарлатуға әкеліп соқтырды, бұл жағдай жыйналып келген кемшіліктердің нақ осы дәуірде, осы жылдың күзінде ашылуын мейлінше жеделдетті.

ПАРТИЯНЫҢ ІШКІ ӨМІРІНІҢ КЕМШІЛІКТЕРІ

Мен осы жылдың күзінде ашылған және партияның ішкі өмірін жақсарту мәселесін қойған біздің партия өмірінің кемшіліктері туралы айттым. Партияның ішкі өмірінің осы кемшіліктері қандай кемшіліктер? Кейбір жолдастардың ойлағанындай, партияның жолы теріс пе, немесе, партия жолы дұрыс, бірақ практикада партия дұрыс жолдан ауа жайылып отыр ма, белгілібір субъективтік және объективтік жағдайларға байланысты ол жол бұрмаланып отыр ма?

Менінше, біздің партияның ішкі өміріндегі негізгі кемшілік, атап айтқанда, мынада: біздің съездердің қаулыларында жазылған, партия жолы дұрыс бола тұрса да, жергілікті орындардағы (әрине, барлық жерде емес, кейбір аудандарда) практика дұрыс болмаған. Біздің партияның жолы пролетарлық-демократиялық дұрыс жол бола тұрса да, жергілікті орындардағы практика бұл жолдың бюрократтық бұрмалану фактыларын көрсетіп отыр.

Негізгі кемшілік осында. Съездерде (X, XI, XII) белгіленген негізгі партия жолы мен осы жолды жүзеге асыруда жергілікті орындардағы біздің ұйымдардың практикасының арасында қайшылық болу, — пар-

тияның ішкі өмірінің барлық кемшіліктерінің негізі мі-ні осында.

Біздің партия практикасының маңызды-маңызды мәселелері, әрине, соғыс және дипломатиялық құпыя болып күтілмейтіні немесе осылай болып табылмайтындары, партия жолы бойынша, партия жыйналыстарында міндетті түрде талқылануға тиіс. Партия жолы осылай дейді. Ал жергілікті орындардағы, барлық жерде болмағанмен, партия практикасы партияның ішкі өмірінің бірқатар мәселелерін партия жыйналыстарында талқылаудың, дұрысын айтқанда, аса қажеттігі жоқ, өйткені бұл мәселелерді Орталық Комитет және басқа да басшы ұйымдар өздері шешеді деп есептеген.

Біздің партияның қызмет адамдары партия стажы түрінде және басқа қолдан келмейтін кедергілер жоқ болған күнде, міндетті түрде сайланып қойылуға тиісті дейді партия жолы. Өздеріңіз білесіздер, партияның уставы бойынша, губерниялық комитеттің секретары болу үшін октябрьден бұрын басталған стажы болу керек, уездік комитеттің секретары болу үшін — үш жылдық стаж, ұя секретары болу үшін — бір жылдық стаж керек. Бірақ партия практикасы екінің бірінде, егер партия стажы керек болады екен, онда, демек, нағыз сайлаудың қажеті жоқ болғаны ғой деп есептеген.

Партия бұқарасын шаруашылық орындардың, кәсіп орындарының және трестердің жұмысымен таныстырып отыру керек, өйткені біздің партия ұялары кәсіпорындарындағы кемшіліктер үшін партияда жоқ бұқаралардың алдында моральдық жағынан жауапкер болады, бұл өзі табиғи нәрсе деп есептейді пар-

тия жолы. Солай бола тұрса да, егер шаруашылық орындарға директива беріп отыратын Орталық Комитет болатын болса, ал шаруашылық орындар осы директиваларға байланысты болатын болса, онда ол директивалар төменнен партия бұқарасының бақылауысыз-ақ жүзеге асырыла береді деп есептеген партия практикасы.

Жұмыстың түрліше тарауларындағы жауапты қызметкерлер, мейлі партия мүшелері болсын, мейлі шаруашылық қызметкерлері, кәсіпшілік одақтарының қызметкерлері, әскери қызметкерлер болсын, өздерінің қызметтерінде қандайбір мамандық алса да, қалай болған күнде де, олар біріне бірі байланысты, бұлар тұтас бір нәрсенің айырып тастауға болмайтын бір бөлігі, өйткені олардың бәрі бөле-жаруға болмайтын бір ғана пролетариат ісі үшін қызмет етеді деп есептейді партия жолы. Ал партия практикасы, егер жұмыс әр тарауға бөлінген екен, бірыңғай партия жұмысы, шаруашылық жұмысы, әскери жұмыс және басқа жұмыстар болып еңбек бөлінген екен, олай болса партиядағылар шаруашылық қызметіндегілер үшін жауап бермейді, шаруашылық қызметіндегілер партиядағылар үшін жауап бермейді, сондықтан да жалпы айтқанда бұлардың арасындағы байланыстың нашарлауы және тіпті байланыстың жоғалуы сөзсіз нәрсе деп есептейді.

Жолдастар, жалпы айтқанда, X съезден бастап XII съезді қоса алғанда, біздің съездердің бірқатар қаулыларында жазылған партия жолы мен партия практикасының арасындағы қайшылықтар осындай.

Партия жолын осы бұрмалағандығы үшін мен жергілікті ұйымдарды кінәлаудан аулақпын, өйткені, егер

тексере келсек, бұл жерде жергілікті ұйымдардың кінәсынан да гөрі, көбінесе соры басымырақ болды. Бұл сордың мәні не және қалайша істің беті осылай өзгерді, — мен мұны төменде айтам, бірақ осы қайшылықты түсіндіру үшін, онсоң істі жақсарту шараларын ұсынуға әрекет жасау үшін, мен осы фактыны айта кеткім келіп еді.

Мен біздің Орталық Комитет күнәдан пәк деп есептеуден де аулақпын. Басқа да мекемелер мен ұйымдар тәрізді, азын-аулақ күнә мұнда да бар, — кінә мен сордың өптеген үлесі бұл жерде де бар, кінәсі дегенде Орталық Комитеттің бұл кемшіліктерді деркезінде ашпағандығын, оларды жоюға шара қолданбағандығын айтса да болады.

Бірақ мәселе қазір мұнда емес. Ендігі мәселе, жаңа ғана мен айтқан кемшіліктердің себептерін өзіміз үшін анықтап алу. Шындығында, бұл кемшіліктер қайдан туып отыр және оларды қалай жоюға болады?

КЕМШІЛІКТЕРДІҢ СЕБЕПТЕРІ

Бірінші себеп біздің ұйымдарымыздың әлі немесе әлі күнге дейін соғыс дәуірінің, өтіп кеткен дәуірдің, бірақ партиядағы соғысымпаздықтың қалдықтарын біздің қызметкерлердің санасында қалдырып кеткен дәуірдің — кейбір қалдықтарын әлі жойып болмағандығында. Менің ойымша, партия өзі іс бастағыш организм емес, пролетариаттың іс бастағыш жауынгер ұйымы емес, жоғарғы қызметкерлері, төменгі қызметкерлері болатын мекемелер тәрізді, бірқатар мекемелердің комплексі тәрізді бір нәрсе деп түсінетін, партияны осылай деп танитын көзқарас сол қалдық-

тардың көрінісі болып табылады. Жолдастар, бұл өзі марксизммен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын өте теріс көзқарас, — соғыс дәуірінде партиямызды милитаризациялаған уақыттың қалдықтары ретінде қалған, партия бұқарасының өзіндік іс бастаушылығы туралы мәселе лажсыздан кейінге қалдырылған және жауынгерлік бұйрықтардың шешуші маңызы болған кездің сарқыншағы ретінде қалып келген көзқарас. Мен бұл көзқарастың бұрын-соңды тыңғылықты түрде айтылғанын естіген емеспін, бірақ бұл көзқарас немесе осы көзқарастың қалдықтары әлі де болса біздің жұмыска әсерін тигізіп отыр. Жолдастар, біз бұл көзқарастармен аянбай күресуге тиіспіз, өйткені бұл көзқарастар, дұрыс болып отырған партия жолының практикада бұрмалануы үшін қолайлы жағдай жасайтын, ең нақты қауіптердің бірі болып табылады.

Екінші себеп біздің мемлекеттік аппараттың, едәуір дәрежеде бюрократтық аппараттың партияға және партия қызметкерлеріне бірсыпыра қысым жүргізіп отырғанында. 1917 жылы, біз жоғары, октябрьге қарай өрлеп бара жатқан кезімізде, біз былай деп ойлаушы едік: бізде коммуна болады, бұл өзі еңбекшілердің ассоциациясы болады, сөйтіп мекемелерде бюрократизмді құртамыз, сондықтан мемлекетті, жуық дәуірде болмағанмен, ұзаққа созылмайтын екі-үш жылдың ішінде, еңбекшілердің ассоциациясына айналдыруға болады деп ойлаушы едік. Алайда, мұның бізден әлі алыс жатқан идеал екендігін, мемлекетті бюрократизмнің элементтерінен арылту үшін, совет қоғамын еңбекшілердің ассоциациясына айналдыру үшін халықтың жоғары дәрежеде мәдениетті болуы қажет екендігін, көп қаржы және зор мекемелердің болуын

тілейтін, мемлекеттік барлық баска мекемелерге өзінің өмір сүруімен таңбасын салатын, көптеген әскери кадрлар ұстау кажет болмауы үшін айналада мейлінше камтамасыз етілген бейбіт жағдай болу керек екендігін практика көрсетті. Біздің мемлекеттік аппарат едәуір дәрежеде бюрократтық аппарат, және ол әлі ұзақ уақыт осылай болып кала бермек. Осы аппаратта біздің партия қызметкерлері істейді, ал мұндағы, бюрократтық аппараттағы жағдай, — мен атмосфера дер едім, — біздің партия қызметкерлеріміздің, біздің партия ұйымдарымыздың бюрократтану ісін жеңілдететін жағдай.

Жолдастар, кемшіліктердің үшінші себебі біздің кейбір ұяларымыздың жете белсенді еместігінде, артта калғандығында және кейде тіпті, әсіресе шет аймактарда, жаппай сауатсыздығында. Бұл аудандарда ұялардың белсенділігі нашар, саяси және мәдениет жағынан артта калған. Бұл жағдай, күмән жок, партия жолын бұрмалаушылыкка колайлы негіз жасайды.

Төртінші себеп — жергілікті орындарда партия жұмысына әзірлігі бар жолдастардың жеткілікті болмауы. Жуырда мен бір украин ұйымының өкілінің Орталык Комитетке жасаған баяндамасын тыңдадым. Баяндаманы зор үміт күтуге болатын, өте-мөте алғыр, зерек жолдас жасады. Ол 130 ұяның 80 ұясындағы секретарьлар губерниялык комитет тағайындағандар екенін айтты. Бұл ретте ол ұйым дұрыс істеп отырған ж ок кой дегенімізде, ол жолдас ұяларда сауатты кісілердің жоктығын, олардың партия стажының жоктығын, секретарь беруді ұялардың өздері сурайтынын тағы баскаларды дәлел кылды. Менінше, бұл жолдас 50 процент асырып айтып отыр, шы-

нына келгенде, мәселе ұяларда даярлығы бар кісілердің жоктығында ғана емес, сонымен бірге губерниялык комитеттің ескі дәстүр бойынша баса сілтеп жіберуінен де болып отыр. Ал егер губерниялык комитеттікі 50 процент жөн болса, егер мұндай ұялар Украинада да бар болса, онда ұйымдары әлі жас, Украинаға караганда партия кадрлары аз және сауаттылығы төмен шет аймактарда бұл жағдай онан бетер болуға тиіс екендігі ап-анык емес пе? Бұл да біздің, мәні жағынан дұрыс болып отырған, партия жолының практикада бұрмалануына колайлы жағдай жасайтын себептердің бірі.

Акырында, бесінші себеп — мәлімдеп тұрудың нашарлығы. Бізде, — ең алдымен Орталык Комитетте — мәлімдеп тұру нашар, мүмкін бұл өте-мөте жұмыс бастылыктан болар. Бізді жергілікті орындар да жиі-жиі мәлімдеп тұрмайды. Мұны жоюға керек. Бізде партия ішіндегі кемшіліктердің жыйналуына бұл да елеулі себептердің бірі.

ПАРТИЯНЫҢ ІШКІ ӨМІРІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕРДІ КАЛАЙ ЖОЮҒА БОЛАДЫ?

Бұл кемшіліктерді жою үшін кажетті шаралар кандай болуға тиіс?

Бірінші міндет — біздің партия ішіндегі соғыс дәуірінің калдыктарына және дағдыларына карсы, біздің партия белсене ойлайтын, өздігімен іс бастағыш, шын өмірмен тығыз байланысты, ескіні кыйратып, жаңаны тудырып отыратын пролетариаттың жауынгер ұйымы емес, мекемелер системасы дейтін теріс көзкараска карсы мүмкін кадерінше және талмастан күрес жүргізу.

Екіншіден, партия бұқарасы керек ететін мәселелердің бәрін, бұл мәселелер ашық талқылауға жататын болса, олардың талқылауына сала отырып, партия инстанцияларының барлық және қандай да болсын ұйғарымдарын ерікті түрде сынауды қамтамасыз ете отырып, партия бұқарасының белсенділігін көтеру қажет. Өйткені тек осы жолмен ғана партия дисциплинасын нағыз саналы, нағыз темірдей берік дисциплинаға айналдыруға болады, өйткені тек осылай етіп қана партия бұқарасының саяси, шаруашылық және мәдени тәжрибесін көтеруге болады, өйткені тек осылай етіп қана партия бұқарасының төменнен күнбекүн белсенді қызметкерлер, жаңа басшылар шығарып отыруы үшін қажетті жағдайлар әзірлеуге болады.

Үшіншіден, партия стажы тағы сондай қолдан келмейтін жағдайлардың жоғында, барлық партия ұйымдары мен қызмет адамдарын іс жүзінде сайланып қойылатын ету керек. Жолдастарды жауапты партия қызметтеріне көтергенде ұйым көпшілігінің тілегін елемеушілікті практикадан аластап шығару керек, сайланушылық негіз іс жүзінде жүргізілетін ету керек.

Төртіншіден, Орталық Комитеттің жанында, губерниялық комитеттің және облыстық комитеттің жандарында жұмыстың барлық тарауларында жауапты қызметкерлердің — шаруашылық қызметкерлерінің, партия қызметкерлерінің, кәсіпшілік одағы қызметкерлерінің, әскери қызметкерлердің үнемі істеп отыратын мәжілістері болу қажет; мәжілістер үнемі болып тұрулары керек; қойылуы қажет деп табылған мәселелер мәжіліске қойылып отырулары керек; қарудың барлық түрлеріндегі қызметкерлердің араларында бай-

ланыс үзілмеуі керек, осы қызметкерлер ортақ бір іс үшін, бөле-жаруға болмайтын пролетариат ісі үшін жұмыс істейтін, партиялық бір семьяның мүшесімін деп сезетін болсын; Орталық Комитеттің төңрегінде, сондай-ақ жергілікті ұйымдардың төңрегінде жұмыстың барлық тарауларындағы біздің жауапты қызметкерлердің тәжрибесін алып отыруына және олардың тәжрибесін тексеріп отыруына партияға мүмкіндік беретін жағдай болуы керек.

Бесіншіден, біздің өндірістік уяларды кәсіпорындағы және трестердегі істің барысына байланысты мәселелерге қатыстырып отыру қажет. Істі ұялар біздің кәсіпорындарының және бірлестіктердің басқарушы орындарының жұмысын біліп, танып отыратындай етіп, сол жұмысқа ұялар әсер ете алатындай етіп ұйымдастыру қажет. Кәсіпорындарындағы істің қалай жүріп жатқандығы жөнінде партияда жоқ бұқаралардың алдында моральдық жағынан біздің өндірістік ұйымдардың жауапкерлігі қаншалықты зор екендігін, ұялардың өкілдері ретінде, өздеріңіз білесіздер. Ұялар заводтардағы партияда жоқ бұқараға басшылық ете алуы үшін, оны соңына ерте алуы үшін, кәсіпорындарындағы істің барысы жөнінде жүктелген жауапкерлікті атқара алуы үшін, — ал ол кәсіпорындарының кемшіліктері үшін партияда жоқ бұқараның алдында моральдық жағынан сөзсіз жауапкер болады, — сол істердің басы-қасында болуға тиіс, істерге қалай да әсер етуге оның мүмкіндігі болуға тиіс. Сондықтан ұялар кәсіпорындарына байланысты шаруашылық істерді талқылағанда қатыстырылып отыру қажет, трестегі істерді талқылау үшін сол трестің құрамына кіретін кәсіпорындарының ұялары өкілдерінің дүркін-

дүркін шаруашылық конференциялары шақырылып тұру кажет. Партия бұқараларының шаруашылық тәжрибесін байыту үшін де, төменнен бақылау ісін ұйымдастыру үшін де қажет болатын дұрыс жолдардың бірі осы.

Алтыншыдан, біздің партия ұяларының сапалық құрамын көтеру қажет. Зиновьевтің мақаласында біздің партия ұялары өзінің сапасы жағынан кей жерлерде айналадағы партияда жоқ бұқарадан қалып қойып отыр деген болатын.

Бұл пікірді, әрине, жалпылауға және барлық ұйымдарға қолдануға болмайды. Былай деген дәлірек болар еді: егер біз осы ұяларды сарқа тауысып тастамаған болсақ, егер біз шаруашылық, әкімшілік, кәсіпшілік және әралуан басқа жұмыстарға қоюға мәжбүр болып, ол адамдарды біз осы ұялардан алмаған болсақ, онда партия ұялары мәдениеті жағынан кәзіргісінен анағұрлым жоғары тұрған болар еді, сөйтіп партияда жоқтардың арасында олар анағұрлым беделді болған болар еді. Егер біздің барлық жұмысшы жолдастар, егер осы алты жылдың ішінде сол ұялардан алынған кадрлар өздерінің ұяларына қайтып келген болса, онда бұл ұялар, партияда жоқ жұмысшылардың қандайынан болсын, бұлар қаншама саналы болғанымен, анағұрлым жоғары дәрежеде болатынын дәлелдеу керек бола қояр ма еді? Мемлекеттік аппаратты жақсарту үшін партияның басқа кадрлары жоқ болғандықтан, партия ілгеріде де осы қордан пайдалануға мәжбүр болғандықтан, — дәл сондықтан да, егер біз олардың сапа құрамын жақсарту жөнінде жедел шаралар қолданбасақ, біздің ұялар өзінің мәдени дәрежесі жағынан ілгеріде де бірсыпыра ақсамак.

Ең алдымен ұяларда партия-тәрбие жұмысын мейлінше күшейтуіміз керек. Мұның үстіне, кейде жұмысшылар қатарындағы жолдастарды партия мүшесіне аларда жергілікті орындардағы ұйымдарымыздың жасайтын басартық формализмінен арылулары қажет. Меніңше, формализммен әуестенбеу керек; жұмысшы табының қатарынан партияға жаңа мүшелер алу шарттарын партия жеңілдете алады және жеңілдетуге тиіс. Бұл істі жергілікті ұйымдар бастап та отыр. Партия бұл істі өз қолына алуы керек және, станоктағы жұмысшылардан жаңа мүшелердің партияға енуін жеңілдету үшін, ұйымдасқан түрде науқан ашу керек.

Жетіншіден, партияда жоқ жұмысшылардың арасында жұмысты күшейту қажет. Бұл да партияның ішкі халін жақсарта алатын, партия бұқарасының белсенділігін көтере алатын құралдардың бірі. Мен біздің партия ұйымдарының партияда жоқ жұмысшыларды өзіміздің совет орындарына тарту ісіне әлі де болса аз көңіл бөліп отырғандығын айтуға тиіспін. Ең болмаса, қазір өтіп жатқан Москва Советіне сайлау науқанын алалық. Меніңше, бұл сайлаулардың үлкен кемшіліктерінің бірі — партияда жоқтардан сайланушылардың өте-мөте аздығы. Партияда жоқтардан ең көп болғанда пәлендей адам, пәлендей процент өтуі керек, тағысын басқалар деген ұйым қаулысы болыпты деседі. Бірақ, мен көріп жүрмін, олардан өткендер анағұрлым аз. Бұқаралар тек қана коммунистерді сайлағысы келеді, соған ұмтылады деседі. Менің бұған күмәнім бар, жолдастар. Меніңше, егер біз партияда жоқтарға аздап та болса бірсыпыра сенімділік жасамасақ, онда партияда жоқтардың бұған беретін жауа-

бы біздің ұйымдарға зор сенімсіздігі болмақ. Партияда жоқтарға мұндай сенушілік өте қажет нәрсе, жолдастар. Коммунистерді өздерінің кандидатураларын қайтып алатын ету керек. Тек коммунистер сайлансын деген сөздердің керегі жоқ, партияда жоқтарға жол ашып, оларды мемлекет жұмысына тарту керек. Сонда біздің іс те табысты болады және біздің ұйымдарға партияда жоқтардың сенімі артады. Москвадағы сайлау — біздің партия ұйымдары өз төңрегіне партияда жоқтарды бірте-бірте жыйнай отырып, өздерінің іс өрісін кеңейтудің орнына, өзінің партиялық қауызына кіріп алып, қаншалықты тұйықтала бастағандығының бір үлгісі.

Сегізіншіден, шаруалардың арасында жұмысты күшейту қажет. Кей жерлерде нашарлап кеткен, кейде жұрт өздерінен қашатын, шаруалар арасында онша көп беделі жоқ (мұны мойындау керек) біздің селолық ұялардың мынадай практикалық екі міндетті алға қоюына неге болмайтынын мен білмеймін: біріншіден, шаруалар тұрмысына байланысты совет заңдарының түсіндірушісі және таратушысы болу міндетін және, екіншіден, жерді деркезінде айдау, тұқымды тазарту керек екендігі туралы болса да жеңіл-желпі агрономиялық білімдердің үгітшісі және таратушысы болу міндетін алға қойса болмас па еді. Егер тұқым тазартуға әрбір шаруа аздап болса да еңбек сіңірсе, онда ешбір мелиорациясыз-ақ және жаңа машиналарсыз-ақ егін өнімін десятинасына 10 пұттан арттыруға болатынын білесіздер ме, жолдастар? Ал десятинасына егін өнімінің 10 пұттан артуы деген не? Бұл жалпы түсімнің жылына бір миллиард артуы деген сөз. Осының бәріне көп еңбек жұмсамай-ақ жетуге бо-

лар еді. Біздің селолық ұялар неліктен осы істермен айналыспайды? Керзон саясаты туралы әңгіме-сөздерден мұның маңызы аз ба екен? Коммунистер бос сөзбен айналысуды қойғанын, олардың енді іспен айналысқанын мужиктер сонда ғана түсінер еді, сонда біздің селолық ұялар шаруалар арасында зор сеніммен пайдаланған болар еді.

Мен партия өмірін жақсарту үшін және оны жандандыру үшін, жаңа кадрларды беріп отыратын жастардың арасында, Қызыл Армияда, делегат-әйелдердің арасында және жалпы қандай да болсын партияда жоқтардың арасында партия-тәрбие жұмыстарын және саяси-ағарту жұмыстарын күшейтудің қаншалықты қажет екендігін қозғап та отырғаным жоқ.

Мәлімдеп отыруды күшейтудің біз үшін қаншалықты қажет екендігіне мен тоқталып та отырғаным жоқ; өйткені, мен бұл туралы — жоғарыдан төмен және төменнен жоғары мәлімдеп отыруды күшейту туралы — бұдан бұрын айтып өткенмін.

Жолдастар, Орталық Комитеттің осы жылы сентябрьдің өзінде-ақ белгілеген және төменнен жоғарыға дейін жүзеге асырылуы қажет болып отырған жақсарту шаралары, партияның ішкі демократиясын күшейту үшін алынған бағыт осындай.

Енді мен «Правдадағы» кейбір талас мақаласымақтарда білінген жұмысшы демократиясы туралы мәселелер жөнінде екі түрлі шеткері шығып кетушілікке, екі түрлі әуестенушілікке тоқталғым келеді.

Бірінші шеткерілік сайлаушылық жөнінде. Бұл кейбір жолдастардың «ақырына дейін» сайланушылық болсын деуінде. Сайланушылық болады екен, бәрінде түгел болсын! Партиялық стаж ше? Ол неге

керек? көңілің кімді қаласа, соны сайла. Жолдастар, бұл көзқарас қате. Партия мұны қабылдамайды. Әрине, бізде кәзір соғыс жоқ, біз бейбіт даму дәуірін бастан кешіріп отырмыз. Бірақ бізде жаңа экономикалық саясат бар. Мұны ұмытпаңыздар, жолдастар. Тазарту ісін партия соғыс уағында емес, соғыстан кейін қолға алды. Неліктен? Өйткені соғыс уағында жеңіліп қалу қорқынышы партияны бір бүтін етіп ұстады, сөйтіп партияны кейбір жегідей жейтін партия ішіндегі элементтер, не өмір, не өлім деген мәселенің алдында тұрған, партиядағы жалпы жолды ұстауға мәжбүр болды. Енді бұл құрсаулар бізде жоқ, өйткені соғыс жоқ, енді бізде жаңа экономикалық саясат бар, біз капитализмге ерік бердік, буржуазия қайта туып келеді. Рас, мұның бәрі де партияның тазаруына, оның нығаюына қарай бастайды, бірақ, екінші жағынан, жаңа туып, өсіп келе жатқан буржуазия атмосферасы бізді қоршап алып отыр, бұл буржуазия әлі онша күшті емес, біракта біздің кейбір кооперативтерімізді және сауда орындарымызды ішкі сауда ісінде жеңіп кете алды. Партия нақ осы жаңа экономикалық саясаттан кейін өзін тазартуды қолға алды, партия санын өз құрамының жартысына дейін жеткізді; нақ осы жаңа экономикалық саясаттан кейін партия біздің партияны жаңа экономикалық саясаттың әсерінен қорғау үшін, мысалы, партияға пролетарлық емес элементтердің еніп кетуін қыйындату қажет деп партиядағы қызмет адамдары үшін партиялық стаж белгілеу қажет деп және т. б. шешті. «Кең» демократияға тежеу салатын, осы алдын ала шараларды жасағанда, партия дұрыс істеді ме? Меніңше, дұрыс істеді деп ойлаймын. Демократия керек деп,

сайланушылық керек деп, біракта XI және XII съездерде алынған шек кою шараларының, ең болмағанда солардың негізгілері, әлі де өз күшінде қалуға тиіс деп мен сондықтан айтамын.

Екінші шеткерілік айтыстың шегарасы туралы мәселеге жатады. Бұл партия жұмысының екінші жағы туралы — атап айтқанда — партия шешімін жүзеге асыруды талап ететін, қыймыл жағы туралы — ұмытып, партия жұмысының басы да, ақыры да мәселелерді талқылауда деп қарап, кейбір жолдастардың айтыс тежеусіз болсын деп тырысуында. Тежеусіз айтыс принципін Троцкийден мысал келтіру арқылы дәлелдеуге тырысатын Радзиннің мақаласымағы маған, шынында, осындай әсер етті; Троцкий «партия дегеніміз — бірыңғай пікірлестердің ерікті одағы» депті-мыс. Мен Троцкийдің еңбектерінен осы сөздерді іздедім, бірақ мен оны таба алмадым. Партияға тыңғылықты түрде берілген анықтама ретінде мұны Троцкий айта қойды ма екен, ал егер айтқан болса, ол жерге нокат қоя қойды ма екен. Партия бірыңғай пікірлестердің одағы ғана емес, ол мұның үстіне, ортақ идеялық негізде (программа, тактика) күресуші, бірыңғай әрекет жасаушылардың одағы, бірыңғай әрекет жасаушылардың жауынгер одағы. Мен Троцкийге сүйенушілік дұрыс емес деп есептеймін, өйткені мен Троцкийді Орталық Комитеттің мүшелерінің ішінде партия жұмысының көбінесе әрекеттік жағын баса қуаттаушылардың бірі деп білем. Сондықтан, менің ойлауымша, Радзиннің берген анықтамасын оның өз жауапкерлігінде қалдыру керек. Бірақ бұл анықтаманың өзі неге апарып соқтырады? Мүмкіндігі бар екі нәрсенің біріне апарып соқтырады: не партия сектаға, философиялық школаға айналып

азады, өйткені бірыңғай пікірлестік тек осындай тар шеңберлі ұйымдарда ғана мүмкін болатын нәрсе, не фракциялар пайда болғанға дейін, партия екіге жарылғанға дейін мәңгі бақый талқылаумен, мәңгі бақый ойланумен жүретін, үздіксіз айтыстың клубына айналады. Біздің партия бұл екі мүмкіншіліктің бірде-бірін қабылдай алмайды. Міне сондықтан да, менің ұйғаруымша, мәселелерді талқылау қажет, айтыстың болуы қажет, бірақ партияны, пролетариаттың осы жауынгер отрядын айтыс клубына айналып азғындаудан сақтай алатын, айтыстың да шегі болуы қажет.

Баяндамамды аяқтай келіп, жолдастар, мен сіздерді осы екі шеткеріліктен сақтандыруға тиіспін. Менің ше, егер осы екі шеткерілікті қабылдамасақ, сөйтіп партияның ішкі демократиясын күшейту жөнінде Орталық Комитеттің осы жылы сентябрьде белгілеген бағытын іс жүзіне асыруды қолға алсақ, біз өзіміздің партия жұмысын қалайда жақсарта аламыз. (*Қол шапалақтау.*)

„Правда" № 277,
6 декабрь, 1923 ж.

АЙТЫС ТУРАЛЫ, РАФАИЛ ТУРАЛЫ, ПРЕОБРАЖЕНСКИЙ МЕН САПРОНОВТЫҢ МАҚАЛАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ТРОЦКИЙДІҢ ХАТЫ ТУРАЛЫ

АЙТЫС ТУРАЛЫ

Мұнан бірнеше жеті бұрын басталған, партияның ішкі жағдайы туралы айтыс, егер Москва мен Петроград туралы айтатын болсақ, аяқталуға таянған тәрізді. Петроградтың партия жолын жақтап шыққандығы мәлім. Москваның негізгі аудандары да Орталық Комитеттің жолын жақтады. Москва ұйымының белсенді қызметкерлерінің 11 декабрьдегі жалпықалалық жыйналысы партияның Орталық Комитетінің ұйымдастыру және саяси бағытын толығынан қабылдап шықты. Москва ұйымының алдағы жалпы партия конференциясы да өзінің аудандарының ізімен жүретіндігіне күмәндануға ешқандай дәлел жоқ. «Солшыл» коммунистердің бір бөлегінің (Преображенский, Стуков, Пятаков және басқалар) демократияшыл централистер деп аталатындармен (Рафаил, Сапронов және басқалар) блогы болып табылатын оппозиция талқандалып отыр.

Айтыстың барысы және айтыс кезінде оппозицияның қандай өзгерістерді басынан өткергендігі қызғылықты нәрсе.

Оппозиция тӯпа-тура мынадан бастады: соңғы екі жылдың ішіндегі, бүкіл жаңа шаруашылық саясаты дәуіріндегі партияның ішкі кұрылысындағы және партияның ішкі саясатындағы партияның негізгі жолын кайта карап шығу керек дегеннен бастады. Партияның ішкі демократиясы туралы X съездің қарарын толық жүзеге асыруды талап ете отырып, оппозиция сонымен қатар партияның X, XI және XII съездерінде қабылданған белгілі тежеуілдерді (жікшілдікке тыйым салу, партстаж және баскалар) бӯзуды да талап етті. Бірақ оппозиция мӯнымен ғана қойған жоқ. Іс жүзінде партия армия кейіптес ӯйымға айналып кетіп отыр, ал партия тәртібі — әскери тәртіпке айналып кетіп отыр дей келіп, оппозиция партия аппаратының бүкіл кұрамын басынан аяғына дейін сілкіп шығуды, негізгі қызметкерлерді орындарынан алып тастауды және баскаларды талап етті. Және Орталық Комитеттің атына ауыр-ауыр сөздер айтуда, бәләғаттауда, әрине, кемшілік болған жоқ. Күнә біткеннің бәрін Орталық Комитетке жапкан мақалалар мен мақаласымақтарға «Правда» лық толы болды. Бір ғана жетпей жатканы — оны Жапониядағы жер сілкіну үшін айыптамағандығы еді.

Бӯл кезде Орталық Комитет бүтіндей алғанда, партия мүшелеріне толық сын бостандығын бере отырып, «Правданың» бетінде жүріп жаткан айтыска араласқан жок. Талқыланып отырған мәселелерді өздігінше шешу үшін партия мүшелерінің санасы жеткілікті деп есептеді де, екінің бірінде сыншылар тағып келген сөкет айыптарды теріске шығаруды да ол қажет деп таппады.

Бұл, былайша айтқанда, айтыстың бірінші дәуірі еді.

Бұдан соң, ауыр-ауыр сөздерге ет үйреніп болған кезде, бәләғаттаған сөздер әсер етуден қалып, партия мүшелері мәселені дұрыс талқылауды талап еткен кезде, — айтыстың екінші дәуірі басталды. Бұл дәуір Орталық Комитеттің және Орталық Бақылау Комиссиясының партия құрылысы туралы қарарын[42] жариялаудан басталды. Партияның ішкі демократия жөніндегі бағытын дұрыс деп тапқан, Орталық Комитеттің октябрь пленумының[43] қаулысына сүйене отырып Орталық Комитеттің Саяси Бюросы және Орталық Бақылау Комиссиясының Президиумы, партияның ішкі демократиясын жүзеге асырудың шарттарын белгілеген, белгілі қарарды жасады. Осы акт арқылы айтыстың барысына өзгеріс енгізілді. Енді тек жалпы сынмен қанағаттануға болмайтын болды. Орталық Комитет және Орталық Бақылау Комиссиясы ұсынған нақтылы жоспар оппозициядан не осы жоспарды қабылдауды немесе партияның ішкі демократиясын жүзеге асырудың басқа, осымен қатар, нақ сондай нақтылы жоспарын ұсынуды талап етті. Міне осы арада оппозицияның Орталық Комитеттің жоспарына, партия ұйымдарының тілектерін қанағаттандыра алатын, өзінің меншікті жоспарын қарсы қоя алмайтындығы келіп анықталды. Оппозицияның шегінуі басталды. Партияның ішкі құрылысы жөнінде соңғы екі жыл ішінде қолданып келген партияның негізгі жолын өзгерту талабы оппозиция қорынан жойылып кетті. Оппозицияның, партияның X, XI және XII съездерінде қабылданған, демократияға салынған тежеуді жою туралы қойған талабы да семіп, өңі кетіп отыр. Аппаратты

басынан аяғына дейін қағып-сілку туралы талапты да олар кейінге қалдырып, жұмсартып отыр. Осы талаптардың бәрін де енді оппозиция «фракциялар туралы мәселе анық айтылсын», «қызметкерлері бұрын жоғарыдан белгіленіп келген партия орындарының бәрінде де қайта сайлау жүргізілсін», «қызметке жоғарыдан тағайындау, система ретінде, жойылатын болсын» деген, және басқа да ұсыныстармен ауыстыру қажет деп тапты. Оппозицияның әлденеше рет жұмсарған осы ұсыныстарының өзін Красная Пресня және Замоскворечье ұйымдарының өткізбей тастауы, Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының қарарын басым көпшілік дауыспен құттықтауы елеулі нәрсе.

Бұл, былайша айтқанда, айтыстың екінші дәуірі еді.

Кәзір біз үшінші дәуірге келіп кіріп отырмыз. Бұл дәуірдің ерекше сыйпаты оппозицияның одан да әрі шегінуі болып отыр, — мен мұны оппозицияның тымтыракай шегінуі деген болар едім. Кәзір оппозицияның тіпті өңі кеткен және әлденеше рет жұмсарған талаптары да оның қарарынан түсіп қалып отыр. Москва ұйымының белсенді қызметкерлерінің (1 000 нан аса адам) жыйналысына ұсынылған, Преображенскийдің соңғы қарары (сан жағынан — үшінші болса керек) былай дейді:

«Саяси Бюроның қарарын ауызбірлікпен және шын көңілмен жедел жүзеге асыру ғана, атап айтқанда қайта сайлау арқылы партияның ішкі аппаратын жаңалау ғана, біздің партияның сілкіністерге ұшырамай және ішкі күрессіз жаңа бағытқа бет буруын қамтамасыз ете алады және партия қатарының шын мағнада ұйымшылдығын, бірлігін күшейте алады».

Оппозицияның осы мүлде зиянсыз ұсынысының өзін жыйналыстың қабылдамай тастауын жәй ғана нәрсе деп қарауға болмайды. Басым көпшілік дауыспен «Орталық Комитеттің саяси және ұйымдастыру жолын қабылдау» туралы жыйналыстың қарар алуы да жәй ғана нәрсе емес.

РАФАИЛ ТУРАЛЫ

Меніңше, Рафаил қәзіргі оппозицияның немесе, дәлірек айтқанда, қәзіргі оппозиция одағының ең тыңғылықты және ең қалыптасып жеткен өкілі болып табылады. Айтыс жыйналыстарының бірінде Рафаил: іс жүзінде біздің партия армиялық ұйымға айналып отыр, ондағы тәртіп армиялық тәртіп, міне сондықтан, ол жарамсыз және нағыз партиялық рухқа жат болғандықтан, партияның барлық аппаратын бастан аяқ қағып-сілку қажет деген болатын. Меніңше, осы немесе осы тәрізді пікірлер қәзіргі оппозиционерлердің бастарында бар-ау деймін, бірақ түрлі жағдайлармен мұны ашық айтуға олардың батылы бармай жүр. Мойындау керек, бұл жөнде Рафаил, өзінің оппозициядағы серіктеріне қарағанда, анағұрлым батыл болып шығып отыр.

Ал сонда да болса Рафаилдың айтып отырғаны негізінен дұрыс емес. Тек формальдық жағынан ғана емес, ең алдымен, мәні жағынан-ақ оныкі дұрыс емес. Өйткені егер біздің партиямыз шынымен армиялық ұйымға айналып отырған болса немесе тіпті соған айнала бастап отырған болса, онда, сөздің шын мағнасында айтқанда, бізде партияның да болмауы, пролетариат диктатурасының да болмауы, революцияның да болмауы анық емес пе.

Армия деген не?

Армия дегеніміз жоғарыдан құрылатын, тұйық ұйым. Армияның мәні: армия басында жоғарыдан тағайындалатын штаб тұрады және ол штаб армияны еріктен тыс негізде құрады. Штаб армияны құрып қана қоймайды, — ол оны жабдықтайды, оны киіндіреді т. б. Армияның бүкіл құрамы материалдық жағынан штабқа толығынан тәуелді болады. Былайша айтқанда, армия тәртібі осыған негізделген, бұл тәртіпті бұзу жоғарғы жазаның ерекше түріне — ату жазасына апарып соқтырады. Штабтың тек өзінің стратегиялық жоспарларына сәйкестіре отырып, армияны қай жаққа болсын, қашан болсын өз еркімен қозғай алатындығын да осы жағдаймен түсіндіру керек.

Партия деген не?

Партия дегеніміз ерікті түрде төменнен құрылатын, пролетариаттың алдыңғы қатарлы отряды. Партияның да өзінің штабы бар, бірақ ол жоғарыдан тағайындалмайды, оны бүкіл партия төменнен сайлайды. Партияны штаб құрмайды, қайта, партия өзінің штабын құрады. Партия ерікті түрде өзін өзі құрады. Мұнда, жоғарыда армия жөнінде айтқанымыздай, партия штабының және тұтас алғанда партияның арасында материалдық тәуелділік те жоқ. Партия штабы партияны жабдықтамайды, оны тамақтандырмайды және киіндірмейді. Былайша айтқанда, партия штабының партияны қалай болса солай, кез келген уақытта, кез келген жаққа қозғай алмайтындығы, сол партияның өзі қай таптың бөлшегі болатын болса, партия штабы тұтасынан алғанда партияға тек сол таптың экономикалық және саяси мүдделерінің жолымен ғана басшы-

лық ете алатындығы міне осыдан. Негізінде ұғындыру методы бойынша құрылатын партиялық тәртіптің ерекше сыйпаты, негізінде күштеу методы бойынша құрылатын армиялық тәртіптен оның өзгешелігі міне осында. Партиядағы ең жоғарғы жазалау шарасы (партиядан шығару) мен армиядағы ең жоғарғы жазалау шарасы (ату) арасындағы негізгі айырма да осында.

Рафаилдың қатесінің бүкіл сорақылығын ұғыну үшін осы екі анықтаманы салыстырса да жетіп жатыр.

Партия армиялық ұйымға айналып отыр, — дейді ол. Бірақ, егер ол материальдық жағынан өзінің штабына тәуелсіз болатын болса, егер ол ерікті түрде төменнен құрылатын болса, егер ол өзінің штабын өзі құратын болса, онда партияны қалайша армиялық ұйымға айналдырып жіберуге болады? Олай болатын болса, жұмысшылардың партияға ағылып кіріп жатқандығын, оның партияда жоқ бұқараның арасында ықпалының артуын, бүкіл дүние жүзі еңбекшілер топтарының арасындағы оның беделінің артуын қалай деп түсіндіруге болады?

Екінің бірі:

Не партия мейлінше енжар және мейлінше қабілетсіз партия, — ал бұлай болған күнде, мұндай енжар және қабілетсіз партия дүние жүзіндегі ең революцияшыл пролетариатқа жетекші болып отырғандығын және міне бірнеше жылдан бері дүние жүзіндегі ең революцияшыл елді басқарып отырғандығын қалай деп түсіндіруге болады?

Не партия белсенді және қабілетті партия, —

онда мұндай белсенді және қабілетті партияның осы уақытқа дейін партиядағы әскери тәртіпті, егер мұндай тәртіп партияның негізінде шынымен бар болатын болса, неге құлатып тастамай отырғандығы түсініксіз нәрсе.

Үш бірдей революция жасаған, Колчак пен Деникинді талқандаған және қәзір дүние жүзі империализмінің негізін сілкіндіріп отырған біздің партия, — бұл партия, Рафаилдың оп-оңай және қалай болса солай айтып отырған әскери тәртібіне және бұйрыққа сүйенген құрылысына бір жетінің өзіне де төзбеген болар еді, оларды көзді ашып-жұмғанша талқандап, Рафаилдың шақыруын күтіп жатпай-ақ жаңа тәртіп орнатқан болар еді,·бұл өзі ап-анық емес пе?

Бірақ түсің қорқынышты болғанмен, алланың мейірімі мол. Әңгіме, біріншіден, Рафаилдың партияны армиямен және армияны партиямен шатастырып отырғандығында, өйткені ол партияның не екендігін де, армияның не екендігін де жете білмейтін болса керек. Әңгіме, екіншіден, Рафаил, тегі, өзінің ашып отырған жаңалығына өзі сенбейтіндігінде болса керек, — партия ішіндегі бұйрыққа негізделген құрылыс туралы айтылған «қорқынышты» сөздер оған қәзіргі оппозицияның негізгі ұрандарын: а) фракциялық жіктер бостандығы туралы және б) партияның басшы адамдарын бастан-аяқ орындарынан алу туралы ұрандарын дәлелдеу үшін керек болып отыр.

«Қорқынышты» сөздер болмайынша бұл ұрандарды өткізе алмайтындығын Рафаил сезіп отырса керек.

Мәселенің барлық мәні осында.

ПРЕОБРАЖЕНСКИЙДІҢ МАҚАЛАСЫ ТУРАЛЫ

Преображенский партияның ішкі өміріндегі кемшіліктердің негізгі себебі — партия құрылысындағы партияның негізгі жолының дұрыс еместігінде деп біледі. Преображенский былай дейді: «партия міне екі жылдан бері партияның ішкі саясаты жөніндегі өзінің ісінде негізінен алғанда теріс жолды ұстап отыр», «жаңа экономикалық саясаттың дәуіріндегі партияның ішкі құрылысы және партияның ішкі саясаты жөнінде партияның негізгі жолы» теріс болып шығып отыр дейді.

Жаңа экономикалық саясаттың дәуіріндегі партияның негізгі жолы қандай еді? Өзінің X съезінде партия жұмысшы демократиясы туралы қарар алды. Партияның бұл қарарды алуы дұрыс болды ма? Преображенскийдің ойынша, партияның бұл қарарды алғаны дұрыс болған. Сол X съездің өзінде партия, жікке тыйым салып, демократияға едәуір тежеуіл салды. Партияның осындай тежеуіл салуы дұрыс па еді? Преображенский партияның бұл тежеуіл салуы дұрыс емес деп ойлайды, өйткені, оның ойынша, мұндай тежеуіл партияның өздігінше ойлауына жол бермейді. XI съезде, белгілі партиялық стаждың, тағы басқалардың болуын талап етіп, партия демократияға тағы жаңа тежеуілдер салды. Партияның XII съезі осы тежеуілдерді тек қайта бекітті. Жаңа экономикалық саясаттың жағдайларында ұсақ буржуазиялық тенденцияларға қарсы қойылған бөгеу ретінде осы тежеуілдерді партияның қабылдауы дұрыс болды ма? Преображенский партияның мұнысы дұрыс іс емес деп ойлайды, өйткені, оның ойынша, бұл тежеуілдер партия ұйымдарының өздігінше іс істеуіне жол бер-

мей қойды. Мұнан шығатын қортынды айқын: Преображенский жаңа экономикалық саясаттың жағдайларында, партияның Х және XI съездерінде қабылданған, партияның бұл жөніндегі негізгі жолын бұзуды талап етіп отыр.

Ал енді партияның Х және XI съездері Ленин жолдастың тікелей басшылығымен өткен болатын. Х съезде жікке тыйым салу туралы қарарды (бірлік туралы қарарды) ұсынған және оны съезде өткізген Ленин жолдас болатын. Белгілі партиялық стаж тағы басқалар түрінде демократияға одан әрі салынған тежеу XI съезде Ленин жолдастың тікелей қатысуымен қабылданған болатын. Мәселені мәні жағынан алғанда, ленинизммен тікелей байланысы бар, партияның жаңа экономикалық саясаттың жағдайларындағы жолын бұзуды талап етіп отырғандығын Преображенский өзі аңғара ма екен? Жаңа экономикалық саясаттың жағдайларында партия құрылысы жөніндегі партияның негізгі жолын бұзу туралы оның ұсынысы, істің мәні жағынан алғанда, ленинизмге ревизия жүргізуді талап еткен, әйгілі «анонимдік платформаның»[84] бірсыпыра ұсыныстарын қайта ұсыну екендігін Преображенский түсіне бастаған жоқ па екен?

Партияның Преображенскийдің ізімен жүрмейтіндігін түсіну үшін осы сұрақтарды қоюдың өзі жетіп жатыр.

Ал енді Преображенский нені ұсынып отыр? Оның ұсынып отырғаны тұпа-тура мынау: партия өмірін «1917 — 1918 жылдардағы үлгі бойынша» қайта орнату керек дейді ол. Бұл жөнде 1917 — 1918 жылдардың айырмасы не? Айырмасы мынау: ол кезде біздің

партиямызда жіктер және фракциялар бар еді, ол кезде жіктердің араларында ашық күрес болып отырушы еді, партия ол кезде не өмір, не өлім деген мәселеге байланысты, қыйын-қыстау жағдайды бастан кешіріп отыр еді. Преображенский X съезд өзгерткен осы тәртіпті партияда қайта орнатуды, ең болмағанда «шінара» қайта орнатуды талап етіп отыр. Партия бұл жолға түсе ала ма? Жоқ, түсе алмайды. Өйткені, біріншіден, партия өмірін, жаңа экономикалық саясаттың жоқ кезіндегі, 1917—1918 жылдардағы тәртіпке негіздеп қайта құру партияның 1923 жылғы жағдайларға, жаңа экономикалық саясаттың кезіндегі мұқтаждарға жауап бермейді, бере де алмайды. Өйткені, екіншіден, фракциялық күрестің өткен тәртіптерін қайта орнату, әсіресе қазір, Лениннің жоқ кезінде, партияның бірлігін сөзсіз бузуға алып барып соққан болар еді.

Преображенский партияның 1917—1918 жылдардағы ішкі өмірінің жағдайларын тілекке сай мүлгіксіз нәрсе етіп көрсетуге тырысады. Бірақ партияның ол кездегі ішкі өмірінің, партияны ауыр-ауыр күйзеліске ұшыратқан, толып жатқан жаман жақтарының болғандығын біз білеміз. Еш уақытта да большевиктердің арасында партиялық ішкі күрес сол кездегідей болып, Брест бітімінің дәуіріндегідей болып асқынбаған болар. Мысалы, ол кезде өз алдына жеке фракция болған, «солшыл» коммунистердің сол кездегі Халық Комиссарлары Советін «солшыл» коммунистер фракциясының құрамында бар, жаңа адамдардан құралған жаңа Халық Комиссарлары Советімен ауыстыру туралы үлкен сөз көтеріп, аянбай күрес жүргізуге дейін барғандығы мәлім. Қазіргі оппозиционерлер-

дің бір бөлегі — Преображенский, Пятаков, Стуков және басқалар — ол кезде «солшыл» коммунистер фракциясының құрамында болатын.

Преображенский біздің партиямызда сол ескі «идеалды» тәртіптерді қайта орнатпақ па екен?

Қалай болған күнде де бұл «қайта орнатуға» партияның көнбейтіндігі анық.

САПРОНОВТЫҢ МАҚАЛАСЫ ТУРАЛЫ

Сапронов партияның ішкі өміріндегі кемшіліктердің себебі — партия аппараттарында «партия қазымырларының», «партия мүшелерін» «мектеп әдісімен» «тәрбиелеп» отырған «мектеп ханымдарының» отырғандығында, сөйтіп, олардың партия мүшелерін күрес үстінде шындап тәрбиелеу ісіне кедергі жасап отырғандығында дейді. Сөйтіп, біздің партия аппаратындағы қызметкерлерді «мектеп ханымдарына» айналдырып, бұл адамдардың қайдан пайда болғандығын және «партия қазымырлары» қалайша біздің партияның ісіне ие болып алғандығын сұрауды тіпті ойламайды да. Осындай қауыпты және демогогиялық қағыйданы дәлелденген нәрсе ретінде көтереді де, марксист құрғақ сөздерге қанағаттанбайтындығын, марксист алдымен құбылысты, егерде ол құбылыс жаратылыста шынымен бар болатын болса, түсініп алуы тиіс екендігін, сонан соң оны жақсартудың нағыз қажет шараларын қолдану үшін оның неден болғандығын білу керек екендігін Сапронов ұмытады. Бірақ Сапроновтың марксизмде жұмысы да жоқ тәрізді. Қайткенде де оған партия аппаратын бәләғаттау керек, — қалғандары өздігімен үйлесе жатпақ.

«Партия казымырларының» зұлым ниеттері — Сапроновтың ойынша, біздің партияның ішкі өміріндегі кемшіліктердің себебі міне осындай. Сөз бар ма — себебін дұрыс тапқан ғой.

Түсініксіз жерлері тек мыналар:

1) Осы «мектеп ханымдары» және «партия казымырлары» дүние жүзіндегі ең революцияшыл пролетариатқа басшылық етуді қалайша өз қолдарында ұстап қала алды екен?

2) «Мектеп ханымдарының» тәрбиесіне берілген біздің «мектеп балалары болып отырған партия адамдарымыз» дүние жүзіндегі ең революцияшыл елге басшылық етуді қалайша өз қолдарында ұстап қала алды екен?

Қалай болған күнде де, біздің партия аппаратының атқарып отырған орасан ұлы ісін түсініп, оған баға беруден гөрі, «партия казымырлары» туралы мылжыңдаудың жеңіл екендігі анық нәрсе.

Біздің партияның ішкі өміріндегі кемшіліктерді Сапронов қалай емдемек? Оның диагнозы қандайлық оңай болса, емі де сондай оңай. «Біздің офицерлерімiздің қатарын қайта қарап шығу», қазіргі қызметкерлерді орындарынан алу — Сапроновтың емі міне осындай. Ол партияның ішкі демократиясын жүзеге асырудың негізгі шарты осы деп біледі. Мен біздің партияның ішкі өмірін жақсарту ісінде демократизм жолымен қайта сайлау жүргізудің маңызын жоққа шығарудан аулақпын. Бірақ мұны негізгі шарт деу — партияның ішкі өмірін де, оның кемшіліктерін де түсінбегендік болады. Оппозиция қатарында мына сияқтылар бар: Белобородов, мұның «демократизмі» осы күнге дейін Ростов жұмысшыларының есінде қалған; Розенгольц,

мұның «демократизмі» біздің су жолы және темір жол қызметкерлеріне оңай тиген жоқ; Пятаков, мұның «демократизмінен» бүкіл Донбасс жыламақ тұрсын, зар еңіреген болатын; Альский, мұның «демократизмі» жұртқа мәлім; Бык, мұның «демократизмінен» Хорезм әлі күнге дейін зар қақсауда. Егер қазіргі «партия қазымырларының» орындарына жоғарыда аталған «құрметті жолдастар» қойылатын болса, Сапронов партия ішінде демократия үстем болады деп ойлай ма екен? Бірақ менің бұған біраз күмәндануыма кеңшілік етілетін болар.

Демократизмнің екі түрі бар тәрізді: өздігімен әрекет жасауға және партия басшылығының ісіне белсене қатысуға жұлқынып отыратын, партия бұқараларының демократизмі және, демократизмнің мәні бір адамдардың екінші адамдармен ауысуында деп түсінетін, наразы болып жүрген партия вельмождарының демократизмі. Партия демократизмнің бірінші түрін жақтайды және ол оны өзінің қуыш қолымен жүзеге асырады да. Бірақ шын партияның нағыз ішкі жұмысшы демократиясымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын демократизмді, наразы болып жүрген партия вельмождарының «демократизмін» партия аулақ лақтырады.

Партияның ішкі демократиясын қамтамасыз ету үшін, партия өздігімен әрекет жасайтын организм емес, ол мекемелер системасы дегізіп отырған, біздін бірсыпыра қызметкерлердің санасындағы соғыс дәуірінің қалдықтарын және әдеттерін ең алдымен жою қажет. Бірақ бұл қалдықтарды қысқа мерзімнің ішінде жоюға болмайды.

Екіншіден, партияның ішкі демократиясын қамта-

масыз ету үшін, миллионға жуық қызметкерлері бар біздің мемлекеттік бюрократтық аппараттың 20—30 мың адамнан аспайтын қызметкерлері бар партия аппаратына қысым жасауын жою қажет болады. Бірақ осы орасан зор машинаның қысымын жойып, оны өзімізге бағындыру қысқа мерзімнің ішінде мүмкін емес.

Үшіншіден, партияның ішкі демократиясын қамтамасыз ету үшін, толып жатқан артта қалып отырған ұяларымыздың мәдени дәрежесін көтеруіміз қажет және белсенді қызметкерлерді Одақтың барлық жеріне дұрыс бөлуіміз қажет, бұны да қысқа мерзімнің ішінде орындауға болмайды.

Міне, өздеріңіз көріп отырсыздар, егер, әрине, демократизм деп Сапроновтың әшейін формальды демократизмін емес, нағыз, жұмысшы демократизмін, жасанды емес демократизмді ұғатын болсақ, толық демократияны қамтамасыз ету, Сапроновтың ойлағанындай, оңай жұмыс емес.

Партияның нағыз ішкі демократиясын қамтамасыз ету үшін және оны жүзеге асыру үшін, бүкіл партияның жігерін төменнен бастап жоғарыға дейін жұмылдыру қажет екендігі айқын нәрсе.

ТРОЦКИЙДІҢ ХАТЫ ТУРАЛЫ

Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының партияның ішкі демократиясы туралы 7 декабрьде жарияланған қарары бірдауыспен қабылданған. Троцкий осы қарарға дауыс берген болатын. Сондықтан Орталық Комитеттің мүшелері, оның ішінде Троцкий де, бірыңғай майдан болып Орталық Коми-

тетті және оның карарын бірауыздан колдауға партия мүшелерін шақырады ғой деп үйғаруға болатын еді. Алайда, іс жүзінде бүл жорамал акталмады. Жақын арада Троцкий партия кеңестеріне арнап хат жазды, бүл хатты Орталық Комитетті және оның позициясын қолдау ісінде партия мүшелерінің бірлікке деген жігерін әлсірету әрекеті деп түсіну керек, басқаша деп түсінуге болмайды.

Билігін өздеріңіз айтыңыздар.

Партия аппаратындағы бюрократизм туралы айта келіп және ескі гвардияның, яғни, біздің партияның негізгі үйыткысы, лениншілдердің азғындау катері туралы ескерте келіп, Троцкий былай деп жазады:

««Ескі гвардияның» азғындауы тарихта талай рет байқалған нәрсе. Анағурлым жаңа және айкын тарихы мысалды алып каралық: II интернационалдың көсемдері мен соның партияларын алып каралық. Вильгельм Либкнехт, Бебель, Зингер, Виктор Адлер, Каутский, Бернштейн, Лафарг, Гед және басқалардың Маркс пен Энгельстің тікелей және ең жақын шәкірттері болғандығы бізге мәлім. Алайда осы көсемдердің бәрінің де, — біреулері шінара, басқалары бүтіндей, — оппортунизм жағына азғындап кеткендігін біз білеміз»... «Жас үрпақты тәрбиенің жігерсіз материалына айналдыратын және аппарат пен бұқараның арасын, карттар мен жастардың арасын ылажсыз алыстататын саясаттың аппараттық-бюрократтық әдістері мүнан әрі улғаятын және нығаятын болса, онда партияда өзінің табиғи жолымен басшылык рольді аткарып отырған біздің үрпак, алайда, біртіндеп және елеусіз түрде пролетарлық және революциялық рухтың әлсіреуіне карсы өздігінен сенімді кепіл бола алмайтындығын біздер — нақ біздер, «карттар», айтуға тиіспіз»... «Жастар — партияның ең дұрыс барометрі — партия ішіндегі бюрократизмге өте сезімтал келеді»... «Революциялық формулаларды жастар күшпен жеңіп алулары керек...»

Біріншіден, мен мұнда түсінбеушілік туғызуы мүмкін бір жағдайды ашып көрсетуім керек. Троцкий өзін большевиктердің ескі гвардиясының қатарына қосады да, сол ескі гвардияның басына тағылатын айыптарды, егер сол гвардия шынында да азғындау жолына түсіп кететін болса, өз мойнына алуға дайын екендігін көрсетеді, бұл оның хатынан көрініп тұр. Өзін өзі құрбан етуге оның осы әзірлігі, дау жоқ, ізгіліктің белгісі болып табылады, мұны мойындау керек. Бірақ мен Троцкийді Троцкийден қорғауға тиіспін, өйткені ол, түсінікті себептермен, ескі большевиктер гвардиясының негізгі кадрларының ықтимал азғындауына жауапты емес және жауапты болуға тиіс те емес. Құрбандық, әрине, жақсы нәрсе, бірақ оның ескі большевиктерге керегі бар ма? Меніңше, оның керегі жоқ.

Екіншіден, Бернштейн, Адлер, Каутский, Гед т. б. сияқты оппортунистер мен меньшевиктерді және оппортунизмге қарсы, меньшевиктерге қарсы, II интернационалға қарсы ұдайы күрес жүргізіп келген, сенуімше, ілгеріде де солармен абройлы күрес жүргізе беретін большевиктердің ескі гвардиясын қалайша қатар қоюға болатыны түсініксіз. Егер тіпті де ескі гвардияны жақтауды көздемейтін, басқа бір жанама пікірлер туралы емес, партияның мүдделері туралы айтатын болсақ, бұл былықтыру және осындай бірімен бірін араластыру неден туып отыр және бұлар кімге керек? Оппортунизмге қарсы күрестің үстінде өсіп жетілген большевиктер жөнінде айтылып отырған оппортунизм туралы осы ишараттарды қалай деп түсінуге болады.

Үшіншіден, айталық, енді тіпті жер сілкіну бол-

майды деп кесіп айтуға менің каншама дәлелім жоқ болса, сол сыякты, ескі большевиктер де азғындыкка ұшырау қаупінен мүлде құтылды дегім келмейді. Бұл сыяқты қатер, ықтимал нәрсе ретінде, болады деп ұйғаруға болады және солай ұйғару керек те. Бірақ мұнан осы қатер нақтылы қатер, бар қатер деген ұғым туа ма? Менінше, тумайды. Ал енді Троцкийдің өзі де азғындау қатерінің нактылы қатер екендігін көрсететін ешкандай мәліметтер келтірген жоқ. Ал енді сонымен партиямыздың бір катарының азғындауына шын қатер туғыза алатын бірсыпыра элементтер бізде, партия ішінде бар. Мен бұл жерде, біздің партияға амалсыз келіп кірген және әлі де болса өздерінің ескі оппортунистік дағдыларынан арыла алмай жүрген, меньшевиктердің бірсыпырасын айтып отырмын. Біздің партиямызға тазарту жүргізілген кезде осы меньшевиктер туралы және осы қатер туралы Ленин міне былай деп жазған:

«Оппортунистің кандайының болсын ерекшелігі бейімделуге икемділігі... меньшевиктер де, оппортунистер болғандықтан, былайша айтканда, «принцип үшін» жұмысшылардың ішінде үстем болып отырған ағымға бейімделіп отыр, кысты күні қоянның ағаратыны тәрізді, айналаға бейім түске бөленіп отыр. Меньшевиктердің бул ерекшелігін білу керек, оны ескеру керек. Ал мұны ескеру дегеніміз партияны РКП-ға 1918 жылдан соң кірген, яғни ең алдымен большевиктердің женісі мүмкін нәрсе бола бастаған кезде, одан соң ол жеңіс күмәнсіз нәрсеге айналған кезде кірген барлык меньшевиктердің жүзден токсан тоғызы шамасында тазарту деген сөз» (караңыз: XXVII том, 13-бет).

Нақтылай бар болып отырған, осы және осы сыяқты катерлерді ұмытып, ықтималы бар қатерді, большевиктердің ескі гвардиясының азғындау қатерін

Троцкий калайша алдынғы катарға койып отыр? Егерде, большевиктердің ескі гвардиясының жетекші ўйткысы болып отырған Орталык Комитеттің көпшілігінің беделін түсірейін деген пікірлер көзделмей, партияның мүдделері көзделген болса, бірінші катарға ыктимал катерді, шынын айтканда, жок катерді кою аркылы, нактылы катерге калайша көз жўмуға болады? Бўл сыякты «әдістердің» тек оппозицияның отына май кўятындығы айкын емес пе?

Төртіншіден, Троцкийдің азғындауы мүмкін «карттарды» партияның «ең дўрыс барометрі» болып табылатын «жастарға» карсы коюы және бюрократтанып кетуі мүмкін «ескі гвардияны» «революциялык формулаларды күшпен жеңіп алуы» тиіс «жас гвардияға» карсы коюы неден туып отыр? Мўндай біріне бірін карсы коюшылык неден туып отыр және мўның неге кажеті бар? Әлде жастар мен карттар ішкі жауларға және сырткы жауларға карсы кашан да бірынғай майданмен жүрген жок па екен? Әлде «карттар» мен «жастардың» бірлігі біздің революциямыздың негізгі күші емес пе екен? Партиямыздың осы негізгі отрядтарының арасынан жік ашып және оны ўлғайту үшін істеліп отырған, осы ескі гвардияны әлсірету және демагогияға салып, жастардың кытығына тию әрекеті неден туып отыр? Егер, оппозицияның пайдасына партияның бірлігін әлсіретуді көздемей, партияның мүдделері, оның бірлігі, оның ўйымшылдығы көзделетін болса, онда осылардың бәрінің кімге кажеті бар?

Орталык Комитетті және оның партияның ішкі демократиясы жөніндегі карарын, оның үстіне бірдауыспен кабылданған карарын, өстіп те корғай ма екен?

Айта кету керек, партия кеңестеріне арнап хат жазғанда Троцкий өзінің алдына мұндай міндет қоймаған да болар. Мұнда басқа мақсат бар тәрізді, атап айтқанда: Орталық Комитеттің қарарын қорғағансып, партияның Орталық Комитетіне қарсы оппозицияның жүргізіп отырған күресін дипломатиялық жолмен қолдау мақсаты болған тәрізді.

Троцкийдің хатындағы екіжүзділік таңбаны, атап айтқанда, осылай түсіндіруге ғана болады.

Троцкий демократияшыл централистермен және «солшыл» коммунистердің бір бөлегімен одақ жасасып отыр — Троцкийдің хатының саяси маңызы осында.

„Правда“ № 285,
15 декабрь, 1923 ж.

Қол қойған: И. Сталин

ҚАЖЕТТІ ЕСКЕРТУ

(Рафаил туралы)

«Айтыс туралы, Рафаил туралы және басқалар туралы» «Правдадағы» (№ 285), өзімнің мақаламда мен Рафаилдың Пресня жыйналысындағы сөзі бойынша «біздің партия іс жүзінде армиялық ұйымға айналып отыр, ондағы тәртіп армия тәртібіне айналып отыр, сондықтан да партияның бүкіл аппаратын, жарамсыз аппарат ретінде бастан аяқ қағып-сілку қажет» екен—деген болатынмын. Бұл жөнде өзінің «Правдадағы» мақаласында Рафаил мені оның көзқарастарын «айтыстың қызуымен» теріс ұғындырды, «жәй ұғымға айналдырды» тағы басқалар дейді. Рафаил былай дейді: ол тек партия мен армияның арасына аналогия (салыстыру) жүргізді, ал аналогия дегеніміз барабарлық болып табылмайды дейді. «Партияны басқару системасы армияны басқару системасына ұқсас — бұл, — дейді ол, — дәл көшірмесі деген мағна емес, мұнда тек қана параллель жүргізілген».

Рафаилдың мұнысы дұрыс па?

Жоқ, дұрыс емес. Дұрыс еместігі мынау.

Біріншіден. Пресня жыйналысындағы сөзінде Ра-

фаил, өзінің кәзір айтып отырғаны сияқты, партияны армиямен жәй ғана салыстырып қойған жоқ, партия армия кейіптес құрылған деп тауып, оны шынында армиямен теңгерді. Менің алдымда, автордың өзі қарап шыққан, Рафаилдың сөйлеген сөзінің стенограммасы жатыр. Онда былай деген: «Біздің бүкіл партиямыз төменнен жоғарысына дейін армия кейіптес құрылған». Біздің бұл жерде көріп отырғанымыз жәй салыстыру ғана емес, партия құрылысы армия құрылысымен теңгеріліп отырғандығы, бірдей бөлініп отырғандығы екендігін теріске шығаруға бола қояр ма екен.

Біздің партия армия кейіптес құрылған деуге бола ма? Болмайтыны анық қой: өйткені партия ерікті түрде, төменнен бастап құрылады, өзі сайлап қойып отыратын штабына партия материалдық жағынан тәуелді болмайды; ал армия еріксіз түрде, жоғарыдан бастап құрылады, ешкім сайламайтын, жоғарыдан белгіленіп қойылатын штабқа материалдық жағынан толық тәуелді болады, бұл жұртқа мәлім нәрсе. Және т. т., т. б.

Екіншіден. Рафаил партияны басқару системасын армияны басқару системасымен жәй ғана салыстырып отырған жоқ, қайта біріншіні екіншіге теңеп отыр, оларды «артық сөз қоспастан» бірдей деп отыр. Өзінің мақаласында Рафаил былай деп жазады: «Біз партияны басқару системасын армияны басқару системасымен **бірдей** дейміз, біз мұны басқаша бір ой мен емес, партияның жағдайына объективті анализ жасаудан тудырып айтып отырмыз». Мұнда Рафаил партияны басқару мен армияны басқаруды салыстырып қана отырған жоқ, — өйткені ол «артық сөз қос-

пастан», оларды «тек» бірдей нәрсе деп отыр, мұны бекер деуге болмайды.

Басқарудың осы екі системасын бірдей теңеуге бола ма? Жоқ, болмайды: өйткені армияны басқару системасы, система ретінде алғанда, партияның мәніне де, оның өзінің мүшелеріне ықпалын жүргізу және сондай-ақ партияда жоқ бұқараға ықпалын жүргізу әдістері жағынан да үйлеспейді.

Үшіншіден. Рафаил өзінің мақаласында бүкіл партияның және оның әрбір мүшелерінің тағдыры сайып келгенде Орталық Комитеттің есепке алу және жұмысқа бөлу бөлімінің қолында дейді, «партияның мүшелері мобилизацияланған адамдар болып есептеледі, есепке алу және жұмысқа бөлу бөлімі жұрттың барлығын жұмысқа қойып отырады, өзін өзі басқаруға ешкімнің ешқандай правосы жоқ, басқаша айтқанда, жабдықтау мөлшерін, яғни жалақыны, жұмыстың түрін, т. б. белгілеу есепке алу және жұмысқа бөлу бөліміне байланысты немесе «штабқа» байланысты. Осының бәрі рас па? Әрине, жоқ! Бейбітшілік уақытта, әдетте, Орталық Комитеттің есепке алу және жұмысқа бөлу бөлімі арқылы бір жыл ішінде бар болғаны сегіз — он мың адам өтіп отырады. Орталық Комитеттің РКП-ның XII съезіне жасаған баяндамасынан* Орталық Комитеттің есепке алу және жұмысқа бөлу бөлімі арқылы 1922 жылы 10 700 адам (яғни 1921 жылмен салыстырғанда екі есе аз) өткендігі мәлім. Егер бұл саннан жергілікті орындар арқылы оқуға жіберілген 1 500 адамды және демалысқа кеткен (400-ден астам адам) ауруларды шығарып тастайтын болсақ, онда 8 000-нан артығырақ адам қалады. Бұлардың

ішінен бір жылдың ішінде Орталық Комитет жұмысқа орналастырған жауапты қызметкерлер 5 167 адам (яғни есепке алу және жұмысқа бөлу бөлімінің қолынан өткендердің жалпы санының жартысынан азы). Ал ол кезде бүкіл партияда 5 000 да және 10 000 да емес, 500 000 мүше болды, бұлардың негізгі көпшілігіне Орталық Комитеттің есепке алу және жұмысқа бөлу бөлімінің жұмысқа бөлу ісі жуысқан да жоқ және жуыса алған да жоқ. Орталық Комитет бейбітшілік уақытта әдетте тек жауапты қызметкерлерді ғана жұмысқа бөлетіндігін, Орталық Комитеттің есепке алу және жұмысқа бөлу бөлімі партияның, қазір 400 000-нан асып отырған, мүшелерінің бәріне «жалақы мөлшерін» белгілей алмайтындығын және белгілеуге тиіс емес екендігін Рафаил ұмытқан болар. Мұндай кісі күлерлік асырып айту Рафаилға не үшін қажет болды екен? «Фактылар арқылы» партияны басқару системасының армияны басқару системасымен «бірдей екендігін» көрсету үшін қажет болған түрі бар.

Фактылар осындай.

Міне сондықтан мен: Рафаил «партияны да, армияны да жете білмейді» деп ойладым және әлі де солай деп ойлаймын.

Ал X съездің қаулыларынан Рафаилдың келтірген цитаталарын алатын болсақ, бұл айтылып отырған жағдай үшін олардың ешқандай маңызы жоқ, өйткені олар «партияны басқару системасы мен армияны басқару системасының бірдейлігі» жөнінде емес, тек соғыс дәуірінің қалдықтары туралы ғана айтылған нәрселер.

Рафаилдың қателерді түзету керек, қатеге жарма-

сып қайсарлық жасамау керек дегені дұрыс. Міне сондықтан мен Рафаил өзінің жасаған кателерін түбінде түзетеді деген сенімді жоғалтпаймын.

„Правда“ № 294,
28 декабрь, 1923 ж.
Қол қойған: И. Сталин

«КОММУНИСТ» ГАЗЕТІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ[66]

Мыңыншы номерінің шығуына байланысты «Коммунист» газетін шын көңілмен құттықтаймын. Оның Шығыстағы еңбекші бұқараларға коммунизмнің толық жеңіп шығуына жеткізетін жолды көрсететін сенімді шамшырақ болуын тілеймін.

РКП Орталық Комитетінің секретары ***Сталин***

«Бакинский Рабочий»
№ 294 (1022),
30 декабрь, 1923 ж.

ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша № 1

СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ

Совет республикалары құрылған кезден бері дүние жүзінің мемлекеттері екі лагерьге: капитализм лагеріне және социализм лагеріне бөлінді.

Онда, капитализм лагерінде, — ұлттық наразылық пен теңсіздік, отарлық құлшылық пен шовинизм, ұлттық езушілік пен қырғын, империалистік айуаншылық пен соғыстар болып жатыр.

Мұнда, социализм лагерінде, — өзара сенім мен бейбітшілік, ұлт бостандығы мен теңдік, халықтардың татулығы мен туысқандық ынтымағы.

Капиталистік дүниенің ондаған жылдар бойында ұлттар туралы мәселені халықтардың еркін дамуы мен адамды адам қанау системасын біріктіре отырып шешу жолындағы әрекеттері жемiссiз болып шықты. Қайта, ұлттық қайшылықтардың түйіндері барған сайын шиеленісіп, капитализмнің өзінің өмір сүруіне қауіп туғызып отыр. Халықтардың ынтымағын құруда буржуазия қабілетсіз болып шықты.

Ұлттық езушілікті тамырымен жою, халықтардың өзара сенім жағдайын жасау және халықтардың туысқандық ынтымағының негіздерін салу тек советтер лагерінде ғана, халық көпшілігін өз төңрегіне жыйнай білген пролетариат диктатурасының жағдайында ғана мүмкін болып отыр.

Тек осы жағдайлардың арқасында ғана совет республикалары бүкіл дүниежүзілік империалистердің, ішкі және сыртқы

жаулардың шабуылдарын тойтара алды. Тек осы жағдайлардың арқасында ғана олар азамат соғысын ойдағыдай аяқтап, өзінің өмір сүруін қамтамасыз ете алды және бейбіт шаруашылық құрылысына кірісе алды.

Бірақ соғыс жылдары із тастамай кеткен жоқ. Соғыстан мұраға қалған бүлінген жер, тоқтап қалған заводтар, қыйраған өндіргіш күштер және тыйтығына жеткен шаруашылық ресурстары шаруашылық құрылысы жөніндегі жеке республикалардың жеке-жеке күш салуын жеткіліксіз етіп отыр. Республикалар бөлек-бөлек өмір сүріп тұрғанда халық шаруашылығын қалпына келтіру мүмкін болмай отыр.

Екінші жағынан, халықаралық жағдайдың тұрақсыздығы және жаңа шабуылдар жасалу қаупі, совет республикаларының капиталистік қоршауға қарсы бірыңғай майданын құруды қажет етіп отыр.

Ақырында, өзінің таптық жаратылысы жағынан интернационалшыл өкімет болып табылатын, Совет өкіметінің құрылысының өзі совет республикаларының еңбекші бұқараларын социалистік бір семья болып бірігу жолына итермелейді.

Осы жағдайлардың бәрі де совет республикаларының сыртқы қауіпсіздікті де, ішкі шаруашылықтың жедел дамуын да, халықтардың ұлттық дамуының бостандығын да қамтамасыз ете алатын одақтық бір мемлекет болып бірігуін қатты талап етіп отыр.

Бұл Одақтың тең праволы халықтардың ерікті бірлестігі екендігіне, әрбір республиканың өз еркімен Одақтан шығу правосының қамтамасыз етілгендігіне, қазір өмір сүріп отырған және болашақта пайда болатын барлық социалистік совет республикалары үшін де Одақтың есігі ашық екендігіне, одақтық жаңа мемлекет 1917 жылы октябрьде негізі қаланған халықтар татулығының және туысқандық ынтымағының лайықты түрде аяқталуы екендігіне, бұл Одақ дүниежүзілік капитализмге қарсы берік қамал және барлық елдердің еңбекшілерінің Дүниежүзілік Советтік Социалистік Республикаға бірігуі жолында батыл басқан жаңа адым болатындығына жуық арада өздерінің Советтерінің съездеріне жыйналып, «Советтік Социалистік Республикалар Одағын» құру туралы бірауыздан қаулы алған

совет республикалары халықтарының тілегі сенімді кепіл бола алады.

Осылардың бәрі туралы бүкіл дүние жүзі алдында айта келіп, бізді өкіл еткен советтік социалистік республикалардың конституцияларында айтылған, Совет өкіметі негіздерінің мызғымайтындығын салтанатпен жариялай келіп, біз, сол республикалардың делегаттары, өзімізге берілген өкілдікке сүйене отырып «Советтік Социалистік Республикалар Одағын» құру туралы договорға қол қоюға каулы етеміз.

Қосымша № 2

СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ДОГОВОР

Россия Советтік Федерациялы Социалистік Республикасы (РСФСР), Украин Советтік Социалистік Республикасы (УССР), Белорус Советтік Социалистік Республикасы (БССР) және Закавказье Советтік Федерациялы Социалистік Республикасы (ЗСФСР — Грузия, Азербайжан және Армения) одақтық бір мемлекет — «Советтік Социалистік Республикалар Одағы» болып бірігу туралы төмендегі негіздер бойынша осы одақтық договорды жасайды.

1. Советтік Социалистік Республикалар Одағының, өзінің жоғарғы органдары арқылы, карауына жататындар:

а) халықаралық қатнастарда Одақ атынан өкіл болу;

б) Одақтың сыртқы шегарасын өзгерту;

в) Одақ құрамына жаңа республикаларды енгізіп алу туралы договорлар жасау;

г) соғыс жариялау және бітім жасау;

д) мемлекеттік сыртқы заемдар жасау;

е) халықаралық договорларды ратификациялау;

ж) ішкі және сыртқы сауданың системасын белгілеу;

з) Одақтың бүкіл халық шаруашылығының негіздері мен жалпы жоспарын белгілеу, сондай-ақ концессиялық договорларды жасау;

и) транспорт және почта-телеграф істерін реттеп отыру;

к) Советтік Социалистік Республикалар Одағының карулы күштерінің ұйымдастыру негіздерін белгілеу;

л) Советтік Социалистік Республикалар Одағының бірыңғай мемлекеттік бюджетін бекіту, монет, ақша және кредит системаларын белгілеу, сондай-ақ жалпыодақтық, республикалық және жергілікті салықтар системасын белгілеу;

м) жерге орналастырудың және жер пайдаланудың жалпы негіздерін белгілеу, сондай-ақ Одақтың барлық жеріндегі кен байлықтарды, ормандарды және суларды пайдаланудың жалпы негіздерін белгілеу;

н) қоныс аудару туралы одақтық заңдарды шығару;

о) сот құрылысы мен сот жүргізу негіздерін белгілеу, сондай-ақ азаматтық және қылмыс істерінің одақтық заңдарын белгілеу;

п) еңбек туралы негізгі заңдарды белгілеу;

р) халық ағарту ісінің жалпы негіздерін белгілеу;

с) халық денсаулығын қорғау жөніндегі жалпы шараларды белгілеу;

т) өлшеуіштер мен таразылар системасын белгілеу;

у) жалпыодақтық санақ жұмысын ұйымдастыру;

ф) шетелдіктердің праволары жөнінде одақтық азаматтыққа қабылдау жөніндегі негізгі заң шығару;

х) жалпы кешірім беру правосы;

ц) одақтық договорға қайшы келетін одақтас республикалардың Советтер съезінің, Орталық Атқару Комитеттері мен Халық Комиссарлары Советтерінің қаулыларын бұзу.

2. Советтік Социалистік Республикалар Одағы өкіметінің жоғарғы органы — Советтік Социалистік Республикалар Одағының Советтер съезі болады, ал съездердің арасындағы уақытта — Советтік Социалистік Республикалар Одағының Орталық Атқару Комитеті болады.

3. Советтік Социалистік Республикалар Одағының Советтер съезі, 25 000 сайлаушылар есебінен 1 депутат жіберетін қалалық Советтердің өкілдерінен және 125 000 халықтың есебінен 1 депутат жіберетін Советтердің губерниялық съездерінің өкілдерінен құралады.

4. Советтік Социалистік Республикалар Одағының Советтер съезінің делегаттары Советтердің губерниялық съездерінде сайланады.

5. Советтік Социалистік Республикалар Одағының кезекті

Советтер съезін жылына бір рет Советтік Социалистік Республикалар Одағының Орталық Атқару Комитеті шақырады; төтенше съездерді Советтік Социалистік Республикалар Одағының Орталық Атқару Комитеті өз шешімі бойынша немесе кемінде екі одақтас республиканың талап етуі бойынша шақырады.

6. Советтік Социалистік Республикалар Одағының Советтер съезі одақтас республикалардың өкілдерінен, олардың әрқайсысының халқының санына қарай 371 мүшеден Орталық Атқару Комитетін сайлайды.

7. Советтік Социалистік Республикалар Одағының Орталық Атқару Комитетінің кезекті сессиясы жылына үш рет шақырылады. Төтенше сессиялар Одақтың Орталық Атқару Комитеті Президиумының қаулысы бойынша немесе Советтік Социалистік Республикалар Одағының Халық Комиссарлары Советінің талап етуі бойынша, сондай-ақ одақтас республикалардың бірінің Орталық Атқару Комитетінің талап етуі бойынша шақырылады.

8. Советтік Социалистік Республикалар Одағының Советтер съезі мен Орталық Атқару Комитетінің сессиялары, Советтік Социалистік Республикалар Одағының Орталық Атқару Комитетінің Президиумы белгілеген тәртіп бойынша, одақтас республикалардың астаналарында шақырылады.

9. Советтік Социалистік Республикалар Одағының Орталық Атқару Комитеті, Одақтың Орталық Атқару Комитетінің сессиялары арасындағы уақытта Одақтың жоғарғы өкімет органы болып табылатын Президиумды сайлайды.

10. Советтік Социалистік Республикалар Одағының Орталық Атқару Комитеті Президиумының құрамы 19 мүшеден сайланады, осылардың ішінен Одақтың Орталық Атқару Комитеті одақтас республикалардың санына қарай Одақтың Орталық Атқару Комитетінің төрт председателін сайлайды.

11. Одақтың Орталық Атқару Комитетінің атқарушы органы Советтік Социалистік Республикалар Одағының Халық Комиссарлары Советі болады, мұны Одақтың Орталық Атқару Комитеті өзінің сайланған мерзіміне дейін төменгі құрамда сайлайды:

Одақтың Халық Комиссарлары Советінің Председателі,

Председательдің орынбасарлары,

Сыртқы істер халық комиссары,
Соғыс және теңіз істері халық комиссары,
Сыртқы сауда халық комиссары,
Жол қатнасының халық комиссары,
Почта мен телеграф халық комиссары,
Жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссары,
Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советінің председателі,
Еңбек халық комиссары,
Азық-түлік халық комиссары,
Финанс халық комиссары.

12. Советтік Социалистік Республикалар Одағының территориясында революциялық заңды орнату үшін және контрреволюциямен күресу ісінде одақтас республикалардың күшін біріктіру үшін, Советтік Социалистік Республикалар Одағының Орталық Атқару Комитетінің жанынан жоғарғы сот бақылауын жүргізу функциясымен Жоғарғы Сот құрылады, ал Одақтың Халық Комиссарлары Советінің жанынан Мемлекеттік Саяси Басқарманың біріккен органы құрылады, мұның председателі Одақтың Халық Комиссарлары Советіне кеңесші даусымен енеді.

13. Советтік Социалистік Республикалар Одағының Халық Комиссарлары Советінің декреттері мен қаулылары барлық одақтас республикаларға міндетті және Одақтың барлық территориясында тікелей іс жүзіне асырылады.

14. Одақтың Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің декреттері мен қаулылары одақтас республикалардағы жаппай қолданылатын тілдерде (орыс, украин, белорус, грузин, армян, түрік тілдерінде) басылып шығады.

15. Одақтас республикалардың Орталық Атқару Комитеттері Одақтың Халық Комиссарлары Советінің декреттері мен қаулыларына өзінің наразылығын, олардың орындалуын тоқтатпастан, Советтік Социалистік Республикалар Одағының Орталық Атқару Комитетінің Президиумына білдіреді.

16. Советтік Социалистік Республикалар Одағының Халық Комиссарлары Советінің қаулылары мен бұйрықтарын Советтік Социалистік Республикалар Одағының Орталық Атқару Комитеті және оның Президиумы ғана бұза алады; ал Советтік Социалистік Республикалар Одағының жеке халық комиссарлары-

ның бұйрықтарын Советтік Социалистік Республикалар Одағының Орталык Аткару Комитеті, оның Президиумы және Одақтың Халык Комиссарлары Советі бұза алады.

17. Советтік Социалистік Республикалар Одағының халық комиссарларының бұйрықтарын өте төтенше жағдайда ғана, бұл бұйрық Советтік Социалистік Республикалар Одағының Орталық Аткару Комитетінің немесе Халық Комиссарлары Советінің каулыларына көріне сәйкес келмеген күнде ғана одақтас республикалардың Орталық Аткару Комитеті немесе Орталык Атқару Комитеті Президиумы орындаудан токтатуы мүмкін. Бұйрықты орындаудан токтатқаны туралы одақтас республикалардың Орталык Атқару Комитеті немесе Орталық Аткару Комитетінің Президиумы Советтік Социалистік Республикалар Одағының Халык Комиссарлары Советіне және Советтік Социалистік Республикалар Одағының тиісті халық комиссарына дереу мәлімдейді.

18. Одақтас республикалардың Халық Комиссарлары Советінің құрамына кірстіндер:

Халык Комиссарлары Советінің Председателі,

Председательдің орынбасарлары,

Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советінің председателі,

Жер халык комиссары,

Азык-түлік халық комиссары,

Финанс халық комиссары,

Еңбек халық комиссары,

Ішкі істер халық комиссары,

Юстиция халық комиссары,

Жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссары,

Ағарту халық комиссары,

Денсаулық халық комиссары,

Әлеуметтік камсыздандыру халық комиссары,

Ұлт істері халық комиссары,

сондай-ақ бұған Одақтың сыртқы істер, соғыс-теңіз, сыртқы сауда, жол катнас және почта мен телеграф халық комиссариаттарының өкілдері кеңесші дауыспен кіреді.

19. Одақтас республикалардың Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советі және азық-түлік, финанс, еңбек және жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссариаттары одақтас

республикалардың Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советіне тікелей бағына отырып, өздерінің қызметін атқаруда Советтік Социалистік Республикалар Одағындағы тиісті халық комиссарларының бұйрықтарына басшылық нұсқау ретінде сүйеніп отырады.

20. Одақ құрамына кіретін республикалардың, жалпыодақтық бюджеттің құрамды бір бөлімшесі болып табылатын, өзінің бюджеттері болады, мұны Одақтың Орталық Атқару Комитеті бекітеді. Республикалардың бюджеттері, олардың кіріс жағын да, шығыс жағын да Одақтық Орталық Атқару Комитеті белгілейді. Кірістердің тізбесі мен одақтас республикалардың бюджеттерін құруға бөліп шығарылатын кірістердің мөлшерін Одақтың Орталық Атқару Комитеті белгілейді.

21. Одақтас республикалардың азаматтары үшін бірыңғай одақтық азаматтық белгіленеді.

22. Советтік Социалистік Республикалар Одағының өзінің туы, гербі және мемлекеттік мөрі болады.

23. Советтік Социалистік Республикалар Одағының астанасы Москва қаласы болады.

24. Одақтас республикалар осы договорға сәйкес өздерінің конституцияларына өзгерістер енгізеді.

25. Одақтық договорды бекіту, өзгерту және толықтыру тек Советтік Социалистік Республикалар Одағының Советтер съезінің қарауына жатады.

26. Одақтас республикалардың әрбірінде Одақтан өз еркімен шығу правосы сақталады.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] РСФСР-дағы түрк халықтары коммунистерінің РК(б)П Орталық Комитеті шақырған кеңесі 1921 жылы 1 — 2 январьда болды. Кеңеске Азербайжанның, Башқұртстанның, Түркстанның, Татарстанның, Дағстанның, Терек облысының, Қырғызстанның, Қырымның партия қызметкерлері қатысты. Кеңес Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының Орталық бюросының баяндамасын, ұйымдастыру мәселесін, т. б. талқылады. И. В. Сталин 2 январьда ұйымдастыру мәселесі жөнінде баяндама жасады (баяндама стенограммаға түспеген). Кеңес И. В. Сталиннің баяндамасы бойынша «РСФСР-дағы түрк халықтарының арасында жұмыс жүргізетін Орталық бюро туралы Ережені» қабылдады. Осы «Ережеге» сәйкес, Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының 1918 жылдан бастап жұмыс істеген Орталық бюросы РСФСР-дың түрк халықтары арасындағы үгіт және насихат жұмысының Орталық бюросы болып қайта құрылды. — *1.*

[2] Бұл арада партияның VIII съезі қабылдаған РК(б)П программасы, оның «Экономика саласында» деген тарауы және «Кәсіпшілер одақтары мен оларды ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде» деген РК(б)П IX съезінің қарары айтылып отыр (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1941, 289—291, 337—340-беттері). — *4.*

3 РК(б)П-ның VIII съезі мен оның соғыс және басқа мәселелер жөніндегі қаулылары туралы мыналардан қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 222—225-беттері және «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1941, 280—313-беттері. И. В. Сталин БК(б)П VIII съезінде соғыс мәселесі жөнінде сөз сөйледі (қараңыз: Шығармалар, 4-том, қазақша 280—281-беттері) және соғыс мәселесі жөніндегі қарарды әзірлеу үшін съезд сайлаған соғыс комиссиясының жұмысына қатысты. — *6*

4 Бұл арада Советтердің VIII съезіндегі, Бүкілроссиялық Кәсіпшілер Одақтарының Орталық Советіндегі және Кәсіпшілер Одақтарының Москва Қалалық Советіндегі РК(б)П фракцияларының 1920 жылы 30 декабрьде болған біріккен мәжілісі айтылып отыр. — *13.*

5 «Партияның ұлт мәселесіндегі кезекті міндеттері туралы» тезистер 1921 жылғы 5 февральда РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мәжілісінде талқыланған. Тезистерді біржолата редакциялау үшін В. И. Ленин мен И. В. Сталин бастаған комиссия тағайындалды. Тезистер «Правданың» 29-номерінде 10 февральда жарияланды және 1921 жылы жеке кітапша болып шықты. — *16.*

6 Панисламизм — діни-саяси идеология; ислам діндегі (мұсылман діндегі) барлық халықтарды бір бүтін етіп біріктіруді уағыздайды. XIX ғасырдың аяғында Шығыс елдеріндегі қанаушы таптардың арасында көп тараған; Түркия бұл идеологияны бүкіл дүние жүзі мұсылмандарын «барлық дінге беріктердің халифы» ретіндегі түрк сұлтанына бағындыру мақсатында пайдаланды. В. И. Ленин панисламизмді «Европа мен Америка империализміне қарсы азаттық қозғалысын хандардың, помещиктердің, молдалардың, т. б. позициясын нығайту ісімен ұштастырмақ» болатын ағымдардың бірі деп бағалаған (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXV том, 289-беті).

Пантюркизм барлық түрк халықтарын түрк үстемдігіне бағындыруды мақсат етеді, бұл Балқан соғыстарының дәуі-

рінде (1912—1913 жылдары) шыққан. 1914—1918 жылдардағы соғыстың кезінде өте агрессияшыл, шовинистік идеологияға айналды. Россияда Октябрь социалистік революциясынан кейін панисламизм мен пантюркизмді контрреволюцияшыл элементтер Совет өкіметіне қарсы күресу үшін пайдаланып келді. — *30.*

[7] РК(б)П X съезі 1921 жылы 8 — 16 мартта болды. Съезд Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының есептерін және кәсіпшілер одақтары мен еліміздің шаруашылық өміріндегі олардың атқаратын ролі туралы, заттай салық туралы, партия құрылысы туралы, партияның ұлт мәселесіндегі кезектегі міндеттері туралы, партияның бірлігі және анархо-синдикалистік уклон туралы, т. б. баяндамаларды талқылады. Орталық Комитеттің саяси есепті баяндамасы мен заттай салық туралы, партияның бірлігі және анархо-синдикалистік уклон жөніндегі баяндамаларды В. И. Ленин жасады. Съезд кәсіпшілер одақтары туралы айтыстың қортындысын шығарып, басым көпшілік дауыспен лениндік платформаны қабылдады. В. И. Ленин жазған «Партияның бірлігі туралы» қарарда съезд барлық фракциялық топтарды мінеді, оларды дереу таратып жіберу керек деп нұсқау берді және партияның бірлігі пролетариат диктатурасының табысты болуының негізгі шарты болып табылады деп көрсетті. Съезд «Біздің партиядағы синдикалистік және анархистік уклон туралы» В. И. Лениннің жазған қарарын қабылдады; бұл қарарда «жұмысшы оппозициясы» дегенді мінеп, анархо-синдикалистік уклонның идеясын насихаттау коммунистік партияның қатарында болумен сыйыспайтын нәрсе деп таныды. X съезд азық-түлік салғыртынан азық-түлік салығына көшу туралы, жаңа экономикалық саясатқа көшу туралы қаулы алды. И. В. Сталиннің «Партияның ұлт мәселесіндегі кезекті міндеттері туралы» баяндамасы 10 мартта тыңдалды. Съезд И. В. Сталиннің тезистерін бір-дауыстан негізге алып, ол тезистерді әрмен қарай әзірлеу үшін комиссия сайлады. И. В. Сталин 15 марттағы кешкі мәжілісте комиссияның жұмысының қортындылары туралы хабарлады. Комиссияның атынан И. В. Сталин ұсынған қарарды съезд бірауыздан қабылдады. Съезд ұлт мәселесін-

дегі антипартиялық уклондарды: ұлыдержавалық (великорустық) шовинизм мен жергілікті ұлтшылдықты коммунизм үшін, пролетарлық интернационализм үшін зиянды және қауіпті уклон деп мінеді. Съезд басты қауіп ретінде, негізгі соққыны ұлыдержавалық шовинизмге қарсы бағыттады. (РК(б)П X съезі туралы мынадан қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 242—246-беттері. Съездің қарарларын «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары» деген кітаптан қараңыз, I бөлім, 1941, 356—395-беттері.). — *33.*

8 «РСФСР-ды электрлендіру жоспары. Россияны электрлендіру жөніндегі Мемлекеттік Комиссияның Советтердің 8-ші съезіне жасаған баяндамасы» деген жыйнақты Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советінің ғылым-техника бөлімі 1920 жылы декабрьде бастырып шығарған. — *53.*

9 «Экономическая жизнь» («Экономикалық өмір») — күнделікті газет, РСФСР мен ССРО-ның экономика, финанс халық комиссариаттары мен мекемелерінің (Халық Шаруашылығы Жоғарғы Советінің, Еңбек және Қорғаныс Советінің, Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясының, Финанс халық комиссариатының және басқаларының) органы; 1918 жылғы ноябрьден 1937 жылғы ноябрьге дейін шығып тұрды. — *55.*

10 II½ Интернационал — «Социалистік партиялардың халықаралық жұмысшы бірлестігі» — революциялық ниеттегі жұмысшы бұқараларының қысымымен уақытша II Интернационалдан шығып кеткен центристік партиялар мен топтардың құрылтай конференциясында, 1921 жылы февральда Венада құрылған. II Интернационалды сөз жүзінде сынай отырып, II½ Интернационалдың басшылары (Ф. Адлер, О. Бауэр, Л. Мартов, т. б.) іс жүзінде пролетарлық қозғалыстың барлық маңызды мәселелері жөнінде оппортунистік саясат жүргізді және жасалған бірлестікті коммунистердің жұмысшы бұқарасына арта түсіп отырған ықпалына қарсы қою үшін пайдалануға тырысты. 1923 жылы II½ Интернационал қайтадан II Интернационалмен бірігіп кетті. *55*

[11] «Шығыс халықтарының қыймыл және насихат Советі» 1920 жылы сентябрьде Бакуде болған Шығыс халықтарының I съезінің қаулысы бойынша құрылған. Совет Шығыстағы азаттық қозғалысын қолдау және біріктіру мақсатын көздеді; бір жылдай өмір сүрді. —*60*.

[12] Таулық Социалистік Совет Республикасының еңбекші әйелдерінің I съезі 1921 жылы 16—18 июньде Владикавказда болып өтті. Съезге 152 делегат әйел катнасты: чечен, осетин, татар, қабардин, балқар әйелдері және алыстағы тау селоларынан келген баска да еңбекші әйелдер катнасты. Съезд мына мәселелерді талқылады: Шығыс әйелдерінің бұрынғы және қәзіргі уақыттағы экономикалық-праволық күйі, майдагерлік өндіріс және бұған тау халыктары әйелдерінің катысы, халық ағарту ісі және оған Шығыс әйелдерінің катысы, ана мен баланың мүдделерін қорғау туралы баяндама, т. б. И. В. Сталиннің телеграммасы 18 июньде съездің кешкі мәжілісінде окылды. Съезд И. В. Сталинге құттықтау телеграмма жіберді. — *65*.

[13] Таулықтардың Автономиялы Социалистік Совет Республикасы Бүкілроссиялық Орталық Аткару Комитетінің 1921 жылы 21 январьдағы декреті бойынша құрылған. Тау халыктары АССР-на алғашқы кезде: Чечен, Назран, Владикавказ, Кабардин, Балкар және Карачай округтері кірген. 1921—1924 жылдары Тау халықтары АССР-нан бірте-бірте бірсыпыра автономиялы ұлт облыстары бөлініп шыкты. Бүкілроссиялық Орталық Аткару Комитетінің 1924 жылы 7 июльдегі декреті бойынша Тау халықтары АССР-ы таратылды. — *65*.

[14] Бұл арада Коммунистік Интернационалға алудың 21 шарты айтылып отыр, бұл шарттар 1920 жылы 6 августа Коминтернің II конгресінде бекітілген. — *71*.

[15] Бул арада В. И. Лениннің «Пролетариаттың кәзіргі революциядағы міндеттері туралы» деген Апрель тезистері айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар, 3-ші басылуы, XX том, 87—90-беттері). — *71*.

16 1921 жылы март айында Кронштадта болған контрреволюциялық бүлік туралы әңгіме болып отыр (қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 239-беті). — *72*.

17 В. И. Ленин. «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» (қараңыз: Шығармалар, 3-ші басылуы, VIII том, 27—126-беттері). — *73*.

18 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар. 3-ші басылуы, VII том және 4-ші басылуы, 8-том. — *73*.

19 В. И. Ленин. «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» (қараңыз: Шығармалар, 3-ші басылуы, IX том, 79—143-беттері). — *73*.

20 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXII том, 13—23-беттері. — *75*

21 Бұл арада В. И. Лениннің «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген кітапшасы айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXII том, 435—468-беттері). — *75*.

22 Кредо («credo») — «экономистер» тобының манифесі. (Кредо туралы мынадан қараңыз: В. И. Ленин «Россиялық социал-демократтардың қарсылығы». Шығармалар, 3-ші басылуы, II том, 473—486 беттері және 4-ші басылуы, IV том, қазақша 171—186-беттері). — *77*

23 В. И. Ленин. «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» (қараңыз: Шығармалар, 3-ші басылуы, XXV том, 165—250-беттері). —*80*.

24 Демократиялық кеңес 1917 жылы 14—22 сентябрьде Петроградта болып өтті. Кеңесті жұмысшы, солдат депутаттарының Бүкілроссиялық орталық атқару комитеті мен шаруа депутаттары Советтерінің атқару комитетінің меньшевик-эсер басшылары шақырды; бұған социалистік партиялардың, ымырашыл Советтердің, кәсіпшілер одақтарының, земстволардың, сауда-өнеркәсіп топтары мен әскери бөлімдердің өкілдері

қатысты. Мәжіліс Предпарламент (Республиканың уақытша советін) құрды — Уақытша үкіметтің жанындағы кеңесші орган. Ымырашылдар осы Предпарламент арқылы революцияны тоқтатып тастап, елді совет революциясының жолынан буржуазиялық-конституциялық даму жолына түсіреміз деп ойлады. — *82*.

25 В. И. Ленин. «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» (қараңыз: Шығармалар, 3-ші басылуы, XXIII том, 331—412-беттері). — *87*.

26 Бұл арада В. И. Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабы айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, IV том, 359—508-беттері, 4-ші басылуы, 5-том, қазақша 369—577-беттері). — *87*.

27 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс «Коммунистік партияның манифесі», 1939, 40—41-беттері. — *87*.

28 И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің Кавказдық бюросының жергілікті партия және кәсіпшілер ұйымдарының өкілдерімен өткізген пленумына қатысу үшін 1921 жылы июньнің аягында Нальчиктен (онда ол емделуде жатқан болатын) Тифлиске келді. Пленум 2—7 июльде болып өтті, Закавказье совет республикалары құрылысының аса маңызды шаруашылық, саяси мәселелерін талқылады. И. В. Сталиннің басшылығымен әзірленіп, саяси жағдай туралы баяндама бойынша алынған қарарда пленум Закавказье коммунистерінің міндеттерін белгіледі және ұлтшыл-уклонистерге батыл соққы берді. Пленум Закавказье совет республикаларының шаруашылық жұмысын біріктіретін комиссия ұйымдастыру туралы қаулы алды, Закавказье темір жолының жайы туралы, Закавказье совет республикаларында ақша знактарының жүрісі туралы, Тау өлкелік Қарабахқа автономия беру жөніндегі, Аджария жөніндегі, Абхазиядағы жағдай туралы, тағы басқа мәселелерді талқылады. Тифлис партия ұйымының 6 июльдегі жалпы жиналысында И. В. Сталин «Грузия мен Закавказьеде коммунизмнің кезекті міндеттері туралы» баяндама жасады. Баяндама «Правда Грузии» газетінің 108-номерінде, 13 июльде басылып шықты және

РК(б)П Орталық Комитетінің Кавказдық бюросы 1921 жылы жеке кітапша етіп бастырып шығарды. — *95*

29 Муссаватистер — «Муссават» партиясы — Азербайжан буржуазиясы мен помещиктерінің ұлтшыл партиясы; 1912 жылы пайда болған. Октябрь революциясы мен азамат соғысы дәуірінде Азербайжанда негізгі контрреволюциялық күш болған Түрк интервенттерінің, кейініректе ағылшын интервенттерінің жәрдемімен муссаватистер 1918 жылғы сентябрьден 1920 жылғы апрельге дейін, Баку жұмысшыларының, Азербайжан шаруаларының және бұларға көмекке келген Қызыл Армияның біріккен күшімен муссаватистер үкіметі құлатылғанға дейін, өкімет басында болды. — *103*.

30 Дашнактар — «Дашнакцутюн» партиясы — армянның буржуазияшыл-ұлтшыл партиясы; XIX ғасырдың 90-шы жылдарында пайда болған. 1918—1920 жылдары дашнактар Арменияның буржуазияшыл-ұлтшыл үкіметіне бас болған және Арменияны ағылшын интервенттерінің Советтік Россияға қарсы күресінің тірегіне айналдырған. Дашнак үкіметі Қызыл Армия қолдаған Армения еңбекшілерінің күресінің нәтижесінде 1920 жылы ноябрьде құлатылған. — *103*.

31 Бұл арада 1904 жылы Англия мен Францияның арасында жасалған соғыс-саяси келісім айтылып отыр; бұл келісім Антантаның (Англияның, Францияның және патшалық Россияның империалистік одағының) құрылуының басы болды. — *105*.

32 «Искра» — ең алғашқы жалпыорыстық марксистік құпия газет; оны 1900 жылы В. И. Ленин құрған («Искраның» маңызы мен ролі туралы: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 30—38-беттерін қараңыз). — *109*.

33 Н. Ленин. «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы». П., 1920 (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XXV том, 165—250-беттері). — *111*

34 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XXIII том, 385-беті.— *115*.

35 Бұл арада қарулануға шек қою жөнінде және Тынық мұхит пен Қиыр Шығыс мәселелері жөнінде болған конференция айтылып отыр, бұл конференция 1921 жылғы 12 ноябрьден 1922 жылғы 6 февральға дейін Вашингтонда болды. Конференцияға АҚШ, доминиондарымен қоса Англия, Жапония, Франция, Италия, Қытай, Бельгия, Голландия және Португалия қатысты. Совет үкіметінің наразылық білдіруіне қарамастан Советтік Россия конференцияға шақырылмаған болатын. Вашингтон конференциясы соғыстан кейін дүниені қайта бөлуді аяқтады және бұл өзі Тынық мұхитта империалистік күштердің жаңа арасалмағын белгілеу әрекеті болды. Вашингтонда қол қойылған келісімдер империалистік державалардың теңіз қаруларының мөлшерлерін белгіледі, олардың Тынық мұхиттағы аралдарға иелік праволарын белгіледі және Қытайда «есіктерді ашық қою» саясатының принципін, яғни «барлық ұлттардың саудасы мен өнеркәсібіне Қытайда ашылатын мүмкіншіліктермен тендей пайдалану» принципін белгіледі. Вашингтон конференциясы империалистік державалардың араларындағы қайшылықтарды жоя алмады, қайта күшейтіп жіберді. — *131*.

36 «Звезда» («Жұлдыз») — большевиктік жария газет; 1910 жылғы 16 декабрьден 1912 жылғы 22 апрельге дейін (алғашында жеті сайын, онан соң жетісінде екі-үш рет) Петербургте шығып тұрған. Газетке В. И. Ленин идеялық басшылық беріп отырды; ол газетке шет елдерден үздіксіз өзінің мақалаларын жіберіп тұрды. «Звездаға» белсене қатысқандар: В. М. Молотов, М. С. Ольминский, Н. Г. Полетаев, Н. Н. Батурин, К. С. Еремеев және басқалар еді. Газетке А. М. Горький қатысып тұрды. 1912 жылы көктемде, Петербургте тұрған кезінде, И. В. Сталин газеттің жұмысына тікелей басшылық етті және онда өзінің бірсыпыра мақалаларын бастырды (қараңыз: Шығармалар, 2-том, қазақша 255—279-беттері). Газеттің кейбір номерлерінің тиражы 50—60 мыңға жеткен. «Звезда» күнделікті большевиктік «Правда» газетінің шығуын әзірледі. 1912 жылы 22 апрельде патша үкіметі «Звезданы» жауып тастады. «Звезданың» жалғасы

1912 жылғы октябрьге дейін шығып келген «Невская Звезда» («Нева Жұлдызы») деген газет болды. — *143.*

37 И. В. Сталиннің «Правданың» 1912 жылы 22 апрельдегі 1-номерінде жарыяланған «Біздің мақсаттарымыз» деген мақаласынан цитата келтіріліп отыр (қараңыз: Шығармалар, 2-том, қазақша 280-беті). — *144.*

38 Қараңыз: И. В. Сталин, Шығармалар, 2-том, қазақша 281—282-беттері. — *145.*

39 Эсерлердің процесі 1922 жылы 8 июньнен 7 августқа дейін Москвада болып өтті. Жоғарғы революциялық трибунал сот жауапкершілігіне тартқан 34 айыпталушылардың ішінде социалист-революционерлер партиясы Орталық Комитетінің 11 мүшесі болды. Процес Октябрь социалистік революциясының алғаш күндерінен бастап-ақ эсерлер партиясының Совет өкіметіне қарсы күрескендігін, қарулы көтерілістер мен заговорлар ұйымдастырып отырғанын, интервенттерді қолдағанын, большевик партиясы мен Совет үкіметінің басшыларына қарсы террорлық актылар жасағандығын анықтады. — *149*

40 Бұл арада Генуяда (1922 жылы 10 апрель мен 19 майдың аралығында) және Гаагада (1922 жылы 15 июнь мен 20 июльдің аралығында) болған халықаралық экономикалық конференциялар айтылып отыр. Генуядағы конференция капиталистік дүние мен Советтік Россияның арасындағы қарым-қатнастарды белгілеу үшін шақырылған. Конференцияға, бір жағынан, Англия, Франция, Италия, Жапония және басқа капиталистік мемлекеттер, екінші жағынан — Советтік Россия қатысқан. Капиталистік елдердің өкілдері совет делегациясына талаптар қойды; бұл талаптарды орындау Совет елін батыс-европалық капиталдың отарына айналдырғандық болып шығар еді (барлық соғыс қарыздарын және соғыстан бұрынғы қарыздарды өтеу, шет ел меншік иелеріне бұлардың национализацияланып кеткен меншіктерін қайтарып беру талабы, т. б.). Совет делегациясы шет ел капиталистерінің бұл талаптарын қабылдамай тастады. Мәселе Гаагада жыйналған эксперттер конференциясының талқылауына берілді. Екі жақтың да көзқарастары алшақ бол-

ғандықтан Гаага конференциясы да келісімге келе алмады. —*149*.

41 И. В. Сталин РСФСР-ды, УССР-ды, Закавказье федерациясын және БССР-ды Советтік Социалистік Республикалар Одағына біріктіру туралы заң жобасын жасау үшін РК(б)П Орталық Комитетінің пленумы 1922 жылы 6 октябрьде құрған комиссияны басқарды. Комиссия ССРО Советтерінің I съезін дайындау жұмысының бәріне басшылық етті. — *153*

42 Бұл арада Азербайжан, Армян, Грузин, Белорус, Украин, Хорезм, Бұқар, Қиыр Шығыс және РСФСР тәуелсіз республикаларының атынан Генуядағы жалпыевропалық экономикалық конференцияға қатысу үшін РСФСР-ға өкілдік беру туралы 1922 жылы 22 февральда Москвада осы аталған республикалардың ерікті өкілдері қол қойған келісім айтылып отыр. —*156*.

43 ҚШР — Қиыр Шығыс республикасы 1920 жылғы апрельден 1922 жылғы ноябрьге дейін болып келді. Қиыр Шығыс республикасының құрамына кіргендер: Прибайкалье, Забайкалье, Амур облысы, Приморье, Камчатка және Сахалиннің солтүстік бөлегі. — *156*.

44 Закавказье федерациясы — Закавказье Социалистік Совет Республикаларының Федерациялық Одағы Грузияның, Азербайжанның және Арменияның орталық атқару комитеттері өкілдерінің өкілдік конференциясында 1922 жылы 12 мартта құрылған. 1922 жылы декабрьде Федерациялық Одақ Закавказьенің Социалистік Федерациялық Совет республикасы (ЗСФСР) болып қайта құрылды. Закавказье федерациясы 1936 жылға дейін болып келді. ССР Одағының 1936 жылғы Конституциясы бойынша Армян, Азербайжан және Грузин Советтік Социалистік Республикалары одақтық республикалар ретінде ССР Одағына кірді. (Закавказье федерациясы туралы осы томның 251—256, 276—284-беттерін қараңыз.). —*158*

45 Бұқар және Хорезм советтік халық республикалары 1920 жылы бұрынғы Бұқар және Хиуа хандықтарының жерлерінде

болған жеңімпаз халық көтерілістерінің нәтижесінде құрылды. 1924 жылдың аяғында және 1925 жылдың басында, ұлт белгілеріне қарай Орта Азияның жеке мемлекет болып бөлінуіне байланысты, Бұқар және Хорезм республикаларының жерлері жаңадан құрылған Түркпен және Өзбек Одақтық Советтік Социалистік Республикаларының, Тәжік Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының және Қарақалпақ автономиялы облысының құрамына кірді. — *158*.

46 Советтердің Бүкілроссиялық X съезі Москвада 1922 жылы 23—27 декабрьде болып өтті. Съезге 2215 делегат қатысты; соның ішінде договорлы ЗСФСР, УССР және БССР республикаларынан 488 делегат қатысты. бұлар Мәскеуға ССРО Советтерінің I съезінің жұмысына қатысу үшін келді де, Бүкілроссиялық X съезге құрметті қонақтар ретінде шақырылды. Советтердің Бүкілроссиялық X съезі мына мәселелерді талқылады: республиканың ішкі және сыртқы саясаты туралы Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің есебі, Өнеркәсіптің жайы туралы баяндама, Жер Халық Комиссариатының баяндамасы (шаруалар шаруашылығын көтеру жөніндегі жұмыстардың қортындысы), Оқу халық комиссариатының баяндамасы, Финанс халық комиссариатының баяндамасы, договорлы республикалардың Советтік Социалистік Республикалар Одағын құру туралы ұсынысы. Советтік республикаларды біріктіру туралы 26 декабрьде И. В. Сталин баяндама жасады. И. В. Сталиннің ұсынған қарарын съезд бірауыздан қабыл алды. И. В. Сталиннің баяндамасынан кейін Украинаның, Азербайжанның, Грузияның, Арменияның және Белоруссияның өкілдері шығып сөз сөйлеп, өз халықтарының атынан Совет республикаларының бірыңғай одақтық мемлекет болып — ССРО болып — бірігуін құттықтады. — *161*.

47 Бұл арада Орал мен Қазақстанның пайдалы кен заттарын қазуға концессиялық келісім жасау туралы ағылшын өнеркәсіпшісі Уркартпен Совет үкіметінің жүргізген келіссөздері айтылып отыр. Уркарттың ұсынған шарттарының кіріптарлық сыйпаты болғандықтан, сонымен қатар ағылшынның консерваттивтік үкіметі Советтік Россия жөнінде дұшпандық саясат

жүргізіп отырғандықтан Халық Комиссарлары Советі 1922 жылы 6 октябрьде келісім жобасын қабылдамай тастады. Совет үкіметінің Уркартпен келісім жасаудан бастартуы буржуазиялық баспасөзде антисоветтік науканның күшеюіне сылтау болды. — *164.*

48 Лозаннадағы конференция (1922 жыл 20 ноябрь — 1923 жыл 24 июль) Францияның, Англияның және Италияның қалауы бойынша таяу шығыс мәселесін талқылау (Греция мен Түркия арасында бітім шартын жасау, түрк шегараларын белгілеу, бұғаздарды пайдалану тәртібі туралы конвенция қабылдау, т. б.) үшін шақырылған. Конференцияға әлгі аталған елдерден басқа Жапония, Румыния, Югославия, Греция, Болгария, Түркия қатысты (АҚШтың өкілдері бақылаушылар ретінде қатысты). Советтік Россия конференцияға тек бұғаздар (Босфор, Дарданеллы) жөніндегі мәселені талқылау үшін шақырылып еді. Конференцияда, бұғаздар жөніндегі комиссияда, совет делегациясы бейбітшілік кезде де соғыс кезінде де соғыс кемелері үшін буғаздардың ашық болу жобасына қарсы шықты да, Түркиядан басқа державаның қай-қайсысының болсын соғыс кемелері үшін бұғаздардың мүлдем жабық болуын көздеген өз жобасын ұсынды. Совет делегациясының жобасын комиссия қабылдамай тастады. — *165.*

49 ССРО Советтерінің I съезі 1922 жылы 30 декабрьде Москвада болып өтті. Съезге РСФСР-дан 1 727 делегат, УССР-дан 364 делегат, Закавказье федерациясынан 91 делегат және БССР-дан 33 делегат қатысты. Съезд И. В. Сталиннің Советтік Социалистік Республикалар Одағын құру туралы баяндамасын талқылады және ССР Одағының құрылуы жөніндегі Декларация мен Одақтық Договорды бекітті және ССР Одағының Орталық Атқару Комитетін сайлады. — *173.*

50 РСФСР-дың, УССР-дың, БССР-дың және ЗСФСР-дың өкілдік алған делегацияларының конференциясы 1922 жылы 29 декабрьде болды. Конференция Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы жөніндегі Декларация мен Договорды қарап, қабылдады. И. В. Сталин конференцияда

ССРО Советтерінің I съезінің жұмыс тәртібі туралы мәлімдеме жасады. Конференция И. В. Сталинге ССР Одағының құрылуы туралы мәселе жөнінде съезге баяндама жасауды тапсырды. 30 декабрьде ертеңгісін өкілдік алған делегациялар ССР Одағының құрылуы туралы Декларация мен Договорға қол қойды. — *176.*

51 И. В. Сталиннің «Орыс коммунистерінің стратегиясы мен тактикасы туралы мәселе жөнінде» деген мақаласы «Правда» газетінің Россиялық коммунист (большевиктер) партиясының XXV жылдығына арналған 1923 жыл 14 марттағы 56-номерінде «Петроградская Правда» газетінің 1923 жыл 14, 15 және 16 марттағы 57, 58 және 59-номерлерінде және «Коммунистическая Революция» журналының 1923 жыл 1 апрельдегі 7 (46)-номерінде жарияланды. Кейіннен бұл мақаланың үзіндісі «Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің стратегиясы» деген тақырыппен И. Сталин. «Октябрь революциясы туралы». М., 1932, — деген кітапта басылған болатын. —*177.*

52 Свердлов университеті — Я. М. Свердлов атындағы Жұмысшы-Шаруа Коммунист университеті.

1918 жылы Я. М. Свердловтың бастауымен Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің жанынан қысқа мерзімді үгіт-насихат курсы ұйымдастырылған; 1919 жылы январьда бұл курс Совет жұмысының мектебі деп аталған. Осы мектептің негізінде РК(б)П VIII съезінің қаулысы бойынша совет және партия жұмысының Орталық мектебі құрылған. 1919 жылдың екінші жартысында совет және партия жұмысының орталық мектебі Я. М. Свердлов атындағы Жұмысшы-Шаруа Коммунист университеті болып қайта құрылған. — *177.*

53 «Еңбекті Азат Ету» тобы — ең алғашқы марксистік орыс тобы; 1883 жылы Женевада Г. В. Плеханов құрған. (Бұл топтың қызметі мен оның тарихи ролі туралы: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 10—17-беттерін қараңыз.). — *189.*

54 1917 жылы 20—21 апрельде Петроградта болған жаппай саяси демонстрацияның кезінде большевиктік партияның Пет-

роград комитетінің бір топ мүшелері (Богдатьев тағы басқалары), демонстрацияның бейбіт сыйпаты туралы большевиктер Орталық Комитетінің директивасына қарамастан, Уақытша үкіметті дереу құлату ұранын көтерген. Партияның Орталық Комитеті бұл «солшыл» авантюристердің қылықтарын жөнсіз деп мінеген болатын (қараңыз: В. И. Ленин Шығармалар, 3-басылуы, XX том, 224—225-беттері). —*190.*

55 В. И. Ленин. «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, VIII том, 27—126-беттері). —*193.*

66 Чхеидзе, Стеклов, Суханов, Филипповский және Скобелевтен құралған «байланыс комиссиясы» (бұған кейіннен Чернов пен Церетели енген) жұмысшы, солдат депутаттары Петроград Советінің меньшевиктік-эсерлік Атқару Комитеті 1917 жылы 7 мартта Уақытша үкіметпен байланыс жасау үшін, оған «әсер» ету үшін және оның жұмысына «бақылау» жүргізу үшін құрған болатын. Іс жүзінде «байланыс комиссиясы» Уақытша үкіметтің буржуазиялық саясатын жүзеге асыруға көмектесті және бүкіл өкімет билігінің Советтерге көшуі жолында белсенді түрде революциялық күрес жүргізуден жұмысшылар бұқарасын тартып ұстады. «Байланыс комиссиясы» 1917 жылғы майға дейін, меньшевиктер мен эсерлердің өкілдері тікелей Уақытша үкіметтің құрамына енгенге дейін, өмір сүріп келді. —*195.*

67 В. И. Ленин. «Пролетариаттың қазіргі революциядағы міндеттері туралы» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XX том, 87—90-беттері). — *196.*

68 Партияның XII съезіне арналған ұлт мәселесі жөніндегі тезистердің жобасы РК(б)П Орталық Комитетінің пленумында 1923 жылы 21 февральда талқыланған. Тезистерді редакциялау үшін И. В. Сталиннің басшылығымен комиссия құрылған РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросы 22 мартта тезистерді қарап, бекітті, бұл тезистер 24 мартта «Правда» газетінің 65-номерінде жарияланды. —*200.*

[59] Сменовехтық — буржуазиялық саяси ағым; шет елде эмиграциядағы орыс ақгвардияшыларының арасында 1921 жылы пайда болған; бұл ағымды «Смена Вех» (алғашында осы тақырыппен жыйнақ шыққан) журналын шығарып тұрған Н. Устрялов, Ю. Ключников және басқалардың тобы басқарған. Сменовехтық идеологиясы Совет өкіметіне қарсы ашық қарулы күрес жүргізуден бастартқан буржуазияның көзқарастарын білдірді. Сменовехшылдар Советтік Россияның жаңа экономикалық саясатқа көшуіне байланысты совет құрылысы бірте-бірте буржуазиялық демократияның рухында өзгереді деп есеп жасаған. — *206*.

[60] «Партияның ұлт мәселесіндегі кезекті міндеттері туралы» деген РК(б)П X съезінің қарарын «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары» деген кітаптан қараңыз: I бөлімі, 1941. 386-беті. — *207*.

[61] РК(б)П XII съезі 1923 жылы 17—25 апрельде болып өтті. Бұл Октябрь социалистік революциясы жеңіп шыққаннан кейінгі, В. И. Ленин қатыса алмаған бірінші съезд еді. Съезд Орталық Комитеттің, Орталық Бақылау Комиссиясының, Коминтерн Атқару Комитетіндегі Россия өкілдерінің есепті баяндамаларын және мына баяндамаларды: өнеркәсіп туралы, партия мен мемлекет құрылысындағы ұлттық моменттер туралы, деревнядағы алым-салық саясаты туралы, аудандастыру туралы, т. б. баяндамаларды талқылады. Съезд өзінің қарарларында В. И. Лениннің соңғы мақалалары мен хаттарында берген нұсқауларының бәрін де еске алды. РК(б)П XII съезі жаңа экономикалық саясаттың екі жыл ішіндегі қорытындысын шығарып, жаңа экономикалық саясатты социалистік позициялардан шегінушілік деп түсінген Троцкийге, Бухаринге және олардың пікірлестеріне батыл соққы берді. Съезд ұйымдастыру және ұлт мәселелеріне үлкен көңіл бөлді. 17 апрельдегі кешкі мәжілісте, И. В. Сталин Орталық Комитеттің ұйымдастыру жұмысы жөніндегі есепті баяндамасын жасады. Орталық Комитеттің есебі бойынша алынған қарарда съезд Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы мен Орталық Бақылау Комиссиясын өзгертіп қайта құрудың Ленин жасаған жоспарын қабылдады және Орталық Комитеттің ұйым-

дастыру аппараты мен барлық ұйымдастыру жұмысының жақсарғанын атап көрсетті. И. В. Сталиннің «Партия мен мемлекет құрылысындағы ұлттық моменттер туралы» баяндамасын съезд 23 апрельде тыңдады. Баяндама бойынша жарыс сөздер 23 және 24 апрельде жүрді, мәселені онан әрі талқылау И. В. Сталиннің тікелей басшылығымен жұмыс істеген съездің ұлт секциясына көшірілді. 25 апрельде съезд секцияның ұсынған қарарын бекітті; қарардың негізіне И. В. Сталиннің тезистері алынды. Съезд ұлтшыл-уклонистерді әшкерелеп, партияны ұлт мәселесіндегі уклондарға қарсы — великорустық шовинизм мен жергілікті буржуазияшыл ұлтшылдыққа қарсы — батыл күреске шақырды. (РК(б)П XII съезі туралы мынадан қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 250—252-беттері. Съездің қарарларын «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары» деген кітаптың I бөлімінен қараңыз, 1941, 472—524-беттері). — *215*

62 «Известия Центрального Комитета Российской Коммунистической Партии (б)» («Россиялық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитетінің Известиялары») — хабаршы журнал; РК(б)П VIII съезінің қаулысы бойынша құрылған; 1919 жылғы 28 майдан 1929 жылғы 10 октябрьге дейін шығып келді (алғашқы 20 номері «Правда» газетіне қосымша ретінде шықты). «Известия ЦК» хабаршы бюллетеньнен бірте-бірте партияның орталық журналына айналып, 1929 жылы «Партийное Строительство» журналы болып қайта құрылды. «РКП Орталық Комитетінің партияның XII съезіне берген есебі» «Известия ЦК» журналының 1923 ж. апрельдегі 4(52)-номерінде жарияланған. — *217.*

63 И. В. Сталин бұл арада «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» және «Аз болса да жақсы болсын» деген мақалаларды айтып отыр (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 402—418-беттері). — *228.*

64 И. В. Сталин бұл арада «Біздің өнеркәсіптегі командирлеріміз. (РКП Орталық Комитетінің Есепке алу-Орналастыру Бөлімінің материалдары бойынша)» деген кітапшаны айтып отыр. М., 1923. — *233.*

65 Эсерлер партиясының қатардағы мүшелерінің Бүкілроссиялық съезі 1923 жылы 18—20 мартта Москвада болып өткен. Съезд эсерлер партиясы біржолата ыдырап бітті және оның эмиграциядағы басшы органдарының қазірде өмір сүруден қалған партияның атынан пікір білдіруіне правосы жоқ деп тапты. — *244*.

66 Айтыс листогі РК(б)П XII съезінің қарсаңында «Съезд алдындағы айтыс листогі» деген атпен «Правда» газетінде басылған. 5 номері басылып шықты, төртеуі съезге дейін, біреуі съездің жұмысы жүріп жатқан кезде шықты («Правда», 46, 65, 75, 82, 86-номерлері; 1, 24 март, 5, 15 және 20 апрель, 1923 ж.). — *246*.

67 И. В. Сталин бұл арада «демократиялық централизм» деген антипартиялық топты айтып отыр. (Бұл топ туралы мынадан қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 229, 242-беттері.). — *249*.

68 Бұл арада 1917 жылы 24—29 апрельде болған РСДЖП(б)-ның Бүкілроссиялық VII (Апрель) конференциясы айтылып отыр. Конференцияда И. В. Сталин ұлт мәселесі жөнінде баяндама жасаған; баяндама бойынша қарардың жобасын В. И. Ленин жазған. (Конференцияның қарарларын «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары» деген кітаптың I бөлімінен қараңыз, 1941, 225—239-беттері.). — *256*.

69 «Социалистический Вестник» — меньшевик-эмигрант ақтардың органы; 1921 жылы февральда Мартов ұйымдастырған; 1933 жылғы мартқа дейін Берлинде, 1933 жылғы май айынан 1940 жылғы июньге дейін Парижде, кейіннен — Америкада шығып келген. «Социалистический Вестник» ең реакцияшыл империалистік топтардың сөзін сөйлейтін орган болып табылады. — *284*.

70 Басмашылар қозғалысы — 1918—1924 жылдары Орта Азияда (Түркстан, Бұқар, Хорезм) болған контрреволюциялық ұлтшылдық қозғалыс; ашық саяси бандитизм түрінде болып

отырды; байлар мен молдалар басқарды; ортаазиялық республикаларды Советтік Россиядан бөліп әкету және канаушы таптардың үстемдігін қайта орнату максатын көздеді. Орта Азияны өзінің отарына айналдыруға тырысқан ағылшын империалистері басмашылар козғалысын белсене колдады. — *85.*

71 Қараныз: В. И. Ленин. «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы». Шығармалар. 3-басылуы, XVII том, 460-беті. —*293.*

72 В. И. Ленин. «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XIX том, 41-беті). — *96.*

73 «Беднота» — күнделікті газет. БК(б)П Орталық Комитетінің органы; 1928 жылдың мартынан 1931 жылдың январына дейін шығып тұрды. — *12.*

74 В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, IV том, 111 — 112-беттері және 4-басылуы, 5-том, казакша 11—12-беттері. — *311.*

75 И. В. Сталиннің бастауымен шақырылып, РК(б)П Орталық Комитетінің ұлт республикалары мен ұлт облыстарының жауапты қызметкерлерімен өткізген Төртінші кеңесі 1923 жылы 9—12 июньде Москвада болды. Кеңесте, РК(б)П Орталық Комитетінің мүшелері мен кандидаттарынан баска, ұлт республикалары мен облыстарының 58 өкілі катысты. Кеңестің күн тәртібіндегі негізгі мәселе И. В. Сталиннің «Партияның XII съезінің ұлт мәселесі жөніндегі карарын жүзеге асыру жайындағы практикалық шаралар» деген баяндамасы болды. Жергілікті орындардағы жағдай туралы ұлт республикалары мен облыстарының партиялық 20 ұйымының өкілдері баяндама жасады. Кеңес мұнымен бірге Султан-Галиевтің антипартиялық, антисоветтік істері туралы Орталық Бақылау Комиссиясының баяндамасын да қарады. (Кеңестің қарарларын «БК(б)П — съездерінің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының каулы-карарлары» деген кітаптың I бөлімінен қараңыз. 1941, 525—530-беттері). — *323*

76 Ұлт мәселесі жөніндегі платформаның жобасын И. В. Сталин 1923 жылы май айының аяғында IV кеңеске дайындық жұмысына байланысты жазып, РК(б)П Орталық Комитетінің

Саяси Бюросы 4 июньде бекіткен болатын. Жобаны кенес И. В. Сталиннің «Партияның XII съезінің ұлт мәселесі жөніндегі қарарын жүзеге асыру жайындағы практикалық шаралар» деген баяндамасы бойынша алынған қарар ретінде қабылдады. — *325.*

77 ССРО туралы практикалық ұсыныстарды жасау жөніндегі РК(б)П Орталық Комитеті пленумының комиссиясы РК(б)П Орталық Комитеті пленумының 1923 жылғы 24 февральдағы қаулысы бойынша құрылған болатын. Комиссияны И. В. Сталин басқарды, оның құрамына барлық одақтық республикалардың партия ұйымдарының өкілдері кірді. Комиссия ССРО Конституциясының жобасын жасау ісіне басшылық етті. — *363.*

78 ССРО Конституциясын жасау жөніндегі ССРО Орталық Атқару Комитеті Президиумының комиссиясы одақтық республикалардың 25 өкілінен құралды. И. В. Сталин комиссияға РСФСР-дың тарапынан енді. Конституцияның жобасы талқыланған комиссияның пленум мәжілісі 1923 жылы 8—16 июньде болды. — *373.*

79 И. В. Сталин К. Маркстің Ф. Энгельске 1856 жылы 16 апрельде жазған хатын мына кітаптан цитат етіп келтіріп отыр: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Хаттар». М., 1922 (қараңыз: К. Маркс, Ф. Энгельс. Шығармалар, XXII том, 139-беті). — *382.*

80 Жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің Бүкілроссиялық I съезі 1918 жылы 16—21 ноябрьде Москвада болып өтті. Съезге 1 147 делегат әйелдер қатысты. 19 ноябрьде съезде В. И. Ленин сөз сөйледі. Съезд партия комитеттерінің жанынан әйелдер арасында жұмыс жүргізетін арнаулы орган құру туралы тілек білдірді. Съезден кейін РК(б)П Орталық Комитетінің қарары бойынша партия комитеттерінің жанынан әйелдер арасында үгіт және насихат жүргізу комиссиясы құрылды, ал РК(б)П Орталық Комитетінің жанынан Орталық Комиссия құрылды. — *387.*

81 Бұл арада әңгіме 1920 жылы 23—25 сентябрьде болып өткен РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросы мен пленумының қарары бойынша құрылған комиссия туралы болып отыр. — *393.*

82 Партия құрылысы туралы қарар РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросы мен Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының 1923 жылы 5 декабрьдегі біріккен мәжілісінде кабылданып, 1923 жылы 7 декабрьде «Правда» газетінің 278-номерінде жарияланды. — *414*.

83 Бұл арада партиялық он ұйымның өкілдерімен бірге өткізілген РК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы айтылып отыр, бұл пленум 1923 жылы 25—27 октябрьде болды. (Пленумның карарын «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының каулы-қарарлары» деген кітаптың I бөлімінен қараңыз, 1941, 531—532-беттері.). — *414*.

84 Бұл арада өзін «Жұмысшы тобы» деп атаған контрреволюциялық астыртын топтың РК(б)П XII съезінің қарсаңында кол койылмай жариялаған платформасы айтылып отыр. («Жұмысшы тобын» 1923 жылы Москвада партиядан шығарылған Мясников пен Кузнецов құрған; бұл топ біраз ғана адамдардың басын біріктірді, 1923 жылдың күзінде жойылған болатын.). —*421*.

85 И. В. Сталин бұл арада «РКП Орталық Комитетінің партияның XII съезіне берген есепті баяндамасын» айтып отыр; бұл есеп «Известия ЦК РКП(б)» журналының 1923 жылғы апрельдегі 4 (52)-номерінде жарияланған болатын. —*434*.

86 «Коммунист» — күнделікті газет; Азербайжан коммунист (большевиктер) партиясы Орталық Комитеті мен Баку Комитетінің органы, Азербайжан тілінде шығып тұрды. Газеттің 1-номерін 1919 жылы 29 августа Азербайжанның большевиктік ұйымы құпия түрде шығарған, бірінші номері шыққаннан кейін муссаватистер үкіметі газетті жауып тастаған. Азербайжанда Совет өкіметі орнағаннан кейін, 1920 жылы 30 апрельден бастап газет қайта шыға бастады. И. В. Сталиннің құттықтауы 1923 жылы 29 декабрьде «Коммунист» газетінде Азербайжан тілінде және 1923 жылы 30 декабрьде «Бакинский Рабочий» газетінде, 1924 жылы 3 январьда «Заря Востока» газетінде орыс тілінде жарияланды.—*437*

ӨМІРБАЯН ХРОНИКАСЫ

(1921 — 1923)

1921

1 — 2 январь. И. В. Сталин РСФСР-дағы түрк халықтары коммунистерінің кеңесіне басшылық етеді; кеңес ашыларда сөз сөйлейді және ұйымдастыру мәселесі жөнінде баяндама жасайды.

5 январь. И. В. Сталин «Біздегі алауыздықтар» деген мақаласын жазған, мақала 1921 жылы 19 январьда «Правда» газетінің 12-номерінде жарияланған.

14 январь. И. В. Сталин Бірінші теңіз жағалық отрядтың театрында (Петроградта) болған жиында қазіргі кезең жөнінде баяндама жасайды.

17 январь. И. В. Сталин РК(б)П Москва комитетінің кең мәжілісінде Троцкий мен Бухариннің тезистеріне қарсы, Лениндік «10-ның платформасын» қорғап, кәсіпшілер одақтарының өндірістегі ролі туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

18 январь. И. В. Сталин РК(б)П Москва комитетінің кең мәжілісінде армияны милициялық системаға көшіру туралы усыныска қарсы сөз сөйлейді,

тұрақты армияны күшейту және нығайту туралы ұсынысты қуаттап шығады.

19 январь. И. В. Сталин Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының Ұлттар Советінің мәжілісінде председательдік етеді және Ұлттар Советі туралы ереженің жобасын жасау үшін құрылған комиссияга сайланады.

5 февраль. И. В. Сталиннің «Партияның ұлт мәселесіндегі кезекті міндеттері туралы» тезистері РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мәжілісінде талқыланады; тезистерді біржолата редакциялау үшін В. И. Ленин мен И. В. Сталин басқарған комиссия құрылады.

7 февраль. И. В. Сталин және В. И. Ленин комиссияның басқа мүшелерімен бірге РК(б)П X съезіне арналған ұлт мәселесі жөніндегі тезистерді редакциялайды.

10 февраль. И. В. Сталиннің «Партияның ұлт мәселесіндегі кезекті міндеттері туралы» деген тезистері «Правда» газетінің 29-номерінде жарияланды.

12 февраль. И. В. Сталин Дағстан АССР-ның өкілдерімен әңгіме өткізеді.

15 февраль. И. В. Сталин XI армияның революциялық Соғыс Советіне РК(б)П Орталық Комитетінің директиваларын хабарлап Г. К. Орджоникидзеге Бакуге телеграмма жібереді және Кавказдағы оқиғалардың барысы туралы оның күнбе-күн хабарлап тұруын өтінеді.

16 февраль. И. В. Сталин Г. К. Орджоникидзеден Грузиядағы, Армениядағы және Азербайжандағы істің жағдайы туралы хабарлауды сұрайды.

28 февраль.	И. В. Сталин Батумды түріктерден қорғаудың қажеттігі туралы В. И. Ленинге хат жазады.
3 март.	И. В. Сталин тікелей провод арқылы грузин коммунистеріне В. И. Лениннің құттықтауы мен директиваларын береді.
5 март.	И. В. Сталин Ұлт халық комиссариатының жанындағы Ұлттар Советінің мәжілісінде Ұлттар Советі туралы ережені жасау жөніндегі комиссияның жұмысының нәтижелері туралы баяндама жасайды.
8 — 16 март	И. В. Сталин РК(б)П X съезінің жұмысына қатысады.
8 март.	РК(б)П X съезі И. В. Сталинді съездің президиумына сайлайды.
9 март.	И. В. Сталин Совет үкіметінің түрк делегациясымен жүргізген келіссөздеріне қатысады.
10 март.	И. В. Сталин РК(б)П X съезінде «Партияның ұлт мәселесіндегі кезекті міндеттері туралы» баяндама жасайды.
13 март.	В. И. Ленин РК(б)П X съезінің делегаттарын Кронштадт бүлігін басуға жіберу туралы И. В. Сталинге хат жазады.
14 март.	РК(б)П X съезі И. В. Сталинді РК(б)П Орталық Комитетінің мүшелігіне сайлайды.
15 март.	И. В. Сталин РК(б)П X съезінде ұлт мәселесі жөніндегі қарарды жасау үшін құрылған комиссияның атынан мәлімдеме жасап сөз сөйлейді.

16 март. — РК(б)П Орталық Комитетінің пленумы И. В. Сталинді партияның Орталық Комитетінің Саяси Бюросының және Ұйымдастыру Бюросының мүшелігіне сайлайды.

Март. — И. В. Сталин Россияны электрлендіру жоспары туралы В. И. Ленинге хат жазады.

16 апрель. — И. В. Сталин В. И. Ленинге Главтоп (Отын жөніндегі жоғарғы басқарма) туралы ереженің жобасына өзінің пікірлерін жібереді.

19 апрель. — И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісіне қатысады, Азербайжан мұнай комитетінің компетенциясын кеңіту туралы қаулының жобасын жасау үшін құрылған комиссияның құрамына енгізіледі.

22 апрель. — И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының автономиялы Коми облысын құру жөніндегі жобасының текстін жібереді.

25 апрель. — И. В. Сталин Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының жанындағы Ұлттар Советінің мәжілісінде «Ұлттар Советі туралы ережеге» Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының енгізген түзетулері туралы баяндама жасайды және автономиялы Коми облысын құру туралы мәселе жөніндегі жарыс сөздерде шығып сөйлейді.

2 май. — И. В. Сталин «Ұлт мәселесінің қойылысы жөнінде» деген мақаласын жазады, мақала 1921 жылы 8 майда «Правда» газетінің 98-номерінде жарияланды.

5 май. И. В. Сталин Ұлт істері жөніндегі Халық Комиссариаты коллегиясының мәжілісінде барлық халық комиссариаттары түрлі ұлттарға қатысы бар заң жобалары мен қаулыларын Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының қортындысын алуға тапсырып отырулары тиіс деген декреттің жобасы туралы мәлімдеме жасайды.

10 май. И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде жергілікті орындардағы жұмысшы-шаруа инспекциясы туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

16 май. И. В. Сталин Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының коллегия мәжілісінде председательдік етеді. Коллегия автономиялы Якут облысын құру туралы мәселені талқылау үшін Якут еңбекшілерінің съезін шақыру туралы қарар алады.

16 — 25 май. И. В. Сталин кәсіпшілер одақтарының Бүкілроссиялық IV съезін әзірлеу және өткізу жөніндегі РК(б)П Орталық Комитеті комиссиясының жұмысына қатысады.

18 май. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша кәсіпшілер одақтарының Бүкілроссиялық IV съезіндегі коммунистік фракцияның мәжілісінде Кәсіпшілер Одақтарының Бүкілроссиялық Орталық Советі президиумының съезге берген есебі бойынша анархо-синдикалистік топтың қарарының жобасына қарсы шығып сөз сөйлейді.

19 май. И. В. Сталин кәсіпшілер одақтарының Бүкілроссиялық IV съезіндегі Томскийдің антипартиялық қылығын тексеру үшін РК(б)П Орталық Комитетінің пленумы құрған комиссияның жұмысына қатысады.

Майдың ақыры.	И. В. Сталин Нальчик қаласына емделуге жүреді.
12 июнь.	Кабардин округі Советтерінің IV съзіне құттықтау жібереді.
17 июнь.	И. В. Сталин таулық әйелдердің I съезіне құттықтау телеграмма жібереді.
Июньнің ақыры.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің Кавказдық бюросы пленумының жұмысына қатысу үшін Нальчиктен Тифлиске жүріп кетеді.
2 — 7 июль.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің Кавказдық бюросының пленумына қатысады.
4 июль.	В. И. Ленин И. В. Сталиннің демалысын неліктен бұзғандығын сұрап, Г. К. Орджоникидзеге телеграмма жібереді және И. В. Сталиннің денсаулығы туралы дәрігерлердің қорғындысын жіберуді сұрайды.
6 июль.	И. В. Сталин Тифлис партия ұйымының жалпы жыйналысында «Грузия мен Закавказьеде коммунизмнің кезекті міндеттері туралы» баяндама жасайды. Баяндама 1921 жылы 13 июльде «Правда Грузии» газетінің 108-номерінде жарыяланды.
7, 8, 14 июль.	И. В. Сталин Грузия К(б)П Орталық Комитеті пленумының жыйналысына қатысады. И. В. Сталиннің ұсынысы бойынша пленум халық шаруашылығын қалпына келтіру және Совет өкіметін нығайту ісінде Грузия коммунист партиясының саясаты туралы мәселені талқылайды.
25 июль.	В. И. Ленин Г. К. Орджоникидзеден И. В. Сталиннің демалысын қанша күнге ұзгендігі

туралы сұрайды және И. В. Сталинді емдеп жүрген доктордың фамилиясы мен адресін хабарлауды өтінеді.

8 август. И. В. Сталин Нальчиктен Москваға жүріп кетеді.

18 август. В. И. Ленин Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясына барлық экономикалық материалдармен, әсіресе алтын өнеркәсібі жөніндегі және Бакудің мұнай өнеркәсібі жөніндегі материалдармен И. В. Сталиннің танысуына көмектесуі туралы бұйрық береді.

22 август. РК(б)П Орталық Комитеті И. В. Сталинге партияның Орталық Комитетінің үгіт және насихат бөліміне жалпы басшылық етуді тапсырады.

28 август. И. В. Сталиннің «Партияның өкіметті қолға алудан бұрынғы және одан кейінгі жайы» деген мақаласы «Правда» газетінің 190-номерінде жарияланды.

6 — 8 сентябрь. И. В. Сталин теміржол транспортының орталық аппаратының жұмысын жақсарту жөніндегі РК(б)П Орталық Комитетінің комиссиясына қатысады.

22 сентябрь. И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мәжілісінде тау халқы (чечендер) мен казактардың арасында жер бөлісу туралы мәселе жөніндегі комиссияға сайланды.

27 сентябрь. И. В. Сталин В. И. Лениннің «Рабкриннің міндеттері туралы, оларды қалай түсіну және қалай орындау туралы мәселе жөнінде» деген

хатын алып, В. И. Ленинге «Инспекция жөнінде жауап» жазады.

3 ноябрь. И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мәжілісінде Советтердің Бүкілроссиялық IX съезін әзірлеу жөніндегі комиссияға сайланады.

5 ноябрь. И. В. Сталиннің «Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің ұлт саясаты» деген мақаласы «Жизнь Национальностей» газетінің 24 (122)-номерінде жарияланды.

13 ноябрь. И. В. Сталин Красная Пресня аудандық партия комитетінің клубында «Коммунистердің саяси стратегиясы мен тактикасы және жаңа экономикалық саясат туралы» лекция оқыйды.

17 ноябрь И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мәжілісіне қатысады, мұнда ауылшаруашылық коллективтері-коммуналар, артельдер туралы және жерді қоғамдасып үксату жөніндегі серіктіктер туралы мәселе қаралды.

18 ноябрь. И. В. Сталинді партияның Орталық Комитеті РК(б)П Орталық Комитетінің «Вестник агитации и пропаганды» деген журналының редакторларының бірі етіп бекітеді.

28 ноябрь. И. В. Сталин В. И. Лениннен Закавказье республикаларының федерациясын құру жөніндегі ұсыныстың жобасын алады және жобаға өзінің пікірлері мен түзетулерін жазады. В. И. Ленин И. В. Сталиннің түзетулерін қабылдайды.

29 ноябрь. РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросы В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің Закавказье

республикаларының федерациясы туралы қарарын қабылдайды.

18 декабрь. И. В. Сталиннің «Перспективалар» деген мақаласы «Правда» газетінің 286-номерінде жарияланды.

20 декабрь. И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің басқа мүшелерімен бірге РСФСР-ды электрлендіру жоспары туралы Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасына қол қойды.

23 декабрь Советтердің Бүкілроссиялық IX съезі И. В. Сталинді президиумге сайлайды.

28 декабрь Советтердің Бүкілроссиялық IX съезі И. В. Сталинді Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сайлайды.

29 декабрь. Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің IX сайлануының бірінші сессиясы И. В. Сталинді Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиум мүшесі етіп сайлады және Ұлт істері жөніндегі халық комиссары мен жұмысшы-шаруа инспекциясының (ЖШИ ХК) халық комиссары етіп бекітті.

Декабрь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің деревнядағы жұмыс туралы комиссиясына қатысады.

1922

9 январь. И. В. Сталин Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты коллегиясының мәжілісінде председательдік етеді және Қарачай-Черкес облысын құру мәселесі жөнінде сөз сөйлейді.

11 январь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің Түркстан компартиясына жазған нұсқау хатының жобасын В. М. Молотовқа жібереді.

16 январь. И. В. Сталин Генуя конференциясында бірыңғай өкілдік болу туралы мәселені талқылау үшін тәуелсіз республикалардың орталық атқару комитеттері председательдерінің конференциясын шақыру туралы ұсыныс жасап, РК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының мәжілісінде сөз сөйлейді.

21 январь. И. В. Сталин Жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссариаты коллегиясының мәжілісінде председательдік етеді және 1922 жылдың бюджетін қайта қарау туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

27 январь. И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің IX сайлануының төтенше екінші сессиясының мәжілісіне қатысады, бұл мәжілісте Генуя конференциясына делегация жіберу туралы мәселе талқыланады.

28 январь. И. В. Сталин «Қарт большевиктер қоғамының» құрылтай мәжілісінде қоғамның уставы туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

И. В. Сталин Жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссариаты коллегиясының мәжілісінде председательдік етеді және ЖШИ Халық Комиссариатының облыстық өкілдіктері туралы ережеге нұсқау жазу туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

14 февраль. И. В. Сталин мен А. Д. Цюрупа бір топ профессорларды — техникалық жоғарғы оқу орындарының өкілдерін — қабылдайды.

22 февраль.	И. В. Сталин Грузия Қызыл Армиясын күшейту жөніндегі В. И. Лениннің нұсқауларын орындау үшін практикалық шаралар жүргізудің кажеттігі туралы грузин коммунистеріне хат жазады.
28 февраль.	И. В. Сталин жеке меншіктегі бірлестіктер мен кәсіпорындарын жұмысшы-шаруа инспекциясының бақылауы туралы ЖШИ Халық Комиссариатында жоба әзірлеу жөнінде В. И. Лениннің хатын алады.
21 март.	И. В. Сталин Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатының қызметкерлерін каулы-қарарлардың орындалуын тексеру ісінде Халық Комиссарлары Советі аппаратына көмекке пайдалану туралы В. И. Лениннің хатын алады.
27 март — 2 апрель.	И. В. Сталин РК(б)П XI съезінің жұмыстарына қатысады.
27 март.	РК(б)П XI съезі И. В. Сталинді съездің президиумына сайлайды.
28 март.	И. В. Сталин РК(б)П XI съезінде 22-нің (бұрынғы «жұмысшы оппозициясының» тобы) ісі жөніндегі комиссияға сайланады.
29 — 30 март.	И. В. Сталин РК(б)П XI съезінің 22-нің (бұрынғы «жұмысшы оппозициясының» тобы) ісі жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады.
31 март.	РК(б)П XI съезі И. В. Сталинді партияның финанс саясаты туралы қарарды біржолата редакциялау үшін құрылған комиссияға сайлайды.

2 апрель.	РК(б)П XI съезі И. В. Сталинді партияның Орталық Комитетінің мүшелігіне сайлайды.
3 апрель.	РК(б)П Орталық Комитетінің пленумы В. И. Лениннің ұсынысы бойынша И. В. Сталинді партияның Орталық Комитетінің бас секретары етіп сайлайды.
28 апрель.	И. В. Сталин шаруаларды тұқыммен қамтамасыз ету тәртібін өзгерту туралы В. И. Ленинге хат жазады.
4 май.	И. В. Сталин ««Правданың» он жылдығы жөнінде (Есте қалғандар)» деген мақаласын жазды, мақала 1922 жылы 5 майда «Правда» газетінің 98-номерінде жарияланды.
5 май.	«Правданың» он жылдық мерекесіне байланысты И. В. Сталиннің құттықтауы «Правда» газетінің 98-номерінде жарияланған.
12 — 17 май.	И. В. Сталин УССР мен РСФСР-дың орталық органдарының қарым-қатнастары туралы ережелерді жасау жөніндегі РК(б)П Орталық Комитетінің комиссиясына қатысады.
19 май.	Бірыңғай майдан тактикасы туралы Коминтерн Атқару Комитетіне РК(б)П Орталық Комитетінің И. В. Сталин қол қойған хаты «Правда» газетінің 110-номерінде жарияланған.
7 июнь.	И. В. Сталин Коминтерн Атқару Комитетінің II кең пленумының мәжілісіне қатысады.
15 июнь.	РК(б)П Орталық Комитетінің И. В. Сталин қол қойған Киргиз республикасының коммунистеріне жазған хаты «Жизнь националь-

ностей» журналының 12 (147)-номерінде жарияланған.

9 июль. Азық-түлік салығы науқанын өткізу туралы барлық губерниялық комитеттерге, облыстық комитеттерге, Орталық Комитеттің ұлттық және облыстық бюроларына РК(б)П Орталық Комитетінің И. В. Сталин қол қойған хаты «Правда» газетінің 151-номерінде жарияланған.

13 июль. И. В. Сталин Горкиде жатқан В. И. Ленинге келіп қайтады.

14 июль. И. В. Сталин телеграф арқылы Г. К. Орджоникидзеге В. И. Лениннің денсаулығы туралы хабарлайды.

3 август. И. В. Сталин XII партия конференциясының істері жөнінде РК(б)П Орталық Комитеті пленумының ұйымдастыру комиссиясының мәжілісінде председательдік етеді.

4—7 август. И. В. Сталин РК(б)П-ның Бүкілроссиялық XII конференциясының жұмыстарына қатысады.

4 август. РК(б)П-ның XII конференциясы И. В. Сталинді президиумға сайлады.

5 август. В. И. Ленин И. В. Сталинді Горкиге шақыртып алады және оған Бүкілроссиялық XII партия конференциясына өзінің құттықтауын жеткізуді тапсырады.

И. В. Сталин кешкі мәжілісте конференцияға В. И. Лениннің құттықтауын жеткізеді.

11 август. Партияның Орталық Комитеті РК(б)П Орталық Комитетінің пленумына РСФСР, УССР, БССР және Закавказье федерациясының ара-

ларындағы қарым-қатнастар туралы мәселені дайындау үшін И. В. Сталин бастаған комиссияны құрады.

15 сентябрь. И. В. Сталин Горкиде жатқан В. И. Ленинге өзінің барып қайтқандығы туралы мақала жазады.

23—24 сентябрь. И. В. Сталин РСФСР, УССР, БССР және Закавказье федерациясының араларындағы қарым-қатнастар туралы мәселе жөніндегі РК(б)П Орталық Комитеті комиссиясының жұмыстарына қатысады.

27 сентябрь. И. В. Сталин советтік республикаларды одақтық мемлекетке біріктіру туралы мәселе жөнінде В. И. Ленинмен әңгімелеседі.

6 октябрь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің пленумында РСФСР, УССР, БССР және Закавказье федерациясының араларындағы қарым-қатнастар туралы баяндама жасайды. Пленум советтік республикаларды бірыңғай одақтық мемлекетке біріктіру жөніндегі даярлық жұмысқа басшылық ету үшін И. В. Сталин бастаған комиссия тағайындады.

16 октябрь. И. В. Сталин Грузия коммунист партиясының Орталық Комитетіне Закавказье федерациясын сақтау туралы және оны РСФСР, Украин және Белорус республикаларымен бірге Советтік Социалистік Республикалар Одағына біріктіру туралы РК(б)П Орталық Комитеті пленумының қаулысын хабарлайды.

30 октябрь. Партияның Орталық Комитеті И. В. Сталинді Коминтерннің IV конгресіне делегат етіп бекітеді.

5 ноябрь. И. В. Сталиннің Октябрьдің бес жылдық мерекесіне арнап Петроградты құттықтауы «Петроградская Правда» газетінің 251-номерінде жарияланған.

18 ноябрь. И. В. Сталиннің тәуелсіз ұлт республикаларының бірігуі туралы мәселе жөнінде «Правданың» тілшісімен өткізген әңгімесі «Правда» газетінің 261-номерінде жарияланған.

21—28 ноябрь. РК(б)П Орталық Комитеті пленумының И. В. Сталиннің басшылығындағы комиссиясы «Советтік Социалистік Республикалар Одағы Конституциясының негізгі пункттерін» жасайды.

30 ноябрь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының мәжілісінде Республикалар Одағы туралы баяндама жасайды. Саяси Бюро И. В. Сталиннің баяндамасы бойынша «Советтік Социалистік Республикалар Одағы Конституциясының негізгі пункттерін» бекітті.

5 декабрь. РК(б)П Орталық Комитетінің пленумы комиссиясының мәжілісінде И. В. Сталин Республикалар Одағы Конституциясы мен Декларацияның текстін жасау жөніндегі көмекші комиссияға сайланады.

5 және 16 декабрьдің арасы. И. В. Сталин «Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы туралы Декларацияның» жобасын жазады.

16 декабрь. РК(б)П Орталық Комитеті пленумының И. В. Сталин басшылық еткен комиссиясы ССР Одағын құру туралы Договордың жобасын және И. В. Сталин тапсырған Декларацияның жобасын қабылдайды.

18 декабрь.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің пленумында советтік республикалар арасындағы Одақтың Договордың жобасы туралы баяндама жасайды. Пленум ССРО Советтерінің I съезін әзірлеу үшін И. В. Сталин басқарған комиссияны тағайындайды.
20 декабрь.	И. В. Сталин ССРО Советтерінің I съезін әзірлеу жөніндегі комиссияның мәжілісіне басшылық етеді.
23—27 декабрь.	И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялык X съезінің жұмысына қатысады.
23 декабрь.	Советтердің Бүкілроссиялық X съезі И. В. Сталинді президиумге сайлайды.
26 декабрь.	И. В. Сталин советтік республикалардың бірігуі туралы Советтердің Бүкілроссиялык X съезінде баяндама жасайды.
	И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялық X съезіндегі коммунистік фракцияның мәжілісінде Советтік Социалистік Республикалар Одағы туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.
27 декабрь.	Советтердің Бүкілроссиялык X съезі И. В. Сталинді Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сайлайды және ССРО Советтерінің I съезіне РСФСР-дан делегат етіп сайлайды.
28 декабрь.	Бүкілроссиялық Орталык Аткару Комитетінің X сайлануының бірінші сессиясы И. В. Сталинді Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің президиум мүшелігіне сайлайды және ұлт істері жөніндегі халық комиссары етіп бекітеді.
29 декабрь.	И. В. Сталин РСФСР, УССР, ЗСФСР және БССР-дың өкілді делегацияларының конфе-

ренциясында ССРО Советтерінің I съезінің жұмыс тәртібі туралы мәлімдеме жасайды. Конференция И. В. Сталинге Советтік Социалистік Республикалар Одағын құру туралы съезге баяндама жасауды тапсырады.

30 декабрь. Советтік Социалистік Республикалар Одағы Советтерінің I съезі И. В. Сталинді съездің президиумына сайлайды.

И. В. Сталин Советтік Социалистік Республикалар Одағы Советтерінің I съезінде ССР Одағын құру туралы баяндама жасайды. Съезд И. В. Сталинді ССРО Орталық Аткару Комитетінің мүшелігіне сайлайды.

И. В. Сталин ССРО Орталық Аткару Комитетінің I сайлануының бірінші сессиясының мәжілісінде сөз сөйлейді және Орталық Аткару Комитеті Президиумына сайланады.

31 декабрь. И. В. Сталиннің 1923 жылдан күткен тілегі «Известия» газетінің 1-номерінде басылды.

1923

2 январь. И. В. Сталин Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты комиссиясының Бурят-Монғол АССР-ын құру туралы мәселе жөніндегі мәжілісіне қатысады.

10 январь. ССРО Орталық Аткару Комитетінің Президиумы И. В. Сталинді ССРО халық комиссариаттарының құрылу жобасын жасау жөніндегі комиссияға сайлайды.

23 январь. И. В. Сталин Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университетте «Партияның стратегиясы мен тактикасы туралы» лекция оқыйды.

4 февраль. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросына ССРО Орталық Атқару Комитетінің құрамынан екінші палатаның — ССРО-ның барлық халықтарының мүдделерін көздейтін органның — құрылуы туралы усыныс енгізеді.

21—24 февраль. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысына қатысады.

21 февраль. РК(б)П Орталық Комитетінің пленумы партияның XII съезіне арналып жасалған ұлт мәселесі жөніндегі И. В. Сталиннің тезистерінің жобасын талқылады. Тезистерді біржолата редакциялау үшін И. В. Сталин басқарған комиссия құрылды.

РК(б)П Орталық Комитетінің пленумы И. В. Сталинді РК(б)П Орталық Комитетінің партияның XII съезіне арнаған ұйымдастыру мәселесі жөніндегі тезистерін ақырғы рет жасап шығу үшін құрылған комиссияға сайлайды.

24 февраль. РК(б)П Орталық Комитетінің пленумы ССРО Конституциясының жобасын жасауға басшылық ету үшін И. В. Сталин председательдік еткен комиссияны бекітеді.

11—12 март. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының тапсыруы бойынша барлық губерниялық комитеттерге, облыстық комитеттерге, ұлт коммунист партияларының орталық комитеттеріне және Орталық Комитеттің мүшелеріне В. И. Лениннің денсаулығы туралы телеграмма береді.

14 март. И. В. Сталиннің «Орыс коммунистерінің стратегиясы мен тактикасы туралы мәселе жөнінде» деген мақаласы «Правда» газетінің

РК(б)П-ның 25 жылдығына арналған 56-номерінде жарияланды.

22 март. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының мәжілісінде партияның XII съезіне арналған ұлт мәселесі жөніндегі тезистерді баяндап сөз сөйлейді. Саяси Бюро тезистерді РК(б)П Орталық Комитеті қабылдаған тезистер ретінде жариялауға қарар алады.

24 март. И. В. Сталиннің «Партия мен мемлекет құрылысындағы ұлттық моменттер» деген тезистері «Правда» газетінің 65-номерінде жарияланды.

3 апрель. Москваның губерниялық X партия конференциясы И. В. Сталинді РК(б)П XII съезіне делегат етіп сайлайды.

17—25 апрель. И. В. Сталин РК(б)П XII съезінің жұмысына қатысады.

17 апрель. РК(б)П XII съезі И. В. Сталинді съездің президиумына сайлайды.

И. В. Сталин РК(б)П XII съезінде РК(б)П Орталық Комитетінің ұйымдастыру жұмысы жөніндегі есебін жасайды.

19 апрель. И. В. Сталин РК(б)П XII съезінде РК(б)П Орталық Комитетінің ұйымдастыру жұмысы жөніндегі есебі бойынша қортынды сөз сөйлейді.

23 апрель. И. В. Сталин РК(б)П XII съезінде «Партия мен мемлекет құрылысындағы ұлттық моменттер туралы» баяндама жасайды.

24 апрель. РК(б)П XII съезі И. В. Сталинді партияның Орталық Комитетінің мүшелігіне сайлайды.

25 апрель. И. В. Сталин РК(б)П XII съезінің ұлт секциясының жұмысына басшылық етеді, секцияда ССРО Конституциясының мәселелері жөнінде сөз сөйлейді.

И. В. Сталин РК(б)П XII съезінде «Партия мен мемлекет құрылысындағы ұлттық моменттер туралы» баяндама бойынша қортынды сөз сөйлейді.

26 апрель. РК(б)П Орталық Комитетінің пленумы И. В. Сталинді Саяси Бюроның және Ұйымдастыру Бюросының мүшелігіне сайлайды, Орталық Бақылау Комиссиясының өкілі етіп сайлайды және партияның Орталық Комитетінің бас секретары етіп бекітеді.

6 май. И. В. Сталиннің «Баспасөз — коллективтік ұйымдастырушы» деген мақаласы «Правда» газетінің 99-номерінде жарияланды.

10 май. И. В. Сталиннің «Орманға кірген сайын...» деген мақаласы «Правда» газетінің 102-номерінде жарияланды.

24 май. РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросы И. В. Сталинді ССР Одағының Орталық Атқару Комитеті Президиумының ССРО Конституциясын жасау жөніндегі кең комиссиясына РСФСР-дан мүше етіп бекітеді.

Май — июнь. И. В. Сталин ССРО Орталық Атқару Комитеті Президиумының Конституцияны жасау жөніндегі кең комиссиясының жұмыстарына қатысады.

4 июнь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мәжілісінде РК(б)П Орталық Комитетінің ұлт республикалары мен об-

лыстарының жауапты қызметкерлерімен бас қосқан IV кеңесін әзірлеу туралы мәлімдеме жасайды. Саяси Бюро ұлт мәселесі жөнінде И. В. Сталин ұсынған платформаның жобасын бекітті.

9—12 июнь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің ұлт республикалары мен облыстарының жауапты қызметкерлерімен бас қосқан IV кеңесінің жұмысына басшылық етеді.

10 июнь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің ұлт республикалары мен облыстарының жауапты қызметкерлерімен бас қосқан IV кеңесінде ұлт республикалары мен облыстарындағы оңшылдар және «солшылдар» туралы сөз сөйлейді және РК(б)П XII съезінің ұлт мәселесі жөніндегі қарарын жүзеге асыру жөніндегі практикалық шаралар туралы баяндама жасайды.

12 июнь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің ұлт республикалары мен облыстарының жауапты қызметкерлерімен бас қосқан IV кеңесінде жасалған баяндама бойынша қортынды сөз сөйлейді.

14 июнь. И. В. Сталин ССРО Орталық Атқару Комитеті Президиумының Конституцияны жасау жөніндегі кең комиссиясының мәжілісінде бірыңғай одақтық азаматтық болу мәселесі жөнінде сөз сөйлейді.

22—23 июнь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Бақылау Комиссиясы пленумының жұмысына қатысады.

26 июнь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің пленумында ССРО Конституциясы туралы баяндама жасайды.

8 июль.	В. И. Ленин жазған барлық хат-қағаздарды, заметкаларды және басқа документтерді Москвада ұйымдастырылатын В. И. Ленин Институтына тапсыру туралы РК(б)П Орталық Комитетінің И. В. Сталин қол қойған үндеуі «Правда» газетінің 151-номерінде жарияланды.
14 июль.	Орталық Атқару Комитеті сессиясының ССРО Конституциясын бекітуіне байланысты И. В. Сталин мен Орталық Атқару Комитеті Президиумының басқа мүшелері қол қойған «Дүние жүзінің барлық халықтары мен үкіметтеріне» деген үндеу «Правда» газетінің 156-номерінде жарияланды.
23—25 сентябрь.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысына басшылық етеді.
25—27 октябрь.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының партиялық он ұйымының өкілдерімен бас қосқан пленумының жұмысына басшылық етеді.
7 ноябрь.	И. В. Сталиннің «Октябрь революциясы және орта жіктер туралы мәселе» деген мақаласы «Правда» газетінің 253-номерінде жарияланды.
10 ноябрь.	И. В. Сталин «Жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің бірінші съезінің бес жылдығы жөнінде» деген мақаласын жазды, ол мақала «Коммунистка» журналының 1923 жыл ноябрьдегі 11-номерінде жарияланды
17 ноябрь.	И. В. Сталин Атты армияның төрт жылдық мерекесіне арналған Соғыс академиясының салтанатты мәжілісінде сөз сөйлейді.

2 декабрь.	И. В. Сталин РК(б)П-ның Красная Пресня аудандық комитетінің кең жиылысында «Партияның міндеттері туралы» баяндама жасайды.
5 декабрьге дейін.	И. В. Сталин партия құрылысы туралы қарардың жобасын жасау жөніндегі РК(б)П Орталық Комитетінің көмекші комиссиясының жұмыстарына қатысады. Қарар 5 декабрьде РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросы мен Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының біріккен мәжілісінде қабылданып, 7 декабрьде «Правда» газетінің 278-номерінде жарияланды.
15 декабрь.	И. В. Сталиннің «Айтыс туралы, Рафаил туралы, Преображенский мен Сапроновтың мақалалары туралы және Троцкийдің хаты туралы» деген мақаласы және партияның ішкі жайы туралы болған айтысқа байланысты РК(б)П Орталық Комитетінің И. В. Сталин қол қойған, РК(б)П-ның барлық ұйымдарына арналған үндеуі «Правда» газетінің 285-номерінде жарияланды.
28 декабрь.	И. В. Сталиннің «Қажетті ескертулер (Рафаил туралы)» деген мақаласы «Правда» газетінің 294-номерінде жарияланды.

МАЗМҰНЫ

1922

1923

Тираж 50 тысяч экз.
Сдано в набор 5/X 1948 г.
Подписано к печати
10/XI — 13/XII 1948 г.
Объем 31,75
Зак. № 915.
Цена 6 руб.

*

Гостипография № 2
Управления полиграфии и издательств
при Совете Министров Казахской ССР
АЛМА-АТА